


«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ӨДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

«ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУ: ОНЫҢ МАҢЫЗЫ
ЖӘНЕ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ» АТТЫ
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ



Сарайшық, 2019

ӘОЖ 94(574)(063)
ҚБЖ 63.3(5 Каз)
T77

Бас редактор: Ә.Қ.Мұқтар
Жауапты редактор: Ф.Р.Байдәулетов
Редакциялық алқа: О.Биманова, А.Зайнов, А.Тұрарұлы.

Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары: облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы (12 сәуір 2019 жыл). –Атырау-Сарайшық, 2019. - 332 б.

ISBN 978-9965-23-574-0

Жинақ 2019 жылғы 12 сәуірде Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылында өткен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық және «Ұлы даланың жеті қыры» тарихи мақалаларын іс жүзіне асырып, ата-баба тарихымен туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған.

Материалдар жинағында жалпы орта білім беру бағдарламасындағы «Өлкетану» пәнінің оқытылуы, өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары, өлкедегі тарихи-мәдени ескерткіштер, жер-су атаулары, өлкетанудағы этнография және тарихи тұлғалар мәселелеріне баса назар аударылды. Басылым мектеп мұғалімдеріне, тарихшыларға, өлкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

ӘОЖ 94(574)(063)
ҚБЖ 63.3(5 Каз)

ISBN 978-9965-23-574-0

© “Сарайшық” мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы, 2019
© Барлық авторлар, 2019

Аса құрметті зиялы қауым! Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар және оқушылар!

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған халықтың санасына жалпы ұлттық қасиетті орындар туралы танымдық түсінікті сіңіру мақсатындағы «Ұлы даланың жеті қыры» тарихи мақалаларын басшылыққа ала отырып, «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып отыр.

Ұлтымыздың рухани жаңғыруының бірден-бір көрінісі – ұлан-ғайыр даламыздың қойнауындағы қазына болып қатталып жатқан тарихты ақтару, зерттеп-зерделеу және оны келешек ұрпаққа аманаттау. Осындай тарихи өлкелер жөнінде әңгімелер айтыла бастаса, ең алдымен Хан Ордалы Сарайшықтың аты зор мақтанышпен аталатыны әмбеге аян.

Елбасы Н.Назарбаевтың да өз сөзінде: «Сарайшық топырағы қасиетті, өйткені исі түркі әлеміне ортақ Алтын Орда хандары Тоқта, Жәнібек, Бердібек, ноғайлының билеушісі Оқас, одан бергі Қасым хан сияқты атақты хандарымыз бен батырларымыздың жаны мәңгілік жай тапқан жер, оны еліміздің алғашқы Пантеоны десек те болады », - деп Сарайшық қаласының ұлылығын тілге тиек етуі тегін емес. Сондықтан да мұндай ауқымды шараны Махамбет ауданына қарасты Сарайшық ауылында өткізуіміздің де өзіндік мәні бар. Бұл игі шараға тек тарихшы, археологтар ғана емес, облыс көлеміндегі мектеп оқушылары да жұмыстарын ұсынып, өлке тарихын насихаттауға өз үлестерін қосты. Бұндай форматта ұйымдастырылып отырған конференция болғандықтан кейбір ұсынылған материалдардағы олқылықтардың орны алдағы уақыттарда толар деген сеніммен қараймыз.

Облыс көлеміндегі іргелі іс-шаралар қатарындағы зиялы орта мен оқушылардың қатысуымен өтіп жатырған конференция еліміздің қоғамдық өміріне үлкен серпін беріп, халықтың рухани жаңғыруына зор үлесін қоса алатынына және жаңа жетістіктерге жетуге ықпал ететініне сенеміз. Рухани-мәдени мұраларды насихаттау, өлкетану мәселелерін жүйелеуге арналған конференция жұмыстарына сәттілік тілейміз.

Редакция алқасынан

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА «ӨЛКЕТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

О.М. Биманова

Атырау облыстық Білім беру басқармасы Әдістемелік орталығы
директорының міндетін атқарушы, Атырау өңірлік «Рухани жаңғыру»
жобалық кеңсесінің жетекшісі

АҚШ Президенті Т. Джефферсон (1901-1809 жж.) АҚШ-тың «Тәуелсіздік декларациясында» мемлекет өз табиғаты бойынша Бақытқа ұмтылуды қорғап, тұлғалардың іскерлігі мен дербестілігін ынталандыруы қажет екенін, бұл Бақыт үшін мәнді болып табылатынын атап көрсеткен екен. Осы сөздің өзі біздің еліміздің алға қарайғы дамуына орай айтылған сөз тәрізді десек те болады. Біз бақытты халықпыз, бақытты елміз.

Дамыған елдің әр азаматы ең алдымен өзі туып-өскен елін сүюі қажет. Осы мақсатта білім беру ұйымдарының оқу бағдарламасына 20 сағаттан тұратын «Өлкетану» пәні кіріктірілді. Оқулық ғылыми, пәндік, оқу-әдістемелік арнайы сараптамалардан өтті. Аталған оқулықта өңірдің географиялық ерекшеліктері, тарихи тұлғалары, жалпы тарихы, әдеби-мәдени мұралары туралы мол мағлұмат қамтылған. Сонымен қатар, жаңа қалыптағы оқу құралының ішінде оқушыны жеке ізденіске, өзін-өзі дамытуға бейімдейтін тапсырмалар, қызықты мәліметтер, тың деректер бар. «Өлкетану» оқулығының жазылу себебі – Елбасымыз: «Өркениетті дамытатын ғылым, және ғылымның бірден бір саласы тарих», - деген. Сол тарих арқылы жас ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы зор. Бұл «Ұлт жоспарын іске асырудың 100 қадамы» деп аталатын бағдарламала негізге алынған, онда осы «Өлкетануды» оқытуды бағдарлама ретінде қолға алу мәселесі қарастырылған.

Оқулықтың құрылымы мен мазмұнына келсек, әрине әр өңірдің өзіндік тарихы бар. Бірнеше пәннің мәліметтері біріге отырып, 5-7 сыныптың оқушысына жеңіл әрі түсінікті тілде жазылған. Пәнді дәл осы сыныптарға арнап жазудың да мәні бар. Сондай-ақ дәл осы жаста (11-13 жас) жасөспірімдер өз халқының ұлттық құндылықтарды қабылдап, тарихи сана қалыптасуының алғашқы сатысын бастайды.

Жалпы оқулықтың құрылымы 20 параграфтан тұрады. Оның бесеуі 5-сыныпта, жетеуі 6-сыныпта, сегіз параграфы 7-сыныпта өткізіледі.

Бұл жерде сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта оқушыны білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін және жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға жеткізуіміз керек. Оқытудың

инновациялық технологиясын ұтымды пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады.

Еліміздің болашағын сенімді жастардың қолына тапсырамыз десек, тәрбие мен білім беру мекемелеріндегі барлық үдеріс патриоттық сезім рухын қалыптастыру бағытымен шебер үйлесуі керек.

Ендігі мақсат – оқулықтағы әрбір пән арқылы туған жердің, өз өлкесінің тарихын оқып білетін, өткенді бағалап, зерделей алатын патриот жастар тәрбиелеу.

Жоғарыда айтып өткенімдей біз бақытты елміз, енді мәңгілік ел болуға қарай қадам бастық. Ал «бақыт» дегеніміз – адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Бақыттың баянды жолына қарай бет алған бірлігі бекем еліміз бұл жоспардың жарым ырыс жорамал күйінде қалмайтынын жақсы біледі. Себебі, жұдырықтай жұмылса, көптің көлдей тілегі орындалмақ. Ел Президентінің «Мәңгілік Ел» идеясы халықтың үміті мен тірегі, баршаның тілегі, ендеше атыраулық педагогтар ел болашағы жолында аянбай еңбек етуге, Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бір кісідей дайын, ел болашағы сенімді қолда дегім келеді. «Мәңгілік Ел» идеясына қарай бет алған «Нұрлы жолымыз» «Мәңгілік жолға» айналсын!

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ – САРАЙШЫҚ

Ж. Ж. Мустафин

*Тарих ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің профессоры*

Ортағасырлардың Дешті Қыпшақтың шығысындағы басты қалаларының ішіндегі Сарайшықтың орны ерекше. Бұл сұраққа толымды жауапты оның тарихын сол дәуірдегі тарихшылар, шығыс-батыс саяхатшылары, саудагерлері жазбаларынан саралауымыз керек. Себебі, сол дәуірде Ұлы даламызға сапар шеккендердің пікірлерінде алшақтық көп. Мысалы: Плано Карпини мен Әбу Абдаллах Мұхаммед Ибн Баттута деректері...

Сарайшықтың тарихында түйінді ғылыми пікірлер қалдырған Ә.Марғұлан шаһар тарихын Моңғолдарға дейінгі, моңғолдар және Ноғайлық кезеңдерге бөледі.

Ортағасырлық Рашид ад-диннің, Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі», Қадырғали Жалайридің (Шежірелер жинағы), В. Тизенгарзен аударуымен жарық көрген Әл-Омари, Ибн Арабшах...

Түрік саяхатшысы Сейдеғали Райстың, П.Паллас, А.Левшин, В. Вельямин-Зерновтың, П.Небольсиннің, А.Березиннің, В.Григорьев, В.Бартольд, В.Владимиров, М.Сафарғалиев, А.Чулошников, В.Греков, А.Якубовский, М.Вяткин, В. Юдин, Б.Ермұханов, С.Кляштарный, Т.Сұлтанов т.б. еңбектерінде деректер көп.

Оның үстіне А.Арзютов, Ә.Марғұлан, З.Самашевтар тікелей археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген...

Сарайшықтың гүлденуі – Алтын Орданың аттары әлемге белгілі: Өзбек (1317-1347) пен Әз-Жәнібек тұсында жүзеге асты.

Сейд Баба туралы – мысалы, алғаш рет атақты Ибн Баттут ХІХ ғ. 30-жылдарындағы сапарында былай дейді: «Сарайшық шахарында Түрік-Ата бар екен. Ол бізді қонақтап сыйлап, батасын берді».

Сондай-ақ, Сарайшық қаласын Керей ханның тұңғыш ұлы Бұрындық хан шамамен 1476-1477 жылдары Ноғай ордасымен қоса Қазақ Хандығының құрамына қосып, Шаһарды тұңғыш Ұлттық мемлекетіміздің – Алғашқы Астанасы еткен болатын. Кезінде бұл туралы ортағасырлар деректерінде толық айтылды. Бұл туралы Ақсақ Темірдің ұрпағы – Ұлықбек айтқанын кейіннен өзбек тарихшысы Ибрагимов, оны қазақ ғылымына енгізген белгілі тарихшы ағамыз Бейімбет Бәйбекұлы Ермұханов жазғанды.

ӨЛКЕТАНУДЫҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ

*У.Т. Ахметова – тарих ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті*

*Б.А. Жұбанов -Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің 2 курс магистранты.*

Аннотация: Мақалада өлкетану тарихы, қазіргі өлкетану пәнін оқыту және зерттеу мәселелері қарастырылады. Өлкетанудың жергілікті жердің тарихын танып білудегі маңыздылығы, өзектілігі және басты мәселелері баяндалады. Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № АР 05134572 ғылыми жобасын орындауға арналған.

Түйін сөздер: Қазақ тарихы, өлкетану тарихы, таным, кешенді білім, өлкетануды оқыту, ғылыми зерттеулер, тарихшылар

Қазақ елінің тәуелсіздік алған кезеңнен бастап білім мен ғылым саласында түбегейлі өзгерістер жүргізуі және халықтың санасын тарихи шындық тұрғысынан қалыптастыруға күш салып келеді. Отан тарихын сапалы оқыту мен тарихи сананы қалыптастыру бағытында өлке тарихының алатын орны ерекше.

Өлке тарихы – Отан тарихының бастауы. Өлкетану кең ауқымды ұғым. Өлкетану - кешенді ғылымдар қатарына жатады. «Өлкетану» туралы түсінік - өлке табиғаты, тарихы, шаруашылығы, халқы, оның мәдениеті, тұрмысын зерттеумен қатар тарих, археология, этнография, география, өнер, және өзге да ғылым салаларымен тығыз байланысты болып келеді. Әйтсе де, аталған ғылымдардан ерекшелігі өлкетану мемлекеттегі және өлкедегі барлық оқиғалар мазмұнына баға береді. Соған сәйкес, өлкетану мазмұны мен жекелеген зерттеу әдістері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін, белгілі бір тақырыптық жиынтықты құрай отыра, өлкені ғылыми тұрғыдан жан-жақты тануға мүмкіндік беретін бірнеше ғылыми пәндер кешенін құрайды. Өлке тарихы туралы білімдерді жүйелеудің қазіргі кезде маңыздылығы мемлекеттік деңгейде қойылып, біртұтас қазақ тарихын жазуға назар аударылуда. Оның мәні жаһандану дәуірінде ұлттық және мемлекеттік болмысымызды сақтау, елімізді одан әрі дамыту, осыған орай қазірде кәсіби тарихшы мамандардың алдындағы басты міндет біртұтас Қазақ мемлекеттілігі тарихын жазуда өлке тарихын ғылыми негізде жүйелей тарихи шындыққа көз жеткізе отыра еліміздің мемлекеттілік тарихын жазуды көздейді. Сондықтан да өлкетану ғылымын дамыту, оқыту, зерттеу тарих ғылымында өзекті мәселе болып отыр.

Өлкетану тарихының бастаулары қазақ жерінде адамзаттың пайда болуынан бастап, адамдардың күнделікті тірлігінде өз айналасын тануға деген талпынысынан пайда болған білімнен басталады. Қазақтардың жергілікті тарихы халық жады арқылы ауызша тарих айту дәстүрі арқылы жеткен. Күнделікті өмір сүру тәжірибесінен жинақтаған білімнен қазақтардың ұлттық фольклорынан жеткен бай туындылар, ауыз әдебиеті шығармалаларында, тарихи дастандар мен әңгімелерде, ауызша атадан балаға мұра болған аталық шежірелерде олардың мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі, діни түсінігі, жер атауы, су атауы, төрт түлігі, туған жерінің аң құсы, жерінің климаттық бейнесі, қатынас тілі, жазуы, айтулы адамдары осы мағлұматтардың бәрі туған өлке туралы білімдер жиынтығын құрады. Қазіргі кәсіби тарихшыға дейін қазақ қоғамында тарихи білімді жеткізушілер әңгімешілер, бақсылар, жыршылар, жыраулар, шежірешілер, ақындар, абыздар, ақсақалдар, билер, батырлар, ел билеушілері арқылы ауызша тарих айту дәстүрімен және жазбаға түскен еңбектер арқылы келіп жеткен. Өлкетану ғылыми термині кеңес дәуірінде пайда болды. Ол кезеңде өлкетану дамуы екі бағытта ғылыми және мектепте жүргізілді[1]. Ғылыми өлкетану нақты территорияны жалпы зерттеу ісіне бағытталған. Өлкетану ғылымының негізгі мәні туған өлке деректерін пайдаланып, тарих ғылымының соны зерттеу әдістерін қолдана жүргізуінде. Өлкетанудың теориялық ғылыми орталығы жаратылыстану мен гуманитарлық ғылым саласы жетекшілік жасайды. Өлкетанудың ғылым ретінде дамуы негізі үш бағытта біріншіден, өлкетану бұл ғылымның дамуының заңды белгілі бір өтпелі кезеңі, екіншіден, өлкетану жергілікті материалдарды зерттей отыра, өткен мен болашақтың ғылыми-зерттеу

дәстүрін көрсетеді, үшіншіден, өлкетану ісі ғылыми қоғамдар қызметі мен жеке ғалымдар зерттеулерінде көрініс табады.

Өлкетанудың тарихи дамуына тоқтала кетсек, қазан төңкерісіне дейін Қазақ елін отарлау мақсатында Ресей үкіметі мемлекеттік деңгейде академиялық ғылыми зерттеулер жүргізген болатын. Ал XIX ғасыр соңына қарай құрылған губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссиялар архивке түсірген болатын. Соның ішінде Қазақ елінің көне дәуірден 1918 жылға дейінгі тарихын тарихи өлкетанулық бағытта жинастырған ғылыми мекеме Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы еді. Ғылыми мекеме Ресейдің отарлау орталығы болған 1881 жылы таратылған Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесі құжаттарын Орынбордан ашылған архивке орналастырумен айналысты. Отыз жылдай қызметінде бұл мекеме қазақ елінде өлкетанулық зерттеу жұмыстарын жүргізу және жинауды қарқынды жүргізді. Сонымен бірге Мұрағаттық комиссия архив ісімен қатар қазақтарға қатысты құжаттық материалдарды Орынбор қаласындағы өлкетану музейі мен кітапханасына жинақтаған болатын. Мысалы атар болсақ, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жанынан құрылған музейінің этнографиялық бөліміне жергілікті тұрғындардың жазбалары, жылнамалар, мемуарлар, өлең, жұмбақ, мақал-мәтелдер жинақтары, өлкенің өткен тарихына байланысты тұрмыстық аңыз-әңгімелер және тағы басқада материалдар жинақталынды [2, -188б.]. Орынборда 1887 жылы құрылған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы өлкеде танымдық бағытта және арнайы ғылыми зерттеулер негізінде өлкетанулық ғылыми тарихи ойлар дәстүрін қалыптастыруға мүмкіндік жасады.

Қазақ елі кеңес дәуірі кезеңінде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мен Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің орнына құрылған Қазақстанды зерттеу қоғамы елде өлке тарихын зерттеумен айналысқан бірден бір қоғам болды. Қоғам архив материалдарын сақтау шараларымен, өлке тарихына қатысты материалдарды жинаумен айналысып, өз жұмысын табиғи жаратылыстану, тарихи, экономикалық бағыттағы зерттеулерді мақсат етеді.

Қазақстанда өлкетану жұмыстарының қазіргі жай-күйі, Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының дамуы, өлкедегі архивтермен музейлерде, кітапханаларда өлке тарихына қатысты материалдарды жинау ісі, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау, өткен заманның мәдени мұраларын ғылыми зерттеу, өлкетану жұмыстарын дамыту міндеттері қоғам дамыған сайын сұранысқа ие болып отыр.

Өлкетануды ұйымдастырудың бірнеше түрлері мемлекеттік, мектептік және қоғамдық негізде қарастырылған. Мемлекеттік өлкетанумен өлкелік музейлер, ғылыми-зерттеу мекемелері айналысса, мектептік өлкетануда туған өлкені зерттеуде оқушылар басты рөл атқарады.

Қазірде өлке тарихын зерттеу ісімен қоса тарихи өлкетануды оқыту мәселесі елімізде білім саласында жүйеге қойылып отыр. Алдымен мектептегі өлкетануға тоқталсақ басты екі салаға маңыз беріледі. Біріншіден, туған өлкені жан-жақты зерттеу және өлкетану материалдарын жинақтау; екіншіден, жинақталған материалдарды мектептегі тарих пәнін оқытуда пайдалану. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен мектептерде «өлкетану» пәні бағдарламасы ұсынылған болатын. Өлке тарихын оқытудың мақсаты теориялық білім бере отырып, өз өлкесінің ежелгі тарихынан бастап осы заманға дейінгі тарихи мағлұмат қалыптастыру, оларды туған жерінде болған тарихи оқиғаларды талдай білуге үйретіп және зерттеу жұмысын жүргізіп үйренуге бейімдеу. Сонымен бірге Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында тарих мамандығының бірінші курс күндізгі оқу бөлімі студенттеріне арнайы «Тарихи өлкетану» элективті курсы және тарихшы емес мамандықтарға арнап «Өлкетану» курсы оқытылады. Курс бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігінің №289 11.05.2005 ж. бұйрығымен бекітілген. Алматыдан 2007 жылы жарық көрген «тарихи өлкетану» типтік оқу бағдарламасы бойынша құрастырылған тарихи өлкетану курсына өлкенің тарихын зерттеуге байланысты теориялық және әдістемелік мәселелері өлкеге қатысты археологиялық, этнографиялық, топонимикалық тағы да басқа дерек көздерін анықтау мен пайдалану әдіс-тәсілдері ұсынылып және өлкеміздің ерте заманнан бүгінге дейінгі тарихының негізгі мәселелері баяндалып, оқытылады.

Өлкетануды ұйымдастырудың қоғамдық түріне кәсіби тарихшылардың өлке тарихынан сыр шертетін ғылыми зерттеулері мен жергілікті өлкетанушылардың танымдық бағыттағы ізденістері мысал бола алады. Жергілікті зерттеудің ортақ ғылыми мақсаты өлкедегі тарихи құбылыстардан өзекті мәселелерді іздеп тауып, зерттей біліп, қазақ тарихына және жалпы адамзат тарихын зерттеуге қатысының ғылыми мәнін анықтау болып табылады.

Міне осындай өлке тарихын зерттеуге үлес қосқан жерлесіміз тарих ғылымдарының докторы Көшім Лекерұлы Есмағамбетов зерттеулерін атауымызға болады. Ғалымның зерттеулерінде басты көрініс тапқан бағыттары Қазақстан тарих ғылымының өзекті мәселелері, оның ішінде қазақтар туралы шет ел зерттеулеріне, тарихнама, деректану, тарих методологиясы, тарих ғылымының философиялық мәселелеріне, қазақ мемлекеттілігі тарихына, тұлғатану, зерттеудің деректік негіздері, архивтану ісі, құжаттармен жұмыс, ғылыми публицистика саласына, ғылыми аудармашылық, баспагерлік, сонымен бірге энциклопедиялық зерттеулердің негізін қалағандығын жазған болатынбыз [3]. Бұл жолы ғалымның өлкеміздің тарихи оқиғалары мен тарихи тұлғалары туралы зерттеулеріне назар аудардық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Көшім Лекерұлы жазған «Что писали о нас на Западе» еңбегінде Қазақстанның батыс

өлкесіне қатысты шет елдік батыс еуропалық елшілердің, көпестердің, саяхатшылар мен миссионерлердің көрген білгендері туралы естеліктері мен күнделіктеріне не болмаса жол қолжазбаларына түсірген мәліметтерін тәржімалаған. Мысалы Геродоттың Каспий маңын жайлаған скиф тайпалары туралы мәліметтері, А.Македонскийдің скиф еліне елшілігі, Страбон еңбегіндегі Каспий теңізі маңын мекен еткен аби, даби көшпенді тайпалары жөніндегі мәліметтерінен бастап, қазан төңкерісіне дейінгі шет елдіктердің өлкеміздегі мекен еткен қазақтардың тарихы мен этнографиясы туралы құнды дерек көздерін кездестіреміз [4, 10-14б.].

К.Есмағамбетов өлке тарихының ақтандақтарын ашуда сүбелі үлес қосқан еңбегі «Азат рухтың күрескері». Еңбек 1836-1838 жылдар аралығында батыс өлкедегі азаттық күресіне, ұйымдастырушылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы тарихының ақтандақ беттерін архив деректерімен талдау жасаған. Өлкетанушылар мен кәсіби зерттеулеріндегі көтеріліс туралы бұрмалаушылықтарға нақты архив құжаттарымен тойтарыс береді. Автор өзіне дейінгі авторлар зерттеулерін талдай отыра «махамбеттану ісінде елеулі ілгері алға басушылық» байқалатынын атай отыра, көтерілістің кейбір кезеңдері және оның идеологиясы, Исатайдың мәмілегерлік қыры, Махамбет ақынның мұрасы, отбасы туралы және өзге де мәселелер жаңа методологиялық және деректік негізде бүгінгі тарих ғылымы тұрғысынан қайта тұжырымдалуы қажет деген ұстанымда болған. Сонымен қатар тәуелсіздіктің алғаш жылдарында баспасөз беттерінде жариялаған кейбір тарихшылардың Жәңгір ханды ұлықтауға бағыт ұстанған еңбектерінде 1836-1838 жылдардағы көтерілісті жай «қарсылық қозғалысы» ретінде суреттеуге, Махамбеттің «сыңаржақтылығын» анықтауға, сол арқылы қазақ халқының сан ғасырлар бойы жүргізіп келген азаттық күресін жоққа шығаруға тырысушылық байқалады деп ойын ашық жеткізіп, еңбекті жазудағы ғалым парызы тарихи зерттеуде мұндай бейберекетсіздікке қарсы дәлелді жауап беруді мақсат тұтады [5, 12-13б.].

Тарихшы Ә.Қ.Мұқтар К.Л. Есмағамбетовтың «Азат рухтың күрескері» еңбегіне жаңаша тұжырым жасалған еңбек деп баға бере автордың алдына қойған күрделі мәселелерді шешуде белгілі зерттеулермен, деректік материалдармен бірге Қазақстан, Ресей Федерациясы архив қорлары құжаттарын Махамбеттің өз жырларымен салыстыра ғылыми айналымға қосқанын атап өтеді [6, 231-233 б.].

К.Есмағамбетов Махамбет өміріне, оның атажұртына, бауырларына, олардың өмірлік позициясына, ақынның Жәңгір ханмен, оның әйелі Фатима ханыммен, ұлдары Зұлқарнаймен өзара қарым-қатынасын айқындай түскен. Зерттеуде Жәңгір хан, Баймағанбет сұлтан, Қарауылқожалардың да тарихи болмысына терең талдау жасалып, олардың қоғамдағы шиеленісті шеше алмау себептеріне жауап іздеп, ғылыми негіздеген [4, 405 б.]. Сонымен өлкеміздегі кең ауқымда өлкетанушылар қаламынан түспеген өзекті тақырыптардың бірі батырлар Исатай мен Махамбет бастаған азаттық күресінің және батырлар

өмірінің кей тарихи тұстарын жаңаша түсіндіре келе, ғалым ел тәуелсіздігі үшін күресіп, елімен бірге күн демей, түн демей жорыққа шыққан батырлардың кешегі де, бүгінгі де ақиқат тарихы азаттық күресі екендігін нық дәлелдеген. Бұл өлке тарихына қатысты зерттеуінің бір тұсы десек де болғандай. К.Есмағамбетовтың өлке тарихына қатысты тарихи зерттеулері жетерлік.

Қорыта айтқанда Қазақ елінің біртұтас төл тарихының зерттелуі жергілікті өлке тарихының жүйелі нақтылы зерделенуінде жатқанына тағы да көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ахметова Ұ.Т. Өлкетану және қазақ өлкесін зерттеген ғылыми комиссия/ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршы-сы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2007 № 4 (15). - 48-51 б.

2 Ахметова Ұ. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы (1887-1918жж.) Монография – Алматы: Арыс баспасы, 2013. -320 бет.

3 Ахметова Ұ.Т., Жұбанов Б.А. Қазақ мемлекеттілігі тарихы және К.Л. Есмағамбетов/ М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. Ғылыми журнал. - Орал, 2019.- №1(73).

4 Есмағамбетов К. Что писали о нас на Западе. –Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992. -152с.

5 Есмағамбетов К.Л. Азат рухтың күрескері. –Алматы: «Өркениет» баспасы,2003. -176 б.

6 Мұқтар Ә. Тарих тұңғығындағы тұлғалар (XVIII-XIXғғ.). Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. -240бет.

7 Есмағамбетов К.Л. Тарих таңдақтары. Бірінші кітап. - Алматы: Арыс, 2008. - 416 б.

8 Есмағамбетов К.Л. Тарих таңдақтары. Екінші кітап. – Алматы: Арыс, 2008. - 426 б.

АТЫРАУ Өңірінің тарихи-мәдени мұрасы: Ескерткіштер мен киелі жерлер

М. Қ. Купиев

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекцияның басшысы

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары ел тарихының, өлке тарихының зерттелуіне, зерделенуіне үлкен серпіліс әкелді. Әрине, оның ішінде

Ұлы Даланы мекендеген халқымыздың жалпыұлттық қасиетті орындарын зерделеуге бағытталған «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының төл тарихымызда алар орны ерекше. Осы тұста қысқаша Атырау қазақтарының киелі жер деген ұғымына тоқтала кетсек.

Атырау облысы еліміздегі «қаймағы бұзылмаған» өлкенің бірі болып табылады. Оған облыс тұрғындарының 90 пайызынан астамын қазақтар құрайтындығы да басты себеп болса керек. Осыған орай, күні кеше ғана тарих сахнасынан өткен кеңестік кезеңнің өзінде халқымыз санасынан киелі жер деген ұғым өшкен жоқ. Осы жерде көшпелі қазақтардың түсінігіндегі басты киелі жерлердің бірі – ата-баба қабірі немесе зираты болып саналатындығын айта кеткен жөн. Өйткені, қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қабірдің басы зиярат ету орталығы болуымен қатар, әртүрлі діни-ғұрыптық рәсімдер мен жоралғылар жүргізілетін орын ролін атқарды.

Жалпы, Атырау өлкесінің мыңжылдықтардан бастау алатын тарихына үнілсек, көшпелі және отырықшылық мәдениеттің аралас өмір сүргенін көруге болады. Олардың бірден-бір жұрнағын немесе негізін бүгінгі күнге дейін жеткен тарихи-мәдени ескерткіштер дәлелдейді. Оның алғашқысы сонау тас дәуірінен бастау алып, соңы ХХ ғасырға дейін жетеді.

Олардың санына келсек, бүгінгі күні облыс аумағында 4 республикалық және 313 жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері бар. Бұдан басқа 773 объект тарихи-мәдени мұра нысандарының алдын-ала есепке алу тізіміне енгізілген. Барлығын қосқанда 1090 ескерткіш болады. Оларды түрге бөлетін болсақ, онда:

1. Археологиялық ескерткіштер – 558,
2. Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері – 280,
3. Ансамбльдер – 252 болады.

Археология ескерткіштерінің түріне келер болсақ, олар тас, яғни неолит дәуірінің тұрақтарынан бастап, қола дәуірінің қабірлері мен ерте көшпелілер дәуірінің қорғандарына жалғасып, ортағасырлық керуен-сарай және қалалармен аяқталады. Археологиялық ескерткіштерді еске алсақ, олардың ішіндегі ең танымалы ретінде бүгінгі күні облыстағы 4 республикалық ескерткіштің бірі ортағасырлық Сарайшық қаласын айтамыз. Бұл тізімді әрі қарай Ақтөбе-Лаэти, Қызылқорған, Қорғанша, Тас кешу сияқты ескерткіштер жалғайды.

Ал, сәулет ескерткіштер мен ансамбльдерге келсек, олар өткен ғасырларда өмір сүрген көшпелілерден күні бүгінге дейін жеткен тас қашау өнерінің үздік туындылары: мазарлар, мешіттер, сағанатамдар мен сандықтастар, құлпытастар және қойтастар, сондай-ақ қабірүсті ескерткіштерінен тұрады. Осы тұста мына жәйтті айта кеткен жөн. Атырау өңірінде жоғарыда аталған діни-ғұрыптық сипаттағы сәулет ескерткіштердің көптеп салынуына басты фактор – ол бұл аймақта өңдеуге, тұрғызуға, безендіруге жарайтын құм тас, ұлу тас, бор тас т.б. құрылыс материалдарының болуында. Ескерткіштердің түрі мен оларды салуға

пайдаланған материалдар өлкеміздің батысы мен шығысында, оңтүстігі мен солтүстігінде өзіндік ерекшелікке ие. Мысалы, Жылыой ауданы мен Қызылқоға ауданының шығыс, солтүстік шығыс аумағындағы мазар, мешіт, сағанатам сияқты ескерткіштер салуда әктас, бортас, ұлутас, құмтастар пайдаланылса, Қызылқоғаның оңтүстігі және батысында, Индер, Махамбет, Исатай аудандарының аумақтарында жоғарыда аталған ескерткіштерді негізінен шикі кірпіштен (саман тас) тұрғызған. Ал, Ресеймен шектесетін Құрманғазы өңірі мен Исатай ауданының батыс бөлігінде сағанатам мен мазарлардың бірқатары ағаштан жасалғанын көруге болады.

Енді киелі жерлерге оралсақ. Бүгінгі күні облыстағы 7 нысан республикалық маңызы бар 100 киелі орындар қатарына алынды. Олар: Сарайшық қалашығы, Махамбет Өтемісұлының жерленген жері, Ақмешіт және Ұшқан ата қорымы, Аралтөбе қорғаны, Құлшан ата жер асты мешіті, Иманқара үңгірі. Сонымен қатар, өткен 2018 жылы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын іске асыру жөніндегі Атырау облысы бойынша жұмысшы тобы осы жобаның республика бойынша үйлестірушісі «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығына киелі нысандар тізімін толықтыру мақсатында Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті орындар тізіміне 17 нысан және өңірлік маңызы бар киелі орындарға 17 киелі жерді қосымша ұсынды.

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы жоғарыда аталған ескерткіштер мен киелі жерлерді есепке алып, сақтау жұмыстарын жүргізумен қатар, оларды зерттеумен де шұғылдануда. Бұл бағытта біз бірінші кезекте көрші Ресейдің Москва, Санкт-Петербург, Астрахань қалаларындағы архивтер мен кітапханаларынан өлке тарихы мен ескерткіштерге қатысты деректерді жинақтаумен айналыстық. Оның нәтижесінде, «XVIII-XX ғасырлардағы орыс дереккөздеріндегі Атырау тарихы мен мәдениеті» атты деректер жинағының 5 томдығы мен «Сарайшық-бабалар мұрасы» атты деректер жинағы шығарылды.

Сонымен қатар, жекелеген ескерткіштерге қатысты бұрын соңды жарыққа шықпаған деректерді алуға қол жеткіздік. Бір мысал айта кетсек, соның бірі Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінің қорында сақталған Сарайшық қалашығының 1861 жылы сызылған жобасы. «План развалин древней мусульманской крепости Сарайль-Джадит и части нынешних построек Сарайчиковской крепости» деп аталатын, масштабы 50 сажын болатын қалашықтың сызба жоспарының авторы Орал әскери казактарының топографтар корпусының меңгерушісі, штаб-капитан А.Е.Алексеев. Егер жоспар туралы айтатын болсақ, сызбада қалашықтың аумағы мен цитаделінің, яғни, қалашық ортасындағы (ішкі) қамалдың нақты шекарасы көрсетілген. А.Алексеевтің есептеулерінде Сарайшық қалашығының өлшемі ұзындығы 1 шақырым, 100 сажын, ені 1 шақырым 50 сажын, оны айнала қоршаған дуалымен есептегенде 3 шақырым 350 сажын деп көрсетілген. Қамалдың пішіні қисықтау, ұзындығы 200

сажын, ені 100 сажын деп жазылған. Ең бастысы сызбада қалашық аумағы мен оның төңірегіндегі 3 әулиелі жер белгіленген. Біз жоспарды Сарайшықтың қазіргі кезеңдегі жағдайымен салыстыра қарау үшін спутниктік түсіріліммен салыстырып көрдік. Нәтижесінде Сарайшыққа қатысты осыған дейін айтылып келген, яғни оның басым бөлігін су шайып кетті деген пікірді мүлдем өзгертеді. Атап айтқанда, жоспарда бұрын су шайып кетті деген цитаделдің, жоғарыда айтылған Секер көлінің, және үш әулиелі орынның сақталғандығына көз жеткіздік. Ең бастысы қалашықтың 65 пайыздан астамының әлі де сақталғандығын көрсетеді.

Қорыта келгенде, әрбір ескерткіш пен киелі жердің өз алдына тұнған тарихы бар, сондықтан олардың барлығы жеке зерттеуді қажет етеді. Менің ойымша мұндай зерттеу жұмысы мектеп қабырғасынан басталуы қажет. Себебі, елдің тарихы облыстар тарихынан, ал облыс тарихы аудандар тарихынан, ал аудан тарихы ауыл тарихынан құралатындығын еске алсақ, тарихқа қызығушылық танытқан әрбір оқушы өзі ауылының немесе оның төңірегіндегі ескерткіштер мен киелі орындар жөнінде деректерді ауылдағы қарттардан сұрап, жергілікті жердегі аңыз әңгімелерді жинау арқылы бастау қажет және мен Сіздерді осы жұмысқа жұмыла кірісуге шақырамын.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ҮЙІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Г.Е. Қуанбаева

Гагарин атындағы орта мектеп

Құрманғазы ауданы

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еліміздің рухын жаңартып өшкенімізді жаңғыртып ұмыт болған ел тарихы беттерін қайта жаңғыртып санамызды сілкітіп, тарих тұңғығында ескерусіз қалған мәселелерімізді көтеруге мүмкіндік туғызды. Республикамыздың тарихында зерттеу жөнінен кеш қалып келе жатқан мәселенің бірі панасыз, жетім балалар үйлері мен онда тәрбиеленушілердің тағдыры. 1932-1933 жж өлкемізде ашаршылыққа ұшыраған аудандармен қатар, балаларын асырауға мүмкіндігі болмағандар, балаларын аман сақтап қалу үшін балалар үйлеріне тапсыруға мәжбүр болды. Тәуелсіздікке қол жеткезіп, іргемізді бекітіп, төл тарихымыздың ақиқаттарын ашуда тарихшы ғалымдарымыз құнды зерттеулер жасап жан жақты ізденістер нәтижесінде көптеген шындықтың беті ашылуда. Дегенмен, тарихшылар тарапынан терең зерттеуді қажет ететін ақтандақтардың бірі бұл

балалар тағдыры, немесе оларға арнап ұйымдастырылған балалар үйлерінің тарихы. Осы мақсатта көп жылдардан бері облысымыздағы балалар үйі тарихмен шұғылданып келемін. Көптеген мәліметтермен танысып, біраз еңбектермен жұмыс жасадым, өкініштісі дәл біздің облысымыздағы балалар үйі туралы мәліметтер өте аз. Сонымен алдыма мақсат қойып, Атырау облысында тарихтың сұрапыл жылдарында панасыз қалған балалардың тағдырын шешу жолында ұйымдастырылған балалар үйлерінің мәліметтерін жинақтадым, бұлардың біраз бөлігі сол жылдардың куәгерлерінің өз ауыздарынан жазылып алынған деректер.

Тарих қойнауындағы қиын кезеңдердің бірі- бұл 1932-1933 жж ашаршылық кезеңі болды. Ашаршылық жылдары елде қараусыз қалған балалар саны толассыз өсті құжаттарға сүйенсек өлкеміз бойынша 282 балалар мекемесі жұмыс жасаған 1933 ж 1-ші қаңтарда күтімге қамтылған балалардың саны – 61 192, 1934 қаңтарда 383 балалар мекемесі жұмыс жасап онда 96 483 бала болған [3] Мұндай деректерді Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Шығыс Қазақстан аумақтары туралы кездестіруге болады, әрине деректерде пропорционалды сәйкестік болмады. Балалар үйлерінің жағдайы да мәз болмады. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржы бола тұра балалар өлімі өте көп орын алды. Атырау өлкесінде ашылған балалар үйлері Индер, Ганюшкино елді мекендерінде балалар үйлерінің бала саны өте көп болғандығын балалар үйінде тәрбиеленгендер еске түсіреді. Ашаршылық кезеңдерінде республикамызда 15 жасқа дейінгі балаларды тегін тамақтану пунктері ашыла бастады. Бұндай асханалар Орал мен Бөкей губернияларында ашылғандығы айтылған дерек болғанымен, оларда қанша адам тамақтанған жөнінде деректер жоқ. Біз бұл деректер арқылы панасыз қалған балалар тағдырын көре алар едік. Қараусыз қалған балалар жөнінде өңірімізді арнайы түрлі комиссиялар құрылып жатса да бұның бәрі теңізге тамған тамшыдай болды балалардың жағдайы ауыр халде қала берді. Мыңдаған бала қазақ халқының өмірін өзгертпек болған әлеуметтік- экономикалық саясатың құрбаны болды. Балалар үйлерінде жағдай өте ауыр еді, оған жете алмаған балалар арасында бала өлімі көп болды. Дәл, осы жылдардағы адам өлімі демографияға үлкен соққы болды. Бұл кезеңдегі балалар тағдыры құпия сақталды деректер тек оқиғалар желісі негізінде баяндалып, баға беріліп келеді.

Қай заман болмасын кез келген қоғамда ата –анасынан айырылған панасыз балалар болмай тұрмайды. Осындай бақытсыздыққа ұшыраған ұрпақ ашаршылық кезеңінің балалары болды. Олардың тағдыры бүгінгі ұрпақты ойландыруға тиіс. Өз өлкемізде, туған ауылымызда жұмыс жасаған «Телячье» балалар үйі мемлекет тарихының бір бөлімі. Балалар үйі 1932 жылы құрылған. Жергілікті жерде бұрынғы орыс көпесінің үйін пайдаланылған.

1932 жылы құрылған балалар үйі 4 жатаханадан тұрды

№1. Қыздар жатаханасы

№2. Орта жастағы балалар жатаханасы

№3 Ең кішкентай балаарға арналған жатахана

№4 Ересек балаларға арналған жатахана

Алғашқы балалар үйінің директоры Мусағалиев Махмуд болды. Бұл кісі соңынан облысымызда білім саласында көп еңбек сіңірген ұстаздардың бірі. 1932ж дейін бастауыш мектеп болып келген ауыл мектебі балалар үйіне келген ересек балалардың көп болуына байланысты Жеті жылдық мектеп болып болып қайта құрылды. Ұлы Отан соғысына дейінгі аралықта бұл балалар үйінде облыс көлеміндегі жағдайы нашар отбасы балалары мен ашыққан аудандардан келгендер болды. Балалар саны 52 бала болған. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде балалар үйінің құрамына жау оккупациялаған аймақтардағы Украина, Белоруссия, Закавказье, Ресей территориясынан көптеген балалар әкелініп, орналастырылып тәрбиеленді. Сонымен, толыққан балалар саны 150-ге дейін жеткен. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілерді жергілікті халықтың арасынан асырап алушыларда болды, олардың қатаңда бақылауда ұстап отырды, дегенмен көптеген балалар қайтып келіп отырған . Әр жылдарда балалар үйінің директорлары Мұқтаров, Алмағанбетов Шәріп, Кенжеғалиев Иманғали, Гумаров Мағзомғали, Марданов Уақит, Биляшев Сабит. Тағдыры қиын балалармен жұмыс жасау өте қиын болды, соған қарамастан мемлекет тарапынан жасалып отырған қамқорлықты жүзеге асыру, білім беру, еңбекке баулауда тәрбиешілердің еңбегі зор болды. Олардың қатарында Хусайынова Садухан, Әбілхатаев Мұхайдар, Қабдешова, Мырағалиев Қожахмет, Малдыбаев Ізмаған т. б болды.

«Телячье» балалар үйі 1954жылы жабылып, кішкентай балалар Сафон селосына жіберіліп, ересек балаларды Атырау қаласына орналастырған. Осы балалар үйінде тәрбиеленген кейін көп жылдар бойы хат жазысып ұстаздарымен хабарласып тұрған тәрбиеленушілердің бірі Танбаев Қойсары Лихачев атындағы заводта инженер, Ажығалиев Қасқырбай Индер аудандық Советінің бөлім меңгерушісі, Сутырин П А Астрахань облысының Володар ауданының аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, Мүгенов Х. Гурьев облыстық КГБ нің жауапты қызметкері, Сариев Сатқаш – Қызылорда облысы Арал теңізі жөніндегі география ғылымының кандидаты, Қисемов Слухил Жылыой ауданында мұғалім. Бұл адамдардың біразы өмірден өтіп кетті, Бірақ, көздері тірі кезінде хат жазып хабарласып отырды. Олар « Біздің алаңсыз өмірімізді, балалық шағымызды соғыс ұрлады. Біз оны ешқашан ұмытпауымыз керек» дейді. Біздің өлкемізді соғыс өрті шарпыған жоқ деп айта алмаймыз. Соғыс жалыны қандай жолмен болсада Атырау өлкесінде шарпыды. Тылдағы еңбегі жеңістің әр күнін жақындатқаны сөзсіз, ал тылда қызмет еткен жетідегі бала мен жетпістегі қарт, әйелдер еді. Солардың қатарында балалық бал дәуреннен айырылған балалар үйі тәрбиеленушілері жүрді. Астана қаласының ардагерлер ұйымы тыл еңбеккерлерімен Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестіріп, сонымен бірге «соғыс балалары» терминін енгізуді ұсынып еді. Бұл құптарлық іс, біздің өлкеміздеде осы істі қолға алу қажеттігі туындап отыр, оларға Жәрдемақылар

тағайындалса нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, Ұлы Отан соғысы қатысушылары көбі өмірден озған, тыл еңбеккерлері сол кезеңдегі балалар проблемалары алдыңғы кезекке шығып келеді. Сондықтан бұл кезең балаларына «Соғыс балалары мәртебесі беру қажет деп ойлаймын».

Қорытынды. Қазақ тарихының өткенінің жинақталған ақтаңдарының бірі балалар тарихы терең зерттеуді қажет етеді. Осындай қасіретті жылдарды ұмытпауымыз керек. Өткеніміздің өкінішін, тарихымыздың қара таңбалы күндерін еліміз егемендігін алып, белін бекіте түскен тұста енді ол күндер ұрпақ басына тумаса екен дейміз.

Бүгінгі ұрпақ бақытты. Олар ата бабаларының қаншама қиындықтарға қарамастан сақтап қалған Отанында, ата – ана бауырында бейбіт күн кешіп жатыр. Оларға қойылатын басты талап- бойкүйездікке жол бермей, еңбек ету ауызбіршілікте болып мемлекетімізді көркейтуге үлес қосу міндеттері тұр.

Ұсыныстар:

- Кеңестік саясаттың құрбаны болған балалар тарихын зерттеуді кезеңдермен зерделеу.
- Балалар үйлерінің тарихын мемлекеттік көлемде бағалау мен оның зерттелуіне тарихшылар, зерттеушілер арасында дем беретін жобаларды жүзеге асыру.
- Әр түрлі тарихи кезеңдердегі өлкеміздегі балалар өлімінің ұлттық демографиялық кескінін суреттеу.
- Өлкеміздегі балалар үйі мен олардың тәрбиеленушілерінің тағдыры туралы жас ұрпаққа жеткізу мақсатында мектеп оқулықтарына әдейі тақырыптар енгізуге жұмыстану.
- Балалар үйлері қызметкерлерін Отан соғысы жылдарының ардагерлерінің қатарында дәріптеу, кеште болса осы салада қызмет еткен ұстаздар мен тәрбиешілерді мемлекеттік наградалармен марапаттауды жүзеге асыру.

Бұл шаралар сұрапыл кезеңнің құрбаны болған ұрпақтар алдындағы бүгінгі ұрпақтың борышы болып отыр. Әлі де болса, сол кезеңдердің тірі куәгерлері арамызда жүрген уақытта тарихи шындықтың бет пердесін ашуға мүмкіндік бар. Кез келген соғыс немесе соқыр саясаттың құрбаны жас буын балалар болатыны сөзсіз, сондықтанда ұрпағымызды аман сақтап, сәбилеріміздің бақытты өмірін аға буын өкілдерінің парызы болып қалмақ. Әр бала ата-ана құшағында туған елінде бақытты ғұмыр кешуге лайық.

Түйін. Атырау облысы көлеміндегі балалар үйі тарихын зерттеу тың деректерді өмірге әкелумен оларды бүгінгі ұрпаққа жеткізу. Балалар үйлері, олардың тәрбиеленушілерінің тағдырын жарыққа шығару мәселесінің шешілуі бүгінгі азаттығымыздың қайнар бұлағы ретінде түсінуіміз қажет.

Вывод. Изучение историй детского дома на территории Атырауской области, возвращение данных молодому поколению, решение проблемы публикации. Судьбы детских домов и детей следуют рассматривать как благо нашему гражданству.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы, 2004, № 6, 77-80 беттер.
2. Жұлдыздар отбасы, 2012, №11, 34-36 бет
3. «Нәубет»1988 ж, 20-40 беттер
4. «Родина» 1991, №9-10, 72,73бет, 81,83 беттер.

«САРАЙШЫҚ» МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ»

Ж. Қ. Диярова

*«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының
Бас қор сақтаушысы*

Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Кеңес кезінен бастау алады. Жергілікті тарихшы-өлкеанушы Мұстажап Намазғалиев 1961 жылы Сарайшық мектебіне мұғалім болып келгеннен көне Сарайшық тарихына жете көңіл бөліп, оның Атырау өңіріне ғана емес, Батыс Қазақстандағы көне тарихи орын екендігін дәлелдеуге атсалысқан адал азаматтардың бірі. Ол ең алдымен Сарайшық тарихын зерттеу ісін қолға алып, ескі Сарайшықтың су астынан аман қалған жерлерінен көненің көзі боларлықтай экспонаттар жинаған. Экспонаттарды жинақтауға мектеп оқушылары мен жергілікті тұрғындарды қатыстыру нәтижесінде мектепте тарих кабинетінде музей бұрышын ұйымдастырды.

Жылдар өткен сайын оның қоры молайып, мектеп музейіне айналды. Кейін М.Намазғалиевтің тынымсыз еңбегі арқасында музей қоры көбейіп, облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы дәрежесіне жетеді.

Сол кезде музей қорында 1500 жуық жәдігер болған.

1999 жылы Атырау облысы әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың ұйымдастыруымен құрамында Хандар кесенесі, мешіт және музей бар мемориалдық кешен тұрғызылып, осы жылдың 3 қыркүйегінде Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың қатысуымен салтанатты ашылуы өтті.

Музей қоры 1996-2009 жылдар аралғына З.Самашевтың үздіксіз қазба жұмыстарын жүргізген нәтижесінде жасақталынды.

Қазіргі таңда музей қорында 3936, 2018 жылға дейін 3827 болды, өлкеміздің тарихын біліп, дамуына үлес қосамыз деген ауылымыздың, өлкеміздің тұрғындары музей-қорықтың «Музейге сый» акциясын қолдап, қорға 9 жәдігер тапсырып, қорымызды толықтырды.

Олар:

Сарайшық селосының тұрғыны Қайрошева Зәмзә музейге теру алашасы мен қылышын тапсырды. Бұл алашаны осы уақытқа дейін сақтап келген Зәмзә апайдың енесі Қожахметова Жаңылсын. Алашаны 1960 жылы Сәнім әже (Жаңылсын әженің енесі) тоқыған. Енесі өмірден өткесін, бұл алашаны ақ боз матаға салып осы күнге дейін сақтаған. Көзі тірісінде, осы алашаны музейге тапсыруды мұқият тапсырған екен. "Анамыздан қалған көз. Ел көрсін" деп музейге берді.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары жасалған, атасы Мұқан, әкесі Жолдас, осы кісілерден қалған кебежені, қазіргі иесі Мұқанов Жалғас Жолдасұлы кебежемен музей қорын толықтырды.

Ауылымыз тұрғыны Уалиева Меңсұлу, өзінің қайын атасы Дінкуат Уалиевтан қалған, ХІХ ғасырдағы құран кітабын музейге тапсырып, музейді рухани жаңғыртса, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Береке ауылының тұрғаны Бисенбаев Нұрлыбек Тұрланұлы "Нұрриза" шеберхансында 2015 жылы алғашқы жасаған домбырасын сыйға тартты. Домбыраны музей-қорыққа сыйға тартқан Бисенбаев Нұрлыбек Тұрланұлына алғыс айтамыз. Домбыраның басы, сағағы, жидек ағаштан, шанағы қара талдан, бет ағашы қарағайдан және тәжірибе ретінде шанақ ішіне ірі әйнек сынығын желіммен айластырып жағылып жасалған. Нұрлыбек ұстаның туындысы музей-қорығымыздың төрінен орын алды, ендігі осы қазағымның бас аспабынан музей-қорыққа келген қонақтар және шетелден келген туристер тамашалап, көшпелі көрмелерде халықтың назарына ұсынылатын болады.

Суретшілер де «Сарайшық» музей қорығын қолдап, ҚР Мәдениет қайраткері, профессор Отарбай Кендір Сарайшық қалашығына және Махамбет бабамызға қатысты өзінің 4 туындысын сыйға тартса, ауылымыздың жас археологтары өздерінің тапқан жәдігерлерін музейге тапсырды.

Жалпы, қазір музей қорының бас бөлігі археологиялық жәдігерлерден құралса, қалғаны этнография, суреттер және архивтік құжаттардан тұрады.

Музей ел игілігіне айналуда. Өлкеміздің тарихын, туған жер, ел тарихын жастарға үлгі ету біздің басты міндеттеріміздің бірі.

Ә.Қ.Мұқтар

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор,
«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы» РМҚК директоры*

ШЕКТІ БАҚТЫБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Қай заманда да ел іргесі бекіп, өз саясатын жүргізе бастаған кезеңде тұтастай халқы сенетін, сыртқы жауға қарсы көпті артына ерте білетін тарихи тұлғалар болады. Ол әлемдегі барша халыққа ортақ. Оларды бірі рыцарь, екіншілері самурай, үшіншілері батыр, бахадүр, төртіншілері богатырь атауымен аталғанымен атқаратын міндеті біреу. Басты міндет отан қорғау. Ата-бабадан қалған мақал-мәтелдердегі «Батырдың да басы екеу емес», «Батырды жауда, шешенді дауда сына», «Батыл болмай батыр болмас» деуі содан. Ортағасырларда ел жадына сақталған ата шежіредегі «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Төстік», «Ер Тарғын» және атой салған батырлар Шыңғыс ханның әлем білетін бахадүрлері Жебе, Сүбедейден еш кем емес. ХҮІ ғасырда Москва мемлекетіне елшілікке келген австриялық дипломат Сигизмунд фон Герберштейн(1486-1576) «батыр» сөзін алғаш рет орыстардан естігенін жазады[1, 21 б.]. Герберштейн еңбегінде Сарайшық қаласында да атап өтіп, «түмен», «шайбан», «қазақ» татарларын, ноғайлар ман қалмақтарды жазады. Ол қазақтардың орналасуын, тұрмыс тіршілігін, қару-жарағын, соғысу өнерін зерделейді[2, 19 с.]. Бұл кезеңде Қазақ хандығы тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып көршілеріне танылып үлгерді. Қасым хан, Хаһназар хан тұсында оның шекарасы беки түсті. Міне осы кезеңде олардың жанында қазақ батырлары қол бастады.

Тарихи деректерде қазақ батырлары ХҮІІ ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс мұрағат деректерінде кеңірек аталады. Біздіңше ол ел басына қауіп төніп, қазақ-жоңғар, қазақ-қалмақ, қазақ-орыс қарым-қатынастарының күрделене бастауымен түсіндіріледі. Сын сәтте батырлардың бірі – Сары, Тайқұмыр, Тұманшы батырлар елшілікте жүрсе, екіншілері - сыртқы жауларға қарсы қол бастады. Міне осы жылдары асқан ерлігімен көзге түскен батырлар қазақ руларының ұранына айналады. Қазақ ұрандарына назар аударған Орынбор шекара комиссиясының шенеунігі Л.Баллозек «қазақтар үшін әдет-ғұрыптардың бірде-бірі дәл ұран сияқты қасиетті бола алмайтынын айырықша атап өтіп, ұран бүкіл руластарды, тіпті дос-жарандарына да, басқа рудағы құда-жекжаттарына да қарсы шапшаң түрде жұмылдыра алатын күшке ие. Өйткені қазақ өзіне етене таныс ұранды естіген бойда-ақ өзге дүниені ұмытады» деп анықтайды [3, 390]. Ал ХХ ғасыр басында Қ.Халид «Ұран баяны» атты еңбегінде «Қазақ халқының «ұран» дейтін сөзі бар. Қыздыру, жиналу, қайрат беру

мағынасында айтылады. Бұл тайпалар көмек шақыру орнына, я аллаһ, әуелде болған пәленше бабамыз сияқты біздің бағымызды үстем ет деп жалбарынып өздерінің атақты батыр, ел бастаған зиялы адамдарының атын атап, айқайлап шақырады. Әр рудың өзіне тән ұраны болады. Егер өзге тайпалармен ұрыс-қақтығыс бола қалса, «Алаш, Алаш» деп шақырады» деп жазған болатын [4, 72 б.]. Олай болса ұран атауын иеленген батырлар тұтас қазақтың қамқорына айналды. Бүгінде зерттеушілер барша қазақ халқына ортақ «Алаш ұранды қазақ», «Арқар ұранды төре», «Алла ұранды қожа» дей келе, 43 қазақ руларының ұрандарын көрсетеді [3, 390-392 б.].

Ұранға айналған тарихи тұлғалар арасында шекті руы батыры Бақтыбай Төлесұлының орны ерекше. Ата шежіреде батыр Шекті – Өріс – Бөлек – Айт - Қабақ –Төлестен [5, 50-51 б.], келесі деректе Шекті-Қалу(Мәку)-Бөлек-Айт-Қабақ-Төлестен тарайды деп көрсетіледі[6, 405 б.].

Бақтыбай батыр орыс архивіне қазақ-орыс қарым-қатынасының жанданған кезеңінде түседі. Алдымен батыр 1732 жылы 16 наурызда Хиуа мен Бұхараға орыс керуенін бастап шыққан И.Г. Гербермен кездесті. Гербер өз күнделігінде өз жанындағы Бұхара елшісі Едігермен бірге Үстіртте шекті Бақтыбай, кете Тәңірберді, тама Төлей, жаппас Баймұрат, Отар, Қожагелді, Мырзагелді, Бектішақ батырлардың шабуылына ұшырағанын жазады. Күнделігінде ол «Бақтыбай батыр Әбілқайыр ханға қызмет етеді» деп көрсетеді[7, 59 с.]. Тарихшы Ж.Артықбаев: «Керуеншілер жарты ай бойы шөл далада қазақ қоршауынан шыға алмай қамалып жатты. Тоқтатушылар Әбілқайырға қарсы Кіші жүздің ірі ру басылары Бақтыбай би мен Батыр сұлтан еді. Олар түркіменге 2 мыңдай адаммен жорыққа бара жатып кезікті» деп қорытады[8, 129 б.]. Кейін белгілі болғандай Бақтыбай батыр Батыр сұлтаннан бөлектеніп, қалмақтарға қарсы аттанған жолда зеңбірек сүйреткен, әрі қазақ рулары жерінен алым-салық төлемей жасырын кетіп бара жатқан керуеншілермен кездескен. Содан батыр оларды тоқтатып 12 күн қоршауға алған. Ол турасында А.Тевкелев 1732 жылы 28 наурызда Әбілқайыр ханға Ұлы жүзден келген Абығай сұлтаннан естіп хабарданады.

Осылайша Бақтыбай батыр орыс шенеуніктеріне таныс бола бастады. Бұл кезеңде батыр А.Тевкелев елшілігінің негізгі мақсатын қолдады деу қиын. Өйткені тарихи жағдайда ол орыс елшілігіне қарсы болған қазақтар қатарында аталады. Дегенмен уақыт өте Әбілқайыр ханның қазақ-орыс қарым-қатынасын қалыпқа келтіру саясатын қолдайды. Ол біртіндеп балаларын орыс саясатын меңгеруге бағыттайды. Алдымен, батыр Әбілқайыр ханның орыс қалаларына елшілігіне баласы Дәулетбайды қосады. Ол турасында хан 1744 жылы шілде айында Астрахань губернаторы В.Татишевке хабарлайды. Кейін тамыз айындағы хатында хан Дәулетбайды қайтаруын сұрады [9, С.170,173].

Х.Табылдиев пен А.Қалмұратовтың «Кіші жүз рулары» шежіресінде Бақтыбай батырдан өрбіген Асан, Құдас, Жәдігер, Есалы, Қараша атты ұлдар

таратылады[5, 51 б.]. Ал кейінгі шежірелерде Дәулетбай батыр тізімге қосылып, отбасыдағы екінші бала ретінде аталады.

Араға уақыт сала жаңа елшілік құрамына Бақтыбайдың тұңғышы Асан батыр қосылады. Асан батыр алғаш рет 1748 жылы 6 шілдеде Орск қорғанында өткен А.Тевкелевпен кездесуге қатысады. Елшілікті шекті Қара батыр бастап құрамына Пұсырман, Бейімбет батырдың ұлы Шығырбай енеді. Кездесу барысында Қара батыр Петербургте тұтқында ұсталған Бақтыбайдың баласы Дәулетбайды босату мәселесін көтереді [10, С.187, 192]. Дәулетбай мәселесін Барақ сұлтан И.Неплюевке жолдаған хатында да көтереді. Барақ сұлтан «Бақтыбай батырдың баласы Дәулетбайдың Санкт Петербургте екенін естідім. Бақтыбай менің әкем Тұрсын ханмен жақсы қарым-қатынаста болды. Босатуыңызды өтінемін» деп жазады[9, С.270].

Бақтыбай батыр 1748 жылы тамыз айында Әбілқайыр хан қаза тапқан кезеңде хан отбасы жанынан табылады. Ол 21 қыркүйекте Бопай анаға Кіші, Орта жүздің беделді 104 адамымен бірге келеді. Батыр 1748 жылы 5 қазанда Нұралы сұлтан хан тағына көтерілген тарихи кезеңде орыс патшасына жолдаған хатқа қолын қояды [11, С.409-410, 426, 517].

1749 жылы 8 шілде де Нұралы хан жанына сенімді өкілдерін ертіп И.Неплюевпен кездесуге Орынборға келеді. Олардың қатарында шекті руынан Қарабас, Қара, Бақтыбай батырлар болады. 6 шілдеде болған хан мен губернатор кездесуінде Нұралы хан Дәулетбай Бақтыбайұлының тағдырын тағы қозғап, оның Санкт Петербургте әскери қызметте жүргенін алға тартып босатуға көмектесуін өтінеді. Қазақ ханы оған қоса 1747 жылы тұтқынға алынған жағалбайлы Жолтай Жанболатовты да тауып қайтаруын сұрайды. Губернатор «егер патшаға адал болсаңыздар ол қайырымдылық танытады» деген жауаппен шектеледі[12, С.136].

Бақтыбай батыр жанында інісі Избасар жүрген. Избасар Бопай ананың сенімді өкілі болатын. Ханым 1750 жылы көктемде Избасарды Нұралы ханға жібереді. Көп ұзамай 1750 жылы 2 сәуірде Нұралы хан А.Тевкелевке хат жолдап, Избасардың немере інісі Дәулетбайды сұрағанын хабарлайды. Хан «Егер Дәулетбай тірі болса босатуға көмектесуін, ал қайтыс болса хабарлауын өтінеді. Сонымен бірге Нұралы Хиуаға орыс керуендерін бастап барған Бақтыбай батырдың ұлы Асанның қайтар жолда қаза тапқанын атап өтеді [13, С.30]. Асан батырдың қаза болғанын Бопай ана да 1750 жылы мамыр айында жазған хатында растайды. Мұның өзі Бақтыбай батырға ауыр қайғы еді. Оның үстіне Дәулетбай да елге оралмады. Дәулетбай мәселесін шешуге алдымен Әбілқайыр, кейін Нұралы хан бірнеше жылын арнағанымен одан еш нәтиже болмады. Қолда бар архив деректерінде Дәулетбай есімі соңғы рет 1759 жылғы Нұралы ханның Орынбор губернаторы А.Давыдовке, генерал-майор А.Тевкелевке, кеңесші А.Рычковқа жолдаған хаттарында аталады. Хан «ол елге оралмады» деп мойындайды[13, С.94-98]. Орынбордағы бір кездесуінде Қара батыр Ресейде

аманатта болған Қожахмет сұлтан адамдары Дәулетбайды Санкт Петербургтен көргенін, оның «шоқынбағанын» алға тартқанымен ол мәңгілікке орыс жерінде қалғандай. Отбасындағы қиындықтарға мойымаған Бақтыбай батыр ел бірлігі жолындағы саясатын жалғастырады. Ол Кіші жүз ханы Нұралымен, елдің оңтүстігінде мойындалған Батыр ханмен де тең қарым-қатынас ұстады [13, С.33, 95].

Бақтыбай батыр 1750 жылы 5 маусымда шекті Бейімбет батырдың қайтыс болуына байланысты берілген асқа Есет тарханмен бірге қатысқан. Ел жиналған жиындарда қазақ батырлары елдің ішкі-сыртқы саясатын ашық талқылаған. Хиуа керуендері бағытында қалыптасқан мәселені саралау үшін Батыр хан 1752 жылы Бақтыбай батырды Нұралы ханға жібереді [14, 87 б.]. Ал 1753 жылы жазда Нұралы хан бұйрығымен Хиуалық керуендер тоналғанда, Батыр хан мен Бақтыбай батыр бастаған қазақ рулары Нұралы ханды Халық кеңесіне шақырып, тонау себептерін түсіндіруін талап еткен. Тарихшы В.Вельяминов-Зерновтың анықтауынша, Орынбор әкімшілігі арнайы тілмәш Я.Гуляевті Нұралыға жіберген. Қорытындысында хан ел ішіндегі берекесіздікті тоқтатуға уәде береді. Осы жылы Батыр хан мен шекті билері Мойнақ, Бақтыбай, Айдарғали, ақкете Әжібай т.б. белді тұлғалар ханға қаракете Сарыбаш, қаракесек Досқұлдың баласын жібереді. Олар Нұралы ханға Ресейдің Алтай бидің баласын қолға түсіргенін хабарлап, орыс әкімшілігі саясатын анықтауға талпынған. Ол турасында Нұралы хан 1753 жылы 25 тамызда И.Неплюевке жазған хатында көрсетеді [15]

ХҮІІІ ғасырдың алғашқы жартысында архив деректері анықтағандай Бақтыбай Төлесұлы үміт артқан, ел ішінде батыр, әрі мәмілегер елші ретінде мойындалған екі баласынан қатар айырылды. Ендігі жағдайда ел алдына Құдас Бақтыбайұлы шығады. Нұралы хан 1750 жылы 13 маусымда Орынбор губернаторы И.Неплюевке, 1759 жылы 9 шілдеде А.Давыдовке жолдаған хатында «шекті Бақтыбайдың ұлы Құдас батыр» деп анық жазады. Құдас батыр ханның немере інісі Қарабас сұлтанмен бірге елшілік міндетін атқарады [13, С.33, 95].

Бүгінде Бақтыбайдан тараған Асан 1750 жылы, Дәулеткерей 1760 жылы, Құдас батыр 1792 жылы, ал інілері Есәлі 1767 жылы, Ерәлі 1786 жылы, Қараша 1798 жылы, Серәлі 1798 жылы қайтыс болды деп анықталған. Ата шежіре бойынша олардың ішінен Құдас батыр билікке қол жеткізгендей. Ол ағалары қайтыс болғаннан кейін шекті елін Атыраудан Ұлы Борсық құмына көшірген делінеді. Расында да ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысындағы тарихи оқиғаларда Бақтыбайұлдарының қоғамдық-саяси қызметі архив деректерінде анық байқалмайды. Соған қарағанда олар қазақ-орыс шекарасынан қашықтап, оңтүстікке қарай көшті деген ата шежіре дерегі дұрыс сияқты.

Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалыс жылдарында тарих сахнасына Қабақтың Хангелдісінен тарайтын ұрпақтар Сегізбай, Сарышоңай билер

көтеріледі. Олармен қатарлас тарихи оқиғаларда белді тұлғалар қатарында шекті екі Жанұзақ кезеседі. Олардың бірі Сарышоңай бимен, екіншісі кішкене шекті Жанназар бимен қатар аталады. Біздіңше, Сарышоңай би жанындағы мырза атанған Бақтыбай батыр немересі Жанұзақ Қарашаұлы. Дегенмен оны қолда бар архив деректері арқылы анықтау мүмкін болмады.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Бақтыбай ұрпақтары Арынғазы хан бастаған ұлт-азаттық қозғалыс жылдарында анық байқалады. Соның ішінде оның немерелері Айдос Құдасұлы би, Келдібай Қарашұлы старшын, Жанұзақ Қарашаұлы би, Қожамұрат Қарашаұлы би, Арыстанбай Серәліұлы би, Ерімбет Ерәліұлы би деңгейінде архив құжаттарында көрініс табады. Олармен қатарлас Арынғазы Әбілғазыұлын 1817 жылы хандық таққа ұсынғандар қатарынан батырдың шөберелері Қараша немересі Мұрат Жанұзақұлы, Құдас немерелері Отарбай Жандосұлы, Айтқұл Боранұлы, Тана Досанұлы байқалады. Олай болса Бақтыбай батыр ұрпақтары ел азаттығы жолында халқымен бірге болды, Ресейдің Қазақ хандығын отарлау жылдарында ел тәуелсіздігін сақтау мақсатында күрескен ерлерді қолдады. Оларды көпке таныту ортақ міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қайырғалиева Г. Қазақ қоғамындағы батырлар институты. –Атырау: «Атырау-Ақпарат», ЖШС, 2018. -222 б.
- 2 Есмагамбетов К. Что писали о нас на Западе. –Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992. -152 с.
- 3 Досымбетов Н.А. Қазақ халқының ұран шақыру дәстүрі // «Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музей тану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. А.Б.Қалыш. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 593 б.
- 4 Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих). Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. - Алматы: «Қазақстан», 1992. -304 б.
- 5 Табылдиев Х., Қалмұратов А. Кіші жүз рулары (шежіресі мен тарихы). Ғылыми-танымдық басылым. –Атырау: Тип.ВС. «Ер Дәулет агенттігі, 1994. -108 б.
- 6 Әл-Құланды А.К. Ұранға шыққан Бақтыбай. Деректі –ғылыми зерттеу. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2010. -476 б.
- 7 История и культура Атырау в русских источниках (XVIII-XX в.). Том.1 / Сост. М.К.Кипиев // Науч. Ред. Ж.Шалғынбай. –Атырау: ИП «СисенгалиевЖМ», 2014. -400 с.
- 8 Артықбаев Ж. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноэлеметтік құрылымы). –Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. -392 б.

- 9 Эпистолярное наследие казахской элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах /Автор проекта, введения, биографии ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В.Ерофеева. –Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. -696 с. Т.І: Письма казахских правителей. 1675-1780 гг.
- 10 История Казахстана в русских источниках ХУІ-ХХ веков. III том. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.). –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -484 с.
- 11 Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ века (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. -740 с.
- 12 История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 2.-Астана: «Общество инвалидов» - Чернобыль, 2012. -438 с.
- 13 Эпистолярное наследие казахской элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах /Автор проекта, введения, биографии ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В.Ерофеева. –Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. -1032 с. Т.ІІ: Письма казахских правителей. 1738-1821 гг.
- 14 Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: ХУІІІ ғасырдың екінші жартысы және ХІХ ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). –Алматы: «Ғылым» баспасы, 2001. -258 б.
- 15 Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Средней Азии со времени кончины Абулхаир хана (1748-1765). // Оренбургские губернские ведомости. 1753, №25, С.149-150, №26, С.153; Мұқтар Ә. Жарас мерген және азаттық үшін күрестегі ұрпақтар сабақтастығы

У.Т. Ахметова – тарих ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

А.Ж. Жумабаев - магистр, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ГУЛАГ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПРОРВА ЛАГЕРІ (1932-1950 жж.)

Елімізде 1997 жылдан бастап әр жылдың 31 мамырында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. Мақсат ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы еңлге жасалған қиянат тарихымен өскелең ұрпақты таныстыру және ата-баба тарихын жаңаша зерттеуді ұйымдастыру болатын.

Қазақстанда ірі әрі қасіретке толы Қарағанды еңбекпен түзету лагері (Карлаг), Жезқазған еңбекпен түзеу лагерь-комбинаты (Степлаг), Отан сатқындары

әйелдерінің Ақмола лагері (Алжир) және Лагерьлердің бас басқармасының (Гулаг) басқа да құрылымдары жұмыс істеді. Репрессиялау және түзету функцияларынан басқа, лагерьлер – тұтқындардың тегін еңбегінің арқасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту аймағы болды. Жоғарыда аталған лагерьлердің қатарына Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы аумағында орналасқан Прорва еңбекпен түзету лагерін (Прорвлаг) жатқызуға болады.

КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының 1932 жылдың 5 қыркүйектегі №858/с бұйрығымен басқармасы Қазақ КСР-ы, Гурьев қаласында, лагерь бөлімдері Каспий теңізіндегі Прорва аралында, Жайық және Еділ өзенінің төменгі ағыстарында орналасқан Прорва еңбекпен түзету лагері құрылды. Еңбекпен түзету лагерінің басқармасы және бөлімшелерінің көпшілігі бастапқыда Гурьев облысында болғанымен, Төменгі Еділ Біріккен мемлекеттік саяси басқармасына, КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы- Ішкі істер халық комиссариатына, Астрахань Ішкі істер халық комиссариаты басқармасына бағынышты болды. Еңбекпен түзету лагерінің бір бөлімі басқармадан 800 шақырым жерде Арал теңізінде орналасты. Лагерь Астрахань қаласы арқылы қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілді [1].

Тұтқындардың контингенті көбінесе Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы аудандарда және Жайық пен Еділ өзендерінің төменгі ағысында балық аулау үшін пайдаланылды, бір бөлігі лагерьдің жеке қажеттіліктері үшін азаматтық құрылыста пайдаланылды.

Контингенттердің саны 1932 жылғы желтоқсандағы 2000 тұтқын, 1934 жылы 1 қаңтарда - 7780, 1935 жылы қаңтарда - 10 342, 1936 жылы қаңтарда - 10 345, 1937 жылы қаңтарда - 7717, 1938 жылы қаңтарда - 6953, 01.10.38 — 5328, 1939 жылы - 4877, 1940 жылы - 5044 тұтқын болды. 1938 жылғы 1 қазандағы еңбек лагерінде ұсталған 5328 тұтқынның ішінде, 774 адам революцияға қарсы қылмыстары үшін (РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы 1926 ж. өзгертілген), 362 адам қоғамға қауіпті және қоғамға зиянды элементретіндесотталған [2]. 1935 жылдың 23 қаңтарындағы Лагерьлердің бас басқармасының басшысы М. Берманның Прорва лагерінде 10583 адам болғаны туралы хабарламасы жоғарыда келтірілген цифрларды дәлелдей түседі [3]. Гурьевтегі тұтқындарды әкелу және әкету Астрахань теңіз жолы арқылы еңбекпен түзету лагерінің пароходтары арқылы жүргізілді. Сотталған саяси қылмыскерлер жалпы контингенттің 10-15%-ын құрады.

Лагерьде үш жағалау және төрт жүзбелі балық зауыты, сонымен қатар, барлауға, балық аулауға, тасымалдауға, балықты өңдеуге және өздігінен жүретін флотқа қызмет көрсетуге арналған 500 кеме жинағы болды. Еңбекпен түзету лагерінің басқармасында балық аулау және қызмет көрсету флотын құрылыс және жөндеу жұмыстары үшін екі кеме жасау мен жөндеу зауыты болды.

Қауіпсіздік жүйесінің қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуына байланысты Прорва еңбекпен түзету лагерінен көптеген тұтқындардың жалғыз және топтық қашып кетуімен ерекшеленді. Теміржолдардан біршама

алыстықтығы және жеке лагерьлердің оқшауланған позициясы да тұтқындардың «қашу ниеттерін» төмендетпеді. Нашар ұйымдастырылған іздестіру жұмыстары қашып жүргендердің көпшілігінің ұсталмай қалуына мүмкіндік берді.

КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының 1932 жылдың 3 желтоқсандағы №1114 бұйрығымен Теплов Николай Владимирович Прорва лагерінің басшысы болып тағайындалды[4]. Николай Владимировичтен кейін лагерь басшылары болып, Ефрем Абрамович Зальмарсон, Александр Иванович Соколов, Василий Алексеевич Балашовтар болды [2].

1940 жылдың 17 сәуірінде Прорва лагері Астрахань еңбекпен түзету лагері болып өзгертілді. Түрме басқармасы дәл осы соғыс басталар шақта Астраханьға ауыстырылған. Кейін Сталинград майданындағы шайқас қызған шақта, түрме басқармасы Гурьевке керіден ауыстырылды. Гурьев қаласында Астраханлагтың үш бөлімшеден тұратын №1 лагерьлік бөлімі орналасқан. Астраханлаг 1950 жылдың 9 ақпанында КСРО Ішкі істер басқармасының №00107 бұйрығымен жабылды [5]. Қазір бұл құпия нысан туралы архивтік мәліметтер Ресей Федерациясы мұрағаттарында сақтаулы. Алдағы уақытта арнайы мұрағаттық зерттеу іс-сапарларын жүргізіп, Прорва лагері туралы құнды тарихи деректерді жинау маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі.

1 Астраханские лагеря//<https://astkraeved.livejournal.com/11657.html>.

2 Прорвинский ИТЛ (Прорвлаг) //<http://old.memo.ru/history/nkvd/gulag/r3/r3-287.htm>

3 23 января 1935 г. - Справка начальника ГУЛАГа НКВД М. Бермана об использовании контингентов исправительно-трудовых лагерей НКВД//<http://istmat.info/node/28732>

4 Приказ ОГПУ СССР № 1114 от 03.12.1932//<http://nkvd.memo.ru/index.php>

5 АстраханЛаг в Гурьеве: новые страницы истории //<http://pricom.kz/gorod/astrahanlag-v-gureve-novyie-stranitsyi.html>

М. Қ. Кипиев

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы басшысы
Атырау қаласы

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ-ҚОҒАМДЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР

Бірнеше ғасырлар бұрын қазіргі Атыраудың орнында зор Хвалын (Каспий) теңізінің толқындары шашырап жатты. Біртіндеп теңіз өзіне құятын өзен суларымен бірге оңтүстікке қарай жылжып кетті. Тәккашпарлана аққан Жайық

суын теңізге аямай, ғасырлар бойы құйып келеді. Жағасын ел жайлап, балығы мен орман-тоғайы мол, жайлауы жасыл Жайық жағалауы көшпенді тұрақтары үшін өте қолайлы жер болды. 1580 жылдан бастап, 1640 жылы көпес Михайл Гурьев өзінің бауырларымен бірге Жайық жағалауына келіп, ірі балықшылардың аулаған балықтарын қорғау үшін ағаштан қамал, балық тұздайтын, кептіретін орындар салды. Ресми құжаттарды 1708 жылға дейін Яйцкий городок аталып келген Гурьев қаласы осылайша пайда болды. Жергілікті халық қаланы 30-шы жылдарға дейін Үйшік деп келген. Төңкеріске дейін балықшылар мен көпестердің қаласы болды. Жайық жағасындағы ағаштан оймышталып жасалған еңселі әсе үйлер көз тартатын. Қыста қала қарлы бұрқасындардың кесірінен көршілес қалалармен байланыссыз қалатын. Қала тарихын әлі күнге дейін оған ерекше салтанат беріп тұрған архитектуралық құрылыстар арқылы тануға болады. Төңкерістен кейін Гурьев мұнай өнеркәсібінің орталығы, каспийдің кең территориясында мұнай, газ және басқа да кен көздерін іздестіретін геологиялық барлау және іздеу экспедицияларының базасына айналды. Қазір қала- мұнай шаруашылығын дамытудың басым жақтарын қамтамасыз ететін ғылыми орталық болды. Соңғы жылдары көркейіп, гүлденіп келеді, жаңа көшелер, ықшам аудандар мен көп қабатты әсем үйлер бой түзеді. Көпір үстінен қарағанда өзен жағалауы мен жағажайлар, мұнайшылардың мәдениет сарайы алақандағыдай болып көрінеді. Жайықтың европалық жағында облыстық әкімшіліктің ақшаңқан үйі және шерулер мен мерекелер өтетін алаң орналасқан. Атырау қаласы – Атырау облысының орталығы, ол Жайық бойына орналасқан, қаланың негізі 1640 жылы қаланды.

Қала аймағы –3,5 мың ш.км. Атырау қаласы мен Астана қаласының ара қашықтығы – 1810 км. Климаты өте континентальдық, қуаң. Жазы жауын-шашынсыз, құрғақ, ыстық ұзаққа созылады.

Атырау-ірі транспорт торабы. Облыста транспорттың барлық түрімен тасылатын жүктің 70 пайызы қала үлесіне тиеді. Темір жол, автомобиль вокзалдары мен әуежай қатынас қақпасы. Атырау қаласының облыстың саяси-әкімшілік орталығы ретінде маңызы зор. Қала Каспий теңізінің қазргі жағасынан 40 шақырым жерде Жайық өзенінің тармақтала біткен атырауын алып жатыр. Тас жол, әуе және су қатынасы торабы.

1938 жылы 15 қаңтардан облыс орталығы болып келеді. Қаланың іргетасы 1640 жылы қаланып ертеде «Жайық тас қалашығы», «Үйшік» деген атауларға ие болған. Кейін қаланың құрылысына қаржы бөлген көпес Гурьев есімі Ресей әкімшілігінің шешімімен берілген.

1991 жылы 21 ақпанда қала тұрғындарының тілегіне орай «Атырау» деп аталды. Атырау қазіргі заманғы ірі өнеркәсіп орталығы. Өнеркәсіп құрылымында ауыр өнеркәсіп жетекші орын алады. Бұл саладағы Атырау мұнай айыру зауытының өнімдері, Петровский атындағы машина жасау зауытының (Заман ЖШС) мұнай кәсіпшілігі жабдықтары, полиэтилен тұрбалары үлкен сұранысқа ие болып отыр. Қалада 200-ден астам кәсіпорын маңызды өнім түрлерін

шығарады. Әсіресе, құрылыс индустриясы жедел қарқынмен дамуда. Қалада тұрғын үй, әкімшілік, өндірістік, әлеуметтік ғимараттарды тұрғызумен айналысатын бір мыңға жуық жеке, біріккен, отандық, шетелдік, құрылыс компаниялары жұмыс жасайды.

2001-2004 жылдары 760 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жаңадан Самал, Атырау, Алмагүл, Ескі әуежай тұрғын алқаптары бой көтерді. Қаланың архитектуралық бет-бейнесі мүлдем өзгеріп, түбегейлі жақсарды. Әкімшілік үйі, Махамбет атындағы қазақ драма театры, Атырау әуежайы, «Атырау», «Ақ Жайық» қонақ үйлері, «Өнерпаз» тұрмыс үйі «Ардагер» сауда үйі және өзге де сәулетті ғимараттар бой көтеріп, қала сәнін келтіріп тұр.

Қалада монументтік-көркемдік сипаттағы Ұлы Отан соғысында қаза болғандарға орнатылған ескерткіш пен мәңгі алау маңы, академик Қ.Сәтбаев, қаһарман батыр, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлына арналған ескерткіштер-атыраулықтардың қастерлейтін орындары. Құрманғазы, Дина сында Атыраудың даңқты перзенттеріне көрнекі жерлерге ескерткіштер орнатылды. Атырау қаласында 57 жалпы білім беретін, спорт мектебі, Кіші Өнер академиясы, музыка мектебі тағы басқа да оқу орындары жұмыс жасайды. Жоғарғы оқу орындарынан Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау мұнай және газ университеті және жеке меншіктегі оқу орындары білім беру бағытында қызмет көрсетеді. Политехникалық ауылшаруашылық техникумы, А.Сүндетов атындағы медициналық колледж, Қ.Дүтбаева атындағы гуманитарлық колледж, Аграрлы-техникалық колледжі, музыка колледждері және 6 орта кәсіптік-техникалық мектеп бар. Сауықтыру-демалу мекемелері қатарында «Атырау» санаториі және балалар санаториі өз қызметін халыққа ұсынып келеді.

Соңғы жылдары мұнай өңдеушілердің, құрылысшылардың, энергетиктердің, теміржолшылардың тағы басқа сауықтыру мекемелері ашылып, жұмысқа қосылуда. Облыс орталығында дене шынықтыру кешендері, спорт кешені (Мұнайшы, Орталық), 5 стадион (Мұнайшы, Судноремонтный, Томарлы, Ревера, Балықшы), түрлі спорттық клубтар бар (ММА, тайквондо, бокс, күрес, футбол, баскетбол). Осындай орындарды ескере келе, қаламызға келген туристтерге мынадай бағыттағы саяхат маршрутында кездесетін қаланың тарихи-мәдени ескерткіштерімен танысу ұсынылып келеді.

Бұл маршрутта туристік объект ретінде қала ішіндегі көрікті жерлер, ғимараттар, ескерткіштер, мешіт, шіркеу, мемориалдық кешен, сияқты тарихи-мәдени мұраларымыз. Қала қонақтарына мақтанышпен көрсететін ең басты алаң «Исатай-Махамбет» мемориалдық кешенін атауға болады. Бұл кешен 5 гектар жерді алып жатыр. Бұл жерде қазақ халқының азаттығы жолында күрескен батырлар Исатай Таманұлы мен Махамбет Өтемісұлының ескерткіші орнатылған. Ескерткіш артында үлкен жартаста «Азаттық жолында ақжол» деген тақырыпта сурет бейнеленген. Архитектуралық кешен авторлары С.Бөкебай мен А.Тайталиев Женева қаласында өткен архитектуралық көрмеде «Ең үздік

архитектуралық кешен» деген атақпен марапатталды. Республикалық архитектура көрмесінде «Алтын диплом» иегері атанды. Жалпы бұл алаң тек қонақтар үшін емес, күнделікті қала тұрғындарының өз бос уақытын, өткізуге арналған демалыс орны бола тұра, жас жұбайлардың қасиетті алаңына да айналып үлгерді. Махамбеттің 200-жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде үлкен дәрежеде аталып өткен болатын. Осы той қарсаңында Елбасының қатысуымен алаңның тұмаукесер рәсімі болып өтті. Ал алаң маңында орталық «Иманғали» мешіті көз тартып тұрады. Одан кейін Облыстық әкімшілік жанында онатылған Сұлтан Бейбарыс ескерткіші және алаңы. Бұл облысымызды басты алаңдарының бірі. Сұлтан Бейбарыстың 775-жылдығы қарсаңында ашылған алаң. Дина Нұрпейісова ескерткіші атақшы сазгер, күйші Дина анамызға арналады. Және Дина атымен аталған мұнайшылар мәдениет үйі Жайық бойы жағалауында орналасқан. Келесі ескерткіш Құрманғазы Сағырбайұлына орнатылған ескерткіш. Оған қоса, Құрманғазы атындағы тұрғынүй қалашығында мәдениет сарайы қызмет етеді. Успен шіркеуі. 1883 жылы тұрғызылған. Қабырғасы тастан қаланған. Шіркеу үлкен және кіші шіркеуден тұрады. Үлкен шіркеуде басты діни салт-жоралғылар ұйымдастырылады. Ал, кіші шіркеуде нәрестені шоқындыру сияқты рәсімдер өтіп тұрады. Қазақ ғылым академиясының академигі Қ.Сәтпаев ескерткіші Сәтпаев көшесі бойында тұр. Сонымен қатар қалада, М.Өтемісұлы атындағы облыстық қазақ драма театры, тарихи өлкетану мұражайы және өнер мұражайлары өз қызметтерін халыққа ұсынып келеді. Енді бір сәт Атырау қаласындағы кейбір туристік нысандарға толығырақ тоқталып өтсек. Қаланың нақ орталығынан орын тепкен, әсем мұнараларымен көз тартатын «Иманғали» мешіті.

Атырау қаласында алғаш рет 1956 жылы «Құспан молда» мешіті ашылған. Кейін Атырау қаласының орталығында 2000-шы жылы 5-мамырда «Иман» мешіті ашылды. Мешітті ашуға Алматыдағы муфти Ратбек қажы келді. Мешітте бас имам, имамның орынбасары, діни қызметкерлер қызмет етеді. Мешіт ғимаратының ауданы 1300 шаршы м, ені-26 м. Мешіттің екі мұнарасы бар. Олардың әрбіреуі 23 метр. Мешіттің ішінде кітапхана, медресе, намаз оқитын жер, имамның бөлмесі бар. Мешіт негізінен 600 адамға арналған. Мешітте мерекелік шаралар өткізіліп отырады. Олар: ораза айт, құрбан айт, пайғамбардың туған күні «Мәуліт» өткізіледі, Қадір түні қарсы алынады. Мешітте мұсылманша неке қию рәсімі өткізіледі. Әр жұма сайын намазға 2000-ға жуық халық жиналады. Бүгінде «Иман» мешіті мұнайлы өлкенің тұрғындары үшін қасиетті жер саналып, қала қонақтарына мақтанышпен таныстырар ғимараттарының бірі.

Махамбет атындағы қазақ драма театры Алғашқы драма үйірмесінің құрамы әр түрлі клубтардағы талантты деген үйірме мүшелерінен құрастырылды. Оның алғаш ұйымдастырушысы қалалық наубайхана жұмысшысы Қапар Қожахметов болды. Үйірменің ең бірінші белсенді мүшелері

– Қуат Төлеков пен Құрманғали Доғалақов. 1937 ж. бір жылдық театр студиясы ашылды. Студияға Мәскеудегі театр институтының студенті Шафхан Гатаулинге басшылық ету тапсырылды. Осы жылы Мәскеудің «Нефтяник» театрының келуі студияның болашағына жол ашты. 1938 ж. 5 наурыздағы қаулы бойынша Гурьев қаласындағы қазақ драма театры ашылды. Сол қаулыға сәйкес Петропавл театрының ұжымы осы театрға келіп қосылды. 1938 ж. 9 мамырда тұңғыш пьеса «Түнгі сарын» (М.Әуезов) сахна төрін ашты. Театрдың көркемдік жағынан режиссер Сусанов-Саянский, суретші Непряхин, артистер Зәмзәм Нурмагамбетова, Хамит Болатов, Жәмила Ибрагимова т.б. болды. 30 ж-ң аяғына дейін «Ревизор», «Амангелді» т.б. пьесалары қойылды. Қазіргі таңда драма театр мұнайлы өлкенің тұрғындары мен қонақтары үшін құнды тарихи және мәдени орындарының бірі. Успен соборы- Жайықтың оң жағалауында, Атырау қаласының Самара бетінде, Исатай Тайманов атындағы көшеде орналасқан. 1883 жылы Собордың авторы, әрі негізін қалаушылар – Федот пен Ирина Тудаковтар атты көпестер. Құрылыс күйдірілген кірпіштен салынған. Басына крест орнатылған 7 күмбезі бар. Орталық күмбез бәрінен биік-70 м. 1981 жылы архитектуралық ескерткіш ретінде мемлекеттік қорғауға алынған. Шіркеу жанында кіші шіркеу салынды, ол Николай Чудотворецтің құрметіне арналады. Шіркеуде жас жұбайлардың неке кию рәсімі өткізіледі. Дүниеге келген сәбиді Николай Чудотворецтің шіркеуінде киелі суға шомылдырады. Бұл христиан дінін қабылдау болып саналады. Ал, өлген адамды Үлкен шіркеуде жерлеу ғұрпын өткізіп, оны «погребение» деп атайды. 1999 жылы облыс әкімі И.Тасмағамбетовтың қолдауымен Успен соборы күрделі жөндеуден өткізіліп, алтын күмбездер орнатылды. Жоғарыда аталған тарихи-мәдени ескерткіштермен таныстыру, оны насихаттау жұмыстары қала тұрғындарымен қонақтарына үлкен әсер қалдырып, тұрақты саяхат қызметі ұысынылып отырса, қала мәртебесі бір көтеріліп қалар еді. Қазақстанның мұнайлы астанасын баршаға таныту, осы өңірден алдымен туризмді дамытуды қолға алудан басталмақ. Атырау облысындағы ескерткіштер арқылы экскурсия жасауға болады.

Облыс аймағындағы тарихи-археологиялық ескерткіштер

Ескерткіштердің үлкен тобы жер асты қазбалары, яғни археологиялық ескерткіштер. Бірақ бұл қазбаларға ескерткіштік сипат беру терең арнаулы білімді, заңдылықты талап етеді. Содықтан, Құлсарыдан 40 шақырымдай терістікте Қызыл қорған деген бұдан 3 мың жылдай бұрынғы қала орны бар. Қаланың айналасы төрт бұрышты дуал қорғанымен қоршалған. Қаланы Жем өзенінің саласы қоршай азып жатқан. Бұл күнде үйінді топыраққа айналған қала орны талай сырды ғасырлар тұңғышына сақтап үнсіз жатыр. Аудан мәртебесін аспандатқан Аралтөбе қорымы сияқты Қызыл қорғанды да төрткүл дүниеге мәшкүр ететін ғалым ұрпақ туларына сеніміміз кәміл.

Сарайшық – Атырау қаласының солтүстігінен 55-км жерде Жайық

өзенінің оң жағалауында орналасқан орта ғасырлық қала. Қала іргесі 11 ғасырда қаланған. Алтын Орда дәуірінде Кавказ бен Қырымды Қарақорым, Қытаймен байланыстырған керуен жолы бойындағы маңызды діни, саяси-экономикалық орталық. Алтын Орданың қазақ және ноғай хандарының алғашқы пантеоны. Қаланың гүлденген дәуірі 13-14 ғасырлар аралығы. Алтын Орданың күйреуіне қарай қала әлсірегенімен артынша Ноғай Ордасының астанасы атанып, қайтадан дәуірледі. Қасым хан тұсында қазақ хандығының алғашқы астанасы болды. 1580 жылы Дон, Еділ қазақтарының Жайық бойына ендеп кіріп, тағылық шапқыншылық жасау нәтижесінде Сарайшық біржолата күлге айналып қирады. Кейін гүлденген қала орнына Ресей патшалығы отаршылдық бекініс салды. Ол сол мақсатта Қазан революциясына дейін сақталып келеді. Көне Сарайшық қаласы орнында соңғы екі ғасыр бойы археологиялық қазба жұмыстары тиіп-қашты жүргізілді. Солардың ішіндегі ең нәтижелісі 1937 жылы 1950 жылы академик Әлкей Марғұлан жүргізген жұмыс. Кезінде қалада үлкен қыш күйдіру, темір қорыту цехтары мен ұстахана, ақша жасау шеберханалары болған. Тұрғындары егін, балық шаруашылығымен айналысқан. Жаз кездерінде Алтын Орда хандары осы Сарайшықты саялаған.

Аралтөбе – сарматтар дәуіріне жататын археологиялық ескерткіш Атырау облысы Жылой ауданының Киізтоғай ауылынан шығысқа қарай Ақмешіт ғибадатханасының оңтүстік батысында Құшаната бейітіне таман орналасқан. 1989 жылы Батыс Қазақстан археология экспедициясы ашқан. 1989 жылы алғашқы зерттеу нәтижесінде үш зират қазылды. Бұрын тоналған алғашқы екі зираттан мәйіт қаңқалары табылды. Қорымның үш зираты тоналмаған. Зират түбіне шалқасынан, басы оңтүстікке қаратып жатқызылған, мәйіттің жанынан жүзден аса жебе салған қорамсақ, қыш құмыра және темір қылыш табылған. Бұл ескерткіштердің құндылығы бұрын соңды сарматтар дәуірінің (б.з.б. 4 ғасыр, б.з. 2 ғ) ескерткіштерінде қылыш емес, тек семсер мен қанжарлар ғана табылатын, ол қылыштың пайда болу кезеңі. Еуропада алаңдар кезеңімен (4-5 ғ), ал Азияда көнетүркі тайпаларының әскери істерінің дамуымен байланысты қарастырылатын. Демек қайқылау қылыштың шығу кезеңі біраз тереңдетіліп, оны алаңдар емес, осы көне Атырау өңірінде өмір кешкен сармат тектес халықтардың тарихымен тікелей байланыстыруға мүмкіндік туып отыр. Үшінші қазылған зиратта сарматтар қоғамында жоғары лауазым иесі, қолбасшылық пен абыздықты қатар атқарған адам мен оның әйелі және он екі аты қоса жерленген. Тоналғанға дейін жерленген адамдардың киім-кешегі өте бай асыл бұйымдармен, көркем әшекейлермен безендірілген. Қару – жарақтан басқа абыздың асатаяғы және тағы да басқа дүниелері табылған.

Бекбике - әртүрлі кезеңге жататын археологиялық ескерткіштер орны. Жылыой ауданның орталығы Құлсары кентінен солтүстік-батысқа қарай 45-50-км, Бекбике темір жол бекеті мен автомобиль жолы арасындағы шағын аумақта орналасқан. Құмшағылдар басып кеткен төбешіктер де неолит-энеолит

дәуірінде өмір сүрген адамдардың тұрақтары ашылып олардан әр түрлі шақпақ тастан жасалған жебенің оқтары, екі жақты тегіс ретушті қырғыштардың сан алуан түрлері, бір жүзді пышақ дайындауға арналған пластиналар, істектер, бұрғылар тағы басқа құралдар табылды. Қыш ыдыстардың табылған сынықтарына қарағанда, олардың түрлері жұмыртқаға ұқсас, ернеуі кең, ал беттері толық әр түрлі геометриялық оюлармен әшекейленгені аңғарылды. Табылған заттардың мұнда б.з.б. IV – III және II мың жылдықтың басында өмір сүрген халықтардың мал өсіріп, аң аулаумен шұғылданғанын және көршілес Маңғыстау, Үстірт, сондай-ақ Еділ, Жайық өңіріндегі өзі тектес мәдени орталықтармен тығыз байланыста болғанынан мағлұмат береді. Келесі қола дәуір (б.з.б. II мыңжылдық) ескерткіштерінен көптеген қыш ыдыстардың, тарак жүзді штамптардың көмегімен жасалған меандр, ойық, үшбұрыш, текше оюлармен әшекейленген сынықтар, ал көшпелі сарматтар кезеңіне (б.з.б. IV - I ғ) қатысты заттардан темір қанжарлардың сынығы жебенің қола ұштары, әртүрлі құмыралардың сынығы, ұршықтың бастары тағы басқалар табылды.

Қызыл үйік – сарматтар дәуірінде (б.з.б. IV-I ғ шамасында) салынған ғибадатхана. Жылыой ауданының бұрынғы Қосшағыл кешенінің иелігінде болған, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының түйіскен жерінде орналасқан. Ғибадатхананы 1999 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы ашқан. Қазіргі биіктігі 5-метр, қолдан үйген төбешік формасы жағынан дөңгелек, қабырғалары ұлутастан қаланған бұл ғибадатхананың үстінен ішіне қарай түсетін баспалдақтарының қалдықтары аздап сақталған. Ғибадатханада тастан қашап жасаған мүсіндер орналасқан.

Сарықамыс қорымы – сармат заманына саятын қорым, археологиялық ескерткіш. Жылой ауданындағы Сарықамыс кентінен 5-км жерде Өліқолтық шығанағының құмдауыт солтүстік жағалауында орналасқан. 1996 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы ашқан. 4 қорым зерттеліп, көптеген заттар табылды (сопақша немесе домалақ заттар, тасмоншақтар, тері мен қоладан жасалған жебенің ұштары, қола алқалар, темір пышақ, темір дулығаның сынықтары т.б.). бұл заттар және қыш ыдыстар біздің дәуіріміздің 1-3 ғасырына жатады. Сарықамыстың маңынан табылған әйелдің бас сүйегі шамамен б.з.б. I мың жылдыққа жататындығы анықталды. Ғалым – антрополог Е.В.Васелковскийдің зерттеуі бойынша әйелдің жас шамасы 40-50 жас шамасы, маңдайы кең, біршама шығыңқы, бет жағынан монғол типіне жақын келеді.

Ақтөбе қалашығы - Алтын Орда дәуірінің ескерткіші. Негізгі аты белгісіз. Атырау қаласынан 10-км, атыраудың Теңдік маңында орналасқан. 1989 жылы Батыс қазақстан облысы археологиялық экспедициясы зерттеген. Ескерткіш бір-бірімен жалғаса орналасқан қолөнер, зергерлік өндірісі және мал өсіру негізі болған екі қоражайдан тұрады. Шағын елді мекен болған қалашықтың негізгі кәсібі іргелес Алтын Орда қалаларын қолөнер заттарымен тағы да басқа заттармен қамтамасыз ету және Хорезм, Иран сынды елдерге сапар

шеккен сауда керуендеріне қызмет ету болған. Қалашықтың орны су жайылымы кезінде және антропогендік әсердің нәтижесінде қатты бүлінген. Қалашық орнынан әр түрлі тиындар, зергерлік бұйымдар, шыны ыдыстардың қалдықтары, моншақтар, мал сүйектері табылған. [24]

Жұмай- археологиялық ескертші тарихи орын. Қарабаудан 3 шақырым қашықтықта, солтүстік-шығыс беткейде. Көне қала зерттеушілердің жобалауынша, 3 шақырымдай жерге созылып жатыр. Ауылдың солтүстік –батыс беткейінен басталған көне мәдениет іздері солтүстік –шығысқа қарай ойысып, өзенге жақындайды. Оның бойында құмдауытты жер, ақ шағылтақ құм бар. Аймақта көне дәуірдегі адамдар ұстаған еңбек құралдары, ыдыстардың, кермаикалық заттардың сынықтары жиі кездеседі. Міне, осы жұмбақ, құпиялы әлемді арақидік құмның іргесін сөгетін жел жария ететіні бар. Зерттеушілер осындайда тылсым дүниенің дүниесіне тап келіп, қарық болып жатады. Дегенмен бұл өңірге жан-жақты, түбегелі зерттеу әлі күнге жүргізілген жоқ.

Бармақ- археологиялық ескерткіші орналасқан. Ол –энеолит заманынан қалған тарихи мұра. Әр жылдарда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында ерте дәуір адамдарының мекенінен қыш құмырлардың бөлшектері, садақ оғының ұштары, басқада ыдыстардың, еңбек құралдарының қалдықтары табылды. Селоның солтүстік-шығыс бетінде, 200м қашықтықта ерте дәуір адамдарының тұрағы болған «Қарабау» көне мекені орналасқан. Бұл жерде ежелгі дәуір адамдары тұтынған ою-өрнекті ыдыстары, еңбек құралдарының қалдықтары мен қыш құмыралардың сынықтары кездесіп отыр. Қазіргі елді мекеннің төңірегі біріне –бірі жалғасып жатқан тарихи орындардың үлкен бір кешенді аймағы болғаны десек артық айтқандық емес. Өткені бұл өлкеде тарихи қасиетті орындар көптеп саналады.

Берікқызы Әсем

Бесікті орта мектеп-интернатының 8-сынып оқушысы

Атырау қаласы

САРАЙШЫҚ ШАҒАРЫНЫҢ ТАРИХИ МӘДЕНИ КЕЛБЕТІ

Қазіргі таңдағы жас ұрпақтың міндеті біздің көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, дұрыс түсініп, қабылдап, жаһандық тарихтағы өз ролімізді байыппен пайымдауға тиіспіз. Қазақстан тарихындағы мәдени жетістіктер шоғыры мен тарихи жәдігерлер Ұлы Даланы мекен еткен қазақтардың арғы бабаларынан бізге жеткен мұрасы.

Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл–рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» деген болатын. Сондай қасиетті жерлеріміздің бірі–Сарайшық. Сарайшық, Кіші Сарай–орта ғасырларда Алтын Орданың ірі сауда және экономикалық орталығы болған қала. Қаланың іргесі Х ғасырда қаланған. Қаланың гүлденген дәуірі XIII–XIV ғасырлар аралығы. Алтын Орда дәуірінде Сарайшық шаһары Кавказ бен Қырымды, Қарақорым, Қытаймен байланыстырып, әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік дәліздердің пайда болуына жол ашты. Қала керуен жолының бойында орналасқандықтан маңызды діни саяси орталыққа айналды. Алтын Орда күйреп, қала әлсірегенмен Ноғай ордасының астанасына айналып, қайта көркейді. Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы болды. Соңынан Қазақ хандығының астанасы болды.

Сарайшық шаһары туралы алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың белгілі географ-ғалымы, саяхатшысы – Ибн - Батута. Сарайшықты Бағдатпен салыстырғанына қарағанда біздің жеріміздегі ғажап шаһар болса керек. Ол өзінің саяхаттарының бірінде 1334 ж. «Үлкен Сарай» қаласынан шығып, (Сарай-Берке — Алтын Орданың бас қаласы), Азияға жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөнінде ол, «Біз Сарай қаласынан ат жеккен арбамен он күн жол жүріп. Сарай-жук қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу» деп аталған үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейін екінші жүзбелі көпір осында екен». Бұдан кейін Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған орыс патшасы Иван Грозныймен дос болған ағылшын көпесі - Антоний Дженкинсон. Ол 1558—59 жж. Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауына саяхат жасаған кезінде Сарайшық қаласында болғанын былай деп жазған: «Теңізден бір күндік сапарда үлкен өзен жағасындағы гүлденген Сарайшық деген қалаға келдік. Бұл қала орыс патшасымен көңілдес Измаил деген татар князінің қол астында екен. Шығыс пен батысты байланыстыратын керуен жолының үстінде болғандықтан қолөнері мен саудасы дамыған қала екен.»

Сарайшық шаһары туралы XII ғасырдағы. Араб тарихшыларының еңбектерінде аталады, орта ғасырдағы археологиялық экспедициясының қорытындысы негізінде белгілі археологтар С.П. Толстов пен Г.И. Пацевич «Өмір сүрген Саксин қаласының орнында бой көтеріп, жаңа атауға ие болған қала. Саксин X—XI ғғ. Хорезм тұтқындарының көмегімен сауда жолының бойында салынған еді» деп жазады.

Қазақ археологиясының атасы Ә.Хақанұлы Марғұлан өзінің 1950 жылдары жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде «Қала XIIғ салынған» деп жазады.

Сарайшық шаһарының өмір сүрген дәуірін шартты түрде үш кезеңге бөледі:

ХІІ ғ. — қала іргесінің қаланып бой көтеруі.

ХІІІ—ХІҮ ғғ. — Алтын Орда өмір сүрген кезеңдегі Еуропаның, Орта Азия, Қазақстанды манғолдар және қытаймен жалғастырған ірі сауда орталығы болу, яғни қаланың гүлденіп, өркендеу дәуірі.

ХҮ—ХҮІ ғғ. — Ноғай ордасының орталығы болуы, орыс-қазақтар шабуылынан күйреп, қирауы. Тарихи үдерістер біздің халқымыздың санасында тұлғаландыру сипатына ие болады. Қазақ тарихындағы белгілі тұлғалар бүгінде «Өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады және сол елдердің халықаралық аренада алға қарай ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр.

Қазақ тарихында терең із қалдырып, заманында қазақ мемлекетін басқарған ұлы хандардың бірі - Әз Жәнібек хан. Ел ішінде Жәнібек ханның өзі салдырған Сарайшық қаласының іргесіндегі әйгілі «Секер көлі» туралы деректі әңгіме көп. Секер көлдің орны қазіргі Сарайшық ауылының орнында қалып қойған. – Тептегіс жерде ойпаңдау болған түбінен, кезінде жиектерін қолмен нығыздап, кейбір жерлерінің тас, топырақпен, қызыл қышпен көмкерілгені көлдің өз заманында қолдан жасалғанын дәлелдейді. Кезінде Шамполов деген орыс көпесі 1920 жылдары осы жерден кірпіш зауытын салып жүріп, көлден алып жұмыртқа тауып алған көрінеді. Көлге аққулар үнемі қонып жүрсін деп Жәнібек хан арнайы секер төктірген. Аққулардың көп болғаны сондай, Сарайшықтың қыздары көлден су алғанда, аққуларды ығыстырып жіберіп, шелектерін содан соң ғана суға батырады екен. Бұл көл “Жәнібек ханның аққу көлі”, “Сарайшықтың аққу көлі”, “Аққу көлі” аталыпты. Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге Әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен (мұражайда сақталған суреті бар) құстарға жем беріп, кісіден үрікпеуге үйретеді. Құс атаулы жаз бойы Секер көлде еркін жүзіп жүреді екен. Жәнібек ханның сол қызы ұзатылғалы жатқанда, 15 жасқа қараған шағында ауырып, кенеттен қайтыс болады. Хан қызын алтын табытпен, барлық жасауымен, алтын қайығымен қоса жерлеуге Әмір етіпті. “Қызыңыздың осынша байлықпен қоса жерленгенін білген бір қатыгез моланы ашып, байлықты тонап кетсе, жалғызыңыздың мүрдесі айдалада қалар. Сондықтан қызыңыздың денесін жасырын жерлеңіз” деп ақыл айтқандар болыпты. Осы кеңеске құлақ асқан Жәнібек хан жеті кісіні шақырып, құпия тапсырма беріпті. Қабір қазылып, түнде қызы жерленген соң, әлгі жеті кісі де сол бойда өлтіріледі. Ал қызының қабірін ешкім білмесін, ашпасын деген пиғылмен жас қабірдің үстінен түнімен бірнеше үйір жылқыны өткізіпті. Ат тұяғынан тып-типыл болып тегістелген жерден ертеңіне ханның өзі де қызының моласын таба алмапты, - деседі аңызда. Сарайшықтажерленген 7 ханның үшеуі – Алтынорданың хандары. Үшеуі–Ноғайордасының билері. Біреуі – Қазақ хандығының ханы. **Бірінші хан–Мөңке Темірхан** (?-1282). Бату ханның немересі. 1269-1282 жылдары Алтынорданың ханы болды. Мөңке Темірден бұрын Беркехан ел басқарды. Ол кейбір мәселелерді Қарақорымдағы Құбылайхан мен санасып барып, шешетін. Мөңке

Темір билікке келісімен Шыңғыс империясынан іргесін аулақ салып, Алтын орданы тәуелсіз мемлекетке айналдырды. Болғардан (қазіргі Татарстанда) өз есімі жазылған алғашқы монеталарды шығарып, мөрін соқтырды. Елдегі ішкі тартыстарды тыйды. Берке хан салған сара жолды жалғап, Мысыр сұлтаны Бейбарыс пен байланысын күшейтті. Мұсылмандарға қырғидайтиген Құлағуға қарсы күш біріктірді. Орыс княздарын уысында ұстады. 1270 жылы Мөңке Темірдің жарлығымен Рязань князы Роман Олегович өлім жазасына кесілді. **Екіншіхан–осы Мөңке Темірдіңұлы Тоқтыхан (1270-1312).** Батуханның шөбересі. 1291-1312 жылдары Алтын орданы басқарды. Негізінде, Мөңке Темір дүниеден өтісімен орда билігін Төле Бұқахан иемденіп, Тоқты әкесінің сенімдісерігі, беклербек Ноғайды паналаған болатын. Сөйтіп, Ноғайдың көмегімен 1291 жылы хантағын Төле Бұқадан тартып алды. Ноғайға Қырымды сыйға тартты. Тоқты ханның кезінде басқару билігін ығайып, қалалар гүлденді. Мысыр сұлтандығымен байланысын күшейді. 1292 жылы орыстың бес князы Дмитрий Александровичтің үстінен Тоқты ғашағым түсірді. Осыданкейін 1293 жылы Тоқты Русьтің солтүстік-шығысындағы қалаларға басып кірді. 1299 жылы Тоқтымен Ноғай арасына сызат түсіп, мұның соңы Ноғайдың жеңілісі мен аяқталды. **Үшінші хан -Жәнібекхан (?-1357).** Біздің тарихымыз да екі хан Жәнібек бар. Сарайшықта жатқаны–Тоқтыханның немересі, Өзбекханның ұлы өз-Жәнібекхан. 1342-1357 жылдары Алтын орданы биледі. Жәнібектің кезінде Алтынорда құрамына бүгінгі Әзірбайжан жері қосылып, қоныс кеңейді. Мемлекетте ислам діні қанат жайды. Мешіт, медреселер салына бастады. Содан болар, жылнамашылар «Жәнібек Дешті Қыпшақ елінің ханы болды. Халық оған дене болса, ол халықтың жаны болды» деп жазды. Л.Гумилевте Жәнібектің әділетті хан болғанын еңбектерінде ерекшелеп атап өтеді. Ресейдегі Астрахан қаласын осы өз-Жәнібек салдырған. Бұл жайлы Мұрат Мөңкеұлы толғауында: Адырақалғыр, Аштархан, Өз-Жәнібек хан салдырып. Ақылын кәуірге алдырып, Айласы құрып кеткен жер, –деп жырға қосқан. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре-итүркі» («Түркішежіресі») кітабында: «Өзбекхан өлгеннен соң оның ұлы Жәнібектіхан көтерді. Жәнібек хан ғажайып мұсылман патша болды, өзіғұлама, ибалы, ақылды кісі еді. Сарайшық шаһарында таққа отырды, шарифатты қатаң сақтар еді... Ұлы Бердібекті Әзірбайжанға әкіметіп, өзі жұртын ақайтып келді. Одан соң ауруғашалдығып, ол ұзаққа созылды. Хан: «Енді мен бұл аурудан жазылмаймын» деп, Әзірбайжандағы ұлы Бердібекті шақыртты. Бердібек хан келіп жеткенше, Жәнібекке уақыт болды. Ол қайтыс болар алдында халқын жиып, оларға көп насихатайтты. Хижраның жеті жүз елу сегізінші жылы қайтыс болды. Ол он жеті жылпатшалық құрды, Сарайшықта жерленді» деп нақтылап жазады.

Сарайшықта жерленген үш адам–Ноғай ордасының билері. Негізінде, «хан» атағын тек Шыңғы сұрпақтарығана алды. Ноғай ордасын билеген Едіге ұрпақтарының (маңғыттар) бәріде «би» статусына ие болды. «Би» дәрежесіне

жетпегендері «мырза» атанды. Алайда бұлардың статусы «би» болғанымен, «хан» дәрежесіндегі адамдар. Үшеуін «би» деп төменшіктетпей, хандар қатарында атауымыздың бір мәні осыда. Сонымен, бұл үшеуі кімдер? Нұрадин бидің ұлы Уаққасби, Мұсабидің ұлы Шейх-Мамай бижәне Мұсабидің ұлы Жүсіпби **Уаққасби** (?-1440) – Едігенің немересі, Нұраддиннің ұлы. Атақты Қазтуғанжырау – осы Уаққастың жетінші ұрпағы. Уаққас – Әбілқайырханның (көшпелі өзбектер) беклербегі, сенімді серігі еді. Ханның 1428 жылы өткен таққа отыр урәсіміне қатысты. Оның кезінде Жайық жағалауы Ноғай ордасының иелегіне қарады. 1430-1440 жылдары болғаншай қастарда екеуі бірігіп, тізе қосты. Сол үшін хан Уаққасқа Сыр жағалауындағы Үзгент қаласын сыйлады. **Шейх-Мамайби** (?-1549) – Уаққас бидің немересі, Мұсабидіңұлы. Шейх-Мамайби 1519 жылы Қазақтың Қасымханының билігін мойындады. Қасымның қызы Бұлдырханымды әйелдікке алып, ханға күйеу болды. 1535 жылы Шейх-Мамай Сібірхандығы мен соғысты. Орданың шығыс жағын иеленді. Башқұртқада билігі жүрді. Қасымныңұлы Хақназар сұлтан осы Шейх-Мамайдың ордасында ер жетті. Сонымен қатар, Сібірдің Ибақханының ұлдары Көшіммен Ахмет-Керейде осы Шейх-Мамайдың сарайында жетілді. 1530 жылдардың соңына қарай Ноғай ордасы үшке бөлінді. Шығысын – Шейх-Мамай, орталығын – Сейіт - Ахмет, албатысын – Қажы - Мұхаммед басқарды. 1540 жылы Орда да төңкеріс болып, Шейх-Мамай қайтадан бар билікті қолына алды. Сейіт-Ахмет Бұқарға (немесе Хорезмге) қуылды. Шейх-Мамайды бауырлары Исмайыл мен Жүсіп қолдады, соған қарағанда Сейіт-Ахметтің бүйрегі Мамайға бұрса керек. 1546 жылы Қырымханы Сақып-Керей Мәскеуге Шейх-Мамайбастаған ноғайлардың өзіне қарағаны туралы хабарлады. 1548 жылы Шейх-Мамай бауырлары Исмайыл және Жүсіппен бірге Мәскеу мен бейбіт келісімге келді. Сол келісімнің айғағы ретінде ұлы Қасымды орысқа аманатқа берді. 1549 жылы Жүсіп мырза Мәскеуге елші аттандырып, Шейх-Мамайдың дүниеден өткені туралы хабарлады. Шейх-Мамайдың артында Хан, Қасым, Бай, Ақ, Бекдәне Бидеген балалары қалды. Олар Ембімен Сырдария арасын жайлады.

Жүсіпби (?-1554) де Сарайшықта жерленген. 1549-1554 жылдары Ноғай ордасының биі болды. Бауыры Шейх-Мамайдан кейін таққа отырды. 1533 жылы қызы Сүйінбикені Қазанханы Жанәлиге ұзатты. Жанәли қайтқаннан кейін Сүйінбике орнына отырған Сафа-Герейдің әйелі болды. Енді Жүсіпби күйеу баласы, Қазанханы Сафа-Гереймен дақтасты. 1549 жылы Ноғай ордасына орыс елшілері келді. Олар Жүсіптің інісі Исмайылды Мәскеуге мойынсындырды. 1552 жылы орыс патшасы Иван Грозный Қазандыалды. 1553 жылы Жүсіп орыс иеліктері неш абуыл бастамаққа бекінді. Алайда орысшыл Исмайыл Жүсіпке қарсы келіп, бауырын өлтіріп тынды. Жүсіптің ұрпақтары бүгінде орысқа сіңіп кетті. Ресейдегі князь Юсуповтар – осы Жүсіп бидің ұрпақтары.

Жетінші адам–қазақтың Қасымханы (1445-1518). 1511-1518 жылдары қазақтың ханы болды. Қасым хан билік құрған жылдары Сарайшық қазақ

хандығының алғашқы астанасына айналды. Атақты Бабыр «...жұрттың айтуына қарағанда, қазақ сұлтандары мен хандарының бірде біреуі бұл халықты дәл Қасым хан сияқты бағындыра алмаған» деп жазды. Қадырғали Жалайыридің Жылнамалар жинағында: «Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт бойы атасының ұлысында иелікетті. Аймағындағы ұлыстарды өзіне қаратты» - деп жазды. Мұхаммед Хайдардың деректеріне сәйкес, Қасым хан 1518 жылы Сарайшық қаласында дүние салып, сонда жерленді.

Археологиялық зерттеу барысында қалашықта нумизматикалық материалдардан басқа қалалықтардың көптеген күнделікті қолданыс заттары табылды: қыштан жасалған заттар (құман, құмшы, шығыр, құмыралар, көзелер, шырақтар, түбектер, кесе, пиала) өсімдіктер мен зооморфты өрнектер және түрлі араб шрифтімен, сонымен бірге, трапезундық және қырым амфораларының бөлшектері, қытай фарфорынан жасалған табақтың бөліктерімен безендірілген. Қазбалар барысында көптеген сүйектен, темір мен қоладан жасалған бұйымдар кездеседі. Одан басқа, ортағасырлық моншаның қалдығы табылып, зерттелді.

Сарайдан Сарайшыққа, одан әрі Үргенішке дейінгі сауда жолының соқпақтарында құдықтар болды және керуен-сарайлар қызмет етті. Оларды атақты сәулет өнері мектептерінен өткен дарынды шеберлер тұрғызған қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен алаңдары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айрықша байқалды. Керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез өсті.

Соңғы жарты ғасырдағы қазба жұмыстарының бәрі ескі қаланың шет жағындағы су құбырлары мен кейбір шеберхана, бейіт орнына жүргізіліпті. Бұрынғы және қазіргі қазба жұмыстары көрсеткеніндей, қала құрылыстары 24x24x5см немесе 40x20x5см көлеміндегі күйдірілген және шикі кірпіштен, түсін жоймайтын керамикалық шаршы тастардан тұрғызылыпты. Оларға қандық үлгідегі жылыту жүйесін пайдаланған және өте жоғары температурада шикі кірпіштерді күйдіретін камералар болған. Сондай үлгіде ұзындығы 4,4м, биіктігі 1,65м болатын ыстық от (ауа) айдау жүйелері бар камера табылған. Қала қыштан күйдірілген тас тұрбалар арқылы ауыз су құбырларымен қамтамасыз етілген. Қазба жұмыстарын жүргізіп жүрген археологтар құмығып қалған құдықтардың бірінен араб әрпінде жазылған тұмар тапқан. Арнайы темір қобдишаға салынған, алты-жеті метрлік шыңыраудың түбінде сақталған бұл тұмар сол кездің өзінде діннің кеңінен таралғанын және қатты қадірленгенін көрсетеді. Осы құдықтан өте әдемі жасалған құмыралар, күміс, мыс ақшалар да табылыпты. Сарайшық қаласында темірден құрал-сайман соғатын арнайы ұстахана болыпты. Бір қызығы, осы ұстаханаға қажетті темір рудасын олар қайдан алды, қалай қорытты, оны ешкім білмейді. Қала өз дәуірінің ықпалды, саяси һәм мәдени, сауда-саттық орталығы болған. Жәнібек хан билеген тұста жаңа пұлдар шығарылған. XIV

ғасырдың қыркыншы жылдары ақша беттерінде ерекше безендірілген екі басты бүркіт, ал елуінші жылдары шешек атқан алты жапырақты гүл шоқтары бейнеленген. Жошы ұлысы тұсында Алтын Орданың 16 шаһарында ақша соғатын сарайлар болған деседі. Оның үш түрі, атап айтқанда, жоғарыда табылған ақшалардың біразы Сарайшық қаласының өзінде соғылған. 1909 жылы жергілікті балықшылардың ауына керамикалық ірі құмыра ілініп шыққан. Бұл құмыраның иіні мен бүйіріндегі жазуларды ауыл төңірегіндегі сауатты деген адамдардың ешқайсысы да оқи алмапты. Құмыра сол кездегі губерния орталығы Оралдағы мұражайға тапсырылған көрінеді. Кейін әлгі құмыраны көрген Орал шекаралық казак әскерінің генералы Н.Дубасов деген офицер жазу көшірмесін Ресей археологиялық қоғамның Шығыс бөліміне 1915 жылдың 16 тамызында жіберіпті. Екі жыл өткен соң мамырдың 12-сі күні генералдың атына жауап хат келсе керек. Онда құмырада көне қыпшақ тілінде 32 сөз өрнектелгені, дәлдеп аударғанда иінінде Жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” дастанындағы:

Адам көркі – жүз,

бұл жүз көркі – көз,

Ауыз көркі – тіл,

бұл тіл көркі – сөз.

Тағы көрік кісіге –

білім мен өнер,

Жанын құрбан етер білім үшін ер,

- деген шумақ шыққан. Ал бүйіріндегі “Бұл күбіге көз жасын құяр болар” деп жазылған. Құмыра XIII ғасырда күйдіріліп, дайындалған.

Қазіргі орны Атыраудан солтүстікке қарай 50 шақырымдай жерде. Бүгінде Атырау облысының Махамбет ауданына қарайды. Қазіргі кезде мұнда «Ханордалы Сарайшық» музей қорығы бар. Биіктігі 17 метр болатын ескерткіш алыстан көз тартады. Ескерткіш осы жерден жайтапқан жетіханның құрметіне арнап қойылды. Олардың есімдері мен билік құрған жылдары құлпытастарға қашап жазылған. Ескерткішті 1999 жылы сол кездегі Атырау облысының әкімі Иманғали Тасмағамбетов салдырды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзі келіп ашты.

Түйін сөз

Сарайшық орта ғасырда Шығыс пен Батыс аралығын, елдер мен өркениеттер арасын құрлықаралық жалғастырған керуен жолында орналасқан мәдени діни саяси орталық болған қала. Әлемде Бағдаттан кейінгі екінші қала атанды. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына енетін киелі жердің бірі – осы Сарайшық болары сөзсіз. Сарайшық қазақтың киелі қонысы, қастерлі мекені, хан-сұлтандардың көзі бабалар аманаты. Қазіргі күнде заман талабы өзгеріп, түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихқа терең үніліп, оның құрмеуін шешуге мүмкіндік туды. Жас ұрпақтың тарихтан өнеге алып, өз елін,

кең байтақ Ұлы Дала жерін сүйіп өссін десек, «Сарайшықтың әрбір тасын, құпияға толы қыш құмырасы мен теңгесіне дейін зерттеп, келер ұрпаққа жеткізу ел алдындағы борышты орындағанмыз болмақ»

Көне шаһар тарихын зерттеудің мақсаты бүгінгі күні оны жандандыру, Қазақстанның археологиялық ғылымының құнды жәдігері, сонымен қатар, келешек туристік тарихи-мәдени ошағы ретіндегі ролін анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 2017ж
2. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы
3. Дулати Мухаммед Хайдар Тарих – и Рашиди
4. Қазақстан тарихынан очерктері А-1995ж
5. Орта ғасырлардағы Қазақстан Жолдасбаев.С Алматы: Атамұра 2012ж
6. «Атырау эциклопедиясы» Атырау 2000ж

А. А. Тлепбергенова

*№2 жалпы білім беретін орта мектебі, география пәнінің мұғалімі
Құлсары қаласы*

«ДӘДЕН БИ»

“Артында асылдардың сөзі қалған...” Ұланғайыр қазақ даласының бір аймағы боп есептелетін Жылыой елі де би-шешендерге, сөз зергерлеріне бай болып келеді. Қандайда дауды бір ауыз сөзбен шешер білікті билер, ақылды адамдар аз болмаған. Ел тарихын, жер тарихын, ер тарихын шежірелерде зерделі әңгімелер, байырғы әндер тарихын тереңнен білер көнекөз қариялар қаншама арамызда. Соның ішінде бәтуалы сөзімен, дара билігімен ел құрметіне бөленген Мәтжан, Дәден, Есен Ерменбет, Бимырза Әжібай, Тұманшы Сауғабай, Бегалы, Естебай есімді билердің билігі мен турашылдығына барша қазақ халқы тәнті.

“Дәден би” өмірбаяны (1834-1924). Баласы Дәденов Өтеулі 1906 жылы туған. Өтеулі атамиздың әйелі Жонай Дәден атамиздың қолына түскен келіні екен. Атамиз өмірден өткенше шай-су, тамағын дайындап, бүкіл жағдайын жасапты. Өтеулі атамиз Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданы Ұялы ауылдық кеңесінен көппен бірге соғысқа аттанып, бораған оқ, әуеден түскен бомба арасында жаумен қоян-қолтық соғысып жүріп, ауыр жарақаттанған. Ес-түссіз әскери госпитальға жеткізіледі. Оң жақ көзін, маңдай сүйегінің жартысын, бас сүйегінің алдыңғы қақпағын қоса жұлып кетіпті. Алты ай емделуден соң, бірінші топтағы Ұлы Отан соғысының мүгедегі болып 1943 жылы

елге оралды. Жарақаты өте ауыр болды. Алдыңғы бас терісінен ми тамырлары анық көрініп тұр, оң жақ көзі жоқ. Бас сүйегінің жоқ орнына жас баланың қолы сиятындай шұңқыр қуыс болып бітіпті. Осындай ауыр жарақатпен аман қалуына «Көзге көрінбейтін, қолға ұстауға келмейтін» тылсым күш-ата аруағы себеп болған шығар деп ойлаймыз.

Осы атамызбен көрші отырып, көзін көрген адамдар көп. Сол адамдардың бір азғантайын айтып кеткенді жөн көрдім. 1.Әбішов Мұхамбет (кұдасы), 2.Төлеуов Наурызбай (Жылыой аудандық ағарту саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы), 3.Кәдіров Тілеген(Жылыой ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы) т.б азаматтар. Өтеулі атамыз 75 жас жасап, дүниеден өтті.

1999 жылы Дәден атамыздың туғанына 165 жыл толуына арнап ұрпақтары бірігіп ас беріп, Құран оқып, атаның өмір жолынан естелік әңгімелер айтылды. Соның бірі Жылыойлық ақын Лұқпан Сисекенов арнау өлеңін оқыды. Бір сөзінде «Атаға зират етіп,дұға оқып келіп тұрамын. Ата аруағы жылан болып бір көрініп, жоқ болып кетеді. Қазір де бір көрініп кетті» деген де асқа келіп отырған адамдар бірі көріп, бірі көре алмай қалдық деді. Атақты би атамыздың даңқы Қазақстанның бүкіл батыс өңіріне кеңінен таралған. Арғы атасы Құлжабай биден ауысқан шешендік дарын Дәденді таласты ортадан ерте-ақ көрсетті. Талай-талай алқалы жиындарда астамсыған бисымақтардың аптығын тез басатын, даулы мәселелерді жан-жақты қарап, әділін ғана айтатын, әрбәр сөзі тапқыр ойға, кемел пікірге тұнып тұратын, ұрымтал жерде әдемі әдіс қолдана білетін, сөздің парқын білетін ділмәр болатын. Оның Табын билеріне, Қожа Солтамақ пен Таз Әбішке, Адай Сәдуақасқа айтқандары даңғайыр дарынын кеңінен әйгілейді.

Кең Жылыой топырағы-елге елеулі талай батырлар, ақын-жыраулар, көріпкел әулиелер, қоғам қайраткерлері, еңбек адамдары өскен қасиетті жер. Осы топырақта дүниеге келген, саналы ғұмырын ел- бірлігіне, тату-тәтті бірігіп өмір сүруіне, еңбексүйгіштікке тәрбиелей білген – Дәден атам. Алқалы жиындарда шешілмейтін қиын дауларды әділ шешіп,ел құрметіне бөленген адамдардың бірі-Дәден ата. Жақын мен жатты бірдей санаған үлкен отырыстарда егізім “ Адай”деп,ата баласын іздеп отырады екен.

Дәден бидің әңгімелері

1. Бір ауылда қыз ұзату той болып,тойға келген Адай жігіттері сәл нәрседен дау шығарып,арты төбелеске ұласыпты. Төбелестен бір Адай жігітінің басы жарылып,қолы сыныпты. Бұны аяқсыз қалдыруға болмайды. Жарақаты үшін құн аламыз деп Дәден биге келіпті. Адай жігіттерінің арызын тыңдап болып, “екі жақтан да ұят болған екен”. “Көпке тиген аз тентек-Адайға тиген Таз тентек”, егіз ауылмыз ғой. “Бас жараланса -бөрік ішінде, қол сынса-жең ішінде” деген. Досқа күлкі, дұшпанға таба боларсындар. Ортақ абыройымызды сақтайық. Татуласып, қол алындар деген аталық сөзге келген Адай жігіттері келісіп, ризашылықпен тарасыпты. 2. Ел аралап,даулы мәселелерге төрелік айтып жүргенде қонып отырған үй иесі “Дауынды сенің пайдаңа шештіріп беремін” деп,біреуден өгіз алыпты. Мұны сезіп қалған Дәден би түнде ұйықтап жатқан үй иесін

жұдырықпен ұрып қалыпты. Қапелімде шошып оянған үй иесіне Дәден би: “Өмір бойы аузыма арам салғаным жоқ еді, аузыма бір тышқан жорғалап келеді екен, соны ұрамын деп байқамай, сені ұрып жіберіппін”, - деді. Үй иесі ұялғаннан өгізді иесіне қайтарып беріп, Дәден биден кешірім сұрап, айыбын төлепті. 3. Өмір бар жерде өлім болады ғой. Дәден бидің баласы қайтыс болып, ел болып жоқтайды. Қайғысына алыс-жақын адамдар түгел қатысып, әр түрлі жағдаймен болыс Әбіш пен Сардар кешігіп келеді. Өздері ғана келе алмай, қастарына өгіздің Құл батырын ертіп келіпті. Келсе, Дәдекең теріс қарап, бүктесіп жатыр екен. Біразға дейін басын көтермепті. Сонда Құл батыр, “Дәдеке, Әбіш пен Солтамақ сіздің қайғыңызға уақытымен ортақтаса алмай, кешігіп келгеніне өкінеді. Басыңызды көтеріңіз” дейді. Сонда Дәдекең жастықтан басын көтеріп: “Бұл Әбіштің мезгілінде бата оқымауы дұрыс. Бауыры да, қойны да аман. Бұл ненің қадірін білсін?! Ал Солтамақ өзің-әкеңнен жалғызсың, сенен балаң жалғыз. Өлім көрген жоқсың. Сен ненің қадірін білерсің?!-деген екен. Ағаның بازیнасы ауыр болса да, інілері өкпелемеді. Алла өзі берді, өзі алды. Артынан қайырын сұрағаннан басқа шара жоқ қой” деп келген қонақтарына қонақасын беріп жөнелтіпті. 4. Дәден атамыз Қарасай биді қасына ертіп, Жетіру жеріне жесір дауына апарыпты. Оларды басқарушы Әбіттің Рабайының Ақшолағы Петерборға кеткен болып шығады. Келіп қалар деген соң үш күн күтеді. Төртінші күні елге қайтқалы жатқанда Ақшолақ келіпті. Ол Дәдекеңнен қай жұмыспен келгенін сұрайды. Дәдекең өздерінің жесірін қайтаруға келгенін айтыпты. Ақшолақ басқарушы “Оларды кейін қараймыз. Әзір шешпейміз” депті. Сонда мәселені шешпеуге ұйғарғанын аңғарған Дәден би былай деп астамсыған басқарушыны отырғызып кетіпті: “Әй, би, әкең атыңды “ Ақшолақ” деп дұрыс тауып қойған екен. Қазақ мұндай атты итке айтатын еді. Мына мәселені шолағыңнан қайтардың-ау шолтаң-шолтаң еткізіп”, - депті. 5. Көңілсіз жүрген бір сапарында Ойылдың Көкжар базарына барса, Бимырза Тұманшаұлы деген би қосшы жігіттерімен бірге базар аралап жүрген екен дейді. “Әй, Бимырза, бұл менің базарымда сенің нең бар еді” дейді. “Базар сенікі емес, менікі ғой” деп дауыс көтеріп сөйлепті. “Ассалаумағалейкум, Дәдеке. Кешіріңіз, базар сіздікі ғой. Мен елдің бір шаруасына бола келіп едім. Базарға рұқсат етіңіз” депті. “Онда бүгін маған қонақ бол. Шаруанды сонан соң бітірерсің” деп үйіне шақырып, қонақ етіп жөнелтіпті. Ет жеп болған соң жолдас жігіттері ұйықтап қалыпты да, Бимырза екеуі таңға дейін әңгімелесіп шығыпты. 6. Ертеңгісіне базаршылар шаруасын бітіріп, елге қайтады. Жолда жігіттер Бимырза биден “ Кешегі шалың кім деген кісі, халықтың базарын менің базарым дегені қалай?-деп сұрапты. Сонда Бимырза би

басын шайқап тұрып, “ Әй,жігіттер-ай,мен сендерді қасыма босқа ертіп жүр екенмін ғой. Қазақтың сөзінің парқына түсінетіндей уақыттарың болып еді-ау. Бұл “Шал деп”айтқандарың белгілі би Дәден деген кісі болатын. Екі аяқтыға жол бермей жүргеннің бірі ғой. Бірақ өмірге өкпесі бар. “Базар менікі ғой, саған мұнда не бар?” дегені баласы қайтып, көңілсіз жүрген кезі ғой. Сосын шерін тарқатайын деп қонақ қылды. Кеудесі алтын сандық қой, түнімен көп әңгіме тындап, мен де бір жасап қалдым. Ал сендер етке тойғандарыңа мәзсіңдер” деген екен. Дәден атамыздың соңғы баласы-Өтеулі, оның баласы-Наурызбай, Наурызбайдың баласы-Есенбет, немересі-Абзал. Ақтау қаласында тұрады. 7. “Көз жетпеген жерге сөз жетеді” деген ғой. Көкжар жәрмеңкесінен шығып, ауылға бара жатқан жолда бір адам артынан атпен шауып келіп,аман –саулықтан кейін Дәден биге “Атағың алысқа жайылып жүргенге бір үлкен,зор денелі, ірі адам ғой десем, сен де өзім сияқты адам екенсің ғой” депті. Сонда Дәден атамыз “Көрік базарына барғаным жоқ, билік айтудан қалғаным жоқ, Алла берген қасиетті жойғаным жоқ, шаруаң болса жолыңнан қалма, жүре бер, барған жеріңе осы әңгімемді айта бар” депті. 8. Арал теңізі маңына жайлап отырған Әлім, Кете рулары арасында қыз алыспайтын жерден қыз алысып, екі рулы ел арасында үлкен даулы жағдай болыпты. Билік сұрауға Дәден атамызға келіпті. Екі жақтың айтқан сөздерін мұқият тындап болып, “Бірінші қыздың сөзі-шындық. Екінші жігіттің сөзінде күман бар.Үшінші куә адамның сөзі-аян” деп, “Шындық, күмән, аян” деген үш сөзбен жігітті кінәлі деп, ауыл арасындағы дауды аяқтап, татуластырған екен. “Көпті көрген-көсем болады, көп сөйлеген-шешен болады” дегендей, Дәден атамыздың айтқан билік сөзі ел арасында әділеттілігімен құрметке бөленген. Адам өзі өлсе де, оның рухы өлмейді. Тірідегі қасиеті мәңгі сақталады. Кемелденіп, нұрланып, биік рухтары фәнидегілерді, адамдарды желеп-жебеп, шапағатын тигізіп жатады.

Сөз соңында қорытындылай келе мен «Дәден Би» туралы тақырыпты аларда жүрексінгенім рас. Себебі, аруақты атамыздың тыныштығын бұзып аламын ба деп қорқып, «Дәден Ата» қауымына барар кезде Атадан рұқсат сұрап, «жеті-шелпегімді» пісіріп, дәретімді алып, орамалымды тағып, бар білетін сүредұғаларымды жаттап, шын ниетіммен осы жарысқа қатысып көрейін деп шештім.

Қасымда жолдасым барлық жағынан демеу болып, мені « Дәден Ата» қауымына апарды. Барар жолда қиындыққа ұшырап, көлігіміз батып, жолда 1 сағаттай тоңып тұрып қалдық. Атаға «көмектесші» деп іштей жалынып, «көздеген мақсатыма жете алмай қалатын болдым, жарысқа қатыса алмай қаламын ба»-деп іштей қорқынышыммен арпалысып отырған кезде,қайдан келе қалғанын білмеймін, бір топ жігіттер келіп көлігімізді сүйреп шығарып берді. Бізге Ата көмектескендей сезімде болдық. Әйтпесе ол жерден шығу мүмкін емес, немесе айналамызда бірде-бір адам жоқ,қараңғылық етек алып жатырған кез. Сөйтіп әупірімдеп, Ата қауымына жеттік. Ата қауымына жеткесін ерекше бір сезімде болдым. Сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Көзімнен жас шыға берді.

Әне барамын, міне барамын деп жүріп уақыттың тығыздығын сылтауратып, бара алмай жүр едім. Мінеки,» жол түсті»- деген осы... Әкем ауырып жүрген кезде Атаның басына анам екеуі келіп түнеп, «ауруына шипа ем бере гөр»- деп дұға тілеп, түнеп кетуші еді. Сол кездің өзінде мен «Дәден Ата» туралы естіп-біліп жүруші едім. Әттең, әкем тірі болғанда бұданда көп мәлімет жинар едім. Себебі, Әкем барар жолда Дәден ата туралы әңгімелерін айтып отырушы еді.

Тағы бір мысал келтіре кетсем: Бала кезімізде есімде: Алматыдан Әкемнің қарындастары келіп түнеп кетуші еді. Ол кезде ештеңенің байыбына бара бермейміз ғой, қазір ойласам, апаларым сәби сұрап атаға жалбарынып, дұға оқып, арнайы арнап келеді екен. Бала сүйе алмай жүрген жастар келіп, басына түнеп, күндіз-түні дұға тілеп, «атадан бір перзент берші» деп сұрайды екен. Ата аруағы киелі. «Ата қолын жайып, шын ниетімен сұраған перзентінің алақанын құр бос қайтармайды екен»- дей келе мен өз жұмысымды аяқтаймын. Ата аруағы бәрімізді,сізді де ,бізді де тек қолдап, қорғап, желеп –жебеп жатсын деп тілеймін! **«Дәден Ата» қауымына барған кезімде Атадан: « Ата мені әрқашан желеп-жебеп жүр »-, деп дұға еттім!!! Әумин!!!!**

К. О. Ермұханова

Еңбекші орта мектебінің мектебі,

директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Жұмекен ауылы

ӨЛКЕДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР

Ей, бүгінгі жас қауым, бейтаныс арғы ұрпақ. Әр әке балам бақытты болса екен, үрім бұтағым үзілмесе екен, өшпесе екен деп тілейді. Осы мақсатпен ХХ ғасырдың басында әкелеріміз бізге қаралы жексенбілерде қан кешіп жүріп, кең байтақ көп ұлтты Отанымызды жасап берді. Осы құрылыс пен бірлікті көздің қарашығындай сақтаңдар деп өсиет етті.

Ұлы Отан соғысында қабырғадан қан кешіп жүріп, бізде сендерге бақыт әпердік, жас ұрпақ! Ол-қазіргі кең жазира сенің Отаның. Соны көздің қарашығындай сақтаңдар. Жастарымыз Отаншыл болсын.Отаншылдық-әр адамға керекті,ең ұлы қасиет. Ал, Отанға деген сезім-өз отбасынан басталады. Өз әке-шешесін ардақтамаған,өзгенің ата-анасын құрметтемейді.

Бүгінгі таңда алдымызда тұрған ең жауапты міндет-тәуелсіз мемлекетіміздің уығы болып қадалып қоғам мүшелерін,яғни жас ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу,тиянақты білім беру.

Өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы өскелең

ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігімен білімділігін, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін талап етеді.

Адамның мәдени болмысы өзі туып-өскен, тәрбиеленген ортаның болмысымен үйлесімділікте толысады. Оның негізі халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тілі, тарихы секілді рухани құндылықтарымен қалыптасады.

Тұлға-адамның келешек өмірінің қалыптасу жобасының келбеті. Адам тәрбие негізінде жетіледі. Адам болашағын шешетін де тәрбие екендігі белгілі, ал оны жүргізу педагогикалық-психологиялық тұрғыдан шеберлікке байланысты. Бала тәрбиесі білім арқылы жетіледі. Әр баланың өзіне тән мінез – құлқы, психологиялық ерекшелігі бар. Ата-дәстүріміз, ата-салтымыз, мәдениетіміз қалтарыста қалдыратын дүние емес екендігін қадап айтып, тарихшыларға зиялы қауым өкілдеріне, ұрпақ тәрбиелеп отырған ағарту саласы өкілдеріне ерекше бағдар беріп қанаттандыра түскендей. Олай болса, «Туған өлкені зерттеу оның маңызы және басым бағыттары» атты ғылыми тәжірибелік конференцияға өлкедегі тарихи мәдени ескерткіштер тақырыбында ой қозғап отырмын. Кешегі кеңес заманында сыңаржақ саясаттың салдарынан қазақты өз терең тарихи, тамыры жоқ халық етіп көрсетуге тырысса, ал тұңғыш президентіміз кең байтақ қазақ даласының өркениетті ошағы болғандығын зерделей отырып, ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту мақсатында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде: «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жарыққа шығарды. Ұлы жолдарды басшылыққа ала отырып, өлкедегі тарихи-мәдени ескерткіштерді өрбітудегі мақсатым зерттеу, сақтау, келесі ұрпаққа табыс ету болса, Атырау облысындағы тарихи және мәдени ескерткіштер түрлілігімен ерекшеленетіндігі тарихқа мәлім.

Атырау облысы тоғыз жолдың торабы, дәуір жыршысы, тарих тағылымы, киелі жер иесі, Ұлы даланың бір бөлшегі десек, қасиетті Құрманғазы ауданы сан ғасырлық тарихы бай шежіресі бар, ерекше өнегелі де өнерлі өлке. 1918 жылдың 12 сәуірінде «Республика ескерткіштері» туралы алғашқы құжат қабылданды.

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекцияның 2002 жылғы есебі бойынша барлығы 80 тарих және мәдениет ескерткіштері болды. Олардың 42 –і мемлекеттік тізімде, 38-і алдын –ала есепке алу тізімінде тіркелген. Қазіргі таңда Атырау облысы бойынша тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын-ала есепке алу тізімі - 51 ескерткіштен тұрса, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі - 37 .

Құрманғазы ауданының тарихи мәдени ескерткіштеріне тоқталып өтсек:

Аудан Атырау облысының қиыр батысында орналасқан. Батысында Ресей Федерациясының Астрахань облысымен, солтүстігінде еліміздің Батыс Қазақстан облысы Бөкей Ордасы ауданымен, шығысында Исатай ауданымен

шектеседі.



Азамат соғысына қатысқандарға арналған обелиск.
Уақыты: 1987 жыл. Мекен-жайы: Теңіз селосы, клуб алдында.
Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Обелиск темірден жасалынған. Жоғарғы жағында жұлдыз орнатылған. Ескерткіш бетіне орнатылған көлемі 40х30 метр болатын тақтайшада «1917-1987», «Землякам павшим за защиту села Телячье 1 ноября 1987» деген сөздер жазылған. Биіктігі 3 метр, темірден жасалған. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын-ала есепке алу тізіміне алынған.



Ақын Жамбыл Жабаевтың (1846-1945жж) бюсті.
Уақыты :1967ж. Мекен-жайы: Сафон селосы, саябақта.
Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Ескерткіштің жалпы биіктігі 2,9 метр. Кірпіштен қаланған тұғырының биіктігі 2 метр , ені 1,25м, гипстен жасалынған мүсіннің биіктігі 90 см. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын-ала есепке алу тізіміне алынған.



Белгісіз жауынгерге обелиск.
Сәулетшісі М.С.Спиридонов. Уақыты:1985 ж.
Мекен-жайы:Жыланды селосы, орталық саябақта.
Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші.Ұлы Отан соғысына қатысушы белгісіз жауынгерге арналып тұрғызылған, саябақта орналасқан. Тұғырда «1941-1945» , «Отан үшін от кешкендер есімдері мәңгі сақталады» деген сөздер жазылған.



Еңбек ері Алипов Ғизат Мұқашұлына (1924-1986жж.) арналған обелиск.
Уақыты: 1968ж. Мекен-жайы: Мақаш селосы,саябақта.
Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші.Ескерткіштің биіктігі 3,5 метр, кірпіштен қаланған. Тұғырының биіктігі 70 см, ені 1,2м.
Алипов Ғизат Мұқашұлы 1942 жылы әскерге шақырылып 1943 жылы ауыр жараланады. Кейін жазылғаннан соң ерлік шайқастар көрсетеді. Алипов Ғизат Мұқашұлы үш рет Даңқ орденінің иегері болған. Құрманғазы ауданындағы

Қызылоба ауылында тұрып, сол жерде қайтыс болған. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын- ала есепке алу тізіміне алынған.



Кеңес Одағының батыры Александр Никифорович Афанасьевтің (1919-1943ж.ж) бюсті.

Уақыты: 1966ж. Мекен-жайы: Ганюшкино селосы, Ломоносов атындағы орта мектебінің алды.Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Ескерткіштің жалпы биіктігі 3,10м болатын кірпіштен қаланған тұғырдың биіктігі 2,40 м, гипстен соғылған мүсіннің биіктігі 70 см. Афанасьев Александр Никифорович- екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, взвод командирі, аға сержант,Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Композитор, күйші Құрманғазы Сағырбаевтың бюсті. Сәулетші О.Н.Лавринов. Уақыты: 1967ж.

Мекен –жайы: Жыланды селосы, Құрманғазы көшесі.

Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Ескерткіш Астрахань шеберханасынан ақ тастан қаланған. Мүсіннің биіктігі 120см. Кірпіштен қаланған тұғырының биіктігі 145 см, ені 120 см.

Құрманғазы Сағырбаев қазақтың күйші композиторы, домбырашы, халық аспаптары музыкасының классигі.



Композитор, күйші Құрманғазы Сағырбайұлына арналған белгі. Уақыты:1974 ж.

Мекен-жайы: Қошалақ ауылынан батысқа қарай 45 км. Ескерткіш Құрманғазы ауданындағы «Ақжонас» мекенінде.Биіктігі

5 метр болатын ескерткіш темірден жасалған.Ескерткіштің ортаңғы бөлігінде домбыраның мүсіні орнатылған.Ескерткіш бетіне ілінген тақтада «Құрманғазы туған жер, Ұлы майдан думан жер,Жас ұрпақ ойға түйіп өт,Басыңды бұған иіп өт» деген өлең жолдары келтірілген және Құрманғазы Сағырбайұлының бейнесі белгіленген.



Композитор, күйші Құрманғазы Сағырбайұлының (1823-1873жж.) бюсті.

Уақыты:1993ж. Мекен-жайы:Ганюшкин селосы, А.Құнанбаев көшесі. Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Мүсін гипстен соғылған. Биіктігі 3 метр. Тұғырының биіктігі 2 метр, ені 93 см, мүсіннің биіктігі 1,5 метр. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын-ала есепке алу тізіміне алынған.



Мақаш қорымы. Мұхамеджан Бекмұхамбетов мазары.
Уақыты: 2000 ж.

Мекен-жайы: Афанасьев ауылынан шығысқа қарай 5 км.
Түрі. Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. 1909 жылы тұрғызылған мазардың қасынан 2000 жылы Атырау

облысы әкімі И.Тасмағамбетовтың қолдауымен Мұхамбетжан Шолтырұлы Бекмұхамбетовке арналған, ақ тастан мазар тұрғызылды. Сәулетшісі М.Нұрқабаев. Биіктігі 9 метр, көлемі 6,4 метр. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне алынған.



Ақын Нәжімеденов Жүмекен Сабырұлы (1935-1983жж.) туған жердегі белгі. Уақыты: 1985ж. Мекен-жайы: Қошалақ ауылынан шығысқа қарай 18 км.

Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Ескерткіш белгі темірден жасалынған. Биіктігі 5 метр. Айналасы темір шарбақпен қоршалған. Обелискінің бетінде «Бұйра құмның ортасы-бұйырғынды төбежай, Күнге жайған терідей сор қоршаған жағалай. Сол төбенің басынан жөнеліп ем мен алғаш» деген өлең жолдары және «Бұл жерде Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты, қазақтың ұлы ақыны

Жүмекен Нәжімеденов дүниеге келді» деген сөздер жазылған. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын ала есепке алу тізіміне алынған.

Жүмекен Нәжімеденов Қазақстанның қазіргі әнұран мәтінінің авторы. «Менің Қазақстаным» әні оның шығармашылық жолының басында, ақынның 21 жасында жазылған.



Туған жер - алтын бесігім. Атырау облысы Ұлы Даланың бірбөлшегі болса, Құрманғазы ауданы тарихқа толы өлке атанса, Құрманғазы ауданы Жүмекен ауылы


сол өлкенің бір өзегі. Біз кейінгі ұрпақ Ашақтың ақиық ақыны, өшпес із қалдырған қайталанбас тұлға ретінде мақтанамыз.

Айқара ашып жыр отаудың есігін,

Төгіп өткен өлең-жырдың несібін.

Әрқашанда құрметтейік жас ұрпақ,

Жүмекендей нар ақынның есімін- деп, жергілікті ақын Есмұхан Жанизиннің жырларында да арқау болған ірі тұлға ретінде құрметтейміз.



Кененбай үңгірі. Құрманғазы ауданы Каспий ойпатындағы Бесшоқы қыратында орналасқан. Үлкен бес төбеден «Бесшоқы» атауы шыққан. Төбе көлемі оңтүстік-батыстан, солтүстік шығысқа 20 шақырым созылған, ені 8-12 метр, биіктігі-14 метр. Кененбай үңгірі судың шаюынан пайда болған табиғи үңгір. Ауызы, тереңдігі 4 метр сайда орналасқан. Диаметрі 20 метр, биіктігі 3-4 метр, қатпарлы тастардан тұрады.



Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған обелиск.

Уақыты: 1985 ж. Мекен-жайы: Еңбекші селосы, Өмірбаев көшесі. Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Обелиск кірпіштен қаланған. Ұзындығы -7,5 м, биіктігі -2,8 м. Обелискте жерлес жауынгерлер есімдері жазылған, жалпы саны 16 ескерткіш тақта орнатылған. Обелисктің алдында темір қазықтар арқылы шынжырмен қоршалған мәңгілік алауы бар алаңқай орналасқан. Мәңгілік алау орналасқан алаңның жалпы көлемі 5x4,3 м. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын ала есепке алу тізіміне алынған.



87. Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған обелиск.

Ұлы Отан соғысында қаза болғандарға арналған обелиск.

Уақыты: 1966ж. Мекен-жайы: Ганюшкин селосы, Манаев көшесі. Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Обелиск биіктігі 12,60 метр болатын стелладан және биіктігі 4,60 метр, ені 5 метр болатын екі қабырғадан тұрады. Екі жақ қапталындағы қабырғада соғыс ардагерлерінің есімдері жазылған 20 гранит тақта орналастырылған.

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік туризм ұйымының (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын ұстайды, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын туризм қамтамасыз етеді.

Ғылыми дәлелденген тарихи –мәдени ескерткіштерді оқып, біле келе біздің мақсатымыз осы тарихты ұрпақ бойына сіңіру, көрсету болса біздің туған өлкеміздің тұнып тұрған табиғат, сұлу да кең жазира дала болашақ туризмнің бастамасы екенін айта кетуді жөн көрдім.



Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болу үшін әрбір мектеп оқушысы соған лайық білім алып, тәрбиеленуі тиіс. Еңбекші жалпы орта мектебінде **«Жалынды жас патриоттар»** бастауын құрып, **Менің отбасым** (патриоттың жанұядағы орны); **Менің мектебім** (мектеп өміріндегі патриоттың орны); **Менің ауылым** (өз ауылыңды көркейтуге қандай қолғабыс бере аласың); **Табиғатты қорғау**; (экологияға, табиғатқа көзқарас); өз өлкеңнің тарихын біліп – зерттеу жоспарың; шығармашылық жұмыстар (болашаққа бағдар); мен -патриотпын (қазақстан патриоты . Мәңгілік Ел т.б) бағыттары бойынша өлке тарихын зерттеуде бастамашы топ ретінде жұмыстар жалғастыруда.

Бүгінгі жас ұрпақ еліміздің өсіп-өркендеуіне үлестерін қосатын ертеңгі азамат десек, алдағы жоспарда өлке тарихындағы тарихи орындарға саяхат жасауды жоспарлап отырмын. (Жүмекен, Сазды, Ашақ, Алтай, Қошалақ, Таңатқұдық, Бесшоқы)

Түйін:

Он сегіз мың ғаламның бір мүшесі- адам. Басына- сана, жүрегіне – сезім, көкірегіне -мақсат, көңіліне-арман берген және қоршаған ортаға иелік етуді тапсырған. Туған жер тарихын қастерлеп, табиғатты аялайық. Мәңгілік елдің – мәңгілік ұрпағы болайық!

Пайдаланған әдебиеттер

1. Атырау облысы тарихи және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы. Атырау- Алматы 2012 ж.
2. Атырау даласының тарихи-мәдени мұрасы. Атырау -2016
3. Дерек-Дастан. Құрманғазы 2013 ж.
4. Атырау облысы Құрманғазы ауданының қысқаша энциклопедиясы. «ҚазақПолиграфОрталағы» ЖШС 2001
5. Құрманғазы ауданы шежіре. Арыс баспасы. Алматы 2008
6. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя» - 1974 ж.

А. Т. Сағынғали

*Ж. Мырзағалиев атындағы орта мектебі,
жосары санатты тарих пәнінің мұғалімі
Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұщықұдық ауылы*

ӨЛКЕТАНУ ДЕРЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Кіріспе

Қандай қоныс болса да,
Туған жердің тасы артық.

Шығатұғын көсіле,
Боз қырқаның басы артық
Насихат Сүгірұлы

Ауылда өсіп табиғатпен қоршаған ортамен етене жақын болған жас жеткіншек маңайдағы заттар жануарлар мен өсімдіктерді, жер бедері ондағы құбылыстарды күнделікті көре өсіп ол туралы өзіндік білім жинақтайды. Осы білімді мектепте ғылыммен ұштастыра білсе алған білімім менің есімде мәңгілік қалады. Адам баласы үшін басты байлық туған жер елге деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру. «Туған жер алтын бесік». Халқымыздың осы қанатты сөзінде үлкен сыр жатыр. Әркімге алдымен ата-анасы қымбат ал кіндік қаны тамған қасиетті топырақтың артықшылығы бәрінен басым. Зиялы азаматтардың барлығы да өз замандарында елім, жерім деп күреске шыққандарын тарих жасырмайды. Олар өз ата-аналарының жолын қуды, бірақ елдің, жердің, халқының мүддесін ата-ананың тағдырынан жоғары қойды. Оның басты діңгегі - Отан деген үлкен ұғым еді. «Қариялардың өлсек сүйегіміз туған топырақта қалса» деп тілейтін көңіл қалауында да сыр жатыр-ау. Оны жүрегімізбен сезінеміз. Мен де қазақтың қарапайым ауылдарының бірінде дүниеге келген перзентпін. Туған жерде бір белгі қалдыру-перзенттік парыз. Біреулер ағаш отырғызады, кейінгілерге ескерткіш белгі болса дейді. Ал мен Еділ-Жайық арасында, қасиетті Нарын даласында таныс та бейтаныс өлке тарихы тақырыбын зерттеуді бастаған едім. Зерттеу жұмысымның тақырыбы «Өлкеміздегі жер-су атауларының тарихы». Таңдаған себебім - өз туған өлкемнің ертедегі атауларының ұмытылмай, санада жаңғырығын, кейінгі ұрпаққа да жетуіне өз үлесімді қосу. Мысалы, XV ғасырда, Асан қайғы өмір сүрген тұста, қазіргі Чапаев селосы орналасқан мекен үстінен қалмақтар өткен. Чапаев селосы бұрынырақта «Тұщықұдық» деп аталған, осы біздің өлкемізде Бөкей хан болған сияқты тарихтағы оқиғаларды негізге ала отырып, туған өлкеміздегі қоныстардың бұрынғы атауларын зерттедім. Бұл тақырыпқа қызығушылығым ауыл қарияларынан естіген аңыз-әңгімелер мен тарихи оқиғалардан басталды. Өз өлкесінің арғы-бергі тарихын көп адамдар білсе де қызығушылық таныта бермейді. Мен осы тақырыпты зерттеу арқылы басқаларға да түсініктер беріп, өлкеміздегі жер-су атауларын білуіне өз көмегімді тигіздім. Бұл дала Құрманғазының бірнеше күйлерінің тұсауы кесілген, Динаның келін боп түскен жері. Бұл ұлттық әдебиетіміздің мақтаныштары- Хамит пен Фаризаның кіндік қаны тамған топырақ. Өмір мен өлім беттескен Ұлы Отан соғысы жылдарында мал шаруашылығын өркендетуде жоғары жетістіктерге жетіп, бүкіл елімізге өнеге болған аудан бұл. Аудан аумағында мұнай өндіріле бастаған, ақиық ерлер мен небір дүлдүлдер өткен, даласы төрт мүлік малға, қойнауы ғасырға жетер кенге толы өлкесімен мақтанамыз.

Өлкеміздегі жер-су атауының шығу тарихы туралы деректер

Өлкеміздегі жер-су атауларының шығу тарихы туралы деректер баспасөз беттері

мен пайдаланылған әдебиеттерде көптеп кездесіп жүр. Сол деректерді сұрыптап нақтылап жеткізу мақсатында материалдарды салыстырғалы отырмын

Адамның, елдің, жердің аттары мен атаулары жәй әншейін қойыла бермейді. Олардың әрқайсысының белгілі бір себебі, мағынасы бар. Атауларға үңілсек, тарих қойнауына тереңдеп кетеміз.

Аққыстау - село, Исатай ауданының орталығы. Атырау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 78км, Каспий теңізінен солтүстікке қарай 20 км жерде орналасқан. 1966 жылы құрылысы басталған «Атырау-Ақсарай» теміржолы 1971 жылы пайдалануға берілгенде жергілікті станса ретінде оған «Аққыстау» аты берілді. 1977 жылы Новобогат ауданы құрылғанда әкімшілік орталығы болды. Оған әуелі жұмысшы кенті, кейін село мәртебесі берілді.

Аққыстау - Еділ-Жайық арасында мұнай өндірісінің өркендеуі ауданда Аққыстау деп аталатын қала үлгісіндегі сәнді кентті өмірге келтірді. Алдымен бұл елді мекеннің пайда болған тарихын айтқан дұрыс. Ол жерде ертеректе ешқандай тұрғын үй болмаған. Жиырмамыншы ғасырдың басына дейін теңіз суының астында жатырған ойлы-қырлы жазықтық екен. Сонау терістік тұстағы Жалтыр көлден аулаған балығымызды Манаштағы батағаға апарып тапсыру үшін осы жерлермен қайықпен жүретінбіз, деп еске алады Сидеғали Нұрманұлы есімді қариямыз. Ол кісі осы жерден туып- өскен адам. Колхоздың шаруашылығында еңбек еткен, ұзақ жылдар ферма басқарған. Жаңадан ел қоныстанған ауылға Аққыстау деп қойған да осы ақсақал. Ол жайында былай дейді: Кешегі Ұлы Отан соғысына дейін бұл ауылда төрт-бес қана шаңырақ отырды. Олар Нарын құмынан кәсіп іздеп көшіп келген отбасылар тұғын. Тіршілік тәлкегіне түсіп, әрлі-берлі көшіп-қонған үйлерді кім елейтін еді. Үркердей болған төрт-бес үйді біреулер «Тобыр ауылы» деп атай салған ғой. Колхоздар құрылған соң бұл елді мекенге сауылған сүттің қаймағын айыратын шағын зауыт орналастырылады. Оған жеке қыстау салып, сыртын тазалықтың белгісі деп ақтата қояды.

Маңайындағы жыпырайған аласа үйлерге қарағанда зауыттың мекен-жайы алыста көзге түсіп, аппақ болып тұрған.

Айғана – Нарын құмының жиегінде орналасқан алқап. Аудан орталығы Аққыстау селосының-батыс жағында 70км жерде, №12 теміржол бекетінің арқа тұсында. Айғана-Жәңгір ханның билерінің бірі болған. Исатай Тайманұлы қаза тапқаннан кейін ол ханның ұйғарымымен Исатайдың жеріне ие болады. Содан осы жер Айғана атанып кеткен. Зираты да осы жерде.

Айбас-Нарын құмының дәл ортасында атақты Айбас жайлауы бар. Кейбір деректерге қарағанда бұл жерде Бөкей хан заманында Айбас деген старшина билеген тәрізді. Шөбі қалың, тұнық суы мол, құтты қонысқа халық жиі орналасқан. Құдықтардың мөлдіреген тұнық суы жарты метр тереңдіктен шығады екен. Қазір ол судың көбі тартылған, құдықтардың бірқатарының суы ашып кеткен.

Айбас- Нарын құмының бір бөлігі, жайылысы мол, жер асты суы тұщы. Солтүстік-батысы Батыс Қазақстан обылысының аумағымен шектеседі. 1917

жылы Кеңес өкіметі орнап, жаңадан әкімшілік басқару жүйесі- болыстың атқару комитеті құрылғанда оған Айбас атауы беріледі. Кейін ауылдық кеңес те осылай атаған. Айбас-Беріш-Жайық руының азаматы Сатыбалдының үлкен баласы болған. 1357-97 жылдар аралығында Чапаев атындағы кеңшардың жазғы мал жайылымы болды. Кеңшар тарағаннан бері оны жеке шаруа қожалықтары қоныс етеді.

Ақкөл- Чапаев селосының шығыс бетіндегі жер танабы. Ертеректе өр суы екі айға жуық үлкен екпінмен жүргенде өзгешеден жалпақ табандап, су шығып, біраз жерді суландырған. Су ішкен жерге нулы шөп шыққан, шөп пісіп, басын жара келе ақшыл тартатын болған. Ұлан ғайыр алқап жарқырап ағарып жататындығынан Ақкөл атанып кеткен.

Актөс - үлкен қорым. Чапаев селосымен іргелес жатыр. Мұнда алғаш рет 1920 жылдар шамасында мәйіт жерленген.

Ақкүтір - Новобогат селолық округіндегі жер танабы. 1928 жылдан бұл жерде ТОЗ (серіктестік), кейін ұжымшар болған, ел қоныстанған.

Ақай - көне қоныс орны. Аудан орталығы – Аққыстау селосынан оңтүстік-батысқа қарай 70 км жерде. ІХ ғасырдың басында Каспий теңізі жағасында оншақты үй балықшы отбасы отырған. Ақай сол ауылдың ақылгөй ақсақалы болыпты. Содан бұл жер Ақай атанып кеткен. Ақай Забурын селолық округінің аумағына кіреді.

Бабан - Нарын құмының бір бөлігі. 1920 жылдардың аяғына қарай болыстық кеңестің орталығы болған. Алғашқы мектептердің бірі осы Бабанда салынған. Қазір Тұщықұдық селолық округіндегі жеке шаруа қожалықтарының жайылымы.

Байшақа - өзек. Атырау қаласы мен Аққыстау селосы аралығындағы жолаушыларының аялдап, демалып өтетін мекен тұрағы. Жері майсалы көктемде арнасына су толады, ұзын көпірі бар. «Атырау-Астрахань» автомобиль жолы салынғанша Байшақаның бекеттік маңызы зор болды.

Бәйге төбе - Тайман төбенің шығысында қозы өрісіндей жерде «Бәйге төбе» деген ұшырасады. Ол Жәңгір ханның қайын атасы Қарауыл қожаның ат жарысын өткізетін орны көрінеді.

Бегайдар - Бегайдар деген Тыныс руынан шыққан адам екен. Көтеріліс жеңілгеннен кейін хан жер бөлісін қайта қарап, бірқатар өтініштерді орындаса керек. Сонда Есентемір Жонқожаға «Бегайдардың елі аз, оның жерін сен ал, бірақ атын жойма» депті.

Бегайдар - Нарын құмының бір бөлігі. Исатай ауданының солтүстік-шығыс шекарасында, Тұщықұдық селолық округінің аумағында орналасқан. Шөбі шүйгін, жерасты суы тұщы, қоймауы аң-құсқа бай. 1930 жылда Бегайдар ауылдық кеңесі құрылып, онда ұжымдастыру ісі белсене қолға алынды. Мал өсірудің жайлы мекені. 1957-1997 жылдары Чапаев атындағы кеңшардың жайлауы болды.

Боксақ, Баксай - өзек. Жайық өзенінен бастау алып, Исатай ауданының

орталығы- Аққыстау селосына дейін жетеді. Арнасы көктемгі су айдау кезінде толады. Қарашада қатып, Сәуір айында мұзы ериді. Халық кейін оны Бақсай деп атап кеткен.

Бөкей шешесі - жер атауы. Бөкей сұлтанның шешесінің жерленуімен байланысты қойылған. Новобогат селолық округі аумағында.

Гран - Каспий маңы ойпатының оңтүстік бөлігінде, аудан орталығы- Аққыстау селосының солтүстік жағында орналасқан. 1962 жылғы барлау-бұрғылау жұмыстары басталып, 1973 жылы пайдаланылды.

Дүтбай - ежелгі қорым. Жалтыр көлі жағасының солтүстікке қарай 5-6 км жерде, жол бойында орналасқан. Бөкейліктер Еділ-Жайық аралығына өткен кезде келген Жаппас руының атақты байының атымен аталып кеткен. Дүтбай өлгенде балалары қазіргі сүйегі жатқан төбеге жиіктен құм тасытып, қызыл сазға араластырып, оған жылқының күйрық қылын қосып, тас бастырып, үлкен мола тұрғызған. Арабша жазылған құлыптасында «1853» жылы деп көрсетілген. Қасына келетін су арнасы да Дүтбай деп аталады.

Жанбай - Себек беріш руының бір беделді ақсақалы екен. Оның қонысы осы жерде болған. Ағайын-тумаға сыйлы, көршілеріне қадірлі қарияны бүкіл көз көріп, құлақ естіген жер қадірлеп таныған. Соған орай осында ірге тепкен бес-алты шаңырақ ауылды Жанбай ауылдық кеңесі болып аталған. Қазірде де солай, Забурын селолық кеңесі кейін қайта құру тұсында Забурын округі болды.

Жанбай - село. Әкімшілік округ орталығы. Аудан орталығы- Аққыстау селосынан оңтүстік батысқа қарай 30 км жерде. Ертеректе осы аумағында балық батағасы болған, теңіздің суы шайып жатқандықтан аумағы құмды, қайыршақты. Жанбайдан 30 км жерден Атырау-Астрахань автомобиль жолы өтсе, 56 км жерде Жайық мұнай басқармасына қарасты «Жаңаталап» кен орны орналасқан.

Жанбай - елді мекен. Аудан орталығы- Аққыстау селосынан солтүстік-батысқа қарай 35 км жерде. 1990 жылдардың басында Каспий деңгейі көтерілуіне байланысты ғылыми қорытындылар жасалды. Жанбай селосы тұрғындарын жаңа қонысқа көшіру міндеті қойылып, «Жаңа Жанбай» елді мекені пайда болды. Нарын бекетінде өмірге келген елді мекен- «Жаңа Жанбай» –деп аталды.

Жалтыр-көл. Аудан орталығы – Аққыстау селосынан солтүстік шығысқа қарай 10-15 км, Тұщықұдық және Новобогат округтерінің аумағында орналасқан. Жағалауы саздақты, солтүстік жағасында бұталарыөседі, алабы жазық және батпақты сор, солтүстік-шығыс жағынан Нарын каналының тарамдары құяды.

Жаңа талап – Жанбайдың терістік- шығысында мұнай өндіретін үлкен кеніш бар. Оны Жаңа талап деп атайды. 1930 жылы Жанбай іргесінде «Жаңа талап» колхозы шаңырақ көтерген. Кейін ол «Забурын» совхозына біріктірілгенде жердің атауы сол «Жаңа талабымен» қалған. Енді колхоз емес, бір мұнай өндіру цехы солай аталды.

Жасқайрат – ауыл. Аудан орталығы-Аққыстау селосынан солтүстік шығысқа қарай 50 км жерде, Нарын құмының жиегінде орналасқан. Новобогат

селолық округіне қарайды. Жер төсі құнарлы, көктемде шөбі құлпыра өседі. Жерасты суы жақын болғандықтан тұрғындар оны пайдаланады. 1957-97 жылдары «Новобогат» қой кеңшарының ферма орталығы болды.

Забурын – село әкімшілік округ орталығы. Аудан орталығы-аққыстау селосынан оңтүстік-батысқа қарай 100км жерде орналасқан. ІХ ғасырдың ортасында орыс көпестері иелік еткен балық кәсіпшіліктерінің орталығы болған. Кемелер Жыбырлақ мүйісімен айналып, Забурынға келген. «Астрахань- Гурьев» пороходына мінген жолаушылар Каспий теңізінің ақжол толқындары аржағынан сұлу көрінетін осы құрлықты көріп қызыққан. Жер атауы «За бурьями» сөзінен шыққан деген жорамал бар. Забурын 1957-97 жылдары «Забурын» кеңшарының №1 фермасының орталығы болды. Жері құмайт, бетегелі-төбелі, шағылды. Селодан 2-3 км жерде «Атырау-Астрахань» тас жолы өтеді.

Забурын - бұл күнде «Забурын» ден аталатын жер бұрын «Қызылбас» делінген екен. Мұны көнекөз қариялар әлі айтып отырады. Неге Қызылбас болғанын кім білсін. Еділ-Жайық арасы бір жылдарда Ноғайлы хандығының жері болғанын тарих теріске шығара алмайды. Ендеше Қызылбас атауы да сол замандардан қалған болуы керек. Кейін Қазақстан жері Ресейдің бодандығына өткен соң, Каспий теңізінің солтүстік жағалауына орыстың көпестері келіп, балық аулау кәсіпшілігі дамытқаны да тарихтан тиісті орындарын алған. Сол тұста «Қызылбасқа» да Забурын деген алпауыт келіп, теңіздің жағасында сұғынып жатырған шағын-шағын аралдарда қоныс теуіп, балық аулайтын кәсіпшілік ұйымдастырған.

Исатай – село, әкімшілік округ орталығы. Аудан орталығы – Аққыстау селосынан солтүстік батысқа қарай 100км жерде, Нарын құмының жиегіне орналасқан. «Гурьев» – «Ақсарай» темір жолы құрылысының жүруіне байланысты 1968 жылдан бастап бұл аумақта да теміржолшылар үшін әлеуметтік нысандар салу басталды. Стансаға халық батыры Исатай есімі берілді.

Кетешағыл - ежелгі қоныс. Нарын құмының қойнауындағы Әлім-Кете руының қонысы болған. Осы жерде 1930 жылы Кетешағыл ауылдық-кеңесі ұйымдастырылған. Кеңес қарауындағы «Жасқайрат», «Кетешағыл» ұжымшарлары Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі бейбіт кезеңде жоғары еңбек жетістіктеріне жетті.

Көктөбе – Нарын құмының бойындағы, Тұщықұдық селолық округі аумағындағы жер. Айбас ауылдық кеңесінде 1945 жылы Жеңіс тойы осы төбеде тойланған. Ауылдық кеңеске қарасты 4 ұжымшар тұрғындары көптен күткен қуаныштарын тойлау үшін бұрын ел қоныстана қоймаған осы төбені таңдайды. Мал сойылып, қазан көтеріледі, ат шаптырылып, аламан бәйге өткізілді. Барша жиналған халық айтулы күнде есте қаларлықтай етіп өткізеді. Содан бері бұл жер Көктөбе аталып келеді.

Көкарна - өзек. Каспий теңізінен бастау алған өзек суы ІХ ғасырдың бас кезінде Бөкей ордасының Исатай Тайманұлы старшындық еткен Беріш рулы елді мекеніне жетіп, ағып жатқан. Көкарна қазір де арнасына жойған жоқ, теңіз суын

белгілі бір аймаққа жеткізіп жатыр. Суында ұсақ балықтар бар.

Қамысқала – құт мекені болған елдік, ерлік тарихы төрткүл дүниеге мәшһүр бұрынғы Новобогат ауданның орталығы болған Қамысқаланың еліміздің тарихынан алатын орны ерекше. Новобогат ауданының үшінші рет шаңырақ көтеруіне орай 1980-жылдардың басында аудандық газетте «Қамысқала қақында» атты жиырма шақты жолдан тұратын шағын өлеңін жариялатқаны белгілі. Сол өлеңінің мәтініне үңілсек, Кердері Наурызғали деген азаматтың, қозының қаны жұққан қоржынына нан салып жүріп тірлік- қарекет жасағанын, орыс-қазақ бірігіп тары шашқандығын, саман мен қамыстан үй салғандығын, соған қажетті төбе жабындысына талдарды қоңыр өгіз, сары үлекпен тасыған. Өлеңде Қамысқаланың сол кезде осы өңірдегі алғашқы қоныс- тұрақ ретінде салынған елді мекен, сауда-саттық орталығы болғандығын, үйлері көз тарта қоймайтындай, сүреңсіздеу тоқал тамдар екендігін айтады.

Қамысқала – елді мекен. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында балық кәсіпшілігімен айналысатын батағаларды басқару орталығы болған. Кейін мұнда мұнай көзі табылған соң үлкен елді мекенге айналды. Үйлердің барлығы іргесіндегі нулы өскен қамыстан тұрғызылғандықтан «Қамысқала» аталған. Осы топырақта туған көрнекті ақын Хамит Ерғалиевтің атақты «Қамысқала» өлеңі бар. 1928 жылы Новобогат ден аталды. Қазақстан Үкіметінің 1998 жылы мамырдағы қаулысымен село «Хамит Ерғалиев» ауылы болып өзгертілді.

Қарашығанақ - елді мекен. Бұрын «Новобогат» кеңшарында ферма орталығы болды. Қазір азғана үй тұрады.

Қызылүй - елді мекен. Нарын құмының жиегінде, аудан орталығы – Аққыстау селосынан солтүстік шығысқа қарай 40 км жерде орналасқан. Қызыл үй атауы XIX ғасырдың 60-шы жылдары жергілікті патша әкімшілігінің жарлығына сәйкес старшындардың қызыл саздан балшық илетіп, тастан қызыл кеңселер тұрғызу үрдісінен шыққан. Солардың бірі- Қызылүй. 1957жылдан Чапаев атындағы кеңшардың №2 қой фермасының орталығы болды.

Қаратүбек -Аққыстау селосының оңтүстік-шығыс жағындағы елді мекен. Ертеректе Қаратүбек өр суының кері кеткен кезінде құрғап шөп қалың өсетін арал-түбек болған. Адамдар түбекке жеркене-қыстаулар салып, мал қалың шөптің арқасында қорасыз қыстап шыға берген. Қаратүбектің жанымен Боксақ (Бақсай) каналының тарамдары өтеді.

Манаш - елді мекен. XIX ғасырдың ортасында Каспий теңізінің атырабында орыс көпестерінің балық кәсіпшіліктерінің орталығы ретінде пайда болған. Қазан революциясынан кейін артельдер, серіктестіктерін құру, ұжымдастыру ісі ойдағыдай өрбіді. «Қызыл балық» ұжымшарының орталығы болды. Мектеп және тағы басқа әлеуметтік нысандар салынды. Манаштан қоғам қайраткерлері, көрнекті ғаламдар шыққан. 1957 жылы Новобогат ауданының балық ұжымшарлар Жайық бойына көшірілген кезде Манаш тұрғындары ауыл шаруашылығымен айналысты. Іргесінен «Атырау-Астрахань» автомобиль жолы өтеді.

Маралтөбе – Новобогат селолық округіне қарасты. Ауқайран учаскесіндегі әктікен жалды найза төбе. Осы жерде ертеде Беріш-Бегіс руының белгілі адамы Берді иеленген. Берді дүниеден өткеннен кейін бұл ауыл Марал ауылы аталып кеткен. Марал қазақ халқының айтулы батырларының бірі Беріш Құлбарақтың қарындасы. Батырдың қадір-қасиеті қарындасына да дариды. Марал қайтыс болғанда оны ел жұрты құрметтеп, өзін жеке дара осы төбенің басына жерлейді.

Мыңтөбе - адырлы алқап. Аудан орталығы- Аққыстау селосының солтүстік батысында, Нарын құмының қойнауында орналасқан. Ортасында тұщы су жиналатын сайы бар. Құмды топырақ қабатында өсімдіктер қалың өседі. Еділ-Жайық аралығында Бөкей хандығы орнамас бұрын бұл өңірді қалмақтар мекендеген. Жайлы қоныста мың түйе ұстаған бай қалмақ болыпты, мың түйе қалмақша-«мин төбе» деген сөз екен. Жер атауы содан шыққан деген жорамал бар. 1930 жылдардың басында Мыңтөбеде ұжымшарлар құрылды, кейін «Забурын» кеңшарының фермалары орналасып, жайлы қонысқа айналды. Қазір Мыңтөбе жекешаруа қожалықтарының иелігінде.

Мартыши - Жәңгірдің қайын аиясы есаул Қарауыл Қожа байлығы, балығы мол Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің біраз жерін орыс помещиктері Безбородко мен Юсуповке жалға бергенде осы Қарашығанаққа Мартынов деген қазақ қожалық жасаған. Соның салдарынан әуелдегі төл аты. «Шығанбай сайы», «Шығанбай көлі» деген атаулар бірте-бірте ұмытылып, алғашқыда «Марток», одан кейінгі уақытта «Мартыши» атауларына ие болды. Шындығында бұл жердің аты «Мартыши», «Шығанбай» көрінеді. Қазіргі «Мартыши» кен орны атауының арғы тарихы осыдан туындаған.

Орпа - Нарын құмының бір бөлігі. Новобогат селолық округінің аумағында орналасқан. Жері Батыс Қазақстан облысының оңтүстік шекарасымен шектеседі.

Разведка - елді мекен. 1970 жылдардың ортасында Еділ-Жайық өзендері аралығынан мұнай көзін іздеген облыстағы мұнай барлау мекемелерінің отбасылары бастап қоныстанған. Аудан орталығы- Аққыстау селосынан шығысқа қарай км жерде орналасқан. Разведка мен Чапаев селосы аралығын «Атырау-Астрахань» темір жолы бөліп тұр. «Атырау-Астрахань» автомобиль жолы да ауылдың үстінен, Боқсақ каналы іргесінен өтеді.

Сазанқұрақ - Нарын құмының оңтүстік жиегіндегі Нарын селолық округінің аумағындағы жер атауы. Сазанқұрақ Бөкей хандығы кезінде Беріш-ағатай руының қонысы болған. Каспий теңізінің суы өзекшелер арқылы Сазанқұрақ аумағындағы сай салаларға құйған бал татыған сазанымен, жайқалған көк құрағымен әйгілі болғандықтан халық бұл мекенді «Сазанқұрақ» деп атаған. 1992 жылы мұнда кен орны ашылды. «Сазанқұрақ» қазақ-американ біріккен кәсіпорны 1999 жылдан бастап, мұнай өндіре бастады.

Тайман төбе - Исатай стансасынан шығысқа қарай 10 қырым. Исатайдың аиа қонысы. Тайманның да зираты да сол маңда.

Таскран - мұнара белгі Аққыстау селосынан оңтүстік-батысқа қарай 2 км жерде, «Атырау-Астрахань» автомобиль жолының бойында орналасқан. 1870

жылдардың басында саман тас пен қамыстан тұрғызылған. Орал өңірі өз алдына облыс болып, Орынбор губерниясымен бөлініп, Астрахань губерниясына берілгенде Астрахань губерниясымен екі аралық мың шақырым қашықтықты тең бөлетін шекара сызығы жыртылып белгіленген. Теңізге тірелетін жерге жеткенде тастан биік етіп осы белгіні орнатқан.

Бұл белгі теңіздегі балықшыларға бағдар болған, ол үшін суға қара ала таяулар қағылған. Таскран ары-бері өткен жолаушыларға ескінің ескерткішіндей әсер қалдырады.

Тікіл-Тікше - ертеректе кедейден шыққан Тікіл деген жігіт осы өңірдегі бір бай адамның Тікше сұлу қызына ғашық болады. Осы ғашықтардың атымен аталған.

Телемген - қорым. Аудан орталығы- Аққыстау селосынан солтүстік шығысқа қарай қарай 7 км жерде, Тұщықұдық селолық округінің аумағында. Телемген-кісі аты, Жаппас руынан. Оның Наремген, Сүтемген деген інілері болған. Телемген- байдың малын баққан жалшы. 1860 жылдары дүниеден өткен деседі.

Тасоба – ескі қорым. Аудан орталығы – Аққыстау селосының солтүстік шығысқа қарай 35 км жерде, Новобогат селолық округінің аумағында орналасқан. Тама руының Қойыс атасы салдырған белгіге байланысты аталған. «Өзім тасада болайын, атағым Тасобадан болсын» деген Қойыстың сөзінен қалған атау.

Тоғызбай - тұзды көл. Аудан орталығы- Аққыстау селосынан батысқа қарай 25 км жерде, Жанбай селолық округінің аумағында орналасқан. Ертеде теңіз жағасындағы балық қабылдайтын батағалар осы жерден тұзды қазып алып, оны желкен қайықтармен кемелерге тасып жеткізіп, өндіріске пайдаланған. Тоғызбайдың тұзының емдік қасиеті бар. Әсіресе, сарысудан зардап шеккен адамдар жаз айларында тұзға түсіп, сауығып отырады.

Тұщықұдық - жер атауы. Бөкей хандығы құрылғаннан кейін Нарын құмының оңтүстігіндегі осы өңірді бір бөлек адай руы қоныстанған. Тұщықұдық атауының шығуы жөнінде Бөкей ордасында ханның өткізген ұлан асыр тойында Айболат деген старшын ат оздырады, алтын жамбыны атып түсіреді, хан палуанын жығады. Тәнті болған хан Айболатқа не тілегің бар деп сұрайды. Сонда ол «елғонды деген азғантай ауыл едік, соған суы тұщы құдық, жайлы қоныс берсеңіз болады» дейді. Сол жерде ханның аузынан Бабанның төрт құдығы шығады. Соның бірі- Тұщықұдық еді. Тебіні қалың, құдығы тайыз, суы тұщы аймақта Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Тұщықұдық ауылдық кеңесі құрылып, оған К.Маркс атындағы және «Жаңа таң» ұжымшарлары енді.

Үштаған - Нарын құмының атырабы. Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының аудандары мал жайылымдары үшін ортақ пайдаланып келген. Жері құнарлы, шөбі шүйгін. Жыңғыл да өседі. Үштағанның бір бөлек жері Исатай ауданының «Забурынә кеңшарының жазғы жайылымы болды. Қазір жеке шаруа қожалықтары қоныстанған.

Шәуіптен - елді мекен. Құм жиегінде. Бұрынғы «Чапаев» атындағы кеңшардың малшыларының қыстағы.

Шәуіптен- елді мекен. Аудан орталығы-Аққыстау селосынан солтүстік-шығысқа қарай 35 км жерде, Тұщықұдық селолық округі аумағында орналасқан. Шәуіптен- кісі аты, Есентемір Қарасұлтан дегеннің баласы. Бұрын Новобогат ауданының ұжымшарлар құм өңірінде болған кезде Шәуіптенде азық-түлік және мал өнімдерін (жүн,тері т.б) сақтайтын үлкен-үлкен қоймалар болды. Тасымалдың барлығы кіре (түйе көліктерімен жүк тиеп жеткізу) арқылы іске асырылған, толассыз жолаушылардың аялдап, тыныстайтын тұрақ – бекетке айналдырды. Шәуіптенді қазір мал өсірумен айналысатын шаруа қожалықтары қоныс етуде.

Чапаев - селосының атауы жөнінде қысқаша мәлімет -1928 жылы аудан орталығынан жиырма шақырымдай жерден «Тас арал» деген колхоз ұйымдастырылған. Осы артельді өз қолдарымен құрған алғашқы мүшелердің бірі қариямыз Нұрманұлы Сидеғали ақсақалдың айтуы бойынша, « Тас арал» колхозы отау тіккенде оның еншісінде 127 түйесі, 114 жылқысы, 49 ірі қарасы ғана болған екен. Қой малы ол күнде түгелге дерлік Нарынның құмында қоныстанып, басқа артельдерге топтастырылған. 1939 жылы бұл шағын шаруашылық Чапаев атындағы колхоз деп аталып, оның орталығындағы ауылды да осылай жазатын болған. Содан бері шаруашылық пен селоның аталуы бір кісінің атын иемденіп келе жатыр. Бегайдар жайлауынан шаруашылықтарды ата-қоныстарынан қозғап, сегіз колхоздың ізімен Чапаев атындағы ірі шаруашылық шаңырақ көтерген. Ал 1957 жылы совхоз болып қайта құрылғанда азамат соғысының батыры И.В.Чапаев есімі иеленді.

Түйін

Өз өлкеңнің тарихын жақсы білу Отаныңның жалынды патриоты болу деген сөз.

Өлкеміздегі жер-су атауларының тарихы атты өзіндік зерттеу жұмысы осы айтылған пікірдің айқын дәлелі іспетті.

Оқушының кең байтақ Отанымыздың бір бұрышы өзінің туған өлкесіндегі жер-су атауларының шығу тарихына назар аударуы зерттеу жұмысында ерекше көрініс тапқан.

Исатай ауданының жер-су атауларының тарихы баспасөзден, ел ауызындағы әңгімелер арқылы және көне көз қариялардың естеліктерін ескере отырып жазылғанымен де құнды.

Тәжірибенің зерттеу әдісі-өлкеміздің жер-су атаулары туралы осы күнге дейін шыққан деректерді салыстыра отырып нақтылыққа жету, оң қорытындыға келу. Көп айтылмайтын елді-мекендердің атауын білуге жетеледі. Бұл жұмыста әдеби кітаптармен, ел азаматтарының аузымен де жан-жақты баяндалады. Әсіресе қазіргі уақытта көп естілмейтін, көп қолданылмайтын атауларға назар

аударылды.

Туған өлкеміздің бай шежіресін жасауға аз да болса көмегін тигізер деп ойлаймын. Сонымен қатар ауданымыздың мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне көмекші құрал бола алады.

Заклучение

Хорошо знать историю своего края-это значить быть патриотом своей родины.

В своей работе показывает и обратил особое внимание историю происхождения водных и земельных имена родного края.

Наши молодые краеведы сделали вывод, что для средних школах нужен сборник история родного края, и это является ценность научной работы.

Наши молодые исследователи точнее ученики отметили в своей работе что земельных и водных названий навсегда остались в народной памяти.

Особенность работы это- благодаря этого наши потоки понимают сочетание природы и жизни, повышает любовь к родной земле.

Поэтому мы оценивали что работа написано на высшем уровне.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Беркалиев Ж. «Жылдар жаңғырығы» Исатай аудандық баспаханасы 1999ж 13-137б
2. Исатай ауданы шешіресі/Арыс баспасы/Алматы-2003 жыл, 14,33,72,153 б.
3. «Исатай ауданы, Бүгін және Ертен»//Анықтамалық//Аққыстау селосы, 2003 жыл,1 б.
4. «Нарын таңы газеті», «Атырау-Ақпарат» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын» 2004 жыл №18
5. Атырау газеті «Атырау-Ақпарат» КМК, 2004 жыл №36
6. Нарын таңы 1996 жыл №20
7. Исатай аудандық мемлекеттік мұрағаты. Қор №49
8. «Нарын таңы» газеті 2001 ж №11
9. «Нарын таңы» газеті 2099 ж №30«Нарын таңы» газеті 2099 ж №29 2,4б
- 10.«Нарын таңы» газеті 2099 ж №28
- 11.«Нарын таңы» газеті 2096 ж №52
- 12.Нарын таңы 1997ж №13

А.Серікқызы

№9 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі, география пәні мұғалімі

Атырау қаласы

ЕСКЕРТКІШ – ЕЛ ТАҒЗЫМЫ

Атырау өңірінің халқы көне заманнан қазіргі дәуірге жеткенше талай тар жол, тайғақ кешуден өткен, небір қиямет-қайым қиын тағдырды басынан кешірген. Өмір шындығын көркем бейнелер арқылы сомдайтын қоғамдық сана болып табылатын өнер халықтың тарихымен біртұтас үндес болып келеді. Атырау елінің өнер дәстүрлері ертеде қалыптасқан, ол уақыт өткен сайын шыңдалып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Мұнда арттарына өлместей сөз, әділдікке, адамгершілікке баулитын өнегелі өсиет қалдырған небір дүлдүл ақындар, бұлбұл әншілер, құдіретті күйшілер, мың бұралған бишілер, дана билер, сара шешендер, он саусағынан өнер тамған шеберлер туған, өмір сүрген. Атырау – Асан Қайғы мен Қазтуғанды, Шалкиіз бен Жиёмбетті, Құрманғазы мен Динаны, Махамбет пен Шерниязды, Мұрат пен Ығылманды, Мұхитты, олардың өнер жолдарын жалғастырушылар Дәулетқали мен Насихатты, Әбу мен Хамит, Зейнолланы, Фариза мен Әзидолланы, Бақыт пен Қаршығаны т.б. көптеген өнер саңлақтарын өмірге әкелген қасиетті өлке. Өнері мен азаматтық арды кіршіксіз сақтап өткен түлектері қастерленіп келеді, олардың аттарымен бірқатар жер, су, елді-мекендер, мәдени-ағарту орындары аталады, олар тарихи ескерткіштер ретінде аяланып келеді.[1]

Атырау қаласының ескерткіштері қаланың көрнекті орындарына жатады. Атап өтсек, Күйші-композитор, асқан дүлдүл домбырашы, қазақтың аспаптық музыкасының (күйінің) классигі **Құрманғазы Сағырбайұлының** (1818 – 1889жж, құлпытасында 1806 – 1879жж) ескерткіші. Сәулетшісі Қ.Жарылғапов, мүсіншісі Е.Рахмадиев 2000ж. Орналасқан жері – Азаттық даңғылы. [1,5]

Күйші-композитор, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, ҚазКСР-інің халық әртісі **Дина Нұрпейсованың** (1861 – 1955жж) ескерткіші. Мүсіншісі Н.Даубай, сәулетшісі Қ.Жарылғапов 2000ж. Орналасқан жері – Қ.Сәтбаев көшесі. [1,5]

Махамбет Өтемісұлының 200-жылдығына арналған "**Исатай-Махамбет**" сәулеттік-мемориалдық кешені. 1836-1838 жж.ұлт-азаттық көтерілістің басшылары батыр **Исатай Тайманұлы** (1791-1838жж.) мен ақын **Махамбет Өтемісұлына** арналған. Сәулетшілері С.Т.Бөкенбай, Б.Х.Тайталиев, мүсіншілері Б.Әбішев, Е.Сергебаев 2003ж. Орналасқан жері – Қ.Сәтбаев мен И.Тайманов даңғылдарының қиылысы.

Египет сұлтаны **Сұлтан Бейбарыстың** (1225-1277 жж.) ескерткіші. Авторы, мүсінші К.Кәкімов, сәулетшісі К.Жұмабай 2000ж. Орналасқан жері –

Әйтеке би көшесі, Атырау облыстық әкімдігі ғимаратының алдында.

Кеңес Одағының батыры **Қайырғали Смағұловтың** (1919-1993жж.) бюсті Мүсіншісі С.Матениязов, сәулетшісі М. Күлшиев 1995 ж. Орналасқан жері – Азаттық даңғылы.

Академик, геолог, ғалым және қоғам қайраткері. Кеңес металлогения ғылымының негізін қалаушылардың бірі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі, Қазақ КСР Ғылым академиясының бірінші президенті (1946 ж.). **Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың** (1899-1964 жж.) ескерткіші. Мүсіншісі Әйнеков, сәулетшісі Медеуов 2000 ж. Орналасқан жері – Қ.Сәтбаев даңғылы.

Алашорда көсемдерінің бірі, дәрігер, ғалым, публицист, педагог **Халел Досмұхамедовтің** (1883-1939 жж.) ескерткіші. Авторы Д.Ж. Бектеміров 2003 ж. Орналасқан жері - Студенттер д-лы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік Универсиеті ғимаратының алдында.

Ұлы Отан соғысының ардагері, қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы, «Халық қаһарманы» атағының иегері **Хиуаз Доспанова** (1922-2008 жж.) ескерткіші. Орналасқан жері: Атырау қаласы, Азия бөлігі, орталық көпір қасында.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының (мәтіні) авторы, көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері **Жүмекен Нәжмеденовтің** ескерткіші. Облыс орталығында бой көтерген еңселі ескерткішінің авторы – елімізге танымал мүсінші Нұрлан Далбай. Өнер туындысы Жүмекен Нәжімеденовтің зайыбы Нәсіппен ақылдаса отырып, оның бейнесін, мінезін, өмірде қалдырған ізін көрсететіндей етіп сомдалды. (2015ж). [3]

Қазақ ақыны, халық жазушысы, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты (1996 – 2004). **Фариза Оңғарсынова** ескерткішінің авторы – белгілі мүсінші Мұрат Мансурова. Оның айтуынша, граниттен жасалған тұғырдың биіктігі 5 метрді, ал, қоладан құйылған үш тонналық ескерткіштің биіктігі 4 метрді құраған. 2016ж [2,3]

ТҮЙІН

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларының негізгі мақсаты туған өлкеміздің тарихы, қазақ тегінің пайда болуын, өткен ұрпақтың тани отырып, қазіргі Қазақстан Республикасының әлемдегі орнын жақсы білеміз. Атырау жері қазақтың әйгілі ақыны Махамбет пен дүлдүл күйші-композитор Құрманғазылардың отаны, біз үшін қасиетті өлке, қастерлі топырақ. Әрбір қазақ азаматы туған өлкесінің тарихын, мәдениетін, өткенін, бүгінгісін жетік біліп және келешегіне өз үлесін қосып, қорғауы қажет. Өскелең және келер ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілік пен патриотизмге тәрбиелеу, этникалық

қатынастарды нығайту, өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізбен тілімізді сақтау, еліміздегі әлеуметтік және саяси тұрақтылық, тарихымызды білуге баулу. Тек өткен тарихымызбен ғана алған қойылған нақты мақсатымызға үлкен жетістікпен жететіндігімізге сенімдімін!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. АТЫРАУ: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000. 113 б.
2. Сілтеме: <https://azh.kz>
3. Сілтеме: <https://kaztrk.kz>
4. Сілтеме: inform.kz
5. <http://visitkazakhstan.kz>
6. Тәуелсіздік нұрландырған Атырау. 2011ж

С. Аблайсова

*Атырау қалалық-мектеп лицейі, география пәні мұғалімі,
Атырау қаласы*

КЕҢ ЖЫЛОЙДЫҢ КЕРЕМЕТІ – ИМАНҒАРА БОРЛЫ ТАУЫ

Иманғараның физика-географиялық жағдайы.

Иманғара – Каспий ойпатының солтүстік-шығысындағы дөңгелек пішінді оқшау аласа тау. Атырау облысының ауданында, Құлсары қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 65 км жерде орналасқан. Абсолюттік биіктігі 200 м, ұзындығы мен ені 8-10 км. Пайда болған кезеңі-төрттік кезең, миоцен. Биіктеу батыс бөлігі жарқабақтанып тілімденген, қалған бөліктері үстіртті жазық. Етегінде бұлақтар кездеседі. Таудың басындағы 3 алаңқайда сақ дәуірінің (б.з.б. 5 ғ.) обалары мен қорғандары орналасқан. Иманғара тауы Батыс Қазақстандағы таулардың борлы қасиетін сақтаған, сол себепті оны борлы тауларға жатқызамыз. Оның табиғаты әсем, жер бетінен көтеріліп қаз-қатар тізілген таудың бөліктері көз тартарлықтай әдемі. Әрбір бөліктерінде ашық алаңқайлар кездеседі. Таудың бөліктері жарқабақталып, күн сәулесі мен жаңбыр суынан эрозияға ұшыраған беткейлерінде формалық ауытқушылық байқалады. Таудың координатасы: 47°22'31"N 54°27'1"E.

Иманғара үңгірі-Иманғара тауының батыс беткейінде Атырау және Ақтөбе облыстарының шекарасында Мұқыр елді-мекеніне бағытталған тасжолдан 6 км жерде орналасқан. Үңгірдегі үгілмелі шөгінді тау тау жыныстарына қарап оның баспана болмағанын көреміз. Көлбеу түрінде қашалған үңгірдің тереңдігі 10 метрге жетеді. Одан кейін үңгір оң және сол бағытқа бөлінеді. Оң бағытта

қашалған бөлігі 7-8 метр, ал сол бағытта қашалған бөлігі 10-12 метр болады. Сол бағыттағы бөлікте көлемі 2x1,5 болатын бөлме бар. Биіктігі - 2 метр. Иманғара үңгірін кейде Нобел үңгірі деп те атайды [1, с 57].

Тіршілік дүниесі

Тау беткейлерінде бұта аралас бұйырғын, тасбұйырғын, адыраспан, боз жусан тағы басқа шөлді белдемнің өсімдіктері өседі. Иманғара өңірі жазғы жайылымдық өлке.

Бұйырғын-алабұта тұқымдасына жататын бұта, бір жылдық немесе көп жылдық өсімдіктер. Қазақстанның қуаң дала және шөлейт өңірлерінде 17 түрі кездеседі. Бұйырғын Қазақстанда Каспий, Арал теңіздерінің аралығында, Үстіртте, Маңғыстау түбегінде, Бетпақдалада, Мырзашөлдің сазды шөлдерінде өседі. Сондай-ақ осы аймақтардың тақырында да кездеседі. Сирек кездесетін эндемик түрлері: Сырдария бұйырғыны, Торғай бұйырғыны және гипсті бұйырғын. Бұйырғынның сабақтары бунақты, бытыраңқы келеді, жапырақтары жетілмеген, тікенге ұқсас, көбіне қабыршақ сияқты. Гүлі қос жынысты, бес мүшелі, гүлсерігі бар. Жаз бойы гүлдейді. Көп тараған түрінің бірі

- сортаң бұйырғын- шөлді аудандардың тегіс жерлерінде, кейде аласа тауларда өседі. Оның бір жылдық өркендерінде 7,1 - 14,8% протеин, 18,2 -31,0% күл, 11,7 - 26,0% клетчатка, 1,5 - 3,2% май болады. Бұйырғынды сиырдан басқа мал жақсы жейді. Бұйырғын өсетін жердің гектарынаннан 1,5-4,6 центнер құрғақ шөп алынады. Ол – құрғақшылыққа, сортаң топыраққа төзімді өсімдік, тұздылығы 45% топырақта да өсе береді.

Дәрілік шикізат және азық ретінде өсімдіктің жас, балауса бұтақшаларын күз кезінде жинап алып, көлеңкеде кептіріп, құрғақ жерде сақтайды. Бұйырғынның дәрілік шикізаты малдың азыққа тәбетін ашады, асқазан – ішектің жұмысын жақсартады. Бұйырғынды қалың өсетін жайылымдарда қой, ешкі және жылқы тез қолданады. Жаздың бас кезінде бұйырғынды тек түйе ғана жейді. Ал ірі қара бұйырғынды жемейді. Оларды дәрілік мақсатпен де беруге болмайды. Дәрілік мақсатпен бұйырғын тұнбасы 1:10 қатынаста жасалып қойға, ешкіге – 150–200 мл, жылқыға – 250–300 мл, түйеге – 500–700 мл мөлшерінде күніне үш рет ішкізіледі. Бұйырғын өсетін жерлерде оған ұқсас күйреуік, домалатпа сораң деп аталатын өсімдіктер өседі. Олардың азықтық құрамы бұйырғынға ұқсас болады. Сортаң және сұрқоңыр топырақты жерлерде, сондай – ақ тақыр жерлерде бұйырғынның бір өзі және көкпек, ит сиек, жусан араласып өскен жайылымдар болады. Жаз айларында өсімдіктің құрамында тұздың көп болуына байланысты қой оны нашар жейді. Бұйырғын өсетін жайылымдарға күз, қыс айларында қой және түйе жайған өте пайдалы [2, с 27].

Емдік қасиеті. Дәрілік шикізат ретінде шілде айында бұтақшаларын, жапырағы мен гүлін жинап алады. Ол – улы өсімдік. Халық емшілері адыраспанды адамның құянын, сегізкөздің жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Мал-дәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері ауруларын

емдейді. Оның құрамында алкалоидтар бар. Халық медицинасында А-ды буын ауруын емдеуге пайдаланады, қайнатылған суын безгекпен ауырған адамға ішкізеді. Сондай-ақ малдың қотырын да жазады. Адыраспаннан жүн мен жіптерді бояу үшін күрең қызыл бояу алынады. Тұқымы мен көк шөбінен алынған тұнбаны адыраспан шаруашылық зиянкестеріне қарсы күреске пайдаланады. Адыраспан – улы өсімдік (құрамында бірнеше алкалоидтар бар), дәмі ащы, мал жемейді. Жаз, күз мезгілінде тұтас денесін, күз мезгілінде жемісін жинап, кептіріп сақтайды.

Тұмау тиіп ауырғанда, отбасы мүшелерін адыраспанға тұз қоса отырып аластаудың магиялық функциясымен қатар ем дарытатын қасиеті де бар. Сондай-ақ емшілікте адамның буынын сырқыраудан, аяқ-қолын қақсаудан емдеу үшін адыраспанды қайнатып, сол сумен ауырған мүшені үш мәрте булайды. Жел-құздан қозған буын ауруын емдеу үшін адыраспанның жас сабағын қиып алып, жаншып буынға тарту керек. Суықтан болған ауруға, терісі бөрткен кезде адамды

адыраспан суына шомылдырған. Құяқмен ауырған адам адыраспанның сабақ, жапырақтарын қайнатып, күніне ұдайы екі жеті қатарынан ішуі керек. Тіс қақсап ауырғанда, адыраспанның шөбімен ыстағаннан кейін басылады. Ұмытшақтық меңдетсе адыраспанды сабағы мен жапырағын бірге қайнатып ішеді [3, с 103].

Көшпелілер кесіртке тәрізді жәндіктер жараланғанда адыраспанға аунап жазылатынын байқаған. Жүн мен қолөнерде қолдананылатын түрлі жіптерді бояу үшін адыраспанды көп мәрте қайнатып, қызылкүрең түсті бояу алады.

Қолданылуы

Мал дәрігерлігі практикасында адыраспанның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері экземаларын емдейді. Тұнба 1:10 қатынаста жасалынады. 200 – 300 грамм ұнтақталған адыраспен шөбі қайнаған 2,5 - 3 литр жылы суға салынып, 1,5 – 2 сағат бойы тұндырырылады. Содан кейін оны бәсеңдеу отқа қойып, 2 – 3 минут қайнатып алады. Жылы тұнбаны малдың қышыма, қотырына жағып, сондай – ақ оны жуып емдейді. Әдетте адыраспанмен ірі қара, жылқы, ешкі қышымаларын, экземаларын. Қойдың қотырын емдеуге сирек қолданылады. Адыраспан улы өсімдік болғандықтан, онымен малды емдеген кезде де сақ болған жөн.

Битум (лат. *bitumen* — тау шайыры) — жер қойнауында қатты, тұтқыр сұйық және пластикалық күйде жататын көмірсутектік шикізат.

Битум жоғары молекулалық көмірсутектер мен гетероатомдық (оттекті, күкіртті, азотты, т.б.) қосылыстардан тұрады. Генетикалық тұрғыдан битумға мұнай, табиғи жанғыш газдар, газ конденсаты, сондай-ақ, мұнайдың табиғи туындылары (мальталар, асфальттар, асфальтиттер, кериттер, гуминокериттер, озокериттер, антраксолиттер) және олардың аналогтары (нафтоидтар) жатады.

Битум Таяу Шығыста битум зонадан 3000 ж. бұрын байланыстырғыш, құрылыс материалы ретінде және бальзамдау (Ежелгі Мысырда) үшін пайдаланылған. 15 ғ-да Перуде инктар битумды қолданып жол салған. Битумның тығыздығы 0,96 — 1,5 г/см³, 35°С-тан жоғары температурада жұмсара бастайды. Битум құрылыста (автомобильдың жол төсемі, рубероид, т.б.), электр өнеркәсібінде (оқшаулауыш, тотығуға қарсы жабынды), медицинада кеңінен қолданылады. Битумның дүниежүзінді өндірісі жылына 120 млн. т-дан асады (1996) [4, с 154].

Иманғара және тарих

Бүгінгі күнде Атырау обылысында қола дәуірінен 138 ескерткіш анықталған, олардың 128-і ерте темір дәуіріне жатады . 1989-92 ж. Батыс Қазақстан экспедициясы жүргізген жұмыстар нәтижесінде ертедегі темір дәуірінің көптеген ескерткіштері Жылой ауданынан, сол сияқты Иманғара тауы маңынан қоныстары табылып отыр. Зерттеу жұмыстары барысында б.з.д. I мыңыншы жылдары өмір сүрген Страбонның өз еңбектерінің бірінде айтып қалдырған сөзін мысалға алуға болды. “Каспий теңізінің арғы жағында өмір сүрген халықтардың

бірі сақтар болса, біреулері массагеттер ” деп айтқан. Және де ол Сақтардың Кирмен болған соғысы жайлы естігені бар екенін айтады. Бұл жөнінде Жылой ауданынан табылған, әсіресе Иманғара қорымынан табылған айна бөліктерінің маңызы зор.

Исатай мен Махамбет бастаған топтың 1837-жылдың 13-ші желтоқсанында таңда Сарайшықтың жоғарғы жағында Жайық өзенінен Азия бетке өткеннен кейін, алдымен Қарабау, Тайсойған құмдарына қарай бет алды, Барлыбай моласына жетіп, одан оңтүстікке - Иманқара, Желтауға қарай ойысқан.

Таудың басындағы 3 алаңқайда сақ дәуірінің (б.з.б. 5 ғ.) обалары мен қорғандары орналасқан.

Қорытынды

Иманғара-Атырау обылысындағы жеті таудың бірі. Биіктігі бойынша үшінші орын. Жазда ыстық, қыста -30С градустан аспайды. Малшылар үшін жайылымдық жер. Тарихи-археологиялық маңызы бар қазбалар табылған. Иманғара тауының басты мәселесі халық арасындағы көп танылмауы және жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Біздің осы мәселелерді шешуге арналған ұсыныстарымыз:

- 1) Инвесторларды тарту;
- 2) Туристік орталық ашу;
- 3) Иманғара тауын халыққа таныту жұмыстарын жүргізу;
- 4) Инфрақұрылымды жақсарту;

Туризмнің бұл өңірде дамитынына сенімдімін. Себебі, суретте көрсетілгендей таудың табиғаты ғажап, әдемі. Атырау обылысы мен Ақтөбе обылысының шекарасында Желтау тауы бар. Ол тау Иманғара сияқты борлы тау және табиғатыда ұқсас. Желтаудың табиғатына қызыққан АҚШ ғалымдары зерттеуге келген. Иманғара да танымал болса, оған да басқа елдердің ғалымдары қызығар еді. Содан соң көптеген зерттеулер жүргізіледі.

Қазақстаннан ондаған есе кіші Иордания мемлекеті туристердің арқасында дамуда. Жерінің 95 %-і шөлді аймақ болып саналатын бұл мемлекетке жылына сансыз шет елдіктер келеді. Айтқым келгені, бізден кіші елдің істегенін бізде қайталай алармыз.

Қолда бардың қадірін біліп, оны ел экономикасын көтеруге қолдану жастардың қолында. Иманғара тәрізді таңғажайып өлкемізді қазіргі таңда шет елдіктер қоқысымен ластап жатқанда, қарап жатпай өз еліміздің игілігіне тиер іс жасауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстанның физикалық географиясы: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. 3-басылымы, өңделген. «Алматы: Атамұра, 2012 ж
2. Атырау: Энциклопедиясы. - Алматы: Атамұра, 2000 ж
3. Туған өлке табиғаты: Энциклопедия

А. Ғ. Дахиева

*Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебі,
география пәні мұғалімі*

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАБИҒИ ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН ТАРИХИ- ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТУРИСТІК - РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Қазақстанның мұнайлы астанасы- Атырауға шетелдіктер іскерлік мақсатта көптеген туристер келеді. Соны пайдалана отырып, ішкі туризмді дамыту әбден мүмкін. Облыс территориясында - Ақтолағай, Аккергешен үстірті, Пешной аралы, Индер тауы, Иманқара үңгірі табиғи ескерткіштері мен Каспий теңізі, Жайық өзені туристік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ішкі туризмді дамытуға болады.

Бір жағынан өз өлкемізді әсемдетіп, жастарға- ұлттық, патриоттық тәрбие бере аламыз. Басты бағыты туризмді табыс көзіне айналдырамыз.

Қазақстан Республикасы саяси-экономикалық тәуелсіздігін алған уақыттан бері, нарықтық экономиканың тетіктерін игерудегі басым мақсаттардың қатарына туризм, халықаралық туризм кластерін дамытуды мемлекеттік іс ретінде қарастырып отырған кезде, еліміздің барлық өлкесінде өзіндік ерекшеліктерге сәйкес болашақта саяхатшыларды қызықтыратын тарихи-этнографиялық ескерткіштердің қазіргі жәй күйі мен орналасқан жері, рекреациялық құндылығын бағамдау мен қоғамдық ортаға кең таралуын, ізденгіш жастардың өлке тарихына онан қалса туризмді дамытуға атсалысқысы келетін адамдарға аңдатпа ретінде де жаңашыл жұмыс деп айтуға болады.

Атырау облысындағы мәдениет басқарамасында табиғи ескерткіштердің жоқтың қасы екені мәлім. Сол себептен өз өлкеміздегі ерекше орын алатын, Бор тауларындағы жартастар ескерткіштерін тіркеуге алу керектігі анықталды.

Облыстың Еуропа мен Азияның аралығында Еуропа мен Орталық Азияны жалғастырып жатқан транзитті көлік жолдары мен мұай, газ құбырларының бойында жатуы оның халық шаруашылығының кешенді түрде дамуына мүмкіндіктер жасайды. [1]

Атырау облысының туризмін дамытуда бірінше табиғи нысандар бар. Олар Каспий теңізі, жайық, емдік қасиеті бар сулар мен балшықтар кездеседі.

Каспий теңізінде - круиз туризмін дамыту мүмкіндіктері бар. Каспий теңізі бойынша Ақтау - Астрахань (Ресей) - Махачкала (Дағыстан) - Баку (Әзірбайжан) – Энзели (Иран) – түркіменбаши (Түркіменстан) – Ақтау халықаралық круизін дайындау үлкен жетістіктер мен табыс көзіне жеткізетін жобаның бірі.

Каспий - жер шарындағы басқа мұхиттармен, теңіздермен тікелей де, не бұғаз каналдармен тікелей байланысы жоқ, жалғаспайтын тұйық су көзі. Бұл тұрғыдан оны көл қатарына жатқызады. Ал, көлеміне, даму тарихына, фихикалық-географиялық даму сатыларының сипатына қарағанда теңіз қатарына жатады. Сондықтан Каспий жағалауындағы 5 мемлекет: Ресей Федерациясы, Қазақстан, Әзірбайжан, Түркіменстан республикалары мен Иран мемлекеті Каспийді не көл, не теңіз деп атап келеді.

Терістік Каспийдің ағысын жел анықтайды, ағын тек қана өзендердің теңізге құятын аумағында ғана байқалады. Суы жазда орта есеппен +25° С жылиды, тайыз жағалауда одан да жоғары болады. Қыста негізінен қараша айының ортасының наурыз айының аяғына дейін қатады. Мұз Орта Каспийге дейін болады. Мұз кату және еру мезгілінде желдің әсерімен қозғалады, тіпті қыстың өзінде де мұз жарылып, сынып бөліктеніп, желдің айдауымен жағаға үйіліп сең тау-тау болып қалады. Олардың биіктігі 12 метрге, ұзыны 500 метрге дейін жетеді. Осындай әсем табиғи көріністер туристерді қызықтырап еді.

Жайық өзені бойында- балық аулау, спорттық, орнитологиялық, танымдық, экологиялық, аңшылық туризм түрлерін дамытуға өте қолайлы табиғи ресурстар.

Жайық өзенінің экологиясы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Жалпы өзеннің ластану көзі - бұл өнеркәсіптік қалдықтардың өзенге құйылуы және ауылшаруашылық саласында суды тиімді пайдаланбаудың әсерінен деп айтуға болады. Сонымен қатар, өзен өсімдіктерімен жануарлар дүниесінің тиімсіз пайдалануы Жайық өзенінің экологиясына қатты әсер етуде. Атап айтсақ өзен жағасындағы тоғайдың есепсіз кесілуі және өзеннен балықтың әсіресе, бекіре тұқымдас балықтардың броконерлік жолмен аулануы өзеннің фаунасы мен флорасына үлкен әсер етуде. Соңғы кезде Атырау облысында жергілікті әкімшілік пен ғалымдар біріге отырып шабақтар өсіретін зауыттарды іске қосып, мүмкіндігінше бекіре тұқымдастардың санын өсіруге қызмет жасауда.

Жайықтың экологиялық проблемаларын шешу үшін осындай шаралады көбірек ұйымдастырып, көктем мен күзгі су деңгейінің көтерілуі кезінде жағаны бекіту жұмыстарын және орман шаруашылығы жұмыстарын дұрыс жолға қою керек. [2]

Жоғарыда айтқанымыздай Жайық сырын жайып сала алмайды. Бір жылдары төңіректі топан су басардай әбден әбігерге түсірсе, биылғы жылы адуын мінезді Жайығымыз жұп-жуас, момақан. Көз алдымызда Жайық өзені жағалаудан бірте – бірте жырақтап қашып барады. Бұл кім-кімді де

ойландыруға тиісті жағдай. Тал айға тарыққанда талғажу болып, алдынан үміт шырағын жаққан киелі Жайық өзенінің жағдайын осы бастан ойлап, түсінуіміз қажет. Талай арқалы ақындардың жырына арқау болған Жайық өзенінің жабырқау түрін көргенде жүрегің аурады. Сан мыңдаған жырдар бойы адамдардан ырысын аямаған ару Жайық енді өзі адамдардың қамқорлығына зәру болып отыр. Яғни табиғаттан ала да білу керек, кезегі келгенде бере де білу керек деген қағиданы ұстанғанымыз жөн. Жаз айы басталған уақытта - әркім көрпесіне қарай көсіліп, кейбір қалталылар мұхит асып жан рахатын іздейді. Демалыс уақытын жақсы өткізуді, ұтымды пайдалануды қош көретіндері де бар. Ол әркімнің өз еркіндегі шаруа. Осы күнге дейін суға шомылып, күнге қыздырынып, балығын аулап бір ай бойы демалысымды Жайық жағасында өткіздім деген бір кісіні кездестірген емеспін.

Жыл он екі ай бойы алыс-жақын шетелдерден келетін саяхатшылары бір үзілмейтін Хан Ордалы Сарайшықтың тұсы ортаң қолдау демалыс орнын салып, саяхатшыларды серуендетуге сұранып – ақ тұр. Ашық аспан аясындағы мұражай іспеттес Жайық өзеніне сұғынып жатқан көне Сарайшық қазбалары орнының өзі неге тұрады. Тіпті, тап сол жерге бие байлап, қымыз баптап, көкпар тартып дегендей халқымыздың спорт түрлерін дамытып, саяхатшылардың немесе тынығушылардың талғамдарына сай қызмет түрлерін ұсынуға болады. Сонымен қатар Жайық жағасында санаториялар ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, санаториялар дайындау – сауықтыру, демалу орындары ашылса, келуші тынығушылардың демалысын ұтымды пайдаланылса деймін. Және бәрімізге белгілі Атырау қаласында балшықпен емдеу әдісі қолданылуда, ендігі кезекте басқа бағыттағы емдеу – сауықтыру орындары ашылса деп ойлаймын. [3]

Ұшы-қиырсыз ойпаттың біркелкі жазық табиғатына өзгеше көрік бергендей Индер, Иманғара, Қойқара қыраттық көтерілімдері алыстан мұнарланып, бейне бір теңіз айдынында қалқи жүзген кемедей болып көрінеді. Сондықтан да болар, заңғар тау сілемдеріне зәру атыраулықтар өз қыратын тауға балайды. Осындай қыраттардың бірі облыстың солтүстік жағының биік жері – Индер тауы. [4]

Индер тауы. Индер тауы Жайық өзенінің сол жағында орналасқан. Абсолюттік биіктігі 52 м., жалпы ұзындығы 25-30 ш., ені 10 ш. Терең шатқалдармен ажыратылған, жеке-жеке тармақталған сілем беткейлерден тұрады. Тау жалпы Пермь кезеңінің тас тұзынан, гипсінен, гипсті – мергелді тақтатас сынды жыныстардан түзілген. Жер астындағы тұз күмбезінің бетін гипс қабаты (қалыңдығы 55 м-дей) жауып жатыр. Таудың табиғи мәнін осында 1934 ж. ашылған борат кені айқындай түскен. Теңіздің бұрынғы түбіне жиналған тұз қабатының мыңдаған жылдар бойы кейбіреуінен пайда болған борат өте бағалы өндірістік шикізат. Тау беткейлерінде шипалы минералды бұлақ көздері баршылық.

Нарын құмы. Каспий маңы ойпатының қос өзен (Еділ мен Жайық) аралығын алып жатқан құмды жазық. Аумақ 25 мың шаршы шақырым. Жалпы теңіз деңгейінен 0,21 м. төмен орналасқан. Өңір Каспий теңізінің Хвалын және Хазар болып аталған кезеңдеріндегі шөгінділерінен түзілген. Неогон – пермь – триас жыныстары да кездеседі. Шағын Батпайсағыр, Қосдәулет, Бозанай массивтерінен тұрады.

Мыңтөбе құмы. Облыстың оңтүстік–батысында орналасқан. Құрманғазы, Исатай аудандарының оңтүстігінде. Атырау – Астрахан темір жолын бойлай 50-60 ш. Созылып жатыр. Ені 30-40ш. Жері қырқалы – шағылды. Мыңтөбенің шығыс жағында тау деген жері де бар. Бұл жерді Тау деп атағаны болмаса, жері – қатқыл, биік – биік төбешіктер, олардың аралары терең сай, сорлармен бөлініп жатыр. Халық аңызы бойынша бұл жерде бір қалмақтың мың түйесі (миңһы темән) бар байы мекендеген. Сондықтан «Мыңтөбе» аталса керек деп жорамалдайды.

Тұзды күмбездер. Каспий маңы ойпатында ерекше құрылымдар- тұз тектоникасына тән күмбездері кездеседі. Ойпатта ежелгі жыныстардан кунгур кезеңінің пермь шөгінділері тараған. Олардың негізінде қалыңдығы 2,5 км тас тұздары шоғырланған. Тангенциалдық қысымның арқасында тұз массалары алғашқы орнынан жоғарыға қарай сығылып жатқан жыныстарды жарып, тұзды күмбездер жасаған. Кейде жер бетіне шығып жатқан таулар құрайды, солардың бірі – Индер тауы тас тұзынан, гипстен құралған. Таудың етегіндегі Индер көлі тұзды күмбездерден келіп қосылатын тұз ерітінділерімен толысады. Тұзды-күмбезді тектониканың жедел дамуына байланысты тұзды өзектердің морфологиясы да күрделіленіп келеді. Өз-ара тұзды бұғаздармен байланысқан күмбездер ұялы құрылымдар-күмбездаралық қораптар қалыптастыруда. Атырау облысының аймағынан көптеген блоктардан құралған 650 жеке тұз күмбезді құрылым анықталды. Тұз қабаттарының қалыңдығы 3-9 км арасында. Индер, Қарашүнгіл, Қараөзен, Тасты және басқа жерлердегі күмбездердің галогенді шөгінділері жер бетіне шығып жатыр. Көптеген құрылымдарда тұз шөгінділері 200-300 м-ден 3-5 км тереңдікке кеткен. Кейде тұзды денелердің көлемі 10-15-тен 300-350 км²-ге деін жетеді.

Минералды сулары. Атырау облысының айтарлықтай аумағын су ұстайтын жыныстардың қалыңдығы 300 м шипалы минералды су қабаты алып жатыр. Минералды су аймағы солтүстікте Үстірттік бөлігінің арасын қамтиды. Солтүстікте ол Оңтүстік Ембі мұнай кәсіпшілігіне, ал шығысында Мұғаджар тауларының солтүстік сілемдеріне дейін барып тіреледі. Сарыбұлақ, Ұшқан, Күмшете, Биікжал, Төресай, Жаңасу т.б. шипалы су көздері ерекше назар аудартады. Олардың көпшілігі тұз күмбездерімен және тұз астындағы палеозой антиклиналдық төбелерімен байланысты. Минералды сулар кейде жер бетіне атқылайды немесе мол мөлшерде (0,5-30 л/сек) ағып шығады. Артезиан

мұнараларының сағасындағы сулардың температурасы +15⁰С-тан (Сарыбұлақ) +32⁰С-қа дейін (Төресай) жетеді.

Ақтолағай үстірті-Ақтөбе-Атырау облыстарның шекаралық аунын да жатыр. Атырау қаласынан 320км жерде орналасқан. Ақтолағай үстіртінде тас скульптурасының мұражайы бар деуге болады. Бұл аймақтың зерттелуін облыстың өлкетанушысы Ю. Пастухов ерекше табиғи ескерткіш деп санайды. Ақтолағайға жетер-жетпесте үстірттің солтүстігінен төменге қарай ақ бор түсі ерекше көрінеді. Алдыңғы бет жағындағы тұздары жылтырап тұрады. Айналасында топтасқан, кішігірім жартастар бар. Олардың арасында шахмат мүсініне ұқсас, төбесі шошайған жартас бірден көзге түседі. Оны «Шахмат патшайымы»- деп атаған.

Үстірттің төменгі жағында жыралар бар. Үстірттен түскен кезде, әр түлі жануарлардан түзілген жыныстарды көруге болады. Үстіртке қарай отырып, шахмат әлеміндегі «патшайыммен» салыстыра келе, өзінді кішкентай құмырысқа сияқты сезінесін. Патшайымның бойы ұзын, мүсіні ерекше. Оның төменгі жағы тасты болып келеді. Үстірттің ортаңғы бөлігінде сфинкс бар. Оны көрген туристер, мектеп оқулығындағы Египеттің сфинкстерімен салыстырады. [5]



Шахмат ферзь мүсіні Ақтолағай үстіртінің оңтүстік бөлігінің ұзындығы- 10 метрге дейін бартын, борлы қабырға. Үстірттен әрі қарай 150 м жазықты жерде үлкен гигант жартасы бар. Оның түзілуі 1997ж басталды. Ол скульптура- су мен желден түзілген. Жартастың формасы әйел мен ер адамның арқаларымен сүйеніп отырғанын көзге елестеді. Әйел мүсінінің бір ерекшелігі мойының ұзындығында. Ол төбелердің ар жағынан біреуді қарағандай. Ер мүсіне де сол жаққа қараған, бірақ қалыпты ешқан эмоциясыз. Ол күте-кете

шаршап, екі қолын кеудесіне қысып, уайымға кеткендей. Оны туристер ер-зайыптылардың уақытында келемдеген, балаларын күтудегі понарамасы дейді. Ал оның жанында кішкене басы көтерілген, иттің мүсіні бар. Ол итте өзінің болашақ иесін күту үстінде.

Ақкергешен үстірті-Қазақстанда табиғи ескерткіштер өте көп, олардың қатарына Көкшетау өңіріндегі ескерткіштер (Жұмбақ тас, Оқжетпес, Жеке Батыр, Бурабай т.б.), Маңғыстау өңіріндегі (Тамшалы, Ақмыш, Шерқала, Үстірт т.б.) ескерткіштер айрықша орын алады.

Солардың ішінде Қазақстан картасындағы- Солтүстік Каспий аймағының орны ерекше. Ежелгі заманда Атырау облысының территориясында динозаврлар өмір сүреген. Осыдан млн жыл бұрын Каспий аумағы үлкен теңіз болды. Оның суының аумағы Орал қаласына дейін жетті. Ежелгі уақытта теңіз Европаны басып, Солтүстік мұзды мұхитымен қосылып жатты. Каспий теңізіне итбалықтар

содан келді. Сол кезеңдерді зерттеуге көмектесетін үстірттің бірі-Актологай мен Аккергешен.

Атырау облысының жабайы табиғаты аз болса да, ерекше болып көрінеді. Маңғыстау өңіріндегі көптеген табиғи ескерткіштер қатарына сай, Жылыой ауданында Аккергешен үстірті бар. Бұл аймақта жыл сайын студенттер мен мектеп оқушылары арасында туристік жорықтар ұйымдастырылады.

Бұл аймақты экзотиканы жақсы көруші типіндегі туристер немесе геологиямен айналысушар көп келеді. Атырау облысына келген туристер, табиғи ландшафттармен, ежелгі каспий аймағы, тарихы, мәдениеті және халықтың өмірімен таныса алады.



Аккергешен үстірті

Аккергешен үстіртіне 2 км шақырым жерден, жартастарды ежелгі қалалардың қираған кейпіне ұқсайтынын көруге болады. Шөл жерлермен жүріп келе, өсімдіктердің құраған түрін, шұңқырдың тұздармен толғаны өте көп кездеседі. Олар киіктің тұйықтарынан пайда болған.

Иманғара үңгірі- Қазақстан жерінің аумағы ұлан байтақ. Осы аймақта көптеген,

табиғи және жасанды үңгірлер бар. Оларға жүйелі зерттеу жұмыс жүргізілген жоқ. Кеңестік кезеңде құрылған әуесқой үңгіртанушылар (спелеология) қоғамы тарап кеткен. Қазіргі кезде үңгірлерді археологтар, журналистер, туристер ғана қызықтай зерттеуде. Елімізде 140 үңгір бар. Соның ішінде Атырау облысы көлемінде 5 үңгір белгілі. Олар Кененбай, Құдық, Иманғара, Индер, Ақ кергешен.

Үңгірлер-жер асты суларының нәтижесінде ерігіш жыныстардың еруінен, әк тас, доломит, гипс таралған аудандарда түзілетін жер қыртысындағы қуыстар. [6]

Өйткені, егер Жылыой ауданының картасына зер сала қарасақ, мұнда аласа таулар мен үңгірлер бар. Жалпы **спелеотуризм** дегеніміз– үңгірлерде, әр түрлі рельеф пен күрделі лабиринттер жағдайында өтетін, үңгірлердегі төмен температура мен жоғары салыстырмалы ылғалдылық жағдайындағы, табиғи жорықтың болуымен сипатталатын жұмыстарды ұйымдастыру. Спелеотуризм бойынша маршруттар 2 бөлімнен жер үсті маршруты, яғни үңгірге дейінгі жүру маршруты және жер асты маршрутынан тұрады.

Құлсары кентінен солтүстік-шығыста 60 шақырым жерде Иманғара тауы орналасқан. Таудың ұзындығы 2 км, ені 300 м, биіктігі 200 м. 2005 жылы Атырау археологиялық экспедициясы тауға арнайы зерттеу жұмысын жүргізді. Тау үсті тегіс жазық болып келген. Үстіндегі осы жазықта 18 оба орналасқан. 1989-1991 жылдары 6 обаға археологиялық қазба жұмысы жүргізілген. Б.э.д. V ғасырға

жататын қабірлер ашылды. Оларда адам сүйектері жерленіп, қастарына қанжар, қола жебе, қола айна, шыны моншақ, қыш ыдыстар қойылған. Қорғандар биіктігі 0,5-1 м. аралығында, диаметрі 3-15 м-ге дейін. Мұртты оба да бар. Батыс Қазақстан археологиясының жетекшісі З.Самашевтің зерттеуінше, бұл қорғандарда сарматтар жерленген. Иманғара тауы ерте кезден қасиетті тау болып есептелген. Ол ерте темір дәуірінде, орта ғасырларда адамдар табынатын әулиелі жер болған.

Иманғара үңгірінің биіктігі 2 м, ені 2,5 м, тереңдігі 25 м. Тік төртбұрышты болып қазылған. 3 дәлізден және қосалқы қуыстардан тұрады. Жұмсақ құмайты жынысты кеулеп қазып қосалқы дәліздер жасалған. Қабылғаларында күрек, қайла іздері байқалады. Үңгір қабырғалары мен төбесі күйеден қарайған. Іштен шығарылған тау жынысы 10 м қашықтықта үйіліп жатыр.

Кеңенбай үңгірі- Құрманғазы ауданы (Каспий ойпатындағы Бесшоқы қыратын) орналасқан. Үлкен-үлкен бес төбеден «Бесшоқы» атауы шыққан. Төбе көлемі оңтүстік-батыстан, солтүстік-шығысқа 20 шақырым созылған, ені 8-12 метр, биіктігі -14 метр.

Құдық үңгірі- Құрманғазы ауданы, Қошалақ ауылында. Үлкен апан-үңгір диаметр 10 метр, тереңдігі 12м. Ішіне терреңдігі 1,50 м дейін су жиналған. Жергілікті халық оны «Құдық» деп атап, тұщы су алып шаруашылыққа пайдаланған.

Индер тауы Жайық өзенінің сол жағында орналасқан. Абсолюттік биіктігі 52 м., жалпы ұзындығы 25-30 ш., ені 10 ш. Терең шатқалдармен ажыратылған, жеке-жеке тармақталған сілем беткейлерден тұрады. Тау жалпы Пермь кезеңінің тас тұзынан, гипсінен, гипсті – мергелді тақтатас сынды жыныстардан түзілген.

Көлемі жағынан келесі үлкен көл – **Индер көлі**. Көл Каспий маңы ойпатында Жайық өзенінің сол жағалауында 10 ш. жерде Индер тауының етегінде орналасқан тұйық көл. Ауданы 110 шаршы шақырым. Көктемде Индер тауынан басын алатын шағын жылғалар әкелген су есебінен ұлғайып, жазда таяздайды. Көл сазды балшық арасынан шыққан бұлақтармен қоректенеді. Индер көлінен құрамында бром калийі бар жоғары сапалы тұз өндіреді. Көл түбіндегі тұз қабатының қалыңдығы 10 – 15 м. Көлдiң қара балшығы түрлі ауруларды емдеуге қолданылады.

Индер көлі

Қорыта келсем, Атырау өңіріндегі тарихи-мәдени ерекшеліктері бар ескерткіштерінің негізі Жем өзені мен Доңызтау үстүрттік аймағында, онан қалса Жайық өзенінің бойында қалыптасты. Үстүрттік мәдени-этнографиялық ескерткіштердің көпшілігі діни-ғұрыптық, дәстүрлі кезең ескерткіштеріне байланысты. Атырау өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштердің болмысы, негізгі дәстүрлі айтатын ойы, барлығы тек ғана осы өңірдегі қалыптасқан мәдениет пен эволюциялық дамудың өзіндік ерекшеліктерімен үндесіп жатыр. Жәй тұтынушы үшін өлкенің тарихи-этнографиялық ескерткіштерінің мәні толық дәрежеде

болмасада, Атырау облысы территориясындағы тарихи мәні бар ескерткіштерінің материалдық, технологиялық, этникалық және мәдени маңыздылығы бар ескерткіштердің «тарихи әулеметі» - көптеген жастардың ғылыми археологиялық жұмыстарға жұмылдыруға ынта берері сөзсіз. Жаңа қалыптасып жатқан ізденістердің барлығы да тәуелсіз еліміздің тарихы мен дәстүрлі мәдениетін дұрыс ұғынып түсінге жол ашады деген сенімдеміз. Себебі, барлық мәдени құндылықтарымызды географиялық, рекреациялық тұрғыдан зерттеу, бұл болашақтағы ұлттың өзін тану мен ұрпақ тәрбиесіне тигізер тағылымдарының қайнар көзі деп қарастырсақ, біз әрине ұтар едік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Атырау газеті №7, 17 қаңтар, 2013 ж. «Қазақстан саулау алдындағы серпіліс», М. Құл-Мұхаммед. 6-7 бет.
2. Атырау энциклопедиясы. Алматы баспасы. «Халықтың діни-мемориалдық архитектуралық ескерткіштер», С. Әжіғали. 71-367 бет.
3. Атырау энциклопедиясы. Алматы: Атамұра баспасы. «Табиғаты және табиғи қорлары», Қ. Қарпеков, Ж. Адаев, М. Камбаров. 12-40 бет.
4. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы.
5. «Егемен Қазақстан» 2017 ж.
6. Атырау облысының топонимикалық атауларының анықтамалығы. Атырау, 2015 ж. Атырау облыстық тіл басқармасы.
7. Алиева Ж.Н. Экологический туризм. Алматы, «Қазақ университеті», 2002. С.101.
8. Алексадрова А.Ю. Международный туризм: учебное пособие для вузов. М.: аспект пресс, 2001.- 464с.
9. Актуальные проблемы экономики Западно – Казахстанского региона.БҚМУ – дың баспа орталығы, Орал 2015.57-61 беттер.
10. Атырау энциклопедиясы.
11. Мұфтах Н., «Ана тілі» 1998 ж.
12. Вопросы археологии Казахстана. , Алматы, 1993.
13. Сапарбаев Е.Е //қазақстанның ескерткіштерін қорғау// «Атырау» газеті., 2007ж. № 14,23,55.
14. «Географиялық білім беруді жетілдірудің кейбір өзекті мәселелері» - облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағынан. Атырау мемлекеттік университеті. 2016 ж.13-18 бет.
15. Ярмұхамедов М. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Алматы, «Мектеп» баспасы.2001 жыл. 144 бет.

Б. А. Көшербаева

Атырау энергетика және құрылыс колледжі,

тарих пәні оқытушысы

Атырау қаласы

ҚАСИЕТТІ ЖЕРДІҢ СЫРҒА ТОЛЫ ҚОЙНАУЫ

«Айналайын Ақжайық, ат салмай өтер күн қайда» деп рухты батыр, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы жырлағандай, бірде аспанға шапшыған арсы - гүрсі асау толқындары жағалауды сабалап, кемерінен асып-тасып төгілетін, кейде жайсаң мінезбен жайлап ағып, жұп-жуас боп көрінетін Ұлы су - Жайық бойында тарлан тарихтың ізі жатыр. Қазақстанның қай түпкіріне барсаңыз да, көне тарихтың күмбірі алыстан талып естіліп, ұлтарактай жер үшін ұрандап жауға шапқан бабалардың аруақты үні құлаққа келгендей болады. Сарайшық ауылы - Ару Ақжайықтың бойына қоныс тепкен ауыл.

«Сарайшық топырағы қасиетті, өйткені ісі түркі әлеміне ортақ Алтын Орда хандары Тоқта, Жәнібек, Бердібек, ноғайлының билеушісі Оқас, одан бергі Қасым хан сияқты атақты хандарымыз бен батырларымыздың жаны мәңгілік жай тапқан жер, оны еліміздің алғашқы Пантеоны десек те болады». Шын мәнінде Сарайшықтың қазақ халқының тарихында алатын орны ерекше. Айта кету керек, Сарайшық қалашығының орны 1 гектардай жерді алып жатыр. Жайық өзенінің оң жағалауында, Атырау қаласынан 55 шақырым жерде орналасқан.

Қасым ханның (1511-1518жж) кезінде Сарайшық қазақ хандығының алғашқы астанасы болған. Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгі ұлан - байтақ өлкені билеген кейінірек Алтын Орда аталған империя - Жошы ұлысының алғаш құрылған бірінші онжылдығында салынған. Сарайшық - Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі сауда қалаларының бірі болған және Алтын Ордадағы ең маңызды саяси, экономикалық мәдени- тарихи және рухани орталықтардың бірі болып, кейіннен Ноғай Ордасы мен қазақ хандығының қалыптасуында шешуші рөл атқарған.

Еуропалықтар кезінде Сарайшықты Азияға шығатын қақпа деп бағалаған. Ал мен бұл азиялықтардың Еуропаға шығатын қақпасы болды деп айтар едім.

1513 жылға дейін Сыр бойындағы қалалардың барлығы Қазақ хандығының құрамына қосылып болды. Дегенмен, Қазақ хандығының күшеюі құрамына Сарайшық қаласы қосылғаннан кейін толық жүзеге асты. Халқының саны 1 миллионнан асты, әскері 300 мыңға жетті» деген баға берді. Қасым ханның тұсында Сарайшық Қазақ хандығының саяси-әкімшілік орталығы болды. Атақты тарихшы Қадырғали Жалайри: «Қасым хан Сарайшық қаласында жерленген» деп

жазып кеткен. Бұл тарихи факт. Сарайшықты сақтау, болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалдыру өркендеуіміздің, рухани дамуымыздың бір негізі болып табылады». Алтын Орда мемлекеті Жәнібек ханның тұсында (1342-1357) барынша гүлденген болатын. Осы кезде Сарайшық қаласы да әлемдегі ең көрікті қалалардың бірі және Алтын Орда ұлысында алатын орны ерекше болды. Сондықтан да алтынордалықтар Ильбан мен Алыпқожа (1360-1380 жылдары) қайта-қайта күресті. Олар мұнда өз есімдерімен теңге ойып шығарды. 1395-1396 жылдары Ақсақ Темір Алтын Орданың күл талқанын шығарып, қалаларын қиратқанымен Сарайшыққа онша тимеді. Сондықтан Алтын Орда жерінен жаңадан құрылған мемлекет – Ноғай Ордасының XVI ғасырдың 40 – жылдары астанасы болды. Ноғай ордасы негізінен қазақ жерінде құрылды, сондықтан оларды алшындар (кіші жүз қазақтарының жиынтық атауы) деген. Ноғай ордасы негізінен алшындардан тұрды.

Сарайшықтан көненің көзі жәдігерлер көптеп табылуда. Мәселен, 2001 жылы қазба жұмыстары кезінде археологтар ерекше кесе тауып алды. Әлемде мұндай кесе екі дана ғана екен, біреуі – Египетте, екіншісі – Қазақстанда. Кесенің қасиеті ішіне уланған тағам құйылғанда ол түсін өзгертеді екен. Сарайшық қаласының өмірінің бір кезеңі XV-XVI ғасырларға сәйкес келеді. Сарайшықтың мәні де осы кезеңде көрінеді. Бұл кезде тұрғын үйлер көп бөлмелі болып салынған. Бөлмелердің едені күйдірілген кірпіштен төселіп, ташнаулар да орнатылды. Көгілдір күмбездері және жерасты склепі бар XVI ғасырға жататын кірпіштен жасалған мавзолей қалдықтары кездесетін үлкен алаңды қоршаған қабырға қалдықтары сақталған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында атадан балаға жалғасқан далалық ауызша тарихнаманың арқасында бірқатар тарихи мәліметтер мен деректер аңыз түрінде болса да бүгінге жетті. Сарайшықтағы Аққу көлі, алтын қайық, көмілген мол қазына туралы халық аузында аңыздар көп айтылады. Сарайшықтың өркендеу кезеңі монғол Өзбек ханның баласы Жәнібек (1341-1357) ханның тұсында сәйкес келсе керек. Тарихшылардың мәліметтерінде Жәнібек хан өз жанына ел сыйлаған билерді, шешендер мен жырауларды, халық қамын ойлаған жақсыларды жинаған дейді. Сол Жәнібек керуеннен толассыз түсіп жатқан байлықты халықтың игілігіне, қаланы көркейтуге жұмсапты. Талай ел өкілдерін тамсантқан Аққу көлін осы кезеңде салдырыпты. Көл суына керуенмен келген қап-қап қант төктіріп, аққу мен қаз қондырған. Оларды ұшырып жібермеудің барлық шараларын алыпты. Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен құстарға дән беріп, бірте-бірте қолға үйреткен. Көл маңында өзіне қауіптің жоқтығына көзі жеткен құс атаулы жаз бойы Секер көлде еркін сайраңдап, керуенмен келген шет жерліктер алдында қаланың сәнін арттырады. Сарайшықтың Аққу көлі туралы хабар ел-елге тарайды. Жәнібек хан онымен де шектелмей, оңтүстік бал татыған жеміс ағаштарының түр-түрін алдырып, көл жағалай отырғызады. Балғын шыбықтарды отырғызып,

жерсіндіріп жібергенше, сол жақтың шебер бағбандарын да жалдап алады. Осы ғажайыпты көзімен көріп, куәгер болған италиялық саяхатшылардың бірі «сол ғасырларда бау-бақша отаны саналған парсыларда кездеспеген жүзім мен жеміс ағаштарының ерекше түрлері Сарайшықта өседі екен» деп жазды.

Келесі бір аңызда: жасауын жасап, ұзатқалы отырғанда, Жәнібек ханның жалғыз қызы, он бес жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болады. Қыз жасауына сол кезгі бір мемлекеттің тұтас бір қазынасына тең байлық жұмсалыпты деседі. Қызын алтын табытпен, барлық жасауымен, алтын қайығымен қоса жерлеуге әмір етіпті хан. «Сонша байлықтың жерге көмілгенін естіген бір қара жүрек қарақшы қызыңыздың денесін ит пен құсқа жем қылып, қабірінен шығарып тастап, байлықты алып кетсе, Сіз қай қарақшының артынан қуып жүресіз?» - деп сақтандырған уәзірлер, ханға қызын жасырын жерлеуге ақыл қосады. Ханнан жеке тапсырма алған жетеу сол түні таң қараңғылығына дейін қызды жерлеп үлгереді. Хан тапсырмасы «Ұшқан құс, жүгірген аң, тірі жан қызымның қайда жерленгенін білмейтін болсын. Орындасаңдар әрқайсысың ат басындай алтын аласыңдар» болыпты. Таң қараңғылығында уәделі алтындарын алғалы келген жетеуді хан емес, оның жендеттері қарсы алыпты да, түгел бастарын алып тастапты-мыс. Ханның қызының денесімен бірге қомақты қазына-байлықтың жерге көмілуі туралы аңыз және мұнда бірнеше хандардың жерленуі (хандар қабіріне өздері тірі кезінде тұтынған қымбат дүниелері мен қарулары қоса көміліпті-міс), түптің түбінде Сарайшықтың сан қайтара тоналуына, ақыры бір кезгі Шыңғыс хан қиратқан Отырардай күлі ғана қалған үйіндіге айналуына соқтырады.

1397 жылы Ақсақ Темір Кавказдың Дербент қақпасы арқылы келіп Алтын Ордаға жорық жасағанда Хаджы Тарханды, Сарай Беркені де шауып, бұл қалаларды жермен-жексен қылды. Кейін, Алтын Орданың еңсесін қайта көтерген Едіге би Сарайшықты астана етті. Алтын Орда құлағанда Сарайшық қаласы Ноғай Ордасының орталықтарының бірі еді. 1513 жылы Қазақ тағына отырған Қасым ханның Сарайшықты астана етуінің негізгі сыры Солтүстік Кавказ, Еділ-Жайық, Орал тауларын жайлаған Ноғай елі өз арасынан үлкен Ноғай, кіші Ноғай болып екіге жарылды. Солтүстік Кавказбен Орал тауларын жайлаған Ноғайлар өзара қырқыста Ресейге арқа сүйеді. Ал, Еділ-Жайық арасын жайлаған Ноғайлар түбі туыс деп Қазақ хандығына жақындады. Қасым хан осы Еділ-Жайық арасындағы Ноғайлы жұртын Қазаққа қосып алу үшін Ақжайықтың жағасындағы Сарайшықты астана етті. 1523 жылы Қасым хан өлгеннен кейін ұлдары Мамаш, Бұйдаш, Таһир хандар өзара талас-тартыста қаза тапты. Бұл кезде Қазақтың астанасы қандай қала болғандығы туралы нақты деректер жоқтың қасы. Тарихи деректерде Қазақ хандығының қайта етек-жеңін жинап, еңсесін көтерген 1538 жылы таққа отырған Хакназар хан саналады. Хакназар ханның тұсында Қасым ханнан қалған жол түбі туыс жұрт Ноғайлыны Қазаққа қосып алу саясаты екпінді түрде қолға алынғанмен, Қазақ хандығы Сарайшық қаласына ие бола алмады.

Орыс патшасы Иван Грозныймен дос болған ағылшын көпесі Антоний Джениксон 1558-1559 жылдары Сарайшық қаласы туралы: «Теңізден бір күндік сапарда үлкен өзен жағасында гүлденген Сарайшық деген қалаға келдік. Бұл қала орыс патшасымен дос Измайл деген татар (ноғай) князының қол астында екен» деп жазады өз естелігінде.

Сарайшықтың қирауы, құлауы Ресей тарихымен тығыз байланысты. 1556 жылы Астрахань хандығын қолына қаратқан Иван Грозный 1559 жылы Ноғай ордасын да бағындырады. 1580 жылы Сарайшық Жайыққа көшіп келген орыс-казактардың шапқыншылығына ұшырады.

Көне тарихы бар Сарайшық өлкесі тарих сахнасында «Мәңгілік Ел» мұрасы болып қалары сөзсіз. Ол Еділ – Жайық кеңістігіндегі, Каспий өңірін жайлаған халықтардың мың жылдық тарихын сақтаған саяси-мәдени орталығы болған қала ретінде маңызды. Бұл заманда күні өтіп, күлі қалған Сарайшықтың тарихын әлем біледі десек артық болмас.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тасмағамбетов И., Самашев З., «Сарайшық- тарихи астана» Алматы. 2004ж.
2. Ғизатов Ж., «Ұлы даланың қасиетті күмбезі» Алматы. 2009ж.
3. Кипиев М., "Атырау" газеті №26 2015 жыл.
4. Тоқтабаев А., "Сарайшықтың Аққу көлі" "Егемен Қазақстан" 21 наурыз 1998 жыл.

Б.Ә. Жолдасов

Атырау энергетика және құрылыс колледжі,

1-курс студенті

Атырау қаласы

САРАЙШЫҚ – МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАСЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Мемлекет басшысы отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталатынын қадап айтқан болатын.

«Жалпақ жұртыңды, алашыңды құрметтеу, алдымен, өзің тұрған өлкенің тарихын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады» - деген даналық сөзді

басшылыққа ала отырып, Отан тарихын, өлке тарихын насихаттау мақсатында, ұрпаққа ұлағат болар ата қонысымызда елдік пен ерліктің көптеген мұрасы болған Сарайшық жөнінде мағлұматтар жинадым.

Сарайшық - қазақ даласындағы ең көрікті орындардың бірі болып саналады. Қаланың неліктен Сарайшық аталғаны жөнінде араб саяхатшысы Ибн-Батутаның Хорезмге барар жолда Сарайшыққа соққаны жақсы мәлімет береді. Онда саяхатшы: «Біз жаңа Сарайдан (Астрахандағы Сарай-Берке қаласы) он күн жүріп Сарайшық қаласына келдік. Сарайшық, яғни «кіші Сарай» - деген мағына береді. Ол «Ұлы су» (Жайық өзені) деп аталатын үлкен және тез ағатын өзеннің бойында орналасқан. Өзеннің үстінен Бағдаттағы сияқты қайық пен кемелерден көпір салып қойылыпты», - дейді. Бұдан басқа кейбір тарихшылар Сарайшық атауы қаланың алтынмен апталған күмбездері мен мұнаралары айшықталып тұрғандықтан жұрт «Сары айшықты қала» деп атағандығын айтып жүр. Сарайшық қаласы өз дәуірінің әсем қалаларының бірі болған. Бұл жерге кезінде жүз мойындаған 12 әулие жерленген. Сондықтан Атырау облысындағы әулиелі, қасиетті жерлердің бірі. Кезінде Сарайшықта 100 ден астам хан қандық құрған. Сарайшықтағы 17 м биіктікте қойылып тұрған ескерткіш сол хандардың рухын кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатта қойылған. Құрылыс 1999 жылы 2-мамырда басталып, 2-ші қыркүйекте аяқталды. Сарайшық жерінде 7 ханның сүйегі жатыр, 1 ханның басы жатыр. Мөңке темір, Жәнібек, Әмір Оқас, Қасым хан, Ших Мамай, Жүсіп хан, Тоқтағу. Мөңке темір, Тоқтағу, Жәнібек үшеуі Алтын Орданың хандары. Монғолдар Жошыдан тараған ұрпақтар яғни Шыңғыс ханның бірінші баласынан тараған ұрпақтар. Ал Қасым хан қазақ. Ол Әз Жәнібектің баласы. Қасым хан хандық құрған жылдары Сарайшықты қазақ хандығының астанасы деп атады. Қазақты қазақ еткен ұлтты басқа ұлттармен теңестіріп, мемлекет ретінде қазақты басқа елдерге мойындатқан Қасым хан. Менің көкейімде жүрген Сарайшықтағы 7 хан туралы, оның сол жердегі моланың астында сүйегі барма сол жөнінде, әулие ағашы туралы білгім келіп зерттеу жүргіздім. Нәтижесінде оның астында ешқандай сүйек жоқ екен. Сарайшықтың әр жерінен әкеліп топырақ салынған. Тек біреуін ғана тапқан. Ол Қасым хан екен. Аты әлемге жайылып тұрған әулие ағашы туралы сұрағанымда: Әулие ағашы деп атаған себебін: құрылыс жүріп жатқан кезде сол ауылда қайғылы жағдай болған екен. Бір жазда 12 адам көз жұмады. Бірде музей басшысы Молдаш Бердімұратов поездда үлкен қартқа тап болады. Бұрмаланып кеткен қазақтың тарихы ғой, құттай да болса кейінгі ұрпаққа дағдылы түрде жеткізуге үлесімді қосайыншы деп, Музей салдырайын деп жүрген жайым бар деген екен. Сонда қария жақсы іс жасап жүр екенсің, бірақ елінде берекет жоқ. Халқың қасиетті орман өсірген, сол орманның рахатын көріпсіңдер, сол орманмен атақтарыңды әлемге жайыпсыңдар. Сол орманды өздерің жазықсыз жойыпсыңдар, рахатын көргеннің иесі болады деген екен. Бұрын осы жерді «опытная поле» деп атаған Ауылдың екі шетінде 82 гектар жерді алатын алма сат болған. Сол ағаш бүкіл Атырауды

камтамасыз еткен. Содан кейін жекешелендіргенде алма ағашы жайында қалып, қураған ағашты жұрт апарып отқа салған. Содан қария әлгі ағашты сол орынға апарып қой, халық өткен- кеткенін көз алдына елестетер сонда аруақтар кешіреді. Өйтпесе бұл 7 жылға дейін созылады деген. Бұл әулие ағашы сол қарттың айтуымен қойылған. Содан бастап адамдардың өлуі де күрт тоқтады. Ағаш өз қасиетін жойған жоқ. Адамдар келіп сол ағашқа түнеп, өз жараларына шипа іздеп, ел қатарлы өмір сүріп жазылып кетіп жатыр. Сарайшықтан басқа да көненің көзі жәдігерлер көптеп табылуда. Мәселен, 2001 жылы қазба жұмыстары кезінде археологтар ерекше кесе тауып алды. Әлемде мұндай кесе екі дана ғана екен, біреуі – Египетте, екіншісі – Қазақстанда. Кесенің қасиеті ішіне уланған тағам құйылғанда ол түсін өзгертеді екен.

Көне тарихы бар Сарайшық өлкесі тарих сахнасында «Мәңгілік Ел» мұрасы болып қалары сөзсіз. Ол Еділ – Жайық кеңістігіндегі, Каспий өңірін жайлаған халықтардың мың жылдық тарихын сақтаған саяси-мәдени орталығы болған қала ретінде маңызды.

Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев халыққа есеп берген жиынында Сарайшық музейінде қазіргі заманғы сапар орталығы салынып, алдағы жылы құрылысы басталатынын, және әкімшілік ғимарат, қонақүй, шаруашылық-тұрмыстық үйі секілді бірнеше ғимарат салу жоспарда бар екенін айтқан болатын. Қазірдің өзінде әкімнің бастамасымен Сарайшық қалашығы маңайындағы жағалау бекітіліп жатқан көрінеді. Бұл үшін облыс бюджетінен 1 миллиард 60 мың теңге қаражат бөлінген.

Жобаға сәйкес бұл орталық туристер мен келушілер үшін барлық жағдай жасалған кешен болады. Екі қабатты әкімшілік ғимарат ішінде экспозициялық-көрме залдары, қор қоймасы 100-150 орындық конференцзал, зертханалық және қалпына келтіру үй-жайы, кітап қоймасы мен электронды мәліметтер базасы бар кітапхана орналасады. Бұл визит орталықтың құрылысы елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында жүргізілуде, - деді облыс әкімі. Мен сөзімді ... мына өлең жолдарымен аяқтасам

Көркем есім, жайдарлы, жайлы халық
Күннен-күнге келеді өсіп, дамып,
Көгінде күлген күні, ашық аспан,
Қалған ғой қонақжайлық тағы дарып.

Қазақ деген қайсар халық тайсалмайтын,
Жауыннан жеңіссіз еш қайта алмайтын,
Қас қылғанға қиып түсер қылыш болып,
Дос қылғанда құшақ жая, қайтармайтын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 17.01.2014ж.
2. Сарайшық аңыздары // Ана тілі газеті.1993
3. Жақсығалиев Ж.Ж. «Қазақстан журналы» 2010-116 б
4. Тасмағамбетов И. Сарайшық. Алматы, 2004-320
5. «Қазақстан тарихы»: әдістемелік журнал 3.2016

Н. Ж. Жасұланова

Ф.Досымова атындағы орта мектебі

11-сынып оқушысы

ТУҒАН ӨЛКЕ АТАУЫ ТҮНҒАН ТАРИХ

Бүгінгі шағын ғана бұл баяндамада, өз туған өлкемнің тарихы туралы айтқалы отырмын. Менің туған өлкем, туып өскен жерім – Атырау. Қарап отырсақ, әр жердің өзіндік бір тарихы бар. Атырау – бірден Атырау болып кеткен жоқ. Оның да тарихы бар. Менің білуімше, Атырау бастапқы кезде Гурьев деп аталған. Бірақ оның да бірден Гурьев деп аталып кетпегенін білдім. «Тамыры «Үйшіктен» басталды, Атырау қаласына 376 жыл толды» деген айдармен өткен жылы бұқаралық ақпарат құралдары отарлау заманында әдейі құлағымызға сіңірілген тіркесті тағы қайталады. Сайып келгенде мұның өзі өткен тарихымызды терең сезінбеуден туындаған тұжырымдар екені бүгінде айтпаса да түсінікті. Өйткені қазақ тарихын Ресей көзқарасымен зерделеу санамызда әбден орнықты. Сонда қазақтың сан ғасырлы тарихы қайда, бүгінгі Атырау қаласы тарихы 1640 жылы көпес Гурии Назаров ұлдары Михаил, Иван және Андреймен бірге Жайық бойына келіп қоныстанып, Жайық өзенінен балық аулауымен бастала ма? Жалпы әлемдік тарихта қала бір күнде, негізі жоқ елді мекенде пайда болмайды. Мәселен Украина Республикасының И.И. Мечников атындағы Одесса мемлекеттік университеті тарих факультеті ғалымдарының Днепропетровск, Запорожья, Киев, Одесса, Чернигов қалаларының жасын анықтауды қайта қолға алуы және өткен ғасырларда оларды саралауда түрлі империялық және кеңестік ұстанымдардың негіз болғанын алға тартуы қала тарихында да біржақты идеологиялық көзқарастың үстем болғанын айғақтайды. Оған күні кешеге дейін тарихын 1854 жылдан бастаған Алматы қаласының өз бастауын мың жыл бұрын, Астана қаласының 1830 жылдан емес VIII ғасырда

өмір сүрген Бозоқ қаласынан бастауын атасақ көп нәрсе түсінікті болады. Бүгінде Семей қаласы әкімияты да қала негізінің 1718 жылы қаланған әскери бекіністен басталу мәселесін ғалымдарға мұқият тапсырды. Өйткені тарихшылар 840-940 жылдары көне Семейдің Қимақия мемлекетінің астанасы болғанын бірнеше рет көтерді. Өзімізбен көршілес Батыс Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Н.Ноғаевтың бастауымен 2012 жылдың 21-22 қыркүйегінде «Орал өзені алқабындағы ортағасырлық қала мәдениеті және көшпенділер өркениеті» атты халықаралық конференция ұйымдастырып, Орал қаласының тарихы 1613 жылдан емес, қала тарихы XIII ғасырдан бастау алатыны ғылыми фактілермен дәлелденді. Содан бері Орал тарихын 400 жылдан асыра казак-орыстар қалаған Жайық қалашығынан бастап тойлау датасы тоқтатылды. Мұның өзі кешегі кеңестік заманда Қазақстандағы қалалардың дені орыстардың жаулап алуымен салынды деген тұжырымын жоққа шығарды және тарихи шындықтың орнығуына жол ашты. Өйткені ұлан-байтақ қазақ жерінде ата-бабамыз тек көшіп қана қоймады, оны қорғап шағын сауда-саттыққа қажетті елді-мекендер салды. Олар Алтын Орда тұсында саяси-экономикалық маңызды орталықтар ретінде танылды.

Сонымен Атырау қаласы тарихы қай кезеңнен бастау алады? Өлкетанушы В.Афанасьев: «1950 жылдардың аяғында геология институтының ғылыми қызметкері Сапар Қарымсақов маған Гурьев қаласының шығысына қарай 18 км. жердегі Сақол (деректе осылай жазылған – Ә.М.) мекені маңында ежелгі калмақ қалашығы туралы терілген қағазды ұстатты. Содан Сапар екеуіміз оны іздеп таптық. Осы ескерткішті алғаш рет 1965 жылы археолог М.С. Мершиевке көрсеттім. 1960 жылдар соңында ескерткішпен КСРО ҒА Археология институтының ғылыми қызметкері Л.Галкин танысты. Қорытындысында бірлесіп, табылған ескерткіш материалдары негізінде қоныстың XIII-XIV ғасырларда болғанын дәлелдеп мақала жарияладық. Содан Л.Галкин 1977 жылы «Археологические открытия 1977 года» еңбегінде Алтын орда қалашығын Пицигани картасына сүйеніп Лаэти қаласы деп атады. Сонымен жаңадан Лаэти атауы пайда болды» деп жазады (Афанасьев В.К. Реестр Археологических памятников области. – Атырау: Типография АО «Алмаз Инжиниринг», 1996. - С.56-57). Өлкетанушы «Лаэти» атауын түркі сөздеріндегі «лай» немесе «лайланған» сөздерімен түсіндіреді. Ал Ақтөбе-Лаэти қаласының осы күнге дейін сақталмай жойылуы жөнінде бүгінде екі пікір қалыптасқан. Оның бірі, Ақсақ Темірдің 1396 жылы жаулап алуымен, екіншісі, Каспий теңізінің көтеріліп айналаны басуы әсерімен байланыстырылады. Яғни, Ақтөбе-Лаэти қалашығы бүгінгі Атырау қаласының аумағында орналасып, XV ғасырда қала қиратылған, я жойылған деуімізге әбден болады. Оны белгілі археолог К.Байпақовтың «Жайықтың төменгі жағында тағы бір ірі қалашық табылып зерттелді. Ақтөбе қалашығындағы қазба жұмыстар тұрғын үйлердің кан жүйесімен жылытылатынын анықтады» дей келе, Ақтөбеден бидай сақтайтын ыдыстар

кездесті, ал табылған керамика мен тиындар қалашықтың XIII-XV ғасырда өмір сүргенін айғақтайды дегені дәлелдей түседі (Байпаков К.М. Города Казахстана XIII-XV вв. // Средневековая городская культура и кочевая цивилизация бассейна реки Урал / Материалы международной конференции. / Под общей редакцией профессора Сдыкова М.Н. –Уральск, 2012. -С.37).

Ендігі қызықты материалды 2015 жылы Татарстан ғалымы нумизматик Р.Ю. Рева ұсынды. Р.Ю. Рева 2006 жылы Саратов қаласынан табылған Алтын ордалық тиынды оқып, оны Құтлукент қаласында соғылғанын анықтады. Оның есебінше Құтлукент Жайық бойында Атыраудан қашық емес жерде орналасқан екен. Атыраулық археолог М.Қасенов Р.Ю.Реваның жаңалығымен танысып «Ол өкінішке орай Ақтөбе-Лаэти қаласын білмейді. Оның Құтлукент қаласы Ақтөбе-Лаэти қаласы болуы да мүмкін» деген ой білдіреді. Дегенмен татар ғалымының жаңалығы назар аударуға тұрарлық. Ол 1348 жылы қайтыс болған Ибн Фадлаллах әл Омаридің жазбасын пайдаланған Ресейлік шығыстанушы В.Г. Тизенгаузеннің аудармасындағы «Хорезм мен Сарай арасында Хиуа және Құтлукент қалалары бар» деген жолдарды түпнұсқамен қайта саралайды. Нәтижесінде зерттеуші Хорезмнің астанасы Үргеніш қаласы, сондықтан Үргеніш пен Сарай арасындағы керуен жолын Хиуа жалғамайды, өйткені, Хиуа керуен жолында болғанымен ол Сарайды Мавреннахрмен немесе Үргенішті Бұхарамен байланыстырады, ал Хорезм мен Сарайды жалғауы мүмкін емес деген тоқтамға келеді. Р.Ю.Рева зерттеуі соңында Әл Омари еңбегіндегі жолдарды «Хорезм мен Сарай арасында Учик (Үйшік бүгінгі Атырау қаласы) және Құтлукент қалалары бар» деп оқуды ұсынады. Ол Құтлукент қаласы Сарайшық қаласының алғашқы атауы, ия болмаса, әлі табылмаған қала болуы мүмкін деген қорытынды жасайды. Ғалымның пікірі ғылым әлемінде кеңірек насихаттала қоймаса да тың тұжырым екені белгілі. Оның үстіне XIV ғасырдағы Әл Омаридың зерттеуін жаңаша саралауы, сөз жоқ, біраз мәселеге өзгеше қарау қажеттігін айғақтайды. Оны назарға алсақ сонда Үйшік атауы Алтын орда заманынан бері келе жатқанын байқаймыз. Олай болса Л.Галкин, Р.Ю. Рева зерттеулеріндегі Ақтөбе - Лаэти – Үйшік – Құтлукент қалалары бүгінгі Атырау қаласының бастауында тұрды деуімізге толық құқығымыз бар. Ал олардың орнында кейінірек жаңа қалашықтың салынуы тікелей Москва патшалығының Азия бағытындағы отарлау тарихымен тікелей байланысты. 1580-1581 жылдары Сарайшық қаласының талқандалуы, казак-орыстардың Москваның қолдауымен Жайық бойларын басып алуы, оның ықпалымен Гурий Назаровтың Жайық тармағына орналасуы Атырау қаласының жаңа даму кезеңін құрады. Соңында көне қалашық орны Жайық өзеніндегі қалашық, кейін бүгінгі Орал қаласы орнында Верхний Яицкий (Жоғары Жайық) қалашығының пайда болуына байланысты Нижний Яицкий (Төменгі Жайық) қалашығы атауын иеленеді. Араға уақыт сала Усть-Яицк қалашығы болып өзгереді. 1848 жылы В.Юматов «Оренбургские губернские ведомости» газетінде осы мәселені арнайы көтеріп, қала 1708

жылдан бастап Гурьев деп атала бастағанын жариялады. Мұны байқаған В.Фосс 1868 жылғы «Очерки Гурьева-городка» еңбегінде: «Қала ертеде, ХҮІІ ғасырға дейін Жайық қалашығы немесе Жайық өзені сағасындағы қалашық, кей кезде тас қалашық аталды. Қалашық ХҮІІ ғасырдың алғашқы жартысында (1640-1645 жылдар аралығында) қаланды» деп жазады. Орыс патшасының 1708 жылғы 18 желтоқсандағы жарлығында Қазан губерниясына бағынатын Астрахан қаласы қарамағына «Гурьев, Яицкий (бүгінгі Орал – Ә.М.), Красный и Черный Яр» қалалары берілген. 1732 жылы Астраханнан Хиуа мен Бұхараға барып қайтқан И.Г.Гербер өз жазбасында Гурьев қалашығында болып қаланың патшаға бағынуы үшін салынғанын растайды. Сонымен орыс патшасының Қазақстанды отарлауы барысында Атырау қаласы Жайық – Төменгі Жайық - тас Жайық - Усть-Яицк – Гурьев қалашығы болып өзгертіледі. Қазан төңкерісінен соң орнаған Кеңестік билік тұсында 1920 жылы Гурьев қаласы қызыл командир В. Чапаев есіміне берілгенімен, жарты жылдан соң Гурьев атауы кері қайтарылады. Бұл арада большевиктік биліктің отарлаушылар қалыптастырған атаудан аса алмағаны байқалады. Ал 1991 жылы 4 қазанда ел тәуелсіздігі қарсаңында Гурьев қаласы халық депутаттары кеңесі Гурьевті Атырау атауына ауыстырып тарихи ақиқатты қалпына келтірді. Сонымен бүгінгі Атырау қаласы тарихы ХІІІ ғасырдағы Ақтөбе-Лаэти – Үйшік – Құтлукент - Жайық - Төменгі Жайық - Усть-Яицк – Гурьев – Чапаев - Гурьев қалаларынан бастау алады. Олай болса қала тарихын ХІІІ ғасырдан бастауды ұсынамыз. Мұның өзі Атыраудың бай тарихын дәлелдеп қана қоймайды, сонымен бірге сан-ғасырлық ұрпақтар сабақтастығының еш үзілмегенін айғақтайды. Ал қала күні бұрынғысынша үйреншікті қазан айында атап өтіле берсе болады. Меніңше, қаламыздың Рухани жаңғыруы осыдан басталмақ.

Г.Р.Кубаева

Городской школа-лицей,

учитель географии, педагог-модератор,

г. Атырау

РОДОВЫЕ ЗНАКИ – ТАМГИ НА КЕРАМИКЕ САРАЙЧИКА

В самые ранние периоды истории нашего народа на территории Казахстана было немало значительных по величине и малых поселений городского типа, некогда слывших центрами оседлой культуры. Конечно, нельзя смешивать средневековое понятие «город» с его современным значением. К великому

сожалению, до нас дошли лишь единицы из этих городов, так как время стерло их не только с лица земли, но и со страниц истории. И нам следует найти следы исчезнувших городов, одним из которых является городище Сарайчик. Ведь когда – то Сарайчик был величественным городом. Мощный поток воды стал интенсивно подмывать непосредственно его территорию. В связи с этим не могут проводиться дальнейшие археологические раскопки. Большая часть этого города еще не исследована. Например, родовые знаки на керамике Сарайчика. Актуальность в том, что не все учитывают тот факт, что тамги – это наше славное прошлое. Мы не должны забывать, что это часть нашей истории. Тамга даёт ключ к познанию общей истории великого народа. А значение истории народа, его родовой и социальной структуры убеждает в его единстве, достигнутом благодаря поразительно тесному переплетению и связи его подразделений и родов. Тамги являют наглядный образ этого единства. Стоит только взглянуть на наши знаки, собранные вместе, как мы ясно начинаем осознавать, что наш общий дом. Знаки и их наименования сохраняли древнейшие слои этногенеза различных народов. Поэтому необходимо привлечь внимание ученых к тому, чтобы исследовать родовые знаки, так как они хранят много загадок, которые ждут своего разрешения, чтобы обогатить духовное наследие нации. Цель исследования: Расширить знания о городище Сарайчик. Исследовать родовые знаки на керамике Сарайчика. В качестве гипотезы было выдвинуто предположение о том, что тамги – это великое наследие тюркских народов. Новизна исследования и степень самостоятельности: Ученица самостоятельно окунается в такую сложную тему, проявляя интерес к данной теме. Анализ тамгообразных знаков может открыть для исследователей новые сведения о жизни местного населения, а также предназначении тамги. [1, 4 с.]

В ходе моей научно-исследовательской работы мне довелось побывать в городище Сарайчик. Я не смогла не воспользоваться такой отличной возможностью и не посетить один из древнейших памятников Казахстана. Прибыв в музей, нас встретил руководитель данного заведения Молдаш Бердимуратов, который знаком каждому туристу, хоть раз побывавшему в этом музее. Во время экскурсии увидела знаменитую могилу 7 ханов, включая легендарного правителя Казахского ханства — Касым хан, которые согласно легенде были захоронены в Сарайчике. Данная могила представляет из себя пантеон высотой 17 метров, внутри которого растет священное дерево и расположены таблички с именами ханов и годами правления:

- Мунке Темир (1266-1282 г.г.)
- Токтагу (Токты) (1291-1312 г.г.)
- Жанибек (1343-1353 г.г.)
- Амир Охас (14..-1447 г.г.)
- Касым хан (1511-1518 г.г.)
- Ших Мамай (1542-1549 г.г.)

• Жусип Хан (1549-1554 г.г.)

Смотритель музея рассказал про священное дерево, которое является местным объектом паломничества среди жителей всего западного региона в силу своих загадочных свойств, благодаря которым немало безнадежных людей обрели здесь свое исцеление.[3, 5 с.]

После осмотра пантеона, мы прошли в здание самого музея, где находятся многовековые свидетели древней цивилизации. Внутренняя часть музея позволяет своими глазами увидеть те артефакты, которые были найдены археологами на месте древнего города. Но в первую очередь в глаза бросается большой макет Сарайчика, который был практически окружен Уралом и для удобства чужеземных караванов были использованы плавучие мосты, которые были описаны древними путешественниками того времени. Далее следует обратить внимания на сохраненные предметы быта, хозяйства, а также останки животных, которые были найдены в результате археологических раскопок. Посуда Сарайчика впечатляет. Глиняные тарелки, кувшины, миски и др. расписаны красивейшими узорами, покрыты эмалью, лаком. Найденные осколки стеклянной посуды говорят о том, что мастера-стеклодувы владели уникальной техникой изготовления стеклянной посуды, по которой золотая пыль или стружка смешивались с горячей массой стекла и потом уже выдувался сосуд. Как говорит экскурсовод, в то время такой техникой никто не владел. Также в музее можно встретить серебряные и медные монеты того времени и много драгоценных ювелирных изделий. Помимо всего прочего до наших дней дошел рукописный Коран, который сегодня является одним из главных музейным экспонатом. После этого посетила место раскопок. Многочисленное количество костей разбросано по всей территории. От величественного города почти ничего не осталось. Нужно принимать срочные меры по укреплению берега реки Урал.

Несомненно, после визита в музей, начинаешь проникаться историей Казахстана с новым интересом. Поэтому, чтобы еще глубже узнать про этот город, я отправилась в краеведческий клуб «Мирас» института нефти и газа. Меня, как правило, интересовали керамические изделия, коль такая тема. И среди многочисленных экспонатов, я обнаружила непонятные знаки на ручках некоторых кувшинов. Я обратила внимание на то, что знаки, изображенные на ручках, имеют следы каких-то картинок. Сначала я не поняла, потом выяснила, что оказывается это некоторые тамги – название родов.

Мною была прочитана книга А. И. Левшина «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей», где я обнаружила сведения о тамгах, которые увидела на ручках кувшинов. [2, 3 с.]

У автора этнонимы нескольких родов Младшего жуза искажены. По-видимому, основной причиной этого являлись особенности перевода с казахского языка на русский. Корпус переводчиков верстался, как правило, из поволжских татар и башкир, которые произносили казахские имена, этнонимы и

топонимы согласно законам своих языков. Ниже приводятся точные наименования родов. В начале, дано написание А.И Левшина, затем русское написание, и далее казахское: каракисяк – каракесек – қарақесек; китя – кете – кете; дюрткара – торткара – төртқара; чумекей – шомекей – шөмекей; чикли – шекты – шекті; алача – алаша – алаша; исентемир – есентемир – есентемир; черкес – шеркеш, или серкеш ; тиляу – телеу – телеу. Знаковая система с её архаическими уровнями вкупе с древними преданиями позволяет наметить вехи для объективных исследований. Поэтому материал казахских тамг и очень интересен и очень сложен. С одной стороны авторы родословных стремятся создать стройную, внешне непротиворечивую систему родоплеменных связей, с другой сложная многовековая история становления народа сопротивляется этой подгонке и как раз тамги казахских и других тюркских и монгольских родов наглядно выявляют это противоречие. Такая ситуация породила обилие вариантов родословных и различных точек зрения историю народа. Известны примеры того как тамги становились средством для решения сложных проблем нашей истории, к сожалению скудного освещённой письменными источниками. Тамги обладают еще одной примечательной особенностью, роль которой в наше время неопределима. Тамга даёт ключ к познанию общей истории великого народа. А значение истории народа, его родовой и социальной структуры убеждает в его единстве, достигнутом благодаря поразительно тесному переплетению и связи его подразделений и родов. Тамги являют наглядный образ этого единства.[6, 35 с.].

Далее, я бы хотела выяснить, к какому роду принадлежали эти родовые знаки. В ходе исследования и присвоения знака к определенному роду, мне удалось увидеть знаки следующих родов: төлеңгіт, ысық, шеркеш, төртқара, жалайыр, тама, қаракесек. Также во время осмотра Атырауского областного музея я увидела амфору. Оказывается, во время осмотра береговой полосы Урала на видимом культурном слое древнего Сарайчика был обнаружен фрагмент разбитой амфоры. По всей видимости, остальные кусочки были уже под водой. На одной из ручек четко видна тамга (родовой знак). В верхней части она напоминает свастику, а в нижней – расширяющийся к основанию треножник. Наверное, эта амфора в свое время использовалась для розлива вина либо других напитков какого-либо рода-племени. Заинтересовавшись этой сложной по своему рисунку тамгой, я хотела понять к какому роду или племени она относилась. Традиционно тамги имели простую и неизменную форму. Возможно, поэтому мы имеем довольно мало двойных знаков, которые были бы составлены из простых. Дополнительные линии или знаки всегда были соединены с базовым знаком. Однако в результате деления племен, вновь возникшие подразделения обычно добавляли несколько штрихов к главному знаку, или, сохраняя первоначальную форму тамги, они просто меняли ее положение. Как раз таки эта тамга представляла собой сложный рисунок. Но если смотреть без некоторых

линий, которые возможно просто являлись штрихами по отношению к главному знаку, то я предположила что это ногайская тамга. С другой стороны, в связи с тем, что через Сарайчик проходил Великий Шелковый путь, возможно, эту амфору привезли из другой страны, а следовательно и тамга, изображенная на ней, могла быть торговым знаком какого-либо мастера.

В целом, отнести некоторые тамги к определенному роду не удалось, в связи с тем, что они относятся к нескольким родам, то есть знаки частично совпадают. Например, казахские тамги частично совпадают с башкирскими. Это связано со сложным этногенезом этих родственных кыпчакских народов. Некоторые древнетюркские племена могли принять участие в этногенезе сразу нескольких народов. Так, табынцы влились в состав, как казахов, так и башкир. Вследствие этого тамги у этих народов также могли быть похожими или частично совпадать. Остальные, к сожалению, не сохранились полностью, кувшины разбитые, и отнести их к конкретному роду не удастся. [4, 28 с.]

Результаты археологических раскопок и имеющиеся материальные памятники позволяют сделать выводы о том, что развитие и расцвет города Сарайчик относятся к 14 веку. Безусловно, он был одним из политических, торговых и культурных центров эпохи Золотой Орды. В итоге научно-исследовательской работы, изучив литературу по данной теме, я пришла к выводу, что тамга играла большую роль в жизни родов. Каждому роду был выдан один знак – одна тамга. Тамга используется в качестве тавра для скота, "знака качества" на предметах оружия или архитектуры, или родового символа на могилах. Я считаю, что они ставили эти знаки для восхваления своего рода. Тамги – это как буквы алфавита, каждый род имел одну букву, но все вместе составляли алфавит. Каждая тамга имеет свое значение и богатую историю, которая иногда может рассказать больше чем родословные и письменные источники. Трудно пока твердо ответить на вопрос, какими функциями они еще обладают. Изучение родовых знаков – дело не из простых. Поэтому, я собираюсь продолжить свои исследования в этой сфере, изучая тамги не только на керамике, но и тамги в целом, также лучше изучить загадочные линии тамг, используя те знания, которые я получу в будущем. Ведь я считаю, что изучение тамгообразных знаков может открыть новые сведения о жизни местного населения, а также предназначении тамг. Что касается вопроса по сохранению города, то, надо принимать срочные меры, чтобы продолжать археологические раскопки. Ведь каждый предмет, добытый кропотливым трудом и сохраненный для нас великой природой, будь то художественная керамика, бляхи с мифическими изображениями, украшения, монеты и другие, несет поток из того времени, который мы не можем пока полностью расшифровать, отражает огромный духовный мир предков казахского народа. Мои предложения:

- 1) Бетонная защита территории раскопок со стороны реки Урал;
- 2) Продолжить ведение археологических раскопок;

- 3) Особое значение уделить тамгам;
- 4) В память о городе Сарайчик создать музей под открытым небом, туристический центр.

ЛИТЕРАТУРА

- 1) Тасмагамбетов И., Самашев З. «Сарайшық». Алматы, 2000г.
- 2) Ермұханов Б. «Сарайшық – қазақ хандығының тұңғыш астанасы». Атырауская областная газета «Атамекен». №28, 2004г.
- 3) Алимгереев У. «Сарайчик». Атырау, газета «Прикаспийская коммуна», 27 апреля 1999г.
- 4) Самашев З., Кузнецова О., Плахов В., «Керамика Сарайчика». Алматы, 2008г.
- 5) Соколов Д. «О башкирских тамгах». Оренбург, 1904г.

Б. Т. Мадирова

Еңбекші жалпы орта мектебі,

тарих пәні мұғалімі

Құрманғазы ауданы Жұмекен ауылы

ЖЕР-СУДЫҢ АТЫ, ТАРИХТЫҢ ХАТЫ

Алысқан дұшпанынан асқан әлі,
Кеше де ел болғанбыз астаналы.
Қазақта елдік, бірлік өнегесі,
Осынау Сарайшықтан басталады.

(Нұралы Әжіғалиев)

Біз бүгінде кейбір қалаларымыздың ізін тауып, олардың өмір сүрген дәуірі, сәулеті мен мәдениеті, экономикалық кескін-келбетін анықтау, кешегі тарихты бүгінгі таным-санамен бағамдау жолында жұмыс істеп келеміз. Сондай қалаларымыздың бірі – Сарайшық.(1-сурет)

Тарих десек, Сарайшық аты аталса, Н.Ә.Назарбаевтың Астана қаласының қоныс тойында сөйлеген сөзіндегі “Біздің далалық мемлекетіміздің бірнеше мыңжылдықтарды қамтитын тарихы бар. Оның әрқилы кезеңінде, әрқилы өлкемізге орда қонып, ту тігілген. Біреулердің саяси дәурендеуі әлденеше ғасырға созылса, біреулерінікі бірнеше айлармен шектелген. Соған қарамастан, оның қай-қайсысы да біздің ұлттық тағдырымыздың ең талма кезеңдерін иеленді. Сондықтан да батыс бетіміздегі Сарайшық, Астана, Байтақ, күнгейіміздегі Суяб, Баласағұн, Тараз, Сайрам, Созақ, Түркістан, Сығанақ, Сауран, Жаңакент,

Қозыбасы, Ақмешіт, Сарарқадағы Ұлытау мен Ордатау, Көкшетау мен Алаштың аттары аталғанда ет жүрегіміз еріксіз елжіреп қоя береді” деген жолдары оралады. [6]

Қасиетті Құрманғазы топырағы тұнба тарихымен сабақтасып кеткендіктен бір-бірінен бөле қарауға әсте болмайды. Өйткені жер тарихы- ел тарихы.

«Топономика»- грек сөзінен аударғанда «топос» -жер, орын, «ономос»-атау деген мағына береді. Топономика – географиялық атаулардың шығуын, дамуын, формасы мен мағынасын, грамматикалық безендірілуін зерттейтін ғылым саласы.

Жер-су атаулары – картаның маңызды элементі, сондықтан да оқушылар неғұрлым жер-су атауларын жетік меңгерсе, соғұрлым картамен жұмыс жасауы да жеңіл тиеді. Бұл атауларды зерттегенде қарт тұрғындардың, мұражай құжаттарында сақталған топономика жөніндегі мағлұматтарды пайдаландым.

Мәңгілік еліміздің батыс қақпасы саналатын Құрманғазы ауданы іргесін кеңге жайып, тарихқа бай шежіресімен тұнып жатыр.

Туған жер әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қазбасқан, қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі. Олай болса, өз өлкеміздегі жер су атауларының шығу тарихын зерттеу арқылы білу біздің басты міндетіміз.

Мен сіздердің алдарыңызға ұсынып отырған жұмысымның тақырыбы:

«Жер судың аты-тарихтың хаты».

Мақсаты: Ғылыми ізденіс арқылы өлкеміздегі жер су атауларының шығу төркінін, мағыналарын және атаудың қалыптасу тарихын ұғындыру.

Құрманғазы ауданындағы жер су атауларының шығу тарихына тоқталсақ:

1) Аудан орталығының Ганюшкин атауы – тарихи деректерге сүйенсек біріншіден сол мекенге алғашқы қоныстанған адамның, екіншіден балық саудасымен айналысқан саудагердің фамилиясы. Кейіннен жергілікті халық **«қанішкен»** деп атап кеткен.

«Қошалақ»- қасиетті, киелі жер. Қошалақтың бұл атауы монғолдардың «хашалаг- айналасы қоршалып, мал жаятын орын, не мал қоралары бар жер» деген ұғымды білдіреді.

«Бесшоқы»- Қошалақтан Азғырға бағыттаған күре жолдың бойында «Бесшоқы» деп аталатын биік дөң қалады. Оны жергілікті тұрғындар **«Тау»** атаған. Бұл жерде үлкен үлкен бес төбе болған, осыдан «Бесшоқы» аталған.

Келесі тарихи жер атауы: **Кененбай үңгірі**- Кененбай үңгірі туралы ел ішінде аңыз көп. Бірақ соның ішінде шындыққа жанасатыны Кенебай есімді діндар адам үңгірді ел балаларын діни сауаттандыру үшін медресе ретінде пайдаланған.

«Ойық» - жер аты,1911 жылы мамыр айының аяғында қатты жаңбырдағы найзағайдан осы жер ойылып, құдық пайда болған. Қабырғасы жақпар-жақпар тастардан тұратын құдықтың суы қысы-жазы бір деңгейд тұрады. Тіпті өткен

ғасырдың 80-жылдары бұл арада ферманың 3 мың сиырын бір сәтте қатар тұрып сіміргенде әлгі құдықтың суы бір еліге төмен түспепті.

«Қиғаш» -өзен және ауыл атауы. Түркіше қиғаш сөзі. «қисық», бұралып, теріс ағатын өзен. Қиғаш өзенінің бойында бірнеше елді мекен орналасқан, олардың біреуі «Қиғаш» есімімен аталады.

Қадырка - жер, өзен атауы. Жердің атауы Қадыр есімді беделді адамның атымен байланысты. «Оспантерек» атауы осы адамның баласының жұрты деген сөз бар. Оспан-егіншілік, бағбандық кәсіппен айналысуына байланысты қоныс «Оспантерек» аталған.

Фриедеман Гебель 1794жылы 21 ақпанда Германияның Вейлер қаласының маңында дүниеге келіп, 1828 жылдан өмірінің ақырына дейін (мамыр, 1851ж) Эстониядағы Дерпт (қазіргі Тарту) университетінде химия және фармация профессоры міндетін атқарады. Ресейдегі тұңғыш фармация институтының негізін қалған ғалым. Ф.Гебель Ресей Ғылым академиясының тапсыруымен төменгі Еділ Жайық аралығындағы далалықты зерттеу мақсатымен ғылыми экспедицияны бастап 1834ж 21 қаңтарда Дерптен аттанады. [1,15 бет]

Ф.Гебель экспедициясы мүшелері Қара және Каспий теңіздері ежелде бөлініп кеткенбе біртұтас теңіз болдыма жоқ о бастан бөлек пайда болған ба деген сұраққа жауап табу мәселесін қойды. Іргелес аймақтардың Геология, рельефін зерттеп суларын салыстыру, химиялық анализ жасау қажеттігін жақсы түсінді. Теңіздер маңындағы тұзды көлдердің құрғап қалған тұз қабаттарын, вулкандық балшықтарды, газ тәріздес буларды флорасы мен фауналарын зерттеуге тиіс болды. 15 сәуірде Камышин қаласы тұсынан Еділ сол жағалығына өтіп, сахаралықтарына жетеді.

Эльтон тұзды көліне зерттеу жүргізеді. 23 сәуірде қазақ ждаласына келіп Жәңгірдің қабылдауында болады. Ханнан сыйлыққа сабына оның есімі ойылып жазылған қанжарын, ауқатты қазақтардың өмірінен алынып, салынған бірнеше сурет көріністерін алады, инженер Тафаев сызған Бөкей қандығының картасымен танысады. Дарынды ғалым аса шеберлікпен осы картаның көшірмесін қағазға дәлдеп түсіріп алады. [16-17 -бет]

Индер тауының тұзды көліне соғып, зерттейді, тұзды судың анализін алып өсімдіктерін жинайды. Мамыр айының бас кезінде Гурьев қаласына жетіп, бір аптадай Каспий теңізіне шығып, Пешной аралында екі тәулік бойына теңіз суына химиялық анализ жасап жайықтың жағасын картаға түсіреді. Атыраудан батысқа-Астраханьға келе жатып, жолшыбай зерттеу барлау жұмыстарын тоқтатпайды. Ф.Гебель Жаманқала, Махамбет, Исатай аудандарының сол кездегі уездік қала Красный-Яр арқылы Астраханьға келеді, біраз демалып қазіргі Құрманғазы ауданына қарасты Кордуан деп аталатын 17 тұзды көлдерге күрделі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сулары, балшықтарына химиялық анализ нәтижесінде Ф.Гебель Кіші Кордуан көлінің қышқылды тұзынан сода өндіруге болатынын дәлелдеп, сол кездегі Астрахань дәріханаларының қожасы

К.И.Оссенің 1839-1860 жылдар бойына өндірістік әдіспен осы көлдің тұзынан сода шығаруына жол ашады.

Кордуан шығу тегіне назар аударып, оның этимологиясын татар тілінен туындатуы және мағынасын түсіндіруге тырысуы таңданарлық. Ғалым Кордуан тұлғасы «Қар және дуан» болып екіге бөлініп, олар татарша «қар ериді», яғни биік далалықта қар ұзақ жатпайтындықтан, «қарсыз дала» деген мағына береді деп пікір айтқан. [1, 17 бет]

Осы атаудың этимологиясын XVI ғасырдағы (1627ж) «Үлкен сызық» кітабынан анықтап, оның Ф.Гебель түсінігіндегідей Кордуан да, Тіл білімі институтының професорынан келген «Хордобун»-да (монғ «Қара төбе») емес, түрікше «Карадубан» немесе «Карадубин» тұлғасында болып шықты. Сөйтіп бұл атау түркі тілдеріндегі «дуван», туван, тойн, дуен» деген сөздер негізінде туындаған «емдік қасиеті бар», «қара балшық, лай» көлі немесе осындай «балшықты тоған» болып шықты. [1,18 бет]

Кордуан көлдерін зерттеп болған соң Ф.Гебель Қазақстанның батыс шекарасына таяу жатқан Азғыр (монғ «арзағыр», арызғыр-«арсиған», «ойлы-қырлы»), Богдо (монғ, «қасиетті» және Чапчачи (монғ «Шабылған») тауларына барып, ондағы тас тұздар мен тұзды көлдердің суын зерттеп, Владимирова селосының тұзынан Еділден батысқа өтеді де Дон-Қырым далалықтарында болып Дерптке қайтып оралады. [1,18 -19 бет]

Құрамында Гесс, Бэр, Ленц және Бонгорд сынды әйгілі ғалымдар енген Ресей ғылым академиясының жоғарғы комиссиясы Ф.Гебельдің осы еңбегін Демидов сыйлығына ұсынған.

Азғыр- елді мекен, ауданға қарасты Ресейдің Астрахань губерниясымен шекаралас ауыл, осы ауылдың маңында Азғыр ядролық сынақ полигон орналасқан. Атау туралы түрлі пікірлер бар. Е.Қойшыбаев

Аз (этноним) және **қыр** сөздерінен жасалған түркілік аздар қыры (**азские холмы**) десе, М.Қожанұлы осыған жақын аз халқы мекендеген тау мағынасына қарап көне түркілік тілдік қабатқа жатқызады. Жергілікті өлкетанушы М.Жолжанов монғол тіліндегі шоқылы, шатқалды ырсиған мағынасындағы арзгар сөзінің фонетикалық өзгерістерге ұшыраған нұсқасы деген. «Түркі (қазақ) және монғол халықтарының тарихи мәдени байланыстарының топономияда бейнеленуі» тақырыбындағы зеттеуінде Ғ.Сағидоллақызының тұжырымдамасы бойынша Азғыр-Қазақстан территориясында малға қатысты монғолдар қойып кеткен атаулардың бірі, монғол тіліндегі **азрага** қазақ тіліндегі айғырлексемасына сәйкес топономиялық мағынасы **қомақты, үлкен**. [2,52- бет] Жер су атаулары тілдесе білгенге ғана тереңнен сыр шерте алады. Тек оларды ежіктеп оқи білу мен қатар байыптылықпен зерттеп, уақыт шаң - тозаңынан тазартып ала білуіміз қажет- ақ.

Қанишкен (Ганюшкин) –Құрманғазы ауданының орталығының қазақтар тіліндегі аты. Бұл орыс фамилиясынан дыбыстық сәйкестікке негіздеп жасалған

атау. Мұны түсіндіріп жатудың қажетті жоқты, бірақ халық сенбегендіктен өте қысқаша болса да айта кетуді жөн көрдік. Адамзат тарихында қан төгілмеген жер кемде кем шығар, бірақ осы атаудың жалғыз болуы оларды неліктен ойландырмайтынын түсіне алмадық. Бұл ғылымда жер су атауына жиі қоятын ал екіншісін тіпті оларға жақындатпайтын қатал заңдылық бар, міне осыны білу керек, сондықтан Қанішкен атау Ганюшкин фамилиясы өзгерген түрі. [1, 264-бет]

Ганюшкин төбе Ганюшкин (кісі фамилиясы)+төбе (зат есім, географиялық термин) сөздерінен жасалған біріккен тұлғалы топоним. Қазақ тілден бейімделіп мағынасы өзгертілген түрі Қанішкен төбе. Ел аузында осы жерде қазақ пен қалмақ арасында соғыс болған деген әңгімелер айтылады. [2, 56-бет]

Қошалақ – еліміздің екі облысындағы жер аты. («алаң, алқап, оңаша орын») Кошлаково, Кошляки дегендер Ресей мен Украина да бар. Біздіңше нақты бір мән бере қою қиынның қиыны сияқты. Қашлак (тат) «биіктік баурайы», қашалық «малды айласы қоршалған жерге бағу»; екі көш (қош+лық «көш-қонды жер») Біздіңше қошалақ малды отарлап бағатын шөбі шүйгін жер» [1, 194бет]

Басқа мәліметтерді қосып, жатып, біріктіріп әуре болмай-ақ якут тіліндегі бір ғана «хочолох» сөзін алсақ та мына біз көлденең тартып отқан қазақ сөзі «қошалақ»-тан бөле жара қарауға ерік бере қоймайды. Оның мағынасы біз сипаттаған жер бедерімен қабысып жатыр. Сол якут тіліндегі «хочо» мен «алпы» немесе «алас» сөздерін біріктірсекте, қошалақтан тұлғасы мен мағынасы онша алшақ кетпейтіндігі көрініп-ақ түр. Сөйтіп «қошалақ»-тың тұңғыш мағынасы – алқап, алаң, оңаша орын» болған. [3,33бет]

Бесшоқы- қошалақтан Жиделіні жиектеп Азғырға бағыттаған күре жолдың бойында «Бесшоқы» деп аталатын биік дөң қалады. Оны жергілікті тұрғындар бағзы заманнан бері «Тау» атайды. Оның «Дәрмен», «Құдайберген», «Қонар» деген биіктері бар. Бесшоқыда құпиясы мол қатпар тастардан тұратын бірнеше ойықтары бар. Негізгі «Ойықта» мол су көзі бар. (Есмұхан Жанизин)

Сол Бесшоқының бір басында ауызға алар айшықтар көп. Оның құбыла бетіндегі мың сиыр суарсаңда мыңқ етпей, баяғы қалпын сақтап тура берер мөлдір сулы құдығы, күні кешеге дейін төсінде ирелеңдеп алдыңды кесер құлаш-құлаш білектей қара жыланы туралы аңызды айтсаңшы. (Ө.Әлімгереев 128 бет)

Бесшоқы –Каспий ойпатындағы қырат. Ертеде бұл жерде үлкен бес төбе , тау- сымақ болған, содан «Бесшоқы» аталған. Осы төбелердің ортасында «Кененбай» үңгірі бар.

Кененбай үңгірі- Құрманғазы ауданы Каспий ойпатындағы Бесшоқы қыратында орналасқан. Үлкен бес төбеден Бесшоқы атауы шыққан. Төбе көлемі оңтүстік- батыстан, солтүстік-шығысқа 20 шақырым созылған, ені 8-12 метр, биіктігі -14 метр, Кененбай үңгірі судың шайуынан пайда болған табиғи үңгір. Ауызы, тереңдігі -4метр сайда орналасқан. Диаметрі 20 метр, биіктігі 3-4 метр қатпарлы тастардан тұрады. [2, II том], (2-сурет)

Үңгір жайлы ел ішінде аңыз көп, жанындағы құдық (ойық) туралы да түрлі әңгімелер бар. Бірақ бар әңгіме шындық, ол кезінде Кененбай есімді діндар жанның аталған үңгірді ел балаларын діни сауаттандыру үшін медресе ретінде пайдаланғандығы. Кененбай үңгірі Бесшоқы тауының арқа шығысында орналасқан. Ол жайлы алғашқы ғылыми деректі И.Б.Ауэрбах еңбегінен тым қысқа түрде кездестіреміз. Ал, нақтырауқ негіздері И.В.Головачевтердің 1998 зерттеуінен оқуға болады. [4, 129-138-бет] И.Б.Ауэрбах еңбегінде «үңгірге қанаттас жатқан қазақтар бұл жерде құлшылық орнына айналдырып, мезгіл-мезгіл дұға жасайтын көрінеді» -деп жазыпты. Бұлда сол бір Кененбай діндардан басталған сұпылық ұстанымның ақ жолы болса керек. [4, 130 бет]

Ақжонас-ауыл. Атау жайлы екі болжам қалыптасқан. Біріншісі, Қалмақ қызы Ақжүністің аты бертін келе Ақжонас болып өзгерген деген болжам. Екінші болжам атаудың мағынасымен байланысты. Мысалы, М.Қожанұлы бұл сөз монғолдың «эхе» - «аға» және «чинос» немесе «жонас» -қасқыр сөздерінен шыққан, сондықтан «аға қасқыр», «ұлкен қасқыр» деген мағына береді.

Қадырқа- жер, өзен. Қазақша Қадыр антропонимінің орысша айтылуынан пайда болған, ерте кезде өмір сүрген Қадыр есімді беделді адамның атымен байланыстырып жүр, ұрпақтары қазіргі кезде осы ауданда өмір сүріп жатыр. Еңбекші селолық округінде орналасқан Оспантерек атауы осы адамның баласының деген сөз бар.[5,61 бет]

Қадырқа- Оспан әулетінің ата қонысы. Екіншілік пен бағбандық өз несібелерін айырған. Оспанның оның баласы Қадірдің бір қауым елдің ырысына айналған, жайқалып құлпырған алша бағы, бау-бақшасы, мақталық, жүзімдік алқаптары болған. Өндірген өнімнің артылғанын өздерінің саман тастан салынған дүкендерінде сатып отырпты. Ганюшкинмен екі ортаға ағылған Жанбайлықтар өздеріне тансық бақшалық өнімдері сатып алып тұрған. Қадірке деп те атап кеткен солар көрінеді.

Кеңес үкіметі орнаған соң мойынтұрыққа, жолдастыққа бірігіп, Забурыннан балық аулады, ауылдар бала-шаға, әйелдер екіншілікпен бағбандықпен айналысты. Халқымыздың тарихынд қанмен жазылған сталиндік зұлмат жылдардың жасықсыз құрбаны болған әулетінің басын атүскен шырғалаңды осы әулетінің ұрпағы Мәжиттің келіні Қадырова Қалиса апай әңгімесінен. «Тәлкекке түскен тағдырлар» [7], (серпер 25 қыркүйек 1996ж) Мәжит Қадыров ҚР-ның балық өнеркәсібіне еңбегі сіңген қызметкер.(3-сурет) «Дүниеде әрбір бөлек жердің аты, Себеппен қойған бәрі елдің аты», – деп белгілі ақын С.Сейфуллин нақ туып айтса, атақты М.Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Кайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деп орынды нақты суреттеген. Демек, топоним атаулы тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне


қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді.[7]

Ғасырдан ғасырға, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, жалғасынтауып отырған жер-су атаулары, тұнып тұрған бай қазына, ғасырлық тарихи жәдігер, тозбас мәдени мұра екендігіне дау жоқ. Сондықтан да соңғы жылдары оларды жинап, саралап жіктеу, ғылыми тұрғыдан зерделей зерттеу, жер-су атауларының сөздіктерін шығару жұмыстары біршама қолға алынып келеді. Әрине, бір ғана атаудың түп-тамырын зерттеудегі еңбек қаншама күш-қуатты, жүйкені, сабырды қажет етеді. Сонымен, жер-су атаулары – ғажайып тарих. Осы орайда «Әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты елді мекен, жер-су атаулары мен адам аттарының атадан балаға жалғасып жататын жақсы дәстүр бар» деген Ш.Уәлихановтың пікірі ойға оралады. Дәстүрді жалғастыру мақсатын қолға алынған бұл еңбек, бүкіл ұрпақ қажетіне жарату бағытында, жан-жақты, соны, сындарлы қаралып, зерттелуі қажет екендігіне баса назар аударылды.


Жұмыстың нәтижесінде, жер-су аттарының тарихын терең түсінуге септігін тигізетін көмекші құрал ұсынылады.

Өз өлкеміздің жер су атаулары зертеліп болды деп толық айта алмаймыз. Ойламаған жерден көріне қалар құпия сырлары ашылуы мүмкін. Жас ұрпақтың өз өлкесінің жер су атауларын білуі- туған жердің тарихын білуі. Өскелең ұрпақ бойында өз өлкесінің тарихын тани білуге деген құштарлық сезімін ояту біздің басты парызымыз.


Құрманғазы - құт мекен,
Сырларға толы қойнауы.
Өлкелер жайлы толғашы,
Келер күннің ұрпағы.




21. Кененбай үңгірі



Кененбай үңгірі. Қыпшақтар аумағы



Бесшоқы ұырғызтерінің ішкі көрінісі. Құрманғазы ауданы



*Бесшоқы
ұырғызтерінің ішкі
көрінісі.
Құрманғазы
ауданы*

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Жолжанов «Қазақстан тарихы, тіл әдебиеті және топонимикасының өзекті мәселелері» ЖШС «Ақжар-АБК» 2017 ж
2. Атырау облыстық тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы», «Атырау-Алматы» 2012 ж
3. Ә. Нұрмұханбетұлы «Жер су аты-тарихтың хаты»
4. Ө. Әлімгерейұлы «Үстірт пен Үйшік Азау арасы», «Абзал – Ай» баспасы, 2018 ж
5. Ө. Әлімгерейұлы «Үлкен шаңырақтың ұрпақтары»
6. https://taisoigan.kz/tarikh-iketanu/article_post/sarayshyk-sazdary
7. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары.- Алматы: Қаз.ССР ҒА баспасы,

Р.А. Жұмагелдиев

Еңбекші жалпы орта мектебі,

8 сынып оқушысы

Құрманғазы ауданы Жүмекен ауылы

«ӨЛКЕТАНУДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯ»

Менің туып-өскен мекенім қазақ еліндегі Ұлы даланың бір қыры болар - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Жүмекен ауылы. Атырау қаласы Қазақстанның батысында, Жайық өзенінің бойында орналасқан. Ал Құрманғазы ауданы - тоғыз жолдың торабындағы еліміздің Ресеймен арадағы батыс қақпасы саналатын киелі өлкенің шөбі шұрайлы, халқы жылы шырайлы, талай танымал

тұлғаларды сыйлаған қасиетті мекен. Дүлдүл күйшілер мен бұлбұл әншілердің, еңбегімен елге танылған майталман малбегілердің кіндік қаны тамған аудан. Сол ауданда әлемді әнімен дүниежүзіне танытқан ақын Жүмекен Нәжімеденов ауылы бар. Жүмекен ауылында туып өсіп келе жатқаным мен үшін үлкен мақтаныш.

Өзімнің кіндік қаным тамған жерім, туған өлкемді зерттеумен үшін –оның әсем табиғатын аялау, ата - бабамыз мұра етіп қалдырған кең жасыл өлкенің тарихын білу, насихаттау бүгінгі ұрпақтардың парызы екенін ұғыну. Мақсатқа жету үшін алдыма мынандай міндеттер қойдым:

1. Зерттеу тақырыбы бойынша Жүмекен ауылының өлке тарихы туралы әдебиеттердегі мәліметтерді талдау.
2. Ауылдың тарихымен, мәдениетімен танысу.
3. Өлкетанудағы этнография саласы.

Қазіргі қоғам рухани жаңғыру бағытында - ұлттық; және жалпы адамзаттық терең туыстық сезімі арқылы өтіп жатқан, өзін-өзі анықтау мен ұлттық жаңғыру процестері өзгеріп жатырған кезең. Ұлттық тарихты бізге білу қажет, себебі онда жаңа қоғам құрылысшыларының, қасиетті күш-қуаты жинақталған. Патриотизм, бабалар ісіне деген мақтаныш әр адамда болуы керек. Өлкетану деп белгілі бір аймақты жан-жақты зерттеп тану ісін айтамыз. Әдетте, ондай зерттеуге өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуы, сондай-ақ, оның табиғи сипаты нысан болады. Бүгінгі күні мектепте Өлкетану пәні оқыту бағдарламасы қосылды. Бұл пән өлкеміз туралы ақпарат беретін негізгі сала болып табылады. Өлкетану оқушылар көзқарасын кеңейтеді. Отаншылдық тәрбие қалыптастырады.

Өлкетану мектеп қабырғасында тәрбиелік мәні бар пән. Оқушылардың іздену жұмыстарын дамытады. Оқушылардың ізденушілік, зерттеу жұмыстары бағытында мектеп бағдарламасынан тыс тапсырмалар беріледі. Жергілікті материалдар отандық тарихтың бөлінбес бөлігі ретінде қарастырылады.

Әрбір адам үшін оның туып- өскен өлкесі, қаласы немесе ауылы, үйі, күнде жүретін көшелері қымбат. Ол өлкеде өзің оқитын сүйікті мектебің, аса қымбат достарың бар. Онда ел мақтан тұтатын адамдар өмір сүріп, еңбек етеді. Менің ауылым – Жүмекен Еділ өзенінің Өлеңті тармағын бойлай, құрақ, қамыс өскен шалғынды-батпақты шөлейтті белдемде орналасқан. Алғаш іргесі 1930 жылы ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға байланысты қаланды. Алғашында “Өлеңті” ауылдық кеңесінің орталығы болды. 1976 жылы ұжымшар негізінде ұйымдасқан 25-партсъезд атындағы қой кеңшары мен Еңбекші ауылдық кеңесінің орталығына айналды. 1996 жылы кеңшар таратылғаннан кейін, “Ақжонас” өндірістік кооперативі құрылды да, ауылға ақын Жүмекен Нәжімеденов есімі берілді. Өлке тарихы ел тарихымен, сол өлкеде өмір сүретін халықтың ана тілімен тығыз байланысты. Туып-өскен жерің, ана тілі мен халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қастерлеп, аялау—оқушылардың

парызы. Өзімнің ауылымдағы өзім оқитын Еңбекші жалпы орта мектебіндегі тарих пәні мұғалімі Болдыхан Тілепқызының жетекшілігімен құрылған мектеп мұражайы туралы айтқым келеді. Мұражайға саяхат жасауға қалай қарайсыз?... Ендеше саяхатымызды бастайық. Мұражай – елдің тарихын, мәдениетін және өркениетін айғақтауда маңызды роль атқаратын тәрбиелік орын. Ауылдық жерде білім мен тәрбие ошағы-мектеп болса, адам көңілінің ажары болатын мәдени орын- мектеп мұражайы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында оқушылардың «Туған жер» тарихын тануына ықпал жасаған.

Мектеп мұражайы өлкетанудың не екенін ұққызарлықтай өлкеміздің тарихы мен тыныс тіршілігі туралы да жинақталған этнографиялық тұрмыстық құрал – жабдықтар жинағы бар. Солардың кейбіріне тоқталғым келеді.

Мұражайда осы өлкені мекендеген халықтардың тұрмыстық бұйымдары мен киім кешектері, көне қолжазбалар мен нумизматика бөлімі бойынша көне ақшалар, ата-бабаларымыздан мұра болған тұрмыстық құрал-жабдықтар жинағы орналасқан.

Мұражайдың бір бұрышы Ұлы Отан соғысына қатысқан өлке ардагерлеріне арналыпты. Жергілікті ауылымыздан шыққан ел қорғаған азаматтардың есімдері жазылған тақта. Соғыста ерлік көрсеткен адамдардың суреттері мен олардың майданнан жазған хаттары, орден-медаль, т.б. заттары қойылған. Ардагерлердің соғыстағы ерліктері, соғыстан кейінгі ерен еңбегі туралы баяндалған деректермен де осы бөлмеде танысуға болады. Біздің еліміздің мақтанышы – Кеңес Одағының Батыры, Мұқат Мусаевтың өмір жолы туралы мәліметтер ерекше қызықтырады. Өлкетану музейіне келген адам өз өлкесінің өткені мен бүгінгі хал-ахуалынан толығымен хабардар болып, тарихына деген үлкен ризашылық сезіммен қайтады. Туған жер жайлы жинақтаған мәліметтер біздің өлке туралы білімімізді кеңейтуге мүмкіндік береді. Өлкетанудың аса маңызды міндеті – өзіміз тұратын өңірдің табиғаты мен мәдени ескерткіштерін қорғау, оларға қамқорлық жасау болып табылады.

Туған жерді қастерлеген, туған жерін арттыруға, замануи озық өркениет үлгілерін дамытуға деген қазақ халқының сүйіспеншілігі зор. Қазақ халқы қашанда ұлттық киімдерді қадір тұтқан. Жеті қазына, жеті кие, жеті қат жер, жеті ата тазалығына аса мән берген. Әйел ұлтты тәрбиелейді, келген қонаққа ас ұсынған әйел атаулының киген киімдері арқылы ата – бабамыз елдігімізді таныған. Күнделікті тұрмыс құралдары, дәстүр салт арқылы ұрпағын үздіксіз тәрбие бесігінде тербетіп отырған. Қазақ халқы киімге аса мән берген. Ешқандай арнайы фабрикасы болмай, ақ ешбір оқу бітірмей – ақ ұл-қызының киім-кешегін өздері тіккен. Ұлттық киімдерімізді пайдалану, тұтыну ерекшеліктеріне қарай күнделікті, сәндік, жыл мехгілдеріне қатысты қыстық, маусымдық киімдер болып жіктеген. Көне ғасырларда пайда болған қазақтың көптеген киім түрлері мен үлгілері бізге жеткен.

Мен әдебиеттер арқылы қалыңдықтың жасауларымен таныстым. Олар: сахтиян етік, жасыл жібек шалбар, сары жібек көйлек, кішкене күміс ілгектері бар өңірі қызыл, алды ашық, тізеге дейін жететін жапырақ өрнектері бар жібек халат. Қалыңдық басына қызыл матадан тігіліп, айналасы қымбат аң терісімен жұрындалған, түрлі күміс әшекейлер ілінген, інжу-маржан тастары орнатылған бөрік киген екен. Мұндай бөрік тек тойға ғана киіліп, кейінге мұраға қалдырылып, болашақ ұзатылатын қыздарға көшіп отырған. Бұл сәукеле болса керек. Осы киімдер арасынан мұражайдан кең етек көйлектер, бешпент, әшекей бұйымдарынды жинақталғанын байқадым. Ертедегі **ерлер киімі туралы** жинақтағанымды айтсам: тақия, бұл көбіне қызыл мақпалдан тігілген, төбесі ұшқыр биік бөрік, бұлардың етектері көбіне бұлғын және тағы басқа қымбат бағалы аң терілерімен жұрындалған, алтын оқалармен әшекейленген екен. Кейбір адамдар жеңіл бұқар тақиясын киген, бөрік ішінен желкеге түсіріліп орамал тартатындары да кездескен. Башылық – үлкен сүйір бөрік, ол әдетте қызыл не жасыл шұғамен қапталып, астары түйе жүнінен не теріден жасалады. Қалпақты ертеде қой жүнінен басып, жазда бас киім ретінде пайдаланған. Сонымен бірге шекпен, шапан, тондарды жыл мезгілдеріне байланысты киген. Мұражайда осы аталған киімдерден шапан, тымақ, тақия сияқты ерлер киімін кездестірдім.

ҚЫЗДАР КИІМІ. Олар ер адам тақиясына ұқсас, бірақ одан биік те үлкен, етегі бұлғын терісімен жұрындалған бөрік киген. Бүкіл бөріктің беті түрлі күміс алқа және тиындар, тағы басқа әшекейлермен безендіріліп, төбесіне үкі тағылатын-ды. Оның екі самайы үстінен бұлғын құйрығы салбырап, құйрықтар күміс әшекейлермен әсемделген және осы құйрықтардың тұсынан қыздардың қос бұрымдары да көрінетінді. Қыздардың иектері астын екі ұшы бөрікке бекітілген ақ жібек не шыт орамал жабатын-ды. Өте сәнді халаттың кеудесінде інжу орнатылған алқа болатынды. Жібек халат үстінен суықта сырты алтын оқалы қама ішіктер киген. Кедейлердің қыздары да осындай киім түрлерін киді, бірақ олары төмендеу матадан істелетін. Әйел-қыздар аяқ-киімдері не қызыл сақтиян былғарыдан тігілген етік болады, ал, кедей қыздары қандай былғарыдан болса да қолына түскен етікті киді. Ата-бабамыз қыздарын ерекше құрметтеген. «Ұл түтін, қыз - күтім» деп қызға бар жақсыны кигізіп, дәмдіні жегізіп, жорға мінгізген.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың тарихи құжатқа айналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «...Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегіміз әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды» - деп туған жердің қасиетіне ерекше тоқталады. «*Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады*» деген сөзімен мақаламды түйіндей келе, барша отандастарымды егеменді еліміздің жарқын болашағы жолына аянбай еңбек етуге шақырамын.

Г. С. Мурзагалиев

Б.Бегалиев атындағы жалпы орта мектебі,

тарих пәнінің мұғалімі

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы

САРАЙШЫҚ – ТАРИХИ АСТАНА

Ұлан байтақ қазақ даласының әр түпкірінде табаның тиген кезде тебіренбеске болмайтын тарихи жерлер көп-ақ. Қазақстан ұшы-қиырсыз кең байтақ ел. Бүгінде елімізде өзен – көлдерді бойлай көптеген жаңа қалалар бой көтерген. Олардың біразы ескі шаһарлардың маңына немесе тура солардың үстіне салынған. Осылайша кешегіміз бүгінгі күнмен сабақтасып жатыр. Ата-бабаларымыздың тарихы мен мәдениеті-бізге, олардың ұрпақтарына, бұрын-соңды жасалған тамаша туындылардың мирасқорларына өте қызық әрі құнды дүние.

Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды саяси-экономикалық және діни орталық, Ноғайлардың, Қазақ хандығының астанасы болған көне Сарайшық қаласы. Шыңғыс ұрпағы Батудың XIII ғасырдың алғашқы жартысында Қыпшақ даласын батыста сонау Дунайға дейінгі жерді басып алып, Алтын Ордадай алып мемлекет құрған. Алтын - Орданың астанасы - Бату сарайы XIII ғасырдың ортасында салынған. Академик Ә.Марғұланың қазба деректерінің дәлелдеуінше Сарайшық қаласы сол шамада тұрғызылған. Сарайшықтың солтүстік, шығыс, оңтүстік жақтарын орай ағатын Ұлы су (жайық) өзеніндегі Бату хан салдырған жүзбелі көпір алғашқы кезде батысқа жорық кезінде олжаланған байлықты монғол жеріндегі қарақорымға – Шыңғыс хан ордасына жеткізуге пайдаланса, кейін Еуропада беделі өсіп тұрған Алтын Орданың астанасы арқылы өтетін Жібек жолы керуені осы жүзбелі көпір арқылы шығысқа жол тартқан. Сарайшық-Еуропа және Қазақстан мен Орта Азияның арасын жалғайтын көпір іспеттес. Араб саяхатшысы **Ибн Баттута** өзінің «Деште Қыпшаққа саяхат» атты еңбегінде «Сарайдан шығып, бірнеше күннен сол біз Сарайшық қаласына келдік, мұндағы «шық» - кішкене деген сөз, яғни Сарайшық кішкене сарай дегенді білдірген. Бұл қала Ұлы су деген кен арналы өзен жағасына орналасқан. Өзенге Бағдаттағыдай қайықтарды жалғастырып жасаған қалқымалы көпір салынған. Осы қалаға жеткен кезде біздің ат үстіндегі саяхатымыз аяқталды» деп жазған. Ибн Баттутаның саяхатына дейін көп бұрын, монғолдардың астанасы Қарақорымға аттанған Еуропа елдері саяхатшылары Плано Карпини мен Гильом Рубруктың елшілері осы арадан өткен. Италияндық Франческо Пеголотти XIV ғасырдың

ортасында «1347 - 1355» Сарайшықтан түйе арбамен 20 күнде Үргенішке жеткенін жазған. [1]

Әбілғазы Баһадүр ханның ХҮІІғ. Сарайшықтың негізін Бату хан салған деген пікірімен келісуге болады. Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгі ұлан-байтақ өлкені билеген, кейінірек Алтын Орда аталған империя-Жошы ұлысының алғаш құрылған бірінші онжылдығында салынған.[2] Алғашқы кезде Алтын Орданың хандары мен оның төңірегіндегілер Сарайшықты саят құрып, көңіл көтеретін, қаланың шуағына табиғатқа шығып, демалатын орын ретінде пайдаланған. Жібек жолының Солтүстік Каспий тармағының Алтын Ордаға байланысты қайта жандануы Сарайшықтың жедел өркендеуіне, оның келешекте Хан Ордасы болуына жол ашты.

Алтын Орданың ыдырауы барысында пайда болған ірі мемлекеттік бірлестіктердің бірі – Ноғай Ордасы болды. Ноғай Ордасы Алтын Ордадан ХІҮ ғасырдың соңына қарай бөлектене бастайды да, әмір Едіге тұсында мемлекет ретінде қалыптасуы жалғасып, оның баласы Нұраддиннің (1426 – 1440) тұсында аяқталды. Ноғай Ордасының негізгі аумағы Жайық пен Еділ өзендері аралығындағы далалық. Хандықтың орталығы – Жайық өзенінің төменгі ағысындағы Сарайшық қаласы. [1]

Тарихи қорымда жерленген тұлғалар

Сарайшық талай туды төбесіне қадап, тағдырмен тарихты ішке бүккен шежірелі қала. Сонымен қатар Сарайшық қашаннан бері хандар мекеніне айналған құтты орын, мәңгілік мекен. Сол бір ел басқарған хандар мен жау жасқаған хандар есімін жүрекке жазған кешегі аталар деректерін бізден бұрынғы зиялылар қағазға түсіріп тасқа басты. Кітап қып жүйелеп, құжат қып түгелдеді. Бұл біздің елдікке, ерлікке бастаған ұлы тұлғалар алдындағы өтелер қарызымыз, дәстүрге берік, келешекке көрік болар парызымыз екені даусыз. Ел ішіндегі дуалы ауызды дарабоз қариялар Сарайшықта он үш әулие, жеті хан жерленіпті деп бөле – жара әңгіме қылады. Сарайшық мемориалдық мұражай кешенінде осы жеті ханның әрбіріне арналып, жеке – жеке ескерткіш қойылды. Олар мынылар еді:

Мөңке Темір (1266 – 1282) – Сарайшықтың хандар зиратханасында алғаш жерленген деп есептелетін ол Алтын Орданың Бату мен Сартақ, Ұлақшы мен Мөңкеден кейінгі билеушісі, Бату ханның немересі. Темір тұсында Алтын Орда моңғолдың бас тағын иеленген. Темір есімі жазылған алғашқы теңгелер шығарыла бастады. Мөңке Темір тұсында орыс кінәздіктеріне, православие дін басыларына, Генуя, Венеция көпестеріне өз қолынан жарлық беріп, батыс аймақта тыныштық орнатылды. Үгедейдің немересі Хаидумен одақ құрылып, 1269 жылы Талас өзені бойындағы құрылтайда Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстары арасындағы алауыздықты тоқтатуға негіз болды.

Гийас-ад-дин-Тоқта (Тоқтай) (1291 – 1312) – Алтын Орданың 22 жыл бойы ханы болған Тоқта Батудың шөбересі еді. 1288 жылы Тоқтаның Ордада билік құрған бауырлары оның ұйымдастыру, іскерлік қабілетінен күдік алады да қалайда көзін құрту ниетімен Алтын Ордадан аластап, қуып шығады. Бірақ ақыл, айласы ағайындарынан асып түсетін Тоқта осы кезде еш алаңсыз Ноғай батырдың жылы қойына кіріп-ақ кетеді. Ал Ноғай болса, Тоқта бауырының сілтеуімен оның Ордадағы бар қарсыластарын өзіне қаратып, ақыры әлгілерді бір-бірлеп көзін құртады да хан тағын қамқорлық тілеп келген Тоқтаны отырғызады. Бұл 1290 жыл еді.

Бірақ Орда ішінде осындай ұйымдастыру, бірігу жұмыстары жүре тұрса да сыртқы саясатта анау айтқан жеңістер жоқ еді. Парсы ильханы Газанға қарайтын Арған мен Әзірбайжанды жаулап алу ниеті жүзеге аспады. Орыс жерін басып алу ойы да орындалмай, осы жорыққа аттанам деп отырғанда кенеттен қаза тапты. Денесі Жошы хан ұрпағының қауымына (пантеоны) Сарайшыққа қойылды. [2]

Жәнібек (1343 – 1357) – кәдәмгі Алтын Ордаға жиырма жыл өкімдік етіп, 1342 жылы қайтыс болатын, шешімді де ақылды хан Өзбектің баласы. Жәнібек хан тұсында көршілес елдермен сауда – саттық өсіп, халықаралық қарыс – қатынас дами түсті. Мемлекеттің батыс бөлігінде, Еділ – Жайық бойында, Қырым түбегінде қала мәдениеті өркендеді. Алтын Орда бағынышты орыс кінәздіктерінен алым – салық жинау ісі бір ізге түсті. Мемлекет шекарасын кеңейту мақсатында ол 1357 жылы Хұлағу әулеті басқарған тұста өз іштеріндегі алтыбақан алауыздығы өршіп, қырқысудан қолы босамаған Иранға мың сан әскер аттандырды. Әзірбайжан жерін баса – көктеп Иран даласын қанға бөктерген қалың әскер – Тевризхді басып алады. Мұнда баласы Бердібек билік құрды. Бірақ халқымыздың қашаннан бері келе жатқан «Атаға не істесең – алдына сол келеді» деген мақалы осы жерде де расқа айналып, Бердібек сонау ит өлген жердегі титімдей Тевризден гөрі, етек – жеңі далиып, дархан даланы алып жатқан Алтын Ордаға қызығып, елге қайтып бара жатқан әскеріне жүрек жұтқа жауыздық ұйымдастырады. Басқа емес, баласынан келген қастықтан Жәнібек орта жолда опат болады.

Әмір Охас (1447) – Ноғай Ордасының ханы. Алтын Орда аймағында өз шабуылын 1396 жылы аяқтаған атақты Ақсақ Темір ең алдымен, осы Орданың соңғы тасының күйреп, жаһанда жалғыз ғана атының қалуына негіз болды. Бұдан әрі бұрынғы гүрілдеп тұрған Жошы ұлысы енді жеке – жеке хандықтарға бөлініп, Сарайшық – Едіге әмір билеген Ноғай Ордасының болашақ астанасына айналды. Сайып келгенде, Едіге, Нүреддин, Кейқуат, Мансұрлар Еділ бойындағы ескі Сарайда ел қатарлы биік жүргізген, біраз уақыт әмірлік етті. Әмір Охас Әбілхайырдың Сырдарияны алуына жан – тәнімен араласып, 1446 жылы Өзгент қаласын жаулауға қатысты. Бірақ біраздан бері ауыз жаласып, ымжым бір болған бұл екі дос әп сәтте нілдей бұзылды, тіпті кейіннен қағынан безген құландай бір – бірін көрмей кетіп, соңында ойда жоқта Охас опат болады.

Ших-Мамай (1542-1549) – Ноғай хандарының бірі, Едігеннің туажаты Нұредденге шөбере, Охасқа немере, жоғарыдағы Әмір бидің үшінші ұлы. Ол Ноғай Ордасының күнгей шығысына билік жүргізді. Қырым ханы Мұхамедгерейдің 1523 жылғы Астраханды жаулауына аса бір ынтызарлықпен көмегін берді. Әйтсе де, кейінен Қырым хандығының күшейіп, өсіп кетуінен қорқады да, оған шабуыл жасап, патшазада Батыр хан мен Палуан Сұлтанның көзін құртуға бел буа кіріседі. [3]

Қасым хан – тұсында қазақтар Жайық бойының суы мол, қамыс – құрағы ырғалған шұрайлы жеріне қызықса, оның мұрагері Тағдыр хан 1530 жылы ноғайлықтардан естен кетпес соққы алып, жеңілген болатын. Ших – Мамай аталған шайқасқа белсене қатысып, ерекше көзге түседі де, 1542 жылдары Сарайшық тағына отырады, 1549 жылы көз жұмады. Ших – Мамай тұсында Мәскеу мемлекетімен сауда – саттық, көбіне – көп өндірістік тауарлар айырбасы орасан зор өсті. Өйткені Сарайшық тұрғындары көшпенділік тұрмыстан әлі арылып бітпеген, өзінің өндіргіш күштері әлсіз қала еді. [1]

Қасым хан (1511-1523) – Әуелден бірлігі үшін туған Қасым хан тұсында қазақ үлкеннің айтқанын, ағаның аңғарымпаздығын, інінің көрегендігін танып, ел туын тік тұрғызды.

Қасым ел шекарасын қазіргіден әлдеқайда кеңге жайып, Астрахан, Түмен, Қорған, Орынбор, Омбы, Барнауыл, Құлынды, Сарытау өлкелері, Жоңғар даласы, Түрікменстан, Өзбекстан мен Қырғызстан аумағындағы жұрттардың біраз бөлігіне билік жүргізді. Қасым ханның қазақ ордасын құрудағы саяси іс-әрекетін тарихшылар Жошымен тең қояды. Исі Дешті Қыпшаққа үш ғасыр бойы, яғни Абылайға дейін «Қасым салған қасқа жол» ұзақ уақыт жатталып қалды. Қазақ үшін қадірлі осынау хан Алтын Орда заманынан қасиетті орын боп саналған Сарайшықта, әкесі Жәнібектің қасына жерленді. Бұл 1523 жылдың қысы еді, жасы 75-76 – лар шамасында болатын.

Жүсіп (1549-1554) – ол Мәскеу мемлекетінің Еділ бойына орнығу саясаты әбден күшейген кезде билік құрды. Бұл кезде Ноғай ордасында өзара кикілжің өсіп, Жүсіп мұсылман елдерімен ынтымақтастықты қолдаса, інісі Ысмайыл Мәскеу мемлекетімен қарым-қатынасты арттырғанды қалады. Аталған алауыздық әсіресе, орыстардың Қазан қаласын жаулап алу кезінде тіптен күшейе түсті. Әңгімеге орай ноғай мырзалары арасындағы қайын жұртын сағалаған қазақ сұлтаны Ақназар Қасымұлы 1569 жыл Мәскеу одақтасы Тінахмет мырзаны Сарайшық тағынан ығыстырады. Осы шақтан бастап Ноғай Ордасы мемлекеттік бірліктен айырылып, біраз жұрты Қап тауына бет бұрып, қалған бөлігі Қазақ хандығына барып қосылды. [2]

Қорытынды

Сарайшық – Еуразия кеңестігінің ортағасырлық тарихында елеулі орны бар қала. Сарайшық XIII ғасырдың орта кезеңінен бастап, Солтүстік Каспий арқылы өтетін халықаралық сауда жолы – Жібек жолы сауда керуеніне

тұрмыстық қызмет көрсету қажеттілігінен пайда болды. Алғашқыда керуенсарайлар түрінде қалыптасқан қалашық, уақыт өте келе XIII ғасырдың соңында керуеншілерге сапалы қызмет көрсетумен ерекшеленді.

Сарайшық зиратханасында жерленген жеті хан деп осыларды айтып жүрміз. Бұл деректер жоғарыда тілге тиек еткен Әбілғазы Баһадүр хан, одан әрірек өмір сүрген Мұхаммед – Хайдар Дулати және көбіне – көп жазушы Әбіш Кекілбаевтың еңбектері, басқа да көне жазбалар негізінде жинақталған. Өткенді білу-өркениет белгісі, ұлт тарихы, ел болмысы, ұрпақ тәрбиесі. Сайып келгенде Сарайшық әлі сыры ашылмай, сыбағасы берілмей жатқан қала. Археолог ғалымдардың соңғы жылдардағы қала орнына жүргізіп жатқан жұмыстары әр күн, әр ай сайын тың жаңалықтар әкелуде. Қазіргі уақытта Атырау облысының бұрынғы әкімі И.Тасмағамбетовтың қолдауымен 1999 жылы Сарайшық қаласы болған жерге мемориальды – тарихи кешен тұрғызылды. Осындай әсем сәулет ескерткішін құрудағы негізгі мақсат – өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі – өнеге ретінде халқымыздың тарихын жеткізу болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тарихы ғылыми – әдістемелік журнал. 5-6.2008 жыл.
2. Орынғали Қ., «Сарайшық хандар» Алматы: «Арыс» 2004жыл.
3. Әлімгериев Ө., «Сарайшықтың жеті ханы», «Атырау» газеті 1999 жыл.

А.Р.Исмагулова

Б. Бегалиев атындағы жалпы орта мектебі,

география пәні мұғалімі

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы

САРҚЫЛМАС СЫРЫ БАР – САРАЙШЫҚ

Тарихы алпауыт шешіреге толы, жүрген жолы жауһарлармен көмкерілген қазақтың тарихы кім-кімдіде таңғалдырмай қоймайды. Ұлан ғайыр кең даланы мекен еткен әр қазақ ұрпағы айналасына көз жүгіртсе ата-бабаларының аманат еткен атамененімен мақтана алады, өз тарихын ауыз толтырып та айта алады. Болашаққа бағдар: «Рухани жанғыру» мақалада ұлттық құндылықтарды сақтап, оны қастерлеп, қоғам болып жұмылып, өскелең ұрпақ

санасына сіңіру керектігін айтудан кем емес. Ұлы түркі елінің қара шаңырағы атанған қазақ даласының ежелгі қазақ жерінің төрі, астанасы болған - Сарайшық туралы мәліметтер зерттелгенімен әлі де болса, бүгінгі таңда өте өзекті де тартымды тақырыптардың бірі. Ел тарихын, өлке тарихын жақын тануда жас ұрпақ тұлғасын тарихи жәдігерлермен сусындатып, еңсесін беріктендіруде мектеп бағдарламасына «Өлкетану» оқулығы енгізіліп, оқушының біліктілік аясын молайтуда. «Мың рет естігенше, бір рет көрген артық» дегендей бүгінде Сарайшық қаласының аумағына көптеген саяхат сапарлар оқушылар, жастар үшін жүйелі ұйымдастырылуда.

Географиялық жағдайы. Қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жақ жағасында бір кездегі ұлы да атақты Сарыджук (қазіргі атауы Сарайшық) қаласының қираған құландысы жатыр. Көне Сарайшық қаласы Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық селосы маңында орналасқан. 1999 жылы бұрынғының символы ретінде «Хан Ордалы Сарайшық» атты мемориальды кешен тұрғызылды. Кешеннің аумағы 65552 шаршы метр, бұл жерде биіктігі 14,5 метр болатын «Хан пантеоны» орналасқан. [1] Тарихынан. Әбілғазы Баһадүр ханның (XVII) Сарайшықтың негізін Бату хан (билік құрған уақыты 12212-1256 жж) салған деген тарихи пікірімен келісуге болады. Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгі ұланбайтақ өлкені билеген, кейінірек Алтын Орда аталған империя - Жошы ұлысының алғаш құрылған бірінші онжылдығында салынған. Бұл қалалардың құрылыстары алғашында нөкер, ноян және басқа да ел басқарушы шонжарлар үшін Сарай және әкімшілік ғимараттар ретінде бой көтерген. Ондағы орталық ғимараттың төңірегінен кейінірек біртіндеп қолөнершілер, еркін тұрғындар, көпестер және т.б. әр түрлі адамдарға арналған үй-жайлар салынған. Сарайшық сондай қалалардың бірі еді. Оның стратегиялық жағынан Европа мен Азияның түйісер тұсынан ұтымды орнығуы, Европа елдері мен Еділдің бойындағы Алтын Орда астаналарынан Хорезм шаһарларына Үндістан және Қытайға баратын құрлықаралық керуен жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. [2]

Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей – ондағы үйлер, сарайлар, қоғамдық кешендердің барлығы бұзылып – қираудың екі кезеңін бастан кешкен. Алдымен кездейсоқ шайқас кезіндегі бұзулылар, ал сосын арнаулы мақсатпен бағытталған түрде барлық ағаш бөліктері алынып, қабырғалары құлатылған. Құлаған үйлердің арасынан жебе, найза ұштары, қылыш сынықтары, катапультаардың тас оқтары мен ортағасырлық бомбалардың қыштан жасалған ядролары табылды. Тарихшы И.Казанцевтің жазуынша, XXI ғасырдың бірінші жартысында Сарайшық қамалының маңында қазақтың Әлімұлы, Байұлы және Жетіру сияқты рулары көшіп-қонып жүрген, олар сауда керуендеріне не атқосшы, кейбірі керуен басы болған. Осы жұмысты жазудағы мақсатым-тарих мұнары бұлдыратып тастаған шежірелі

сырға толы қаланың тарихына қанығу, осы қалаға билік еткен қазақ хандарының өмірімен танысу, осы тарихи астананы бүгінгі және келешек ұрпақтың рухани асыл қазынасы деп тану. Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың белгілі географ –ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол өзінің саяхаттарының бірінде, 1334 жылы «Үлкен Сарай» қаласынан шығып (Сарай-Берке-Алтын Орданың астанасы), Азияға жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөнінде ол, «Біз Сарайшық қаласынан ат жеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарайжүк қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу деп аталатын» үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен». Сарай-жүк монғолша кіші Сарай деген мағынаны білдіреді. Ол кезде Алтын Орда үлкен Сарай, Сарайшықты кіші Сарай деп атаған. Бұдан кейін Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған орыс патшасы 6 Иван Грозныймен дос болған ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон. Ол 1558-1559 жылдары Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауына саяхат жасауы кезінде Сарайшық қаласына соғады. «Теңізден бір күндік сапарда үлкен өзен жағасындағы гүлденген Сарайшық деген қалаға келдік. Бұл қала орыс патшасымен көңілдес Измаил деген татар князінің қол астында екен. Шығыс пен Батысты байланыстыратын керуен жолының үстінде болғандықтан қолөнері мен саудасы дамыған қала екен» деп жазған. «Сара қаласынан кеткеннен кейін, 10 күн дегенде Сараджук қаласына келдік, «джук» - кішкентай деген мағынаны білдірді. Олар осы атаумен Кішкене Сара дегісі келді. Бұл қала толыққанды суы бар, Улусу «Ұлы су» деп аталатын ірі өзеннің жанында орналасқан. Өзен арқылы Бағдаттағыдай қайықтан көпір жасалған». Ибн Баттут. Міндетіміз – халық арасында тараған естелік аңыз-әңгімелер арқылы Сарайшықта билік еткен қазақ хандарының өмірлерінің беймәлім жақтарын зерттеу. Ибн Батута жазбасы ел тарихы үшін өте құнды дереккөзі болып табылады. Оның 1333 жылы шығысқа жасаған сапары Атырау даласы арқылы өтті. Ибн Батута Алтын Орданың астанасы – Сарайдан шығып, 10 күн өткеннен соң Сарайджук, яғни, Сарайшыққа жетіп, қалашықтың топографиясы мен топонимикасына қатысты бірқатар мәліметтер қалдырады. Ибн-Батудан кейін 1338 жылы Сарайшық арқылы Үргенішке испандық монах миссионер Пасхалия сапар жасайды. [3]

Ол бір жылдан астам Сарайда тұрып, жергілікті халықтардың тілін меңгереді. Пасхалия Тигрис (Еділ) өзенінің бойымен Ватук (Каспий) теңізінің жағалауымен келіп, 12 күн дегенде Сарайшыққа жетеді. XIV ғасырдың 40-шы жылдарына дейін керуен жолымен жүріп өткен Франческо Пегалотти жазбасында Сарайшықтың өзге қалалардан қашықтығы көрсетіледі. Ол бойынша Сары (Сарай) мен Саракано (Сарайшық) арасына теңіз немесе құрлық арқылы сегіз күнде жетуге болатын болса, Сарайшықтан Органчиға (Үргенішке) түйеге жегілген арбамен 20 күнде жетуге болатындығы айтылады. Картада Алтын Орда аумағы жақсы сипатталған, оның ішінде сол кезеңдегі қалалар мен мекендердің

атаулары берілген. Алтын орда (1243-1503) – Орта ғасырларда Шыңғыс хан империясының құрамында Дешті қыпшақта құрылған түрік мемлекеті. Экономикалық және әскери күш-қуаты толысып мәдениеті өркендеген кезеңде (XIII-XIV ғғ.) мемлекет жерінің көлемі 10 млн км² -ден асты. Батыста Днестрге, Шығыста Ертіске, оңтүстікте солтүстік Кавказға дейін жетті. Орыс княздықтары да Алтын ордаға тәуелді болды. Бату хан тұсында астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы болып кейін Берке сарайына (Сарай әл-Жадид) көшірілді. Негізгі әскери күші қыпшақтар болды. Берке ханның кезеңінен бастап Алтын орда хандары өздерін тәуелсізбіз деп есептеді. Сонымен қатар дерек көздері Мұхамед Қайдар, Ноғай Ордасын зерттеген В.Трепаловтың, Э.Челеби, И.Г.Гербер, П.Рычков, П.Палластың, И.П.Фальк, А.Левшин, Карамзиннің шығармаларынан, Н.К.Арзютовтың, Ә.Х.Марғұланның жетекшілігі мен жүргізілген зерттеу жұмыстары Сарайшықтың тарихи мәні, оның қазақ мемлекетінің қалыптасу кезеңіндегі ролі және ұрпақтар арасындағы байланыстар үшін ата-бабалар мұраларының төтенше маңыздылығы ескерілді. 2000 жылғы зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтың қалыптасып дамуының үш кезеңі анықталды. Ерте кезеңі қала өмірінің алғашқы он жылдығына сәйкес келеді. Дамуының екінші кезеңінде, 1330-шы жылдардан бастап әртүрлі факторлардың әсерімен Сарайшықтың кірпіштен соғылған орталық бөлігіне жүйелі түрде салынып шоғырланады да, Жайық сағаларында жайғасқан аралдың шеңберінде дамып кеңейді. Қаланың гүлдену уақыты XIV ғ. сәйкес келеді. XV-XVI ғғ. шаһар тағы да өзгеріске ұшырады. Орталық бөлігі көлемі жағынан біртіндеп кішірейе келе, оңтүстік шығыста Жайықтың қазір сорочинка деп аталатын саласына қарай жылжыды. Жыл сайынғы су тасқыны қаланың біраз бөліктерін шайып кетіп отырды. Қазіргі уақытта көне Сарайшықтың қалған ауданы, жапсарлас көне зираттарды есептегенде шамамен 600x600 метр. Керуен жолының тоғыз торабында орналасқан қала, сөз жоқ, кең ауқымдағы халықаралық саудаға қатысқан. Жанданған сауда Қытаймен, Кавказбен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізілді. 1558 жылы осы жерлерде болып қайтқан ағылшын көпесі А.Дженкинсон пікірі бойынша Сарайшық Ноғай Ордасының астанасы болған делінген. [4]

Мақаламды түйіндей келе:Сарайшықтың сарқылмаған сырлары бар. Айта берсе көптеген әңгіме құрауға болады. Дегенмен «Сарайшық» тақырыбы білім беру саласында меңгерілгенімен, білім берудің басқа да қосалқы пәндерін меңгертуде жан-жақты мысал болар мәлімет бере алады: тарих, география, экономикалық байланыс, сауда-саттық, кейбір ақындар өз поэзиясында жыр шумақтарын да арнаған. Математика, физика, әдебиет, тарих, география, экономика т.б. салалар сабақтастығында көруге болады. Сарайшық тақырыбын оқытуда көне кезеңдегі қазақ даласындағы өркениет, хандар билігінің тарихы, сауда жолы торабы, тұрмыс жағдайы, салт-дәстүр, діни түсініктердің қалыптасуы, архетиктуралық кешендердің салыну ерекшелігі, сушаруашылығы,

ауылшаруашылығы, математикалық, физикалық бағыттағы түсініктерді кеңінен алуға болады. Жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының тарихын қалыптастыруда бірнеше саланы тоғыстырған «Сарайшық» қазақ хандық билігінің төрі, ата-бабаларымыздың құтты мекені болған жиһанкезге, көпестерге таптырмас пана болған, бүгінде сырлары сананы сусындатқан Сарайшық ұлттық құндылыққа тарихтың тамаша тартпасына айналып төл тарихымыздың өшпес шежіре парақтарына айналды. Керуен жолының тоғыз торабында орналасқан қала, сөз жоқ, кесе ауқымдағы халықаралық саудаға қатысқан. Жанданған сауда Қытаймен, Кавказбен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізіледі. Қытай фарфоры ауқатты қалалықтардың дастарханын көріктендіріп тұрды. Оқушылардың бойында ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ұлттық рух, ұлттық мақтанышы, ұлттық намысы, ана тілі мен ұлттық мәдениеті қалыптасады. Ел-жұртын, атамкенін сүйетін, салт-дәстүрін сыйлайтын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатын, нағыз ұлттық намысы жоғары тұлға қалыптастыру. Халқымыздың асыл мұрасын қастерлеуге оқушылар Сарайшық жайында оқи отырып, деректер жинау арқылы шығармашылыққа, ізденушілікке жетелеу; Атырау қаласының көрікті жерлері туралы келешек ұрпаққа насихаттау. Нәтижесінде Қазақстанның даму тарихын бойына жинақтайды, алған білімін дамытуды ары қарай жетілдіреді. Болашаққа бағдар алып, рухани құндылығымызды жаңғыртып, ұрпақ санасына себелеп сіңіртіп отырсақ келешегіміз жарқын, ұлттық жәдігеріміз сақтаулы, шежіреміз шертілген, өркендеп- өнген Мәңгілік елге айналарымыз хақ.

Описание: Город этот расположен на берегу полноводной, крупной реки, называемой Улусу, значение чего «великая вода». Через нее переброшен мост из лодок, такой же, как в Багдаде. В этом городе наше путешествие на лошадях, тянувших арбы, закончилось. Так мы продали их по четыре динара за лошадь и меньше этого, ввиду их слабости и дешевизны в этом городе, и наняли верблюдов, чтобы тянуть арбы. В этом городе находится завия праведного старца из тюрков, которого называют ата, что значит «отец». Он угостил нас в завии и благославил. Принимал нас также кади этого города, имени которого я уже не помню». Ибн Батута. «Путешествие».

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. №7 том, 554 бет.
2. Жанұзақ Ғ. «Сарайшық-астана қала». Ақтөбе, 2004 ж.
3. Жұмабаева К., Қипиев Қ. «Сарайшық –бабалар мұрасы».. Атырау, 2015 ж.
4. Тасмағамбетов И., Самашев З. «Сарайшық».

А. Салихжанова

Б. Бегалиев атындағы жалпы орта мектебі,

10 сынып оқушысы

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы

САРАЙШЫҚ – ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ МЕКЕНІ

Сарайшық қаласы — ортағасырлық Қазақстан тарихында өзіндік ерекше орны бар қалаға жатады. Егерде еліміздің оңтүстік өңірі мен Жетісу өңіріндегі қалалық мәдениеттің көрінісін көптеген ортағасырлық үлкенді-кішілі қалалардан, қамалдардан, бекіністерден, елді-мекендерден көре алсақ, батыс өңірдегі қалалық — Сарайшық қаласы арқылы байқалады. Бұл — қаланың көп ерекшеліктерінің бірін құраса керек. Жалпы, ортағасырлық Сарайшық қаласы туралы тарихи дерек мәліметтері баршылық, зерттеу еңбектерінде бұл қала атауы жиі кездесіп отырады. Ал қаланың тарихына арналған арнайы зерттеу жоқ болатын. Сондай-ақ бұл мәлімет — Сарайшық қаласының тарихнамасында өзіндік орны бар еңбектер қатарына жататынына ешбір күмән жоқ. Атырау қаласының солтүстігінен 55 шақырым қашықтықтағы Сарайшық шаһарының тағдыры – бүкіл ел тағдырымен сабақтас.

Қаланың іргетасы XI ғасырда қаланған. Қасым хан тұсында Қазақ хандығының астанасы болды. 1580 жылы Дон, Еділ казактарының шапқыншылығынан қала біржолата қирап, күлге айналды. Кейін Ресей патшалығы отаршылдық бекініс салды. Ол Қазан төңкерісіне дейін сақталып келді. 1999 жылы қала орнына ескерткіш-пантеон, мешіт, мұражай кіретін Сарайшық мұражай-қорығы бой көтерді. Сарайшық қаласының қалыптасуы: Қаланың Сарайшық деп аталуы тегіннен-тегін емес, сол кенттің жанында бұдан мың жылдан астам бұрын іргесі көтерілген Сарайшық атты Алтын Орданың орыс деректері бойынша немесе Ақ Орданың (шығыс деректері бойынша) кезінде ірі қалаларының бірі болған. Бұл қала неліктен «Сарайшық» аталды? Бұл туралы мәселе қозғасақ, сол дәуірдің дерек көздеріне жүгінуге тиіспіз. Мысалы, XIV ғасырдың алғашқы жартысында, Қыпшақ даласы арқылы Хорезмге сапар шеккен араб саяхатшысы Ибн-Баттута былай дейді: «Сарайдан шыққан соң он күннен кейін Сарайжук қаласына келдік, ол — Ұлы су (Жайық) жағасына орналасқан. «Жук» — деген сөз бұл жерде «кіші» — деген мағынада, сонымен бұл қала — «Кіші Сарай». Қазақстан территориясында моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңдерде елді мекендермен ірілі-ұсақты қалалардың пайда болуына «Ордалардың» әсері де болғаны анық. Өйткені, Шыңғыс хан Дешті-Қыпшақ бастаған ұлан-байтақ аймақтарды бағындырғаннан кейін осы басып алуларда

елеулі ықпал еткен ұлдары мен белгілі немерелеріне «орда» үлестіргені орта ғасырлық деректерден белгілі. [1]

«Орда» сөзі түрік-моңғол тілдері үшін ортақ және бұл тілдердің сөздігінде байырғы сөз болып есептелінеді. Оның бастапқы мәні — «үй, ханның үйі», «сарай үйі», «ханның, билеушінің резиденциясы, ордасы» деген жаңа мағына пайда болған. Түрік-моңғолдар ортасында ислам идеологиясына қарсы болмаған. Көп әйел алушылық жағдайында әр әйелге жеке үй беруді дұрыс санағандықтан «орда» сөзі, тіпті «әйел» деген секілді метафоралық мағынаға да ие болды. Хан ордасының жанында, кең далада әдетте «қызмет кәрсету салаларының» басқа да өкілдері өздерінің отбасыларымен, қызметшілермен, барлық шаруашылықтарымен бірге жүрді. Хан ордасының жанында саудагерлер, елшілер, қолөнершілер т.б. хан ордасымен үнемі бірге көшіп жүріп, оның жанында көбіне өте үлкен «көшпелі қала немесе елді мекендер құрайтын». Мұндай көшпелі қалалар «орда-базар» деп те аталатын, әлбетте, базар сөзінің шығыстық мағынасында. Өйткені, шығыста базарлар тек сауда-саттық орны ғана емес, сонымен қатар, түрлі бұйымдарды, тағам өнімдерін шығаратын орын болған. Осылайша, күтпеген жерден алыс шалғайларда, бұрын-соңды елді мекендер болмаған жерлерде кенет жаңа қалалар пайда болатын. Олар кейде көшпеліліктен шығып, отырықшы тұрақты тұрғындары бар елді мекендерге, тіпті, ірілі-ұсақты қалаларға айналған болар. Демек, қаланың Сарайшық аталуы — Кіші Сарай атынан туындаған деп жорамал жасауымызға болады, өйткені, шаһардың бұлайша аталуы қаланың өмір сүрген кезеңдеріне тұтастай жалғасты және орта ғасырдан біздің дәуірімізге жеткен деректерде де өзгеріссіз сақталды. Сарай — деп, негізінен ханның ордасы аталған. Олай болса, Сарайшық — бұл ханның екінші ордасы, яғни, жазғы мекені болуы мүмкін. Немесе басқа себептерден Алтын Орданың астанасы дәрежесіне жақындаған қала. Бұл пікірімізді нақтылай түсу үшін тағы да Ибн-Баттутаның Сарайшық қаласындағы Алтын Орда ханы Өзбектің (1312-1342 жж.) алтын шатыры туралы жазбаларына сүйенеміз: «Шатыр — алтын жапырақшалармен керілген уықтардан тұрғызылған. Шатырдың ортасында алтын жалатылған тақ, тақтың аяқтары таза күмістен құйылып, үсті асыл тастармен әшекейленген» — дейді.

Сонымен қатар, белгілі археолог Г.И.Пацевич Сарайшық қаласында 1373-1374 жылдары Алтын Орда тағының мұрагерлері Ильбан хан мен Ала Ходжалардың қоныстанғанын растайды. Бұл дәлелдерден Сарайшық қаласының Жошы ұлысының бір ауданының орталығы болуы мүмкін деген қорытынды жасауымызға да әбден болады. [2] Қазақ хандығы кезіндегі Сарайшық: Алтын Орданың ыдырауы — Қазақ халқының бірігуіне жол ашса, Әбілхайыр хандығының ыдырауы мен Моғолстанның әлсіреуі — Қазақ халқының қалыптасу процесін біржолата аяқтауды шапшаңдатып, халықтың саяси бірлігінің негізі - мемлекеттілігінің де құрылуын тездетте түсті. Өйткені, бұған дейін-ақ көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік және қала шаруашылықтары

калыптасқан аумақтардың өзара экономикалық байланыстарының қоғамдық өмірде тұрақты орнығуы қазақ тайпаларының бір тұтас саяси құрылымға бірігуіне мемлекет қана халықтың этникалық бірігу барысындағы әртүрлі ықпалдардың әсерін жойып, халықтың этнос ретіндегі мәдени, шаруашылық дамуын қамтамасыз ете алар еді. Мысалы, «Қазақ қоғамы дамуының бүкіл барысындағы ұзаққа созылған ішкі соғыстар мен талас-тартыстар және қазақ билеушілерінің көршілес Орта Азия, Шығыс Түркістан, Сібір, Жоңғария аумақтарындағы ерікті-еріксіз жүргізген сыртқы соғыстары сияқты факторлардың да теріс ықпал жасағаны аз болған жоқ. Бұл факторлар объективті түрде пайда болған шаруашылық, мәдени және этникалық байланыстарды қайта-қайта үзіп отырды». Осыған орай XV ғасырдың екінші жартысында көшпелілердің, яғни, бүгінгі Қазақстан аумақтарындағы ру-тайпалардың мемлекеттілігі туралы мәселе — болашақтың кепілі ретіндегі мәнге ие бола бастады. Өйткені, бұл кезең- Қазақтың жаны мен Ұлттық мінезінің және Рухының қалыптасу дәуірі болды. Себебі, қазақ халқының біртұтас саяси құрылымға ұмтылуына сол кезеңдегі Шығыс Дешті-Қыпшақ пен оған іргелес аймақтардағы геосаяси ахуалдар да айтарлықтай ықпал ете бастады. Мысалы, қалыптасқан қазақхалқының онан әрмен қалыпты дамуына моңғол ұлыстарының күйреген орындарында пайда болған бірнеше саяси құрылым-мемлекеттерге — Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы және Сібір хандығы бөлшектенуі — халық санының азайып, экономикалық құлдырауға ең бастысы — туыстас этникалық топтардың өзара алшақтай түсуіне, саяси және шаруашылық байланыстарының үзілуіне әкеп соқтырған дұшпандық әрекеттері үздіксіз созылған соғыстарға ұласа бастады. [3]

Қазақ халқы қашаннан өзінің ұшы-қиырсыз кең даласының табиғи-географиялық жағдайына байланысты орналасып, көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы ғұмыр кешті. Экономикалық жайы, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениетін дамытты. Оны осы ықылым заманнан бері табан тіреген қасиетті жерінен табылған және сақталған археологиялық және архитектуралық, фольклорлық, кейбір жазба деректері мен жәдігерлері айқын дәлелдейді. Сайып келгенде, әлгі айтқан археологиялық мұралар – жазу-сызуы аз, жылнамасы жоқ халқымыздың сыр-сипатын бүкпесіз ашып беретін бірегей құжат. Ондай ескерткіштер ұзыны – Атыраудан Алтайға, көлденеңі Арқадан Алатауға дейін созылып жатқан кең байтақ өлкемізде жетерлік. Олар әрдайым өзге ел ғалымдарымен қатар өз қандастарымызды да қызықтырып отырған. Ал әділіне бақсақ, бұл үрдіс әлемдік ілім-ғылыммен терең қаруланған қазіргі кезеңде тіптен өсті. Өткені бар, осы күнгісі тағы жетерлік – солардың азды-көпті зерттеулерін түйіндеу арқылы қазіргі туған халқымыз мәдениетінің қалыптасу кезеңдерін айқындауға, тереңірек түсінуге мүмкіндік алды. Ұлы жібек жолындағы көне қала: XIII-XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды бекеттің бірі, Хан Ордасы болған ортағасырлық

қала Сарайшықтың айналасы кезінде сулы, көлді, тоғайлы, қалың ну болған. Қала Қара теңіздің солтүстігінен Алтын Орданың ұлы қаласы Сарай Беркенің үстімен Қытайға, Хорезмге асатын үлкен керуен жолының үстінде болған. Екі континенттің шекараларында орналасқан Сарайшық арқылы Еуропа мен Азиядан тауарлары тиелген көптеген керуендер, көпестер, саяхатшылар өткен. Керуен жолы бірнеше тармақтар бойынша тоғысқан. Жібек жолы, әсіресе, Сарайшықтың өркендеуіне тікелей әсерін тигізген. Күн-түні ағылған керуен қала үшін байлықтың көзі болған, тез өсіп, байи түскен. Онда сол заманғы шығыстық сәулет өнерінің озық үлгілерімен салынған ғимараттар болған. Кезінде орыс патшасы өзінің Мәскеуінде Қызыл Алаңды салдырарда оның жоба-үлгісін Сарайшықтан, Кремль қорғанының жоба-үлгісін Бату Сарайынан алған. Сарайшық Алтын Орданың рухани астанасы болған. Берке хан мемлекет қазынасынан әдейі қаржы бөлдіріп, көгілдір күмбезді мешіттер салдырған, діндарларды, дәруіштерді, қайыршыларды тегін тамақтандырған. Онда сондай-ақ Алтын орда хандарының резиденциясы, сәулетті ғимараттар мен медреселер, қолөнершілер шеберханасы болғандығы да айтылады. Ұлы өзеннің (Жайық) үстінде желкенді қайықтар жүзіп жүрген, Еуропа мен Азияны байланыстырған аспалы көпір де болған деген деректер бар. Өзеннен қаланың әрбір үйлеріне су кәріздері тартылған. «Аққу көл» аңызы: Сарайшықтағы «Аққу көлі», «Алтын қайық», «Көмілген мол қазына» туралы халық аузында аңыздар көп. Сол аңыздың бірі былайша айтылады. Алтын Орда ханы Жәнібек (Әз Жәнібек 1341-1357 ж.ж. билік еткен) Сарайшыққа хан сарайын салғызып, жылдың біраз мезгілін осында өткізеді екен. Сол Жәнібек ханның өзге балаларынан артық көрген бір сұлу қызы болыпты. Осы сұлу қызына арнап көл жасатыпты. Көлде су періштесі - аққу жүзіп жүріпті. Сұлулыққа сұқтанған хан аққуларды айдыннан ұшырмас үшін қырық атанға жүк болар секер төктіріпті. Содан көл «Секер көлі» немесе «Аққу көлі» атаныпты. Хан сондай-ақ қызына арнап «алтыннан қайық» жасатқан. «Алтын қайық» мінген ару қыз серуенге көлге шыққанда, аққудың көптігінен кәнизактар оларды қолымен жасқап, жол ашады екен. Сұлулық пен байлыққа тамсанған қала тұрғындары да, керуеншілер де осы ғажайыпты тамашалап, көл жағасынан кете алмаса керек. Аяқ астынан хан қызы дүние салып, қызын қатты жақсы көрген әке қапаланғаннан қызын күллі қалалықтың көзінше арулап, тірі күнінде ұстаған асыл бұйымдарымен, алтын қайығымен бірге жерлетпекші болады. Алайда сабасына түсе келе, қара жүректі қарақшылар қазына іздеймін деп, қызының бейітін тонап, сүйегін қорлап жүрер, одан да өзім де білместей құпия жерлетейін деп шешеді. Ол жалдап алған бірнеше адам қызды түн кезінде жерлеп, үстінен ерсілі-қарсылы үйір-үйір жылқы айдайды, тапсырылған жұмыстарды аяқтап, келісілген уәде бойынша, тиесілі алтындарын алмақ боп сарайға келгенде, оларды күтіп тұрған жендеттер ауыз ашуларына мұрша берместен, бастарын алған екен. Жәнібек ханның қызының «алтын қайығы» қай жерге жерленгені құпия күйінде қалып қойыпты. Сонымен бірге сол

жерге хан қызының мол қазынасы бірге көмілген екен. Содан бері Сарайшықта «алтын қайықтар жатыр» деген сөз де қалған. [4] Мақаламды түйіндей келе: Қазақстан тарихында ортағасырлық Сарайшық қаласының алатын орны ерекше. Еліміздің оңтүстігі мен Жетісу өңіріндегі қалалық мәдениеттің көрінісін ортағасырлық үлкенді-кішілі қалалар, қамалдар, бекіністер, елді мекендерден көре алсақ, ал батыс өңірінен бұл кереметтің бәріне Сарайшық қаласы арқылы тәнті болуға болады. Описание: В 50 км от современного города Атырау, на правом берегу Жайык сохранились руины некогда величественного и знаменитого города Сарайджука (нынешнее название-Сарайчик), согласно исторической версии, изложенной Абулгази Бахадур-ханом (1644-1664), основанного Батыем (годы правления 1227-1255), братом Берке (1257-1266).

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. №7 том, 554 бет.
2. Жанұзақ Ғ. «Сарайшық-астана қала». Ақтөбе, 2004 ж.
3. Жұмабаева К., Қипиев Қ. «Сарайшық –бабалар мұрасы».. Атырау, 2015 ж.
4. Тасмағамбетов И., Самашев З. «Сарайшық».

Д. Ғалымжанова

Б. Бегалиев атындағы жалпы орта мектебі,

8 «б» сынып оқушысы

Құрманғазы ауданы

САРАЙШЫҚ – ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ҚАЛА

Сарайшық, Кіші Сарай — Қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі. Ол орта ғасырларда Алтын Орданың ірі сауда және экономикалық орталығы болып, Жайық өзенінің қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жоғары аумақта орналасқан.

Тарихшы ғалымдар оның пайда болуын XIII ғасырда, яғни Шыңғыс хан мен Батудың жасаған шапқыншылығымен байланыстырады. Әзірге белгілі болған деректерге сүйенсек, бұл орын туралы жазба мәліметтер XIV ғасырдың алғашқы жартысынан басталады да, оларда Сарайшық гүлденген қолөнері мен сауда қаласы болғандығы айтылады.

Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың белгілі географ –ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута болатын. Ол өзінің саяхаттарының бірінде,

1334 жылы «Үлкен Сарай» қаласынан шығып (Сарай-Берке-Алтын Орданың астанасы), Азияға жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөнінде ол, «Біз Сарайшық қаласынан атжеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарайжүк қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу деп аталатын» үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен» деген дерек қалдырған. Сарайжүк монғолша кіші Сарай деген мағынаны білдіреді. Ол кезде Алтын Орда үлкен Сарай, Сарайшықты кіші Сарай деп атаған. Бұдан кейін Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған орыс патшасы Иван Грозныймен дос болған ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон. Ол 1558-1559 жылдары Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауына саяхат жасауы кезінде Сарайшық қаласына соғады... [1]

Бір замандарда гүлденген қаланың қақ ортасындағы биік дуалмен қоршалған хан сарайы Қызыл алаңдағы Кремльді елестетеді. «... Иван Калита (Қалталы Иван) Мәскеу Кремлінің құрылысын Сарай-Бату қаласының жобасы бойынша жүргізді. Кейін Иван Грозныйдың заманында орыс княздары Алтын Орданың екі қаласын - Сарай Бату мен Сарай-Беркені ұрпақтары ешқашан есіне түсіре алмайтындай етіп жер бетінен жойып жіберуге шешім қабылдады» деген тарихи мұрағаттық құжаттар бар. 1395 жылы Ақсақ Темір шауып алып, күйреткен Сарайшықты Үлкен Ноғай Ордасының орталығы (1490 жылдан бастап) болып тұрған кезінде Иван Грозныйдың бұйрығы бойынша, Жайық бойына кемемен келген казактар 1580 жылы тас-талқан етіп қиратып, түк қалдырмай өртеп жібергені тарихтан белгілі. Кезінде негізін Бату хан қалаған, кейіннен 1457-1458 жылдары Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібектің ұлы Қасым хан 1513 жылы қазақ мемлекетінің астанасы деп жариялаған қала тұрғындарының саны сол заманда жүз мыңға жеткен екен. Орта ғасырдағы тарихшы Әбілғазы Баһадүр ханның дерегі бойынша, Сарайшықта әз Жәнібек хан таққа отырып, 17 жыл хандық құрған, сүйегі осында қойылған. Одан кейін оның баласы Бердібек хан Сарайшыққа келіп, хан сайланған. 1395 жылы Ақсақ Темір күйретіп кеткен Сарайшық қаласы XV ғасырдың бірінші жартысында қайта қалпына келтіріліп, Жәнібек хан мен Бұрындық хан тұсында-ақ Қазақ мемлекетінің астанасы болған деген дерек бар. Қадырғали би өз еңбегінде Қасым ханның Сарайшықта дүние салғанын, қабірі Сарайшықта жатқанын жазып қалдырған. XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген ақын Шығияз Шанайұлының қалдырған дерегі бойынша, Сарайшықта Сартақ, Берке, Тоқтақия, әз Жәнібек, Қасым хандар және Ноғай хандары Ысмайыл мен Ораз жерленген. Бүгінде көне қала орнында осы жеті ханға құлпытас қойылған. [2]

Белгілі археологтар Толстов пен Пацевич Сарайшықты Хорезм тұтқындарының көмегімен сауда жолының бойында X-XI ғасырларда салынған Сааксин қаласының орнында бой көтерген деп санайды. Ал Сарайшық атының шығу тегін зерттеушілердің кейбіріне жүгінсек, негізгі атауы әу баста Сарай-Жук (моңғолша «жук» сөзі «жуық» дегенді білдіреді) болған. Осыған ден қойсақ,

Шыңғыс ханның негізгі ордасы Үлкен Сарай елінде қалып, Жайық бойында оған жуық, яғни таяу тұрғызған ордасын Сарай-Жук атаған тәрізді. Тағы бір дерек бойынша, Сарайшық (Кіші Сарай) аты Берке ханның Еділ бойында 1254 жылы негізін қалаған «Сарай Бату» (Көне Сарай), 1262 жылы негізі қаланған «Сарай Берке» (Жаңа Сарай) қалаларынан кейін бой көтерген қалашыққа берілген секілді. Сондай-ақ Сарайшық моңғол дәуіріне дейінгі Дешті Қыпшақтың батыстағы астанасы (Шығыстағы астанасы Сығанақ болған) болғандай. Кейбіреулер Сарайшық атын орысша Сарайчик (Кіші Сарай) дегеннен шығарады. Алтын Орданың XIV ғасырда ханы болған эз Жәнібектің жалғыз қызының аты Сара болған екен, хан қызына қырындағандар үй сыртынан: «Сара шық!» деп дауыстайды екен, қаланың аты содан шығыпты деп те айтылады... Ал негізінде, исламның белгісі жарты айды бейнелейтін мешіттің алтын айшықты алып мұнараларына байланысты Сары Айшық дегеннен шықса керек. 1950 жылдары Сарайшықта қазба жұмыстарын жүргізген қазақ археологиясының атасы Әлкей Марғұлан қаланың қалыптасу кезеңін XII ғасырға телісе, көне шаһар орнына 1996 жылдан бері зерттеу жүргізіп келе жатқан экспедиция жетекшісі, белгілі археолог, профессор Зейнолла Самашов та осындай тоқтамға келіп отыр. Сарайшықтан көненің көзі жәдігерлер көптеп табылуда. Мәселен, 2001 жылы қазба жұмыстары кезінде археологтар ерекше кесе тауып алды. Әлемде бұндай кесе екі дана ғана екен, біреуі - Египетте, екіншісі - Қазақстанда. Кесенің қасиеті неде десек, ол мынада: ішіне уланған тағам құйылғанда ол түсін өзгертеді екен. Осыған қарағанда, бұл хандар ас ішкен кесе болса керек. Сарайшыққа алыс емес жерден З.Самашовтың жетекшілігімен «Екінші Алтын адам» аталған сармат сарбазының мүрдесі табылуы бөлек әңгіме. Сарайшыққа байланысты бір аңыз-деректі де келтірелік. Сарайшықта 1341-1359 жылдары хандық құрған эз Жәнібек ханның маңдайына басқан жалғыз қызы болыпты. Сүйікті қызы үшін сарай алдына қолдан көл жасап, жасанды көлдің суы екі аптада бір ауыстырылып тұрған. Аққулардың көлді жайлауы үшін көлге 40 атанмен шекер төгілген көрінеді. Сол себепті кейде көлді «Тәтті көл» деп атайтын болған. Ханшайым он бесте болғанда, кенеттен қайтыс болып, хан қызын алтын табытқа салып, алтын қайығымен қосып жасырын жерлеген. 1929 жылы Лондоннан саяхатшылар келіп, Сарайшықтан әлдебір қайық тауып алыпты. Бірақ ол шегелері ғана алтын, Жәнібектің өзіне жасалған қайық екен. Сарайшықты бертінде Бөкей хан жайлаған деген дерек бар. 1885-1890 жылдары Сарайшықта екі мектеп болыпты. Оның бірі - «Церковно-Приходская школа» деп аталатын діни оқу орны болса, екіншісі - қазіргі Сарайшық орта мектебінің бастапқы негізі болған мектеп. 1999 жылы көне қала орнына өткен тарихтың даңқты символы ретінде «Хан ордалы - Сарайшық» атты мемориалды кешен тұрғызылды. 6552 шаршы метр жерді алып жатқан кешенде биіктігі 14,5 метрлік «Хандар пантеоны» да орналасқан. [3]

Түйін

Сарайшық қаласының географиялық жағынан орналасу ерекшелігі Каспий атырабы аймағындағы ғана емес, тұтас Шығыс пен Батыс елдерінің геосаяси мүддесінің осы жерде тоғысуына, оның ерекше байланыстырушы роліне, экономикалық, мәдени, саяси қарым-қатынастарды қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру көне Сарайшықтың қираған орнына жақын орналасқан Атырау қаласына ауысты. Ата бабаларымыздың қажырлы еңбегінің арқасында осынау шұрайлы жерге орныққан мұнайға бай, саудасы ғайбат Атырау қаласына жарқын, әрі ұзақ болашағы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстанның Ұлттық электронды кітапханасы
2. Қазақстандық мәдениет және әдебиет форумы
3. «Астаналар ақиқаты» газеті 2016 ж, 23 маусым

Д. П. Маткалыкова

СШ имени М. Ауэзова, учитель истории

Курмангазинский район

КРАЕВЕДЧЕСКАЯ И ПОИСКОВАЯ РАБОТА В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Наш край, как и другие районы страны, - неразрывная часть нашей Родины Казахстана. Любовь к Родине ... С чего она начинается, где ее истоки? Ответы на эти вопросы могут быть разными. Бесспорно одно - Родина становится дороже тому, кто сделал больше для ее будущего, кто лучше ее узнал. Всестороннее, глубокое изучение истории родного края не может быть без использования краеведческого материала. Краеведение - неотъемлемая частица нашей большой истории.

Именно историческое краеведение в школе является одним из источников обогащения учащихся знаниями о родном крае, воспитания любви к нему и формирования гражданских понятий и навыков. Оно раскрывает учащимся связи родного края, города, села с великой Родиной, помогает уяснить неразрывную связь, единство истории каждого города, села, с историей, жизнью нашей страны,

почувствовать причастность к ней каждой семьи и признать своим долгом, честью стать достойным наследником лучших традиций родного края.

И в этом деле курс школьного краеведения - незаменимая вещь.

Работая по этому направлению мы признали, что эффективным педагогическим средством и составной частью образовательного процесса является краеведческая, туристическая и экскурсионная работа с учащимися, направленная на активизацию учебно-познавательной и общественно-полезной деятельности учащихся, повышения уровня их нравственного, патриотического и эстетического воспитания .

Краеведческая работа предусматривает всестороннее познание своего края, учет и изучение его природных, экономических и культурных ресурсов, географических особенностей, его истории, перспектив развития.

Изучение своей местности, края, страны складывается из географии и истории отдельных регионов, поэтому привлечение краеведческого материала имеет огромное воспитательное и образовательное значение. Главный результат – это интерес детей к краеведению, изучению природы и истории родного края. Для проведения краеведения не нужно больших затрат, длительных поездок и дорогостоящего оборудования. Достаточно быть внимательнее к окружающей среде, растениям, животным, людям, живущим вокруг тебя, совершить небольшую экскурсию по родному краю. И тогда малая родина откроет множество тайн и фактов, которые вызовут любовь и уважение к родной земле, гордость за сохранность природы, флоры и фауны, её истории и культуры. И станет ясно, что без малой родины была бы не полной, что вся великая страна Казахстан состоит из множества таких маленьких неповторимых уголков.[1]

Одна из составляющих системы школьного краеведения — организационные формы историко-краеведческой работы в школе. **К ним можно отнести:**

1. Изучение материалов краеведения на уроках основного курса отечественной истории. Речь идет об уроках истории Казахстана с включением элементов краеведения и специальных уроках по истории края (или их циклах) в рамках учебных часов истории, об интегративных учебных курсах с включением регионального компонента.

2. Специальные учебные курсы регионального компонента в обычных классах и школах (лицеях, гимназиях) с углубленным изучением предметов гуманитарного цикла.

3. Факультативные, предпрофильные и профильные (элективные) курсы в 8—11-х классах. При этом тематика и учебные цели могут быть самые разнообразные: «Родной край: страницы истории», «Наш край в XX — начале XXI в.», «Народы края: история, культура, традиции», «Наше село (город): прошлое, настоящее, будущее» и т. д.

4. Специализированные внеклассные занятия: работа краеведческих кружков, научных ученических обществ, клубов, лекториев и т. д.

5. Туристско-краеведческая (пешеходный, водный, горный, комбинированный туризм, вело- и мототуризм), поисковая, экскурсионная, исследовательская (археологическая) деятельность; работа совета школьного музея, летних профильных лагерей и поисковых отрядов.

Успешные результаты школьного краеведения во многом зависят от того, в какой степени учитель сам краевед и как он сумеет заинтересовать своих учеников. Учитель должен хорошо знать край, систематически его изучать и владеть знаниями краеведческой работы со школьниками. Самому учителю краеведение также приносит большую пользу. Занимаясь краеведческой работой с детьми, он обогащается знаниями, улучшается и его педагогическое мастерство; он знакомится ближе с населением, с родителями своих учеников, изучает работу местных организаций и предприятий, тем самым повышается его роль в хозяйственном и культурном строительстве родного города, села. Краеведение для учителя — верный путь к научной исследовательской деятельности. В процессе краеведческой работы учащиеся самостоятельно усваивают учебный материал и приобретают навыки, необходимые в жизни, готовятся к практической деятельности и расширяют общеобразовательные знания.[2]

Таким образом, школьное краеведение необходимо рассматривать не только как деятельность учащихся, направленную на изучение края, но и как одно из условий, обеспечивающих преподавание истории на конкретном жизненном материале. В установлении связи изучаемого в школе материала по Истории с теми знаниями и навыками, которые приобретаются в результате исследований родного края, и заключается суть краеведческого принципа в обучении.

Школьное краеведение включает в себя не только приобретение учащимися готовых знаний на уроках или из учебных пособий, но и самостоятельную работу, поисково-исследовательскую деятельность под руководством учителя. Следовательно, особенностью краеведческой работы является то, что она ставит учителей и учащихся в положение исследователей. Поэтому обязательной ее частью является участие в поисково - исследовательской деятельности как учителя, так и учащихся. При этом преследуются цели: научное исследование краеведческого объекта, педагогическая - приобщение учащихся к исследовательской деятельности и использование собранных материалов в учебно-воспитательном процессе. Таким образом, используемый в школе исследовательский метод выдвигает краеведение, которое без поиска немыслимо.

Исследовательский метод в обучении: воспитывает у учащихся доверие уважение к историческим фактам, стремление к самостоятельному поиску и критическому отношению к собранному материалу. При обучении любого

краеведческого объекта необходимо соблюдать определенную последовательность.

1. Выбор темы, определение целей и задач исследования.
2. Разработка и принятие общего плана работы.
3. Подготовка программы сбора материала.
4. Определение форм, методов и приемов работы.
5. Определение итогов работы по каждому разделу плана / выпуск рукописной книги, журнала, альбома, написание летописи, подготовка очерка, доклада, реферата, проведение вечера, конференции, викторины, олимпиады, оформление витрины, краеведческого уголка, музея.
6. Изучение опубликованной литературы и других источников по теме исследования.
7. Выявление и изучение документальных источников, хранящихся в местных архивах и музеях.
8. Выявление участников исторических событий, их очевидцев и ветеранов, старожилов.
9. Консультация, координация и контроль учителя за работой учащихся.
10. Сбор, описание и изучение предметов материальной и духовной культуры.
11. Проверка достоверности собранного материала.
12. Обработка, систематизация оформление собранного материала.

Подводя итог можно сделать следующие выводы:

1. Мы принципиально отказываемся от работ описательного характера, нацеливая учеников на проблемные, историографические исследования. Мы не видим никакой особой пользы в компилятивных работах учеников – эту работу они могут делать, готовясь к докладу на уроке, но не на конференции.
2. Нет ни одной исторической проблемы, которая в современной науке может рассматриваться лишь как сугубо историческая: она обязательно соприкасается и описывается политологическими, экономическими, социологическими и другими понятиями и категориями. Написание исследовательской работы по истории дает ученику возможность представить историю как многогранный процесс, который можно изучать с разных точек зрения и нельзя постичь без знания современных наук об обществе .
3. Самостоятельная исследовательская работа формирует понятийный аппарат ученика , готовит к более осознанному изучению других наук об обществе, таких, как культурология, политология, социология, экономика, проведение и формирует целостное представление о мире.
4. Написание исследовательской работы даёт старшекласснику возможность убедиться в том, что знания, полученные на уроках -это мёртвый груз, с

которым непонятно что надо делать, а средство для понимания событий и явлений, которые происходят в современном мире.

Методика использования национально-регионального содержания в наших условиях базировалась на личностно - деятельностном подходе к обучению как методологической основе. Разграничив индивидуально-дифференцированное обучение на этапы дифференциации и, применения каждым из них модели оптимальных сочетаний форм учебной деятельности, мы добивались повышения уровня возможностей и способностей учащихся.

Аннотация

Современное общество требует от школы обеспечения прочных знаний и умений учащихся практически применять эти знания, чтобы активно участвовать в строительстве современного информационного общества. Для успешного решения этой задачи необходимо, чтобы в школе подготавливалось то, что в жизни осуществляется, а обучение и воспитание подрастающего поколения были тесно связаны с реальностью. Не зная истории, экономики и природных богатств края, нельзя правильно руководить на местах строительством современного общества. Поэтому школа призвана готовить достойную смену молодых строителей современной России, хорошо знающих свой край. Процесс обучения и воспитания неразрывно связан с жизнью родного края. Привлечение краеведческого материала на уроках истории служит решению общих задач обучения и воспитания учащихся, стоящих перед казахстанской школой на современном этапе.

Түйін

Келешек ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру, өз халқының тұрмыс- тіршілігіне, тарихына көңіл аударудан басталады. Ендеше өз өлкеміздің, туған жеріміздің тарихын жас ұрпақтарға ұғындыру, ұстаздың шәкірт алдындағы басты парызының бірі.

Отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін Отан тарихын сапалы әрі тиімді оқыту қажет. Бүгінгі орта білім беру жүйесіндегі Отан тарихын оқытуды «Өлкетану» пәні арқылы бекітетін болсақ, оқушының тарихи санасының қалыптасуы мен патриоттық сана- сезімі анағұрлым арта түсері анық.

Сонымен қатар рухани бағыттағы саналы ізденістер – сапалы өзгерістер әкелуде. Талғам түрленген сайын таным түзеліп келеді. Олай дейтініміз бүгінгінің табалдырығын аттағанша ертеңгінің есігі ашылуда... Ал өткенді жандырып, өшкенді жаңғырту әрбір саналы азаматтың абыройлы борышы.

Литература

1. Строев К.Ф. Краеведение. – М.: Изд. Просвещение. – М., 1974.
2. Источник: <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=6000>
© Библиофонд

З. Х. Ажғалиева

М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,

«САРАЙШЫҚ -ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ОШАҒЫ»

Мен өз баяндамамды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Сарайшық мұражай қорығын ашылу салтанатында айтқан сөзінен бастауды жөн санадым.

Тау шайқалса да, тарих шайқалмайды"- деген халқымыз.

Осы мұражай есімізді жинап, тәуелсіз ел болып, ата-бабмызды еске алудың дәлелі. Жас ұрпақ тарихтан өнеге алып, қазақ елін, кең байтақ жерін сүйіп өссін. Баршаңызға жақсылық тілеймін.

03.IX.1999жыл. Н.Ә.Назарбаев.

Елбасы өзінің ."Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру»мақаласында Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша інкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.» Қазақ хандығынан Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі күніне дейінгі мыңжылдықта сан қырлы тарих жатыр. Кешегі Алтын Орда дәуірінен бастап бүгінгі күнге жеткен ұлы хандар жатқан, елдігіміздің астаналары болған киелі жерлер сол тарихтың бір парағы. Бүгінгі таңда Ұлытаудың ұлылығы ұлықталып, Түркістанның тарихи шежіресі ақтарып, Қозыбастың төріне экспедиция жасалды. Бірақ Алтын Орда хандары мен Қасым хан хандық құрған Сарайшық тарихы, қаланы сақтап қалу жобасы ешкімді бей-жай қалдырмауы тиіс. Біздің туған өлкеміз мұнайлы астана Атырау өңірінде сан ғасырлық тарихи бар тарихи орындар, архитектуралық ескерткіштер аз емес. Соның бірі әрі бірегейі көшпелі бабаларымыз қалыптастырған Ұлы Дала өркениеті ошақтарының бірі көне Сарайшық қаласы. Бұл қала заманында дәуірлеп, тарихта алтын әріппен жазылып қалған үш хандықтың Алтын Орданың, Қазақ хандығының, Ноғай Ордасының астанасы болған даңқты шаһар. Қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі Сарайшық Алтын Орданың гүлденген дәуірінде Бағдад пен Мәскеу сияқты қалалардан озық тұрған Сарайшықтың тарихта алар орны ерекше. Қасым хан дәуірінде саяси элиаға көтеріліп, шығыстық үлгідегі таңғажайып Қазақ хандығының астанасы болды. Жошының ұлы Бату хан тамсанып, Темірдің ұлы Әмір қиратуға қимаған Сарайшықтың тарихына үңіліп,

туризм тұрғысынан дамытудағы алғы шарттарына тоқталсақ. Алтын Орда дәуірінен кейін Жәнібектің ұлы Қасым хан 1513 жылы қазақ мемлекетінің астанасы деп Сарайшықты жариялайды. Сол заманда қала тұрғындарының саны жүз мыңға жеткен екен. Орта ғасырдағы тарихшы Әбілғазы Баһадүр ханның дерегі бойынша Сарайшықта әз Жәнібек хан таққа отырып, 17 жыл хандық құрған, сүйегі осында қойылған. Одан кейін оның баласы Бердібек хан Сарайшыққа келіп, хан сайланған. 1395 жылы Ақсақ Темір күйретіп кеткен Сарайшық қаласы XV ғасырдың бірінші жартысында қайта қалпына келтіріліп, Жәнібек хан мен Бұрындық хан тұсында-ақ Қазақ мемлекетінің астанасы болған деген дерек бар. Қадырғали би өз еңбегінде Қасым ханның Сарайшықта дүние салғанын, қабірі Сарайшықта жатқанын жазып қалдырған. XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген ақын Шернияз Қанайұлының қалдырған дерегі бойынша, Сарайшықта Сартақ, Берке, Тоқтақия, әз Жәнібек, Қасым хандар және ноғай хандары Ысмайыл мен Ораз жерленген. Бүгінде көне қала орнында осы жеті ханға құлпытас қойылған.

Қала Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан сауда-саттық дамыған бай қалалардың бірі болған. Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді»-деген болатын. Тарихшы ғалымдар осы Сарайшық қаласының пайда болуын XIII ғасырда, яғни Шыңғыс хан мен Батудың жасаған шапқыншылығымен байланыстырады. Әзірге белгілі болған деректерге сүйенсек, бұл орын туралы жазба мәліметтер XIV ғасырдың алғашқы жартысынан басталады да, оларда Сарайшық гүлденген қолөнері мен сауда қаласы болғандығы айтылады. Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың белгілі географ – ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол өзінің саяхаттарының бірінде, 1334 жылы «Үлкен Сарай» қаласынан шығып (Сарай-Берке-Алтын Орданың астанасы), Азияға жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөнінде ол, «Біз Сарай қаласынан атжеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарайжүк қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу деп аталатын» үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен. Орталығында хан сарайы тұр, оның ішінде 4 мешіт пен көптеген керуен сарайлары бар, оның биіктігі - 11 метр, қалыңдығы 4 метрге тең. Бір кереметі - қаланың әрбір үйіне су құбыр арқылы барып тұр...». Зерттеуші айтқан сол замандағы керамикалық тұрбалар осы уақытқа дейін сақталған. Әрине, Сарайшықты Бағдатпен салыстырғанда, тарихшы қос қаланың алып жатқан аумағын емес, байлығы мен сән-салтанатын салыстырғаны анық. Еуропа мен Азияны жалғап жатқан Сарайшықтағы көпір Бағдаттағы көпірдің көшірмесі секілді дейді. Сарай-жүк монғолша кіші Сарай деген мағынаны білдіреді. Ол кезде Алтын Орда үлкен Сарай, Сарайшықты кіші Сарай деп атаған. Бұдан кейін Сарайшық

жөнінде жазба дерек қалдырған орыс патшасы Иван Грозныймен дос болған ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон. Ол 1558-1559 жылдары Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауына саяхат жасауы кезінде Сарайшық қаласына соғады. Ол өз жазбаларында: «Теңізден бір күншілік қашықтықта үлкен, терең өзеннің жағасына салынған гүлденген, күмбездері көп Сарайшық қаласы бар екен. Бұл қаланы орыс патшасы Иванмен достық байланыстағы татар кінәзі Измайыл мырза билейді екен...» дейді. . Сарайшыққа байланысты бір аңыз-деректі де келтірелік. Сарайшықта 1341-1359 жылдары хандық құрған әз Жәнібек ханның маңдайына басқан жалғыз қызы болыпты. Сүйікті қызы үшін сарай алдына қолдан көл жасап, жасанды көлдің суы екі аптада бір ауыстырылып тұрған. Аққулардың көлді жайлауы үшін көлге 40 атанмен шекер төгілген көрінеді. Сол себепті кейде көлді «Тәтті көл» деп атайтын болған. Ханшайым он бесте болғанда, кенеттен қайтыс болып, хан қызын алтын табытқа салып, алтын қайығымен қосып жасырын жерлеген. Тағы бір таңқаларлық табылған зат-ол әйелдер моласынан табылған, мұсылманның қасиетті кітабы-Құран болды. Кітап әйелге тиесілі болған, бірақ темірдей патриархат заманында әйелдерге оқуға рұқсат етілмегені бізге мәлім. Кітап Сарайшықта білімді бағалағанын, тіпті де әйелдердің білім алғанының дәлелі болып табылады. 1885-1890 жылдары Сарайшықта екі мектеп болыпты. Оның бірі - «Церковно-Приходская школа» деп аталатын діни оқу орны болса, екіншісі - қазіргі Сарайшық орта мектебінің бастапқы негізі болған мектеп. Сарайшық — Қазақ хандығының ең алғашқы астанасы. Ол Атырау қаласынан 50 километрдей жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Сарайшық-қазақ даласындағы ең көне тарихи орын. Бұл жерде кезінде үш жүзге толықтай мойындалған 12 әулие жерленген. Кезінде Сарайшықта жүзден аса хан билік құрған. Сарайшық жерінде жеті ханның сүйегі мен бір ханның басы жерленген. Сол жеті ханға құлпытас қойылған. Қала іргесі 11 ғасырда қаланған. Қаланың гүлденген дәуірі 13 - 14 ғасырлар аралығы. Ғалымдар Сарайшықтың өмір сүру дәуірін шартты түрде үш кезеңге бөледі: 1. X-XI ғасырларда қала іргесінің қаланып бой көтеруі. 2. XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда өмір сүрген кезеңдегі Еуропаны, Орта Азия, Қазақстанда, монғолдар және Қытаймен жалғастырған ірі сауда орталығы болуы, яғни қаланың гүлденіп, өркендеу дәуірі. 3. XV-XVI ғасырлар Ноғай ордасының орталығы болуы, қазақтар шабуылын күйреп, қирауы. Қазақ археологиясының атасы Әлкей Марғұлан өзінің 1950 жылы жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде «қала XII ғасырда салынған» деп еш бұлтандық дәл айтады. Сарайшық туралы кеңінен толғап жазбас бұрын бірнеше оқырманның осы тарихи қаланың болашақ тағдыры туралы алаңдап жазған хатын келтіре кетелік. «Сарайшықтың тағдыры бізді қатты алаңдатып отыр. Сарайшық — біздің ата-бабаларымыз мекендеген өзіндік тарихы бар қасиетті қала. Қалада кезінде 1 миллиондай тұрғындар тұрған. Халқымыздың алғашқы астаналарының бірі болған қала X-XVI ғасырлардағы әлемдегі ең сұлу қаланың бірі болған. Қалада тіптен су құбырлары да жүргізілген. 4 мешіт тұрғызылған. Осындай

әсем қаланы 1581 жылы орыс патшасы Иван Грозный зұлымдықпен қиратып, тонап, тұрғындарын балаларға дейін бірін қалдырмай қырған. Неге, не үшін? Әрине, ең алдымен басқыншыларды қаланың байлығы қызықтырған. Сарайшықтың қайта қалпына келтірілген сәулет-құрылыс жоспарымен танысқан адам Мәскеудегі Қызыл алаң мен Кремльдің идеясы одан жарты ғасыр бұрын Ұлы Жібек жолы бойында салынған осынау қаладан көшіріліп алынғанын сөзсіз байқар еді. Шынында да, Ресей астанасының жоспары археологтар ашқан көне қаланың жоспарынан айна-қатесіз аумайды. Бір замандарда гүлденген қаланың қақ ортасындағы биік дуалмен қоршалған хан сарайы Қызыл алаңдағы Кремльді елестетеді. «... Иван Калита (Қалталы Иван) Мәскеу Кремлінің құрылысын Сарай-Бату қаласының жобасы бойынша жүргізді. Кейін Иван Грозныйдың заманында орыс княздары Алтын Орданың екі қаласын - Сарай Бату мен Сарай-Беркені ұрпақтары ешқашан есіне түсіре алмайтындай етіп жер бетінен жойып жіберуге шешім қабылдады» деген тарихи мұрағаттық құжаттар бар. 1395 жылы Ақсақ Темір шауып алып, күйреткен Сарайшықты Үлкен Ноғай Ордасының орталығы (1490 жылдан бастап) болып тұрған кезінде Иван Грозныйдың бұйрығы бойынша, Жайық бойына кемемен келген казактар 1580 жылы тас-талқан етіп қиратып, түк қалдырмай өртеп жібергені тарихтан белгілі. Екіншіден, Сарайшық қаласының қайталанбас архитектуралық келбетін Мәскеу қаласына ұрлап апарып, Қызыл алаңды, Кремльді салған деседі. Үшіншіден, сол кезде атағы енді аспандап келе жатқан Қазақ хандығының бір тірегі, жүрегі болып отырған қаланы әдейілеп жер бетінен жойған... Алайда басқыншылардың Сарайшық қаласының атын да, затын да тарихтан жойып жіберуге құдіреті жетпеді. . XIII-XV ғасырларда қала Ноғай Ордасының, кейін қазақ мемлекетінің астанасы болғандығы айтылады.. Қадырғали би өз еңбегінде Қасым ханның Сарайшықта дүние салғанын, қабірі Сарайшықта жатқанын жазып қалдырған. Ал негізінде, исламның белгісі жарты айды бейнелейтін мешіттің алтын айшықты алып мұнараларына байланысты Сары Айшық дегеннен шықса керек. 1950 жылдары Сарайшықта қазба жұмыстарын жүргізген қазақ археологиясының атасы Әлкей Марғұлан қаланың қалыптасу кезеңін XII ғасырға телісе, көне шаһар орнына 1996 жылдан бері зерттеу жүргізіп келе жатқан экспедиция жетекшісі, белгілі археолог, профессор Зейнолла Самашов та осындай тоқтамға келіп отыр. Сарайшықтан көненің көзі жәдігерлер көптеп табылуда. 1909 жылы жергілікті балықшылардың ауына керамикалық ірі құмыра ілініп шыққан. Бұл құмыраның иіні мен бүйіріндегі жазуларды ауыл төңірегіндегі сауатты деген адамдардың ешқайсысы да оқи алмапты. Құмыра сол кездегі губерния орталығы Оралдағы мұражайға тапсырылған көрінеді. Кейін әлгі құмыраны көрген Орал шекаралық казак әскерінің генералы Н.Дубасов деген офицер жазу көшірмесін Ресей археологиялық қоғамның Шығыс бөліміне 1915 жылдың 16 тамызында жіберіпті. Екі жыл өткен соң мамырдың 12-сі күні генералдың атына жауап хат келсе керек. Онда құмырада көне қыпшақ тілінде 32

сөз өрнектелгені, дәлдеп аударғанда иінінде Жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” дастанындағы: Адам көркі – жүз,
бұл жүз көркі – көз,
Ауыз көркі – тіл,
бұл тіл көркі – сөз.
Тағы көрік кісіге –
білім мен өнер,
Жанын құрбан етер білім үшін ер,

- деген шумақ шыққан. Ал бүйіріндегі “Бұл күбіге көз жасын құяр болар” деп жазылған. Құмыра XIII ғасырда күйдіріліп, дайындалған көрінеді. Бұл пікірді, соңғы жылдары қала орнында қазба жұмыстарын жүргізіп жүрген Республикалық археология институтының ғалымдары дәлелдеп отыр. Кейін сарайшық қаласын жаңғырту мақсатында жаңа кешен салынды. Тарихи – мемориалдық кешен құрылысы 1999 жылы 2 мамыр күні басталып, сол жылы 3 қыркүйекте ашылу салтанаты болды. Сарайшықта биіктігі 17 метр болатын ескерткіш бар. Оны 1999 жылы Иманғали Тасмағамбетов Атырау облысына әкім болып тұрған уақытында салдырды. Кешен құрамына: 1. Хандар Пантеоны кіреді. Архитекторы, сол кездегі облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов. Бұның биіктігі 17 метр, 8 қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып құлпытастар қойылған. Бұл құлпытастарға, қара мраморға жазылған хандардың аттары мен хандық құрған жылдары жазылған. 2. Мешіт. Мешіттің ұзындығы 13 метр, ені 6 метр 50 см. Мешіттің іші толықтай жасақталып Михраб, Мінбарлар қойылған. Мешіт ішінде Құран, тағы басқа діни кітаптар қойылған. Әрбір жұма намазы өтіледі. Келушілер әуелі мешіт үйіне кіріп Құран оқытып, дұға етеді. Мешітке азан шақырылатын техникалық құралдар қойылған.

3. Мұражай.

Мұражай ішіне Сарайшық қазбасынан шыққан тарихи жәдігерлер қойылған. 14 ғасырдағы Сарайшық қаласының макеті жасақталған.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында « . Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. »-деп айтылғандай болашақта Сарайшық қаласын Ұлы дала өркениетінің ошағы ретінде халықаралық туризм аймағына айналдыру басты мақсатымыз болуы керек деп ойлаймын. Біздің мақсат – бабаларымыз армандаған Сарайшықты тарихи археологиялық тұрғыдан әлі де зерттеп, аспан астындағы музей-қорық жасау. Сарайшық қаласы – бүгінде сан мыңдаған турист сапарлайтын қала. Өйткені әлемнің әрбір тұрғындары Алтын Орда тұсындағы дүниенің ең сұлу, ғажайып қаласының орнын тамашалағысы келеді. Сондықтан Сарайшық ескі қала орнына үлкен мемориалды кешен тұрғызып, туристік әлеуетін дамытсақ деген пікірлерде көп. Әлемдік туризм ошағының ордасына айналдырып,

үкіметтен, жергілікті облыс басшылығынан қаржы бөлдіріп, Сарайшық туризм базасын құруға болар еді Алтын Орданың ресми маңызды қаласы Сарайшық туризм тұрғысынан әлі де мыңдаған туристі өзіне шақырып, сан қырлы сиқырын ұсына алады. Ол үшін мемлекет басымдық берген Елбасының «100 нақты қадам» бағдарламасы аясында тұралаған Сарайшықтың туризм әлеуетін дамытып, күрделі жөндеуден өткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә., «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауы 2014 жыл 11 қараша; « Мәңгілік ел» Ұлт идеясы
2. Назарбаев Н.Ә. «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: Бес институционалдық реформа» 100 қадам Ұлттық жоспары - Астана – 2015. – 11 наурыз
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 санды бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері»
4. Назарбаев Н.Ә., «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы. 2017ж. 31.01.
5. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы. 2017ж. сәуір

Ә. Шамбузова

Абай атындағы жалпы орта мектеп,

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы

ӨЛКЕТАНУДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯ

Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан кейін өткен тарихымызды, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді, материалдық мәдениетімізді жаңғыртуға бетбұрыс жасалуда. Орталық Азияның ірі этностарының бірі, Евразияның үлкен кеңістігін алып жатқан қазақ этносының өткен тарихы мен мәдениетіне байланысты көптеген мәселелерді зерттеуге назар аударылуда. Отарлық пен Кеңес дәуіріндегі қатаң жүйе халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мәдениетіне елеулі өзгерістер енгізді.

Сондықтан ХХ ғасыр қазақ халқының ежелгі мәдениеті, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, шаруашылық дәстүрі қандай өзгерістерге ұшырады, оларға әлемдік өркениеттің ықпалы, халқымыз ХХІ ғасырға қандай дәрежеде аяқ ала

бастағаны жөнінде арнайы зерттеу жүргізіп, қорытынды жасаудың маңызы ерекше.

Жалпы этнография дегеніміз - тарих ғылымының бір саласы. Ол тайпалар мен халықтардың шығу тегін, тұрмысын, кәсібін, әдет-ғұрпын, ерекшелігін зерттейді.

Бүгінде келін түсіру, қыз ұзату дәстүрі әр аймақта әртүрлі өткізіледі. Әрине ескі салттың қалдықтары бар, алайда заманның ағымына қарай көптеген ескі дәстүрлер ұмыт болып, оның орнына жаңа дәстүрлер енген.

Мысалы, Дәстүрлі қазақ қоғамында мұндай салтанатқа бүкіл ауыл болып дайындалған. Ауыл әйелдері жасаулы көштің алдынан шығып, шашу шашқан. Көш бастар түйенің бұйдасын ұстап, ауылға жетектеп енген әйелді *“мұрындық ана”* деп атап, оған арнайы сый берілген. Ауыл адамдары келінмен бірге келген төсек-орнын түсіріп, отау тігуге кіріскен. Шаңырақты көтеру бала-шағалы, үрім-бұтағы өскен, елге беделді салиқалы анаға жүктеледі. Мұнымен жаңа түскен жас келінге *“жағыз түскенше жамандық көрме, осы абыройлы ананың жолын берсін”* деген ырым көзделеді. Аттан түсіп, жеңгесімен бірге келген ауылдан хабар күтіп тұрған келіннің алдынан ауылдың қыз-келіншектері шымылдық алып шығып, шашу шашады. Шымылдықты келіннің бетіне жауып, бет-жүзін үлкендерге көрсетпей, қайын атасының үйіне алып кіргізеді. Келін үлкен шаңырақтың босағасын оң аяғымен аттай кіріп, тізе бүгіп сәлем береді. Сонан кейін келінді от басына төселген тулаққа отырғызады. Ол – *“жаңа түскен жас келіннің мінезі иленген тулақтай (тері) жұмсақ, биязы болсын”* деген ырым. Келіннің қолына әйелдердің біреуі ішінде май құйылған ыдысты ұсынып, отқа май құйғызады. *“От-Ана, Май-Ана, шапағатыңды жаңа түскен жас келінге тигізе көр, жарылқа!”* дегізеді. Осы рәсім орындалып болған соң, келінді өзіне арнайы тігілген ақ отауға енгізіп, күйеудің шешесі тиын ақша, құрт, ірімшік аралас шашу шашып, бата береді. Қонақтарға табақ тартылғанда, үлкендер жағы келінге арнап үлпершек, төс салып жібереді. Ол *“ұл тап, төстей қайқайып жүріп қайын жұртыңа қызмет ет, майдай бат, судай сің”* дегенді білдіреді. Келін сәлем етіп, тағамды қабылдап, өзі ауыз тиіп, жанындағыларға береді. Тамақ ішіліп болған соң, ауыл адамдарына жаңа түскен жас келінді таныстыру, келіннің міндетін түсіндіру мақсатында ел жиылып, *“Беташар”* жыры айтылады. Беташар айтушы келіннің келген жеріндегі қайын ата, қайын енеден бастап туыстарының үлкен-кішілерін жеке-жеке таныстырып, келінге олардың әрқайсысына иіліп сәлем еткізеді. Жаңа түскен жас келінді ауылдың үлкендеріне таныстырғанда, олар көрімдікке, еншіге мал атайды.

Енді бұл салт қазір өзінше бұрмаланған, келін түсіріп жатырған жақтың қонақтары жиналғанша жастар қала ішін аралап, әдемі жерлеріне саяхат жасап көңілдерін көтереді. Жаңа түскен келін бірден тойханаға келіп, сол жерде беташар айтылады. Келінді ортаға екі жағынан екі жеңгесі алып кіреді. Беташар айтылып, жаңа түскен келін жиналған қонақтарға ата-енесінен бастап сәлем салады.

Беташарға халық келіннің көрімдігі деп ақшаларын салады. Келін түсіру, қыз ұзату салты Қазақстанның батыс аймағын алатын болсақ Маңғыстау өңірінде жақса сақталған. Жаңа түскен келінді шымылдықпен қарсы алу, отқа май құю, күнде ата-ене, қайынаға, қайынапағ басқа қонақтарға келіннің салем салуы барлығы сақталған. Ал, Ресей территориясы жақын жақын жатқан Атырау, Ақтөбе, Орал өңірлерінде бұл салттардың көпшілігі ұмыт болған.

Тағы да ұмыт болған дәстүрлерді айта кететін болсам, **Құрсак той, құрсак шашу** — бұл өзінің келінінің аяғы ауыр екендігін білген ене достарын, туыстарын, көрші-қоландарын шақырып, мол дастархан жаю дәстүрі.

Абысын асы-Бұрынғы кезде қазақ келіндері ерлерінің рұқсатынсыз көңіл көтермеген. Ерлері тойға, айтқа кеткен кезде ауылда тек әйелдер ғана қалған. Осы кезде олар дәмді еттерін асып, самауырынға шәйлерін қойып, бастарын бір жерге қосып әзіл-әңгімелерін жарастырған. Бұл қазақ әйелдерінің береке-бірлігін, татулығын арттырған. «Абысын асы» әйелдердің татулықта өмір сүруіне тәрбиелейді.

Өңір салу- Отқа шақырумен (кей жерлерде «үй көрсету» немесе «есік ашар» дейді) бірге болып жататын ендігі бір кәде өңір салу. Мұнда ылғи бәбішелер келеді. Ниеттері келінге шашу шашып, құтты болсын айту. Шашудың сыртында өңір әкеледі. Өңір киім, бұйым деп ең құрығанда терме бау немесе жас төсекті басқалар басынбасын деп бүркіт тұяғы, үкі сықылдылар іледі. Бұлардың бәрі отау үйге қажетті, өңін ашатын нәрселер.

Құйрық бауыр - «Құйрық бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе» (мәтел). Бұл құдалық дәстүр рәсімі болғанмен ұлт салт дәстүрінде орны бөлек жай. Екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға «құйрық бауыр» арнаулы сый әкеледі. Әкелуші әйел «бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар» деп тілек білдіреді. Одан барлық құдалар ауыз тиеді. Құйрық бауыр қазақ дәстүрінде құда болудың заңды белгісі құжат болып бекітілген.

Енші беру - Ата-анасы баласы балалы болғаннан кейін «енді өз күндерін өздері көре алады» деген сенімге келіп, отау тігіп, бөлек шығарады. Сонда малынан – мал, мүлкінен – мүлік бөліп береді, ыдыс-аяқ сыйлайды. Оған келіннің төркінінен келген дүниесі қосылып, жас жұбайлар жеке шаңырақ болып шыға келеді. Мұны енші беру деп атайды. Ата-анасы қайтыс болса, олардың малы мен дүние-мүлкі қалған ағасы інісіне еншібас беруге тиіс.

Қазір балалары ата-аналарынан бөлек кеткен кезед көп жерде енші берілмейді. Тек құтты болсын айтып, келген қонақтардың батасын алып үйіне көрімдігін береді.

Ата-бабамыздың салт-дәстүрлерін мақтан тұтамын. Халық-қалың орман,әрі пана, әрі қорған", - деп Қ.Мырзалиев ағамыз жырлағандай, әр халықтың өзінің кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын салт-дәстүрі болады. Халықтық салт – дәстүр, мәдениет құндылығы – халық қазынасының озығын, ақылды да әдепті

жан – жақты жетілген патриоттық сезімдегі азамат тәрбиелеуде пайдалансақ, қателеспейміз. Жан – жақты ел тарихын білетін, Отанын сүйетін, заман талабына сай оқушылар мен жастарды тәрбиелеу бүгінгі күн талабы! Әр мемлекеттің көркі дәстүр салтына байланысты. Сондықтан қазақтың асыл мұраларын көзіміздің қарашығындай сақтап кел ешек ұрпаққа жалғастырып отыруымыз қажет. Еліміз салт-дәстүрге бай болсын дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы, 2005
2. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы, 1994
3. Аманова Ғ. «Халықтық педагогика-даналық мектебі»

Г. К. Джагыпарова

Абай атындағы жалпы орта мектебі,

тарих пәнінің мұғалімі

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы

ӨЛКЕТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОТАНШЫЛ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тарихты білу –өзінің отбасының , әулетінің туып өскен өлкенің тарихын білуден басталады . Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев тарихтың маңызы туралы «өркениетті алға бастыра ғылым десек, соның бірден бір саласы жас ұрпақты тарихтай отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелей алмайды»[1] Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын , жинаған тәжірибесін баяндайды. Келешек ұрпақтың бойына отансүйгіштікті қасиетті қалыптастыру, өз халқының тұрмыс тіршілігіне, тарихына көңіл аударудан басталады. Ендеше өз өлкеміздің , туған жеріміздің тарихын жас ұрпаққа ұғындыру, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін Отан тарихын сапалы әрі тиімді оқыту қазіргі таңдағы ұстаздың шәкірт алдындағы басты парызының бірі.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясын,«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы халқымыздың тарихындағы терең мағыналы бағдарламалық құжатқа айналғаны баршамызға белгілі. Осы жолдауларды басшылыққа ала

отыра Өлкетану пәні: оқу пәндерін толықтыратын және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттеуге ықпал ететін кіріктірілген сабақ. Өлкетану пәні арқылы әрбір адамға ең жақын, ең қасиетті мекен туған жері, туған жерінің тарихы, өңірдің тарихи тұлғалары, халқы мектебінің тарихы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу елді мекендердің табиғатын, жер су атауларының даму заңдылықтарын ашуға, өз елінің тарихын білумен қатар өлкедегі тарих қойнауындағы әліде беймәлім қырларын зерттеп, оны жүйелеуге септігін тигізер пәндердің бірі.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалада «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: бәсекеге қабілеттілік» (2017 ж.) Қазақстан халқына жолдауында ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс екендігін атап өтті. Оқыту бағдарламалары сын тұрғысынан ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет делінген. Өлкетану пәні арқылы оқушының тарихи санасының қалыптасуы мен патриоттық сана сезімі анағұрлым арта түсері анық. Себебі өзгені тану үшін алдымен өзінді тани біл!»[2] деген жалпы азаматтық қағиданы басшылыққа ала отырып, Отан тарихын өлке тарихы арқылы оқыту маңызды қадамның бірі

Осы айтылған Елбасының сөздерін негізге ала отырып, танымды жаңғыртуды жүзеге асыру аясында мектеп бағдарламасына енгізілген «Өлкетану» оқу курсы барысында жүргізген жұмыстарыммен бөліспекпін.

Мақсатым: Ұлттық идеяны жүзеге асырып, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына сіңіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматы болып қалыптасуға тәрбиелеу

Пәннің өзектілігі: Елді егемен, халықты қалыпта ұстап, ұлтты ұлы ететін болашаққа деген нық қадам! Елбасымыздың әрбір жолдауы– ұлт тағдыры, ел ертеңі, сол үшін біз еліміздің ертеңгі күніне бейжай қарамауымыз керек!

Міндеті: Төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тілімізді өркендету, ұлтжандылыққа баулу.

Осы орайда көрегендігі мол, мақсаты айқын Елбасымыздың «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру» мақаласы жарияланғанынан бастап, білім ордамызда рухани жаңғыруымызға байланысты оқушыларымыздың бойына патриоттық сезімді ұялату, Отанға деген құрметін арттыру мақсатында көптеген патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізіліп келеді.

Сабақтың өн бойына рухани мәдениетке деген көзқарастарын қалыптастыру, өз беттерінше мәдени құндылықтарды түсіне білу және оларды бағалай білу қабілеттерін дамыту. Пән аралық байланысты жетілдіру арқылы оқу материалдарын байланыстырып, сабақта оқушыларға терең білім беру жүзеге асып отырды.

«Өлкетану» пәнін сабақта жүзеге асыру үшін 5 сынып бағдарламасына сай өз сабақтарымды жоспарлағанда үнемі Қазақстанның тәуелсіздігі, қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, ұлттық рух, тарих,

мәдениет пен тіл құндылықтарына баса назар аударуға болады. «Өңірдің тарихи тұлғалары» тақырыбын оқығанда аудан топырағында туып, мектеп тарихында ерекше орны бар, елінің дамуына зор үлес қосқан және болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор еңбек еткен, қоғам және мемлекеттік қайраткерлер туралы білу, олардың еңбектерін насихаттау, оқушыларға үлгі тұту.

Мен өз сабақтарымда осы құндылықтарды оқушы бойына сіңіру бағытында Өңірдің тарихи тұлғалары Билер, батырлар, палуандар тақырыбын сөз еткенде тұлға Туған өлке тарихының өткенін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеп, саралау жүргіздік.

Сабақ басында «Менің Елім», «Мәңгілік Ел» ұғымдарын қалай түсінетіндері ел-жұрт, мәңгі өмір, туған жер, мәдениет, дәстүр, тарих, ұлы тұлғалар, тәуелсіздіктің жетістіктері туралы диалогтық сұрақ-жауап арқылы оқушы білімі мен туған жеріне деген сүйіспеншілік пен танымы анықталады. Оқушылар «Мәңгілік ел» идеясындағы ұлттық құндылықтарды ажырата білді «Мәңгілік Ел» мен «Ұлы даланың жеті қыры» жолдауларының логотипін беру арқылы топтаса жұмыс жасау кезінде балалар тың идеялар айтады, білімді игеруге деген қызығушылығы артады, оқушылардың көшбасшылық қабілеті айқындалады. «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарымен жайлы Елбасы жолдауында болашақта мәңгі ел болуын қалағандығын атап өтті. Сонымен қатар оқушылар Ұлы даланың жеті қырын талдай отырып, мәңгілік сабақтастықты айшықтай түсті. Елбасының халқымыздың игілігі жолындағы ұлы мақсаттарды алға қойғандығы, оны жүзеге асыруда жас ұрпақ ретінде өздерінің де үлестерінің бар екендігін сезінді.

Сейтқали Меңдешов, Мақаш Бекмұханбетов, Қазбеков Ғалиден, Тағанқожа Өтегенов, Төленді Кәрімов, Өтепберген Әлімгереев сынды мектеп тарихына үлесі бар азаматтарды танысып өз зерттеулерін жүргізіп ойларын ортаға сала білді. Мақаш әкім ел билеу шеберлігімен таныса, бір жағынан салт-дәстүрімізде ат қою рәсімімен әулие Тазмолданың рөлін сомдап, ат қою үлкен ұлағатты елге танымал адамға сәбидің есімін қойғызу рәсімін сахна төрінде көрсетіп өз шеберліктерімен бөлісті бұл сәттер оқушы санасында қалатын пәннің оқытылуы маңызы десекте артық болмас. [3] Еліміздегі Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысына қатысқан жерлес майдангерлеріміздің ерлігін дәріптеуде «Отан үшін от кешкендер», «Даңқ» бұрыштары жасақтауда оқушылар мен ұстаздар еңбектерінің нәтижесі. Туған өлкеміздегі танымал сыйлы адамдарды құрметтеуде, дәріптеуге басты көңіл бөлінуде. Мектеп түлегі, бүгінде сенат депутаты Сәрсенбай Еңсегеновтің есімін мақтанышпен атауға болады. «Самғауы биік саңлақ» атты бұрыш жасақталып, атаулы сынып кабинеті ашылды. Абай атындағы орта мектеп, облысты былай қойып, білім берудің жаңа жүйесін қалыптастырумен, білікті ұстаздарымен, танымал шәкірттерімен республиканы мойындатып келеді. Қазақстан Республикасының тірек мектебі саналуы тегінен –тегін емес.

Әлемдік тарихи үдерістің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстанда адамзат қоғамының дамуына үлес қосқан тұлғалар туралы білімін қалыптастыру және оқушылардың тарихи білімдерді қорытындылап, себеп-салдарлық байланыс орнатып, тарихи оқиғалар, ондағы тарихи тұлғалар туралы біле отырып, өзіндік көзқарастарын білдіру, күнделікті өмірде білімін қолдана білу дағдыларын дамыту. Тарихи деректермен жұмыс жасай білу және тарихи білімдерін шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру сабақ кезеңдерінде үнемі жүзеге асып отыру керек .

7 сыныптағы Туристік маршруттар сабағында РАФТ әдісі арқылы екі топқа шығармашылық тапсырма алдын ала берілген болатын бірінші топқа желім мен қайшысыз ақ қағаздан макет тұрғызу ал екінші топқа сурет салу арқылы өз жобасын қорғау тапсырылған бұл тапсырма нәтижесінде екі топта өз жұмыстарын жоғарғы деңгейде көрсете алды. Бірінші топ өздерін аудан әкімі ретінде өз жұмысын ауданға керек спорт кешенін таныстырса, екінші топ құрлысшы маман ретінде таныстыра отыра өз жұмыстарын таныстырды. бұған оқушылар үлкен жауапкершілікпен қатысты, әр бала жүрек түкпіріндегі сырды бүкпесіз ақтарғаны мені қызықтыра түсті. Олардың жұмыстарының мазмұны мен тақырыптары жан-жақты болды, болашақтың үлкен жетістігі екенін жеткізе білді, отанға қол жайып қарап отыру емес, өз туған жеріне кішкене болса үлесін қосуға тіпті мектеп бітіріп осы туған жерінен алыста жүрседе еңбекке қолы жеткен соң осындай бастауларды мектеп табалдырығынан өлкетану сабақтарында айтылса , бағытталса ұстаздың мерейі тасып еңбектің көрінері анық деп ойлар едім .

Қорытындылай келе қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде балалардың өз елінің патриоты ретінде қалыптасуы мен өзін-өзі тануына, әлеуметтенуіне, болашақ маман иесі болып, кәсіби өсуіне, шығармашылықпен шыңдалуына оңтайлы жағдай жасалуда.

Әр адамның азаматтық арының тазалығы туған жерім, өзінің ұшқан ұясын ұлағаттаудан басталады. Ол үшін әр адам туған өлкенің тарихын жас кезде меңгеріп, ол қайда жүрсе, өз халқын, туған жерін, салтын мақтаныш ете алатындай ұлтжанды азамат болу парызы деп айтуға болады. Өлкетану ғылымынсыз мүмкін емес. Өлке тарихының мектеп табалдырығында қолға алынуы, оқытылуы үлкен қадам. Осы бағыттағы жұмыс нәтижесінде жинақталған материалдарды оқу тәрбие жұмыстарында жоспарлы жүйелі түрде қолданылса, туған өлке тарихының өткенін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеп, тарихымыздың қалтарысты, қатпарлы тұстарына сәуле жүгіртіп, тың деректермен толтырсақ өлке тарихын түгендеуге әр ұрпағымызды туған жерінің тарихын, туған өлкеміздің тау-тасын, өзен-көлін, байлығын өзімізкі деп сезініп қорғай білуге бағыттау ұстаздық парызымыз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Атырау газеті Елбасы Жолдауы « Қазақстан -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014ж 17 қаңтар 4 бет
- 2.Қазақстан тарихы әдістемелік журналы,5,2018
3. Қазақстан тарихы әдістемелік журналы, №5 ,2017
4. Мақаш әкім «Шешендік сөздер»129б

Д. Разихова

Абай атындағы жалпы орта мектебі,

9 «Б» сынып оқушысы

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы

ҰЛАҒАТЫ ҰРПАҒЫНА ҰЛАСҚАН...

Зерттеу мақсаты: Ауданымыздың білім беру саласында жарты ғасырға жуық қызмет атқарып, оның отыз жылдайын басқару ісіне арнаған белгілі ұстаз, КСРО Халық ағарту ісінің озық қызметкері, арының қылаусыз тазалығымен ел ауызында жиі айтылатын, үлкен отбасының бәйтерегі, менің нағашы атам-Тағанқожа Өтегенов Өтеғалиұлының қазақтың біртуар азаматы ұлтжандылық ұстаздық ұлағаты ұрпағына ұласқан өнеге өмір жолын дәріптеуге арнадым. Құрманғазы ауданының тарихында өзіндік із қалдырған, адамның дүниесіне үніле білген, даналықты жүректен ұға білген ұлағатты ұстазды, тарихи тұлғаны елге таныту.

- Зерттеу жолдары:
 - I. Қызметіне қатысты мәліметтер жинадым.
 - II. Көзкөргендермен пікірлестім .
 - III. Баспасөз беттерінен шолу жасадым.

IV. Жинақталған деректерді сараладым.

Міндеті: Аудан тарихындағы тарихи тұлғаларды танып білу;

Мен нағашы атам туралы анамнан,нағашы ағалары мен әпкелерімнен және баспасөз беттерінен,атамның шәкірттерінен,қатар қызметте болған әріптестерінен сыр тартып, атамның өмір жолындағы салып кеткен сара жолдары туралы көптеген тағылымы мол мәліметтерді білдім.Осы зерделеп,жинақталған еңбегіммен сіздерге таныстыруды жөн көрдім.

Ғылыми жоба үш бөлімнен тұрады

1. Тағылымы тарих тау тұлға

2. “Жүз жылдық жол”
3. Ұлағаты ұрпағына ұласқан

Тағылымы тарих тау тұлға.

Өтегенов Тағанқожа Өтеғалиұлы-1933 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1953 ж. Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтын озат дипломмен бітірген. 1959 ж. Гурьев педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген. Құрманғазы аудандық білім бөлімінің меңгерушісі, Құрманғазы ауданының құрметті азаматы, мектеп директоры, физика-математика-информатика пәнінің жоғары санатты мұғалімі, Қазақ ССР, СССР ағарту ісінің озық қызметкері төсбелгісінің иегері.

Әкесі Өтеғали тірісінде темірден түйін түйген ағашқа жан бітірген шебер болған. Анасы Өтегенова Ақзия –үй шаруасымен айналысқан. Аса сабырлы,әр нәрсенің байыбына барып,он ойланып, бір пішетін жан болған.

Ағасы –Өтегенов Мүти Фин соғысына қатысып, елге аман оралып, қатардағы мұғалімдіктен халық ағарту бөлімінің меңгерушісі қызметіне көтерілген. Қарапайым мұғалімдігінен мектеп директорлығы, басқада басшылық қызметтерде болған жылдары көп екен. Ұстаз ретінде бірнеше қалаларда өткен педагогикалық оқуларға қатысып, республикада бірінші орын иеленген кездері де бар. Оқу тәрбие жұмысындағы жетістігі үшін 1961,1972 жылы Мәскеудің Бүкіл Одақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып күміс медалін иеленіпті. Бірнеше мәрте мерекелік медальдар алған. Құрманғазы ауданының құрметті азаматы.

2.“Жүз жылдық жол”

Ауданымыздың білім беру саласында жарты ғасырға жуық қызмет атқарып, оның отыз жылдайын басқару ісіне арнаған белгілі ұстаз, КСРО Халық ағарту ісінің озық қызметкері, арының қылаусыз тазалығымен ел ауызында жиі айтылатын, үлкен отбасының бәйтерегі Тағанқожа Өтегенов ағамыз көзі тірісінде 125 жылдық тарихы бар Абай атындағы орта мектептің көне шежіресінен күні бүгінге дейінгі кезеңін біраз зерттеп қағазға түсірген. Бұл білім ордасының тарихы түгенделіп,түптелуіне өзіндік жол салған.Өзі осы мектепте біраз жылдар директор болған атамыз аталмыш білім ошағының қадір-қасиетін тайға таңба басқандай дәлелдей алған. Оған дәлел сырқаты меңдей түскен күндердің бірінде: Шырағым, әлім келгенше айтулы мектептің тарихын зерделеген болдым, ар жағы саған аманат деп қол жазбасын Абай атындағы орта мектептен білім алған шәкірті, өлкетанушы –тарихшы ғалым, жазушы Өтепберген Әлімгереев ағамызға тапсырған.

«Тағанқожа ағай өзі қалаған оқуын үздік бітірген соң ауданның Нұржау, Абай, Ломоносов, Карл Маркс аттарындағы орта мектептер мен Ганюшкин мектеп- интернатында қатардағы мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарған. Қайда жүрсе де тек адалдық пен әділдікті, терең

білімдарлық пен өз пәнін жетік меңгеру, соны тәрбиелеген әр шәкірттің жүрегіне жеткізе білуді мақсат тұтқан ол өз өмірінде қылаудай қаралық, оймақтай өтірікке тіпті де төзбейтін. Әділеттілікті әркез мақтан тұтатын және ұнамаған нәрсесін сол бойда бетің бар, жүзің бар демей айта салатын да, оны дер кезінде айтқанын өзгенің де өзінің де абыройлы борышы деп түсінетін. Негізгі мамандығы физика пәні болса да соған жуықтайтын пәннен мейлі математика, геометрия, тригонометрия, астрономия, сызу, информатиканың бәрінен де еркін және жетік түрде сабақ жүргізе беруші еді. Қосымша үйірмелер десеңіз- фото, кино, жас техниктер, авто моделшілер, тағысын тағылар оның күнделікті жұмысындай көз жұмып жүргізетін. Бір ғажабы бірде- бір сабағы көрнекті құралсыз өтпейтін. Кейінгі жылдары ол уақыт талабына сай ауданда алғашқылардың бірі болып, орта мектепте информатика пәнінен сабақ берді. Бұл жолда ол облыстағы оқулардан басқа Қостанай, Мәскеу қалаларында ұйымдастырылған курстардан өтті. Нәтижесінде жеке өзінің ұстаз ретіндегі аталған пәнді оқыту турасындағы іс тәжірибесі облыс мектептеріне таратылды. Қайтыс боларынан алты ай бұрын Тағанқожа ағай облыстық қатерлі ісік аурулары ауруханасына түсті. Сөйтіп ол Өтепберген Әлімгереев ағайды өзіне шақыртқан еді. Ол өзінің ештеңеге де өкінбейтінін, өзінің Көшәлі ағасы еңбекке берілген, халық үшін туған асыл адамдар екенін айтты және реті келсе, ол жайлы материалдар жинақтап көруін сұрады. Онымен қоса, өзі білетін біраз деректерді айтты. Кейін Өтепберген Әлімгереев әлгі айтқандарын мұрағат мәліметтерімен салыстырып көріп еді, бәрі де қолмен қойғандай дәл келеді екен. Содан соң өзінің де өмірбаяны жазылған бір парақты алдына қарай жылжытып, бірде болмаса, бірде кәдеге жарап қалатынын айтты. Осындағы әңгіме ағам жайлы жоба қорғауға, айтуға бағыт берді. Ағайдың қарапайым мұғалімдігінен мектеп директорлығы, басқа да басшылық қызметтерде болған жылдары көп екен. Ұстаз ретінде біраз қалаларда өткен педогогикалық оқуларға қатысып, республикада бірінші орынды иеленген кездері де бар. Түрлі білім жетілдіру курстарынан өтіп, алты жыл аудандық оқу бөлімін басқарған, СССР және Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері атақтарын, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіндегі «Еңбектегі ерлігі үшін» медальын алған. Оқу- тәрбие жұмысындағы жетістіктері үшін екі рет Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, күміс медальын иеленген. Бірнеше мәрте мерекелік медальдар алған. Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы. Тағанқожа ағай үйірмелердің біразын өзі жүргізеді. Оның өзі кейде екі- үш сағатқа созылып та кететін кездері бар. Кино, фото үйірмелерінің қызығы көп. Тіпті, балалар қимай қоштасады. Онымен қоса, оқу жағынан да әрі тәрбие жағынан да бағыт берген. Мысалы. Балалар мырсымырс күлсе, мәдениетті адамның дауыстап күлмейтінін ескертер еді және де нанды қалай болса, солай тіле салған бір қызға, қыз баланың нан тіле білмеуі ұят екенін, нан тілудің өзіндік заңдылықтары бар екенін, оны халық қабылдаған тәртібімен кескен дұрыс екенін айтқан. Сол сияқты қонаққа су құюдың да

тәртібін ежелеп айтып бергенді. Бір қарағанда бұны кейбіреулер «бұл қарапайым мұғалімнің міндетіне жатпайды, ата-ананың парызы» деуі мүмкін. Тәрбиенің әр адамға бөлініп қойған түрі жоқ. Оны жастың болашағын ойлаған әр адам айта алды. Өз басымыз Тағанқожа ағайды еш уақытта ешкімнің ала жібін аттамаған, адамзатқа тән ортақ тәртіптен еш ауытқымаған нағыз періште жан деп ойлаймыз. Ағай 2001 жылы 68 жасында дүниеден өтті.

Ұлағаты ұрпағына ұласқан дегендей қазіргі таңда бұл есімге ерекше тоқталудың тағы бір себебі ұстаздық жолы ұрпақтары жалғастырып келеді, бұл үлкен мақтаныш деп айтуға болады.

Қорытынды түйінім: Өлке тарихына өзіндік үлесін қосып, ұлтжандылық пен патриоттықтың таңбасын қалдырған ұстаз қандай болса да ұлықтау мен мақтаныш сезімге лайық, өзіндік орны бар атамның атын өшірмей, ұрпақ санасында қалдыру, оны үлгі тұту - кейінгі аға буынның міндеті деп санаймын. Ұстаздың халқына сіңірген еңбегі қалай дәріптеуге де тұрарлық. Оның есімі халқымен жасай беруі тиіс және де есімін өмір деректеріне лайықты ұрпақ санасында қалдыру үшін өлкетану сабақтарында сыныптан тыс шараларда жүргізіліп келеді, мектеп тарихында кітаптың үлкен көлемінде тұсаукесері болып өтті

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Серпер газеті «Жүз жылдық жол» 2019ж 10 қаңтар 16бет
2. Өтегенов Т. «Жүз жылдық жол»

М. М. Газизова

Абай атындағы жалпы орта мектебі

«ТУҒАН ӨЛКЕ - МӘДЕНИ ЕСКЕРКІШТЕРІ СЫР ШЕРТЕДІ»

I.Елбасының «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» атты мақаласында еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқаны және Қазақстанның үшінші жаңғыру басталғанын ариялай отыра,жаңғырудың маңызды айырықша екі процесінің жүріп жатқанын бірақта адамзат баласының ең маңызды жаңғыруына өтуі үшін алдымен рухани жаңғырудың маңыздылығына тоқталады.

2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық.

2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық.

Осы мақалада рухани жаңғыру аясында ұсынылған жобалардың ішіндегі «Туған жер»бағдарламасының мәні патриотизмнің шынайы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқытудан көрініс тапса игі деп атап өткендей,әрбір жас ұрпақ өінің туған жерінің қыр-сырын, тынысын, жешіресін біліп өссе, сонда ғана ұлттық рухани болмысы қалыптасқан құндылы қасиеті бойына сіңген патриотты ұрпақ тәрбиеленіп өсер еді.

Сондықтан қазіргі таңда Елбасымыздың «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға ат салу мақсатында мектепте «Өлкетану» оқу бағдарламасы бойынша 6-7 сыныптарында «Туған өлке тарихы» факультативтік сабағының жоспарында «Туған өлке -мәдени ескерткіштері сыр шертеді» тақырыбында ауданымыздағы мәдени-тарихи ескерткіштер кешені туралы деректермен оқушыларды таныстырып қоймай,оларды өара сабақтастыра біртұтас ұлттық кешендер ретінде мәдени мұраның озық туындыларының үлгісіндей бағалап,сақтауға тәрбиелеуге баулу.

Осы мақсатта ауданымыздағы өзіндік тарихи шежіресімен орны бөлек тарихи –мәдени ескерткіштер туралы деректерге тоқталдық.

Елбасымыздың рухани жаңғыру бағдарламасында айтылғандай туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді.Әрбір өлкенің халына суықта пана,ыстықта сая болған,есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар.Осының бәрін жас ұрпақ біліп өтуге тиіс,-деп айтқандай өлкеміздің киелі топырағында небір асыл тұлғалар дүниеге келгені белгілі сол тұлғаларға арнайы ескерткіштер тұрғызылған.

Тәуелсіздік жылдарында еліне елеулі азаматтарды еске алып, олардың бастарына белгі қойылды. Ия еліміз қылышынан қан тамған замандарды өткерді, сол заманда азулымен айқасып,туған жеріміздің рухани-экономикалық дамуына үлес қосқан тұлғаларымыздың ерен еңбектері мәдениетіміздің мол қазынасы іспеттес ұрпағымыз санасында мәңгі сақталып, жалғасын тауып,жасарып отырады деген сеніммен үлгі етуде өлке тарихымен оқушыларды сусындату барысында «Өлкетану» сабақ бағдарламасының маңызы зор деп ойлаймын.

II.Құрманғазы ауданының тарихи- мәдени ескерткіштері бөлімі.

Кеңес дәуірінде 1918жылы 12 сәуірінде «Республика ескерткіштері» туралы қарар қабылданған еді. Осы құжаттың негізінде тарихи және көркемдік құндылықтан «ада» ескерткіштерден дереу арылып,ең бастысы ескерткіштердің әлеуметтік –тарихи маңызы мен көркемдік сапасы болу керектігі айтылды.

Ал,бүгінде, тәуелсіздік таңы атқан жылдарында ұлт тарихына бей- жай қарай алмайтын,болашағымы үшін аса маңызды іс- мәдени мұра бағдарламасы мен «Туған жер» бағдарламалары аясында көптеген жұмыстар атқарылып келеді.

Құрманғазы өңірі-ежелден ел қонысы болған қасиетті,киелі мекен.

Құдіретті күйші Құрманғазы бабамыздың кіндік қаны тамған, Махамбет батырдың табаны тиген,Жүмекеннің өлең жырларына арқау болған киелі де

шалқар өлке Құрманғазы ауданы да рухани мұра, тарихи-мәдени ескерткіштерден кенде емес. Ауданның тарихында ел үшін күрескен, азаматтық істермен халық жадында қалған тұлғаларды, тарихи-оқиғаларды бейнелейтін ескерткіштер жетерлік.

2012 жылғы есеп бойынша ауданымызда барлығы 80 тарих және мәдениет ескерткіштері бар. Олардың 42-і мемлекеттік тізімде, 38-і алдын-ала есепке алу тізімінде тіркелген.

Құрманғазы Сағырбайұлына арналған бюсті. Сәулетшісі О.Н. Лавринов. Уақыты: 1967 . Мекен-жайы: Жыланды селосы, Құрманғазы көшесі. Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Ескерткіш Астрахань шеберханасынан ақ тастан қашалған. Мүсіннің биіктігі 120 см, кірпіштен қаланған тұғырының биіктігі 145 см, ені 120 см.

Құрманғазы Сағырбайұлына арналған белгі. Уақыты: 1974жж. Мекен-жайы: Қошалақ ауылынан батысқа қарай 45 км. Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Ескерткіш Құрманғазы ауданындағы «Ақжонас» мекенінде, Құрманғазы Сағырбайұлының туған жеріне, орнатылған. Биіктігі 5 метр болатын ескерткіш темірден жасалынған. Ескерткіш белгі биік төбеде орналастырылып айналасы, темір шарбақпен қоршалған. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын-ала есепке алу тізіміне алынған.

Құрманғазы Сағырбайұлының бюсті. Уақыты: 1993 ж . Мекен-жайы: Ганюшкин селосы, А. Құнанбаев көшесі. Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Мүсін гипстен соғылған. Биіктігі: 3 метр. Тұғырының биіктігі 2 метр, ені 93 см, мүсіннің биіктігі 1,5 метр. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын-ала есепке алу тізіміне алынған.

Ақын Жамбыл Жабаевтың бюсті. Уақыты 1967ж. Мекен-жайы: Сафон селосы, саябақта. Түрі: қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Жалпы биіктігі 2 метр, ені 1,25 м, гипстен жасалынған мүсіннің биіктігі 90 см. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын-ала есепке алу тізіміне алынған.

Мақаш кесенесін тұрғызған атақты сәулетші, маңғыстаулық Мақсот Нұрқабаетов-халыққа өрнекті өнерімен танылған қас шебердің бірі. Мақаш Шолтырұлы 1902 жылы 74 жасында дүние салды. Оның 42 жыл ел басқарғанын, халық үшін жасаған игілікті істерін халық шежіресі күні кешегедей баяндайды.

Ақын Нәзімеденов Жүмекен Сабырұлы туған жердегі белгі. Уақыты 1985ж. Мекен-жайы: Қошалақ ауылынан шығысқа қарай 18 км. Түрі: қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын-ала есепке алу тізіміне алынған.

Азамат соғысына қатысқандарға арналған обелиск. Уақыты: 1987 . Мекен-жайы: Теңіз селосы, клуб алдында. Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Обелиск темірден жасалынған. Жоғарғы жағында жұлдыз орналасқан. Биіктігі 3 метр, темірден асалған. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің алдын-ала есепке алу тізіміне алынған.

Кеңес Одағының батыры Александр Никифорович Афанасьевтің бюсті. Уақыты: 1966 ж. Мекен-жайы: Ганюшкин селосы, Ломоносов атындағы мектеп алды. Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Ескерткіштің жалпы биіктігі: 3,10 метр болатын кірпіштен қаланған тұғырдың биіктігі 2,40 м, гипстен соғылған мүсіннің биіктігі 70 см. Материалы бетон.

Еңбек ері Алипов Ғизат Мұқашұлына арналған обелиск. Уақыты: 1986 ж. Мекен-айы: Мақаш селосы, саябақта. Түрі: Қала құрылысы және сәулет ескерткіші. Ескерткіштің жалпы биіктігі 3,5 метр, кірпіштен қаланған. Тұғырының биіктігі 70 см, ені 1,2 м.

Түйін.

Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Туған жерге деген сүйіспеншілікті ата-бабамыз бесікте жатқан баладан ересек балаға дейін санасна ұлттық-рухани дәстүрмен тәрбиелеп келген, міне сондықтан қазіргі дамыған технология заманда ұлттық болмыстын жоғалып кетпеуіне жасалып жатырған Елбасының бағдарламасы жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор. Өз жерінің тарихын, шежіресін біліп өскен баланың патриоттық сана сезімі жоғары құндылықтарға толы болады деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мақаш Әкім кітаптары. [242]
2. Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы // 70, 71, 72, - 83 беттер

О. Қ. Тұмақ

Б. Бегалиев атындағы жалпы орта мектебі

Құрманғазы ауылы

ТУҒАН ЖЕРДЕГІ ТӨЛ ТАРИХТЫҢ ЕСКЕРТКІШІ

Мақсаты: Сарайшық қаласының ашық көрме мұражай екендігін ескере отырып, Сарайшық қаласынан алған өз әсеріммен бөлісу.

Қазақ жері адамзат өркениетінің көне жәдігерлеріне өте бай. Біздің халқымыздың мәдениетінің тамыры терең, көшпелі өмір салтын ұстанған, кейінгі

ұрпағына мол мұра қалдырған халық екендігі белгілі. Осындай бір де бірегей көне ашық аспан астындағы мұражай деп тануға тұрарлық ескерткіштер алаңы – өз өлкеміздің мақтанышына айналған, республикалық ескерткіштер санатына енетін Сарайшық қаласы. Қазақ хандығының астаналарының бірі, өткен бабаларымыздан қалған тарихи-мәдени мұра ретінде бұл кешенді сақтап, келер ұрпаққа аманаттау қазіргі ұрпақтың міндеті. Зерттеуші ғалым-археологтар Ә.Марғұлан, З.Самашев деректері бойынша Сарайшық қаласының ірге көтергеніне мың жылдай уақыт өткендігін білемін. Сарайшық екінші мыңжылдықтың басынан ХҮІ ғасырдың ақырына дейін орта ғасырдың барлық жетістігін бойына жинаған, сол дәуірде өз мәрттігімен, имандылығымен, көркімен танылған шаһар.[1]

Қазіргі Сарайшық өткен ғасыр ғұламаларынан бастау алып барлық зиялы қауым өкілдерінің еңбектерінің нәтижесінде халқымыздың өткен тарихының бұлағымен сусындатар археологиялық тұрғыда аспан астында жасалған музей қала ашық мұражайға айналған.

Сарайшық киелі мекен. Сарайшық топырағында Алтын Орданың хандары: Мәңгі Темір, Тоқтағу Жәнібек, Тәнібек, Бердібек, Маңғыт жұртынан: Едіге, Измайл, Ораз бектер, Қазақ хандығын нығайтушы, айбарлы да жеңімпаз ханымыз Қасым жерленген. Осы ашық мұражайдың әсем ғимараттарының бірі-Сарайшықтан мәңгі орын алған тарихи тұлғаларға арналған Сегіз қырлы күмбез сәулет ескерткіші маған ерекше әсер етті. Деректерден білгенімдей қала қазақ даласындағы ең көне тарихи орын. Бұл жерде кезінде үш жүзге толықтай мойындалған 12 әулие жерленген. Кезінде Сарайшықта жүзден аса хан билік басында болып билік еткен. Сарайшық жерінде жеті ханның сүйегі мен бір ханның басы жерленген екен. Қалаға келушілер хандар жерленген қасиетті жер күмбез астындағы алып бәйтерекке ақтығын байлап әруақтарға тағзым етеді екен. Бұның биіктігі 17 метр, 8 қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып құлпытастар қойылған. Бұл құлпытастарға, қара мраморға жазылған хандардың аттары мен хандық құрған жылдары жазылған. Бұл хандар:

1. Мөңке темір (1266-1282ж.ж)
2. Тоқтағу (Тоқты) (1291-1312ж.ж.)
3. Жәнібек (1343-1353 ж.ж.)
4. Әмір Оқас (14 -1447ж.ж)
5. Қасым Хан (1511-1518 ж.ж)
6. Ших Мамай (1549-1554 ж.ж)
7. Жүсіп Хан (1549-1554 ж.ж)

Ұрпақ үшін тарихтың үлкен-кішісі жоқ. Сарайшық ортағасырдың бірегей куәсі. Тарих парақтарымен танысқаннан бері біз өлке тарихын оқып үйреніп келеміз. Ұлттық тарихымыздың мақтанышына айналған Сарайшық тарихы ұлтымыздың айнасы, ғасырлар құпиясын өз бойына жинаған асыл көмбе десек

те артық емес. Қала туралы жиһангездердің, зерттеуші-ғалымдардың жазбалары арқылы біз тереңде қалған тарихымыздың парақтарын ақтара аламыз. Өлкетану дәрісінен білгеніміздей Сарайшық қаласы –Махамбет ауданында, Атырау қаласынан 50 километрдей жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың белгілі географ – ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол өзінің саяхаттарының бірінде, 1334 жылы «Үлкен Сарай» қаласынан шығып (Сарай-Берке-Алтын Орданың астанасы), Азияға жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөніндеол, «Біз Сарайшық қаласынан атжеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарайжүк қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу деп аталатын» үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен»[2].

Сарайшық қаласы Қазақстанның жалпыұлттық деңгейдегі қасиетті орындары мен кешендерінің тізбесіне енген. Алыс-жақын шетелдер мен республикамыздың әр өңірлерінен келген қонақтардың қызығушылығын туғызып отырған өткеннің құнды мұрасы, көне қала. Қаланың іргесі XI ғасырда қаланған екен. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның ұлы Қасым хан қаланы 1513 жылы астана деп жариялаған. 1580 жылы Дон, Еділ казактарының шапқыншылығынан қала біржола қирап күлге айналған. Кейіннен Ресей патшалығы отаршылдық бекіністер салдырған. [2]

Сарайшық — біздің ата-бабаларымыз мекендеген өзіндік тарихы бар қасиетті қала. Қалада кезінде 1 миллиондай тұрғындар тұрған X-XVI ғасырлардағы әлемдегі ең сұлу қаланың бірі болған. Қалада өз қолөнерлерімен шетелдіктерді таң қалдырған зергерлер мен қышшылар жұмыс істеп, су құбырларының жүргізілгендігі қала мәдениетінің жан-жақты болғандығын айқындаса керек. Сондықтан Сарайшық шаһарының тағдырын – бүкіл қазақ елінің тағдырымен тағдырлас салмақты тарихи көмбе деп тануға болады.

«Көне тарих парақтарын жинақтаған Сарайшық,

Өткен,кеткен деректерді білдірген де Сарайшық.

Ғасырлардың қойнауынан сырын шертер Сарайшық.

Туған жерде төл тарихтың туын тіккен Сарайшық»-деген менің көкірегімнен шыққан дара жолдар туған өлкемде адамзатты қызықтыра алатындай тарихи мекеннің болғандығына мақтаныш сезімнен туды. Мен туған жерімде орта ғасырдан бері желісін үзбей сан ұрпақтың көз қуанышына айналып, ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа аманаттаған ғасырлар куәсіне айналған тарихи кешен ретінде танылып сақталып келе жатқан әлі де талай ұрпаққа қызмет етер Сарайшықтай қалашықтың болғанын мақтаныш етемін. Сарайшықтың керемет әдемі және өте жақсы дамыған қала болғандығын жарыса жазған ортағасырлық саяхатшылар мен жиһангездердің берген бағалары тарих парақтарынан өшпейтіні шындық.

Сарайшықтың киелі қасиетін арттыратын тағы бір жағдай-жиһангез Ибн-Баттутаның Сарайшықта құрметпен еске алатыны ислам дінін уағыздаушы әулие Сейіт ата туралы дерегі. Жергілікті үлкендердің айтуы бойынша әулиеге тәуап етушілер арқылы да Сарайшықтың беделі артып, айшықтана түсері сөсіз. Өзім танысқан барлық деректерден байқағанымдай, Сарайшық қаласы бүкіл европалық мәдениет, экономика және өркениеттің далалық кіндігі болғандығы. Тарихи ақиқаттығы сонда қала ортағасырда сауданың, өнердің, құрылыстың орталығына айналғандығы. Ғаламтор деректеріне сүйенсем: қазба жұмыстары кезінде 702 монета табылған, бұл Сарайшық тұрғындарының жеке валютасы болғандығын растайды және де қала сауда қорғаны болған дегенге қосымша дәлел. Қаланы жан – жақты білу мақсатында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде табылған жәдігерлердің сан алуандығы (керамикалық ескерткіштер, Сарайшықта соқтырылған немесе айналысқа түскен ақшалар, әртүрлі құрылыс және қолөнер туындылары) мен көптігі халықтың тағзым етіп, ғибрат алар орнының қасиетін арттырып отыр деп ойлаймын. «Сарайшыққа адамдар "Әулие ағашқа сиыну үшін келеді. Аңыз бойынша, ағаш қасиетті оның қасында міндетті түрде дұға оқу керек» дегенді көңіліме тоқыған едім. Сарайшық қалашығына барған сәтте менің жан дүнием өткен тарихпен байланысқандай болды, өйткені қасиетті орынға тәу ету, туған жеріңнің құдыреттілігін сезіну ерекше сезім туғызады екен. Мұражай деректерімен еркін таныса алмасам да мен үшін тарихи тұлғаларға, «Әулие ағашқа» тағзым жасау өз елімнің өткен тарихына құрмет көрсетуім болды дап есептедім. Соңғы жылдары басылым деректерінен оқып білгенімдей Сарайшық қаласы жедел де жүйелі зерттелу үстінде. Археолог-ғалымдардың зерттеулері бойынша Сарайшық қаласының ортағасырлық ірі қолөнер, сауда орталығы болғандығы белгілі болып отыр. Қазақстанның ортағасырлық қалаларында кездесе бермейтін, керамика мен терілерге салынатын үшбұрышты, дөңгелек, төрт бұрышты өрнек мөрлері, қыштан күйдіріліп жасалған шығырқау, сәби бесігіне пайдаланатын қыш түбектер Сарайшық қаласының өзіндік ерекшелігін байқатып тұрғандай. Деректерден білгенім-ерекше жәдігерлердің бірі түрлі-түсті асыл тастардың тізіп жасалған алқалар мен құран сүресі жазылған күміс сақина.[2] Сарайшық өткен ғасырдан тылсым сыр ашатын, халықтың бай қазынасын келешекке жалғайтын, еліміздің дамуында ерекше орны бар, жерімізде біртұтас өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстарға, жастарға, мектеп оқушыларына ортақ тарихи қазына деп ойлаймын. 1999 жылы қала орнына ескерткіш-пантеон, мешіт, мұражай кіретін Сарайшық мұражай-қорығы бой көтеріп, Сарайшық «мемориалдық кешені» деп танылған. 1999 жылдың 3 қыркүйегінен бері Сарайшық кешені мұражай ретінде халыққа өткен тарихтың бойтұмарындай қызмет етіп келеді. Жалпы халықтық мұраға айналған Сарайшық өткен ғасырлар тереңінен сыр ашып, ашық аспан астындағы мұражай екендігіне ешбір шүбәм жоқ.

А. Жупарғалиева

Ф.Энгельс атындағы жалпы орта мектебі,

II саннатты тарих пәні мұғалімі

ДАЛАНЫҢ ДАРА АЙШЫҒЫ – САРАЙШЫҚ

Қазақ халқы қашаннан өзінің ұшы-қиырсыз кең даласының табиғи-жағрафиялық жағдайына байланысты орналасып, көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы ғұмыр кешті. Экономикалық жайы, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениетін дамытты. Оны осы ықылым заманнан бері табан тіреген қасиетті жерінен табылған және сақталған археологиялық және архитектуралық, фольклорлық, кейбір жазба деректері мен жәдігерлері айқын дәлелдейді. Сайып келгенде, әлгі айтқан археологиялық мұралар – жазу-сызуы аз, жылнамасы жоқ халқымыздың сыр-сипатын бүкпесіз ашып беретін бірегей құжат. Ондай ескерткіштер ұзыны – Атыраудан Алтайға, көлденеңі Арқадан Алатауға дейін созылып жатқан кең байтақ өлкемізде жетерлік. Олар әрдайым өзге ел ғалымдарымен қатар өз қандастарымызды да қызықтырып отырған. Ал әділіне бақсақ, бұл үрдіс әлемдік ілім-ғылыммен терең қаруланған қазіргі кезеңде тіптен өсті. Өткені бар, осы күнгісі тағы жетерлік – солардың азды-көпті зерттеулерін түйіндеу арқылы қазіргі туған халқымыз мәдениетінің қалыптасу кезеңдерін айқындауға, тереңірек түсінуге мүмкіндік алды. [1]

Атырау облысы тарихи ескерткіштерге бай өңір. 313 нысан жергілікті тізімде тұрса, төртеуі Қазақстанның киелі 100 нысанының тізіміне еніп отыр. Олардың қатарында рухшыл, азатшыл ақын Махамбет Өтемісұлының кесенесі, тарихи маңызға ие болған Сарайшық қаласының орны, Жылыой ауданындағы қасиетті Ұшқан ата кесенесі және Пір Бекеттің өзі ғұмыр кешкен Ақмешіт қорымы бар. [4]

Сарайшық - ортағасырлық қала. Атырау қаласының солтүстігінен 55 километр жерде Жайық өзенің оң жағалауында орналасқан. Қала іргесі 11 ғасырда қаланған. Алтын Орда дәуірінде Кавказ бен Қырымды Қарақорым, Қытаймен байланыстырған керуен жолы бойындағы маңызды діни, саяси-экономикалық орталық. Алтын Орданың, қазақ және ноғай хандарының алғашқы пантеоны. Қаланың гүлденген дәуірі 13 - 14 ғасырлар аралығы. [2.261 б]

Тарих десек, Сарайшық аты аталса Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Астана қаласының қоныс тойында сөйлеген сөзіндегі: «Біздің далалық мемлекетіміздің бірнеше мыңжылдықтарды қамтитын тарихы бар. Оның әрқилы кезеңінде, әрқилы өлкемізге орда қонып, ту тігілген. Біреулердің саяси дәурендеуі әлденеше ғасырға созылса, біреулерінікі бірнеше айлармен шектелген. Соған қарамастан, оның қай-қайсысы да біздің ұлттық тағдырымыздың ең талма кезеңдерін иеленді. Сондықтан да батыс бетіміздегі Сарайшық, Астана, Байтақ, күнгейіміздегі Суяб,

Баласағұн, Тараз, Сайрам, Созақ, Түркістан, Сығанақ, Сауран, Жаңакент, Қозыбасы, Ақмешіт, Сарықадағы Ұлытау мен Ордатау, Көкшетау мен Алаштың аттары аталғанда ет жүрегіміз еріксіз елжіреп қоя береді» деген жолдары оралады.

Ол – рас, Сарайшық – талай туды төбесіне қадап, тағдыр мен тарихты ішке бүккен шежірелі қала. Ол – бір кездегі сән-салтанаты асқан Алтын Орданың Кіші Сарайы, діни астанасы, тоғыз жолдың торабында орналасқан сауда қаласы. Бірақ ол жайлы сыр мен жыр әлі толық айтыла қойған жоқ. Айтылса да, қазақ топырағында Тәуелсіздіктің таңы атып, көгімізде көк байрақ желбірегеннен кейін ғана тиегі ағытылып, көбесі сөгілді. [5]

Алтын Орданың күйреуіне қарай қала әлсірегенімен артынша Ноғай ордасының астанасы атанып, қайтадан дәуірледі. Қасымхан тұсында Қазақ хандығының алғашқы астанасы болды. [2.189 б] 1580 жылы Дон, Еділ казактарының Жайық бойына дендеп кіріп, тағылық шапқыншылық жасау нәтижесінде Сарайшық біржолата қирады. Кейін гүлденген қала орнына Ресей патшалығы отаршылдық бекініс салды. Ол осы мақсатта Қазан төңкерісіне дейін сақталып келді. Көне Сарайшық орнына соңғы ғасырда археологиялық қазба жұмыстары жүргізіле бастады. Солардың ішіндегі ең нәтижелісі 1937, 1950 жылы Ә.Марғұлан жүргізген зерттеу. Кезінде қалада үлкен қыш күйдіру, темір қорыту цехтары мен ұстахана, ақша жасау шеберханалары болған. Тұрғындар егін, балық шаруашылығымен айналысқан. Жаз кездерінде Алтын Орда хандары осы Сарайшықты саялаған. Үстірт пен Жайық бойындағы тоғайда саят құрған.

Қазақ хандығына әкесі Керей ханмен бірге негіз қалаған Бұрындық хан мен Қазақ хандығын барынша кеңейтіп, нығайтқан хан Қасым неліктен Сарайшықты алғашқы Қазақ мемлекетінің астанасы етті? Бұл сауалға жауапты төмендегі тұжырымдауларымыздан шығаруға болады:

Біріншіден, Сарайшық шаһарының жайқалған жұғымды жайылымдары мен шәрбәттай дәмді, мөлдір сулы, өмірге қолайлы Жайық өзенінің бойына орналасуы;

Екіншіден, еуразияның ең төте, сондықтан да ең тиімді байланыстырушы шебіне ірге орнықтыруы;

Үшіншіден, теңіздей толқыған, сан ғасырлар бойы ұрпақ үшін, ел үшін, жер үшін қиян-кескі арпалыспен күн кешкен көшпелілердің шаруашылық-тұрмыстық мүдделеріне сай;

Төртіншіден, халықаралық мәнге, яғни, еуразиялық сауданың дамуы тек Қазақ халқына ғана емес, барша осы құрлықтарды мекендеушілердің экономикалық мүдделіктеріне орай;

Бесіншіден, Сарайшық шаһары — Қазақ хандығына дейін-ақ, Алтын Орда мен Маңғыт жұртының даңқты хандары мен билерінің, мәңгіге топырақ бұйырып, жергілікті тайпалар мен рулардың имандылығы мен ата-баба аруағына бас иер қасиетті орталығы болуы.

Міне, осындай Қазақ болмысы үшін аса мәнді Сарайшық қаласы Қазақ хандығының — алғашқы астанасы болды — деген қорытынды жасауымызға әбден болады. Өйткені, қандай мемлекет болмасын, қай дәуірде де өз басшылары мен сыйлы тұлғаларына мәңгілік орынды астанасынан, яғни, мемлекеттің орталығынан әзірлеген. Бұған дәлел ретінде, сол дәуірдегі тарихшылар пікірлерін ескере отыра, кейіннен XVI ғасырдың аяғында Түркстанның Қазақ хандығының астанасы болғанынан кейін, Есім ханнан бастап Қазақ хандары мен зиялы билері, сұлтандарын Түркістанға, Ел ордаға жерлегендігін айтуымыз керек.

Көп жылғы ғалымдардың зерттеулері, қала орнына жүргізілген қазба қорытындылары, әсіресе 1996-2000 жылдары Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Сарайшық қаласының орнына жүргізген зерттеулеріне сүйене, көп жылдардан жинақталған жәдігерлерді толықтырып, 1999 жылы 3 қыркүйекте Көне Сарайшық қаласының тарихын, жалпы XI-XVII ғасырдағы қазақ халқының тарихына арналған «Хан Ордалы Сарайшық» мұражай қорығы ашылды. Музей Атырау қаласынан 50 км қашықтықта, Махамбет ауданында орналасқан. [1.23-24 б]

Сарайшық қаласы — ортағасырлық Қазақстан тарихында өзіндік ерекше орны бар қалаға жатады. Сарайшық қаласының кезіндегі батыс пен шығысты жалғастырған, әлемге атақты қала. Сарайшықтың кішігірім қала болмаған, өзіндік ерекшелігімен тарихта аты қалып, талай жиханкездердің тамсана қызыққан, әсем де сәулетті қала болған.

Біз өткенге құрметпен қарап, тарихи құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз. Себебі, бұл – ұлтымыздың өткені мен бүгіні, баға жетпес қазынасы. Ұрпақ рухани байлық пен ұлттық жәдігерлерді танып-білу арқылы өзіне сабақ алады, өмірлік бағыт-бағдар ұстанып, елінің жарқын игіліктерін таниды. Ал, осындай өлкеміздегі киелі жерлердің тарихын, кейінгі ұрпаққа жеткізу басты парызымыз.

Город Сарайшык занимает особое место среди городов в истории средневекового Казахстана. В свое время известный всему миру город соединял запад и восток. Сарайшык сохранился в истории не как маленький городок, а как своеобразный, со своими особенностями, город на который с завистью заглядывались. Очень красивый и архитектурной город.

Заглядывая в прошлое, мы как зеницу ока должны хранить исторические ценности. Потому что, они прошлое и настоящее, его неисчерпаемое богатство. Благодаря духовному наследию и национальному достоянию мы должны учиться на этих примерах и верить в светлое будущее. Знать историю своего края и донести их до следующего поколения наша общая забота.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кабекенов Г.У., Биманова О.М., Кузбулова С.У., Тұрғали С.М. Өлкетану Атырау облысы 5-7 оқулық. «Жазушы» баспасы, 2018
2. Аманжолов К., Қожа М. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы 7 сынып, «Атамұра» баспасы 2013
3. Anatili.kazgazeta.kz
4. el.kz. Атырау өңіріндегі киелі жерлер.
5. taisoigan.kz>tarikh-lketanu/article...sarayshyk...

А. Г. Беккалиева

*Ф.Энгельс атындағы жалпы орта мектебі,
жоғары санатты тарих пәні мұғалімі*

ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы туған жерге, оның мәдениеті мен салт – дәстүрлеріне айрықша іңкәрлік пен шынайы патриотизмді, өскелең ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруды мақсат етеді.

«Бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс».-деген болатын Н.Ә.Назарбаев.[1,2б]

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттейтін ғылым мен мәдениет саласы. Өлкетану, салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік-мәдени құбылыстардың өзара байланысын

зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі – аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу.

Мектеп өлкетануы – мектептердегі оқу бағдарламалары және олардан тыс атқарылатын өлкеге қатысты жұмыстар бойынша білімді жетістіруге, сондай – ақ әртүрлі өлкетану шаралары барысында – түрлі тәрбие беруге байланысты жұмыстар.

5-сыныпта «Өңірдің тарихи тұлғалары:Билер,батырлар және ақындар» тақырыбын оқыту барысында оқушыларға Самай би жайлы дерек ұсынамын. Самай би- Есен-Беріш руының абыз-ақсақалы. Бөкей сұлтан Еділ-Жайық арасына халқын қоныстандырғанда Самай би көшбастаушылардың бірі болып аттанған.Кейін Бөкей ханның ақылшысы,кеңесшісі болады.Ханға кеңес беріп,халқына қайырымды болуға жетелеп отырған.Өзінің ақылдылығы,даналығы арқасында Самай бидің даналығы ел арасында берік сақталып қалған.Сазды-Қошалақ арасындағы қасқа жолдың «Самай шағыл » бойында ол халқымен күнде табысып тұрады. 2006 ж «Самай шағылға» аруақты әулие ұрпақтары ескерткіш белгі орнатты.Жақсының аты өлмейтіні осылай көрініс тапты.[2,201 б]Самай би айтты деген мына бір сөз ұрпақтан-ұрпаққа үлгі болып келеді. Сырымға қарсы шыққысы келген Бөкей Самай биге ақыл салады.Сонда Самай би: «Бөкейжан, маған ақыл салсаң,осы Сырымға қарсы күреске сенің араласпағаның дұрыс.Ел іші Сырым екеуіңнің араларындағы қыз дауын біледі.Сондықтанда Бөкей сұлтан қыз үшін кек алуға қол жинады деген атаққа қаласың ба деп қорқамын»,-дейді.Самай бидің ақылдыда жүйелі сөзіне тоқтаған Бөкей Сырымға қарсы шықпаған екен.Оқушылар Самай би жайлы біледі, түсініктері қалыптасады.

5сыныпта туған жер тарихын оқып үйрену мақсатында таңдау курсы берілген. «Киелі мекен - Сазды» сабағымда Құрманғазы топырағында шипагерлік қабілетімен танылған халық емшілері Қарлығаш, Қаби, Серікбай аталар жайлы түрлі аңыз ,әңгімелермен таныстырамын.Мысалы төмендегідей мәтінді оқуға беремін.

Асқардың үйінде ойламаған оқыс оқиға болды. Шай ішіп отыр едік, сол босағадан ұзын, жуан, ұзындығы екі құлаш әдемі, күмістей жарқыраған жылан кірді. Бұл ата – бабалар аруағы еді. Бұрын менен басқа адамдарға көрінбейтін. Мен оны сезіп, көріп отырмын, маған қарай киіз үйді бойлап келе жатты. Мен төрде отырмын. Бір кезде бір келіншек көріп қалып, «Ойбай жыланды қара»,- деп ыршып түсті. «Әкетіндер, шағып алар»,- деп жатыр. Мен сол кезде шыдай алмадым. «Тимеңдер, ол ешнәрсе істемеді,залал жасамайды, маған келе жатыр ғой»,- дедім. Киіз үйдің іші тым – тырыс, бәрінің көзі жыланда. Шай ішу, тамақ жеу жайында қалды.

Бәрі де зәрелері зәр түбіне кетіп, қорқып отыр, Оны менде сезіп отырмын. Бейнетаспаға түсіріп тұрған жігіт жыланды түсіре бастады. Екі құлаш, ақжылан керегемен өрлеп менің дәл төбеме келіп, асылып, салбырап тұрды да, арқа жағыма келіп, иіріліп жатты. Бәрінің де екі көзі жыланда. Тек мен саспай отырған соң амалсыз отыр. Асықпай шәйімізді ішіп, ас қайырдық. Сәлден соң ет келді, етті де асығып, тездетіп жеп, тұра қашқылары келіп отыр. Сорпа ішіліп, бата жасалды.

Қолға су құйылып болған кезле ақ жылан орнынан қозғалып, керегеге өрмелеп шығып, менің дәл төбемнен салбырап тұрды да аузына тістеп келген бір нәрсесін менің алдыма тастап жіберді. Мен асықпай ала бергенде баласы аурып, емдетіп жүрген бір әйел баласын сол таспен сипап, маған алып берді. Мен орамалға түйіп, салып қойдым. Содан соң үй иесіне бата беріп, үйден шықтық. Ақ жылан киіз үйдің босағасынан менімен бірге шықты. Мен автокөлігіме мініп кеткенше дейін аяғымның жанында тұрды. Бейне бір шығарып салып, қоштасып тұрғандай. Кейіннен үй иесі: «Сіздер кеткен соң, ақ жылан үйге кіріп, Сіз отырған жерге жатты. Біз қозғаған жоқпыз. Сәлден соң қарасақ, кетіп қалыпты. Содан үш күнен соң тағы көрінді. Кейіннен келген жоқ», - деді.

Қасиет деген осы. Ата – баба аруағының риза болғаны шығар бұл. Себебі кез келгенге көрінбейтін ата – баба аруағы ақ жыланның сол күні көрінуі тектен – тек емес.- деп жазады ата жолын жалғаушы Даметкен Серікбайқызы «Ақталған аманат» атты естелік кітабында.[3,45 б]Мәтінмен таныса отырып ,оқушылар сыни ойланады ,болжамдайды ,бағалайды.

бсыныпта «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері» тақырыбын оқып үйрену барысында оқушылар ауылымыздың Сафон, Солдат, Затон, Мальцев, Дамбы, Кәмшәт, Жаңа ауыл, Қиғаш, Құтыми т.б атауларын тізіп жазып,мағыналарына түсінік беремін.

Сафонов – ауылға алғаш қоныстанған, балық батағасын ұстаған орыс көпесінің фамилиясы.

Солдат, Затон, Мальцев, Дамбы,Новинск атаулары кеңестік жүйе кезінде аталып кеткен орыс атаулары. Азамат соғысы кезінде пайда болған атаулар. Құтыми,Кутуми – құтты мекен атауы болуы мүмкін. Себебі Құтыми өзегі суы балыққа толы,жағасында аққу-қазы жүзген ,тал,терегі сыңсыған жер.Талай қиыншылық замандарда халық осы өзектің балығымен күн көрген. Күні бүгінде осы маңызын жойған жоқ.

Өзек – түркі тілді «өзен», «өзінше». Қ.қалп. «өзен», «сала», «жазықтағы ағын» тув. «ө»зен тарамы», «сай», қаз. «созылып жатқан өзекше», тат. «өзен саласы». [4, 43 б]

Дамбы – бөгеттер. Кезінде елді мекен болған. Судан қорғану үшін салынған бөгеттер.

Нәтижесінде оқушылар туған өлкенің тарихына қызығушылықтар артады, ізденіс жұмыстарын жүргізеді,талдайды,сұрыптайды.Мектебімізде

оқушылармен аудандық, облыстық мұражайларына, «Сарайшық» музей - қорығына саяхаттар ұйымдастырылды. Ф.Энгельс мектебінде еңбек еткен жылдары өлке тарихын зерттеуді бастаған Мақсат Жолжановты танып - білу сабағы өткізілді.

Мен өз сабақтарымда өлкетану жайлы деректерді кеңінен пайдаланамын. Оқушылар бойында туған жердің қадір-қасиетін ұғындыру, туған ел тарихын тану мақсатында мектеп мұражай бұрышын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өліде зерттелмей жатырған тың деректерді іздестіруде оқушыларымды баулудамын. Өйткені ауыл тарихы туралы сыр шертетін кітаптар, естеліктер, шежіре жинақтар жоқтың қасы. Ауыл, мектеп, орман шаруашылығы тарихынан жан – жақты мәліметтер жиналуда. Болашақта менің оқушыларым туған жер тарихын білетін, қастерлейтін, түрлі дереккөздермен жұмыс істей алатын, бойларында отаншылдық қасиеттері қалыптасқан азамат боларына сенемін.

Я широко использую на своих уроках данные об краеведении. С целью формирования у учащихся чувства уважения к родному краю, познания истории родного края, мы проводим работу по организации уголка школьного музея. Я учусь в поиске новых данных, которые еще не изучены. Ведь нет книг, воспоминаний, летописных сборников, рассказывающих об истории села. В настоящее время ведется сбор информации по истории села, школы, лесного хозяйства. Я уверен, что в будущем мои ученики станут гражданином, знающим историю родного края, почитающим, умеющим работать с различными источниками, у них образованы патриотические качества.

Пайдаланған әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.17ж.
2. Құрманғазы ауданы. Шежіре. А., 2008ж.
3. Серікбайқызы Д. «Ақталған аманат». А., 2007ж.
4. Жанұзақ Т. «Жер - су атаулары». А., 2011ж.
5. Жолжанов М. «Ұлы дала ұлағаты». А., 2013ж.

А.Б.Сатанова

№13 жалпы орта білім беретін мектебі,

тарих пәні мұғалімі

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы

АТЫРАУ ӨЛКЕСІНДЕГІ САРАЙШЫҚ

Зерттеуші ғалымдар Сарайшықтың іргетасы XIII ғасырда қаланған деседі. Бұл ескі қала шығыс пен батысты байланыстыратын Ұлы керуен жолының бойында жатыр. Еуропа мен Азияның арасына су жолы шығыста Қытайдан басталып, Үнді, Орта Азия арқылы Сарайшық тұсынан Еуропаға өтіп, одан Венеция, Генуя, Флоренция т.б. өңірлерге жеткен. Жібек матасы Қытайда ғана пайда болып, ол көпке дейін құпия сақталып келгені белгілі. Сондықтан Қытай жібегін батыс елдеріне жеткізетін керуен жолы «Жібек жолы» аталған. Осы «Жібек жолы» Сарайшық арқылы өтетін болған. [8,156.]

Көне Сарайшық жөнінде тұңғыш жазба дерек қалдырған арабтың белгілі саяхатшы, әрі географ-ғалымы Ибн-Батута болды. Ол 1334 жылы Сарайшықта болып, төмендегіше жазба қалдырған: «Еділдегі үлкен Сарай қаласынан шығып (ол Алтын Орданың астанасы болатын) атқа жеккен арбамен он күн жүріп, Сарайжүк-кіші Сарай қаласына келдік. Ол «Ұлы су» деп аталатын үлкен, ағысы қатты, терең өзеннің жағасына салынған керуен жолының бойындағы қолөнері мен саудасы дамыған, гүлденген әсем қала екен. Дүние жүзіндегі Бағдаттан кейінгі жүзбелі көпір де осында екен. Кіші Сарай қаласынан шыққаннан кейін Азияға сапарымызды түйеге ауысып міну арқылы бастауымызға тура келді»

Сарайшық жөнінде екінші бір жазба дерек қалдырған ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон еді. Ол орыс патшасы IV Иван Грозныймен жақсы қарым-қатынаста болған, соның нәтижесінде 1558-59 жылдары патшаның рұхсатымен солтүстік және солтүстік шығыс Каспий жағалауына саяхатқа шығады. Сол саяхат сапарында ол Сарайшыққа соғады. Бұл жөнінде ол төмендегілерді жазған: «Теңізден бір күндік сапар қашықтықта үлкен де терең өзеннің жағасына салынған Сарайшық деген әсем қала бар екен. Онда сауда, қолөнері дамыған. Ол орыс патшасы IV Иван Грозныймен достық қарым-қатынастағы татар князі Измаил мырзаның қоластында екен».

Бұл алтын Орда мемлекетінің бірнеше ұсақ феодалдық мемлекеттерге ыдыраған кезде Ноғай Хандығының астанасы Сарайшық болған тұсты айтып отыр. [1,466.]

Сарайшық туралы Хиуаның ханы-Әбілғазы баһадур да (XVII ғасыр) жазған. Ол өзінің «Ежелгі түріктер тарихы» деп аталатын еңбегінде Сарайшықтың XIV ғасырдың II-жартысындағы жәйін жазған. Оның айтуынша, Алтын Орда мемлекетінің даңқты ханы Әз-Жәнібек Сарайшықтың да ханы

болған. Мұнысы шындық, ол кезде Алтын Орда тұтас бір құдіретті мемлекет болды да, ханның өз қол астындағы көрікті, гүлденген қалаларында арнаулы сарайлары болған. Соның бірі - Сарайшық еді. Әбілғазы төмендегіше жазады: «Сарайшық хандарының бірі әз-Жәнібек білімді адам болды. Ол өз сарайына ғұлама-ғалымдар мен дана адамдарды, ақындарды, т.б. өнерпаздарды жинады. Әз-Жәнібек соғыс ісі жағынан да қуатты болды, ол әзербайжан ханы Мелик-Этрұфты өлтіріп, баласы Бердібекті 1361 жылы Тебриздің билеушісі етіп қойды», - дейді.

Көне Сарайшық хақында шежірелер осылайша сыр шертеді. Енді Сарайшықтың тарих санасынан кету жайында сөз етсек, Украин ғалымы В.Дариенко былай деп жазады: Орыс патшасы IV Иван Грозный 1552 жылы Қазан хандығын, 1556 жылы Астрахань хандығын жаулап алып, Еділ бойына қожалық етіп, Каспий теңізіне шықты. Бұл кезде Гирейлер басқарған Қырым ханы күшті болатын. Ал астанасы Сарайшық болған Ноғай хандығының билеушісі Измайл мырза (жоғарыда айтылған) өліп, Ноғай хандығын оның туысы Жүсіп мырза билеген кезде ол орыс мемлекетімен қатынасты салқындатып, Қырым хандығымен қарым-қатынасты күшейткен. Егер Қырым хандығы мен Ноғай хандығы бірлесіп кетсе, осының алдында ғана орысқа бағындырылған қазақ, Астрахан солар жағына шығып кетуі әбден мүмкін болатын. [7,86б.]

Осыны түсінген IV Иван патша Қырым ханынан көп әлсіз Сарайшықты талқандап, өзіне бағындыруды алға қояды. Сөйтіп 1573 жылы Сарайшыққа зеңбірекпен қаруланған қол аттандырады. Осы ұрыста Сарайшықтың ең соңғы ханы - Орыс хан өледі.

Бұдан кейін Жайық бойындағы қирап, тек ескі орны ғана қалған Сарайшықтың жер ауып келген казактардың қолына көшкені тарихтан белгілі. Көне Сарайшықтың аты бүгінгі Сарайшық селолық округі мен сондағы орта мектептің атында ғана сақталған.

Қазір ескі Сарайшықтың жайы қыл үстінде тұр. Бір кезде гүлденген қаланың болмашы шет-пұшпақтарынан қалған археологиялық экспонаттарды жинап, өзім құрастырған осындағы тарихи-өлкетану мұражайы бар.

Сарайшық тұрғындары Жайық өзеніне 1909 жылы ау салғанда, оған сиымдылығы 30-40 литрдей үлкен, әдемі керамика құмыра ілініп шығады. Құмыраның сыртында ескіше бірнеше сөздерден тұратын жазу болған. Құмыра сол кездегі орталық - Гурьев қаласына тапсырылады да, одан губерния орталығы Орал қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайына жеткізіледі. Сол мұражайдағы құмыраны көрген Орал әскери горнизонының басшысы генерал Дубасов құмыра құпиясын ашу үшін 1915 жылы Санкт-Петербургтегі Шығыс тану мамандарына жібереді. Ондағы жазулар көне қыпшақ алфавитімен шағатай тілінде жазылған төмендегі сөздер екен: «Адам көркі-жүз, ал жүз көркі-көз, ауыз көркі-тіл, тіл көркі-сөз».

Құмыраның бүйірінің төменгі жағында: «Бұл күбіге көз жасын құяр болар» деген сөздер жазылған. Бұл сол құмыраны құюшы, басында еркі жоқ, ақыл иесі майталман шебердің қожасының сауатсыздығын пайдаланып кестемен өз ойын білдіргені болса керек.[1,5б.]

1938 жылы Гурьев өз алдына облыс орталығы болып шаңырақ көтергенде, жоғарыдағы құмыра облыстық мұражайға келтіріледі. Өз көзімізбен талай көрген сол құмыра соңғы жылдары із-түзсіз жоқ болды, оның жоқтаушысының болмауы өкінішті-ақ.

Осы құмыраның өзі-ақ Жайық бойының кімдердің мекені екендігін айғақтап тұрған жоқ па?...

Батыс Қазақстан аймағын басып өтетін сауда жолы туралы алғашқы деректер VI-VIII ғасырларда белгілі бола бастады. Осы кезеңде Жібек жолының негізгі бағыты Сирия-Иран, Орта Азия - Оңтүстік Қазақстан - Талас аңғары - Шу - Ыстықкөл ойпаты - Шығыс Түркістан - Қытай болды. Оның бір тармағы Византия - Дербент арқылы Каспий өңірі - Маңғыстау даласы Арал-Сырды бойлап, Оңтүстік Қазақстандағы негізгі жолға қосылды.

Қытай жібегімен бірге түрік және Соғды қалаларында да жібек дайындала бастады. Жібекті ең ірі мөлшерде тұтанушы Византия болды. Ол жалдамалы әскерге төлейтін валюта есебінде болды. Византия жалдамалы әскерінен қорыққан Иран өз елі үстімен өтетін жібек жолын жапты. Жетісудан Оңтүстікке бұрылатын жібек жолы енді батыс Сырдария бойын бойлап, Арал-Маңғыстау арқылы Солтүстік-Каспий, Солтүстік-Кавказ жотасы арқылы Константинопольге бағыт ұстады. [3,151б.]

XIII-XIV ғасырда Жібек жолы Сырдарияның сол қанатымен қапталдай жүретін керуен жолы Зернук, Үзгент, Қызтөбе, (Баршынкент) арқылы, Түркия, Хорезм бағытының тармақтарымен, Аралдың солтүстігімен батысқа бағыт алады екен. Ол Маңғыстау, Солтүстік Каспий өңірі, Сарайшық арқылы Алтын Орда астанасы Сарай қаласынан әрі Каффа қаласына бағыт ұстайды.

Жібек жолдың жаңа тармағы Шаш-Үргеніш-Үстірт-Сарайшық-Батыс тармағы, XIII-XIV ғасырда жанжана түсті. Негізгі себеп Дешті Қыпшақ, Мауреннахр жері монғол жаулауынан соң біртұтас мемлекет болды. Еділ бойына Алтын Орда Сарайы мен салынуы Европа мен Азияны байланыстырды. Қытай мен сонау Дунайға дейінгі кеңістік біртұтас тұрақталып мемлекет құрамында болды. Бұл сауда қақпасына жол ашты.

Сауда жолындағы Сарайшық қаласының маңызы артты. Қала керуендерді Азиядан Европаға өткізетін қақпа болды. Сарайшық пен Үргеніш арасында екі сауда тармағы қалыптасты. Біріншісі: Сарайшық - Тасқұдық - Таскешу керуен сарайы (Таскешу көпірі) - Қайнар бұлағы - Бақашы әулие - Ұшқан қаласы - Маңсуалмас (Қосқұдық) тармағы арқылы жүрген. [1,59б.]

Екінші тармақ: Қосқұдықтан оңтүстік батысқа қарай бұрылып Көптам - Сам - Чурук - Белеулі арқылы жүрген. Чурук, Белеулі, Қосбұлақ, Бұлақ, Үшқұдық, Пулжай - Үстірт - Дәуекескен - Үргеніш.

Тарихшылар бұл керуен сарайларды XIII-XIV ғасырларда салынған дейді. Бірақ соңғы зерттеулер көрсеткендей олардың көбі X-XII ғасырларда да салынған. Оларды толық анықтау үшін археологиялық зерттеулер қажет.

Ал енді кейін пайдаланған Ноғай жолы деген атпен белгілі керуен жолы қашан аталғаны белгісіз. Кейбір зерттеушілер ол Ноғай ордасы кезеңінде XV-XVI ғасырда шыққан дейді.

Ноғай жолын зерттеп картаға түсірген А.И.Левшин болды. Ол Сарайшықтан Хиуаға Каспий мен Арал теңіздерінің арасынан өтетін үш жол туралы жазды.

Бірінші жол: «Сарайшықтан Тентек Сорға келеді, одан Білеулі алқабы арқылы, көне бекініс Ұзынтамының жанынан Сағыз өзенінен өтеді, одан Қайнар тауын жағалап, Жем өзеніне келіп, одан Боқаш Әулие қорымының жанынан өтіп, Ұшқанға келеді, одан Желді тауының оң жағымен Үстіртке жетеді. Үстіртте Сам құмы арқылы Айбықұр алқабымен Айдабол құдығына жетіп, одан Ақтөбе Күркүреуге жетеді». [8,68б.]

Екінші жол: «Жем өзенінен Үстірт арқылы Желді тауының жанынан жүріп Көптам арқылы Қосбұлақ құдығына жетеді, одан Есекқырған даласымен керуен Үстірттен түсіп ежелгі Үргенішке келеді».

Үшінші жол: «Сарайшық бекінісінен Хиуаға баратын жол Қайнар тауының жанынан жоғарыдағы баяндалған жолдардан бөлініп, шығысқа бұрылып, Сарықасқа құдығы мен Біркүндік алқабы арқылы Аққаудан бұлағына жетеді. Үстіртке Арсай мен Қарсай жырлары арқылы көтеріліп, Аралға жетеді. Аралды жағалап, Дуаналы - Құлама мен Құлмағыр шығанақтары арқылы Амудария жағасындағы Қоңырат қаласына келеді», - деп бүкіл «Ноғай жолын» А.И.Левшин суреттеп жазады. Бұнда Ноғай атауы кейін XIV ғасырдан аталса керек. Бұл жол ежелгі Жібек жолының үстінде жатыр. XVII-XIX ғасырларда ноғай жолы керуендер үшін пайдаланылып сауда-саттық жолы болды.

Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде көптеген керуен сарайлар мен мекендер X-XII ғасырларда салынғаны анықталды. Таскешу керуен сарайы мен Ұшқан қаласы X-XIV ғасырларда салынған. Ұзынтамның 2005 жылы археологиялық барлау көрсеткендей Ұзынтам емес Таскешу керуен сарайы және Таскешу көпірінің орны анықталды. [3,63б.]

Батыстағы сауда жолында тұрған Сарайшық қаласы ірі сауда орталығы болды. Құрлықтағы сауда жолымен бірге, Сарайшықта теңіз сауда жолының ашылуы үлкен маңызға ие болды. Қала құрлық пен теңіз портының тоғысқан орталығы болып, оның жылдам дамуына себепкер болды. Ол кезеңде құрлық пен теңіз саудасының тоғысқан жері Сарайшық қаласы ғана болды. Франческо Пеглотти мен Италияның солтүстігіндегі Тосканалық беймәлім автордың

жазбасында: «Еділдегі Сарайдың тұсында тауарлар тиелген кемелердің Дон өзеніне дейін құрлық арқылы астына бөрене төсеп сүйреп жеткізетін бекет тұрған, одан әрі тауарлар Қара теңіз бен Жерорта теңізіне жеткізілген. Каспий теңізінің кез-келген жағалауына Сарайшықтан шыққан кемелер бара алатын болған деп көрсетеді». [5,42б.]

Батыстағы Сарайшықпен XIII-XIV ғасырларда тұрақты сауда жасаған қалалар қатарында Хаджи - Тархан болды. Ол туралы ағылшындардың Ричард Джонсон жазбаларында кездеседі. [7,21б.]

« ... Из Хаджи - Тархана до Сарайчика при медленном путешествии, как обыкновенно едут купцы с товарами, было 10 или даже 15 дней пути, до Туркменских берегов Каспия на судах было 10 дней, до Гиляна морем 7-8 дней».

Ал, Батыстан Сарайшыққа бірнеше сауда жолы келіп тоғысты. Оның бағыты көрсетілген: «Один на Хаджи - Тархан через степи Маджар с ответвлением на Дербент и далее по Волге и Ахтубе до Сарая, другой по Дону до места наибольшего сближения с Волгой и далее по Ахтубе вниз на Новый Сарай и степью до Сарайчика. Были торговые пути от Приозовья на Волгу в доль Кумы и Кубани». [3,174б.]

Сауда жолы қашықтығы әр авторларда әр түрлі болды. Бір авторда ол жол ұзындығы: «Путь из Сарая в Хорезм через Уст-Юрт занимал 40-45 дней, до Сарайчика 10 дней» деп көрсетілген. Ал, Пеголотти мен Тосканалық беймәлім автор жазбасында Сарай мен Сарайшық арасындағы сапар 8 күнге созылады, ал Сарайшықтан Хорезмге сапар бұқа жегілген арбамен 20 күн, ал қашырман 40 күнге созылатынын атаған. [2,32б.]

Сауда дамуы үшін теңге қажет болды. Алтын Орда теңге шығару ісі қолға алынды. Айырбас саудадан гөрі ақша қатынасы болуы, сауданың өркендеуіне жол ашты. Алтын Орда орта ғасырлардағы тиын теңгелерін алғаш XIV ғасырдың орта тұсында Бұлғар қаласында Берке хан соқтырған (1257-67 ж.). Алғашқы теңгелерге Бағдад халифы ән-Насырдың аты, кейін монғол хандары Меңгу, Арық- Бұғының, Орда хандарының аттары жазылды. XIV ғасырдың 70 жылдарында Алтын Орда да сауда мен экономиканың дамуына байланысты оның құрамындағы Сарай әл-Жадид, Сарай әл-Махрус, Хажы Тархан, Сарайшық, Гүлстан, Хорезм, Жент, Баршын т.б. қалаларында теңгелер соғылды. Сарайшықтағы қазба жұмыстары кезінде табылған тиындардың ең көнесі-Тоқтамыс хан теңгесі (1295-1296 жж.). Ал кейінгілері Сарайда соғылған Өзбек хандікі. Әр қалада соқтырылған теңгелердің өзіндік ерекшеліктері бар. Кейбір теңгелерде соқтырған ханның аттары мен жылы жазылса, кейбіреуінде әртүрлі таңбалар, аңдар мен құстардың, балықтардың суреттері, геометриялық өрнектер бейнеленген. Табылған тиындарда көне түркі тілінде «құтты болсын» деген жазулар, арыстанның, сұңқардың, шығып келе жатқан күннің бейнелері кездеседі. Теңгелер мыстан және күмістен соғылды. Сол кезеңдегі тауар бағалары туралы мәлімет өте тапшы. 1330 жылдардағы Сарайшықтағы жылқы

бағасы туралы Ибн-Батута былай дейді : «Бір жылқыны 4 динарға (37 гр күміс) өте арзанға алуға болады ». Саудагерлер мен керуеннің қауіпсіздігін сақтау үшін жол бойына қарауыл бекеттер мен шолғыншы жасақтар қойылды. Сарайшықтан тіке Қытайға шыққан керуендер Отырар мен Алмалықты басып өтті. Дербент Сарай - Сарайшық Қытай жолының сапары 5 айға жеткен. [6,16б.]

Әлкей Марғұлан атындағы археология институты Астана бөлімшесінің директоры, профессор Зейнолла Самашев Сарайшық қаласын сақтаудың екі нұсқасы бар дегенді айтады. «Біріншісі – ұзындығы бір жарым шақырым болатын қорған төсеп, өзен жағасын бекіту болса, ал екіншісі – Жайықты көне ағысына қайтадан бұру болып табылады. Бірінші нұсқа шамамен 11 млрд теңгедей қаржы жұмсауды талап етеді. Жағада алып құрылыс жұмыстары жүргізілуі тиіс. Және де бұл жұмысты жүргізгенде жағада орналасқан археологиялық маңызы бар құнды жәдігерлерді жойып жіберуіміз мүмкін. Ал екінші нұсқа бойынша жұмсалатын қаржы одан екі-үш есе арзан. Әрі Сарайшықтағы қазба жұмыстарына ешқандай зияны тимейді. Тек бір қолайсыздығы, сол жерде орналасқан қазіргі Сарайшық елді мекенін басқа жерге көшіру керек», – дейді. Сарайшық қаласы жыл сайын археологиялық зерттеулер нәтижесінде қазылып келеді. Содан бері ұлы ордамыз болған шаһардан көп қабатты қонақ үйлер, XIII ғасырдың моншасы, құбыр кәріздері, үлкен алып мұнаралардың қалдықтары, қазіргі біздің қолданысымызға табан кафелдері, түрлі көздің жауын алар тұрмыстық заттар табылды. Сондықтан хан ордасы болған, Алтын Орданың ресми маңызды қаласы Сарайшық туризм тұрғысынан әлі де мындаған туристі өзіне шақырып, сан қырлы сиқырын ұсына алады. Ол үшін мемлекет басымдық берген «100 нақты қадам» бағдарламасы аясында тұралаған Сарайшықтың туризм әлеуетін дамытып, күрделі жөндеуден өткізуге болады. [8,6б.]

Әдебиеттер тізімі:

1. Ермұханов Б. Сарайшық – қазақ хандығының тұңғыш астанасы // Атамекен № 28, тамыз 2000 жыл.
2. Тоқтабаев А. Сарайшықтың Аққу көлі // Егемен Қазақстан, 21 наурыз 1998 жыл.
3. Кекілбаев Ә. Сарайшық // Алтын Орда, 2 маусым 2000 жыл.
4. Әлімгереев Ә. Сарайшықтың жеті ханы // Атырау, 11 қараша 1999 жыл.
5. Ахмет А., Касенов М. Атырау жеріндегі үңгірлер // Мұнайлы Астана № 23, 5 маусым 2008 жыл.
6. Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық // Алматы, 2001 жыл.
7. Самашев З. Археологические раскопки на городище Сарайчик Алматы, 2000.
8. Физатов Ж. Ұлы даланың қасиетті күмбезі. – Алматы, 2009.

А. Тажигарина

Е.Халықов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп

«АҚТӨБЕ-ЛАЭТИ» ҚАЛАШЫҒЫ

«Ақтөбе-Лаэти» - қала жұрты Атырау қаласының солтүстік-шығысында 6 шақырым қашықтықтағы Ақтөбе төбешігі орнында, Теңдік ауылының шығысында 2 шақырым қашықтықта жатыр. Оның солтүстігінде Сарайшық қаласы 50 шақырым қашықтық жерде орналасқан. Оның қазіргі көлемі: 200 x 80 м, оңтүстіктен-солтүстікке созылып жатыр. Қала табиғи фактордан қатты бүлінген. Каспий теңізінің 14 ғасырда күрт көтерілу салдарынан қала су астына кеткен. Қала тұрғындары қаланы тастап Сарайшық қаласына көшуге мәжбүр болған. Судың астында қалып қойған қала жұрты 1950 жылдары ғана Каспий теңізінің суының қайтуынан кеуіп жер бетіне шыққан. Судың астында ұзақ жатып жақсы сақталған қала жұрты су қайтып кеткен соң жылдам бұзыла бастаған. Жел мен сор тұзды топырақ қала қабырғаларының жылдам бүлінуіне себеп болған. Сонымен бірге қала орнының мал жайылымына айналуы да, оның жылдам жойылуына себеп болған. Кебу салдарынан қатты бұзылған. Бүгінде облыстық мұражай қорында қалашықтан табылған 500-ге жуық жәдігер бар. Қалашықта сумен қамту жүйесі дамыған, сол арқылы бау- бақша өсірілген. Мәдени қабаты жануарлар мен балықтардың сүйектерінен, керамика қалдықтарынан тұрады. Бұл қала тұрғындарының мал және балық шаруашылықтарымен айналысқанын көрсетеді.

Қаланы алған ашқан өлкетанушы В.К.Афанасьев. Ол қаланы 1965 жылы археолог М.С.Мерциевке көрсеткен. Ол қала орнын зерттеп, мақала жазады. Қала жұртына алғаш археологиялық қазба жұмысы 1974-1977 жылдары Л.Л.Галкин басшылығымен жүргізілген. 1981-1983 жылдары Л.Л.Галкин қазба жұмыстарын жалғастырған. 1989- 1991 жылдары З.Самашев археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. Қал негізінен шебер мен көзешілер мекені болған. Сонымен бірге сауда жолының бойында орналасқандықтан ол керуен сарайы қызметін атқарған. Алтын Орда кезінде қала өркендеп, гүлденген қалаға айналған. Қал қазбаларынан қыш, металл, сүйектен жасалған заттар көп кездеседі. Металл өңдейтін шағын ошақтар орны да табылған. Металл қалдықтары көп кездеседі. Л.Л.Галкин Ақтөбе қалашығын 14 ғасырда итальяндық саяхатшылардың жол картасында белгіленген Лаэти қаласымен баламалайды.

Қалада жүргізілген қазба жұмысы

№ 1 бөлме: Қазба көлемі: 13,80×10,20 м. Қаланың солтүстік-батыс жағынан салынды. Осы қазба аумағынан 4 бөлме ашылды. Бөлмелер батыстан шығысқа қарай нөмірленді. № 1 бөлме қазбаның оңтүстік-батыс бұрышында орналасқан. Бөлменің қабырғалары нашар сақталған. Бөлме көлемі 3,40×3,10 м. Шығыс және солтүстік қабырғаларының сақталған биіктігі 32 см, қалыңдығы 46 см. Қабырғалар шикі кірпіштен қаланған. Оңтүстік және батыс қабырғаларының сұлбасы анық емес. Солтүстік қабырғаның орта тұсынан оңтүстік бағытқа 90 см., ұзындықтағы бір қабырға шығып тұр. Бөлменің ортасында үлкен тандыр пеш орналасқан. Пештен оңтүстік бағытқа бір арналы кан шығып батысқа қарай доға боп иіліп тұр.

№ 2 бөлме: № 1 бөлменің солтүстігінде орналасқан. Бөлменің шығыс бөлігі ғана аршылды, көлемі 3,90×2,30 м. Қабырғалары нашар сақталған, әлсіз іздерін ғана байқауға болады. Биіктігін анықтау мүмкін болмады. Аршылған аумақта шағын тандыр пеш орналасқан, тандырдың диаметрі 50 см. Ошақ оңтүстік бағытқа 1,20 м ұзындықта бір арналы кан шығады. Канның ені 20 см. Осы ошақ пен канның шығысында бұлардан бөлек тағы бір кан жүргізілген. Оның ұзындығы 1,90 м, ені 24 см. Бұл канға байланысты тандыр немесе ошақ анықталмады. Бөлменің солтүстік қабырғасының арғы жағынан ташнау үстіне төселген кірпіштер шықты. Кірпіштер алынып ташнау қыш хумды көміп жасалғанықталды. Бұл ыдыс тағы бір хумның үстіне орнатылған, яғни түбі сынған екі хумды бірінің үстіне бірін мінгестіре орналастырған. Ташнау шұңқырының тереңдігі 1 м, болады.

№ 3 бөлменің көлемі 4,30×3,20 см. № 2 бөлменің шығысында орналасқан. Шығыс қабырға бойына суфа салынған, ұзындығы 3,46 см, ені 1,10 см. Суфаға екі арналы кан салынған. Кан арналары солтүстіктегі тандыр ошақтан шығып, бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышынан қосылып, бұрыштан ойылған тік мұржадан аяқталады, ұзындығы 2,30 м, ені 20–24 см., болады. Тандыр пештің диаметрі 40 см, қабырғаларының сақталуынашар. Суфаның батысында жерге көмілген хум орналасқан. Ернеуі мен сабы сынған хумды еденнен қазылған шұңқырға көмген. Бетінің жиектеріне айналдыра қыш кірпіштер қойып диаметрі 30 см., болатын ернеу қалдырған. Бұл сұйық зат сақтайтын шара болса керек. Бөлме есігі пештің солтүстік жағында, шығыс қабырғада орнатылған, ені 85 см. Күбі (хум). (2012 ж.) Қазбаның солтүстік-шығыс жағынан құрылыс орындары байқалмайды. Бұл жердің топырақ құрамы күл аралас құмды боп келген. Метал шлактары мен көгерген мыс қалдықтары кездеседі. № 3 бөлменің есігіне қарсы, шығыс жағынан шұңқыр орны анықталып қазылды, көлемі 2,60×1,00 м, тереңдігі 50 см. Шұңқырды тазалау кезінде күл мен күйеге, шлакқа толы болды. Бұл шұңқырдың шығысында тандыр орны анықталды, диаметрі 60 см., болады. Тандыр пеш қабырғалары нашар сақталған.

№ 4 бөлме - қазбаның оңтүстік-шығысынан ашылды. Бөлменің жарты солтүстік бөлігі ғана топырақтан аршылды, көлемі 4,90×2,30 м. Оңтүстік қабырғасы қазбаның жиегінің астында ашылмай қалды. Бөлменің батыс жағында № 3 бөлменің шығыс қабырғасына дейінгі аралықта жіңішке қабырғалармен бөлінген тамбур бар, көлемі 2,65×0,90 м. Бұл қабырғалардың қалыңдығы 24 см, биіктігі 30 см. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышына таман тандыр пеш орналасқан. Диаметрі 74 см. Осы тандырды ашу кезінде, оның басқа бір төменгі-деңгейдегі тандырдың үстіне ойып орналасқанықталды. Тандырлар іші күлге толы. II-қазба. Бұл қазба көлемі 6,20×10,70 м болады. Қазбадан бірнеше тандыр пештен тұратын кешен ашылды. Көлемі 3,45×2,10 м, биіктігі 45 см., болатын ауданда төрт-төрттен екі қатар, 8 тандыр пеш орналасқан. Пештер ортадан жүргізілген бір арналы канға қосылған. Пештердің ауыз қуыстары батыс және шығыс жақтарға қараған. Тандыр диаметрлері 40–50 см-дей болады. Кан солтүстікке созылып қабырғаға орнатылған тік мұржамен аяқталады. Канның ұзындығы 3 м, ені 24 см. Осы пештер кешенінің оңтүстік-шығыс бұрышы маңынан еденнен қазылған дөңгелек келген шұңқыр анықталды. Осы диаметрі 1,30 м., болатын шұңқырды тазалап қазып, 10 см., тереңдікте ірі тандыр пеш ашылды. Тандырдың диаметрі 80 см, тереңдігі еденнен есептегенде 1,15 м болады. Тандырдың қабырғасын сыртынан шикі кірпішпен қаптаған. Шикі кірпіштердің көлемі 38×21×12 см. Тандырдың іші күлге толы болды. Бұл еденге орналасқан тандырдың шығыс жағында 30 см., жерде бөлменің шығыс қабырғасы орналасқан. Ол қазбаның оңтүстік жиегінен солтүстікке 4,80 м., ұзындыққа созылған. Қабырғаның ені 45 см, биіктігі 60 см. Бөлменің солтүстік қабырғасының биіктігі анықталмаса, батыс қабырға мүлдем табылмады. Солтүстік-шығыс бұрышта тағы бір тандыр пеш орналасқан, диаметрі 60 см. Бұл пештің түтіндігі сол бұрышта орналасқан тік мұржа арқылы шығып кететін болуы керек. Пештің ауыз қуысы оңтүстікке қараған. Пеш қабырғаларының сақталуы нашар. Тандыр пештердің көп орналасуына байланысты бұл бөлмеде наубайхана орналасқан болуы мүмкін. Қазбадан көптеген қыш құмыралар, сүйек, металл, зергерлік бұйымдар, тас бұйымдар көп жиналған. Осы заттар жеке-жеке сипаттама жасалған. Қаланың мәдениеті мен уақыты туралы жаңа деректер алға болады.

Құмыра мойны. Бүтін, бір тұтқалы, сұйықтық құюға арналған. Тұтқасы мойнынан бастап кеудесіне бекітілген. Ернеуі мен мойын тұсында екі, үш сызықты белдеу бар. Құмыра иығы оюлы өрнекпен көмкерілген. Мойнынан төмен жағы сынып қалған. Сұр түсті саздан жасалған. Сақталған биіктігі 19 см, ернеу диаметрі 4 см.

Құмыра. Бір тұтқалы қызыл қоңыр түсті. Сапалы саздан күйдіріліп жасалған. Биіктігі 1305 см, ернеу диаметрі 8 см, түбінің диаметрі 9 см. Мұндай құмыралары 14 ғасырмен даталанады.

Құстұмсық мүсіні. Биіктігі 5 см, диаметрі 2 см. Қызыл түсті қыштан жасалған, құс мүсіні салынған қыш сынығы. Бала ойыншығы немесе тиын салғыштың жоғарғы бөлігі болуы мүмкін.

Сырлы тостақ ернеуі. Көлемі 305 x 3 см. Ақ ангоп үстіне көк және қара бояумен, геометриялық ою өрнек салынып, үсті мөлдір шынылы сырмен көмкерілген.

Қыш сынығы. Көлемі 5 x 2,5, қалыңдығы 0,5 см, бетінде басылып салынған гүл тектес өрнегі бар. Сұр түсті саздан жасалған.

Құмыра тұтқасы. Көлемі 7 x 2 см. Құмыра тұтқасының сынығы, беті жасыл глазуурмен қапталған.

Қыш ыдыс сынығы. Көлемі 7 x 3 см, қалыңдығы 2 см. Қызғылт қыш беті көгілдір глазуурмен қапталған.

Моншақ. Қара пастадан жасалған. Диаметрі 2 см, қалыңдығы 1,2 см. Ортасында тесігі бар. Бетіне қызыл көздер орнатылған.

Хұм. Сапалы қыштан жасалған. Биіктігі 80 см, диаметрі 70 см, қызыл түсті. Күйдірілуі бірқалыпты. Сыртында сызылып салынған өрнектері бар. Түбі ойылған. Жақсы сақталған.

Түйін:











Атырау облысында орналасқан ортағасырлық Алтын Орда қаласы Ақтөбе – Лаэти қаласындағы зерттеу нәтижесінде тың деректер жиналған. Зерттеулер көрсеткендей бұл қала ортағасырда әлеуметтік – саяси орны бар, ірі қалалардың бірі болған. Алтын Орда кезеңінде Ұлы жібек жолы бойында жатқан, Еуропа мен Азияны байланыстырған керуен жолының маңызды бөлімінде орналасқан қаланың маңызы зор болды. Транзиттік сауданың арқасында қала жылдам өркендеп дамыған. Бірде – бір керуен қалаға соқпай кетпейтін. Сонымен бірге қалада қол өнеркәсібі дамып, өз тауарларын саудагерлерге саудалады. Алтын Орда қалаларының бір ерекшелігі, олардың қорғаныс қамалдары болмаған. Қала халқының саны жылдам өскен. Сарайшықтан 50 шақырым жерде орналасқан қала серіктес қалаға айналған. Қаланың құлдырауына Каспий теңізінің көтерілуі мен Алтын Орданың ыдырауы себеп болған. Сонымен бірге Еділ мен Жайық бойындағы қалалар мен мекендер Темірдің шапқыншылығынан соң жаппай қиратылған. Сол жердегі отырықшылық толық дағдарысқа түсіп, көтерілмеген. Ақтөбе – Лаэти қаласындағы зерттеулер арқылыөңірде отырықшылықтың қалыптасып, дамығандығын көреміз. Келешекте аймақтағы отырықшылық нысандарын жүйелі және кешенді зерттеу арқылы өңірдің тарихын қалыптастыру қажет. Мәңгі өлмейтін, ел санасынан мәңгі өшпейтін, тарихи және мәдени мұралар өлкемізде көбейе түсіп, өлкеміз тарихи – мәдени мұраларға баий түссе, келер ұрпақ елін, жерін, халқын сүйіп өсер еді.

Вывод:

Средневековая Золотая Орда, расположенная в Атырауской области, накопила свежие данные в результате исследования в городе Актобе - Лаэти. Исследования показывают, что этот город был одним из крупнейших городов средневековья с социально-политическим прошлым. Во времена Золотой Орды город располагался на Великом шелковом пути, который является важной частью караванного пути, соединяющего Европу и Азию. Благодаря транзитной торговле город быстро развивается. В то же время промышленность в городе развивается и продает свои товары торговцам. Одной из особенностей Золотой Орды было отсутствие защиты. Городское население быстро росло. Город, расположенный в 50 км от Сарайшика, стал городом-партнером. Разрушение города было вызвано подъемом Каспийского моря и падением Золотой Орды. Между тем, города и населенные пункты вдоль Волги и Урала были массово разрушены после вторжения Темура. В поселке не было полного кризиса. Благодаря исследованиям в Актобе - Лаэти, мы видим, что поселение было разработано и развито. В дальнейшем необходимо формулировать историю региона путем систематического и всестороннего изучения населенных пунктов региона. История нашей страны, нашей земли, нашего народа будет любима вечным поколением, где вечное умирающее бессмертное, историческое и культурное наследие будет расти на нашей земле, и наша земля станет более богатой в историческом и культурном наследии.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Атырау энциклопедиясы. Алматы, 2000 ж, 76 бет]
2. Атырау газеті, 2000ж 4 шілде, 2003 ж. 21 желтоқсан, 2004 ж. 1 қаңтар.
3. Афанасьев В.К. К истории северо- восточного Прикаспия
4. Археологическая карта Казахстана. Алма – Ата, 1960. Пам-к. №1941.
5. <https://e-history.kz/kz/contents/view/2096>



Сырлы қыш, моншак, метал.

Қола жебе, моншак, сырлы қыш, метал.



1-бөлме батыстан көрінісі.



2- бөлме батыстан көрінісі.

Э. Ғ. Маткерова

№7 Е.Халықов атындағы мектебі,

8 сынып оқушысы,

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы

САРАЙШЫҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ КҮМБЕЗІ

«Сарайдан шығып, он күннен кейін біз Сарайджук деген қалаға жеттік, джук – «кіші» деген мағынаны береді. Ол Ұлысу деп аталатын үлкен, әрі ағынды өзеннің жағасын орналасқан. Онда Бағдаттың көпіріндей қайықтардан жасалған көпір бар... Осы қалада біздің аттылы арбалы сапарымыз аяқталды. Біз онсызда арып-жадаған ат-көлігімізді қаладағы арзаншылыққа байланысты, әр жылқыны төрт күміс динарға бағалап, төмен бағамен саттық. Арбаға жегу үшін біз түйелер жалдадық. Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар кісінің тұраржайы (Завия) бар, оның аты ата. Ол бізді қонақ қылды әрі батасын берді. Бізді тағы да осы қаланың аты жөні менің есімде қалмаған бір қазысы қонаққа шақырды. Біз осы арадан Хорезмге дейін отыз күн суыт жүрдік, жол бойы тек екі-ақ сағат, бірде түс әлетінде, енді бірде ақшамда ғана аялдадық»

Ибн Батута. «Жиһан кезу»

Қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағасында, бір кездегі ұлы да атақты Сарайджук (қазіргі атауы - Сарайшық) қаласының қираған құландысы жатыр.

Әбілғазы Бахадүр-ханның (XVII ғ) Сарайшықтағы негізін Батухан (Билік құрғанжылдары 1221-1256 жж.) салған деген тарихи пікірмен келісуге болады. Көптеген көпестер мен саяхатшылардың осынау жолдардың бағыт бағдарлары туралы, тауарлардың сипаты мен бағасы және қатынас тәсілі туралы жазбалары мен хикаялары бізге дейін жетіп жатыр. Сарайдан Сарайшыққа, одан әрі Үргеншікке дейінгі сауда жолының соқпақтарында құдықтар болды және керуен-сарайлар қызмет етті XII-XIV ғғ. Осы жол Шығысты Батыспен негізгі жалғастырушы болды.

Сарайшықта салтанатты сәулетті сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер және басқа да ғимараттар салынған. Оларды атақты сәулет өнері мектептерінен өткен дарынды шеберлер тұрғызған. Қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен алаңдары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айрықша байқалады. Керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез өсті. Сарайшықтың ұлылығы онда тек мұсылман діндарларының жерленгендігінде ғана емес, ең алдымен оның Алтын

Орда хандарының қасиетті зиратханасына айналғанында. XIV ғасырдың басында мемлекетте мықты өрлеу басталды, әсіресе Тоқта патшалық құрған соңғы жылдар Алтын Орданың әскери және экономикалық құдіретінің дамуындағы алғашқы кезең болды. Сарайшықта кейін жерленгендер Алтын Орда билеушілері Жәнібек пен Бердібек. Жәнібек билік құрған кезінде (1432 ж.) Орта Азиядан астана Сарайшыққа келген тақ мұрагері, өзінің ағасы Тыныбекті өлтірді. Жәнібек әуелі Әзірбайжанды Алтын Ордаға қосып алғаны да белгілі. Ол билік құрған кезде мемлекетте өзі тежей алмаған құлдыраудың алғашқы нышандары көрінді. Оның өлімі 1357жылы өз ұлы Бердібектің төңірегіндегі билікті көксеуші қаскүнемдер тарапынан болды. Әкесінің өлімінен соң Бердібек те өз бауыры Құлнаның қастандығынан қаза тауып, Сарайшықтағы өз әкесінің моласының жанынан орын алды. Әміре Едіге (1365-1419) жайындағы бір дастандағы болжамда айтуынша, 1406 жылы қазіргі Түмен қаласының жанында қаза тапқан, кейбір деректерде айтылғандай «Алтын Орданың ең соңғы және ұлы тұлғасы» Тоқтамыс ханның басы да Сарайшықта жерленген екен. Сондай-ақ, осындай ноғай бекзадалары мен мырзалары, Ер Тарғын мен Қамбар сынды эпикалық батырлар және көреген, өз халқының қамын ойлаған қазақтың ханы Қасымхан да жерленген.

1996-2000 ж.ж. зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтың қалыптасып дамуының үш кезеңі анықталды. Ерте кезеңі қала өмірінің алғашқы он жылдығына сәйкес келді. Дамуының екінші кезеңінде, 1330-шы жылдардан бастап әртүрлі факторлардың әсерімен Сарайшық өзенінің кірпіштен соғылған орталық бөлігіне жүйелі түрде салынып шоғырланады да, Жайық пен оның сағаларында жайғасқан аралдың шеңберінде дамып кеңейді. Мұның өзі, осы манадағы өткелдер мен адамдардың іс-әрекеттерін мұқият бақылап отыруға мүмкіндік берді.

Қаланың гүлдену уақыты XIV ғ. сәйкес келеді XV- XVI ғ.ғ. шаһар тағы да өзгеріске ұшырады. Орталық бөлігі көлемі жағынан біртіндеп кішірейе келе, оңтүстік шығыста Жайықтың қазір Сорочинка деп аталатын саласына қарай жылжыды. Жыл сайынғы су тасқыны қаланың біраз бөліктерін шайып кетіп отырды. Қазіргі таңда көне Сарайшықтың қалған ауданы, жапсарлас көне зираттарды есептегенде шамамен 600х600 м.

Сарайшықтың қиындыларымен жәдігерліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарының екі ғасырдан астам тарихы бар. XVIII ғасырдың 60 ж. Соңында қалашықты П.С.Паллас көріп қайтты. 1834 ж Ф.Гебель осында шағын қазба жұмысын жүргізді. Қала туралы қызықты мәліметтер XVII-XIX П.Рычковтың, А.Левчиннің, Н.М.Карамзиннің шығармаларында бар. 1937 ж. Н.К.Арзютовтың жетекшілігімен қазақстанды зерттеу қоғамының Батыс Қазақстандық бөлімшесі Саратов облыстық мұражай қызметкерлерімен бірге қалашықтың кейбір жерінде зерттеулер жүргізді. 1950 ж. Ә.Х.Марғұлан тағы да Жайықтың суы мәдени қабаттарын үздіксіз жуып-шайып жатқан Сарайшық ескерткіштерін жедел де кешенді түрде зерттеу туралы үлкен мәселе көтерді. Сол жылы

Ә.Х.Марғұланның жетекшілігімен археологиялық экспедиция ұйымдастырылды, алайда ол бір маусым жұмыс істеді, өкінішке орай нәтижелері осы уақытқа дейін толықтай жариялаған жоқ. Осыдан кейін Сарайшықтың ескерткіштерін зерттеп, сақтап қалу проблемалар, 60-80 жылдардағы кейбір құлшыныстарды есептемегенде, осы уақытқа шейін нараздан тыс қалып келеді. Сарайшықтың тарихи мәні, оның қазақ мемлекетінің алғашқы қалыптасу кезеңіндегі ролі және ұрпақтар арасындағы байланыстар үшін ата-бабалар мұраларының төтенше маңыздылығы ескеріліп, осы жерде символды Пантеон, археология мұражайы және мешіт тұратын мемориалды мұражай кешенін құру ісі қолға алынды. Ә.Х.Марғұлан атындағы археологиялық экспедициясының 1996-2000 ж.ж. Жүргізілген тыңғылықты зерттеулер барысында қаланың әр бөлігінен оның өмір сүруінің бірінші кезеңіне жататын ауқымды жерлер ашылып, алғашқы тұрғындардың үй құрылыстары айқындалды. Қала құрылысы белгілі жобамен, көшпенділерге тән дәстүрмен салынған. Бөлмелерден табылған ыдыстар формасы жағынан сан алуан. Атап айтсақ, олар-жергілікті көзешілер жасаған қыш құмыралар, құтылар, құмғандар және қазандар. Оны кашин балшығынан жасап жылтыр бирюза құймамен жабылған құмыра толтырады. Осы ыдыстар жиынтығын Хорезмнен әкелінген тас қазандар, төменгі Волга қалаларынан әкелінген кашинді түрлі-түсті жылтыр кеселер, сондай-ақ жергілікті бай адамдар тым жоғары бағалайтын өте қымбат жасыл түсті Қытай фарфоры-селадоннан жасалған табақтың, кесенің, тостағанның сынықтары толықтырады. Мұндай мәдени қабаттардан жылқы мен түйенің сүйектері көптеп кездеседі. Бұл тұрғындардың қала өмірінің алғашқы кезеңінде қала құрылысы мен сауда жолында қызмет еткендігін көрсетеді. Қаланың тек орталық бөлігі ғана дамып қоймай оның сырт жақтарына да құрылыстар салынған Сарайшықтан бес шақырым жерде, өзен жағасын бойлай орналасқан усадьбалар кездеседі.

Сарайшықта жасалған қыш ыдыстар үш түрлі саздан жасалған. Ыдыстың екінші түрі кашин балшығымен көркемделіп жасалған пиала, тостаған, құмыра және вазалар. Олардың арасынан өсімдік тектес және зооморфтық өрнектермен аса көркем түрде безендірілген қыш өнерінің теңдесі жоқ туындыларын кездестіруге болады. Сырлы қыш ыдыстарды безендірудің жиі кездесетін және негізгі мотиві-суда жүзетін құстар. Ыдыстың үшінші түрі-сұр түсті ерекше саз құрамынан жасалған құмыралар мен торсықтар. Олардың сырты рельефті өрнектермен көмкеріліп, құстың, балықтың, жұлдыздың, өсімдіктің символдық бейнелермен, философиялық және жақсылық тілейтін мағынасы бар текстермен безендірілген.Қалада, сондай-ақ, сүйектен әр түрлі бұйымдар жасайтын шеберханалар болған. Онда әр түрлі тоғалар, садақтың қаптамалары, қорамсаның әшекей бөліктері, пышақтың саптары, садақ атуға арналған сақиналар және т.б. бұйымдар жасалады. Тері өндірушілердің көптеген былғарыдан жасаған дорба, белдік, мәсілер мен өкшелі етіктер, күртелер, местер мен ертоқымдар сияқты жоғары бағаланатын бұйымдар кездесті.

Сарайшықтың тұрғындары өздерінің жоғары деңгейдегі сауаттылығымен ерекшеленеді. Оған қазба кезінде табылған ыдыстардағы, қола бұйымдардағы және қағаздағы әртүрлі мағынадағы жазулар дәлел бола алады. Әсіресе қыш ыдыстағы жазулар жақсы сақталған. Сондай бір үлкен ыдыс-хумның сыртында Шу аңғарынан туып, қашқарда өмір кешкен Жүсіп Баласағұни поэмасынан (XI ғасыр):

«Адам көркі-жүз, бұл жүз көркі көз,
Ауыз көркі тіл, бұл тіл көркі сөз,
Тағы көркі кісіге-білім мен өнер,
Жанын құрбан етер білім үшін ер,-деген үзінді жазылған.

Керуен жолының тоғыз торабында орналасқан қала, сөз жоқ, кесе ауқымдағы халықаралық саудаға қатысқан. Жанданған сауда Қытаймен, Кавказбен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізіледі. Қытай фарфоры аukatты қалалықтардың дастарханын көріктендіріп тұрды. Жылтыратылған ашық бұлттар, құстар бейнелерімен, иероглифтермен де безендірілген. Иран және Сириялық оюлармен өрнектелген, шыңылтырмен (эмаль) және алтынмен апталған қынекейлі құмыралар, құтылар, шамдалар көздің жауын алады. Сарайшық тұрғындары ішіндегі тамақ аса дәмді болады деп ерекше жұмсақ тастан ойылып жасалған Хорезмнің қазандарын ерекше ұнатқан. Қара қыштан құйылып, күн түскенде ою-өрнектері жарқырап тұратын құмғандар, кеселер мен табақтар молынан саудаға түскен. Хорасаннан және Еділдің төменгі сағасындағы қалалардың діни және пәлсафалық мазмұнда жазу жазылған әртүрлі кеселер мен пиалалары Сарайшық халқының күнделікті өміріне көп пайдаланылған. Алтын Орданың басқа қалаларының тұрғындарының сұранысына қажет әшекейлі әдемі сырлы табақтар мен құмыралар Сарайшық шеберлерінің қажет әшекейлі әдемі сырлы табақтар мен құмыралар Сарайшық шеберлерінің қолынан да шыққан. Осындай ыдыстардың біреуі Мәскеудің Қызыл Алаңындағы Мемлекеттік Тарихи Мұражайға қойылған. Қала өмірінің үшінші кезеңі XV-XVI ғ.ғ. сәйкес келеді. Сарайшықта бұл кезде топографиялық өзгеріс орын алды. Жайық бойында орналасқан тұрғын жерлер қаңырап бос қалды және қаланың батысынан орамдала келіп Жайықтың солтүстік-батыс маңынан ағып шығатын, қазір Сорочинка деп аталатын сағасының бүгіндегі құрғап қалған арнасы бойында, қаланың оңтүстік аумағын тұрғындар топтана бастайды. Жайықтық арнасы осы кезде өзгерістер болған тәрізді. Австрияның Москвадағы елшісі Сигизмунд Герберштейннің 1549 жылы айтуынша, Сарайшықты бұл кездегі ноғайлының бекзадасы Шидак басқарған. Ол картада Сарайшықты Жайық өзенінің сол жағалауына орналастырды.

1558 жылы осы жерлерде болып қайтқан ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон осы пікірді растайды. Ол күндері Сарайшық Ноғай ордасының астанасы болды. Ордадағы басым билік маңғыт тайпасының өкілдерінде болды. «Ноғай» этнонимі XV ғ. аяғында ғана пайда болды. Ноғай Ордасының негізгі

территориясы Еділ мен Жайық арасындағы далада жатты. Ноғай Ордасының құрамында жиырма дан астам тайпа мен рулар енді: наймандар, қыпшақтар, алаштар, қаңлылар, алшындар, қоңыраттар, қатағандар, ұйғырлар, ткайлар, маңғыттар және т.б. Бұл негізінен этникалық емес, саяси бірлестік еді.

Ноғай Ордасының мұсылман діни басшыларының орталығы осында орналасты. Сарайшықта тұрған сейідтерге өз қыздарын беруді ноғай бекзадалары мен мырзалары өздеріне бедел санады, Сейідтер Мұхаммед Пайғамбардың ұрпақтары деп саналды және дінбасылардың ерекше тобын құрайды. Сонымен бірге Сарайшықта сейідтердің басқа бөлек топқа жататын ислам қызметкерлері өмір сүрді: шейхтер, молдалар, қажылар, хафиздер, суфийлер, дервиштер. Бұл дәстүр XIII ғ. ислам дінінің қабылдаумен орнықса керек. Дінбасылар әр жағдайларды ойланып-толғанды және мемлекет қайраткерлеріне ізгі кеңестер берді. Олардың көбісі Сарайшықта жерленген. Осында кейбір ноғай билеушілері, бекзадалары мен мырзалары да жерленген. Олар Оқас, Ших-Мамай және тағы басқалар. Адамдардың сұлулық бейнелері поэтикалық формада Сарайшық тұрғындарының жадында сақталған, соған мысалы, мына бір шумақ:

«Сарайшық саздары,
Қаңқылдайды қаздары.
Су сұрасаң бал берер,
Ноғайлының қыздары».

Қазіргі уақытты қалашық жер бетінен тым тез жоғалып барады. Бұл процесс Жайық өзенінің арнасының ауытқуына байланысты болып отыр. Судың асау ағысының мәдени қабаттарын күн сайын және жылдам шайып жатыр. Сондықтан да бұл жобаның міндеті-халықтың тұңғыық тарихи жадынан бүгінгі ұрпаққа нәр болып табылады. Сарайшықтың қазіргі мәдени қабаттары-бақытты, махаббат пен күндестікті, қалалықтардың рахаты мен уайымын, ауыруы мен қайғысын, табан ет, маңдай термен жиналған әрбір жәдігерлік-мейлі олар көркем керамика, т.б. болсын, бәрі де әлі танып үлгермеген сол бір дәуірдің дерегін сыйлайды. Тек қана Каспий атырабы аймағындағы ғана емес, тұтас Шығыс пен Батыс елдерінің геосаяси мүддесінің осы жерде тоғысуы, оның ерекше байланыстырушы ролі, экономикалық, мәдени, саяси қарым-қатынастарды қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру көне Сарайшықтың қираған орнына жақын орналасқан Атырау қаласына ауысты. Ата-бабаларымыздың қажырлы еңбегінің арқасында осынау шұрайлы жерге орныққан мұнайға бай, саудасы абат Атырау қаласының жарқын, әрі ұзақ болашағы бар.

Талайды туыс қылған, қандас қылған,
Төрінде талай мейман малдас құрған.
Сарайшық Еуропа мен Азияның,
Арасын алтын көпір жалғастырған.

Бұл жерде даңқы тарап шетке небір,
Дулатып дүниені өткен өмір.
Дамылдап жатыр мұнда дала ұлдары-
Тоқтамыс, Әз-Жәнібек, Мөңке Темір

Көтеріп тағдырының талай жүгін,
Бұл жерде хандар өткен талай мығым.
Осында тіккен дейді Ер Едіге,
Шұбалтып шұбар туын Ноғайлының.

Көк найза, қайық садақ асынғандар,
Есесін жібермеген басынғанға.
Мәңгілік мекен тауып жатыр мұнда,
Қасқа жол салып кеткен Қасым хан да.

Алысқан дұшпанынан асқан әлі,
Кеше де Ел болғанбыз астаналы!
Қазақта елдік, бірлік өнегесі
Осынау Сарайшықтан басталады

Нұралы Әжіғалиев

А. С. Боранғалиева
Қалам Есқалиев орта мектебі,
жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ “ӨЛКЕТАНУ» ОҚЫТЫЛУЫ. ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды, оның ауқымы кеңейіп «Туған елге» ұласатыны атап көрсетілген.[1,2]

Туған жерге, елге деген патриотизмді және тарихи сана қалыптастыруда тарихи білім берудің маңызы зор. Қазіргі уақытта тарихи білім беру мазмұны да

заман талабына сай жаңартылуда. Атап айтқанда, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы әзірленді.

Елбасы мақаласына сәйкес тарихи білім мазмұнына «Туған жер» тарихын зерделеуге арналған тақырыптар енгізілді. Бұл білім алушының әр тарихи кезеңдегі тарихи жағдайлармен қатар өзі туып өскен өлкедегі тарихи тұлғалар, тарихи ескерткіштер, тарихи оқиғалар туралы сабақтастықта білім алуына мүмкіндік береді. Бұдан білім алушының «Қазақстан тарихы» пәні аясында өз жерінің тарихын да жүйелі зерделейтінін көруге болады.

«Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына өлкетанулық материалдарды енгізу білім алушылардың тарихи оқиғаларды терең түсінуіне, оқу материалына деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды тәсілдерінің бірі. Туған жер тарихын зерделеу білім алушыларды Қазақстан тарихының әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихымен қатар оларды туған жердің тарихи-мәдени мұраларын да меңгеруге, зерттей білуге бағыттайды.

Туған жер тарихын оқытудың басты міндеті өз туған жерінің патриотын, әлеуметтік мәдени құндылықтарын құрушы, сақтаушы, қолданушыларын қалыптастыру және туған жерге деген құрметке баулу, білім алушылардың танымдық, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық, экологиялық құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Туған жерінің тарихын зерделеу сонымен қатар, тұлғаның туған жері бойынша әлеуметтенуіне, өз өлкесінде еңбек етіп, өмір сүруге, туған жерінің өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жаңғыруына үлес қосуға бағыт береді.

Туған жер тарихы туралы тарихи материалдар оқытудың тәрбиелік міндетін де іске асырады. Тарихи деректер мен кейіпкерлер білім алушылардың туған жердің өткен тарихын түсінуге, өз туыстарының өткен өмір салты мен рухани әлемін, олардың туған жерді дамытудағы еңбегінің рөлін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Туған жерге қатысты сабақ барысында өткен дәуір тарихын тұлғалық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік беріледі, себебі, құндылық қатынасты жеткізушілер туған жердің халқы, яғни туыстары мен жақындары болып табылады. Қазақстан тарихы сабағы аясында туған жердің материалдық және рухани дамуына, мәдениет, білім мен ғылымның дамуына үлес қосқан тұлғалардың тарихын білу, білім алушылардың қызығушылығын, патриоттық мақтаныш сезімін арттырады. Бұл сәйкес құндылықтардың алғашқы баспалдағы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы негізінде әзірленген «Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушыларда ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыруға;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;
- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;
- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары 5,6,7-сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспарына енгізілді. Оқу бағдарламасы бойынша тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын әр сынып бойынша кіріктіріп оқыту ұсынылады.

Өлкетану материалдарын оқытудың ерекшеліктері:

Өлкетану мәдени және ұлттық сәйкестікті дамыту мен сақтаудың маңызды міндетін орындайды. Өлкетанулық білім жаңа буынды аймақтың мәдени құндылықтарымен қамтамасыз етіп отыратын әлеуметтік-мәдени ақпарат көзінің бірі. Бұл жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді

5-сыныпта: «Өлкенің тарихи ескерткіштері», «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, ақындар», «Туған өлкенің аңыз-ертегілері» тақырыптарын оқытуда білім алушыларды ата-бабалардың дәстүрін құрметтеуге, келешек ұрпақтардың тәжірибесін жалғастыруға, өнегелі жерлестерінің өмірін замандастарына үлгі етуге бағыттау ұсынылады.

5-сыныпта «Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер» тақырыбы бойынша тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау үшін мүмкіндігінше мұражай сабақтарын өткізу ұсынылады. Мұражайда өтетін сабақта білім алушылардың оқу материалдарын мұражайдағы бай қорды пайдалана отырып терең меңгертуге бағыттау ұсынылады.

Мұражай базасында өткізілген сабақтар білім алушылардың азаматтық және патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, ой-өрісін кеңейтуге, тарихи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қарауға ықпал етеді.

Тарих сабағында тарихи-өлкетану материалдарын жинақтауға келетін болсақ, оқушылар мұражайға барғанда көргендерін, байқағандарын, кездесулерде естігіндерін, тапқан заттарын т.б мектепке әкеледі.

Біріншіден, өлкедегі тарихи ескерткіштер;
 екіншіден, өлкенің тарихын баяндайтын түрлі әдебиеттер;
 үшіншіден, өлке тарихына байланысты баспасөзде жарияланған материалдар;
 төртіншіден, тарихи оқиғаларға қатысушылардың естеліктері;
 бесіншіден, өлкетану музейлеріне экскурсия жасағанда жинақталған материалдар.
 Жинақталған материалдардың бәрі уақытылы талданып, сарапталып, мектептегі

арнайы бөлінген орынға қойылғаны дұрыс. Осыдан барып бірте-бірте өлкетану бұрышы, залы, бөлмесі ұйымдастырылатын болады.

Қазақстан тарихының өлкетану жұмысында зерттелетін негізгі тақырыптарының үлгісі.

1. Экономика мен мәдениет мәселелері. Өлкенің ертеден осы кезенге дейінгі шаруашылығымен таныстыру. Тұрмысы мен кәсібі. Осы салаларда өлкеде болған өзгерістер. Мәдениеттің дамуы. Өлкенің аталған салаларындағы белгілі қайраткерлер.

2. Мектеп тарихы. Қазақстанның көптеген мектептерінің ұзақ тарихы бар. Мектеп бітірушілер арасында қаншама қайраткерлер шықты. Халыққа білім беру саласындағы ардагерлердің ерен еңбегін көрсете отырып, оқушыларымызды олардың үлгісінде тәрбиелеу.

3. Ескерткіштер мен белгілі тарихи орындар. Әрбір қалада, аудан территориясында сол өлкенің материалдық және рухани өмірін көрсететін тарихи, мәдени ескерткіштер баршылық. Сондай-ақ тарихи фактілер, оқиғалар болған тарихи орындарда жеткілікті. Тарихи тұлғаларға қойылған, салынған ескерткіштер, қайраткерлер есімдері берілген ауылдар, қоныстар, көшелер, мектептер бар. Жоғары сынып оқушылары осындай белгілі орындардың, қайраткерлердің тарихын білуі тиіс. Мұның бәрін өлкетану жұмысы таныстырады.

6-сыныпта: «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері», Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері», Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері» тақырыптары берілген. Өлкедегі жер-су атауларының тарихын, ұлттық қолданбалы өнері мен қолөнерді, қазіргі кездегі өлкедегі атақты тұлғалардың ерлік істері мен еңбегі туралы білім беруде білім алушылардың өлкенің негізгі ерекшеліктерін анықтауға және терең түсінуіне ықпал ету ұсынылады.

Өлке тарихын оқу-тапономика ғылымынсыз мүмкін емес, өйткені жер тілі-сол жердің тарихын білдіреді.

7-сыныпта: «Өлкенің туристік маршруттары», «Туған жердің Атымтай жомарттары», «Туған өлкенің шежіресі», «Мектебімнің тарихы» тақырыптарын оқытуда білім алушыларға оқу мазмұнына сәйкес материалдарды анықтау, талдау, бағалау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар беру ұсынылады. «Туған жердің Атымтай жомарттары» тақырыбын өту барысында, осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру. Сабақ сайыс түрінде өткізіліп, өлке тарихына байланысты сұрақтар беріліп, түрлі танымдық сұрақтар берілді. «Туған өлкенің шежіресі» тақырыбы, ел тарихы мен өз ауылымның тарихының сабақтасуы бағытында айтылады. Өлке тарихына арналған, материалдарды түсіндіріліп, осы бағытта қосымша тапсырмалар берілді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуде туған жерге қатысты өлкетанулық материалдар

күшейтілген. Бұл материалдар тарихи білім мазмұнымен кіріктіріліп беріледі. 5,6,7 – сыныптарда өлкетану материалдарын меңгеруге 12 сағат (әр сыныпта 4 сағаттан) бөлінген.

Жанартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының бір ерекшелігі сағат санын бөлуде мұғалімдерге еркіндік берілген. Бұл мұғалімге кез келген тарихи оқиғаларды туған жерге қатысты материалдармен кіріктіріп оқытуға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстанның ежелгі, орта, жаңа, қазіргі заман тарихын оқу барысында білім алушылар сол кезеңдегі өз туған жерінің тарихымен және ескерткіштерімен танысады.

Өлкетанулық материалдар жалпы орта білім беру деңгейінде келесі бөлімдерді оқытуда қолданылады: «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» (Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен кездесу, тарихи естеліктерге талдау жасау); «Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы» («Туған жерді дамытуға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары» тақырыбында зерттеу жұмысы) бөлімдері . [2,1]

7-сыныпта «Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері» тақырыбын өту барысында , өлкетану материалдарында пайдалану қажет.

Оқу мақсаттары: туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау.

Оқушылардың ізденімпаздығы мен зерттеулері барысында жинақталған материалдар «Біздің жерлестеріміз-Ұлы Отан соғысында», «Алғашқы құрылысқа қатысқандар» атты өлкетануға арналған семинар сабақтарда пайдаланады. «Ұлы Отан соғысы» бөлімі екіге бөлінген «Ұлы Отан соғысына қатысқандар», «Жеңісті тездеткен-тылдағылар».

Біріншісінде жауынгерлердің орден, медальдары, документтері, хаттары, газет қиындылары, тағы басқа жинақталған. Сабақ барысында өлкемізден шыққан батыр Боран Нысанбаев туралы деректермен таныстыру. Тарихта өшпес із қадырған Совет Одағының Батыры Боран Нысанбаевтың ерлігі теңдесі жоқ ерлік. Жау дзотын кеудесімен жауып, ажал оғына қарсы жүрді. Ленинград шайқасы туралы айтқанда ауылымыздың тұрғыны Әбілов Шалмұқанды айтуға болады. Ол кісінің қоршауды бұзуға қалай қатысқаны жөнінде әңгімесі айтылды. Берлинге барған ауылдасымыз Р.Аймешовтың көзбен көргендері туралы айтылды. Рсалы ағай «Берлинді» медалімен марапатталғаны, Берлиннің өзінде үш жыл күзетінде болғаны туралы айту арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту. [3,35]

Екіншісінде «Жеңісті тездеткен-тылдағылар» бөлімі бойынша тыл ардагерлері, социалистік еңбек ерлері туралы түсінік берілді.

Сонымен қатар, жоғары сыныпта Қазақстан тарихы бойынша өңірлік компонент келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

туған жер тарихын Қазақстан тарихы материалдарымен өзара байланысын ескере отырып тұтас қабылдауын қалыптастыру; тарихи қалыптасқан ұлттық мәдени

дәстүрді, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту.

«Туған жер» тарихын зерделеу келесі оқу мақсаттарында көрсетілген: халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде «Туған жер» ұғымын қолдану;

Туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде «мәдени генетикалық код» ұғымын қолдану. Бұл мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

Өлке тарихына арналған тақырыптардың басым бөлігі «Туған жер» тарихын зерделеуге арналған.

Қазақстан тарихы және туған жер тарихына қатысты материалдар хронологиялық және тарихи даму заңдылық байланыстары ескеріле отырып берілуі қажет. Туған жер компонентін Қазақстан тарихының жалпы курсымен кіріктіріп оқыту білім алушылардың Қазақстан тарихы аясында туған жердің тарихи даму ерекшеліктерін анықтау, өткенді саралау, бүгінгі күнді сипаттау және болашақты бағдарлау қабілеттерін қалыптастыруда маңызы зор.

«Қазақстан тарихы» сабағында мүмкіндігінше тақырыптарға өлкетану ұстанымы арқылы шығу ұтымды болады, игерілетін материал оқушыларда қызығушылық тудырады және одан әрі зерттеуге (ізденуге) жол ашады. Өлкетанулық тарихи материалдар, фактілер тарихи оқиғалар мен процестерді нақтылайды, суреттейді және олардың қазіргі заманғы оқиғалармен ара қатынасын белгілеуге көмектеседі. [4,3]

«Туған жер» тарихын зерделеу білім алушылардың гуманитарлық мәдениетін дамытуға, шынайы патриотизмді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пән мазмұнындағы Туған жер компоненті білім алушылардың тарихи санасын, тарихи ойлауын дамытатын, өткен және қазіргі тарихи оқиғаларды салыстыру, талдау, бағалау түрлі дереккөздермен жұмыс істеу дағдысын дамытады.

Өлкетанулық материалдар білім алушының шығармашылық қызмет түрлерін (белгілі тақырып бойынша ақпарат жинау, оның ішінде естелік жазбаларды дайындау, өлкетанулық фактілерді талдау және бағалау, оларға қатысты сыни көзқарасты негіздеу және т.б.) меңгеруге мүмкіндік береді.

Білім алушыларға елінің тарихын өз көзімен көріп, сезіну үшін мүмкіндігінше мұражайларға, тарихи ескерткіш орнатылған немесе тарихи-археологиялық орындарға экскурсия ұйымдастырған орынды. Себебі «Туған жер» тарихын зерделеуде білім алушылардың білімін жаңа мәліметтермен толықтырып, нақтылайтын, теориялық білімді тәжірибемен байланыстыратын

сыныптан тыс және мектептен тыс тарихи өлкетану (тақырыптық экскурсиялар, мұражайларға бару т.б.) маңызды болып табылады. Бұл оқу процесін жоғары сапалық деңгейге көтереді.

Білім алушылардың әлеуметтік нормалар мен дүниетанулық құндылықтардың тарихи тамырын білуі, өз халқының тарихи тәжірибесін түсінуі саналы түрде ұлттық бірегейлікті анықтауына мүмкіндік береді. Білім алушылардың өзін тұлғалық анықтауы ұлттық мәдениет пен тарихи дәстүрді қабылдауымен тығыз байланысты.

Бұдан шығатын қорытынды, рухани жаңғыру талабына сәйкес қазіргі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи сана өскелең ұрпаққа бүгінгі күнгі оқиғалардың мәні туралы түсінік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Тарихи сана – бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау (бүгінгі күн жағдайының мәнін, өткеннің инварианттылығы мен болашақтың баламалығын түсінуден), өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оған қоса оқу-тәрбиелік процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына жәрдемдесуі тиіс.

Сондықтан да «Қазақстан тарихы» пәні білім алушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, оған қоса ғасырлар бойы Ұла Дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды түсінуге жетелейді. Пән мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін туған жер компонентімен кіріктіре түсінуге мүмкіндік береді.

Өлкетану-оның өткенін мақтаныш ету еліміздің әрбір аймағын, ауданы, тіпті қала, ауылының тарихын насихаттау Қазақстан Республикасын дәріптеу болып табылады. Өлке тарихын жасау, қазіргі және келер ұрпақтың оны жақсы білетіндей, білім берілуі-кезек күттірмейтін міндет.

Өлке тарихын оқыту арқылы жеткен нәтижелерге тоқталсам, оқушыларым аудандық, облыс көлемінде ғылыми жобалар сайысында жүлделі орындар иеленіп, мақалалары баспасөз бетінде жарияланып жүр.

Өлкетану бағытында оқушым Қоныскереева Альбина «Аналар ерлігі-жадымызда» жергілікті тыл ардагерлері жөнінде, Талғатов Нұрасыл «Біздің жерлестер- Ұлы Отан соғысы жылдарында» тақырыптарында ғылыми жұмыстарын қорғап, ауданнан I орын, облыстан III орын алды. Ғылыми жобасы Қазақстан тарихы әдістемелік журналында жарияланды.

«Ауылдағы-ескерткіш тарихы» тақырыбымен Қисметуллин Саят ғылыми жұмысын қорғап, ауданнан I орын, облыстан III орынды иеленді. Биылғы оқу жылында Қисметуллин Саят «Ауылым-алтын бесігім» әлеуметтік жобалар байқауында «Туған өлкем-тұнған тарих» тақырыбында қатысып, «Алғыс хат» иеленді.

Өлке тарихын жасау ,казіргі және келер ұрпақтың оны жақсы білетіндей, білім берілуі –кезек күттірмейтін міндет. Қорыта айтқанда тарих сабағында оқушылардың елін,Отанын сүю сезімін қалыптастыру, ерлік рухын ояту- тарих пәні мұғалімнің басты борышы.

Краеведение-гордость за его прошлое пропаганда истории каждого региона страны, района, даже города, села-популяризация Республики Казахстан. Создание истории края-задача, которая требует знаний, чтобы нынешнее и будущее поколение знало его хорошо.

В связи с тем,что в нашем районе,в областном конкурсе научных проектов, наши ученики заняли призовые места, статьи публикуются в печати.

По направлению краеведения ученица Коныскереева Альбина « Аналар ерлігі-жадымызда» заняла I место по району. Научный проект был опубликован в методическом журнале по истории Казахстана .

По теме « Ауылдағы -ескерткіш тарихы» Кисметуллин Саят защитил научную работу, занял I место по району, III место по области. В этом учебном году Кисметуллин Саят принял участие в конкурсе социальных проектов «Ауылым-алтын бесігім» тему на тему « Туған өлкем-тұнған тарих» и получил благодарственное письмо.

Создание истории края –это задача, которая необходима для того, чтобы нынешнее и будущее поколение знало его. В итоге на уроках истории формирование у учащихся чувства любви к Родине, чувства мужества - главный долг учителя истории.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан 2017 ж. 12 сәуір
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
3. Қайыпбаева А. Омарова Ғ. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы аясында “Туған жер” тарихын зерделеу» Интернет материалы
4. Мұхтарұлы М. «Даңқты аға» 2015 жыл
- 5.Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
6. Өлкетану Атырау облысы 5-7 оқулық. Жазушы,2018 жыл
- 7.Дәуренбаева Ж. Оқу тәрбие үрдісінде оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуде «Өлкетану» бағдарламасының маңызы /Білім-образование, 2005ж/.
- 8.Матышева Ф. Өлкетану елтанудың бастауы/Қазақ тарихы, 2007ж №3 Қазақстан тарихы, 2006ж №2/.

9. Ысқақов Е.С. Тарих сабағында өлкетану арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу, /Қазақстан тарихы, 2007ж №7/.
10. Ысқақов Е.С. Мектепте тарихи-өлкетану жұмысын ұйымдастыру /Қазақстан тарихы, 2006ж №8/.

Ж. М. Қорғанбаева

*Индербор кенті Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі,
тарих пәнінің мұғалімі*

ӨЛКЕДЕГІ МАЗАРЛАР ТАРИХЫНЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Тәуелсіздік алғаннан бері қаншама жылдарды артқа тастап, әр белесіне көз жүгіртіп отыратын болсақ, халқымыздың өткенін зерттеуге де және тарихи-ескерткіштерді қорғауға қатысты ауқымды жұмыстар атқарылғаны да сөзсіз ақиқат. Ал еліміздегі тарихи – ескерткіштерге бай өлкелер мекені екенін білуге, әрі осы ескерткіштердің сақталуын қайта қалпына келтіруге жол ашуына септігі тиген «Мәдени мұра» бағдарламасының маңызы зор. Бүгінде санамызда қайта түлеп, тарихи- ескерткіштер қайта жаңғырып, көз алдымызда олардың тарих белестерін еске түсіретін киелі дүние екенін сезінудің жолдарын сан мәрте айқындатты. [2.1-6 б] Тарихи- ескерткіштер құндылығын олардың сақталуына аса мән беруге ынталандыру мақсатында өз өлкеміздегі тарихи- ескерткіштердің барлығы бұл өз өлкесінің әр тұлғасын ойландыруы тиіс. Әр адам өз өлкесінің бір перзенті ретінде туған жерінің тарихына назар салып, оны бағалауға ұмтылудың жолдарына аса мән берсе ғана игі істер жүзеге асады. Осыған орай өзіміздің жергілікті жеріміздің табиғи байлығы мол, тарихы терең елді мекенімізде ескерткіштер көптеп кездеседі. Соның ішінде Индер көлінің маңында тарихи-мәдени ескерткіштер саны жетерлік. Ең қызықты ескерткіштер деп Индер – Қарабау жолының бойында кездесетін Ақшадыра, Қарабала – Қантемір, Сұлтанәлі, Тағай бейіттерін, Төребай тамын есептеуге болады. Бұл ескерткіштер уақыт керуенінде бір ғасырды артқа тастап әлі күнге дейін сол күйін жоғалтпай тұрғаны таңғаларлық жағдай деп айтсақ қателеспеймін. Бұндай тарихи – ескерткіштер өлкедегі атақты бабаларымыздың ерекше дара тұлғаларына деген үлкен құрметпен салынған. Осы мазарлардың тарихына шолу жасасақ:

Ең алдымен, көне молалар өз құрылысының қарапайымдығы мен салыну шеберлігі жағынан екі топқа - халық молалары (үйінділер) және құрметтілер

молалары (сарайлар) болып бөлінуі керектігін еске алған жөн. Жалпы, ертеректе мазарды биік қылып салуға тыйым салынған. «Елу жылда ел жаңа демекші» жарты ғасырдан кейін жермен жексен болуы қажет деп есептеген. Әсіресе, төбесінің ашық болуы шарт деп шешкен. Күн сәулесі түсіп, жаңбыр тию үшін деп салынатын болған. Соған қарамастан мазарлардың сәулеті мен көлеміне қарап оны құрметті адамға арнап салғанын байқауға да болады. Осындай мазарлардың болуы әрі киелі орындардың жие кездесуі тектен- тек еместігі, яғни осы Индер топырағы талай ұлылардың дүниеге келген мекені екенін сан мәрте еске салуда. Атап айтсақ, XIX ғасырға жататын Шелек мола, Ақшадыра, Қарабала-Қантемір қорымындары тарих беттерінен сыр шертеді.

Мысалы, Ақшадырда мұнара типтес сегіз қырлы қабырғалы шикі кірпіштен салынған кесене ерекше. Оның қасында пирамида тәрізді там орналасқан. Ақшадыра қорымында Ысық руының мәйіттері бар. Қазіргі уақытта Ақшадыра құлыптастары құлаған әрі сынған. Кейбірі жоғалған.

Қарабала – Қантемір бейітіндегі шошақ дулығалы кесене көңіл бөлуге тұрарлық. Сонымен қатар Қарабала- Қантемір қорымында саз балшықтан соғылған екі кесене бар. Мұнда өз заманының беделді тұлғалары жерленгендігіне еш күмән туғызбайды. Осы Қарабала- Қантемір қорымына жақын жерде б.э.д II ғасырына жататын Кетебай қорғандар тобы бар. Қорған маңында үлкен бір оба және шағын обалар бар.

Шелек мола қорымында Есенқұл Беріш руының адамдары жерленген. Бұл қорымдардағы құлыптастардың көлемі мен пішіні сан-алуан. Олар құмды-эктасты блоктардан қашалған және араб эпиграфикасымен жазылып, әртүрлі ою-өрнектермен безендірілген. Бұл құлыптастар Батыс Қазақстанның тас қашау өнерінің жоғары деңгейін айқындайтын ғұрыптық ескерткіштер болып есептеледі. Сонымен қатар мазарлардың сан- алуан пішінді салынуы құрылыстың жаңа қырына бет алдыртады. Саз балшықтан салынған бұл қорымдардың топырағының құрамына да айрықша мән беруге болады. Саз балшықтың құрамына қымызбен жылқының қылымен салынса мықты болады деген тұжырымдарда баршылық. Бұл кесенелер осы уақытқа дейін жаңбырмен, желмен желінгенмен өз қалыптарын жақсы сақтаған. Алайда бұл қорымдар мемлекеттік бақылауда есептелгенімен, қоршалмағандықтан, мал тұяғымен тапталған, сондықтан жергілікті орындар тарапынан қорғауға алынса, жақсы болар сөзсіз. Бірақта біз бабаларымыздың ерекше дара тұлғаларына деген үлкен құрметпен тарихи ескерткіштер кезінде салынғанын біле тұрсақта бүгінде олардың өз дәрежесінде сақталуы әлі де болса, енжар қалуының себебін анықтай алмай жүрміз. Өйткені біз ата – бабамыздан қалған мәдени мұрамызды қадірлеу оған деген үлкен құрмет әр адам санасында жаңғыруы аса қажеттіліктен туындауы тиістігін әсте естен шығарып алудамыз. Соның ішінде туған өлкедегі тарихи- мәдени ескерткіштерге аса мән бермей оларға деген қамқорлықты өз ықпалымызбен іске асыру қажет деп санамай жататынымыз да әр өлкенің

азаматын толғандыруы тиіс. Осындай өлкеміздегі бай тарихи-мәдени мұрамызды өзге жерлерден келген халықтарды қызықтыра отырып, демалыс орындарын ашуға әрі туризмді дамытуға ат салысуға жұмылсақ өте тамаша болар еді. Бұл киелі жерлерге түнектер ұйымдастырып, халықтың сеніміне кіретіндей аңыздарды айтып, келешек ұрпақтың құлағына құйып, өткеніне құрметпен қарайтын, бүгініне оң көзқарас қалыптастырып, болашағына өзіндік бағасын беретіндей етуге жұмылдырсақ қана ұлы даламыздың тарихи келбетінің бір қыры ашылатынына күмән жоқ. [1.17 б] Қорыта айтқанда, жалпы, Индер көлі маңын адамдар демалатын, ем алатын және тарихи ескерткіштерді тамашалайтын өңірге айналдыруға болады, - деп ойлаймын. Ол үшін туристік бағыттар айқындалып, демалыс орындарының инфраструктурасы жасақталуы, жолдар жөнделуі керек. Сондай-ақ Индер көлі маңындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді қатаң түрде мемлекет тарапынан қорғаудың және бүлінген ескерткіштерді жаңғыртудың қажеттілігі туындайды. Осы мәселелер өз шешімін тауып жатса, Индер өңірінің болашақта туристік аймақ болуға әлеуеті зор есептеймін. Осы кесенелерді аралап жүріп, осындай елді- мекенде дүниеге келгеніме іштей мақтаныш сезімім ұялап үлкен әсермен оралдым. Ендігі алдағы мақсатым деп осы кесенелерде жатқан тарихи тұлғалар туралы аңыздар жинақтап, жергілікті үлкен қариялардан ақпараттар жинақтағым келіп отыр. Ал XIX ғасырға жататын бұл мазарлар тарихи-мәдени мұралардың құндылығын маңыздылығын сезіну оларды басты назардан тыс қалдырмау болашақтың еншісінде.

АҚШАДЫРА ҚОРЫМЫ



ШЕЛЕК МОЛА ҚОРЫМЫ



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Атырау: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000.

2. Айқын газеті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы

Интернет ресурстар:

1. [www. atyrau-ds.kz](http://www.atyrau-ds.kz) Атырау облыстық әкімдігінің ресми порталы .

Н. Қабдығалиев

М.Әуезов атындағы орта мектебі,

II «А» сынып оқушысы

Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор қалашығы

ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТ БАТЫРЛАРДЫҢ ЖҮРІП ӨТКЕН ЖЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР-СУ АТТАРЫ

И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған көтеріліс.

Халық батыры И.Тайманұлы 1791 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмындағы "Тайман жалы" деген жерде дүниеге келген. Исатайдың анасы Есентемір руының Тағашы бөлімінен. И.Тайманұлының төртінші атасы Ағатайдың (Тайман-Бегәлінің -Боқай-Ағатай) есімі қалмақтарға қарсы соғыста көрсеткен ерлігі үшін Беріш руының ұранына айналған Исатайдың жастық шағында оған ықпал жасап, қамқорлық еткен әкесі, Тайманның інісі - Жабал Бегәліұлы. 1808 жылы Жабал бастаған Бегәлі ауылы Бақсай бекінісі тұсынан Жайықтан өтіп, Бөкей ханның қарауына кіреді. Хан орысша сауатты, саясаттан хабары бар, халық алдында беделді Жабалды Беріш аулына старшина етіп қояды. Жабал қайтыс болғаннан кейін, оның орнына старшина етіп И.Тайманұлын қоюды сұрап, хан Бөкей 1812 жылы 12 наурызда Орынбордағы Шекара комиссиясына ұсыныс жасайды. Шекара комиссиясы 1813 жылғы қараша айында Бөкей ханның ұсынысын қуаттап, құжаттарды әскери губернаторға жібереді. Генерал губернатор Г.С.Волконский 1814 жылы 12-қарашада Исатайды старшиналыққа бекіту туралы құжатқа қол қояды. [Кенжалиев И.Тайманұлы Исатай. Алматы, 1977]

Халқымыз қашан да өзінің ардақты ұлдарының сапында Исатай мен Махамбет есімін қатар атап, марапаттап келеді. Ол орынды да. Ғылымда да ұмыт қалған жоқ. Республика тарихы жазылған әдебиеттерде аталған батырлар жәйлі белгілі дәрежеде айтылып өтіледі. Сондай-ақ тарих ғылымдарының кандидаттары Исатай Кенжәлиев, марқұм Нәумет Көшекбаевтардың осы тақырыптағы кітаптары мен мерзімдік баспасөз беттерінде жарық көрген мақалаларында да айтылады. Әділіне бақсақ, бұл ретте көбірек көңіл бөлінгені Махамбеттің ақындық қыры.

Ал Исатайдың батырлық тұлғасы, көтерілістің тек қана қара шаруа, кедейдің хан қысымшылығына қарсы күресі ғана емес, орыс патшалығының бұратына халықты отарлау саясаты. Жергілікті халықтың шұрайлы жерлерін иемденіп, оларды түрлі салықтармен қалтыратып тықсыру, есін жиғызбауы өте сараң, жүрдім - бардым жазылды. Барларының өзі соңғы 5-10 жыл төңірегіндегі дүниелер ғана. Мүмкін соның салдарынан шығар, әлі күнге аталған көтеріліске

байланысты кейбір ғалымдар , өлкетанушылардың жазғандары мен жергілікті халық, батыр бабалар ұрпақтарының олар турасында айтқандары бір-біріне жанаспайды, алшақтық көп. Мұның өзі аталған көтеріліс жәйлі әлі де шынайы,жүйелі зерттеу жұмыстарының жоқтығын анық дәлелдесе керек. Бұл әсіресе , Махамбет ақынның туғанына 200 жыл толу қарсаңында айқын аңғарылып , сезіледі.

Махамбет Өтемісұлы (1803-1846) – қазақтың көрнекті ақыны, патша өкіметін тірек еткен хан саясатына қарсы шыққан. 1836-1838 жылдары Қазақстанның батыс аймағындағы халық көтерілісінің жалынды жыршысы, көтеріліс қолбасшысы Исатай батырдың қандыкөйлек жолдасы. [Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы. Алматы, 1974]

Өзіміздің сүйіп оқитын газетімізге айнала бастаған «Атыраудың» №117 санында жарияланған «Азаттық жолындағы күрескер» деп аталған мақаланы оқып, қолыма қалам алуға мәжбүр болдым.

Мұндағы ойым - батыр да ақын баба туралы қосылып жатқан деректерге өзім сұрап-біліп жадымда тоқылған, тарихи шежірелерден жинақтаған мәліметтерді бүгінгі жас ұрпақ жадына бергім келді.

Исатай-Махамбет көтерілісі, оның шығу себептері, ел мен жер бостандығы үшін күрескер батырлардың өмірі, Махамбет тарихы жазылып жатыр. Ал, сол семсер сөздің сарбазы Махамбет Өтемісұлы туралы бірі – дәл, бірі – болжам, бірі аңыз әңгімелер аз емес.

Сонымен, **Махамбет, оның әкесі Өтеміс кім?** Аталарымыздың айтуынша, Махамбеттің кегін бажасы Асаубай мен туысы Қобылабай алды дейді. Асаубай батырдың бассыз денесін жерлегеннен кейін, қасына бес-алты жігіт ертіп, Баймағамбет сұлтанға барады. «Сіз Махамбетті өлтіріп, алар өшіңізді алдыңыз. Біз, қалған ағайындары, оның бас сүйегін қоса жерлейік» - дейді. Алайда, сұлтан келіспейді. Ал, Асаубай мал бағатын жалшы жігіт арқылы батыр Махамбеттің бас сүйегін құпия жерленген жерден қаздырып алып, оны ақпа-төкпе ақын мәйітінің аяқ жағына апарып салып, топырақпен қайта жасырып, жерлейді.

Тағы бір дерекке көз салсақ – Махамбет Өтемісұлы старшина болмаған. Тек, әкесі Өтеміс қана старшина, басқа да ұлықтық қызмет атқарыпты. Махамбеттің әкесі осы Өтемістің ажалы дұшпандардан болады. Олар аттың үзеңгісін улап қойып, Өтемістің өлуіне себепші болған. Ал, Махамбеттің мәйіті, оның кейіннен қалай табылғаны туралы деректер соңғы кезде анықталып, айтылып жүр. Қысқасы, батыр, ақын, ел азаматы ер Махамбет туралы көбіне дұрыс, кейде бұрыс айтылып жүрген мәліметтерге аса сақтықпен қарағанымыз ләзім.

Нарын құмында, Жасқұс деген жерде дүниеге келген. **Жасқұс** – жер аты (бұрынғы Жәңгір хан ордасы орналасқан). Осы атау туралы Махамбет:

Менің атым Махамбет
Жасқұстағы Жәңгірхан

Ісінен болдым құса-дерт,- деп жырлайды. Бұл жерде атау құрамындағы құс сөзін қас сөзі деп қарау тіліміздегі ұ және 0 дыбысының алмасуын ескерсек те жеткілікті. Сөйтіп атау мағынасы туралы М.Жолжановтың «жас қос» деген пікірін қуаттай келіп, тек стильдік тұрғыдан қарағанда «кіші атау» деген мағына береді.

Қазақ халқы талай қиын кезеңдерді бастан кешірді. Елін, жерін қорғап, азаттығы үшін ішкі, сыртқы жаулармен айқасқа түскен. Халық тарихындағы сондай елеулі оқиға ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Ішкі Бөкей ордасында болған шаруалар көтерілісі. Оның себебі ханы мен сұлтаны, төресі мен төлеңгіті

Еділ мен Жайық арасындағы шаруалардың «оза шауып, кең жайлаған» жерін тарылтты. Халық күйзелісінің бір себебі – жер қысымы, елдің жайылымнан, қоныстан айырылуы, сондықтан ақын өздерінің басты бір мақсаты үстем тап тартып алған осы ел қонысын, жайылым жерін қайтару екенін естен шығармаған.

Облыстың солтүстігінен оңтүстігіне қарай кесіп өтетін басты су көзі- **Жайық өзені**. Жайық өзені бастауын Орал тауының 600 м биіктегі оңтүстік-батыс сілемдерінің бірінен алады. Облыс аумағына Жайықтың төменгі сағасындағы 300 шақырымнан астам бөлігі ғана енеді. Өзеннің жалпы ұзындығы 2534 шақырым. Арнасының ені 305-500 метр аралығында ауытқып отырады. Өзен суының деңгейі негізінен облыстан тыс жердегі су жинау алабы беретін суға тікелей байланысты болып келеді. Жайық өзенінің 500 шақырымы ғана облыс территориясымен өтеді. Ол Каспий маңы ойпатын кесіп өтіп, Каспий теңізіне құяды. Негізгі арнасына Батыс Қазақстан облысының жерінде бірнеше салалары қосылады. Өзеннің орта бөлігінде көктемгі тасқын судың артығы қолдан қазылған Көшім каналы арқылы төрт су қоймасына құйылып, шабындық және жайылымдық жерлерді суаруға пайдаланылады. Көшім каналы осы облыс еңбеккерлерінің қажымас қайратының белгісі. Отызыншы жылдары елімізде техникалық құралдар жетпей жатқан кезде еңбекші бұқара бұл каналды қолмен қазған болатын. [Атырау. Энциклопедия 2000]

Жәңгір хан енді Исатайды алдап Жасқұстағы ордасына шақырады, бірақ Исатай бұл шақырудан бас тартып, ханның шақыруын алып келген шабармандарды соққыға жығып қайтарып жібереді. 1836 ж. наурызда хан Қарауылқожаға қол жинап Исатай мен Махамбетті және оларды қолдаған көтерілісшілердің белсенді мүшелерін тұтқындауға бұйрық береді. Қарауылқожа адай, беріш, табын т.б. рулардан 522 жігіт жинап, Исатайдың ауылына аттанады. Мұны естіген Исатай 200 жігітпен Қарауылқожамен соғысуға әзірленеді. 1836 жылы 4-сәуір күні Қарауылқожа жасағымен Исатайдың ауылының маңындағы Манаштан (**Манаш** – сор. Исатай ауданы. Атау көне түркі тілінде «сортаң жер» мағынасын береді) 1,5 шақырым жердегі Қиялы моласының жанына келеді де, Исатайға Сағыр Баршығаев пен Қабық молданы елшілікке жіберіп, хан мен императорға бағынуды талап етеді. Осыдан соң Исатай 200 жігітімен қолдарына ту алып, Қарауылқожаның жасағымен

кездесіп, Исатай Қарауылқожаны жекпе-жекке шақырады Қараша айының 7-де Меркульевтің отряды Исатайдың ауылына шабуыл жасап, батырдың отбасын тұтқындайды. Бұл суыт хабарды естіген Исатай дереу ауылына көмекке аттанады. 8 қарашада Исатайдың жігіттері Меркульевтің отрядын қоршап алады да ауыл адамдарын босатуды талап етеді. Меркульев соғысуға күштің тең еместігін байқап, ауыл адамдарын босатуға мәжбүр болады. Осы жағдайдан кейін Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің мәні өзгеріп, ол тек ханға қарсылық емес, енді ханға қолдау көрсеткен Орынбор әкімшілігіне де қарсылық сипатына ие болды. Меркульевтің отряды Геккенің отрядымен Бекетай ауылының маңында қосылып, Тастөбеге қарай бағыт алады. [Әнес Сарай «Исатай-Махамбет» тарихы. Алматы, 2003. 8-том.]

Тастөбе – жер аты. Теңіз ауданы. Атау «тастан үйіліп қалған биік дөң жер» мағынасында айтылады. Исатай мен Махамбеттің атойлап, шешуші ұрыс салған жерлерінің бірі “Тастөбе” деп аталады. Тарих картасына осындай атаумен түскен жерді жергілікті тұрғындар “Тастөбе” деп атап кеткен Обаланып біткен биік төбенің басында үйілген қатты тастармен бірге, адам сүйектері де кездескен еді. Дәл сол жерден батысқа қарай бірер шақырымдай жерде тағы да тас үйілген төбешік бар. Екі төбенің де тасы таудың көк тасына ұқсайды. Ал ондай тау жынысты жерге “Тастөбенің” Батысындағы “Бесшоқы” ғана жатады. Бұдан шығатын қорытынды мынау. Исатай-Махамбет әскерлері “Тастөбені” қолдан қорған қылып жасамады ма деген ой. Бесшоқыдан тасты қызмет қылып тасып үйіп, жауларын екі төбенің баурайынан бөлініп қарсылап, ұрысқа дайындалды – ау деп айтуға болатындай. Көтерілісші сарбаздар қажеттеріне түйе ұстаған болса бұлай болуы әбден мүмкін. Ол болмағанда қалың қол бір-бір тастан атқа өңгеріп алғанда да жетіп жатыр. Қалай болғанда да 20 шақырымдық жер қашық қылмайды. Тастөбенің маңайы ол кездерде кең жазықты тегіс жер болғанға ұқсайды. Тастөбе қоңырдың ортасындағы төбе екені даусыз. Қазірде маңайында көлмек-көлмек сор кездеседі. Жерінің табиғаты құмға айналып, ойланданып қалындап барады. Шаруашылықтар жекеленгенге дейін ол маңда қой отарлары шоғырланды. Тәжірибеде байқалып жүргендей қой тұяғы кескілеген жерде дүзгін қалындап, құмға айналғыш келеді. Осы жәйттар “Тастөбенің” биік, қарауыл қарауға лайықты болғанын дәлелдейді. Төбе маңынан бергі жылдарға дейін сабақ, найза сынықтары табылғандығы ел аузында әңгімеленеді. Тастөбе туралы Атырау өңіріне белгілі қаламгер Р.Иманғали ағамыз облыстық, бұрындары республикалық газеттерде жазды да. Сөз саңында “Тастөбені” жылда көріп жүргендіктен Махамбет тойы жылында ойымды қайта жинақтағанды жөн көрдім. Белгілі адам болмасам да, ұрпақтар санасымен ойласам Махамбет бабамыз да жалынды жырларын “Тастөбеде” төккеніне күмәнданбаймын. Сондықтан Исатай мен Махамбеттің жорық жолдарынан сыр шертетін осындай тарихи жерлер баба тойы тұсында ескерусіз,

елеусіз қалмаса екен. Бұл тақырыпқа махамбеттанушылар да тереңдеп зерттеп, қалам тербесе "Тастөбе" бізге ішке бүккен сырын ашар еді.

Казак-орыстар Сарайшықта (**Сарайшық қаласы** — ортағасырлық Қазақстан тарихында өзіндік ерекше орны бар қалаға жатады. Егерде еліміздің оңтүстік өңірі мен Жетісу өңіріндегі қалалық мәдениеттің көрінісін көптеген ортағасырлық үлкенді-кішілі қалалардан, қамалдардан, бекіністерден, елді-мекендерден көре алсақ, батыс өңірдегі қалалық — Сарайшық қаласы арқылы байқалады. Бұл — қаланың көп ерекшеліктерінің бірін құраса керек. XIV ғасырдың алғашқы жартысында, Қыпшақ даласы арқылы Хорезмге сапар шеккен араб саяхатшысы Ибн-Баттута былай дейді: «Сарайдан шыққан соң он күннен кейін Сарайжук қаласына келдік, ол — Ұлы су (Жайық) жағасына орналасқан. «Жук» — деген сөз бұл жерде «кіші» — деген мағынада, сонымен бұл қала — «Кіші Сарай»). жасақтарымен дайын тұрған Баймағамбет, Мұхамедқали Таукинге хабар береді. Бұл жасаққа жүзбасылар Попов мен Понамаревтің жазалаушы отряд қосылады. 14 желтоқсанда жазалаушылардың қолына Исатайдың әйелі Несібелі, балдызы Бағлан, Еділ Сартұлының балалары Ерше мен Нұрша түседі. Ал Исатай біраз сенімді жігіттерімен жазалаушыларды адастырып кетеді. Тастөбе маңындағы шайқастан кейін көтерілістің бірінші және екінші кезеңі жеңіліспен аяқталады. Ал Орынбор губернаторы Перовский болса Кіші жүздегі көтерілістің басуға қосымша әскер жібереді. Полковник Гекке мен Баймағамбеттің отрядтары Ақбұлақтың жағасына орналасады

Ақбұлақ – Ақтөбе облысына қарайтын шағын өзен. Ол солтүстік-батыстағы Жосалы жотасынан бастау алып, Қиыл өзенімен жарыса ағады да, шығысқа бұрылып Қарағанды өзеніне құяды.[Ақтөбе.Энциклопедия.2001] 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің тағдырын шешкендіктен «Ақбұлақ» немесе «Қиыл қырғыны» деп тарихқа енген.

И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтерілісті үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең - 1833-1836 жылдар аралығы қарулы көтеріліске даярлық ретінде сипатталса, екінші кезең - 1837 жылдың басында көтерілісшілердің ханға қарсы аттануынан бастап, олардың осы жылдың күз айларына жеңіліске ұшырауына дейінгі аралық. Үшінші кезең - 1837 жылдың желтоқсанында Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілердің шағын тобының Жайықтың сол жағалауына өтіп, күш жинап көтеріліске қайта шығуынан бастап, 1838 жылдың шілде айының ортасында Ақбұлақ өзенінің маңында болған шайқаста біржола жеңіліске ұшырауына дейінгі уақытты қамтиды. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс - қоғамдағы әлеуметтік теңдік үшін болған, қазақ халқының Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы халықтың азаттық рухын жігерлендірген көтеріліс. Сондықтан да, бұл көтеріліс халқымыздың тарихында өзіндік орны бар, маңызы зор көтерілістердің бірі.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған көтерілістің орасан зор тарихи маңызы болды.

Еркіндік Тәуелсіздік-қай заманда да арманның арманы болған мәңгілік мәселе. Ал осы категорияны Ел, Ұлт тұрғысынан мәңгілік тұғырға қондыра жырлаған ақынның ақыны бар.

Еркіндік идеясын бір өлеңіне өзек еткен ақын да құрметке лайық шығар, ал осы ұғымды бүкіл ғұмырының тіні еткен ақынды Ұлт Ақыны десек те болады. Ел, Мемлекет тәуелсіз болмаса, ұлт тәуелсіз бола алмайды, ал ұлт тәуелсіз болмаса, сол ұлттың әрбір өкілі де -ерікті адам болмасы анық. Еркіндік жолындағы еңбек, күрес, іс-қимыл, арман, ой-толғау, сағыныш-мұң-бәрі де -ерлік.

Ал ерлік, азаматтық, адамгершілік-бірімен-бірі біте қайнасқан, бірінсіз бірі болмайтын, бірін-бірі құбылыстар. Бұларсыз ұлттық сана, ұлттық санасыз ұлттық мемлекет қалптаса алмайды. Арғы бергі тарихымызда халықтың өзін-өзі билеуге, жат жерліктерге қарсы қозғалыс, кктерілісі жүздеп-мыңдап саналар халық жадында да, тарих беттерінде айқынырақ қалғаны – орыс отаршылдығына қарсы күрес екені белгілі. Себебі: бұл жария түрі бар, жасырыны, жымысқысы бар күні кешегі -Қазақстан тәуелсіздігіне дейін жалғасып келген Уақыт көшіндегі империя өктемдігіне деген наразылық көрністері еді. Халық жадында мәңгі орын алған Тәуелсіздік рухы өн бойынан жалындап тұратын Тәуелсіздікті жақындатқан ұлтымыздың Еркіндікке ұмтылған ерекшелеу тарихының көркем шежіресін біз Махамбет өлеңдерінен табамыз.

Махамбеттің халық көтерілісі алдындағы, 1836-1838 жылдар, тіпті өмірінің соңғы күндеріне дейін: «Жайықтың бойы көк шалғын, Күзерміз де жайлармыз. Күлісті сынды күренді, Күдірейтіп күнде байлармыз. Құдай істі ондаса, Ісім жөнге келгенде, Әлі де болса, қойдай қылып айдармыз» -деп арманның Ақбоз атынан түспеуі ұлы ақын, күрескердің ғана емес, халқының да келешекке деген үміті мен сенімінің бір белгісіндей.

Ақын азаттық жолындағы күрестің төгілген қан мен тер арқылы өтетіндігін, сол жолдағы күрескер, ерлердің белгісі "қабырғасын қаусатып бірбіріндеп сөксе де қабағын шытпайтың" қайсарлық пен қаһармандық екенін шегелейді, нықтай жырлап осындай Ер керек деп түйеді. "Бұл заманның шағында Махамбетпен зарығып, Мұнды болған қайда бар?!" -деп жырлағандай, егер Махамбетті оған дейінгі арғыбергі замандағы Азаматтық жолында алысқандардың шыңы да, шоңы да десек, ақынның мұңынан асқан мұң да, қайғысынан қалың қасірет те жоқ.

Ақын мұны-қорасынан малын жоғалтқан көп пенденің сар уайымы емес, халық пен елдің жоғын жоқтаған абыз жанның, ойшыл, күрескер жанның жүрегінен шыққан жалынды сөз.

Халықтың арыстан ұлдары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған Ішкі Бөкей Ордасындағы ұлт-азаттық көтеріліс – осының айғағы.

Берқайыр Аманшин осындай өмірлік фактіге сүйене отырып, өз шығармасының арқауына сол дәуірден сыр шертетін архив деректерін, мерзімді баспасөз материалдарын, ел аузынан естіген естелік әңгімелерін қорыта отырып, өзінің нысанаға алған ойын әдебиетке қоса отырып, көркем туынды – романды өмірге әкелді. Романның тақырыбы "Махамбеттің тағдыры" деп аталуының өзі Махамбет тағдырының халық тағдырымен ұштасып, өзектес болуында жатыр. Махамбет өмірі, арман-тілегі, үміті, мақсаты, халықпен бірге, Махамбет жүрегі "халқым" деп соғады. Халқы Махамбетке сенеді.

Халықтың хан-сұлтандарға деген наразылығының күшейіп, тасыған тұсы - Исатай-Махамбет сынды батырларға мұңын шағып, солардың қол астына бірігуінен көрінеді. Исатай мен Махамбет халық талабын хан алдына қанша жеткізсе де, одан нәтиже шықпайтынын ұғып, ақыры үлкен тоқтамға келеді. Бұл романда Қарауылқожамен қақтығыс, кейін Қарауылқожа мен Балқы бидің ауылын шабуы, хан ордасын шаппақ болып, азаттық үшін көтеріліп, кейін алданып, жеңіліске ұшырауымен сипатталады. Көркем шығарма Исатай тобының жеңіліске ұшырауымен аяқталса да, жазушының нені айтқысы келетіні, қандай ойға жетектегені роман эпилогынан көрінеді. Романның Махамбеттің ер Исатайды жоқтап тұрып «Уай, жігіттер, мұңайма! Атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді. Тарттық Жайыққа!» деген сөздері арқылы аяқталуы жазушы ойының асыл арманға, үлкен үмітке жетектеген Махамбет сөзімен астасып келуінде жатыр.

Тегінде атақты адамдардың еңбектерінің бағаланып, халыққа танылуында бір-біріне ұқсамайтын тағдыр-талиғасы, бақыт-баяны болады. Олардың бірқатарының сөзі мен ісі бірден еліне жетеді, ал кейбіреулері зерттеушісі мен жоқтаушысын күтіп жатып қалады.

Мәселен, Махамбет өлгенде, Шоқан 9 жаста, Ыбырай 5 жаста болатын. Ал ұлы Абай бесікте жатқан бір жасар ғана сәби еді. Яғни, Махамбет жырлары ХІХ ғасырдағы біртуар қазақ ұлдарының сөздерінен көп бұрын-ақ өмірге келді. Оларды Махамбетпен салыстыруға келмейтін басқа да өлшемдер бар.

Дарын мағынасы терең, көркемдік мағынасы үздік шығармалары оқушыларды табандылыққа, жауға мейірімсіз болуға, қиыншылықты жеңуге тәрбиелейді. Махамбет өлеңінде туған ел, жер-су атауларын жырға қосып дәріптеген.

Қорытынды: Исатай-Махамбет көтерілісі өткен жерлердің атаулары қазақ ауыз әдебиетінде бір жырдан екінші жырға көшіп қайталанып қолданылғанын, ал эпос үлгілерінің Қазақстанда ежелден қалыптасып, талай өлкені шарлап, ұзақ дәуір бойы өмір сүргенін байқасақ, екіншіден, осы аталған өлкелердің бәрінде де қазақ халқының алуан текті ру-тайпалары мекен еткендігін, жалпы географиялық аймағының шеті мен шегінің ұлан-байтақ екендігін көреміз. Өзім бұрын оқыған 8 сыныптарда Қазақстан географиясын өткен кезде Исатай-Махамбет көтерілісі өткен жерлердің атауларын

Қазақстанның жер бедері тақырыбында «Манаш», «Тастөбе», «Нарын құмы» атауларына тоқталсақ, Қазақстанның жазықтары мен ойпаттары, Каспий маңы ойпаты тақырыбында «Мыңтөбе», «Шашақ қыстауы», «Кульпин, Кокорев кордандары» жер аттары туралы толық мағлұмат берілді. Қазақстан аумағының табиғат аудандарын өткенде «Жаманқала», «Сарайшық», «Жайық өзені» атауларына тоқталып кеттік.

Қазақтың ұлы ақыны, азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі, бір сөзбен айтқанда «сегіз қырлы, бір сырлы» бабамыздың өмір сүріп өткеніне 214 жыл болса да, ақынның өршілдікке, күрескерлік мінезге толы, кесек бітімді шығармалары әлі күнге дейін ізі суымай, жылдан жылға жаңарып, қасиетті әсерлерге бөлеп, халық мұрасына айналып отыр. Екеуі де халықтың бойымен табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Бұл – табиғатта қалаған уақытта табыла бермейтін асылдай аса сирек құбылысы.

Дарын мағынасы терең, көркемдік мағынасы үздік шығармалары оқушыларды табандылыққа, жауға мейірімсіз болуға, қиыншылықты жеңуге тәрбиелейді. Махамбет өлеңінде туған ел, жер-су атауларын жырға қосып дәріштеген. Туған жер құдіреті батырдың рухын келтіріп, көтерілісіне дем берген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Атырау» газеті 1997, 20 қазан, 2002, 20 маусым.
2. Атырау. Энциклопедия 2000.
3. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы. 2002.
4. Махамбет Энциклопедиясы. Алматы, 2004. 20-том.
5. Әнес Сарай «Исатай-Махамбет» тарихы. Алматы, 2003. 8-том.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Көпшілікке арналған X-томдық жинақ.
7. Ақмола. Энциклопедия. 1995 А. Атамұра
8. Ақтөбе. Энциклопедия. 2001
9. Әнес Сарай. Исатай мен Махамбет тарихы. Алматы. «Өлке» 1999
10. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында Алматы 1994
11. Бекмаханов Е. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. 1997
12. Бес ғасыр жырлайды. 2-т. Алматы 1984, 1989
13. «Білім және еңбек» 1973 №3, 8, 10
14. Атышбаев Ә. Кіші жүз шежіресі. Алматы 1996
15. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалары, 6-т «Өлке» 1997
16. Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. Алматы, 1977
17. Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы. Алматы, 1974
18. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. Дастан. Алматы, 1976

С. К. Керешов

М.Мәңкеұлы атындағы орта мектебі,

жоғары санатты тарих пәні мұғалімі

Атырау облысы, Индер ауданы, Құрылыс ауылы

ТАРИХТЫ ТАНУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ – ӨЛКЕТАНУ

Ел Президенті Назарбаевтың тапсырмасы бойынша қазіргі таңда «Халық тарих толқынында» атты арнайы тарихи зерттеулер бағдарламасы әзірленуде. Бағдарламаның басты мақсаты озық әдіснама мен әдістеме базасында Қазақстанның тарих ғылымының сапалық серпілісін тудыру, қазақтың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи көзқарасын қалыптастыру, Қазақстанның егенмендік алғандығына 28 жыл толатындығын ұғындыру.

Еліміздің тәуелсіздігін алуы, халқымыздың өзінің өткенін, тарихын, мәдениеті мен әдебиетінің бастауларын тануға бетбұрыстар жасауы, жаңа көзқарас ғылымдағы жетістіктер алдымызға жаңа міндеттер жүктеуде.[1] Яғни тарихты тануға нақты қадам бастық деп айта аламыз. Соған орай еліміздің әр өңірінде алғашқы дайындық жұмыстары басталып кетті. Сол қатарда Атырау облысы мен Индер ауданындағы тарихшы ғалымдар мен зерттеушілер халқымыздың төл тарихын зерделейтін маңызды бастамаға белсене ат салысуда. Мектеп оқушылары арнайы бағдарламалар, сабақтан тыс шаралар ұйымдастырудың керектігін алға тартты, ал бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары арнайы айдарлар ашып, өлкетануға өзіндік үлесін қосатын болды.

Өлкетану дегеніміз өзінің туған жерінің, елінің тарихын, мәдениетін салт-дәстүрін, тілі мен дінін, ділін, табиғатын тану және зерттеу, оқып үйрену дегенді білдіреді. Өлкетануды оқып-үйрену, келешек ұрпақты Отансүйгіш, ұлтжанды, елін, жерін ардақтайтын азамат ретінде тәрбиелеудің басты бағыттарының бірі болып саналады.[2-3]

Өлкетану ғылыми ізденімпаздылыққа бастайтын нақты жол. Ізденіп, оқып үйрену барысында оқушылар белсенділік танытумен бүтіндей оқу материалдарын меңгереді, білімдерін танымдық іс-әрекетте күнделікті өмірде пайдаланумен қатар болашақта қажетіне жаратады. Өз туған өлкесі туралы оқып-үйреніп, тарихи ұғымдарды қалыптастырады, өлке тарихын сабақта, әсіресе тәрбиелік шараларда пайдалану қандай ғанибет.

Өлке тарихы туралы материалды сабақта пайдаланған мұғалімнің әңгімесі білімге айтарлықтай сенімдік береді, дәлдік береді, оқушының пәнге деген қызығушылығын қалыптастырумен қатар, тарихи оқиғаларды жергілікті

факторлармен салыстыру арқылы сол тақырыпты есінде қалдырады. Өлкетану жұмыстарын жандандыру үшін мынандай жұмыстар атқарған жөн.

- 1) *Карталар сызу (пайдалы қазба, археологиялық қазба орындары мен көмбелерді анықтау)*
- 2) *Ауыл ішіндегі заттарды жинау, шежірелер мен әңгімелер, құжаттар, т.б.*
- 3) *Өлкетану үйірмелерін ұйымдастыру, секцияларға бөлу.*

Осындай жұмыстар оқушылардың ғылыми жұмысқа, ғылыми жоба жұмыстарына қатысуларына жиналған материалдар септігін тигізеді. Мектепте тарихи археологиялық өлкетану жұмыстарын жүргізу, жиналған материалдарды тарих сабақтарында пайдалану өте маңызды. Өлке тарихын зерттеу Отан тарихының мазмұнын байытады, тарихи санамызды қалыптастырады.[4]

Индер ауданының жері тұнып тұрған қазына, жер үсті баға жетпес байлық. Шөбі дәрі, суы бал, сондықтан бұл өңір Асан қайғы бабамыз айтқандай «Жерұйық» деп аталады. Біздің туып-өскен Құрылыс ауылының территориясында құпиясы мол тарихи қорғандар мен жер-су атаулары көптеп кездеседі. Соның бірі - «Тасоба» қорғаны болып саналады. 2008 жылы 15 маусымда Мұратов Нұрлан, Есқалиев Амангелді, Садиров Тоқтар, Орахов Фархат, Шотықбаев Бағдат және тарих ғылымының кандидаты, археолог-ғалым Хасенов Мараттың жетекшілігімен Құрылыс ауылынан күншығыс жақ беттегі 12 шақырым жерде «Тасоба» қорғанынан өздерінің жоспарланған далалық ғылыми-зерттеу жұмысын бастады. Біздің территориямыздағы аталған шығыс өңір бүгінгі күні аз зерттелген, тарихи құпиясы мол және қызықты өңір болып отыр. «Тасоба» қорғаны бұрынғы 6 ауыл қасынан 4000 метр қашықтықта орналасқан. Обаның орналасқан жері биіктеу, көтеріңкі. Үйіндісі тас және топырақ. Биіктігі 1,5 метр. Аумағы 14 метр. Обаға тән белгілердің барлығы бар. Барлау тобы обаны суретке түсіріп, жоспарға белгілеген. Осы «Тасоба» қорғанынан ежелгі замандағы нан пісіретін пеш, көне тиындар, қыш құмыралар табылған. Ғылыми-зерттеу тобының қысқа мерзім ішінде жүргізген жұмысының нәтижесі міне осындай болды.

Атырау облысының археолог ғалымдарының жүргізген нәтижелі жұмыстарының арқасында «Сармат ханшайымы» немесе «Қылыш» қорғандары өз құпиясын аша бастады.[14]

Облыс әкімінің қолдауымен «Қазақстан» РТРК» АҚ Атырау филиалының ұсынысын қабыл еткен «Хазардан – қазаққа дейін» атты телеэкспедиция жолға шыққан болатын. Құрамында тарихшылар мен археологтар бар топ Индер ауданына сапарында «Қылыш» жеріндегі қорғандардың бірін қазып, Сармат ханшайымының мәйітін тапты.

Жарсуат ауылынан шығысқа қарай 20-30 шақырымдай қашықтықта орналасқан бұл қорғандардың барын археологтар білгенмен анықтау мүмкін болмаған. Біздің эрамызға дейінгі V ғасырға жататын қорған ішіндегі үлкенінің

биіктігі 5 метр, диаметрі 120 метр. Негізі бұл әуел баста пирамида істеттес әлде қайда биік болуы мүмкін. Археолог Марат Хасеновтің айтуынша, мұндай қорған елімізде сирек әрі Атырау облысында ең ірі қорғандардың бірі және бұл айналасындағы кішігірім қорғандарға қарап болжам жасағанда патша қорғаны екені сөзсіз дейді. Бұдан басқа жалпы 30-40 қорған бар көрінеді. Бұл бір тұтас тайпаның қонысы, заманында құтты мекен болған деседі.

– Кейін сарматтар ыдырағанда ғұндар, оғыздар, сосын қыпшақтар басқан. Бірақ ешкім ешқайда көшіп кеткен жоқ. Бүгінгі халықтың тамыры осы. Сондықтан сарматтарды зерттеу біздің арғы тегімізді, этникалық мәдениетімізді тану деген сөз. Сол арқылы өлкеміздің жаңа тарихи беттерін ашамыз. Оларды зерттеу арқылы тұтас қазақ елінің шығу тегін айқындауға болады. Мысалы, қолданған тұрмыстық заттарында аң -құс, т.б бейнеленген,– дейді ол.[15]

Сонымен үлкен қорғанды қазу көп қаржыны қажет еткендіктен әрі әліміз жетпейтіндіктен кіші қорғанды қазу басталды Бұған «Дендер» қоғамдық жастар бірлестігі мүшелері де көмекке келді. Метрден аса қазған соң археолог қазу тәртібін қатаң сақтауды айтып, өзі өлшеп беріп, қай жерге күрек салу керектігін бағыттап жүрді. Сәлден соң жерді шұқылап үріп, «міне жатыр» деді де осы жерді жаймен қазуды тапсырды. Осылайша көзге адамның мәйіті көрініп, оның топырағы мұқият алынды. Оның жанынан екі құмырасы, айнасы және садақтың қоладан жасалған жебесі табылды. Археолог М.Хасенов: – Бұл сарматтың жауынгер әйелі – амазонка. Мына бойы 1,6-1,7 метр. Өте жақсы сақталған. Сарматтарда амазонкалар болған. Олар әскербасылық қызметтер атқарған. Бұл біздің еліміз үшін үлкен жаңалық, – дейді ол.

Жалпы сармат мәдениеті өте аз зерттелді, олар осы батыс өлкені мекендеген дейді тарихшылар.

Ендеше, бұл қазаққа дейінгі кім болғанымызды, мәдениетімізді танудағы алғашқы қадамдардың бірі болмақ. Ал сармат көсемінің қорғанын қазуға мемлекет тарапынан көмек қажет-ақ. Қасиетті Құрылыс өңірі Индер ауданының әсем бұрыштарының бірі. 2012 жылы 10-сынып оқушысы Бағытжанова Ақмөлдір «Құрылыс ауылының тарихы» атты тақырыпта «Дарын» ғылыми жоба байқауына қатысып, облыстан жүлделі ІІ орынды иеленді. Ауылымыздағы төрткүл қорған орнындағы орта ғасырлық көне қалашықтың Х-ХІ ғасырлардағы тарихи-мәдени ескерткіштің сырын ашуды, зерттеуді көпшіліктің назарын аударуды мақсат етті. Аталған жұмыс оқушының археология ғылымы туралы түсінігін байытса, екінші жағынан өлкетану бағытында Құрылыс ауылының тарихына жаңа бет ашуға, жас ұрпақтың отаншылдық сезімін дамытуға үлкен үлес қосады. 7- сыныпта орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы пәнінде «Қалалық мәдениеттің дамуы» тақырыбында өткен уақытта осы ауылымыздағы аталған қорған орнындағы қалашықтың аумағын, алып жатқан орнын, көлемі жағынан нешінші топқа жататынын айтып салыстырамын. Тақырыпты байланыстыра отырып түсіндіру

арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, тарихи біліктері мен дағдыларын жетілдіру.[11]

«Мен ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл болса, ал екіншісі – тарих, ал тарих ғылымы ғылымдардың атасы» деген қағиданы басшылыққа ала отырып шығармашылықпен жұмыс істей білетін, өтілген тақырыптан дұрыс қорытынды жасай алатын тарих деректерімен өздігімен жұмыс істеуге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуге баса ден қоямын. «Дүниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ» деген еді сөз зергері Ғабит Мүсірепов. Туған жер тарихынан аға ұрпақтың өнегелі істерінен хабардар ұрпақ патриоттық - азаматтық рухта өсіп – жетіледі.[6]

Оқушылар халқымыздың өткені мен болашағы туралы тарихты жете білмесе, қазіргі қоғамның даму заңдылықтарын толық түсіну мүмкін емес. Асылды алыстан іздеп әуре болмай, иегіміздің астындағы барымызды бағалай білсек. Сайып келгенде үлкеніміз бен кішіміз ежелгі Рим шешені, саясатшы Цицеронның: «Өзің туғанға дейінгі дүниеде не болғанын білмесең ғұмыр бойы нәресте қалпында қалдым дей бер» деген қағидалы сөзді ұмытпағанымыз жөн. [7]

«Жаңа тарих мәселелері бойынша тақырыптық зерттеулер аясын кеңейту қажет. Соның ішінде өлкетануға байланысты жұмыстарды жан-жақты зерттеу керек», - деді Марат Тәжин. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі Отан десек, мазмұны туған жер, табиғат оның байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері туған өлкедегі тамаша киелі орындарын насихаттау. Осы мақсатта оқушыларға Елбасымыздың «Мәдени мұра» бағдарламасын басшылыққа алуға болады. Жас ұрпақ – біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы өкілі ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Елжандылық рухта тәрбиелеу – жастарды ерлікке, Отан сүйгіштікке, ар намысты қорғауға, адамгершілікке баулиды. Осындай халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс-әрекетке тәрбиелейді.[8] Осындай мақсатқа туған жерінің қадір-қасиетін ұғындыру, туған жер тұлғаларына деген құрметтерін арттыру, туған ел тарихын тану мақсатында М.Мөңкеұлы атындағы орта мектепте 2006-2007 оқу жылынан бастап «Зерде» атты оқушылардың кіші ғылыми қоғамының жетекшісі ретінде «Өлкетану» үйірмесін ашып, мектептегі дарынды, қабілетті оқушылармен жүйелі жұмыс жасап келемін. Нәтижесінде туған жер тарихы жайлы біраз мағұлматтар жинақталды. Атырау облысы оның ішінде Индер ауданы небір тарихи тұлғалар мен талантты ұл – қыз өрбіткен бұл мекеннің тарихы мол. Туған жерінің тарихи тұлғаларын, тарихи мәдени ескерткіштерінің құндылығын қастерлеуге үйрету, шығармашылық-ізденімпаздыққа баулу. Ата-баба шежіресін, аймақтың ақтаңдаққа толы кешегі тарихын, өткен ақиқатын білгіміз келсе, алдымен халық санасына, ғұламалар тұжырымдамаларына, сондай-ақ сартап болып сарғайған көне шежіре бетіне үңілеміз.

Әрбір адам үшін өзінің туған жерінің тарихын танып білу – перзенттік парыз. Асқар-асқар таулары көкорай белдері болмаса да, біз үшін ми қайнатар ыстығы сағым болған туған өңірімізден артық ештеңе жоқ. Сол өңірдің талай тарихты қойнауына бүгіп жатқанын білу, зерделеудің өзі бақыт. Осы орайда Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жазғы демалыс күндері бір топ мектеп оқушылары мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Тарихымды танып білгім келеді» тақырыбында тарихи танымдық өлкетану жорығы шежірелі, бай тарихы бар, қасиетті Сарайшық жеріне бастау алды. Оқушылар экспедициясының құрамына мектебіміздің үздік, белсенді, түрлі жарыстардың жеңімпаз оқушыларынан құралған 30 оқушы қамтылды. Сонымен қатар бұл жорыққа мектеп директоры Р.Рысбаева, мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары С. Қайырлиева, жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі С.Керешов, алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Н.Қадірімбетов бастап апарды. Жорық барысында оқушылар қасиетті де қастерлі Сарайшық өлкесінің тарихымен жан-жақты танысып қайтты.

Республикамыздың мәдени мұраларын қорғау патриот ұландардың, келешек ұрпақтың айнымас міндеті. Саяхаттан түйгеніміз, бүгінгі балғын ұрпақ топырағында көмулі жатқан тарихымыздың тағылымы орасан екенін білді. Иә, бүгінгі қоғам алдында тұрған міндет, әрбір ұстаз алдында тұрған міндет. Дарын – адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Яғни дарынды бала, асқан талант иесі. Меніңше адамды танып білу – оның бойындағы ерекше қабілетті көре білу мұғалім үшін аса қажет қасиет. Ол үшін ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілетін байқауда күнделікті сабақта, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтауға болады. Соңғы уақытта білім ошақтарында ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын шәкірттерімізде ауданымыздың мәртебесін асқақтатуда. Қызығы мен қиындығы біте қайнасқан мектеп өмірінде сабағын оқи жүріп, зерттеу жұмыстарына белсене араласқан шәкірттеріміздің саны күннен – күнге көбейіп келеді. Жаңалыққа жаны құмар үйірме мүшелері, көп ізденіп ғылымға деген қызығушылықтары бейімделіп, келешекте осы саланы жетік игеріп, білікті маман атанғысы келеді. «Білімді ұрпақ ел болашағы» демекші ғылым көкжиегіндегі жасыл құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан «Өлкетану» үйірмесінің 5 оқушысы, атап айтқанда, олар: Орахова Айгерім, Орахова Ақсана, Шаукирова Гүлзира, Бағытжанова Ақмөлдір, Итенова Ақсұңқар аудандық және облыстық оқушылардың дарынды, қабілетті оқушылардың ғылыми жобалар байқауында «Ұлы Жеңіске үлес қосқандар», «Туған өлке – тұнған шежіре», «Құрылыс ауылының тарихы», «Жер – су атауларының тарихы», «Ауданым – қасиетті мекенім, мақтанышым» атты тақырыбындағы ғылыми жоба жұмыстарын сәттілікпен қорғап, қорытындысында I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталып,

мектебіміздің және ауданымыздың мәртебесін жоғары көтеріп, біздің мақтанышымызға айналды. Аталған оқушылардың жоғарыда аталған ғылыми жоба жұмыстары республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық басылым саналатын «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналында жарияланды. [10] «Өлкетану» үйірмесінің мүшелері қандай да ғылыми конференция болса, тақырыптар бойынша қызығып, оқушылардың ғылымға деген көзқарастарының өте жоғары деңгейде екені анықталады.

Елбасымыз тарихтың маңызы туралы «Өркениетті алға бастырар ғылым десек, соның бірден –бір саласы жас ұрпақты дәл тарихтай отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелей алмайды»- дейді. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу – өзінің отбасының, әулетінің, туып-өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Ел ертеңіне нық сеніммен қарайтын, жан-жақты дамыған, патриот, жүрегі елім, жерім деп соғатын, өмір сүруге құштарлығы мол тұлғаны еліміздің кетігіне кірпіш етіп қалай білсек, бұл біздің көздеген мақсатымызға жеткеніміз. Елбасымыздың «Қазақстан 2050» бағдарламасында әрбір пән мұғаліміне өлкетануда анық бағыттар берген. Келешек ұрпақтың Отанына деген сүйіспеншілігін, өзінің туған жеріне деген сезімін тәрбиелеу – әрбір мұғалімнің парызы. Ғасырлардан –ғасырларға кетер тарихты және мәдени ескерткіштерді қазіргі ұрпақ осы бастан жинап жасай бастау керек. Келер ұрпақ халқымыздың әргі-бергі тарихына, мәдени құндылықтарына мағұлмат беретін дәлелді дәйектерді өз дәрежесінде оқу үшін өлкетану жұмыстарына байланысты барлық шараларды жандандыру қажет. [12]

Қорыта айтқанда ғасырлар бойы халықтық мәдени мұраның құндылығын түсіну үшін, бабалар есімін құрметтеуден бастап жерлестеріміздің дарындылығын мақтаныш етіп туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мақсатында өлкетану жұмыстарын жыл бойы жүргізіп отырамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамалық мақаласы. Алматы 2012 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. 14.12.2012 ж, Алматы.

3. «Қазақ тарихы» ғылыми әдістемелік журнал, №6 2006 ж.
4. «Қазақ тарихы» ғылыми әдістемелік журнал, №6 2007 ж.
5. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал. «Тәрбие жұмысы» № 2 2011 ж.
6. Республикалық педагогикалық журнал. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» №8 2010 ж.
7. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №2 2010 жыл
8. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №1 2013 жыл
9. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №6 2013 жыл
10. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №7 2013 жыл
11. «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы». 7-сынып.
12. Атырау энциклопедиясы «Атамұра» баспасы. 2000ж.
13. «Дендер – бес қаруын асынып, бабалар жортып өткен жер». Алматы 1996 ж.
14. «Самал сарайы» газеті №14 2013 жыл
15. «Дендер» газеті №34 2013 жыл

Ж. Саламатов

СШ. им. М. Ауэзова, 8 русский класс

Атырауская область, Индерский район, п. Индерборский

СОЛЕНОЕ ОЗЕРО – ИНДЕР

Рекреационные ресурсы – природные культурно - исторические комплексы и их элементы, способствующие восстановлению и развитию физических и духовных сил человека, его трудоспособности и здоровья, которые при современной и перспективной структуре рекреационных потребностей и технико-экономических возможностях используются для прямого и косвенного потребления и производства курортных и туристских услуг.

Определение рекреационных ресурсов можно также дать в следующих контекстах:

- рекреационные ресурсы как результат антропогенной деятельности (воздействия человека и его деятельности на природу), которые благодаря таким свойствам, как уникальные исторические и художественные ценности, оригинальность, эстетическая привлекательность и целебно-оздоровительная значимость могут быть использованы для организованных занятий;

- рекреационные ресурсы как сочетание различных компонентов, факторов природного и антропогенных ландшафтов, создающих благоприятные условия для разнообразных видов и форм деятельности человека;
- рекреационные ресурсы как в определенной степени, трансформированные природные условия и культурно-исторические объекты, доведенные до степени технологичности под влиянием общественных потребностей и возможности прямого использования в рекреационном обслуживании.

Следовательно, к рекреационным ресурсам относятся два типа ресурсов: природные и антропогенные. Природные рекреационные ресурсы - это территориальное сочетание природных компонентов с функциональной, временной и территориальной комфортностью рекреационной деятельности.

Комплексный характер рекреационной деятельности и многообразие ее связей с природными условиями обуславливает целесообразность рассмотрения в качестве природного рекреационного ресурса не только территориальное сочетание природных компонентов, но и результаты антропогенной деятельности человека (так называемый антропогенный фактор в экологии). Рекреационные ресурсы в рекреационном хозяйстве выступают как условия рекреационной деятельности. Для того чтобы природные условия стали природными ресурсами, необходимы затраты общественного труда на их изучение, оценку и подготовку и доведение их до степени технологичности, необходимой для прямого использования в рекреационном хозяйстве. Ресурсную базу туризма составляют туристско-рекреационные ресурсы, которые тесно связаны между собой. Под туристскими ресурсами понимают совокупность природных и искусственно созданных человеком объектов, пригодных для создания туристского продукта. Как правило, эти ресурсы определяют формирование туристского бизнеса в том или ином регионе. [1] Один из рекреационных ресурсов нашей местности непосредственно -Индерское соленое озеро.

Крупное солевое озеро в Атырауской области Казахстана. Располагается в северной части Прикаспийской низменности, в 10 км к востоку от реки Урал, в 5 км. от южной границы Западно-Казахстанской области, в 150 км к северу от береговой линии Каспийского моря. Северные и северо-восточного берега озера живописно окаймляют Индерские горы. Площадь зеркала около 110 км². Форма округлая, слегка вытянутая с северо-запада на юго-восток. Диаметр озера от 10 до 13,5 км. Реки в озеро не впадают, питание в основном подземное: соляные ключи, которых много у берегов; также талые и дождевые воды весной. Воды озера содержат соли высокого качества, такие как калий, бром и бор. Ведётся добыча соли. Толщина соляного пласта в отдельных местах достигает 10-15 м. Озеро Индер – одно из крупнейших озер Казахстана, уникальное творение природы, и как не странно, человека. Человек на протяжении многих лет добывавший тут сперва соль а потом и различные минералы (индерборит,

инионит, колеманит, улуксит, сайбелиит) внес весьма значительный вклад в формирование сложившегося на данный момент пейзажа. Ещё в XIX веке российские геологи проявляли к изучению озера и его окрестностей повышенный интерес. Ближайший к озеру населённый пункт - Индерборский, посёлок городского типа, центр Индерского района Атырауской области, расположен в 10 км к северо-западу.[1] Индер – это динамично развивающийся район с огромным промышленным потенциалом и богатыми природными ресурсами. Он был образован в 1935 году в связи с добычей солей на озере Индер. Сегодня район объединяет шесть сельских округов, здесь проживает более 30 тысяч человек. В Индерском соляном куполе выявлено наличие разнообразного минерального сырья – галита, калийных солей, гипса, ангидрита, известняков, мела, цементного сырья, самосадочной соли, каменно-строительных материалов, песков, глин и др. В межкристальной рапе озера Индер и в подземных рассолах содержатся промышленные концентрации брома, бора, магния, калия, цезия. По химическому составу индерская соль – лучшая в СНГ. Согласно ориентировочным подсчетам, запасы хлористого калия в межкристальных рассолах составляют 19 млн. т, брома 350 тыс. т. Обнаружены хлористый магний, рубидий и цезий. Рассолы озера Индер принадлежат к рассолам морского происхождения, минерализованы за счет размывания соляного купола, подстилающего озеро, и имеют повышенное содержание калия. Таким образом, выгодные географо-экономические условия размещения и благоприятные горнотехнические условия (выход соли на поверхность и открытая добыча) позволяют считать эксплуатацию индерских озерных солей целесообразной и рентабельной. [3]

Целебные свойства воды и грязи Туздыколя известны с давних времён. Впервые о нем упоминается в российском картографическом труде XVI-XVII веков «Большой чертеж»: «А против Ойла реки. 30 верст от Яика, гора Индер. Под той горою озеро Индер, а в нем соль, как лед...». Чем же оно столь знаменито? Солевой регион между реками Урал и Жем считается одним из самых больших резервов соли в мире, в том числе и индерский солевой купол, который занимает 250000 кв. км. А индерское непроточное озеро – одно из чудес местной природы. Весной оно наполняется водой, в основном за счет родников, которые вытекают из глинистых пластов горы, а летом мелеет. В воде озера содержатся бром, калий, магний, а грязь водоема полезна при лечении многих недугов. По рассказам стариков, в поисках исцеления люди приезжали сюда издалека. Не иссяк людской поток и в наши дни, но обладающий уникальными целебными свойствами природный водоём всё ещё не освоен полностью. В целях изучения лечебных свойств грязи Туздыколя в 1979 году в институте курортологии были исследованы минеральные воды были отправлены её пробы, и в 1980 году оттуда пришёл официальный ответ, что «грязь богата ферментами и витаминами». Впоследствии эти документы были утеряны при неизвестных обстоятельствах.

Из-за отсутствия научных данных трудно говорить что-то определённое о свойствах озера и грязи. Кроме того солёная вода может помочь больным, страдающим экземой и гинекологическими заболеваниями. Присутствующий в составе воды сероводород успокаивает нервы. Странно, но почему-то до сих пор нет ни одного научного исследования целебных качеств озера Туздыколь, и официальной медицине они известны лишь понаслышке. Тем не менее, в определённое время года к водам целебного озера устремляются десятки страждущих и просто любопытствующих. По словам геологов, купаться в солёной воде нужно не более одного раза в день с первых чисел июля до 15 августа. В грязи не рекомендуется лежать более 10-15 минут, грязелечение необходимо принимать с 10 до 12 и с 17 до 19 часов. Потому что в сильную жару поверхность озера насыщается парами, повышается уровень радиации. Кроме того, геологи советуют, приезжающим захватить с собой тёплую одежду, поскольку здесь постоянно дует бриз. [1]

По словам местных жителей, грязь хорошо помогает при болезнях суставов, лечит астму, бронхит и даже гинекологические заболевания. На Туздыколь в поисках исцеления люди приезжают не только из Казахстана, но и из России. Приезжали также гости и из старого света – французы, чехи, поляки. Но из-за отсутствия элементарных условий люди не могут оставаться здесь более одного дня. Увы, для желающих исцелиться в Туздыколе нет никаких условий. Открытая степь, несусветная жара, да и добраться туда можно только на специальном транспорте. Нет воды, чтобы умыться после грязевых процедур, нет ни деревца, под которым можно было бы укрыться от палящих лучей солнца. Чтобы лучше ознакомиться со своеобразным чудом нашего района, я решил лично посетить солёное озеро. [7]

Цель моей экспедиции – познакомиться с природными особенностями окрестностей озера Индер. Самым интересным оказался участок на северном берегу озера Индер. На этой территории широко развиты карстовые процессы, встречаются разнообразные формы карстового рельефа. Начнусь того что добраться туда можно только на хорошем внедорожнике, прихватив с собой целый туристический арсенал. Ведь озеро расположено в степи, где нет никакой инфраструктуры. По дороге к озеру Индер много карстовых пещер и впадин, при наличии времени рекомендую посетить и их. Само озеро Индер питают 10-солёных источников, из них Аще-Булак— на северо-восточном берегу озера— целебный. Практически на всем периметре озера можно увидеть "ванночки", где люди принимают водные и грязевые процедуры. Одним из красивых видов на озеро и Индерские горы.

Рекомендую сделать тут остановку и совершить прогулку вокруг озера (окружность Индера около 70 км) и горам. Горы, сложенные гипсами, мергелями, известняками, имеют протяженность около 40 км, ширину не более 10 км, высоту 52 м. Побывав в Индерских горах, вы сможете увезти на память не только

образцы минералов, но и образцы окаменелостей — морских ежей, раковины, кораллы. Можно Индеборский рудник и шахты, если повезет, то можно полюбоваться кристаллами каменной соли, и увидеть, как сквозь толщу пород выходит нефть. Стоит обратить внимание и на образцы растительности, например на эремурус, индерский, эндемик этой местности. Это растение обнаружили здесь еще в 18 веке, но до сих пор оно остается одним из наименее изученным и до сих пор не известны случаи, чтобы оно прижилось где-то еще. Близ озера открывается красивейший пейзаж, но нет никаких условий, чтобы этот самый пейзаж задействовать в качестве туристического центра, со своим сервисом.

Соль конечно нужна. Но хорошо бы организовать на озере Туздыколь лечебницу с привлечением инвестиций. И людям благо, и бизнесу поддержка. [8], [7]

Конечно, для того, чтобы достигнуть уровня развитых стран, нужно сделать очень многое. Нашим соленым озером интересуются не только в области, но и за границей. Однако пока мы не можем воспользоваться бесценными благами природы. И вопрос об открытии здесь санатория, лечебного комплекса или другого соответствующего учреждения пока остается открытым.

Әрине, тұз қажет, Тұздықөл көлінде инвестиция тартумен емдеу орындарын ұйымдастыру, адамдарға да, бизнеске де қолдау көрсету жақсы болар еді. [8], [7]]. Әрине, дамыған елдердің деңгейіне жету үшін көп нәрсе жасау керек. Біздің тұзды көлге тек облыста ғана емес, шет елдерде де қызығушылық танытады. Алайда, әзірге біз табиғаттың баға жетпес игіліктерін пайдалана алмай отырмыз. Мұнда шипажай, емдеу кешенін немесе басқа да тиісті мекемені ашу мәселесі әзірге ашық күйінде қалып отыр.

Использованная литература:

1. Диаров М.Д., Калачева В.Г., Мещеряков С.В. «Природные богатства Индера и их использование» - Алма - ата, 1981 г
2. Дияров М., Сериков Т. «Закономерности формирования месторождений боросолевых руд».
3. Горно – химическое сырье месторождения Сатимола, бораты калийные соли.
4. Экология и нефтегазоносный комплекс.
5. Энциклопедия Атырау.
6. Интернет сайты.
7. Газета Акжайык. 2012 г № 6
8. Газета Прикаспийская коммуна 2011 г № 23
9. «Индер ауданының шежіресі» - 2006 г. Алматы
10. «Кенді елім менің - Дендерім». Атырау 2010 год

Н. Б. Орынбаева
*М. Әуезов атындағы орта мектебі,
география пәні мұғалімі
Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті*

ИНДЕР АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

«Бүгінгі күнді түсініп – түйсіну үшін де,
болашақтың дидарын көзге елестету
үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек»

Н.Ә. Назарбаев

Қазақ жері өзінің бай тарихымен ерекшеленеді. Оның ұлттық тарихы өте ерте заманнан бастау алады. Ел мен жерді қорғау ең алдымен сол ел мен жердің тарихын білуден басталады. Ұлт тарихынан білімді болудың басты мақсаты – өткеннен тағылым алу. Осыған орай Еліміздегі тарихи – мәдени ескерткіштерді білу – біздің тарих алдындағы міндетіміз. Ғасырдан – ғасырға жалғасқан, атадан балаға мирас болып келе жатқан тарихи ескерткіш мұралардың ұлттық мәдениетімізден алар орны жоғары. Еліміздегі тарихи ескерткіштерді жүйелей келе, олардың тәлімдік мүмкіндіктеріне ғылыми талдау жасай отырып, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу мүмкіндіктері қарастырылды.

Ескерткіш – елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарихи және мәдени ескерткіштердің жиынтығы мұражайлы, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді қамтиды.

Бүгінде Атырау облысында 609 тарихи – мәдени ескерткіштер бар, олардың 313 ескерткіш мемлекеттің қорғауында, төртеуі республикалық маңыздағы ескерткіштер: Жылой ауданындағы Жұбан мазары, Индер ауданындағы Махамбет мазары, Махамбет ауданындағы Сарайшық және Жилгородоктағы сәулет ансамблі.

Жайық бойын жайлап, түп тамыры тереңге бойлаған өлкеміз тарихи ескерткіштерден кенде емес. Индер ауданында бүгінге дейін жеткен жалпы саны 49 ескерткіш бар. Оның ішінде 35 ескерткіш мемлекеттік тізімде бекітілген. Алдын – ала есепке алу тізімінде тұрғандар – 13. Енді бірі Республикалық дәрежеде қорғалатын облыс бойынша мақтаныш болып отырған 4 ірі ескерткіштің қатарынан орын тепкен Махамбет Өтемісұлының жерленген жері.

Индер ауданының ескерткіштерінің ерекшелігі ертедегі мазарлар, қорымдар кешендер мен дискілі құлыптастар. Мұндай құлыптастар Атырау облысы бойынша қорымдарда аз кездеседі. Индер ауданының аумағындағы ескерткіштерді негізінен шикі кірпіштен «саман тас» тұрғызған.

Қазіргі кезде Индер ауданындағы тарихи ескерткіштердің қатарында – көне мазарлар мен құлыптастардан құралған қорымдар, тарихи тұлғалардың жерленген жері, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштер, тарихи тұлғалардың мүсіндері, ерте темір дәуіріндегі қорғандар мен бір құм төбелі қабір бар.

Асқан шеберлікпен жасалынғаны, ашық аспан астында, қазақтың қыр даласында теңдесі жоқ сәулет өнерінің дамытылғанының бір айғағы – құлыптастар. Құлпытас – негізінен Батыс Қазақстанда аса кең тараған ескерткіштердің бір түрі. Бұл қабірдің бас жағынан тігінен тұрғызылатын тас бағандар. Құлпытастар – пішіні жағынан сан түрлі, сәндік – композициялық жағынан да бай әр алуан шағын пішін қабір үсті ескерткіштерінің бірі.

Құлпытастардың қас бетіне қайтыс болған адамның руының таңбасы қашалған.

Ақшадыра қорымы.

Жарсуат ауылынан солтүстікке қарай – 39 км. Қорым құрамына мавзолей, құлыптастар, қоршаулар кіреді. Ескерткіштер тас қашау өнерінің озық үлгілеріне жатады.

Атан қорымы.

Құрылыс ауылынан солтүстік – шығысқа қарай 3 км. Құлпытастар құмды – әктас қашалып жасалған. Қорымда барлығы 10 объекті бар. Олардың биіктігі 1 метрден 2 метрге дейін. Қорымда төртбұрышты құлыптастар мен бірге дискілі құлыптастарда бар.

Дәрі қорымы.

Жарсуат ауылынан солтүстік – шығысқа қарай 44 км. Қорымда 100 шақты дәстүрлі ескерткіштер бар. Құлпытастардың көпшілігінің жоғарғы жағы дөңгеленген. Қорымдағы құлыптастардың бастыс, оңтүстік, шығыс бөлігінде араб жазулар жазылған. Араб жазуларының астында Беріш руының таңбасы салынған.

Дүр қорымы.

Индер кентінен оңтүстік – шығысқа қарай 49,9 км. Ескерткіштер батыс Қазақстандағы тас қашау өнерінің озық үлгісі болып саналады. Құлпытастар құмды әктастан жасалған. Сырты лакталған тәрізді. Көпшілігінде «қошқар мүйіз» оюы, «түйе табан» өрнектері, «жапырақ» тәрізді белгісі бар және араб жазулары жазылған.

Қосай қорымы.

Құрылыс ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай 3 км. Бұл қорымның бес құлыптас арнайы паспортталуға ұсынылған. Құлпытастар тегіс және қырлы

пішінде, әсем өрнектермен безендірілген. Барлық құлпытастарда араб жазулары бар. Құлпытастың біреуі дөңгелек пішінде. Құлпытас латын әріптермен жазылған. Астыңғы жағында кіші жүздің белгісі салынған.

Ханша қорымы.

Жарсуат ауылынан солтүстік – шығысқа қарай 45 км. Қорым құрамына мазар, құлпытастар және қоршаулар енеді. Құлпытастар құмды – әктастан жасалған, тегіс және қырлы. Араб әріптерімен жазылған. Әсем өрнектермен, әртүрлі пішіндермен өрнектелген. № 1 құлпытаста шәйнекпен самаурын бейнесі бар. Астында екі кесе мен поднос бейнеленген.

Индер ауданы бойынша 8 археология ескерткіші анықталған. Олардың ішінде ерте темір дәуірінің адамдары жерленген қорғандардың саны – 6. Олар Өрлік селосының маңында кездеседі. Жарсуат ауылының оңтүстік шығысына қарай 19 шақырымында Қылыш қорғаны да бар. Индер поселкесінен оңтүстік шығысқа қарай 16 шақырым жерде орналасқан ерте темір дәуіріне жататын патшалық Қызыл қабақ қорғаны анықталды. Құрылыс селосының солтүстік бағыттағы 10 шақырым жерден орта ғасырлық елді мекеннің орны табылған. Бұл Алтын Орда мекені.

Атар қорғандары.

Ерте темір дәуірі. Жарсуат ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай 30 км. Қорғанның диаметрі – 60 м, биіктігі – 2 м. Солтүстік – шығыс бетінде тереңдігі – 0,50 м болатын үш ор орналасқан.

Кулагино қорғандар тобы.

Есбол селосынан батысқа қарай 500 м. Ескерткіштер жазықтықта орналасқан. Қорғандарды диаметрі 8-9 м. Арақашықтығы – 16 м.

Жаңадан табылған қорған орындары.

Қылыш қорғаны.

Ерте темір дәуірі. Жарсуат ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай 19 км. Қорғанның диаметрі – 120 м, биіктігі - 4 м. Қорғанның сыртын айнала ені сегіз метр болатын ор қоршап жатыр.

Осы қорғаннан биіктігі 4 метр, диаметрі 100 метрден асатын қорғанның қасындағы аласа қорғанға қазба жұмыстарын жүргізген облыстық музей Сармат ханшайымының мәйітін тапты.

Төленшағыл обасы.

Қола дәуіріне тиесілі құмтөбелі қабірге 2006 жылы қазба жұмыстары жүргізіліп, онда 15 жасар баланың жерленгені анықталды. Бала екі қолы мен аяғы кеудесіне жинақтала жерленген екен. Ол кезде бала құрсақта қалай жатса өлгенде де солай жатуы керек дегентүсінік болғанға ұқсайды. Қасындағы қорымдардағы сүйектер үгітілген, тек осы баланың сүйегі сақталған.

Қызыл қабақ қорғаны.

Ерте темір дәуіріне жататын патшалық Қызылбалық қорғаны 2011 жылы Атырау облысы тарихи мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану

жөніндегі мемлекеттік инспекция мен Атырау облыстық тарихи – өлкетану мұражайының зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылған. Ол Жарсуат ауылынан солтүстік – шығысқа қарай 24 км, Индер поселкесінен оңтүстік – оңтүстік – шығысқа қарай 16 шақырым жерде орналасқан. Қорғанның биіктігі 5 м, диаметрі 120 м. Үстінде триангуляциялық белгісі бар және ор бар. Ордың диаметрі 5 м, тереңдігі 0,5 м, сыртын қоршап жатқан ордың ені 5 м, тереңдігі - 1 метр екен.

Елтай округіндегі халық «Самовар» атап кеткен (шайхана) тұста биіктігі 1 метр, диаметрі 40-50 метр болатын қорған табылып, ол да жаңадан есепке алынған. Ол қорғанның басына Беріштің Себек тармағынан тарайтын 35 жастағы Жайсаңұлы Мұхамедтің құлпытасы қойылғаны белгісі болды.

Махамбет Өтемісұлының жерленген жері

XIX ғасырдағы қазақтың ұлы ақыны, еркін ойы мен көтеріліс рухтандырушысы Махамбет Өтемісұлының жерленген жері Атырау облысының Индер ауданы, Индербор ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. Ақынның қабірі мәдениет ескерткіші болып табылады және 1846 жылымен жазылады, ең басында бұл жерде қабір үстіндегі шомбал құлпытасымен жабылып тұрған сегіз қырлы тас табыты болды, 1995 жылы бұл жерді толығымен қайта салып, ақынның қабірі үстінде ақ тастан салынған әдемі мазар тұрғызылған. Осы кезден бастап ақын қабірі тек киелі жер ғана болмай, сонымен қатар сәулет ескерткіші болып табылады. Ал батырға арналған аллея Индер ауданына көрік беріп тұр.

Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906) жерленген жері

Мұрат Мөңкеұлы жас күнінен шешендігімен, ақылдылығымен ерекшеленген. Айтыстарға қатысып бірнеше рет атақты айтыскерлерді жеңген. Халықтың сүйіктісі болған.

Жарсуат ауылынан солтүстік-батысқа қарай 3 км. М. Мөңкеұлы өз дәуірінің талантты ақыны. Мазар 1993 жылы Маңғыстаудың ақтасынан тұрғызылған. Ескерткіш темір шарбақпен қоршалған. Ұзындығы – 9 м, ені - 7 м, биіктігі - 1 м.

Малайсары Би Тілеукеұлының (1720-1805) жерленген жері.

Тағы бір тарихи тұлға тана руынан шыққан Малайсары би. Ол батыр Сырым Датұлының кеңесшісі болған. Оның да емшілік қасиеттері болған. Осы күнге дейін бала көтермеген жас әйелдер сол мазардың басына қонуға барады. Мазардың басында тас бесік бар. Мазар мемлекет қорғауында, ол Индерден 40 шақырым жерде орналасқан. Биіктігі 9 метр, көлемі 25 шаршы метр. Индер кентінен шығысқа қарай 40 км. Кесененің жалпы көлемі – 25 шаршы метр, биіктігі – 9 м. 2001 жылы салынды.

Күйші Бала Байсан Дауылұлының (1855-1905) жерленген жері

Елтай селосынан солтүстік бастысқа қарай 70 км. Индер ауданындағы дарын иелерінің бірі. Беріш руының Жайық бөлімінен шыққан. Өзі аттас күйі бар.

Жиембет жыраудың «Жотасы биік Дендерім» деп жырға қосқан мекені Атырау облысының Батыс Қазақстан облысымен шектесер тұсында орналасқан. Ресейдің Орал тауының сілемі осы Дендер өңірінде аяқталады. Жергілікті халық бұл тауды Дендертау деп атайды. Дендер деген атау қалмақтың төбе, биіктік деген сөзінен шыққан. Тау – тасы мен жотасы жан түсінбес жұмбақ сыр бүккен бұл мекенге қатысты аңыз көп. Соның бірі – Дендертас жөніндегі эпсана.

Тұздықөлден солтүстікке қарай Қыз әулиенің мәйіті бар. Аңыз бойынша, ол көріпкел, аты Қаламқас болған, беріш руынан. Ол ауылдарды аралап, халыққа шипасын тигізген. Тұздықөлге ем алуға келген адамдар Қыз әулиенің басына қонған.

Қыз әулиенің көз жасынан жаралған Индер көлі айнадай болып ағып жатыр. Қазақстанда теңдесі жоқ Мұзқұдық та осы маңда. Қысы – жазы ерімейтін Мұзқұдық жайлы да ел аузында аңыз көп, соның бірінде ол Жауһардың Мәтенді енді таба алмайтынына көзі жетіп, көңілі суынғанда пайда болған делінеді.

Көненің көзі тарихтан сыр шертеді.

Қазақ даласында көне дәуірлердің көзіндей, кешегі өткен бабаларымыздың қолтаңбасы қалған жәдігерлерді бүгінгі ұрпақ назарына ұсыну бағытында бірқатар шаралар қолға алынып жатқаны белгілі. Индер аудандық тарихи – өлкетану мұражайы өлкеміздің тарихын ұрпаққа мұра қылып жеткізер тағылымды мәдени орталық ретінде халыққа қызмет көрсетуде. «Баяғының құрметтісін құрметтей білмеген елде болашақ жоқ» – деп Ғ. Мүсірепов ғұлама айтқандай, мұражай ісінде адамзат қоғамы жинаған тәжірибелері мен сарғайған бетшелері, өнер туындылары келушілерді бөлек бір әсерге бөлейді, жұмбақ әлемге жетелейді.

Қандайда болмасын, мұражайдың негізгі құндылығы қор байлығымен анықталады. Әрине, айдын көлдің де кішкентай тамшыдан құралатыны секілді бұрын ешбір тарихы сақталмаған өлкенің өткені мен кеткенін бірден тайға таңба басқандай мөлдірету оңайға соққан жоқ. Соғыс және еңбегі сіңген секілді мәдениет қызметкері Ұ. Аманғалиева қалап кеткен, кейінгі мұражай қызметкерлеріне көп еңбектенуге, ізденуге тура келді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қазіргі таңда мұражай қорында 5112-ге жуық жәдігер бар.

Қорытынды

«Тамыры жоқ ағаш, тарихы жоқ халық болмайды» демекші, қай халықтың да тарихы мен өткенінен сыр шертетін мәдени құндылықтары болады. Ол – тарихи және мәдени ескерткіштер.

Егемен еліміздің ертеңі жолында жоғымызды түгендеп, ата – бабамыздың ізі қалған даламыздың сырын құлпытастардағы жазу арқылы тағы бір тірілтіп, дәлелдеп жүрген ағаларымыздың жолын жалғау біздің міндетіміз. Осылайша тарихымыздың ішіне бүккен сырларын ашып, болашақта маңыздыларын ел қажеттілігіне жарату үшін әрі қарай іздестіруді жалғастыруды қажет деп ойлаймын.

Ал біздің өңірде де әлі зерттелмей, сырын ішіне бүгіп тұрған тарихи зираттар қанша ма!?

«Мәдениет – ұлттың бет–бейнесі, ақыл – ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді – кішілі үлесімен мақтанады». Сондықтан тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға таныту үшін еліміздің мәдени мұрасын, тарихи–мәдени ескерткіштерді насихаттау қажет. Мәдени құндылықтарымызды тиімді пайдалану және сақтау біздің міндетіміз

Еліміздегі тарихи ескерткіштерді жүйелеу келе, олардың тәлімдік мүмкіндіктеріне ғылыми талдау жасай отырып, өскелең ұрпақты отаншылдыққа, рухани адамгершілікке тәрбиелейміз.

Иә, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков: «Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштері мен тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім», – жазғанындай, рухани байлығымызды бағалап, өткенді қастерлеу арқылы болашағымызды баянды етеміз.

"Нет дерева без корней, нет народа без истории ". Да, история народа запечатлена в памятниках, в свидетелях истории и культуры. В целях реализации государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан "Саламатты Қазақстан" на 2011 – 2015 годы, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2010 года № 1113, в целях реализации Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана "Нұрлы жол-путь в будущее" от 11 ноября 2014 года, а также в целях реализации государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан "Саламатты Қазақстан" на 2011-2015 годы, я думаю, что необходимо продолжить поиск в будущее, чтобы раскрыть всю историю и сделать все необходимое для дальнейшего развития страны. А сколько исторических кладбищ, которые еще не изучены в нашем регионе!? "Культура–образ нации, ум, интеллект. Цивилизованная нация похвастается, прежде всего, историей, культурой, великими личностями, возвеличавшими народ, большой и маленький вклад в золотой фонд мировой культуры». Поэтому необходимо пропагандировать культурное наследие страны, историко–культурные памятники, чтобы только через свою национальную самобытную культуру.

Қолданылатын әдебиеттер

1. Халықаралық ғылыми – танымдық тарихи журнал, №12
2. Мәдени мұра сайты. <http://www.madenimura.kz/>
3. Дендер газеті: 7 қараша 2014ж, 18 шілде 2014 ж.
4. Жандарбекқызы Г. «Мәдени мұра рухани қазына» мақала//Ақ жайық газеті. 25 сәуір 2013 жыл.

5. Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы. Қызылқоға, Индер аудандары. 2012 ж, «Тарихи–мәдени мұра» ғылыми өндірістік орталығы.
6. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Сайты: <http://adilet.zan.kz/>

А.С. Султанғалиева

Жамбыл атындағы орта мектебі,

тарих пәні мұғалімі

Индер ауданы Есбол селосы

ХАН ОРДАЛЫ - САРАЙШЫҚ

«Сарайшық топырағы қасиетті, өйткені исі түркі әлеміне ортақ Алтын Орда хандары Тоқта, Жәнібек, Бердібек, ноғайлының билеушісі Оқас, одан бергі Қасым хан сияқты атақты хандарымыз бен батырларымыздың жаны мәңгілік жсай тапқан жер, оны еліміздің алғашқы Пантеоны десек те болады»

(Н.Ә.Назарбаев)

Еділ – Жайық өңірінің тарихы - Қазақ мемлекетінің бастау бұлағында тұрған шежірелі өлке, ұлт тарихының арналы саласы. Қазіргі таңда қос өзен бойындағы тарихымызды түгендей алмай жатқанымыз ащы шындық. Шын мәнінде, Сарайшықтың қазақ халқының тарихында алатын орны ерекше.

Алтын Орда дәуірінде тарихшы В.Л.Егоровтың айтуы бойынша 110 қала мен елді мекендердің болғандығы белгілі. Ол Бату салдырған (1254-1255 жж) Сарай қаласы замандастарын айран-асыр, таң-тамаша етті деп жазады. Оған XVI ғасырдың бірінші жартысында араб саяхатшысы Ибн Батутта келіп, Алтын Орда аумағы енді жаппай көшпенділер мекенжайы ұшы қиырсыз кең дала ғана емес, қала салу мәдениеті бар отырысты мемлекет болғандығына куә болады.

Қазіргі қазақ жерінде монғол хандары салған қалалардың ішіндегі кезінде ішкі және халықаралық сауданың ірі орталығы болған Сарайшық қаласын атауға болады. Бір айта кететін жағдай ол Жайық бойындағы жалғыз қала емес.

Мәселен, итальян саудагерлері ағайынды Пицеганиздер шамамен 1367 жылы, осы өңірге келіп, Еділден шығысқа қарай Каспий теңізінің жағасында, Хорезм аумағынан едәуір қашықтықта, сегіз қаланың бар екендігін жазып қалдырады.

Көреген бабаларымыз Жайық өзенінің сұғымын табиғи бекініс ретінде пайдаланып, сұғымға кірер ауызды қалаға кірер қақпа ретінде пайдаланғаны тарихи шаһардың қалпына келтірілген макетінен анық көрініп тұр. Сарайшық бір

кездері Еуразия даласының ең маңызды қалаларының бірі болған.

Сарайшық жайында алғашқы нақтылы деректі атақты араб саяхатшысы Ибн Батутта береді. Ол 1332 жылы Алтын Ордаға келіп Бестау маңындағы Өзбек ханның Ордасында болып, одан соң Қажы Тарханға (Астрахан), одан Сарайға, әріқарай Бұлғарға барып, Сарайға қайтып оралғанын жазады. Кейін оның жолы Хорезмге түсіп, «Сарайдан шығып он күн жүргеннен кейін Саражук («жук» - кішкентай деген ұғымды береді) қаласына келдік» - жазады, (ойтш. ол Сарайшық қаласын Кіші Сара деп атайды. Оның сипаттауынша, «бұл қала арнасынан асып жатқан өзеннің жағасында екен. Оны Ұлысу атайды, өзеннің үстінен Бағдаттағы сияқты қайықтарды қаз-қатар тізігш көпір жасаған. Бұл қалада Зәбия (дәруіштердің тұрағы, әсіресе тәуіш етіп келген жолаушы тегін азықтандыратын орын) бар, оның иелері түркі шалдар. Оларды «ата» дейді екен. Ол бізді сыйлап батасын берді. Сондай-ақ бізді қаланың қадия қабылдады» - деп жазады. [1, Т 10].

XIX ғасырдың 20 жылдарында «қазақ тарихының болашақ Геродоты» А.Левшин қала тарихы туралы былайша мәлімет береді: «Қазақтар мен татарлар Сарайшықтың жұртын қатты қастерлейді. Боз-бір обаны Мұхаммед уағызшысының қабірі деп тәуіп етеді. Және әдейі арнап тәуіп етуге келіп, құрмалдық береді». Бұл жерде Сарайшық қаласының кезінде Алтын Орда ханы Өзбектің ресми мемлекеттік дін ретінде енгізген ислам дінінің ірі орталығы болғандығын, ал адамдар тәуіп ететін орын Сейіт ата қабірі екендігі сөзсіз.

Сарайшық XVI ғасырдың 40 жылдарында Ноғай Ордасының астанасына айналған қала. Ол төрт құбыласы тең, бай ірі қала болды. Мәрмәрдің сынықтары., өрнекті кірпіштер, әшекей бұйымдар мен теңгелер, шыны және күйдірген балшық ыдыстардың қалдықтарының табылуының өзі осының дәлелі. Тіпті, бір балшық ыдыстың сыртында Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» еңбегінен келтірілген өлең жолдары да кездеседі. Сарайшықтың астана ретінде қызмет атқаруына оның орналасқан геосаяси жағдайы, яғни Хорезм, Иран, Монголия, Қытай және Үндістанмен арадағы сауда жолының түйіскен торабында жатқаны да себеп болды. Сарайшық Алтын Орда, қазақ хандары, басқа да ірі саяси тұлғалары жерленген қасиетті орын. Мұнда қазақ ханы- Қасым хан, Алтын Орда хандары Жәнібек ханның, Тоқты ханның, Сейіт- бабаның т.б. жерленгендігі туралы тарихи деректер жеткілікті. [2, 65-75 б]

Жалпы Алтын Орда, оның ішінде Ноғай Ордасы тарихын мұқият зерттеу арқылы қазақ тарихын дұрысырақ түсінуге мүмкіндіктің мол екендігіне, ал ежелгі астана – Сарайшықтың тарихына терең үңілу арқылы оның аймағындағы халықтың тұтастығы идеясының туғандығына, қоғамдық- саяси және философияның ой- пікірлердің қалыптасуына негіз қаланғандығына көз жеткізу онша қиындық туғызбайды. Шындығында, қазақтың батырлық дастандары – Ер Көкше, Ер Сайын, Ер Тарғын, Шора, Қамбар батырлары мен Мамай, Тоқтамыс, Едіге жайындағы жырлары осы кезеңнен бастау алады. Оларды жырлау арқылы

бір рудың ер азаматы ғана емес, елін біріктіруге күш салған, Отанын қорғаш қылған батырлар ретінде мадақтауы басшылыққа алынған. [3, 62 б, 4,33 б]

Сол сияқты осы кезеңде, осы өңірден қазақтың тұңғыш ойшылы, философ, әрі ақыны Асан қайғының, ақын -жыраулар Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіздің (XV-XVI ғғ) шығуы да заңдылық. Олардың бәріде Еділ мен Жайықтың бойында, қазіргі Батыс Қазақстан жерінде дүниеге келегн тарихи тұлғалар.

Сарайшық қаласының, қай жылы, кім салдырғанын анық айту әлі мүмкін болмай отыр. Бұл тұрғыда әр жақты пікірлер де кездеседі. Дегенмен де, оның XVI ғ. 40 жылдарында Ноғай Ордасы мемлекетінің ресми түрде астанасы болғандығы тарихы шындық. Әрине, күні бүгін Сарайшық қаласы тоналған, қираған, бүлінген қалалардың қатарында. Дегенмен де ел жадында сақталған «Сарайшықтың аққу көлі», «Жәнібек ханның алтын қайығы», «Хан қызының алтын табыты», «Хұмдан», сонымен қатар Сарайшықтың атауына байланысты аңыз- әңгімелер жеткілікті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сдыков М.Н. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. – Орал: БҚО Тарих және археология орталығы, 2009. – Жәнібек ауданы. – Т.10. –Алтын Орда. – 2002, 22 наурыз
2. Сапарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Мордовское книжное издательство, 1960 с 65-71.
3. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Изд-во: Санкт-Петербург,1941. – Т. 2. – С.62.
4. Материалы по истории казахских ханств в XV-XVIII вв. – Алма-Ата: изд-во Наука Казахской ССР, 1969. – С. 33.

Г. А. Есенғалиева

М.Мәңкеұлы атындағы орта мектебі,

9-сынып оқушысы

"ЖЕР-СУ АТЫ-ТАРИХТЫҢ ХАТЫ"

Елбасының "Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру" және «Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи мақалаларына орай :

Құлазыған сенің жүздерің,
Не білмеген,не көрмеген ізгі елім.
Жазылмаған тарихымның жолдарын,
Ауыз екі аңызыңнан іздедім...

М.Мақатаев.

"Елу жылда-ел жаңа" деген дана халқымыз. Сондықтан да өткенді айтпай, бүгінгі еске түспейді. Шындығында да қай өңір, қай өлкенің арғы-бергі тарихы, шертер сырлары көп. "Әркімнің туған жері-мысыр шаһары" деген екен бұрынғылар. Өзіміз туып өскен Жайық өңірі-қазір республикамыздың өзіндік нәр беріп отырған территория. Ақын жырларына арқау болған мына өлең жолдары соның айғағы іспеттес:

Ежелден атам-Каспий, анам-Жайық,
Өрістеп келе жатқан даңқын жайып.
Мекені атамыздың құтты қоныс,
Мақтаныш етуіме мың лайық,-

деп шырқалса, енді бірде:

Жем, Сағыз, Тайсойған мен Дендеріміз,
Кір жуып, кіндік кескен жерлеріміз.
Қамы үшін қарындастың жауға шапқан,
Сырымдай өтті даңқты ерлерміз,- деп өрнектейді

Жайық өзенінде қоныстанған елді-мекендердің әрқайсысының өзіндік тарихы бар. Соның бірі өзіміз тұратын - Құрылыс ауылы. Ауылдың ірге тасын қалап, қада қағушылардың бірі- Иманғазиев Балахмет. Бұған дейін осы территория 11-ші ауыл қарамағында юлған. 1927 жылы Балахмет ағай сол кездегі Махамбет ауданына барып, арнаулы жер бөліп, шекарасын белгілейтін ұлты орыс екі агроном жігітті ертіп әкелген. 1928 жылы осы территорияда алғашқы артель, ұйымдастару қолға алынып, конфискеленген мал-мүліктер осы территорияда тұратын халыққа бөлініп берілген. Дегенмен бірден шаруашылық жолына түсіп кете алмады. Артель 1929 жылы тарап, 1930 жылы қайта ұйымдасқан. Алғашқыда колхоз "Бірлік күш", ал 1932 жылдан бастап "Бірлестік" деп аталған. Алғашқы колхоз төрағалары болған Алашбаев Ықсан, кейін Иманалин Нығымет, Шерубаев Рақым, ал ауыл советінің хатшылары болып Ниязғалиев Қалам, Таласбаев Жапар деген жергілікті адамдар болған. Бұдан кейін 1936 жылдан бастап село Құрылыс деп аталған.

Отан, туған жер, атамекен, елім, ауылым жүрек тебіреніп, шаттық сезімді оятатын қасиетті сөздер. Елін, жерін сүю үшін ең алдымен оның тарихын жақсы білу қажет.

Маған бүгін керек емес ертегі,
Ертегіні балам өзі шертеді.
Тарих керек-іргетасы қазақтың

Іргетассыз қаланбайды ертеңі,- деп Қадір Мырза Әли ақын айтқандай тарихты білу - өзіңнің отбасыңның, әулетіңнің, туып өскен жеріңнің тарихын білуден басталады. Туған жер деген сөзде терең ұғым бар, әрі ол әрбір адамның жарық дүниеге шыр етіп келген мекені. Ең алғаш жұтқан ауасы, аялаған өмір бесігі, туғн жердің барлық табиғи қадір-қасиеті ананың ақ сүтімен тұла

бойына тарайды. Әр адамның азаматтық арының тазалығы туған жерін,өзінің ұшқан ұясын ұлағаттаудан басталады. Ол үшін әр адам өзінің туып өскен жерінің тарихын,туған өлкеміздің тау-тасын,өзен-көлін,қазба байлығын өзіміздікі деп сезініп,оны қорғай білуі керек. Туған өлкенің тарихын жас кезде меңгеріп,ол қайда жүре де,өз халқын туған жерін,салтын мақтаныш ете алатындай ұлтжанды азамат болу парызы деп айтуға болады. Туған өлкеміз Индер ауданы Ақжайық суымен ғана емес ата-бабалар тарихына да толы.Өйткені,осы мекенді азат халқына атамекен етсем екен деп талай аталарымыз,аяулы ардагерлеріміз қанын төкті. Бұл жерден қалың қазағына жерұйығын іздеген Асан Қайғы бабамыз,алмастай өткір сөзді Сырым би,жауға шапқан Исатай,қара бала қамы үшін қылышы мен жырын қоса көтерген Махамбет өтті. М.Мөңкеұлы жырға қосса , Малайсары би әділ іске төрелік етті. Кез-келген өзінің туып өскен жерін яғни Отанын жақсы көреді. Бұған дейінгі мұрағат деректері мен көнекөз қариялардың айтуына қарағанда сол кездегі колхоздың шаруашылығы шағын 15 мың қой,сиыр,түйе,жылқы болған. Жердің топырағы күлгін,сұрғылт,құнарлылығы орташа болғандығына қарамастан қолмен суару арқылы егістік жұмысы жүргізіліп,тары егумен айналысқан. Қазақстан Журналисттер Одағының Бағытжан Қаратаев атындағы сыйлықтың лауреаты,аудандық «Дендер» үнқағазы бас редактордың орынбасары-жауапты хатшы Сансызбай Базарбаев өзінің туған ауылы Құрылыс ауылын төмендегіше жырға қосады.

Құрылысым

Естігенде кеудемді жыр қысатын,
Белгілі бесінші ауыл-Құрылыс атың.
Сен едің қажыр берген,қайрат өрген,
Сеңгірлі шың басына тырмысатын

Шағын ауыл Жайықтың жағасында,
Шашын жайған терек пен тал осында.
Шалғай емес тіпті де шығар күні,
Шәрбаты бар бір жұтым ауасында.

Адамдары мейірбан басқалардан,
Жүректерін кернеген асқақ арман.
Зередей бір бойымда талап болса,
Осы ауылдың төрінен бастау алған.

Добия- Жайық бойындағы шаруашылыққа ыңғайлы құтты мекен. (Оның атауы қыздардың мойнына, білегіне тағатын моншағы деген мағынаны білдіреді)
Тоғай желісінен екі, Жайық арнасынан үш шақырым,Талас көлі,Добия қарасуы,Қашқын төбесі, «Бекіре сойған жыра», Төлөп төбесі, Қашаған, Жарық, Дошман төбесі, Байғұлдармен орайлас орналасқан алқап.

Добиядағы тұңғыш мешітті діни қайраткер Тегісбай Әлімбаев ашқан.

Сансызбай Базарбаев-ақын өзінің арнау өлеңінде:

Добия

Бұл жерді талай шарлағам,
Жалаңаяқ жасымда.
Білетін бәлкім бар ма адам.
Өзі де Құрылыс қасында.

Көріп ем кейін есейіп,
Қыстауы жоқ күтір қалыпты.
Уақытқа не десейік,
Оның да сыры анықты.

Қонбайды ауыл төбеңе,
Қайда кеткен бәтір-ау.
Аяғым асты жертөле
Талай сырлар жатыр-ау.

Тозып, озу дегендер,
Өмірдің заңы кейіп көр.
Аздан соң көңіл елендер
Күзетші боп тұр бейіттер.

«Тіней»-сөзінің тарихы:

Ұлы Махамбеттің:

Тінейде түнде жортқан жолбарыстай,

Алдырдым қабыланымды қапияда-ай,-дейтін арманда аһ ұрған бір өлеңі бар. Осы өлеңдегі «Тіней» сөзін кейінгі зерттеушілер «түлей» деп қате түсіндіріп жүр. Тіней-Махамбеттен де бұрынғы заманда асқан бай болып, қазіргі Индер ауданындағы Жарсуат ауылының аумағында жатқан Ақтан атты қыстақтың Жайық бетін түгел жайлап, атағы шыққан адам. Тіней тоғайы әлі күнге дейін бар, бір кездері ит тұмсығы батпайтын, жалғыз жүрген адам ішіне еруге жүрексінетін қалың жыныс еді. Аңның атасынан баласына дейін бар деуші еді қариялар. Осы Тіней тоғайы Жайық бойын жағалай көмкеріп, Қызылжар атты ауылға алып келеді. Бұл Қызылжарда Жиёмбет жыраудың да, би Малайсарының да, Исатай-Махамбеттің де, Мұрат Мөңкеұлының да іздері сайрап жатыр. Іздері жатпаса Махамбет Тінейді жырға қосар ма еді!?

Ауылымыздың ардагері Хамидуллин Қуаныштың естелігі: Әзі-Ата сайының шығу тарихы.

Бұл аңыз әңгіменің қай жылы шыққаны бізге белгісіз. Алыстан бір жолаушы атты адам жол жүріп келіп алдынан кездескен төбеге келіп тоқтайды. Ер-тұрманын алып демалайын деп жатса, жақын маңнан үрген иттің дауысы естіледі. Төбеден жан-жағына көз салып қараса, алдыңғы жағынан сай көрінеді. Сай өте терең екен. Онда сегіз қанат киіз үй тігілген. Ер-тұрманын алып, сайға кіреді. Киіз үй жас жұбайларға арналған екен. Жолаушы дәрет алуға шыққан соң қайта келіп, үй иесіне өзінің соңғы өсиетін айтады: «Мен бұл дүниенің адамы емеспін, мені аттың қазығының қасына жерлендер, ер-тұрманын есіктің босағасына байлаңдар, бұл затты бір жылға дейін сақтаңдар, иесі келіп жатса беріңіз немесе өздерің пайдаланыңдар. Күн шыққан соң осы жерге түйелі адам келеді. Менің қабірімді қаза беріңдер» дейді. Ертеңіне сол адам о дүниелік боп кетеді. Атты барлығы қолға алып сояды. Сол уақытта айтқандай күншығыстан нарға мінген бір жолаушы келеді. Намаз оқып оны арулап жерлейді. Таңертең олар шығып қараса, төрт жағынан масахана құрылған екен. Соны бір адам астынан бұрқыратып қазып жатыр екен дейді. Адамдар тез ағаш алып сол жерді қоршайтын уақыт болғанда орны тап-тақыр күйінде қалғанда, масахана аспанға көтеріліп, бұлтқа кіріп кеткен. Кейін ол жерді қоршап, «Әзі-Ата» сарайы деп атап кеткен. Бұл аңыз – дерек біздің уақытымызға дейін жеткен. 1929-30 жылдары колхоздастыру кезінде колхоздың қойы «топалаң» деген ауруға ұшырап, қырыла бастаған. Қойларды Әзі-Атаның басына апарып түнеткенде қойлар түгел жазылып кеткен.

Талас көлінің шығу тарихы

Талас деген адам Жарсуат ауылының азаматы, ауданға танымал ақын Таласов Мұраттың арғы ата-бабалары. Ол кезінде егіншілікпен, диқаншылықпен айналысқан. Ауылдың қайратты жігіттерінің күшімен арасы 800 метр жерден 5-6 метр тереңдікте құдық қаздырып, көлге су жіберген. Нәтижесінде халықтың бау-бақша егіп, егіншілікпен айналысуына осы көлдің үлкен пайдасы болған. Кейін бұл көлдің атауы Талас көлі деп аталған.

Қолаңшаш атауы

Бұл ер адамның аты болып табылады. 1919-1920 жылдары болған адам Кеңес үкіметі кезінде ақтар әскерінің атаманы А.Киселёв Топайлы ауылында болған. Кейін олардың әскері мал, ақша, зат жинау үшін біздің Құрылыс ауылына келген. Олар ауылдың күншығыс жақ бетіндегі Қарауылтөбеден қарағанда, Қурайлы сай жақтан түйеге мінген жолаушы көрінеді. Ол Қолаңшаш болатын. Ол тез арада шешім қабылдап тоғайға кіруге әрекет жасаған. Сол уақытта ақтың офицері екі солдаттың иығынан винтовка қойып атып, ол адамды өлтірген. Кейін оны жерлемеуге тапсырма береді. Бірақ ауыл

адамдары түнде жасырынып келіп, денесін көлдің жағасына жерлейді. Кейін ол жер «Қолаңшаш» көлі деп аталады.

Қашағанның шығу тарихы

Бұл кісінің аты. Тәжібай, Мырзағали атты адамдардың арғы аталары болып табылады. Халыққа кезінде көп жақсылық жасаған. Өзі-ата сайынан және «Талас» көлінен арық қаздырып, су шығарып, ауыл тұрғындарының егіншілікпен айналасуына жол берген. Ақсақалдар алқасы бойынша бұл жерді «Қашаған» атын берген.

Ауылымыздың ардагері Ақсеріков Есжан ағайдың естелігінен:

Құрайлы сай тарихы

Аталған сайдың жалпы ұзындығы 80,0 шақырым, өткізгіштік қуаты секундына 1,5 метр. Тұрақты суарылатын жердің аумағы 0,9 га, суармалы жайылыстың аумағы 40,7 мың га. Жылма-жыл Жайық өзенінен каналға 11 млн текше метр шамасында су алынады. Канал «Жарсуат» өндірістік кооперативінің суармалы жерлері мен жайылыстарын қамтиды.

«Тасоба» қорғанының тарихы

2008 жылы маусым айының 15-жұлдызында құрамында Мұратов Нұрлан, Есқалиев Амангелді, Садиров Тоқтар, Орахов Фархат, Шоттықбаев Бағдат және тарих ғылымының кандидаты Х.Досмұхамедов атындағы педагогикалық университетінің тарихи мұражай қызметкері Хасенов Мараттың жетекшілігімен Құрылыс ауылынан күншығыс жақ беттегі 12 шақырым жерде «Тасоба» қорғанынан өздерінің жоспарланған далалық ғылыми-зерттеу жұмысын бастады. Біздің территориямыздағы аталған шығыс өңір бүгінгі күні аз зерттелген, тарихында құпиясы мол және қызықты өңір болып отыр. «Тасоба» қорғаны бұрыны алтыншы ауыл қасынан 4000 метр қашықтықта орналасқан. Обаның орналасқан жері биіктеу, көтеріңкі. Үйіндісі тас және топырақ. Биіктігі 1.5 метр. Аумағы 14 метр. Обаға тән белгілердің барлығы бар. Барлау тобы обаны суретке түсіріп, жоспарға белгілеген. Осы «Тасоба» қорғанынан ежелгі замандағы нан пісіретін пеш, көне тиындар, қыш құмыралар табылған. Ғылыми-зерттеу тобының қысқа мерзім ішінде жүргізілген жұмысының нәтижесі осындай. Жоспарланған жұмыстың жартысы қаржы жағдайына байланысты аяқталмай қалған. Осыған байланысты қорғандардан табылатын жәдігерлерді жинау, зерттеу жұмыстарын одан әрі жүргізу өлкетану жұмысымен айналысатын жастар мен оқушылардың болашақтағы істерінің бірі. Ал оқушылар тарапынан тарихтың бұл ашылмаған беттері бүгінгі күні үлкен қолдау тауып отыр. Егер жергілікті әкімшілік тарапынан, демеушілер көмек қолын созып жатса, бұл келешегі зор жұмыс оңға басар еді.

Қорытынды

«Қазақ даласының әр төбесі, әр белесі ертегі,
Топырағын басып қалсаң бір ертегі шертеді»

М.Шаханов

Өлкетану – оның өткенін мақтаныш ету еліміздің әрбір аймағын, ауданын, тіпті қала, ауылының тарихын насихаттау Қазақстан Республикасын дәріптеу болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру және Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларында біртіндеп... халықтардың көлемді де, мол мәдениет мұрасын, соның ішінде қазіргі ұлттық мәдениет, фольклор, салттар мен дәстүрлердің жүйесін жасау, екіншіден... ұлттық тарих үшін ерекше маңызға ие, ірі де маңызды тарихи, мәдени және архитектуралық ескерткіштер ашылуын қамтамасыз ету» деген сөздері бар. Ендеше осы айтқандардан шығатын қорытынды туған-жер тарихи дербестік, тәуелсіздік жолындағы күрес, экономикалық өркендеуге арналған үлгілі еңбекке толы. Президент мақалаларында өлке тарихын жасау, қазіргі және келер көп ұлтты ұрпақтың оны жақсы білетіндей, білім беруі – кезек күттірмейтін міндет. Сондықтан әр жас азамат өз елінің тарихын, тарихи тұлғаларын, олардың өнегелі істерін оқып біліп, ұлттық дәстүрлеріміз мен әдет-ғұрыптарымызды, мәдениетімізді ұғынып, туған – өлкеміздің тау-тасын, өзен – көлін қазба байлығын өзіміздікі деп сезініп, оны қорғай да білетін ұрпақ болуы да тиіс. Туған өлкенің тарихын жас кезде меңгеріп, ол қайда жүрсе де, қалада ма, шет елде ме қайда жүрсе де өз халқын, туған жерін, салтын мақтаныш ете алатындай ұлтжанды азамат болатындай тәрбиеленуі керек. Көшпенді болған қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тұрмыстық заттарын, (ағаш, табақ, ағаш астау) мәдениетіндегі ерекшеліктерін альбом түрінде де жинақтауға болады. Өлке тарихын оқу-топономика. (Грек сөзі топос – жер, онимо – атау) ғылымынсыз мүмкін емес, өйткені жер тілі – сол жердің тарихын білдіреді. Атауларға талдау берудің өзі өткенді – білу, белгілі бір тарихи оқиға екенін білдіреді. Халқымыз тұңғыш рет тәуелсіздік кемесіне отырып, ғажайып әлемге сапар шеккен қазіргідей алмағайып заманда қарап отыруды уақыт көтермейді. «Малым жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» дегенді айтқан қазақ үшін атамекеннен, ата дерегінен қымбат ештеңе жоқ. Келер ұрпақ халқымыздың арғы – бергі тарихынан, мәдени құндылықтарынан мағұлмат беретін дәлелді дәйектерді өз дәрежесінде оқу үшін өлке тану жұмыстарына байланысты барлық шараларды жандандыруы қажет. Қазақ халқы – ұлы халық, қазақ тарихы ұлы – тарих. Онымен тек біздер мақтана білуіміз қажет. Кемеңгер Ахмет Байтұрсыновтың нақылына құлақ түрсек: «Біздің заманымыз – өткен заманның

баласы, келер заманның атасы». Қорытындылай келгенде өзіме бұған дейін белгісіз тарихы қызық жер аттарын білдім.

Заключение

**«Каждая крыша казахских степей - это сказка,
Сказка, если ты упал на землю "
М. Шаханов**

Локализация - это продвижение Республики Казахстан по продвижению истории каждого региона, области и даже города и села нашей страны. Президент Республики Казахстан «: духовное возрождение в будущем и семь боковая постепенно ...» статьи народов Великой Степи, богатое культурное наследие, в том числе объем нынешней системы национальной культуры, фольклора, обрядов и традиций, а во-вторых. ... обеспечить обнаружение основных важных исторических, культурных и архитектурных памятников, имеющих особое значение для национальной истории ". Окончательный вывод, который следует из этих слов, полон исторической независимости, борьбы за независимость, образцового труда для экономического процветания. Обучение в президентских статьях является актуальной задачей - создать историю региона, воспитать современное и будущее многонациональное поколение. Вот почему каждый молодой человек - это поколение, которое знает историю, историческую личность своей страны, свои моральные качества, знает наши национальные традиции и обычаи, нашу культуру и нашу родину - гористую местность, реку - озеро, должно быть. Историю родной земли нужно воспитывать так, чтобы в молодости он получал образование в городе, будь то город или граница, где он был великим гражданином, который гордился бы своим народом, местом рождения и традициями. Особенности кочевых традиций казахского народа, его предметов домашнего обихода (дрова, тарелки, ковры) также можно собирать в виде альбомов. Изучение истории региона - топономия. (Греческое слово *topos* - land, *isimo* - name) невозможно без науки, потому что язык - это история места. Анализ имен означает, что прошлое является историческим событием. Впервые наши люди не успевают взглянуть на современную эпоху, которая вошла на круизный корабль независимости. Для казаха, который сказал: «Моя мудрость - моя душа, моя душа - всадник», нет ничего более ценного, чем отечество. Нам необходимо активизировать всю деятельность, связанную с признанием региона, с тем чтобы представить аргументированные аргументы о будущих поколениях нашей нации, ее культурных ценностях. Казахский народ - великие люди, великая история казахской истории - история. Надо только похвастаться этим. Послушайте книгу Ахмета Байтурсынова: «Наш век - дитя прошлого, отец

будущего». В итоге я узнал о некоторых самых интересных местах в истории неизвестной истории.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қалың елім, қазағым» Алматы. «Өнер» 1998 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық, тарихи мақалалары. Егемен Қазақстан газеті.
3. Нұрмағамбетұлы Ә. «Жер судың аты – тарихтың хаты» Алматы. «Балауса» баспасы – 1994 ж.
4. Қазақстан тарихы әдістемелік журналы. №1. 2005 ж.
5. Атырау энциклопедиясы «Атамұра» баспасы. 2000 ж.
6. Дендер – бес қаруын асынып бабалар жортып өткен жер. Алматы «Манас» баспа үйі. 2000 ж.
7. Суханқұлов Б. «Жүрегімнің лүпілі». Өлеңдер. «Ағатай» баспасы Атырау 2007ж.
8. Алтын орда – үн қағазы. №38. 2007 ж.
9. Жолдасова З. Б. «Іздеген жетер мұратқа» Атырау 2006 ж.
10. Садуақасұлы Ә. «Тарихынды танып біл» Алматы 1996 ж.
11. Балтабай Е. «Отан сүйгіштік тәрбие өлшемдері» Қазақстан мектебі 11.12.2002 ж.

Т. К. Аренова

*М. Әуезов атындағы орта мектебі,
тарих пәні мұғалімі*

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН ЖАУЫНГЕР

Еліміздің Тұңғыш Президенті рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндетті айқындап берді. Нұрсұлтан Әбішұлының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр. Қазақ елінің кез келген аймағында ежелгі, орта ғасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлерді немесе деректерді көптеп кездестіруге болады. Мәселе соны танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білуді үйренуде. Адамзат тарихында теңдесі жоқ, ең қаһарлы, қанды қырғын болған

екінші дүниежүзілік соғыс әлемге қисапсыз қайғы қасірет әкелді. Жер бетіндегі бейбіт өмір мен тыныш тіршіліктің тағдыры қыл үстінде тұрды. Әсіресе, басқыншы гитлершіл фашизмге қарсы бітпес азаттық күресіне көтерілген біздің бауырлас халықтарымыз үшін бұл алмағайып уақыт ауыр сын болды.

Ел басына күн туған қатерлі шақта кеуделерін от пен оққа тосқан миллиондаған ержүрек жерлестеріміз ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қаһармандықпен қорғады. Туған жер төсін қасық қандарымен суарған қаншама қайран боздақтар азаттық жолында жандарын пидә етті. Осы сын сағатта естияр баладан еңкейген кәріге дейін өмір мен өлім белдескен алапат шайқасқа шыққан халқымыздың тең жартысын тізе бүктірген азулы да айбаты жауды тек өзара ынтымақ, тығыз топтасқандық, бірлік, төзімділік пен қайсарлық мінез көрсету арқылы ғана күйрете жеңіп шыққаны да шындық.

Индер ауданынан майданға аттанған 3800-ден аса адамның 1855-і оралмай қалды. «Қара қағаз» келген отбасына қариялардың көңіл білдіру үшін «Тұяғы бүтін тұлпар, қанаты бүтін сұңқар жоқ» деп айтатын сөзі соғыс жылдарында кімнің көңілінде болса да жатталып қалды. Айтса айтқандай, соғыс тауқыметі мен қасіретін көрмеген отбасы жоқ десе боларлық. Майдан мен тыл, бірі мылтықты, бірі мылтықсыз шайқас. Майдандағыларды оқ кинаса, елдегілерді жоқтық қинаған еді. Әйтсе де, асқан төзімділікпен жеңіске жеттік. Көктемнің жайма шуақ күні 1945 жылғы 9-шы мамыр біздің еліміздің шежіресінде мәңгі – бақи ұмытылмас жарқын бет болып қалды.

Майданға кеткен ерлерінің орнын басқан сол кездегі желкілдеген уыздай жап-жас келіншектер өздерінің қажырлы еңбектерімен жеңіс күнін жақындата түсуге айрықша үлес қосты. Иә, дүркіреп өткен соғыс талайлар тағдырына өшпестей із қалдырды.

Екінші дүниежүзілік соғыс деп айдар таққан сұрапылдың да Жеңіспен аяқталғанына биыл 74 жыл болады. Дегенмен, 1941-1945 жылдар аралығын қамтыған ұлы шайқастың қашан да орны бөлек. Ол соғысқа біздің ауданнан 3800 адам қатысса, 1050 жерлесіміз ұрыс даласында мәңгілікке қалды. Олардың бірқатарының дерегі елге жетсе, тағы 1030-ының нақты мәліметі әлі қолға тиген жоқ. Ал біздің ортамызда жарын күткен ананың, әкесін аңсаған баланың көз жасы құрғады деп кім айта алар. Есбол топырағынан майданға аттанып, Кеңес Одағының Батыры атанған Боран Нысанбаев (Көктоғайдан), Иван Федорович Махорин (Аққала), Иван Николаевич Березин (Есбол), жауынгерлік «Даңқ» орденінің үш дәрежесінде кеудесіне тағып елге, Ынтымағына оралған Гавриил Петрович Шамин есімдерін баршамыз ардақ тұтамыз. Батырлардың есімдері мектепке, көшелерге беріліп, өз ауылдарына ескерткіш тақтайшалар орнатылды. Боран Нысанбаевтың қаза тапқан Лески деревнясына индерліктер бір емес, бірнеше рет барып тағзым етіп, ерекше қасиетті іс тындырып жүргені- ұрпаққа ұлағат болар іс.

Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?... Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге танытып, оларға қамқорлық жасау, жас ұрпаққа дәріптеу, біздің қасиетті парызымыз.

Өлкемізде туылып, Ұлы Отан соғысына аттанған жауынгер Қажығалиев Өтен. Оның есімі кешегі қанды қырғын соғыстағы жеңіс тарихымен біте қайнасып жатыр. Жеңіс күнін жақындатуға жол салған десе де болады.

Қажығалиев Өтен 1918 жылы 15 маусымда Орал губерниясы Гурьев уезінде Жазықбай жерінде Қонақбайұлы Қажығалиев Әсия, Өтен, Арен, Арон, Қаныш, Аралха деген бес баласы болған. Қажығалиев Өтен осы шаңырақта, орта шаруа отбасында дүниеге келген. 1935 жылы «Правда» колхозында шөп жауып, мал баққан. 1942 жылы наурызда әскер қатарына шақырылып, Уфа қаласында алты айлық танк десантының дайындығынан өткен. 1942 жылы 8 наурызда аудандық әскери комиссардан шақыру қағазын алып, соғысқа аттанған. Соғыс кезінде 58 –ші Қызыл жұлдызды танк взводында болған. III дәрежелі «Даңқ» орденін иеленген. Сонымен қатар «Ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» 9-мамыр 1945 жылы, «Варшаваны алғаны үшін», «Праганы алғаны үшін» медальдармен марапаталған. Кеңес Одағының жоғарғы бас қолбасшысы Сталиннің бұйрығымен соғыстағы үздік жетістіктері үшін үш алғыс қағазын алған. Минск, Варшава, Прага, Цеханов, Жаңа Место, Дзялдова, Любегин, Данциг қалаларын азат етуге, Дайтш – Айлау қаласын алуға қатынасқан.

Мәжит Мұхтарұлының Социалистік еңбек ері Қ.Шүйінішқалиев туралы жазған «Даңқты аға» кітабында Қажығалиев Өтен өзінің «Даңқ» орденін қалай алғаны туралы естелігімен бөліскен.

Қажығалиев Өтен соғыстан кейін елге оралып, «Правда» совхозында еңбек еткен. Көп жылғы ерен еңбегі еленіп, 1978 жыл мамырда «Еңбек ардагері» медалін иеленген. Соғыстан келгеннен кейін Шынкеева Акбілекпен отау құрғанымен артында ұрпақ болмаған. 1998 жылы 8 тамызда дүниеден өткен.

Ұлы Жеңіс күндерінен бері қаншама уақыттар өтті... Бұл жойқын шайқастың тарихы түгел жазылып нүктесі қойылған жоқ. Ол мүмкін де емес. Сөз соңында айтарым, туған өлкемізде осындай батыр рухты қазақтар қаншама? Мені қатты толғандырған Қажығалиев Өтеннің есімінің бірде-бір Ұлы Отан соғысы жылдары туралы жазылған аудандық немесе облыстық кітаптарда аталмауы. Мен тек бір ғана адамның өмірін, еңбегін жазып отырмын. Ал соғыс кезінде жан қиярлық ерлік көрсетіп ескерусіз қалып жатқан жан қаншама? Қай уақытта да, қай заманда да адамдар үшін Отан қорғаудан қымбат ештеңе жоқ. Соғыстың бел ортасында жүріп, кейін елге оралғанда да өз еңбегімен көрінген жанның ерлігін кейінгі ұрпаққа дәріптеу біздің міндетіміз.

Білім беру саласында өлкетану жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы да ұлы даламыздағы ұлы есімдерді дәріптеумен құнды. Себебі өз өлкесі туралы тарихын

зерделеуде білім алушылардың білімін жаңа мәліметтермен толықтырып, өзіндік ізденіске бағыттау, мұрағат материалдарын қолдану, азайып бара жатқан көне көз қариялармен әңгімелесіп, деректер жинақтап, оның барлығын ұрпаққа мұралыққа қалдыруымыз қажет. Бұл оқу процесін жоғары сапалық деңгейге көтереді. Мен өз тәжірибемде оқушылардың өзіндік ізденісіне көп көңіл аударамын. Сонымен қатар оқушыларды ізденіске бағыттау барысында сабаққа қатысты тың мәліметтер жинауға мән беріп отырамын. Білім алушылардың өзін тұлғалық анықтауы ұлттық мәдениет пен тарихи дәстүрді қабылдауымен тығыз байланысты. Тарихи сана – бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оған қоса оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына жәрдемдесуі тиіс. Сондықтан да «Қазақстан тарихы» пәні білім алушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, оған қоса ғасырлар бойы Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды түсінуге жетелейді. «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады» деген мақал бар. Туған жері мен елі туралы білімін жетілдіріп, сол арқылы Отанын сүйген азаматтық рухты қалыптастыра білсек, біздің еңбегіміздің жемісі сол болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Атырау энциклопедиясы» Атырау. 2000ж.
- 2.«Боздақтар» естелік кітабы. Атырау облысы. 1996 жыл.
3. «Дендер» Атырау 2000 жыл.
4. «Индер ауданы шежіре» Атырау 2006 ж.
5. Қаюпов К. «Аудан тарихы сыр шертеді» Индер газеті
6. Жылқышиев Қ. «Бес қаруын асынып, бабалар жортып өткен жер» Атырау 2002ж.
7. Мұхтарұлы М. «Даңқты аға» Орал қаласы, 2005 жыл.
8. www.yandex.ru

Т.Т. Сарниязова

*№17 жалпы орта білім беретін мектебі,
география пәнінің мұғалімі*

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ ТУҒАН ЖЕРІ – ҚАРАШҮҢГІЛ.

Жылыой ауданында тарихи ескерткіштерге бай орындар аз емес. Олардың бәрінде өткен өміріміз жайлы жан-жақты сыр шертіп, әлі де зерттеліп зерделеніп болмаған орындар. Соның бірі Қарашүңгіл қорымы болып есептеледі. Қарашүңгіл қорымы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аққұдық ауылынан 12 шақырым жерде орналасқан. Батыс Қазақстанның ең ірі көне ескерткіштеріне жатады. Қорымының атауын бір деректерде астынан мұнай шыққан сордың аты «Қара Шұңқыр» сөзінен шыққан десе, халық аузынан тарап келген аңыз бойынша қорым екі ғашықтың атымен байланыстырылған деседі. Қара атты жігітпен Шұңғыл атты қыз осы жерде қайтыс болып жерленген. Ойдағы қыз қырдағы жігіт бейіті екен. Екеуінің атына орай Қарашүңгіл аталыпты дейтін аңыз бар. Және де тағы бір тұжырым ол әулие Қарашүңгіл атаның құрметіне қойылған. Ойпаттағы қара балшықты ауыл маңындағы адамдар жел-құз ауруларына ем ретінде пайдаланатын болған. Ерте уақыттарды Қарашүңгілдің төменгі ойпатының әр жерінен жер бетіне кілкіген май шығып жататын. Ел тұзды су аралас қара майды қалқып алып, майдың қотырын емдейтін күз, қыс кездерінде тезекке, бұтаға тамызып, отқа жағатын. Жер бетіне шығып жатқан алғашқы мұнай фонтаны біздің отандасымыз профессор Аapresов ашты. Ол соңғы жылдары Кавказда жұмыс істеді. Ағылшындар сол жерлердің бәрін де қазып қараған. Бірақ олардың бірлі жарымынан болмасын, мұнай өндіре алмаған. Осыдан біз қазақ мұнайының бастауы қасиетті Қарашүңгіл жері болғанын білеміз. Қарашүңгілдің солтүстік бетіндегі ойпаттан қара тас өндіріп, оны өртеу арқылы әк жасап құрылысқа пайдаланған. Ірі Қарашүңгіл қорымы Ұшқан атадан оңтүстік-батысқа қарай 35 шақырым жерде орналасқан және батыс шығыс бөліктерге бөлінді. Қорымның орта тұсында әулие-баба зираты бар, оның түрі жәй төбешік және басына ағаш қадау орнатылған. Қарашүңгілдегі шикі кірпіштен қаланған бір камералық кесенелер түрлері ерекше қызықтырады, олардың көпшілігінің кедбеті киіз үй пішіндес келген. Қарашүңгілдегі ескерткіштер ерекшеліктері, негізінен Адай мен Кете руына тән келеді. Қорымның көлемі 20 га, 900-500 ден астам әр түрлі ескерткіштер бар. Статистика бойынша 15 дәстүрлі кесене, 10 сағанаттам, 238 құлпытас, 8 қойтас, 2 сандықтас, 702 қоршау, 60 қабір үсті үйіндісі бар. Қорым Маңғыстау мен Үстірт арасында көшіп қонып жүрген Адай, Шекті, Есентемір, Шеркеш, Кете руларының өкілдері жерленген қауымдық қорым ретінде белгілі. Қорымның батыс беткейінде зират етушілерге арнап түнек үй салынған. Тәуелсіз Қазақ елінің тарихы сан тараулардан тұратындығы

баршаға белгілі. Соның ішінде сонау кеңес заманынан бері қарай экономиканың, шаруашылықтың өндірістің қалыптасуы. Қазақстанда мұнай өндірудің пайда болуымен, одан әрі дамуымен тығыз байланысты. Мұнай кәсіпшілігінің қарыштауы өлкемізде өндірістің өркендеуіне жол ашты, қазақ мұнайшыларының жұмысшы тобы қалыптасты, халықтың ырысы мен дәулетін молайтты. Отандық мұнай газ өнеркәсібінің бүгінгі таңдағы беталысы еліміздің жарқын келешегінің кепілі іспеттес. Барша қауыммен бірге үшінші мыңжылдық табалдырығын аттаған. Қазақстан дүниедегі ірі мұнайлы елдердің біріне айналуда. Бүгінгі күннің береке молшылығы қайдан келді? Халқымыз «қара алтын» деп атап кеткен мұнай өндірісінің қалыптасуы кезеңі, арғы-бергі тарихы кімді болса да қызықтыратыны сөзсіз. Екіншіден мұнайшы мамандығын тандап өмірлік мақсатына орай өскелең ұрпақ өзіне дейінгі аға буынның жасампаз істерін жадына жаттаса айып па? Патша үкіметі тарапынан рұқсат алған кәсіпкер Н.Н.ЛЕМАН ұзақ уақыт әуре болғанымен мұнай көзіне кезіге алмайды. Каспий теңізінің солтүстік шығыс жағалауында Жем өзенінің оңтүстігін ала орналасқан Қарашүңгіл мен Қарабан кен орындарынан басқа жерден мұнай алу үміті үзіледі. Н.Н.ЛЕМАН бұл жерден жалпы ұзындығы 235 метрге жететін 21 ұңғы бұрғылайды. Ақыры 1899 жылы 12 қарашада №7 ұңғыдан 42 метр тереңдіктен мұнай бұрқағы атқылайды. Бұрқақ көзі бітеліп қалғанға дейін 18 сағат бойы шапшиды. 1899 жылы Қарашүңгіл ұңғысы 5 мың тоннаға жуық мұнай береді. Каспий теңізінің шығыс жақ бетінде, теңізден 30-40 шақырым жерде Қарақұм қонысы жатыр. Ол елдің бағзы мекені, ежелгі қонысы. Жаңбырлы жылдары жайқалып-ақ кетеді. Кешкіл төбенің 3-4 шақырымдай шығыс бетінде аспанға ұшатын ракетадай самғаған ақ-сары нәрселер күнмен шағылысып тұрған қаптаған қадалар. Жанына келсең, ракетаға ұқсатқаныңыз бозтастан қалаған күмбезді шошоқ молалар да, қаптаған қадалар дегеніміз-Маңғыстаудың ұлутасынан жасаған құлпытастар болып шығады. Бұл-Қарашүңгіл қорымы. Кәдімгі Ембі мұнайының алтын дариясының алғашқы бастауы атқылаған жер. Қарашүңгілдегі зираттар біраз жерді алып жатыр. Әр кездің, әр түрлі бейіттер: қара тастан жасалған қораша бейіттер, қара тастан жасалған қораша бейіттер, ұштас, бестас, қойымдықтар, кереге, тамдар, күмбезді молалар бар.

Қорытындылай келгенде 1999 жылы егеменді Қазақстан Республикасы Қазақстан мұнайының 100 жылдығын тойлады. Бұл ұзын сонар тарих көші үшін онша көп уақыт та емес. Соған қарамастан уақыт тозаңы көп нәрсені көмескі тартқызыпты. Бұған бір жағынан отызыншы жылдардың ойраны да себеп. 1931 жылы ел табаны сетінеді. Көп ауылдар ата мекендерінен босып, көшіп кетті. Өңірден бастап мұнай өндірген Нобель алпауыттың «Урал- Каспий мұнай қоғамы» атты компаниясы Кеңес үкіметі орнасымен табанын жалтыратты. Олардың көп құжаттарын өздерімен ала кеткені белгілі. Содан келіп қазақ даласындағы мұнай ең әуелі дәл қай жерден шықты деген сауал жауабы екі

Тұдайлыққа түсті. Қарашүңгілдің құбыла бетінде қазір ескі жұрт орны жатыр. Ол жай жұрт емес. Экспедиция орны. Жем бойында алғаш құрылған ірі барлау, бұрғылау мекемесі «Қаратон бұрғылау конторы» деп аталды. Қаратон - сол өңірдегі белгілі кенорны. Ол Атырау, Маңғыстау бұрғышыларының қарашаңырағы іспетті. Алғаш Түбіжікке келген барлаушылар партиясы «Қаратон» деп аталу себебі содан. Қарашүңгілге өткен ғасырдың 40-50 жылдарының астасқан уағында келіп барлау жүргізгендер осы қаратондықтар, бірер бұрғылау бригадасы. Солай жүргізілген барлау нәтижесі Қарашүңгіл мұнайының беткі қатпарда жатқан қоры шағын көлшімек екенін дәлелдеді. Соған қарамастан ол қазақ мұнайының басында тұрған киелі атау. Ұлы көш содан басталды. Содан өкше көтерді. Академик Губкин бұл өлкенің мұнайға қатысты үлкен болашағы туралы болжам жасағанда қаперге алдымен Қарашүңгіл сияқты шағын кен орындарын алғандығында сөз жоқ. Ә.Кекілбайұлының «Шыңырауында» жерасты суының ұлы арнасына бару үшін Еңсеп құдықшы әуелі одан бөлініп шыққан кіші, ұры көздерді ашатын еді ғой. Мұнай іздеу де сол сияқты. Қарашүңгіл, Доссор, Мақат, Құлсары, Қар арна, Қаратон, Сарықамыс, Қисымбай солай жалғасып келіп аяғы алып Теңізге ұласты. Қарашүңгілден мұнай табылмаса жалпы Жем, Атырау өңірін барлау, кен көзін ашу тым ұзаққа созылып кетер еді. Ал Маңғыстаудың үлкен мұнайына ұлы жол Жем бойынан басталғанын білеміз. Қарашүңгіл - ел аузында киелі орын. Әулие делінеді. Басына түнеп зиярат етеді. Ғасыр тоғысында одан атқылаған мұнайдың бір күнде сап тиыла қалғанын халық әулиенің кереметі деп түсінген. Қарашүңгіл басы да елсіз екен. Түнеу хана үйіндегі жинақылық мұнда маңайдың жиі-жиі ат ізін салып тұратынын аңғартады. Біздің қолымызда архивтік құжат, ленинградтық геологтардың Қарашүңгілден жасаған түсірімі, суға, топыраққа жасалған сараптама қорытындысы бар еді. Ол құбыланама рөлін атқарды. Алғашқы мұнай алынған ұнғы сақталмапты. Дегенмен маңайдағы жол сорабы, басқа да белгілер арқылы шамалағандай болдық. Мұндағы ескерткіштер негізінен саман кірпіштен соғылған екен заманында. Олардың сұлбасы ғана қалыпты. Ал тастан қаланған күмбез молалар, сағана тамдар, құлпытастар, біршама жақсы сақталыпты.

Мереке қарсаңында Қарашүңгіл басында оның Қазақстан мұнайының бастауы болғандығын айғақтайтын ескерткіш белгі қойылды. Қазақтың сайын даласында тағы бір жәдігер дүниеге келді. Қасиетті Қарашүңгіл қазақтың «қара алтын» қазынасының бастауы атын қайта жаңғыртып, қазағының жаңа тұрпаттағы тарихымен табысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Киелі мекен Кең Жылыой, Ағатай баспа.
2. Ақбота шежіресі 2015 жыл.
3. Құлсары энциклопедиясы.
4. Атырау энциклопедиясы.

ЖЫЛЫОЙ ӨҢІРІНІҢ КӨНЕ СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

«Тарих- адамзаттың, одан қала берді әр халықтың өткенінен жинақталып, соның жақсысынан үлгі, жаманынан сабақ алтын ұлы мектеп» ,- деп бабаларымыз айтпағышы және Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына сәйкес туған жердің табиғатын, тарихи – мәдени мұраларын зерттеу, осы жұмыстың өзектілігі болып табылады.

Әлем халықтарыны алдында әрбір ұлттың өзіндік бет бейнесін көрсететін ерекше белгісі болу шарт. Сондай тарихи – мәдени жәдігерлерімізді біздің ауданымызда аз емес. Ауданымыздың тарихында ел үшін күрескен , азаматтық істерімен халық жадына мәңгі қалған тұлғаларды, тарихи оқиғаларды бейнелейтін ескерткіштер жетерлік. Жылыой ауданында тарихи – мәдени мұраның бүгінгі таңда 1-і республикалық, 69-ы мемлекеттік, 75-і алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген. Тағылымды тарихы бар , мәуелі мәдениеті дамыған Кең Жылыойда мәдени мұралар жүздеп саналады.[2;15]

1750 жылы Жем өзенінің жиегіндегі тау етегінде қасиетті пір Бекет ата дүниеге келген. 1899 жылы дүние жүзінде тұңғыш рет Қарашүңгіл деген жерінде мұнай бұрқағы атқылаған. Қазақтың біртуар ерлері Нарынбай, Төремұрат, Басшы батыр, аузы дуалы Мәтжан, Дәден ата сынды би шешендердің туған топырағы - Жылыой өңірі тарихи- мәдени мұраға бай аймақ. Осыдан үш мың жыл бұрын осы өңірде гүлденген , тарихта аты аңызға айналған Ұшқан көне мекені талай сырды қойнауының түпкіріне бүгіп жатыр.[4;48,49]

Жылыой топырағы уақыт көшінің шаң- тозаңына көміліп жатқан алаптары мен талай кереметтерін үнсіз ішіне сақтап жатыр. Жоғарда тоқталып өткен қорымдар мен діни – тұрмыстық кешендер бүгінгі таңдағы халқымыздың өткен ғасырдағы мәдениеті мен тұрмыс тіршілігін танып білуге ас қажетті таптырмас қазына.[1;24]

Біз өмір сүріп отырған аймақ Каспий маңы ойпатының баға жетпес байлығы – табиғи қоры ғана емес , әлімсақтан бері келе жатқан кіші жүз қазақтарында өзіне тән дәстүрлі мәдениеті, тарихы, даланың таңғажайып ескерткіштері археологиялық мұралары болып табылады. Осы бір табиғаты қатал сан ғасырлық тарихы бар қуаң даланың ұрпақтары қолмен жасалған қайталанбас рухани байлықтары талай замандар бойы көзден таса болмағаны шындық.[4;50]

Ұшқан ата қорымы - Құлсары қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Ұшқан - Ұлы жібек жолының бойындағы бау – бақшалы гүлденген қала болған. Ол аудандағы тари ескерткіштердің ең көнесі.

Қорымның атауы осында жерленген «әулие» Ұшқан атаға байланысты. Алайда басқада жорамалдар бойынша атау « үш аққан» немесе «үш хан» сөзінен шыққан делініп, XVII ғасырдағы қалмақ торғауыттар қазақтар арасындағы қанды қырғындармен байланыстырады. Зират тұщы бұлағы бар Алтын орда дәуірінде пайда болған. Ол өткен ғасырлардағы көшпелі қазақтардың көктемгі және күзгі көш жолының бойында орналасқан. Ұшқан қорымында екі мыңнан асқан қабір бар. Мұндағы шикә кірпіштен тұрғызылған ортағасырлық ескерткіштер нашар сақталғанмен , кейінгі уақытта салынған кесене мазардың күні бүгінгі дейін алғашқы қалыпы көп өзгермеген.

Қорымда тарихи – этнографиялық жағынан құнды 94 құлпытас, 3 қойтас, 8 сағантам және 1 сандықтас бар. Құлпытастардағы эпиграфика мен таңбаларға қарағанда Ұшқан ата қорымында Адай, кете, шекті тағы да өзге рулардың өкілдері жерленген. Бүгіндері Ұшқан қорымында жергілікті және көрші облыстардан зиярат етеді.[4,52]

Қарашүңгіл қорымы - Атырау облысы ,Жылыой ауданы , Аққұдық ауылының солтүстікке қарай 12 шақырым жерде. Батыс Қазақстанның ең ірі ескерткіштеріне жатады. Пайда болу уақыты XVIII- XX ғасырар аралығын қамтиды. Қорымның атауын бір деректерде астынан мұнай шыққан сордың аты « кара шұңқыр» сөзінен шыққан десе, халық аузынан шыққан аңыз бойынша қорым аты екі ғашықтың атымен байланыстырады. Қара атты жігіт пен Шұңғыл атты қыз осы жерде қайтыс болып, жерленген деседі. Қорымның қасында XIX ғасырдың аяғында қазақ жерінің тұңғыш мұнайы өндірілді. XIX ғасырдың соңында мұнай өндіруге орай 1899 жылы Үстірттен өтетін темір жол жобасына байланысты экспедициялар жүргізіліп, нәтижесінде алғаш рет қорымдағы мазарлардың фото суреті 1903 жылы Сант –Петербургтен шыққан « Россия. Полное географическое описание...» атты жинақтың 18 томына жарық көрінді. Қорымның оңтүстігінде «қасиетті» Қара баба зираты бар, оған дәстүр бойынша құлпытас қойылып, басына ағаш қадау орнатылған. Қарашүңгілдегі шикі кірпіштен қаланған бәр камералық кесенелердің көпшілігі киіз үй тәріздес пішінмен салынған. Алайда олардың барлығы дерлік бұзылған. Қорымда облысымыздың солтүстік өңіріне тән қамыс пен қоғаны пайдалана отырып тікбұрышты, сопақша тәрізді жасалған қоршау шегендер көбірек. Сонымен бірге ,осында шикі кірпіштен қаланған қоршаулармен Ұшқан ата қауымына ұқсас бағана тәрізді құлпытастар бар. [3]

Жұбан мазары – Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан солтүстікке қарай 90 шақырым жерде биік төбенің үстінде орналасқан. Ол XIX ғасырдағы сәулет өнерінің үздік туындысы ретінде республикалық дәрежеде қорғауға алынған.

Мазардың күмбезімен қоса алғандағы биіктігі 9,05 метр,тік бұрышы жоспарда (5,85x 6,75 метр) салынған. Ескерткішті құрлысы жағынан алып қарағанда Батыс Қазақстандағы көптеген тақта тасты мазарларға ұқсайды.

Сыртты мен ішкі әшекейленіп, оюланған мазарды салуға пайдаланған әктас – ұлутас Қобыланды аталатын жердегі Таскескен карьерінен жеткізілген. Мазардың ішкі қабырғалары түрлі- түсті бояулармен өрнектелген. Оның ішінде 5 қабір және Жұбан байдың құлпытасы бар. Әдебиетте Жұбан мазарын (тамын) 1895-1898 жылдары Нұғыман ұста салған деп жазылған. Алайда, мазардың ішкі қабырғасындағы соңғы жазуларға қарағанда құрылысты салушы Шәнен Бекбайұлы делінген. Сонымен қатар осы сирек кездесетін мазарда танымал суретші Қаражүсіп ұлдары: Дүйсенбай, Өмір, Игібай салды деген деректер бар. Дегенменде осындай үлкен есерткішті тұрғызу тек қана ірі байлардың қолынан келген. Жұбан мазарының құрлысына 20 мың рубль, 10 жылқы, 122 қой, 1 пұт шай, 15 пұт секер жұмсалған.[4;53,54]

Аралтөбе қорғаны- Жылыой ауданы, Құлсары қаласынынан 70 шақырым шығыста орналасқан. 1997 жылы атақты ғалым Зейнолла Самашев бастаған экспедиция тобы осы Аралтөбе қорғандарына жер асты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде бірнеше метр тереңдіктен ерте темір дәуірінде мекендеген сармат көсемінің мүрдесі табылды. Осы зерттеу жұмыстары көрсеткендей бұл жерде сармат дәуірінің үлкен елді мекені болғаны анықталды. Аралтөбедегі қорым диаметрі 20 метрге жуық, күн шапағы тәрізді дөңгелек түрдегі 12 бөліктен тұратындығымен ерекшеленеді. Бұл «жылдың өзі 12 айдан тұрады» деген ұғымды білдірсе керек. Қазылған үш зираттың алғашқысынан адам қаңқалары мен олар қолданған ыдыстар мен моншақтар, жебе ұштары мен қанжар ұштары табылды.

Қазылған үшінші зираттан Қазақстан тарихындағы екінші алтын киімді адам табылды. Әйел мен ер адам мүрделерімен бірге олардың аяқ жағында екі жылқы мен қыран құс қаңқалары жерленген болып шықты. Ер адам киімі әшекей алтын бұйымдармен безендірілген, тіпті шашын түйген байламшасы, жанындағы қару – жарақтары, қорамсақ жиектері асатығындағы самұрық бейнесіне дейін алтынмен апталып әшекейленген. Бұның өзі бұл адамның тайпа көсемі, қолбасшысы немесе дін басы абыздықты ұстанған, әрі қыран құс ұстап, саятшылық жасаған аңшы болған дәлелдесе керек. Сармат көсемінің алтын киімді адам мүсінін қалыпқа келтірген – республикаға белгілі жоғары дәрежедегі шебер Қырым Алтынбеков.[4;55]

Құлсары күмбезі - кесектен салынған күмбез там және құлпытас Адай руы Сегізбай тайпасы, күшік бөлімі, Тікенейұлы Құлсары.1902 жылы қайтқан.[3]

Қызылқорған қаласы - Жылыой ауданы, Құлсары қаласының солтүстік шығысында 31 шақырым жерде орналасқан. Қалашыққа 2005 жылы археолог М.С. Қасенов басшылығымен зерттеу жұмыстары жүргізді. Қаланың көлемі – 400x400 метр, сыртқы қорған қамалының биіктігі – 2 метр, ені 27 метр. Оның сыртын ені 10 метр тереңдігі 1 метр болатын ор қоршап жатыр. Қорған ішінің орталығында батыстан шығысқа қарай созылған көлемі 100x300 метр, биіктігі 1 метр құрлыс орындары байқалады. Беткі қабаттарынан құмыра, көзе. Қыш қазан сынықтары

кездеседі. Қалада қақпа орны байқалмайды. Қаланың өмір сүру уақыты XV-XVIII ғасырларға жатады. Қалаға М.С.Қасеновтың жетекшілігімен 2007 жылы қосымша археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, оның қала қорған екені анықталды.[3]

Дүйсеке қорымы – Құлсары қаласынан солтүстік батыс бағытта орналасқан. Өкінішке орай, табиғи әсерлерден құлпытастар құлаған, мүжілген. Ел мен жер тарихынан сыр шертетін эпитафиялық жазулар уақыт өте жойылуы да әбден мүмкін. [4;58,59]

Иманқара тауы- Атырау облысы, Жылыой ауданындағы Құлсары қаласынан солтүстік шығыста 60 шақырым жерде орналасқан. Таудың ұзындығы 2 шақырым, ені 300 метр, биіктігі 200 метр. М.Қасенов тауға арнайы зерттеу жұмысын жүргізді. Тау үсті тегіс жазық болып келген. Үстіндегі жазықта 18 қорған орналасқан.1989-1991 жылдары 6 обаға археологиялық қазба жұмысын жүргізген. Біздің эрамызға дейінгі V ғасырға жататын қабірлер ашылды. Оларға адам жерленіп, қастарына қанжар, қола жебе, қола айна, шыны моншақ, қыш ыдыстар қойылған. Қорғандардың биіктігі 0,5-1 метр, диаметрі 3-15 метр аралығында. Баыс Қазақстан археологиясының жетекшісі З.Самашевтің зерттеуінше бұл қорғандарда сарматтар жерленген. Иманқара тауы ерте кезден қасиетті тау болып есептелінген. Ол ерте темір дәуірінде ,орта ғасырларда адамдар табынатын әулиелі жер болған. Таудың батыс сілемдерінде құлпытастар бар.

Көне адамдардың мекені болып есептелетін, Жылыой ауданындағы өзіндік ерекше археологиялық ескерткіш – **Иманқара үңгірі**. Ол құмайтты тас араласқан тау жыныстарының қуысында орналасқан. Үңгір үш дәлізге бөлініп, олардан қосалқы қуыстар жасалған. Үңгір аузы төртбұрышты.

1944 жылы бұл үңгірге фашистердің деверсиялық тобы жасырынған. Ол туралы «Қатерлі қияда», Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» деген әдеби кітабында баяндаған. Үңгірдің биіктігі 2 метр, ені 2,5 метр тік төртбұрышты болып қазылған. 3 дәлізден қосалқы қуыстардан тұрады. Жұмсақ құмайт жынысты кеуелеп қазып, қосалқы дәліздер жасаған. Қабырғаларында күрек, қайла іздері байқалады. Үңгір қабырғалары мен төбесі күйеден қарайған.Іштен шығарылған тау жынысы 10 метр қашықтықта үйіліп жатыр. Қазіргі кезде кейбір зерттеушілер үңгірді 1911 жылы жасалған деп есептейді. Ағылшын кәсіпкері Нобель 1911 жылы Ембімұнай кендерін іздестіруге концессия алған. Сол кезде «қойма» ретінде қазылуы мүмкін. Оған дәлел ретінде мұнай қондырғысының «кездегі» орнын көрсетеді.

Иманқара үңгірі алғаш табиғи үңгір болуы мүмкін, кейін тау жыныстарының жұмсақтығынан кеңейтіліп, қазіргі жобасына өзгертілген. Иманқара үңгіріне де адамдар қоныстануы мүмкін. Кейінгі кезде үңгірді жерасты ғибадатхана ретінде пайдаланса керек. Иманқара тауы ертеден қасиетті, әулие тау деп есептелінеді. [3]

Қайнар кесенесі – Доңызтаудағы ежелгі сәулет өнері. Жылыой ауданы аймағында орналасқан ХІХ ғасырдағы сәулет өнерінің айшықты көрінісі болып табылатын Қайнар діни –тұрмыстық кешені. Ғажайыпта, шұрайлы табиғатымен ерекшеленетін Доңызтау тауында орын теуіп, солтүстік шығысында Ақтобе, оңтүстігінде Манғыстау облыстарымен шекелген. Құлсары қаласының оңтүстік шығысына қарай 196 шақырым жерде бой көтерген бұл кешенде 2 мазар.1 мешіт медресе, 35 сағантам, 75 қойтас, 350 құлпытас, 80 қоршау, 300 ден аса қабір үйінділері бар. Мешітті салу үшін қашалып, кірпіш формасына келтірілген тау тастары пайдаланылған. Биіктігі шамамен күмбезімен қос есептегенде 4 метр, қабырғаларының қалыңдығы жарты метрге жуық. Алайда уақыт әсерімен күмбездері опырылған. Мешітке жалғасып салынған медреселерге бала оқытылып діни дәріс берілген.

Сонымен қатар Доңызтауда көшпенділер мәдениетін тарих түкпірінде жасырып жатқан мұртты қорғандар бар екен айта кеткен жөн. Қорғандарды алғаш анықтап зерттеген белгілі ғалым, археолог Зейнолла Самашов болатын.[4;59]

Қорытынды

Бүгінде жаңарған заман мен жарасым тауып, ел мен жұртқа құт мекен болып отырған , өзіміздің кіндік қанымыз тамған Жылыой өлкесі тарихының әрбір парағы біз үшін ерекше қымбат, ерекше қастерлі.

Оңтүстігінде үш жүз алпыс екі әулиелі Манғыстау өңірімен, терістігінде «қырында киік жайлаған» Қызылқоға мен арқалы Ақтөбе аумағының байтақ жерімен шектесіп жатқан қасиетті Кең Жылыой көнеден – ақ тағылымды тарихқа бай, сырлы шежіреге толы аудан.

Қазақстанның Еңбек Ері , Халық жазушысы, Әбіш Кекілбаев: «Кең Жылыой жері – Елінің жел жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген азамат, жаудан елді арашалаған батыр, дауды әділетті арашалаған қази, озбырлықтан обал мен сауапты арашалған пірөдар- Пір ата Бекеттің кіндік қаны тамған, тал бесікке тербеліп балалық, жастық балғын дәуірі өткен қасиетті де киелі топырақ » деген екен. Міне осы киелі топырақты жау тұяғына таптатпай қорғаған бабаларымыз жатқан тарихи орындарымызды ғылыми –зерттеу, қорғау, сақтау барлығымызға ортақ міндет деп білемін.

Заключение

На сегодняшний день очень дорог и высоко чтим каждый отрезок истории родного Жылыойского края, который является калыбелю народа и гармонично отражает современные веяния.

На юге граничащий с Мангистауским регионом, где покоятся 362 святых, и на северной стороне с родиной сайгаков-Кызылкога и просторами величавого Актобе священная земля Кен Жылыой издревле богата историей и таинственной летописью.

Заслуженный деятель Казахстана, народный писатель А. Кекилбаев говорил: “Кен Жылыой- это священная земля, где родился и рос великий Бекет, являвшийся щитом и опорой родного края, справедливо разрешавший родовые споры, высоко чтивший человечность и отличавшийся милосердием.” Считаю, что наша общая обязанность научно исследовать, защищать и сохранить вот такие священные земли и исторические места, отвоеванные и доставшиеся нам от предков.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шуканова Н. «Жылыой ауданының географиясы»-Алматы, «Дайырбаспа». 2014ж
2. Сисекенұлы Л., Ақдрашев И. «Жапырағы жайылған Кең Жылыойым»- Ақтөбе, «А- Полиграфия».2008ж
3. Жылыой аудандық мұражайдың мұрағаты
4. Сүйенбайев Н. «Киелі мекен- Кең Жылыой»- Атырау, «Ағатай»,2014ж

С.Ж.Маханбетова

№2 мектебі, география пәні мұғалімі

ЖЫЛҚЫШЫ ІЗТҰРҒАНОВ – ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, МАЙДАНГЕР АҚЫН

«Егер адам артына, өз ұрпағына пайда келтіретіндей іс қалдырса, оның жаны өлмейді», - деп Жүсіп Баласағұн айтпақшы, бүгінгі жұмысыма арқау болып отырған жанның бірі – ұлағатты ұстаз, майдангер ақын, менің бабам Жылқышы Ізтұрғанов. Ол артына бірнеше еңбектерін қалдырып, ұрпағына ізгі іс жасаған ұлағатты ұстаз. Осындай абзал азаматтың өмірінен өнеге алу, құрмет тұту, зерттеу - біздің парызымыз, және Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи бағдарламалық мақаласында әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет делінген. Осыған сәйкес Жылқышы Ізтұрғановтың туындыларын қайта жаңғыртуға мүмкіндік мол.

Жылқышы Ізтұрғанов 1912 жылы Гурьев облысы Қызылқоға ауданының Калинин ауыл Советінде кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әке-

шешесі мал шаруашылығымен күн көрген кедей шаруа болған, 1913 жылы дүниеден өткен соң, әкесінің інісі Текей Дауыловтың тәрбиесінде болады. Бала кезінен зерек, өлең-жырға құмар болып өседі және өлең жазумен шұғылданады. Кейінен осы өнерімен халыққа кеңінен танылады, ақындар айтысына қатынасады.

1926 жылы Жылыой поселкесіндегі бастауыш мектепке түсіп, 1930 жылы бітіреді. Сол жылы Гурьев қаласынан ашылған бес айлық мұғалімдер даярлау курсына түседі. 1930-31 оқу жылында № 33 ауылда (Қараарна) бастауыш мектебінде меңгеруші, 1931-1932 оқу жылында Қойсары бастауыш мектебінде меңгеруші 1932-1933 оқу жылында Айранкөл бастауыш мектебінде директор. [3;54] 1933-1934 оқу жылында Құмтоғай бастауыш мектебінде меңгеруші болып қызмет атқарған. Жас болса да жұмысына тиянақты, жақсы жағынан көріне біледі. 1.03.1934-20.08.1936 жылдар аралығында аудандық оқу бөлімінде статистик-есепші болып істейді, бірақ ол кездерде ұстаздық қызметін үзбей, Жылыой орталау мектебінде мұғалімдік қызметін жалғастырады. Одан соң 1936-39 жылдары Қараша бастауыш мектебінің меңгерушісі, 1939-1942 жылдары арасында Қараша жеті жылдық мектебінің мектеп директорлығына жоғарлатылады. 15.09.1939 жылы ВЛКСМ қатарына қабылданады. Жұмыс жасай жүріп, 1940 жылы Гурьевтегі педучилищеге түсіп, оны 1945 жылы бітіреді. 1941 жылы Коммунистік партия мүшелігіне қабылданады. Кеңестер Одағына неміс фашистері шабуыл жасаған кезде, 1942 жылдың 2-ші мамырында майданға аттанып, Калинин майданының 41-ші атқыштар полкы құрамында пулеметші болады, 1943 жылы ауыр жаралы болып елге оралады. Жаралы жауынгер еңбек майданына құлшына араласады. 1943-44 оқу жылдарында Қараша жеті жылдық мектебінде, 1944-48 жылдар аралығында Киров атындағы жеті жылдық мектепте, 1951-52 оқу жылында Айранкөл жеті жылдық мектепте директор болып жұмыс жасайды. «Білім іздеген өсер дегендей» , 1951 жылы Ақтөбе қаласындағы Байғанин атындағы оқытушылар даярлайтын институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, оны 1954 жылы бітіреді. 1952-59 оқу жылдары Қараша жеті жылдық мектепте директор болып жұмыс жасайды. 24.08.1959 жылы бұрынғы Сталин атындағы (қазіргі М.Әуезов) жеті жылдық мектепте мұғалім болып істеп, [4] 1970 жылы дербес зейнеткерлікке шығады. [5;11.1974ж]

Жауынгерлік және еңбек жолында еңбегі еленіп, бірнеше марапаттарға ие болды. [4]

СССР Жоғары Советі Президиумының указы	«Еңбекте үздік шыққаны үшін» медаль	1939 жыл
СССР Жоғары Советі Президиумының указы	«Еңбекте үздік шыққаны үшін» медаль	26 декабрь 1945 жыл

СССР Жоғары Советі Президиумының указы	«1941-1945жж Ұлы Отан соғысында Германия түбіндегі Жеңіс үшін»медаль	9 май 1945 жыл
СССР Жоғары Советі Президиумының указы	«1941-1945жж Ұлы Отан соғысында Ерен еңбегі үшін»медаль	6 май 1945 жыл
СССР Жоғары Советі Президиумының указы	«Еңбектегі ерен еңбегі үшін» медаль	24 март 1954 жыл
Қазақ ССР оқу министрі указы	«Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері»значогі	9 август 1956 жыл
СССР Жоғары Советі Президиумының указы	1941-1945жж Ұлы Отан соғысында «Германия түбіндегі Жеңіс үшін»медаль	30 март 1959 жыл
Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының указы	«Қазақ ССР-на еңбек сіңірген мектеп мұғалімі»Құрмет грамотасы.	6 март 1966 жыл
Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының указы	Қазақ ССР мен Қазақ Компартиясының 50 жылдығына орай «Халық ағарту ісінің ардагері»	
Ембі аудандық партия Бюросының үкімімен	Лениннің Құрмет Кітабына енгізілді	24 апрель 1969 жыл
СССР Жоғары Советі Президиумының атанан	В.И.Лениннің100 жылдық туған күніне орай «Ерен еңбегі үшін»медальы.	2 апрель 1970 жыл

Бұнымен қатар бірнеше облыстық және аудандық Құрмет грамоталарына ие, Қазақ ССР педогоикалық қоғам мүшесі болған. Ж.Ізтұрғанов қоғамдық жұмыстарға да көп араласқан. 1939, 1945, 1948, 1959 жылдары Жилокосинск аудандық советінде депутаттыққа сайланған. [4]

Ұстаздың жары Тоты анамыз - өте парасатты, көрегенділігімен ақылдылығы, ағайын-туыс, ел -жұртың арасындағы беделді, ұрпағына үлгі болатындай адам болған.

Кезінде,

«Балдырғаным, ақ жүзіңе,
 Мен сүйсіне қараймын,
 Білім алып, мектебіңнен
 Өсуіңді қалаймын,
 Гүл жайнатқан өміріңді,
 Сүй Отанды анандай,
 Ақта , ұлым, үмітімді

Болшы орныңды табардай», [6]-деп ұлына арнаған екен. Сол өнегелі ұядан шыққан, ұлы Манас Жылқышыұлы әке үмітін ақтап, көп жылдар бойы аудандық Ішкі істер бөлімінде тергеуші қызметін атқарады, қазіргі

таңда кәсіпкер, жұбайы Өтешова Ақзер екеуі 5 баланы өсіріп, 16 немере-жиен сүйіп отырған ақ сақалды атамен ақ жаулықты әже.

Адамға абырой әкелетін төрт іс бар: бірінші- құмда қазылған құдық, екіншісі - өзенге салынған көпір, үшіншісі - жол жағасына салынған саялы ағаш, төртіншісі - ұстаздан ұлағатты білім алған шәкірт. Ұстаз сөзінің ауқымы кең. Бала оқытқанның бәрі ұстаз атанбайды. Ұстаз атану үшін алдымен шәкірт мойындау керек, қалды ел, халық мойындауы керек. Жақсы ұстаз оқушыға мәселенің дайын жолын айтпайды, ол сол мәселені шешетін жолды көрсетеді. Жылқышы ағайды да осындай ұстаздардың қатарына жатқызамыз. [1;23]

Жылқышы Ізтұрғанов – жайдарлы, байыпты, парасатты, өте шебер мұғалім болған. Ол қырық жыл бойына аудан мектептерінде ұстаздық етті. Алғашқы еңбек жолын сауатсыздықты жою мектептерінде сабақ берді. Қажымас еңбеккер, аудан халық ағарту ісін ұйымдастырушылардың бірі. сергек те, сезімтал жолдас, дархан жанды адам болатын. Принципшіл, жұмыста талап қойғыш, жолдастары арасында лайықты абыройға құрмет пен сүйіспеншілікке ие болған ақжарқын қызметкер еді. Ол өзінің бар күш-қуатын, білімі мен іскерлігін, қажымас жігерін, бай тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілетін ауданның халық ағарту ісін өркендеуге аямай жұмсады. [5; 14 .11.1974ж.] Бұл сөздердің дәлелі екі рет 1939 және 1945 жылдары СССР Жоғары Советі Президумының «Еңбекте үздік шыққаны үшін » медальмен наградталған. «Қазақ ССР -не еңбегі сіңген мұғалім» деген жоғары атақтың берлуі де осы саналы өмірдің сапалы еңбектің жемісі.

«Мен ширек ғасырдан астам уақыт бойы ұстаз болып келемін. Ұстаз деген осы бір ауыз сөзде біле-білген адамға көп мағана жатыр. Осы жылдар ішінде қаншама балғын да балауса шәкірт менің алдымнан өтті!? Әсіресе алғаш мектеп табалдырығынан аттаған оқушыларға сабақ жүргізу қиын да қызық. Мектеп деген маған өте ыстық, шуылдап жүрген шәкірттерімді көргенде кейде бойымдағы сырқатты да ұмытып кетемін. Әйтеуір осы ортаға жеткенше асықпын.», - деп жазады өз естеліктерінде ұстаз. [7;1968ж]

Жылқышы Ізтұрғанов ұстаздығымен қатар ақындығы да бар болатын. Оның артында мәңгі өшпестей өлеңдері қалды. Өлеңдерінің тақырыбы сан алуан. Олар еңбек, отан, мектеп, білім, туған жер, табиғат, достық, махаббат, арнау өлеңдері бар. Сонымен қатар сатиралық күлдіргі өлеңдерде жазған.

«Оқы, үйрен білімді», «Білім- өмір жемісі» өлеңдеріде жастарды оқуға шақырады, білімді болсаң алынбайтын асу жоқ, білім азбас асыл тас екенін айтады.

«Оқы үйрен білімді »

Оқы үйрен білімді,
Байытады тілінді.
Сананды да оятып,
Түзетеді мініңді

Ұмтыл ұлым білімге,
Қиындық кідірме.
Адам аспас асу жоқ,
Сен жеңесің түбінде.
Оқы қызым ,білім тап,
Сода абыраой,өмір бақ.
Ғалым болсаң көрнекті,
Ел сүйсінер,міне бақ. [2]

(15қаңтар 1938 жыл)

Ұлы Отан соғысы кезеңдерінде, соғысқа кеткен бауырларына , елден сәлем ретінде, хат арқылы өлеңдер жазып отырған. Оларды айта кетсек, «Майдандағы бауырға», «Аманат». т.т. Кейін өзі де соғысқа аттанады. Қан майданда, от пен оқтың ортасында жүрседе, елге деген сағынышын жүрек түкпірінен шыққан өлең жолдарымен жеткізеді. «Қан майданда жүрмін мен», «Қараша», «Мәншүк», «Мамайға» т.т.

Қан майданда жүрмін мен»

Қан майданда жүрмін мен,
Пулеметпен оқ боратып.
Қорғаушымын Отанды,
Фашистке ажал таратып. [8;115]

(27 қыркүйек 1942 жыл)

Ал, «Еркін елді жырлаймын» өлеңінде, ақынның туған еліне деген патриоттық сезімін көреміз. Ұлы Отан соғысынан кейінгі, Совет елі халқының бірлігі, жеңімпаз да, айбатты да күшті, жері бай, дәулеті мол деп жырлайды.

«Еркін елді жырлаймын»

Жерім бай,дәулетім мол,ұшан теңіз,
Жеңімпаз халқым және туған тегіс.
Күші мол,айбатыңмен жауын жеңіп,
Он алты республикам өскен егіз,
Мызғымас берік қамал Совет елі,
Байлықпен,батырлықпен барма кеші.
Күн туса ұлы жарлық қанды майдан,
Ойнаған жау үстінде ақ семсері.
Қасарған дұшпанының шағын тауып,
Қымтыртқан біржолата екі жауын,
Жырлаймын еркін өскен Отанымды,
Баспаған ешқандай жау омырауын. [9;№226]

(15 қараша 1946 жыл)

Жыл мезгілдеріне байланысты табиғаттың өзгерісін, әр түрлі құбылыстарын «Жыл мезгілдері» өлеңінде көрсетеді. Өлеңді төрт жыл мезгіліне байланысты «Қыс», «Жазғытұрым», «Жаз», «Күз» деп бөлген. Ал «Табиғат көркі» өлеңінде табиғаттың әсем көркі, тастан - тасқа тулаған өзенді, аспанмен таласқан тауды, самал жермен тербелген кең даланы, сол кең далада еркін жүрген құландар мен ақбөкендерді сипаттайды.

« Жыл мезгілдері»

«Қыс»

Жер аппақ, үскірік жел, көзсіз боран.
Сары аяз, қары қалың сатырлаған,
Тұрмайды бір қалыпта айнымалы
Арудай ұстамалы бұлан-талқан.

(28 желтоқсан 1942 жыл)

«Жазғытұрым»

Қар еріп өзен тасып лепірген,
Тіріліп жан-жануар, құстар келген.
Бұлт өрлеп, күн күркіреп, жауын жауып,
Балбырап күн нұрына жер гүлдеген.

(12 сәуір 1942 жыл)

«Жаз»

Күн ыстық, ауа аптап, ми қайнатқан,
Қыздырып табиғатты, тас балқытқан.
Маужырап, өз денесін зорға билеп,
Солықтап талма түсте бәрі жатқан.

(19 шілде 1944 жыл)

«Күз»

Шуақты, ызғырықты, қалың тұман,
Жауынды, шық, қыраулы тамылжыған.
Адамдай кәрі қайтқан жабырқаңқы,
Жамылып қара бұлт тұнжыраған. [2]

(25 қазан 1944 жыл)

«Өгіздер арызы», «Дүкенші сөйлейді», «Құлақшын», «Теке мен түлкі», «Құс пен шошқа фермасы» сатиралық өлеңдері арқылы өмірдің шындығын суреттейді. Ал, «Ақшелек мектебі», «Сол мектеп» өлеңдері арқылы сол кездегі мектептің жай-күйін, үкімет тарапынан берілген сөздердің орындалмауын көрсеткен.

«Сол мектеп»

Оқитын, жазатын да құралы жоқ,
Сатуға дүкенінде тұрары жоқ.
Партасы, тақтасы да жеткіліксіз,
Жарыққа еңбегінің шығары жоқ.
Бұл жайлы үкіметтің сөзі қайда?
Түзейтін партияның тезі қайда?
Ау атком, ау партком мен районо,
Көретін мектеп жайын көзі қайда?
Күн қашан мына мектеп оңдалатын?
Кім айтшы, мектеп ісін қолға алатын. [2]

Қорытынды

Ұстаздардың ұстазы, ауданымыздың білім беру саласында өзіндік қолтаңбасы бар, ақын, менің бабам Жылқышы Ізтұрғанов Кең Жылыойдың мақтанышы. Ел-жұртына ерен еңбегімен сыйлы, қадірлі басшы болып, азаматтық парызын ел алдында адал өтей білген азамат.

Жылқышы Ізтұрғановтың шәкірттерінің ішінен әр түрлі салада беделді қызметкерлер көптеп шықты. Оның артынан өшпестей болып қалған өлеңдері де бар.

Адам емес, мәңгі өлмейтін атағы демекші, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі жұмысы аса жоғары бағаланып, бірнеше марапатқа ие болды, СССР Жоғары Советі Президиумының указы бойынша 1939, 1945 жылдары «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальмен екі рет марапатталып, Москва қаласына барып, М.И.Калининның қолынан алған. Атырау және Жылыой энциклопедия-даларында аты енгізіліп, ауданымыздың орталығынан көше атағы да берілді, жәдігерлері облыстық тарихи-өлкетану мұражайына қойылды. Бұл – артына өшпес із қалдырған, киелі жеріміздің ардақты азаматына деген құрмет деп білеміз.

Менің бабам Ізтұрғанов Жылқышы Ізтұрғанұлы сияқты біртуар азаматтың қарапайым ұлылығы мен елі үшін істеген ісін жария етіп бүгінгі ұрпаққа ұмытылмастай етіп үлгі тұтар қасиеттері мен адами кеменгерлгі, кісілік кемелдігін танып, болашақ ұрпаққа ұсыну ұрпағының перзенттік парызым деп білемін.

Заклучение

Один из известных педагогов, имеющей своё значимое место в отрасли образования района, поэт, мой прадед Жылқышы Изтурганов- гордость Кен Жылыоя.

Это человек, который исполнил свой гражданский долг перед народом, почитаемый свой труд, работавший уважаемым руководителем.

Среди учеников Ж. Изтурганова очень много авторитетных работников различных отраслей. После него также остались незабываемое поэтическое наследие.

Как говорится: вечен не человек, а его имя, его труд в обучении и воспитании молодого поколения был по достоинству оценен и был удостоен нескольких наград.

По Указу Президума Верховного Совета СССР В 1939 и 1945 годах он был дважды награждён медалью «За доблестный труд» и получил награду из рук М.И Калинина в Москве. Его имя внесено в энциклопедии Атырауской области и Жылыойского района, есть улица его имени. Экспонаты его деятельности находятся в областном музее.

Это дань уважения потомков памяти человека оставившего неизгладимый след.

Считаю своим долгом представить будущему поколению простое человеческое величие и неоценимый труд человеческие качества и гениальность такого неординарного человека, как мой прадед Ж. Изтурганов.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әміржанов А. «Тұрғызбаның төртінші түлектері» - Атырау, 2010-60 бет;
2. Ақынның сақталған өлең дәптері;
3. Атырау Жылыой энциклопедия - Алматы, «Мұрагер», 2003-232+16 бет;
4. Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайының мұрағаты;
5. «Ембі» аудандық газеті - Құлсары, 1968,1974 (қараша), 1991ж. (25 шілде)
7. Жылыой қаламгерлері - Алматы, «Исламнұр», 2005-392 бет+24 ,бет;
8. «Майдангер» - Алматы, «Арыс», 2002-232 бет;
9. «Социалистік құрылыс» облыстық газеті - Атырау, 1946 жыл, №22 (4026)

А. Е. Амангалиева

Сағыз орта мектебі КММ,

тарих-география пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қызылқоға ауданы Сағыз ауылы

РУХАНИ ҚАЗЫНА МЕКЕНІ-АБДОЛЛА ХАЗІРЕТТІҢ КӨК МЕШІТІ

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді, өшті оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.
Шәкәрім Құдайбердіұлы

Көк мешіттің тарихы-қиянат көрген, қасірет шеккен қазақ халқының тарихының бір парағы. Көк мешіттің салынуына себепші болған Абдолла Жаналыұлы кім, қандай адам болған, елге сіңірген еңбегі қандай?

Абдолла Хазірет 1855 жылдар шамасында қазіргі Батыс Қазақстан облысы мен Ақтөбе облысының шектесіп жатқан аймағында дүниеге келеді. Абдолла Хазірет Уфа қаласында діни медреседе оқып, білім алады. Ол Уфа қаласындағы медресені бітіріп, Орта Азиядағы дін орталығы Бұқара қаласына барып, жоғары діни оқу орнын бітіреді. Бұдан соң елге келіп, сол кездегі Орынбор губерниясына қарайтын Қопа елді мекенінің Ебейті өзенінің арқа бетінде, ауылында әкесі Жаналының үнгір мешітінде бала оқытады. Бұл кезең 1875-1885 жылдар шамасы делінеді. [1]. Мешітте балаларды оқытып жүріп, Абдолла хазірет өзінің де білімін жетілдіру мақсатында оқуын жалғастыра береді.

Меккеге қажылық сапарына барып Хиуа, Бұқар, Самарқанд, Хорезмде болып, ұлы ғұлама ғалымдармен кездесіп, сұхбат құрады. Білімін сынатып, білімін одан әрі тереңдете түседі. Орта Азия діни бірлестігінің ғұламалары оның білімін аса жоғары бағалап, оны «Абдолла Хазірет» деп атайды. Хазірет туралы Сағыз ауылының шежіре карттары да Жем, Сағыз, Ойыл өңіріндегі өте білімділігімен, діндарлығымен аты аңызға айналған адам дейді [2].

Хорезмдегі белгілі хазірет әулеті, аса ғұлама ғалым Зәкіржанмен жолығады. Зәкіржан хазірет оған хазірет атағын алғаны үшін ер-тұрман, бір асатаяқ беріп, басына сәлде ораған. Осы ер-тұрман мен асатаяқ Сағыз ауылында тұратын Абдолла Хазіреттің немересі Ахметниязұлы Қалиболланың үйінде сақталып тұр. [3].

Ертеде Орынбор, Маңқыстау, Хорезм, Үргеніш бағыттарында үлкен саудасаттық жолы болғаны тарихтан белгілі. Осы кезеңдерде жергілікті билеушілер мен игі жақсылардың ақылымен Абдолла Хазірет отырған жер сол кезде Орынбор губерниясына бағынышты болғандықтан, соның шешімі бойынша ислам мешіттерінің үлгісімен мешіт салуды жоспарлайды. Сонымен Шибұлақ

деген жерде мешіт құрылысы басталады. Мешіттің құрылысына бүкіл ел болып көмектеседі. оның құрылысын жүргізуге Қазан қаласынан сәулет өнерінен хабар бар төрт жігіт арнайы шақырылады. Ағаштарын Орынбор жерінен түйе арбамен тасыған. Мешіт құрылысы бес жылға созылып, 1914 жылы бітеді. Мешіт көк сырмен сырланған. Алыстан көрініп, көз тартатын мешіттің күмбезі көк болғандықтан халық оны «Көк мешіт» атаған. Мешітті Абдолла Хазірет басқарады. Мешітте қазақ, башқұрт, татар ұлттарының өкілдері білім алып, саны 70-100 балаға дейін жеткен. Абдолла Хазіреттің ілімдерінің негізінде құранмен тәлім беріліп, рухани тәрбие, математика, жағрапия, табиғат тазалығы т.б дүниетанымдық сабақтар оқытылады. Оның ішінде есеп-қисап, ислам ғұламаларының тарихы, Құран-кәрімдер Қазан қаласының баспасынан әкелінген. Мешіт тікелей Уфа діни бірлестігіне бағынған. Есеп-қисап ісі қатаң жүргізілген. Мешітке түскен ақшалай пұл мен төрт түлікті әр жұма күні тұрмыс күйі төмен, кембағал жандар мен жетім-жесірлерге үлестіріп отырған. Қарны аш адамдарға ыстық тағам ұйымдастырылған.

Абдолла Хазірет елде тек бала оқытып қана қоймай, оның ерекше көріпкелдік қасиеті де болған деседі. Хазіреттің қасиеттілігін мойындамаған шолақ белсенділер бірі, Абдолла хазіретке Зікіржан қажы берген ерді сұрап, мазалаған екен. Сол ерді сұрап алған адам екі күннен соң аттан құлап, қайтыс болыпты.

Алаштың арысы «Мұстафа Шоқай және Мария» Абдолла Хазіретке арнайы келіп, бірталай күн Сағыз өзенінің жағасында аунап-қунапты дейді. Түркияда қазақ тілінде жарияланған «Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай» атты естелік кітаптарында олардың Ақтөбе, Темір, Ойыл, Қызылқоға, Доссор Жылыой арқылы жүрген сапары жайлы айтылған. [4]

Абдолла Хазірет 1918 жылы қайтыс болды. Ол өзі салған мешіттің жанында жерленген. 1918-1930 жылдары мешітті үлкен баласы Әбді-Уәли басқарған.

И. Сталиннің атеистік саясаты осы Көк мешітті басқарған, дәріс берген ғұламаларды, қарапайым білім алушыларды қуғын-сүргіннің құрбаны етті. НКВД-нің айдауында болып, олардың ұрпақтары, отбасы мүшелері ашаршылықтың зардабына тап болып, тірі қалған балалары моральдық қиыншылықты ұшырап, қиыншылықтарды көп көрді.

1930-35 жылдары, Шибұлақтан 13 шақырым жерде Қандыағаш-Гурьев теміржол құрылысы жүре бастаған. 1935-1941 жылдары осы жерден 30 шақырым жерде Орск мұнай құбыры қазылған. 1935 жылы бұзылып, материалдары мұнай құбырының, Сағыз темір жолының үй, кеңсе, айдайтын мотордың шеберханасына пайдаланылған. 1937-40 жылдары мешіттің орны колхоз малын бағу үшін қой қора салған. Бірақ сол қорада бір түнде 5-6 қойдан өле беретін болыпты. Содан кейін колхоз басшылары қораны астық қоймасына ауыстырған. Мешіт құдығының жанында биіктігі 5-6 метр болатын ағаш өсіп тұрды. 1990 жыл осы мешіт орнының алдына Крупская совхозының басшылары тастан құйдырып қора

салады. Осы қораны салғаннан кейін құдықтың қасындағы жайқалып өскен ағаш өзінен өзі семіп, құлап түсті.

Көк мешіттің қиратылып, құлатылғанына да көп уақыт болыпты. Осы уақыттың ішінде жергілікті халыққа Көк мешітті ұмыттыру үшін қандай шаралар жасалса да, халық оны ұмытқан жоқ. Соның бірден-бір дәлелі-Шибұлақтағы Абдолла Хазіреттің Көк мешітінің айналасы қоршалып, мрамордан жасалған ескерткіш тақта орнатылды. Хазіреттің ұрпақтары атадан қалған мұраны аса қастерлеп, «Құран», «Мұқтасар», «Әптиек» кітаптарын тарихи жәдігер санайды.

Өз заманында озық ойлап, халыққа қызмет еткен Абдолла Хазіреттің өлкеміздігі ислам дінінің дамуы мен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қосқан үлесі өлшеусіз. Оның еңбектері мен өмір жолы ұрпаққа үлгі, аманат іспеттес.

Абдолла Хазірет кезінде балаларды имандылыққа баулып, халықтың діни сауаттарын арттырған тарихи тұлға деп санасақ, оның өмір жолы мен өнегесін насихаттау - бүгінгі ұрпақтың міндеті,

Елбасының сындарлы саясатының нәтижелі жүргізілуінің жемісі-елімізде

«Ұлы даланың жеті қыры» тарихи мақаласы жүзеге асырылуда. Демек, ұлт жанашыры болған, ұрпағының мақтанышы болған-Абдолла Хазіреттің еңбектері мен өмір жолын кеңінен насихаттаудың мүмкіндігі туып отыр. Сонымен қатар, Абдолла Хазірет мешітінің тарихы мен тәлімі туралы негізгі, орта мектеп бағдарламасына енгізілсе, өскелең ұрпақ сөз жоқ отансүйгіштік, жауапкершілік қабілеттерін шыңдай түсері анық.

Жылдар жылжып өтсе де, отты жылдар оқиғасы ұмытылмақ емес. Сол жылдарда ерліктің үлгісін көрсеткен аталарымыз бен аналарымыздың ерлік дастаны тарихымызда лайықты орнын алып, ұрпақтан-ұрпаққа өнеге ретінде қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Х. Ахметниязовтың жеке мұрағатынан [1,2]
2. Атырау энциклопедиясы, Атырау 2000ж [3]
3. Сағыздың бойы-ен жайлау Алматы-2014ж [4]

Мерзімді баспасөз

1. Атырау газеті, 2010-2014 ж
2. Алтын Орда, 23-29 қыркүйек, 2005ж

Д. Ж. Жетібай

Сағыз орта мектебі КММ, 7 сынып оқушысы

Қызылқоға ауданы Сағыз ауылы

САҒЫЗДЫҢ ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ

1941 жылдың 22 маусымы – біздің тарихымыздағы ең қайғылы күн, Ұлы Отан соғысының басталған уақыты. Ұлы Отан соғысының төрт жылы- 1418 күні мен түні - халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылып, өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жанын қиды. Қазақстан халқының бестен бірі майданға аттанды. Ең алдымен Қазақстан экономикасын соғысқа бейімдеп қайта құру жүргізілді. Көптеген өнеркәсіптер соғысқа қажетті заттар шығаратын кәсіпорын етіліп қайта құрылды. Сонымен қатар майдан өңірі болып саналатын Ресей, Украина, Белоруссиядан көптеген кәсіпорындар Қазақстанға көшірілді. Ондай кәсіпорындардың саны 220-ға жетті. Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін негізгі базаға айналды. Майданда қолданылған барлық оқтың 90%-ы Қазақстан жерінде өндірілген қорғасыннан жасалды. Қазақстан жерінде яғни тылда негізінен кәрі адамдар, әйелдер және балалар жұмыс жасады. Жер жырттып, егін егіп, мал өсіріп, одан өндірген өнімді майданға жөнелтіп отырды. Өте қиын кезең болды. Бірақ еш мойыған емес. 1942-1943 жылдар аралығында республика ауыл шаруашылығынан 4111 трактор, 1184 жүк машиналары, 30318 жылқы майданға жіберілді. Сондықтан да соғыс жылдары егін салу жұмысының 50%-ін ірі қара атқарды. Тылдағы еңбекшілер жоғарыдан берілген жоспарды орындау барысында күні-түні еңбек етті. Соғыстың бірінші жылы мемлекетке 100 млн. пұт астық тапсырылды. Бұл көрсеткіш 1940 жылмен салыстырғанда 24 млн. пұтқа артық. Колхозшылар мен совхозшылар өз еркімен еңбек күнін таңғы бестен, кешкі 22.00-ге дейін ұзартқан. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары.

Ел басына түскен қиын-қыстау шақта тылда қара жұмысқа жегілген кешегі бозбалалар – бүгінде бір әулеттің ақ сақалды атасы, шежірелі қазынасы. Кеуелов Толтыр – Сағыздық тыл ардагерлерінің бірі. Толтыр атамыз 1915ж Жылой жері Прорва елді мекенінде дүниеге келген. Ол миллиондаған адамның өмірін қиып, бейбіт өмір сүріп жатқан қаншама отбасын бақытсыздыққа душар еткен сол бір сұрапыл соғыс басталған кезде 26 жаста болатын. 1936-1938жылдары елдің экономикасын көтеру, Доссор, Қосшағыл, Байшонас тағы басқа жерлерден

шыққан шикізат- мұнайды тасымалдау үшін Қандағаш – Мақат тар табанды темір жол желісі салынды. Алғашқы темір жолдың салынуына жергілікті тұрғындармен бірге Толтырда қатынасып, өгіз ат арбаларымен құм тасып, темір жол табанына тиеді. Кейіннен осы жергілікті тұрғындардың көпшілігі теміржолшы болып, сол кездегі жұмысшы табын қалыптастырды. Ол 1941-1945жж әскер қатарынан броньмен қалдырылып Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында 1942жылы Гурьев вагон депосы құрылуында басы қасында болды. Вагон депосының құрылғандағы негізгі мақсаты сол жылдары майданға тасымалданатын мұнай және мұнай өнімдері және тағы басқа материалдарды таситын вагондарды жөндеу, тексеруден өткізу үшін құрылды. Құрама қатарындағы вагондардың жол бойы жағдайын тексеріп тұру, жұп доғалақтарды майлап отыру, жүктердің қауіпсіздігін сақтау үшін Гурьевтен бастап әр жерлерге вагон қарау, тексеру пункттері ашылып, сол мекемелерге жұмысшылар алып, поездардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды құрама қатарындағы вагондардың жол бойы жағдайын тексеріп тұру, жұп доғалақтарды майлап отыру, жүктердің қауіпсіздігін сақтау үшін Толтыр өз үлесін қосып аянбай еңбек етті. Майдандағы әскерлерді киім-кешек, азық-түлікпен, басқада қажетті керек жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында вагондардың жүріп тұруын қадағалап аянбай тер төкті. Кешегі сұм соғыстың зардабын артқан атамыз Толтыр Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге атсалысып темір жол саласында жәй жұмысшыдан Сағыз ПТО басшысы болып 1958 жылдан 1975 жылға дейінгі аралықта қызметте болып 2001 ж дүниеден озды. Тылдағы, бейбіт өмірдегі қызметіне орай Үкімет тарапынан берілген мақтау-марапаттар – «Еңбек ардагері» медалі, мерейтойлық медальдары құрметпен табысталды.

Абатов Сисембай(1932 ж. Т., Былқылдақты ауылдық кеңесі)-1943 жылы Шоқат бастауыш мектебінің 5-ші сыныбын бітіріп, Ұлы Отан соғысына кеткен азаматтардың орнына ұжымшардың шөбін шауып, егін егіп, малын бағуға араласқан. 1952-1992 жылдары үзіліссіз ұжымшарда, кеңшарда жүргізушілік қызмет атқарды. Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталған.

Аманғалиева Хадиша(1930ж.)-Ұлы Отан соғысы жылдары жастайынан елге әртүрлі жұмыстарға араласқан. Мал бағып, сауыншы болып, егін оруға араласқан. Ұлы Отан соғысына қатынасушыларға көмек ретінде жылы киімдер дайындап, өз үлесін қосқан.

Аманова Сәлима(1932ж.)-Соғыс кезінде тылда, колхозда жұмыс жасап, майдандағы жауынгерлерге жылы киімдер тоқып жіберуге көмектескен. Ұзақ жылдар теміржол саласында еңбек етті. 9 бала тәрбиелеген «Алтын алқа» иегері. Сіңірген еңбектері үшін медальдармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

Асабаев Кісенбай(1935ж.т. Жылой ауданы)-1959 жылы Сағыз ауылындағы №112 кәсіптік-техникалық училищеде оқыған. 1963 жылға дейін тракторшы, одан кейін қой шаруашылығында табысты еңбек етті. 1971 жылы 5 жылдық жоспарды артығымен орындағаны үшін «Еңбек Қызыл ту» орденімен, 1975 жылы Ленин

орденімен марапатталды.Қазақ ССР-ның Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған.ССР Жоғарғы Советі президиумының 1976 жылғы Жарлығымен «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.1980 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,1981 жылы КПСС-тың 26-шы съезіне делегат болды.

Бисенова Құндыз(1928ж.т.)-Ұлы Отан соғысы кезінде тылда,кейіннен теміржол саласында жұмыс жасаған. «Тылда еңбек еткені үшін» медалінің иегері.

Болатбай Сұлу(1929ж.т.)-Тыл еңбеккері.Наршөккенде әртүрлі жұмыстар атқарған.Еңбегіне орай бірнеше медальдармен марапатталған.

Болов Жұмағали(1929ж.т.Былқылдақты елді-мекені)-1943 жылы Шоқат жетіжылдық мектебінің 6-шы сыныбын бітіріп, алғашында ТОЗ-да, кейіннен Ақкиіз колхозында әртүрлі жұмыстар атқарған.Әкесі айдаған косилканы қабылдап алып, колхоздың шөбін орумен айналысқан.Ұлы Отан соғысындағы жеңістен кейін колхозда,артынан совхозда малшы болып еңбек еткен.

Досмағанбетов Қуанышқали (1933ж.т.)-1949 жылдан 1993 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққанша, Атырау вагон депосына қарасты Сағыз техникалық бақылау пунктінде вагон қараушы болып жұмыс жасаған.Құрмет грамотасы,мақтау қағаздары және «Тыл еңбеккері»төс белгісінің иегері.

Дүйсәлиева Талшын(1926ж.т.)-1929-1930 жылдары ашаршылық кезінде ата-анасынан айырылып,Орынбор облысы,Ақбұлақ ауданындағы жетімдер үйінде 1940 жылға дейін болған. «Ұлы Жеңіске 60 жыл» медалінің иегері.

Ұлы Жеңісті жақындатуға тыл ардагерлері сүбелі үлес қосты. Қилы кезеңде өрімдей ұл-қыздар күн-түн демей еңбек етіп, қан майданға қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуге атсалысты. Соғыс аяқталғаннан кейін тылға қатысушылар ауылдың әлеуетін көтеруге аянбай еңбек етіп, игілікті ісімен халықтың жадында қалған өр тұлғалар.

Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты. 1939 жылғы санақпен салыстырғанда 1942 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 600000 адамға азайған. Ауыл шаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға шақырылуымен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы колхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20%, әйелдер – 58%, жасөспірімдер – 22% болды. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті.1986 жылға дейін, яғни соғыс кезі мен одан кейінгі уақытты қоса алғанда 1792 адам Социалистік Еңбек Ері атағын алған. Көп деп айтуға да келмейді. Десе де еленбей қалған ерліктер ел жадынан ұмытылмақ емес. Соғыстың қысылтаяң кезеңінде тыл еңбекші халқы кәсіпорын, колхоз бен совхоз жұмысына таң сәріден жүгіріп, түн ортасында қайтқан ерлігін, «өзім жемесем жемейін, өзім ішпесем ішпейін, бәрі де солар үшін, бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін болсын!» – деген игі ниетті асыл сезімін ешкім есінен шығармауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тыл және еңбек ардагерлері . Жинақ\ Атырау [201 бет]
2. Интернет желісінен
3. Нұрым. Халел.Зәкәрия. Жинақ [61 бет]
- 4.Озғанбай Ө. Жарығы өшпейтін жұлдыз- Алматы 2003]
- 5.Қызылқоға газеті 11.04.2013 жыл, [9 бет]
6. Қызылқоға газеті 18.04.2013 жыл [11 бет]
- 7.Таңдамалы. Алматы. Ана тілі 1998 жыл [23,26 беттер]
8. Қызылқоға – құт мекен. «Өлке» 2005жыл [80 бетте]

Ә. Б. Абдиева

*Б.Аманишин атындағы қазақ орта мектебі,
9 «ә» сынып оқушысы*

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Тақырыптың өзектілігі. Белгілі ғалым жерлесіміз Зейнолла Қабдоловтың сөзімен айтқанда, шын мәнінде халқымыздың ояну дәуірі туғызған алыптардың қатарында жарық жұлдыздар шоғыры секілді Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқаев есімдерімен қатар Халел Досмұхамедов есімінің аталуы бұл өмірге келетін дарын иесі, әмбебап ғалым Халел бабамызға берілген әділ баға болып табылады. Халел Досмұхамедұлы Атырау облысы қасиетті Қызылқоға өңірі әсіресе Тайсойған Исатай мен Махамбет сынды қол бастаған батырлар пана еткен, Мұрат сынды ел мұңын жырлаған жыраулар шыққан талай-талай өкілдері өскен өңірде он тоғызыншы ғасырдың аяғында дүниеге келіп, сол заманның , сол қоғамның ең таңдаулы өкілдері ғана оқитын жоғары оқу орны Санкт-Петербургтегі императорлық әскери-медициналық академияны алтын медальмен бітіру-бұл таңғажайып қабілетінің , табиғат сыйлаған ерекше дарынның ғана белгісі. Халық арасындағы бұл деректердің денін Қызылқоғаның ең қарт тұрғыны атанған, 108 жасқа жетіп, дүниеден озған шежіреші Жәлеке Зұлқанұлы бүгінгі күнге жеткізді.

Халел Досмұхамедовтың табиғи дарынның бойындағы ғұлама ғалым ретінде танылуына мол септігін тигізген, сіңірген және еңбегі мен жан-жақты ғылыми және рухани мұрасын зерттеу.

Ғылыми жобаның мақсаты: Туған өлкемізде дүниеге келіп, ғылымның сан қырына үлесін қосып, қазақ халқы алдындағы азаматтық парызына өмірінің соңғы сәтіне дейін адал болған Халел Досмұхамедұлы рухын қастерлеу, көпшіліктің көкейіне зерделеу. Халқының жан саулығы мен тән саулығының шипагері, қажымас қайраткерінің жаратылыстану ғылымын қосқан үлесі, еліне сіңірген еңбектері туралы жан-жақты зерделеу.

Ғылыми жобаның идеясы. Қазақ халқының біртуар перзенті, белгілі алаш қайраткерінің ауыз әдебиеті, медицина саласындағы жазылған оқулықтарындағы ғылымға қосқан үлесін, зерттеулерін, артына қалдырған әдеби мол мұраларын өскелең ұрпаққа тарату.

Зерттеу әдістері. Ғылыми жобаны жазу барысында, көптеген еңбектерін, жинақтарын іздестіру, деректер келтіру, ғылымның қоғамдағы орнын көрсете білу, зерделеу нәтижесі.

Зерттеудің құрлымы: Жазылған жұмысы мазмұнынан, кіріспеден, теориялық бөлім зерттеу бөлімінен, қортынды, пайдаланған әдебиеттен тұрады.

Қол жеткізген нәтижелер: Халел Досмұхамедұлының яғни, Алаш қайраткерінің Қазақстан Тәуелсіздігі жолындағы мол мұрасы ұрпаққа өсиет екеніне көз жеткіздім.

1. Алыбы Алашымның асыл Халел

Алаш арманы - бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан. Өйткені Алаш идеясы-ұлттық идеология. Ол отаншылдыққа, мемлекетшілдікке, бірлікке үндейді. Екі ғасыр тоғысында бодандықтың бұғауындағы бейқам халқын өркениеттің өріне сүйреген көсемдер мен серкелердің көзге ерек шалынар басты қасиеті-олардың қай-қайсысы болмасын жан-жақты, “сегіз қырлы, бір сырлы” тұлғалар-тұғын. Саяси күрескер, жалынды жаршы, публицист, әрі ғалым, әрі киелі өнер иесі және белгілі бір мамандықтың, сол саланың бастау-көзінде тұрып, ізашар болу-халқымыздың, маңдайына біткен ұлы тұлғалардың несібесі.

Ел тағдыры таразыға түскен сын сағатта Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жанша, Халел Досмұхамедовтер бастаған ұлт зиялылары қазақтың болашағы үшін шешуші қадам жасап, ұлы мұрат жолында ұланғайыр қайрат көрсетті. Олардың осы асыл мұраты мен атқарған істерін бүгінгі және келер ұрпақтың жадына сіңіру, Алаш идеясын насихаттау кезек күттірмес іс болуы тиіс. Осындай алып, нар тұлғалардың бірі, әрі біргеі - Халел Досмұхамедұлы.

Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын, саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер

аудармашы.[1,140-бет].1883 жылы сәуірдің 24-ші жұлдызында Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған құмында дүниеге келген.Ағасы Дәулетүмбет Машақұлының ықпалымен әкесі Досмұхамед ауыл молдасынан хат таныған Халелді жергілікті орыс - қазақ мектебіне береді. Мектепті жақсы бітірген Халел 1894 жылы Теке қаласындағы Орал әскери-реалдық училищесінің даярлық класына қабылданып, оны үздік бітіреді де, тағы бір жылға қосымша класста оқуға қалдырылады. Кейін Санкт-Петербургтегі әскери-медициналық академиясына латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түскен. Осында 6 жыл оқып, Алтын медальмен бітіріп шығады. 1909 жылы академияны үздік дәрежелі дәрігер атағымен, Алтын медальмен бітіріп, офицер ретінде кесімді мерзімдегі әскери міндетін өтеуге жіберілді. Алдымен Пермь губерниясында, кейін 2-Түркістан, 2-Орал қазақ-орыс атқыштар батальонында әскери кіші дәрігерлік қызмет атқарды. [8,275бет].1912, 1913 және 1915 жылдары оба індетіне қарсы күрес ісіне қатысты.Бұл еңбектері үшін Императорлық қола медальмен марапатталды. 1913-18 жылдары «Қазақ» газетінде «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік сүзек», «Жұқпалы ауру хақында» сынды кәсіби, әлеуметтік-саяси тақырыптарда мақалалар жариялап, өзіндік ой-пікірін білдіріп тұрды. «Как бороться с чумой среди киргизского народа» (1916) деген кітабы өз кезеңінде оба індетіне қарсы күрестің әдіс-тәсілдерін түгел қамтыған еңбек болды.

1.1 Алғашқы баспалдақтар...

Орта Азия (Түркістан) университеті медицина факультетінің хирургиялық емханасында ординатор, Түркістан денсаулық сақтау халық комиссариаты алқасының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі болды. Орта Азия мемлекеттік баспа коллегиясының, кейін Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі, Қазақ мемлекеттік баспа басқармасы меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқара жүріп, отандық ғылымның дамуына да мол үлес қосты. Халел Досмұхамедов бір өзі бірнеше қызметтер атқара жүріп, ұлттық мектептердің ғылыми терминология жасау ісіне ат салысады. Жер жерлерде қаулап ашыла бастаған жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау ісіне ат салысады. Жер жерлерде қаулап ашыла бастаған ұлттық мектептерге ана тілінде оқулық жазу қажет болады. Осындай қажеттілік Халелді атқарып жүрген толып жатқан қоғамдық қызметерін ана тіліндегі оқулықтар жазумен және оны шығару жұмыстарымен ұштастыра жүргізуге мәжбүр етті.Ол «Табиғаттану», «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі» (қазақша орысша жаратылыстану сөздігі), «Оқушылардың денсаулығын сақтау», «Дене бітімі және оның жұмысы туралы әңгімелер», «Сүйектілер туралы» т.б. оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды.

1.2 Қаламы жүйрік журналист

Сондай -ақ оның қаламы жүйрік журналист болғанын қазақ тілінде шығып тұрған «Шолпан», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Сәуле» сияқты газет журнал

беттерінде жарияланған мақалаларынан айқын көруге болады. Ол сонымен бірге қазақ-қырғыз білім комиссиясы жанынан «Сана» журналын шығарып, өзі соның редакторы болған. 1924 жылы Ресей Ғылым Академиясының Орталық өлкетану бюросының корреспондент-мүшесі болып сайланады, осы жылы Түркістан халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының, Мәскеудегі Бүкілресейлік денсаулық сақтау қызметкерлерінің съездеріне қатысты.

Алайда, Кеңес өкіметі ұйымдастырған қуғын-сүргін саясаты кезінде тұтқындалып, ОГПУ үштігінің шешімімен Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылды. Онда жүріп Денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім меңгерушісі, балаларды емдеу-сақтандыру амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары секілді қызмет істеді. Соңғы бір жыл кесімді мерзімі бітсе де елге оралмады. 1938 жылы 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып әуелі Мәскеу, кейін Алматы түрмесінде отырды. 1939 жылы 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді. Оның ісі тек 1958 жылы 28 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер коллегиясында қайта қаралып ақталды. Қазір туған жері Атырау облысы Миялы кентінде, яғни өзінің ауылымда, жерлес атама ескерткіш қойылған. Атырау университетіне, Алматы және Атырау қалаларындағы бір-бір көшеге есімі берілген. [9,10-бет]

2.2 Халелдің жаратылыстану ғылымына қосқан үлесі. Халел жаратылыстану мен педагогика саласында да нәтижелі еңбек ете білді. Солардың ішінен, үш бөлімнен тұратын зоология, анатомия, физиология, мектеп оқушыларының гигиенасы туралы айтуға болады. Халел Досмұхамедұлының Ташкентте еңбек еткен алты жылдан астам уақыты нағыз жемісті кезеңі болғаны ақиқат. Ол – қазақтың дәрігерлік, табиғаттану, жаратылыстану ғылымдарының негіздерін қалап, ондаған оқулықтар, кітаптар жазған тұңғыш ғалымдардың бірі. Ю.Вагнердің “Өсімдіктердің тіршілігі мен түзілуі түрінен әңгімелер” (1924ж.), “Денеміздің түзілуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер” (1924ж.) деген кітаптарын қазақшаға аударып, кітап етіп бастырды. Өзі “Оқушылардың саулығын сақтау” (1925ж.), “Жануарлар” (1922ж.), “Адамның тән тірлігі туралы” (1927ж.), обаға қарсы күрес комиссиясын басқарып жүрген кезінде орыс тілінде “Қазақ тұрғындарына обадан қалай сақтауға болады” деген кітаптар жазды. Сонымен қатар, тоғыз кітаптан тұратын “Жаратылыстану бойынша алғашқы білімдер” атты еңбегі де ерекше бағаланды. [2,99-102-бет]

2.3 Халел зерттеген жұқпалы аурулар

Алла тағаланың жер жаһанға жіберген аурулары бар: бұл аурулардың бір қатары жұқпайды, бір қатары жұқпалы. Жұқпалы аурулардың көбі құрт аурулары. Бір адамның ішіне не қанына бір аурудың құрты кіре қалса не өсіп-өнетін жұғымды орын тапса, бір құрт бір неше минутта бір неше мың немесе миллион болып өсіп-өніп кетеді. Бұл құрттардың көбі уын шашады, уы қанға таралып, адамды ауру қылады. Құрт аурулары жұқпалы болғандықтан, ауырған

кісінің қаны құртпен немесе құрттың зәһірімен толып келеді. Ауыздан аққан сілекей, түкірік, қақырық, құсық, мұрыннан аққан су, арттан шыққан нәжіс, дәрет, қан жұқпалы болады. Аурудың түріне қарай осы аталған нәрселердің бірінен бірінің жұқпалылығы өте күштірек болады. Өкпеден алған шуманың, көкірек аурудың нағыз жұқпалы заты адамның демінде, қақырығында болады. Сары кезіктің, обаның құрты адамның нәжісінде, топалаң не күйдіргінің, безгектің, сиплистің құрты көбінесе қанда болады. Жұқпалы аурулардың құрттары адамға жұққан соң, бір қатар уақытқа дейін ауырта қоймайды. Бұл құрттарға өсіп-өнуге уақыт керек. Шуманның құрты жұққан соң үш, бес күнге дейін ауыртпауы мүмкін. Шешек жұққан соң бір жұма немесе он күн білінбей жүреді. Бұл уақыттарда құрттар ішінде өсіп-өнеді, бұлардың өскіш болуына, жұқпалы аурулардың жылдамынан жұғуына түрлі себептер бар. Адамның ішкі сарайы сау болса, дені таза болса, тамағы тоқ болса, ауру жұқпасқа, жұқса да ауырмасқа себеп болады. Науқас адамдарға, аш адамдарға және нашар адамдарға аурулар жұққыш келеді. Киімі бүтін, суықта жылы киінген, үсті-басын таза ұстаған, жиі жуынған адамға ауру көп жұқпайды. Көп адаммен қатынасқан, әр үйге қыдырып тамақ ішкен, көп адаммен бір табақтан тағам жескен-әр түрлі аурулардың жұғуына себеп болады. Үй ішінде аяқ-табақ, қазан-ошақ, әр түрлі ас құятын ыдысты таза ұстаған, қол-орамал, бет орамал, дастарханның таза болғаны аурудың жұқпасына себеп болады.

Мен шағын ауылда тұрсам да құдайға шүкір жарық, жылу көздері, ауыз суымыз қаладағыдай үйлерімізге кіріп тұр. Бірақ құдықтан су алып ішетін тұрғындар да бар. Кейбір тұрғындар өздерінің су алып ішетін құдықтарының бетін жаппайды. Сосын бұл құдықтарға әртүрлі қикымдар түседі. Сол суды адамдар ішіп, жұқпалы ауруға шалдықтырады. Бұл да зиян. Сондықтан «су ішкен құдығына түкірме» деген мақалды әрдайым есте сақтайық. [11, 180-183 бет]

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының елдігі мен ертеңін ойлап, қам жеген, туған халқының көкірегіне сәуле құюды мақсат еткен қазақтың көптеген асыл азаматтары ХІХ ғасырдың 30 жылдарында тағдыр тауқыметін тартып, жалаға, жауыздыққа ұшырап, қиянат құрбандығы болды. Тек тәуелсіздігімізді алған кезден бастап қана сол зұлымдықтардың беті ашылып, жазықсыз жазаланған аяулы азаматтарымыздың есімдері ортамызға қайта оралды. Солардың бірі Атырау өлкесінің ардақты перзенті, профессор Халел Досмұхамедұлы. Ол жоғары білімді дәрігер ғана емес, сонымен бірге тарихшы, табиғат зерттеушісі, әдебиетші, тіл танушы, аудармашы, ағартушы-ұстаз, қоғам және мемлекет қайраткері болып табылады. Тәуелсіз ел тұғырының биік болуы үшін жан салмай еңбек еткен Халел Досмұхамедов сынды біртуар азаматтардың рухын еске алып, есімін қастерлеу.

Ұсыныс: Осындай Алаштың асылы Халел Досмұхамедұлының халқымыздың ғылыми дамуына, тілін сақтауға, тарихын зертеуге, өнерімен мен әдебиетін

өркендетуге,білім беру және денсаулық сақтау салаларына қосқан үлесін мектеп бағдарламасына енгізсе –деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ғарифола Әнес, «Алаш орда» ,Алматы,1998,140-бет.
2. Нысанбаев Ә., « Қазақстан ұлттық энциклопедиясы» III том Алматы,Кітап баспасы ,2001, 275 бет.
3. «Халелдің 125 жылдығына арналған» ғылыми конференция жинағы, 2008,99-102бет
4. Сыздықова Р.Ғ./Халел Досмұхамедұлы (таңдамалы-избранное)» Алматы,Ана тілі 1998, 180-183бет

Ұ. А.Жұмабай

*Б.Аманшин атындағы қазақ орта мектебі,
9 «ә»сынып оқушысы*

ҚҰТТЫ МЕКЕН – ҚЫЗЫЛҚОҒАМ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын және «Ұлы даланың жеті қыры» тарихи және туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында өз туған өлкемді, зерттей отырып, өз туған ауылым Қызылқоғаның даму тарихын зерттедім. Ғылыми жобаның тақырыбы ретінде Атырау облысының шежіресі бай, қойнауы ырысқа толы Қызылқоға өлкесін алдым. Өйткені, бұл еңбекті оқи отырып, Қызылқоға өңірінің табиғаты, тарихы, әдебиеті, мәдениеті, шежірелері туралы көптеген мәліметтер алатындарыңыз сөзсіз.

Қызылқоға ауданы 1920 жылы қазан айының 12-ісінде қарамағында 34 болысы бар Гурьев уезі Орал облысы құрамында алғаш шаңырақ көтерген болатын. Аудан орталығы болып Қызылқоға елді мекені белгіленген. Ауданның негізгі экономикасы көшпелі мал шаруашылығы болатын. 1928 жылы 14

қыркүйекте аудандық комиссия құрылды. Осы жылдардан бастап, мал шаруашылығы дамыған. 1930 жылы 23 қыркүйекте Қызылқоға ауданы Доссор ауданына қосылды. Сөйтіп, ауданның өз алдына отау тігуінің алғашқы кезеңі аяқталды. Осы жылдары көптеген ауылдардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, жетілуіне жағдай жасалынбады. Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін пайдалануға табиғи жағдайлар пайдаланылмады. Қызылқоға ауданы екінші рет Ұлы Отан соғысы жылдарында 1944 жылы 11 мамыр күні Қаулы құрылып, ауданның қарамағына Аманкелді, Молотов атындағы колхоздар, «Қызылқоға», «Социал», «Коммуна», «Чакеев», «Тайсойған», «Алғабас» колхоздары енді.[1,126.]

Қызылқоға ауданы жер көлемі жағынан – 2556290 га. Көлемі жағынан облыста алғашқы орында. Ал жер бедері жөнінен Қызылқоға ауданының территориясы жазықты болып келеді. Атлант мұхитынан 2500 шақырым қашықта жатыр. Сондықтан да аудан табиғаты қатаң континентті болып келеді. Солтүстік батысын Орал үстіртінің оңтүстік беткейлері алып жатыр. Және де, аудан территориясында Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі жатыр. Қызылқоға ауданында ең көп таралған жер бедерінің бір түрі – сорлар. Олардың тереңдігі шамамен 10-20 м. Сорлар қар еріген кезде сай-саладан құйылып, бетіне шығып жатқан тұзды ерітеді. Жаз айларында құрғап бетінде тұздың жұқа қабыршақтары қалыптасады. Сондай – ақ сорлардың емдік қасиеттері де бар. Өртүрлі тұз ерітінділерінен тұратын сор балшықтарын халық буын, тері ауруларын емдеуге пайдаланады. Осы сордың емдік қасиеті арқылы көп адамның ауруына шипа болған. [1,86.]

Қызылқоға ауданының климаты қатаң континентті, қысы суық, алайда батыстан келетін ауа массасының әсерінен кейде жылылыққа ауысып отырады. Жазы ыстық, құрғақ әрі ұзақ болады. Күн сәулесі мол түседі. Жауын-шашын мөлшері – 22 мм, құрғақшылық жиі болады. Аудан шөлді, шөлейтті зонада орналасқандықтан сор, сортаң жерлер көп. Ақын, жырауларымыз жырлап өткен Тайсойған, бүйрек құмдары да осы территорияда орналасқан.[1,9 б.]

Қызылқоға ауданының негізгі су қорлары – Ойыл, Сағыз өзендері. Ойыл өзенінің жалпы ұзындығы – 800 км. Мұғалжар тауынан бастау алып жатыр. Көктемде қар суымен деңгейі көтеріліп, жазда иірім бөлініп, тұздылығы артады. Басты салалары Ащы Ойыл, Кенжалы, Қайнар, Шолақсай және т.б. Ойыл өзенінің суы Жайыққа жетпей көлшіктерге айналады. Мал суаруға, егістікке қолайлы болып келеді.

Пайдалы қазбалары: Қызылқоға ауданының тектоникалық өзгерістерінде жанартау, тау түзілу құбылыстары болмағандықтан пайдалы қазбалар көбінесе шөгінді жыныстармен байланысты. Пайдалы қазбалары мұнай және газ қоры. Мұнайдың толықтай зерттелуіне шөгінді жыныстардың астында жатқан қалыңдығы 5000-8000 метрге жететін тұз қабаты кедергі келтіруде.

Қызылқоға аудан халқының көп бөлігі қазақтар. Орыс, украин, татар, қытай және басқа да ұлт өкілдері бірен-саран ғана. Халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы шақырымға 1 адамнан келеді. Негізінен аудан көлемін 12 ата Байұлы рулары – Шеркеш, Беріш, Ысық, Адай, Тана мекен етеді.

Ауданның жануарлар дүниесі өте ерекше. Жануарлардан қасқыр түрлері, борсық, қарсақ, қабан, қоян, киік, сарышұнақ, тышқанның түрлері көптеп кездеседі. Құстардан: аққу, қоңыр қаз, тырна, аққұтан, сауысқан, қарға, үкі, жапалақ, қарлығаш, шымшық, көкек және т.б. құстар кездеседі. Ал балықтардан: сазан, щортан, жайын, көксерке, қызылқанат, табан, алабұға секілді балықтар өмір сүреді. Сондай-ақ ауданда емдік қасиеті бар шөптер өседі. Оларға адыраспан, қызыл мия, ақбас жусан жатады. Малға жем ретінде қара бидай, сұлы, тары егіледі.

Әр ауданның экологиялық жағдайы, проблемалары болады. Қызылқоға ауданының басты проблемасы: Тайсойған полигоны. Тайсойған полигоны – ауданның 750 мың га жерін алып жатыр. Бұл жер 1952 жылдың сәуір айында КСРО Министрлер Кеңесінің Қаулысымен әскери мақсатқа берілді. Полигонды стратегиялық мақсаттағы ракета әскері мен әуе соғысы күштері пайдаланды. Аудан тұрғындарының барлығы дерлік полигонда орналасқан. Сондықтан аудан тұрғындарының денсаулығы аса күрделі жағдайда тұр. Әйелдер анемиясы, балалардың кеміс болып дүниеге келуі, жүрек, қантамыр аурулары, қатерлі ісік аурулары, өкпе ауруы көптеп таралған. Экологиялық жағынан қолайсыз қоршаған ортаға зиянды заттар шығару көрсеткіші ауданда өте жоғары. Сондай – ақ Тайсойған құмдарында орналасқан отарларда мал шығыны көбірек кездеседі. Жарылыс болған жер аумағында өскен өсімдіктерде ерекше өзгеріс болған. Топырақ, ауа, су белгілі бір дәрежеде ластанып бүлінген. [1,11 б.]

Өлкеміздің ұлы тұлғалары. Ауданымызда мақтанышпен айтатын, бетке ұстар ұлы тұлғалар өте көп. Оларға Қалидолла Ізекенов, Аманқос Сабыров, Халел Досмұхамедұлы, Қалыбек Құлмағанбетов, Серік Сабытаев және т.б. Бұл кісілер ауданымыздың дамуына өз үлестерін қосып, адал жұмыстарын атқарған. Және де әні мен жыры арқылы, өлеңдері арқылы ауданымыздың атын шығарған. Мәселен, Қ.Құлмағанбетовтың «Топырағыңнан айналдым Қызылқоғам» әні, А.Сабыровтың «Миялы», «Ойылдың құба талдары», «Боз төбе» өлеңдері, Қ.Ізекеновтің «Жарып шыққан», «Тайсойған» өлеңдері. Ал өлкеміздің жанашыры, қолдаушысы С.Сабытаев өзінің қысқа ғана ғұмырында өсіп келе жатқан балаларға арнап алғаш рет өнер мектебінің кірпішін қалаған болатын. Өзі осы өнер мектебінде сырнайdan сабақ берген болатын. Халықтың қалаулысы, елеулісі болған. Отан үшін, туған өлкесі үшін қолдарынан келгенді жасаған. Ұлы тұлғаларымыз - мәңгілікке жадымызда! [2,8б.]

Тарихы тереңге жайылған, шежірелі, қасиетті Құтты мекен – Қызылқоғам. Қызылқоға тарихын, әдебиетін осы құтты мекенде тұратын әрбір жан білуге міндетті. Бірақ, қазіргі таңда көп адам біле бермейді. Сол себепті, мен осы

тақырыпты таныстырып, дәріптеу үшін ғылыми жобаның басты тақырыбы ретінде алдым. Осы тақырыпты барлық жағынан қамтыдым деген ойдамын, сондай – ақ барлықтарыңызды отансүйгіштікке, туған жерді қастерлеуге шақырамын!

Пайдаланған әдебиеттер

1.Қызылқоға ауданы энциклопедиясы

Г. Тоқмурзина

Қарабау орта мектебі

ӨЛКЕ ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жерге сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы бағдарламаның мәні неде?» - деп сұрақ қоя келіп «жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді» - деген болатын. «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай – талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» - деген еді.[1,46] 2019 жыл –жастар жылы . Олай болса , бүгінгі жас буын өлке тарихымен сусындап өсуі тиіс .

Қазақстанның әр ауылында да, әр қиырында да тарихы тереңде жатқан, шежірелі жерлер көп. Алматы облысындағы Қапалдағы «Тамшыбұлақ» тауды тесіп шығып жатқандығымен таңқалдырса, Атырау облысындағы Қарабаудағы «Мұздыбұлақ» жердің астынан Тайсойған құмынан шығып жатқан су.

«Мұздыбұлақ »суының құрамындағы медицина ғылымы дәлелдеген. Бұл жерді тарихи орынға айналдыру, туризмге сұранып тұрғандығын дәлелдеу – болашақтың еншісінде.

Йод мөлшерінің тиісті дәрежеде болуы – адам денсаулығына пайдалы екендігін Сонымен қатар, Ертіс өзенінің бойындағы «Қаздар ұшуы» палентологиялық ескерткіші мен Жайық өзенінің бойындағы Сарайшық қаласының ұқсастықтары да, өзіндік ерекшеліктері де бар. Себебі, екі тарихи орында да ғалымдардың болжамы бойынша сан ғасырлар бұрын теңіз қабатының орны болған.[2 , 37]

2018-2019 оқу жылынан бастап «Өлкетану» сабақтарын кіріктіріп оқыту жүзеге асырылуда. Сондықтанда біздер ең алдымен жергілікті жердің тарихын, жер – су

атауларын, еңбек сіңірген тұлғалар туралы оқушыларға айтып, бойларына сіңіруіміз керек. Әрбір ауылдағы жердің, өзен – судың, көшенің де тарихы бар. Шәкірттің бойындағы патриоттық сезім өз отбасынан, ауылынан басталары шындық.

Мысалы: 5-8 сыныптардағы «Туған жер», «Өлкетану» сабақтарында «Жер – судың аты – тарихтың хаты», «Өлке тарихы – өз тарихың», «Біздің өлкедегі аңыз - әңгімелер», «Ауыл, аудан ардақтылары» деп 4 бөлімге бөліп алсақ, осы бөлімдерді әр тоқсанға бөліп оқытамын. Біздің Қызылқоға ауданында, әсіресе туған жеріміз Қарабаудағы жер-су атауларын жүйелеп, олардың аталуының тарихын жинақтап , оқушылар назарына ұсынамын .

Жер – су атаулары.

Қарабау Бұл атаудың тарихы тереңде жатыр. 19 ғасырдың аяғында орыстандыру саясаты кезінде біздің ауданнан патша өкіметі үш мектеп салдыртқан. Олар Қарабау , Қаракөл және Кермақас Қызыл үй мектептері деп аталды. Осы мектептерде қазақ балалары орысша оқыған. Сол кездегі патшалық Ресейдің мақсаты – қазақтың тілін, мәдениетін, дәстүрін жою болды. Осы мектептерді салуға жергілікті жердің сазы, топырағы, қамысы т.б пайдаланған.

Ойыл өзені, Сейтек көлінен дайындалған қамыс, қоғалар орылып, бауланған. Бау-бау қамыс пен қоға алыстан қарайып, қызарып көрініп тау болып үйіліп жататын болған. Осы атаудың шығуы туралы мектепте көп жылдар еңбек еткен, бүгінде о дүниелік болған Атшыбаев Қабдолла ата жазып қалдырған .

Осындай шежірелі өлкеде дүниеге келген тәуелсіздіктің ұландары өз туған жерімен мақтанары сөзсіз .

Еркетай ата – Қарабаудан 3 шақырым шамасында . Есентемір руының әруақты адам болған. Шамамен 19 ғасырдың соңында өмір сүрген. Көріпкелдігі қызы Ақеркеге дарыған. Малдың жауырын сүйегіне қарап болжам айтқан. Қазіргі уақытта жанына шипа іздеген адамдар барып , зиярат етеді.

Мән- Беріш руының Қаратоқай бөлімінің ұрпақтары 19-ғасырдан 20 ғасырдың 30 жылдарына дейін қоныстанған.

Қарабала мешіті болған. Бұл жерде ақын М.Мөңкеұлы дүниеге келген.

Ырсалы- Қарабаудан 15 шақырымдай жердегі аталатын қоныс.

Аруақты адам болған. 1996 жылдарға дейін Энгельс кеңшарының малшылары қоныстанған. 1908 жылы дүниеге келіп, ҰОС хабарсыз кеткен Көшербай Ғалиевтің «Сағыныш» өлеңінде:

«Қорғай гөр арқа жақтан Ырсалы ата,

Бес есік, Жарыпшыққан, Кененіңіз»- деген өлең жолдары бар.

Өтей- Қарабау ауылынан 11 шақырым жерде орналасқан. Бұл атаудың тарихы туралы Қ.Әлім мен С.Меңдібайдың «Терең тамыр», Н.Әбутәлиевтің «Шоқ жұлдыз» және жерлес шежіреші К.Тұрдағалиевтың « Бөкен би» кітаптарында тарихи деректермен нақты жазылған.

Өтей батыр- Кіші Арғын руынан шыққан орта жүздің батыры. Ұрпақтары Қостанай облысында тұрады. Еділ бойының қалмақтары қазақ жеріне шабуыл

жасағанда, Орта жүзден келген қолды басқарған осы Өтей батыр болатын. Оның 6 ұлы да атақты билер, батырлар болған.

Бір ұлы Бекбаулы Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің іргесіне жерленген.

35 жасында қалмақтармен соғысып, мерт болған Өтей есімі ұмытылмайды.

Екінші бөлім бойынша біздің өңірдегі атақты адамдар Мұрат ақын, Есбай күйші, Бөкен би, Ығылман ақын т.б есімдері мен елге сіңірген еңбектерімен танысады.

Мұрат Мөңкеұлы Қарабаудағы Мән жайлауында дүниеге келген. «Үш қиян», «Шалгез» толғауларын жазған.

Ығылман Шөреков –ақын, Тайсойған өңірінде өмірге келген. «Исатай - Махамбет» дастанын жазған. Халел Досмұхаммедов – ғалым, жазушы, дәрігер. «Аламан» кітабында батырлар, ақындар туралы тарихы деректерді жазған. Бүгінге дейін Мұрат ақын, Шернияз, Исатай туралы тың мәліметтерді жеткізген энциклопедист – ғалым.

Мұрат ақынның «Үш қиян », «Шалгез» шығармаларында 140 – тай жер – су атаулары кездессе , соның 30-40 – тайы біздің өңірдегі жерлер. С.Жұрынбайұлы- ның өлеңдерінде Қарабау, Тайсойған өңіріндегі жер-су атаулары түгелге жуық жырға қосылған.

«Ойылда, Қиыл мекенім

Туған жерім Тайсойған.

Айтпай неғып кетемін,

Қызылқоға, Сарыкөл, Қарабау

Жоқ еді тіпті бөтенің- деп толғаған.[5, 197 б]

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары жерлес жазушы Б.Аманшин «Қарабау- Қаракөлім» өлеңінде :

«Қарабау, Қаракөлім, Қызылқоғам,

Жайдары жаздай ыстық жүзің маған.

Сыйлады азаматтың ықыласын

Сыйлады махаббатын, қызын маған»[9, 117б]- деп жырласа,

Ақын Д.Қанатбаев

«Қайдасың сен, Қарабау-Қаракөлім,

Топырағыңнан бойтұмар тағар едім.

Қара болсаң қара бол, Қара орманым,

Қайта тусам- тек сені қалар едім»- деп шумақтайды.



Өлкетану сабағында

Бұл атақты адамдардың есімдерін кейінгі ұрпақ есте сақтап, тарихта қалдыру мақсатында аудан көлемінде ауылға, көшеге, мектепке есімдері берілді.

Үшінші бөлімде аңыз адамдар Мәтенқожа әулие, Сұлтануәйіс ата, Сақал ата т.б туралы бір жағынан аңыз, екінші жағынан болған оқиғалар туралы танысады.

Мәтенқожа әулие туралы аңыз да болған оқиға. Бұл кісі әулие, қазір Қоғам деген елді мекенінде яғни, ата жерленген жерде түнек үйі бар. Мәтенқожа әулиенің балалық шағында оның көріпкелдігіне күмән келтіргендер болған. Бірде Мәтенқожаның жастау 10-11-дегі кезінде көршісінің жайып қойған қызыл көйлегі жоғалады. Олар жас баладан күдіктенеді . Сонда болашақ әулие қызыл көйлекті алған адам іші жарылып өлсін дейді. Келесі күні сол үйдің сиырының іші жарылып өледі. Қызыл көйлекті жұтқан өз сиыры болып шығады. Сол уақыттан бастап ауыл – аймақ Мәтенқожаны бағалай бастайды.

Сұлтануәйіс ата да ағып жатқан өзен суын қамшымен салып қалып, екі айырып өтетін болған деседі. Ол су Жарыпшыққан өзені.

Төртінші бөлімде Қызылқоға ауданының дамуына үлес қосқан тұлғалар, білім беру, денсаулық және мәдениет саласында қолтаңбалары қалған айтулы адамдардың өмір жолдары мен жасаған, кейінгіге мұра болып қалған игі істері туралы біледі. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысына қатынасқан батырлар да, бейбіт күннің майталмандары да бар.

Мысалы: Ұлы Отан соғысына қатысушы кейін Қызылқоға аудандық білім бөлімін басқарған, III дәрежелі Кутузов орденінің иегері Шамиль Өтегенов [6, 1376] аудандық денсаулық саласына көп еңбек сіңірген , «Ленин» орденді Қоңыр Таңқыұлы – облысқа танылған тұлғалар.



Ұлы Отан соғысына қатысушыларға арнап салынған ескерткіш алдында.



«Ұлы даланың жеті қыры» сабағында



Ұлы Отан соғысының ардагері Н. Көмековке арналған ескерткіш тақта.

Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, барлық бөлімдер қамтылғаннан соң археологиялық орындарға саяхат жасаймыз. Өйткені жыл сайын маусым – шілде айларында Қарабау – 3, Қарабау – 4 обаларына Х.Досмұхамедов атындағы АМУ студенттері мен ғалымдары археологиялық зерттеу жүргізуге келеді және құнды жәдігерлер табылуда. Осындай тарихи орындарды, үлгілі, өнегелі тұлғаларды, олардың елге сіңірген еңбектерін таныстыру арқылы – бүгінгі ұрпақ бойында елжандылықты, туған жерге құрметті сіңіре аламыз.

Бұл жұмыста ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын және «Ұлы даланың жеті қыры» тарихи мақаласын басшылыққа ала отырып, туған өлкенің жер-су атауларын, атақты тұлғаларын жас ұрпаққа таныту, болашаққа жеткізу басты мақсат ретінде алынған.

Жұмыс барысында өлкедегі жер-су атауларының тарихы, елге, аймаққа еңбегі сіңген адамдар туралы, әулиелер мен қазіргі зерттеу-қазба жұмыстар барысы туралы жазылған.

В этой работе основной целью является ознакомление нашего будущего поколения географическими названиями и знаменитыми личностями родного края, основываясь на стратегических статьях Первого президента РК Н.А.Назарбаева «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» и «Семь граней Великой степи».

В ходе работы описаны история географических названий, трудовой путь знаменитых личностей, рассказы о них, а также о ходе исследовательской работы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Атырау газеті №47 , 2018 жыл
2. Ақиқат журналы №3 ,2015 жыл
3. Қазақтар 9-томдық
4. Қазақ тарихы журналы №5 , 2011 жыл
5. Атырау энциклопедиясы , 2000 жыл
6. Доспанов Ж. «Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақ офицерлері» 25 томдық, 2016 жыл
7. «Ұлы Жеңіске -70 жыл» Атырау -2015 жыл
8. Қызылқоға газеті №27-31 , 2017 жыл
9. Қызылқоға энциклопедиясы ,2014 жыл

Ж.Қ. Адилова

Сағыз орта мектебі, химия пәні мұғалімі

Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы,

«МЕНИҢ ӨЛКЕМ - САҒЫЗ АУЫЛЫ»

Әркімге өзінің туып өскен ата мекені, кіндік қаны тамған туған жері қымбат. Әрбір отбасының өмір сүруі, өсіп өркендеуі, бақыт қуанышы туған жеріне байланысты. Сондықтан да қазақ халқының «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деп ой қорытуы тегіннен тегін емес. Менің туған жерім Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы. Сағыз кентінің ежелгі аты – Қарақияқты. Бұл өңірді ел ерте жайлаған. Маңғыстау өңіріндегі адайлардың жаз жайлауы болған. Кейін азғана адайлар көшіп қонғанмен жер өңдеушілер серіктестігі, артель кезінде ғана 1920 жылдан бастап ел қоныстана бастаған. Мұнда ел негізінен Гурьев – Қандағаш теміржолының отбасылары мекендеген. Міне, бұған да 70 жылдан асып кетті. Елді мекен табиғаты әсем Сағыз және Ноғайты өзендерінің қиылысқан жерінде орналасқан. Кейінен елді мекен мен теміржол стансасы Сағыз өзенінің атауымен аталды. Жері құмдауыт, ауа – райы қатал өңір. 1961 жылы осында тұңғыш ұйымдасқан Ленин атындағы кншардың орталығы қоныстанып, селоның көлемі ұлғая түсті. Бүгінде Қызылқоға ауданындағы ең ірі селоға айналды. Ондағы елдік еңбек дәстүрі атадан балаға жалғасып келеді. Бұл өңірде адайдың белгілі ақындары Нұрым мен Ақтан жатса, қуғын сүргін зұлматының құрбаны болған Закария Сағындықовтың, Абдолла Хазірет ұрпақтарының, Жанұзақ қажының, Тәжі Вхун, Әшір Ахунның ата – қонысы орналасқан. Ауылдан 10 шақырымдай қашықтықтағы – Шибұлақта осы

өңірде нұрын шашқан Жаналыұлы Абдолла Хазіреттің көк мешіті тұрғызылып, талай қрпаққа имандылық тағылымын берген. Осы Сағыз ауылында Сағыз өзені бар. Мені осы Сағыз өзені туралы материалдар жинап, өз туған жерімнің тарихын зерттеу өте қатты ұнады. Енді алдымен Сағыз өзеніне сипаттама беріп өтейін. Ұзындығы 511 км, су алабының ауданы 19 400 км², су алабы Каспий теңізі, су ағысы бастауы Мұғалжар тауы, сағасы Каспий теңізіне 60-70 км жетпей сіңіп кетеді. Географиялық орны: Елі Қазақстан, аймағы Ақтөбе, Атырау облыстары жерімен ағады. Сағыз - Каспий алабындағы өзен. Гидрологиясы: Жоғары ағысында арнасы тік жарлы, тар, ортаңғы ағысында аңғары 5-15 км дейін кеңейеді. Төменгі ағысындағы аңғары еңсіз. Ұзындығы 10 км – ден аспайтын 100 ге жуық саласы бар. Ірілері: Дауылды, Ащысай, Ноғайты, Топырақшашты, Жарлы, Мұқыр, Бұрмасай. Жауын – шашын суымен көп жылдары Каспий теңізіне дейін жетеді. Наурыз – Сәуір айларында тасиды. Суы көктемде тұщы, жазда кермек. Ауыз суға жарамды. Жылдық орташа су ағымы Сағыз темір жол стансасы тұсында 3,2 м³/с, орташа ең үлкен көрсеткіш - 4 5 м³/сек, орташа жылдық ағын 118 млн. м³, төменгі ағысында, Тентексор елді мекенінің тұсындағы құмға сіңіп жойылатын жерінде, ағынының көлемі 30-40 млн. м³-ге дейін азаяды. Каспий маңы өзен-көлдерінің көпшілігі сияқты, Сағыздың суы да минералданған: суы мол кезеңде оның минералдану дәрежесі 700-900 мг/л т, су деңгейінің төмендеуі кезеңдері аралығында 2000 мг/л-ге дейін жетеді. Жылына Сағыз 300 мың т тұз алып өтеді. Тұздың осыншама көп мөлшерде болуы өзен түбінің, өзен түбі суының және төңірегіндегі топырақтың тұздануына әкеліп соқтырады. Жазда Сағыз өзенінің суы ауызсу ретінде пайдалануға да, мал суаруға да жарамсыз, ашқылтым. Тек қана кектемгі су тасу кезінде және жаздың алғашқы айларында суы әжептәуір тұщыланады. [1][2].



Сағыз өзенінің екі жағында, селоға таяу Түкті ата мен Алып ана кесенелері тұр. [3] Тобанияз ханның мекені – Буракөл, жер жәннаты Наршөккен мен Былқылдақты, Аққұдық, Ақшелек, Қоңыраулы, сонау Кенбайға дейін осы округке қарайды. Енді осы Сағыз өңірінде сағыз өсетін болған. Сонда Сағыз селосы деп аталуының өзінде бір ғажап сыр бар. олай болса осы Сағыз өңіріндегі өсіп шығатын сағызға тоқталып өтсем. Жерсағыз, құмсағыз (лат. Chondrilla) – астралар тұқымдасына жататын көнжылдық, кейде екі жылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанда шөл – шөлейтті, құмды жерлер мен жазық далада өсетін түрі бар, соның ішінде ірі жерсағыз (Ch. macra), мойынқұм жерсағызы (Ch. Muirkumensis), Боссэ жерсағызы (Ch. Bosseana). Биіктігі 30-100 (150) см дей. Бұтақты сабағын түк басқан. Жебе тәрізді сүйір жапырақтары кезек орналасады. Сары түсті, қос жынысты гүлдері себетгүлшоғырына топталған. Тұқымынан көбейеді. Маусым – қыркүйекте гүлденіп, қазан айында жемісі піседі. Тұқымы – ұзынша жолақты дән, оның ұшында қалың түкті айдарлары болады. жерсағыздың тамыры мен сабағында ақ сүті болады, одан кепкеннен кейін сағыз алынады. Жер сағызы торғай өлкесінде де өседі. Оны ол жақтың қазақтары құмсағыз деп атайды. Қорытындылай келе мен өз мекенімді жайлы, топырағы құнарлы, берекелі мекен дегім келеді. Сағызымда киелі кесенелер, мешіттер, және Сағыз деген атымен қызықтыратын сағыздың өсетіндігімен қызықты дегім келеді.

Түйін.

Бұл баяндамада Сағыз ауылының қысқаша тарихы және Сағыз өзенінің сипаттамасы, орналасуы, географиялық орны, гидрологиясы, сонымен қатар осы Сағыз ауылында өсетін Сағыз өсімдігі туралы мағлұматтар берілген.

Вывод

В этом докладе говорится об истории села Сагиз и дается краткое описание местоположение, географическое место, гидрология реки Сагиз, а также даются сведения о растении Сагиз, произрастающем в этом селе.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ энциклопедиясы, 7 - том
2. Қазақстанның мұнай энциклопедиясы. 2 томдық - Алматы: "Мұнайшы" Қоғамдық қоры, 2005.
3. «Мұнайлы астана» газеті. 2008ж
4. «Еділдің бойы ен жайлау»

А.Бисекен
Қосарал орта мектебі,
10-сынып оқушысы

«ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ТҰЛҒАЛАР ТАРИХЫ»

Ауыл – ата-бабамыздың өмірге келіп, кіндік қаны тамған, маңдай тері төгілген киелі мекен. Ананың әлдиі, аялы алақаны қандай қымбат болса, ауыл соның негізгі ұясы. Ауыл - қазақтың алтын бесігі. Сұлу сөз өрнектеген ақын, ән тербеген сазгер, қызыл тілді шешен, ел қорғаған қарапайым ауылдың қара шаңырағынан шыққан. Біз үшін туған ауылдың ұлтарақтай жерінің өзі қымбат қазына. Ауыл – сол жерде өмір сүрген барша халықтың шежіресін жазып беретін мәңгілік кітабы. Өзінің туған жерін жан жүрегімен сүйіп, сырын ұғып өскен ұрпақ қана ұлттық пердесін сақтай алады деп ойлаймын.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев:

Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы,

Бұдан артық рахат табылмайды, – деп туған жерге деген ыстық сезімін жырға қосады.

Міне осындай туған жерге деген менің балалық қызығушылығым тереңірек білуге баулыды. [1]

Менің туған өлкемнің тарихын білуіме, қызығушылығымның оянуына, ауылымыздың тумасы қазіргі таңда Алға ауылында тұратын жерлесіміз Амиров Базар атаның әңгімесі негіз болды.

Жетібайұлы Беріштің батырлары шежіреде көп айтылады. Олардың ішінде Себектерде бар. Себектер шамамен 1680 жылдан басталады. Андағұл, Бөрібас, Сары аталарымыздың ғұмырлары қалмақтармен соғысумен өткен. Бөрібастың Тума, Бөрте деген ұлдары Сарының Байдаулет, Оразымбет деген ұлдары асқан батыр болғандар.

Байдаулет пен Оразымбеттің қыстаулары №12 ауылда, жайлаулары Баймөңке, Сары, Балталы, Қамсақты, Қарасор маңы болған.

Оразымбет батыр. Заты Түрікпен деп аталады (шежіреде)

Туған жылы 1698. Өлген жылы 1771 жыл.

Оразымбет атамыз тірі күнінде айтады екен: «Мен жауларымды көп өлтірдім, енді сол жауларымның найзасынан өліп о дүниеге шаһит болып кетсем арманым болмас еді» деп. 1771 жылы қалмақтар (Ресейдің бодандығына кірген) біздің нарынға қайта кіріп жергілікті халықты ығыстырып жайлауларын, құдықтарын иемденіп халыққа қысымшылық жасаған. Сол жердегі халық жайықтың шығыс бетіндегі батырларға ат шаптырып хабар жіберген. Оразымбет батырдың 70 тен асқан кезі екен 3-4 күнде 500-ге жуық адам жинап, ішінде Оразымбеттің 7 ұлы

бар, нарынға аттанады. Басқа жақтарданда жасақтар келіп қалмақтардың тас – талқанын шығарады. Оразымбеттің балалары: «көке енді сіз мына малды (мыңға жуық жылқы, он мыңдай қой, дүние мүлік, құл мен күң) мына кісілермен ауылға айда, қалған шаруаларды өзіміз бітіреміз» - дейді. Өздерінің мақсаттары: қалмақтарды енді беттемейтіндей етіп, Еділден әрі өткізу болған.

Қазіргі «Бабан» деген құмның маңында қалмақтың мұздай қаруланған 40-қа жуық сарбаздары тап болады. Күші басым жау Оразымбеттерді қырып салады. Бір-екі малшы қашып шығып Оразымбеттің балаларына хабар жібереді. Сүйтіп, Оразымбет батыр жаудың найзасынан шаһит болады. Мал айдаған қалмақтар ұзап кетпеген екен. Оларды Оразымбеттің 7 баласы бастаған қазақ сарбаздары аямай жазалайды. Әкелерінің өшін аламыз деген Оразымбет ұлдары қалмақтарды бауыздап, қандарын ішіпті. Осыдан ұшынып (ауырып) Бәйтен батыр Оразымбетұлы қайтыс болады.

Оразымбет пен Бәйтен сол «Бабан» (Баба) деген құмда жерленіпті. Сол жерде жылын беріп, мазарын тұрғызыпты. Бірқатар ағайындар сол жақта қалыпты. «Жайық шұғыласы» газетінде «Жәмеңке кім» деген Базар Амирұлының мақаласында ол кісі осы батыр Бәйтеннің ұлы Жәмеңке (Жаман болуы да мөмкін), Жаманқаланың немесе Яманканың (Жәмеңке) негізін салған адам. Осы газетте «Итеш Ниязұлы» дегенде мақалам жарық көрді. Бұл кісіде Оразымбеттің ұрпағы, Қонақпай атадан тарайды.

Билері

Айтуар би – 1783 жылы Есбол болысында дүниеге келген. Себектің сарысы, Балталы Үсен ұлы Айтуар 73 жасында қайтыс болған. Ұрпақтары Жайықтың шығыс бетіндегі №11 ауылда өсіп өрбіген. Жатқан жері осы маңдағы «Алтын» қорымында.

Оның «халыққа хан қожалық етеді, ал жерге халық қожа» - деген сөзі осы кезге дейін маңызын жоймай келеді.

2005 жылы шыққан Махамбет ауданының энциклопедиясының 17 –ші бетінде, 2000 жылы шыққан Атырау энциклопедиясының 134-ші бетінде бұл кісі жөнінде шағын мәлімет бар.[3]

Ел ауызындағы әңгімелердің бірінде мынандай әңгіме бар: Исатай – Махамбет көтерілісі жеңіліспен аяқталғаннан кейінгі бір жылдары (қай жылы екенін анық білмеймін) Сарыкөлдегі (Қарабаумен Маққатың арасында) Айслудың Тұрланының ата қонысына Төре руының Шонжар байларының бірі Дәулетқали деген біреу көшіп келіп, үйін тігіп, малын жайып құдығынан малын суарып қаннен қаперсіз отыр екен, мұны естіп, сол кездің әрі батыр, әрі би Асау байдың ерке ұлы Тұрлан Дәулетқалиға келіп: «Мұның не? Кімнің қонысы отырған жерің?» Арасында боқтап, қамшы үйіріп әрекет жасайды. Дәулетқалида қарап қалмайды, қарауыл қожаның ағасы екендігін, аға сұлтанның мол басқан қағазы жыртқан Дәулетқалидың өзін дайын қамшымен коғала қойдай қылып сабақ ауылын у-шу етіп кетеді. Мұның арты үлкен қанға айналады. Ханның

коммисиясы келін тергейді. Тұрланды ұстап әкеткісі келеді, бірақ халық Тұрланды ұстап бермейді. Дәулетқалида сіресіп отырып, жоғарғы жаққа арыздана береді.

Ханның бұйрығымен екі жақ болып айтысады. Ханның бұйрығымен келген комиссия төрағасы билердің талқасына салады.

Отырыста Даулетқали да Тұрланды болады. Билерден Айтуар бастаған біраз адамдар болып ханның адамдарды Дәулетқалиды жақтап, Тұрланды масқаралайды.

билер хан жағын жақтайын десе Тұрланнан қорқады. Тұрланды жақтайын десе ханнан қорқады әбден тығырыққа тіреледі .

сонда Айтуар тұрып, комиссияның төрағасына сұрақ қояды. Әуелден айтылып келе жатқан бір сөз бар : "Хан қалыққа қожа, қара қалық жерге қожа" деген бұған қалай қарайсын? - дейді. Сонда Төраға тұрып бұл дұрыс дейді: " Онда төреке құлдық. Біздіңде күткеніміз осы еді" - деп даудың біткендігін хабарлайды. Тұрлан қудаланбайды.

даулетқали келген жағына қайта көшіпті. Халық Айтуар биге риза болып, тарапты. Мұрат ақын "Сарыарқа" деген толғауында

хан ұлы, қара қазақ жиналғанда

құдайым Айтуарды демеп еді, дегенде Айтуардың осы билігін айтқан.

Бөдене би - Бөдене Байтлеуұлы (1745 -1799 ж)

Сырым бастаған көтеріліске белсене қатысқан тарихи тұлға. Сырым батыр кеңестің жетекшісі етіп Бөдене Байтлеу ұлын ұсынды.

Әуелден Беріш ағасы Себек еді

Айналып қыдыр қонған Көбек еді

Аунатып ақ киізге хан қойыпты

Байұлы бір жиында Бөденені -деп Мұрат ақын жырлағын.

Сол Бөдене батыр, әрі би 54 жасында казак–орыстар мен төре тұқымдарының алдауына түсіп, Дендер тауының , Жаман таудың төменгі жағына (қазіргі №3 ауыл Бөдене ауылында) қаза табады. Сүйегін Қаражумат қауымының маңында Көбек ағасының қасына қойылған . Ортақшыл ауылының шығысында 6 км жерде Атырау–Индер тас жолының бойында «Бөдене» деген белгі қойған. Белгі қойған ұрпақтары Нұржан Рашид ұлы, Төленбай Аманбай ұлы, Жолай Аманғали ұлы. Бөдененің ұлдары Әтенбек пен Жұмайда осы Есбол округінің территориясында жатыр. № 11 ауылдың сыртында «Әтембек» деген, № 10 ауылдың сыртында «Жұмай» деген үлкен қорым бар. Әтенбектің ұлы Бердібек , Бердібекұлы Бегалы би Еділ мен Жайық арасындағы белгілі билер болған. Бөдене - XVIII ғасырда өмір сүрген адам. Сырыммен замандас, сырлас, көңілдес болған белгілі би. Сол арқылы тарихи құжаттарда аты қалған адам. Ру жағынан Себек – Беріш деп аталады. Ата тегін жіктесек былай болып келеді: Беріштен Байбақты, Байсейіт болып тарайды.

Байбақтыдан Әсілбас, Құсылбас, Шақай болып бөлінеді. Әсілбастан Себек пен Жаңбыршы туады. Себектен Борбас, одан Тума, одан Байтілеу, одан әңгіме етіп отырған Бөдене туады. Бірақ туған-өлген жылдары белгісіз.

Халық емшілері

Біздің Есбол округінде дін өкілдері, әулиелер, молда- бақсылар, халық емшілері көп болған. Мүсірәлі ата, Еламан ата, Қорған аталар бұл күндері елге белгілі болды. Олардың халыққа істеген қызметтері айтылыпта, жазылыпта жүр.

Құлтек. Бұл кісі Оразымбет атаның ұрпақтарының бірі. Туған жылы шамамен 1790 жыл. Жетпіс асыл дүниеден озыпты. 1860 жыл әуелі ауыл мешітінен сауат ашып, Стрелитамақтағы діни медресені бітірген. Өз заманының алғыр ойлы азаматтарының бірі болған. Мешіт ұстаған, балалардың діни сауаттарын ашқан. Сабалқа алғыр балаларды, бай балаларын жоғары оқу орындарына (діни) жіберіп отырған. Өзі де үнемі оқып (кітап алдырып) білімін көтеріпті. Әуелі жеңіл желпі ауруларды (бала қию сияқты), содан кейін кәдімгі күрделі ауыруларға да (құран оқып, тамыр ұстап) ем жүргізген. Дәрілік шөптерді қолданған.

Октябрь революциясына дейінде. 1932-ші жылдарға дейінде бұл кісінің басына індетке ұшыраған (жұқпалы аурулар). Малдарды да айдап келіп түнетіп отырған. Бірнеше жерден үлкен от жағып (қи, тезек, ағаштарды үйіп) малдарды арасынан өткізіп молдалар құран оқып, Аллаға сыйынған. Сонда ауруда басылып, әрі қарай өршімеген. Ол кезде мал ауырғанда беретін дәрі алатын вакциналарда болмаған ғой.

Осыларды естігенде біздің есімізге «Құлтек ата» түседі. Қалай сенбессін. Тіпті экстрасенстер бұдан бірнеше жыл (жүздеген) дүниеден өткен адамдардың жатқан жерлерін дәл тауып беріп жатқан жоқпа? «Құлтек әулиенің» жатқан жері №12 ауылдағы «Мешіт» қауымының шығыс жағында 1,5-2 км жерде (өзекке жақын) жатыр. Басына ұрпақтары белгі қойды.

Ауыл болашағы бүгінгі білімді ұрпақ қолында. Келешекке үлкен сеніммен көз тастасам менің ауылым сәулеті асқан, дәулеті тасыған берекелі құт мекен болады деп сенемін. Ауыл болашағы бүгінгі білімді ұрпақ қолында. Келешекке үлкен сеніммен көз тастасам менің ауылым сәулеті асқан, дәулеті тасыған берекелі құт мекен болады деп сенемін. Округіміздің тарихы туралы мәліметтер аз болғандықтан қарт адамдардың айтқан әңгімелерін, мұрағат деректерін пайдаланып, тың деректер жинақтап, оқушыларға, студенттерге көмекші құрал ретінде пайдалануға болады деп есептеймін. Аймағымыздың «тәй-тәй» басқан, елді есеңгіреткен ауыр кезең артта қалды. Аталар көрген бейнетті ұрпағының басына бермесін, сол үшін де баршамызға барынша қажырлы қызмет ету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет материалдары.
2. Базар Әмірұлының жеке архиві.

3. 2005 жылы шыққан Махамбет ауданының энциклопедиясының 17 –ші беті,
2000 жылы шыққан Атырау энциклопедиясының 134 беті
4. Есбол селолық округі әкімшілігінің архиві

Ж. Н.Машаева

*Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектебі,
Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұщықұдық ауылы*

ӨЗ ӨЛКЕМІЗДІ ТАНУДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР

Тәрбие саласында жас ұрпақ тәрбиесінде жоба жұмысының маңызы зор екені айқын болды. Тәрбие жобалары талапты да талантты жас буынды ізденіске жетелеп, шығармашылығын шыңдап, жарқын болашағына жол ашады.

Жобаны ұйымдастыру барысында ізденіс, зерттеушілік, шығармашылық, өлкетану экспедициясы, экскурсия бағытында жұмыс жүріп, саяхат, аялдама, сыр-сұхбат, рөлдік ойындар, кезбе тілші секілді әдіс-тәсілдер тиімді болды.

Тәрбие жобасын ұйымдастыруда сыныптың білім алушылары жекелей, жұптық, топтық, ұжымдық түрде қатыса алады.Тәрбие жобасын ұйымдастырғанда сынып оқушылары мен жетекші бірге жоспарлап, іске асырады. Оқушылар жоба барысында жұмысты бөліп алып, жүзеге асырушы болса, сынып жетекші көшбасшылық қызмет атқарып, ұйымдастырып, бағыт-бағдар береді, ресурстармен қамтып, сарапшы, үйлестіруші, бақылаушы, бағалаушы болады.

Жобаны орындауда оқушыларға талап қойылады: өз ынтасымен, ықыласымен, өз бетімен, шығармашылық сезіммен мәселені шешу. Ал оның жобалық қызметі өнімді жұмыс болып табылады.

Жобаны құрылымы төмендегідей 3 кезеңнен тұрады:

- 1.Дайындық кезеңі
- 2.Іске асыру кезеңі.
3. Шешуші кезең .Түйін.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғыртып, ұлттық болмыстан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату

жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселелер көтерілген.[1]Ұстаз ретінде Елбасының осы ойын құптап, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтарды бойына жиған жас өренді тәрбиелеуге үлес қосудамын. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды.

Рухани жаңғыру - мәңгілік ел болудың кепілі. Бұл - тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан игі бастама. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.[2] Аталған бағдарламада Елбасы «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болатынын атап көрсеткен. Осы орайда туған жерін тану, өз өлкесін білудің адамзат үшін маңызды екені аңғарылады.

Өлкетанудың зерттеу нысандарын 4 топқа бөліп қарастыруға болады. Өлкенің табиғатын, табиғи ерекшеліктерін, жеке компанеттердің олардың өзгеру деңгейі мен сипатын, табиғатта жүретін үрдістерді зерттеу; Өлкенің шаруашылығын, онда тұрып жатқан кәсіптік ерекшеліктерін анықтау; Өлкенің және онда тұрып жатқан халықтарының тарихы жайлы деректер, экспонаттар жинау, көне қалалар қалдықтарын, тарихи ескерткіштерді оқып-тану және оларды халық тарихымен, тарихи кезеңдермен байланыстыру;

Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы негізінде «Өткенді білмей, болашақты бағдарлай алмайсың» деген, өткенімізді біліп, өшкенімізді жағу мақсатымен патриоттық және зерттеу жобасын құрып, «Туған жер-тұнған шежіре» тақырыбында экспедицияға шықтық. Бұл біздің өлке тарихын танып-білуге, зерттеп-зерделеуге жасалған алғашқы қадамымыз.

Елін сүйген ер тәрбиелеуіміз үшін жас ұрпаққа туған жер, өскен өлкені танытуымыз керек. Сонда ғана тәуелсіздік нұрымен көркейген өлкеміздің болашағы бұдан да арайлы болмақ.

Ел шежіресі-жер шежіресі. Бұл өңір-киелі қазығымыз, ата жұртымыз. Біз озық өркениетке, адами құндылықтарға ұмтыламыз. Бұл өлке де бүкіл қазақ елі сынды тарихқа толы, айтар сыры мол өңір. Халық керілген кер даласын «өскен елім, кіндік кескен жерім» дейді.[3]

Жобаның логикалық сызбасы төмендегідей

Мақсаты:

- Шешу талаптарының кешенін анықтау
- Күтілетін нәтижені болжау
- Қойылған мақсатқа жету бойынша іс-әрекеттерді жоспарлау
- Жүзеге асыру
- Бағалау

Мектепте ұйымдастырылған тәрбие жобасы оқушылардың қызығушылығын ұштап, тың бастамаға жол ашты. Осы орайда сынып

оқушыларымен бірлесіп құрған жоба жұмыстарын ұсынғым келеді. «Ауыл қарттары – қазынамыз»

(Қариялардан сұхбат алу), «Туған үйдің түтіні» (зерттеу, өлкетану экспедициясы) тақырыптарында өлкетану бағытында оң қадамдар жасалды.

Экскурсия түрінде өткен «Туған елге тағзым» зерттеу өлкетану экспедициясы барысында өз туған жеріміздің тарихын танып, елді мекен, ауыл-аймақпен жете танысуды көздедік. Бұл экспедицияға сынып оқушылары түгел қатысты және ата-аналар да қолдау көрсетті. Табиғаттың ең тамаша мезгілі көктем кезі жас өлкетанушыларға шабыт бергендей болды. Атап айтар болсам, сәуір айында Ауғайран елді мекенінде тұратын сынып оқушысы Дәуренбектің үйіне барып, ауыл өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен жете танысып қайттық. Бұл сапардан оқушылардың көрген-білгені, жиған-тергені көп болды. Ата-бабамыздан бері жалғасын тапқан төрт түлік мал, оның төлі, ауыл өмірі, таза ауа, мөлдір су-бәрі-бәрі әсерлі болды. «Туған үйдің түтіні» тақырыбында болған бұл сапар сынып оқушыларының есінде қалған ең керемет күн болды. Су жағасына тал отырғызып, ұлдар түйеге мініп, қыздар сиыр сауып, ауыл тіршілігіне етене араласты. Сынып ұл-қыздарының көгалда доп ойнап, арқан тартқаны да қызықты болды. Көнеден жеткен жәдігерлермен танысып, ұстап та көрді. Күбідегі шұбаттан дәм татып, ат әбзелдерімен, киіз үй сүйегімен танысты. Оқушылар сол жердің топырағын, суын, өсімдігі мен тіршілігін тануға тырысты. Қызықпен жүріп күннің қалай тез өте шыққанын білмей де қалдық. Сынып оқушылары экскурсия барысында алған әсерін келген соң эссе түрінде жазды. Экскурсиядан кейін кері байланыс жасап, ой бөлістік.

Тәрбие жобасының рефлексиясы:

1. Жоба қандай өзгерістер әкелді?
2. Біз не жасай аламыз?
3. Біз нені үйренуіміз қажет?
4. Жобаға қатысқан кездегі кедергілер.

«Үй жанында биік төбең болса, ерттеулі атпен тең,

Үйінде білгір қартың болса, жазылған хатпен тең», деген даналық ойдың ақиқатына көз жеткізді. Өз өлкеміздің өткені туралы сыр шерткен қарияларға құрметпен қарап, тың деректерді білді. Өткен оқу жылында сыныпта Тәуелсіздік тойының 25 жылдығына орай «Тәуелсіздік тойына тарту» атты жоба құрылып, 25 қадам нақтыланып, 25 жұмыс атқарылды. Бұл жобаға сынып оқушылары белсене қатысып, қызығушылық танытты. Осы жоба аясында да ауылымыздың өткені мен бүгіні туралы біраз нәрсеге қанықтық. «Тәуелсіздік жылдарындағы Тұщықұдық» тақырыбында өлкеміздің өткенін саралап, ауылымызды көзбен көріп араладық. Қарттарға көрісіп барып, сұхбат алып, біраз нәрсе түйдік. Ауылымыздағы қоғамдық орындарға-мәдениет үйі, емхана, кітапхана, ауылдық округ орталығына барып, ондағы қызметкерлермен сұхбаттасып, ауылымыздың өткені мен бүгіні туралы біраз жайға қанықтық.

Атап айтар болсам, сынып оқушысы Бисебаева Аружанның «Тұщықұдық тәуелсіздік жылдарында» тақырыбындағы ізденіс жұмысы, көрсетілім кезіндегі дайындығынан –ақ оқушының өз өлкесінің өткені мен бүгініне деген қызығушылығымен, танысам деген құштарлығын аңғардық. Бұл күн де ерекше күн болды. Сынып оқушылары жоба нәтижесін аудан айнасы «Нарын таңы» газетінде жариялады. Осы жобамен бүкіл аудан жұртшылығы таныс болды. Бұл жоба арқылы ел тәуелсіздігіне тамшыдай болса да өз үлесімізді қостық деп білеміз. 2017-2018 оқу жылы да осы игі істі жалғастырдық. Өлкеміздегі тарихи орындар Таскран, Сарайшық, қасиетті мекен Маңғыстау жеріндегі Бекет ата басына бару да ойда бар еді. Қазан айында сынып оқушылары қасиетті тарихи өлке болып саналатын Сарайшыққа барып, ежелгі қала тарихымен танысып, Молдаш атаның айтуымен Сарайшық аталу себебі, Сарайшық атына арқау болған аңыз әңгімені естіп, талай адамның өміріне араша, дертіне дауа болған қасиетті талды көріп, жеті ханға арналған кесенеде болып, музейді аралап, біраз жайға қанықты. Қайтар жолда Нарынның наркескен ақыны Нұралы Әжіғалиевқа құран бағыштадық. Бұл сапарымыздан балалардың өз өміріне рухани азық, тағылым алғанын айта аламын. Сарайшықтан келген соң оқушылар мектепке «Сарайшыққа сәтті сапар» тақырыбында фотокөрме дайындап, өзге оқушылармен алған әсерлерін бөлісті. Ата-аналардың тілегімен, сынып оқушыларының сұрауымен және жас ерекшелігін ескеріп ақпан айында Атырау қаласына да оқу орындарына, Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғарғы колледжі мен Көлік және коммуникация колледждеріне барып, оқу орындарының жай-жапсарымен танысып қайттық. Аталған оқу орындарындағы ұстаздармен, студенттермен кездесіп, оқу-білімнің маңызын түсініп, түрлі мамандық түрлерімен танысты. Сынып оқушыларын оқу орындарынан алған әсерлері алдына айқын мақсат қойып, тамаша таңдау жасап, кемел келешекке бастары сөзсіз. «Көлік және коммуникация» колледжінде студенттердің қойған концертінен бізге деген құрметін, түрлі көлікті жөндеу үстіндегі тәжірибе жұмысынан шынайы еңбекті көрдік. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінде болып, тарихи жәдігерлермен танысып, облыстың өнер, спорт, білім салалары жөнінде біраз мәлімет алдық.

Жоба жұмысы барысында атқарған азды-көпті істерімді саралай келе, «Мәңгілік Ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»-ұлттық идеялары аясында жеке тұлғаны тәрбиелеуде жобаның тиімді екеніне көз жеткіздім.

Ұстаз - Ана ретіндегі басты мақсатым - өз елін жанымен сүйетін, өз өлкесін танып білетін, атамекенін қастерлеп, туған ел, өскен жер тарихын, өлкенің мәдени құндылықтарын білуге құштар, тарихын танитын шәкірт тәрбиелеу деп білемін...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан мектебі» журналы, 29-30 бет
2. «Іс- әрекеттегі зерттеу» ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасын іске асыруға арналған тәжірибелік нұсқаулық ,31-бет
3. Атырау энциклопедиясы, 17 бет

Ш. И. Бекмуханова

*Жалпы білім беретін Нарын орта мектебі,
география пәні мұғалімі
Исатай ауданы, Нарын ауылы*

ИСАТАЙ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында атап көрсетілгендей, рухани жаңғыру халқымыздың өткен жолын және бүгінгі жасампаз істерін болашақпен жалғастыру мақсаттарын қояды. Ұрпақтар жалғастығын сақтау – өткен ұрпақтың ізгі істері мен озық дәстүрлерін құрметтеп, ел тарихы мен мәдениетінің, дәстүрлерінің көзден таса қалған, бағаланбаған қайнарларын ашуға қызмет етеді. Бұл бағытта жалпыұлттық патриотизмнің өзегіне айналатын шаралар қатарында «Туған жер» бағдарламасы мен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының маңызы атап көрсетілді.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі» - неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз, әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі» деген болатын. [1]

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру – біздің мемлекетіміздің ұзақ мерзімді даму бағыттары шеңберіндегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ең өзекті мәселелердің бірі. Патриоттық тәрбие берудің рөлін арттыруда туған өлкенің табиғатын, халқы мен шаруашылығын, тарихын, оның өткені мен бүгінін, жергілікті ерекшеліктерін оқыту аса маңызды. Оқушылар халықтың әдет-ғұрпына, жеріне және оның табиғатына сүйіспеншілік сезімді қамтитын терең мазмұнды білімді аймақтық өлкетану курсынан алады. [2]

Киелі Атырау жері – айтулы даналардың, қол бастаған батырлардың, ел бастаған көсемдердің, сөз бастаған шешендердің, басқа да дарынды тұлғалардың

бесігін тербеген мекен. Атырау облысының Исатай ауданында да жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Аудан аумағында мемлекет қорлығына алынған 15 тарихи және мәдени ескерткіштер орналасқан. Аққыстау ауылдық округінің аумағында үш жерде орналасқан ескі қорымдағы құлпытастар есепке алынған. XIX ғасыр мәдениетінің азаматтық сәулет өнерінің көне үлгісі болып табылатын бұл сағынатарлар мен құлпытастар шикі кірпіштен қаланып, құлпытастар қатты тасқа ойып өрнектер салу, араб әріптерімен жазу арқылы жасалған. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестерге орнатылған обелиск, монументтер: Хамит Ерғалиев ауылында Ұлы Жеңіске 25 жыл, Жанбай, Тұщықұдық ауылдарында Ұлы Жеңіске 40 жыл, Аққыстау ауылында Ұлы Жеңіске 50 жыл толуына орай орнатылған. Тарихи және мәдени ескерткіштердің бір тобы 1836-38 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Исатай Таймановқа арналған. И. Тайманұлы бюстісі (мүсінші А. Абишев, 2005). И. Таймановтың екінші бюстісі Исатай ауылында орнатылды. Нарын ауылдық округі аумағында 1991 жылы Исатайдың 200 жылдығына арналған шаралар өткен жерде, батырдың әкесі Тайман жерленген жерге ескерткіш қойылды. Нарын өңірінде туып-өскен атақты адамдарға арналған ескерткіш белгілер мен мемориалдық тақталар да тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне алынды. [3]

Таскран – шекаралық тарихи белгісі. Атырау облысындағы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің бірі. Шекаралық белгі Исатай ауданы, Аққыстау ауылынан батысқа қарай 5 км, Атырау – Астрахан тас жолының жиегінде орналасқан.



1870 жылдары жергілікті саздан соққан 10 мың тас пен 10 мың бау теңіз қамысынан илеп тұрғызылған. Бұл мұнара сонымен бірге орыс көпестерінің балық батағаларына да бағдар беруші саналып, оның басына түнде жанатын шам (маяк) қондырылған. Ескерткіштің жобасы төрт қырлы шаршы пішінді, пирамида тәріздес қаланған.

Жоғарғы жағында ағаштан жасалған қада орнатылған.

Таскран – пішіні жағынан мазарға ұқсас келген тарихи нысан. Мұнара белгінің жобасының көлемі 7,8x7,0 м, биіктігі 10,5 м.

Көне көздердің пайымымен Орынбор губерниясынан Орал губерниясы бөлінген кезеңде Астрахан губерниясымен екі арасы жер жырту арқылы арнайы шекараларға бөлінген. Сол шекара Каспий теңізіне тірелген тұста, осы белгі тұрғызылған. Белгінің тұрғызылуына Беріш, Жайық, Тумаш атасының өкілі «Әйіп қажы» демеушілік, әрі басшылық жасаған. Сәулеттендіріп тасын қалаған Тумаш Жайық Орынбай деген азамат көрінеді. Ел аузындағы әңгімелерде нысанның тасына жылқының жалы мен бие сүтін қосып, жергілікті сазды пайдаланылған деген деректер бар.

Сүгірұлы Насихат ақынның туған жеріндегі белгі – Атырау облысындағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын-ала есепке алу тізіміне енген. Ол Исатай ауданы, Мыңтөбе ауылында орналасқан. Ескерткіш белгінің биіктігі – 2,5 м, ені – 110 см, кірпіштен қаланған. Алдыңғы бетінде гранит тақтаға ақынның суреті, аты мен туған, қайтыс болған жылдары жазылған.

Насихат Сүгірұлы (1889-1937) Нарын құмы Мыңтөбе ауылында дүниеге келген. Өз бетінше сауат ашқан, өлең толғауларын ауызша шығарған. Жастайынан Шөлгез (Шалкиіз), Махамбет, Мұрат, Қашаған, Сәттіғұл, Сүгір жырларын жаттап өскен. Нұрым ақыннан өнеге алып, 15-16 жасынан айтыскерлігімен елге танылған.

Патшаның 1916 жылғы маусым жарлығына сәйкес майдан жұмысына алынып, 1-дүниежүзілік соғыс кезінде Румыния, Австрия аумағында болған ақынның «Айдады патша жыраққа» (1916) атты дастаны осы тұста жазылған. Азапты сапарды бастан өткерген ақынның дүниеге деген әлеуметтік көзқарасы мен танымы осыдан кейін өзгеше сипат алды. 1929 жылы қудалауға ұшырап, 1930 жылдың бас кезінде Астраханның Азауыл жеріндегі туыстарына барып бой тасалады. 1930 жылы 22 ақпанда ақын жазықсыз жазаланып, алғаш Астрахан, кейін Атырау түрмесіне қамалған. Абақтыда ол «Еділ, Жайық – екі су» атты толғауын шығарды, өлең кеңістік түрме жағдайын сипаттаған алғашқы шығармалардың бірі еді. Тұтқыннан босап, 1932-1937 жылы Мыңтөбедегі «Қызыл ту» ұжымшарында еңбек етті, 1937 жылы қайта тұтқындалып, сол жылдың 22 қарашасында ату жазасына кесілді. Насихаттың «Ел құрсауы – ер жігіт», «Танысу», «Дүние, шіркін, жел қайық», «Телегей жатқан теңізден», «Жүйрікті көпке мақтама», «Мен қиядан ұшқан қырғимын», «Ұяда жатып талпынған», «Тұмарланған тұлпар ат», «Шалқыған көлге қу қонар», «Ауыл келгенде», «Қазіргі заман түрі», т.б терме, толғаулары бар. Ол өлеңдерінде ел ел қамын ойлаған азаматтар ісін өнеге етіп, ақиқат пен жалғандық жайлы жырлайды. Өткенге көз жіберіп, келешекке сеніммен қарауға, қайсарлыққа, жігерлікке үндейді. Насихаттың өлең, толғаулары «Алқаласа әлеумет» (1991), «Қапаста жазылған хаттар» (1992), «Қазақ поэзиясының антологиясы» (1993), «Жыр+дастан» жинақтарында жарияланған. [4]

Түйін: Біздің туған өлкемізде тарихи-мәдени ескерткіштердің түрлері көп. Оларды сақтау, қалпына келтіру – жас ұрпақтың парызы.

Вывод: В нашем родном краю много культурно-исторических памятников. Защита и восстановление памятников – долг молодого поколения.

Әдебиеттер тізімі мен сілтемелер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Егемен Қазақстан. 2017 ж., №70
2. Кабекенов Г.У., Биманова О.М., Кузбулова С.У., Тұрғали С.М.. Өлкетану. Атырау облысы «Жазушы» баспасы 2018 ж
3. Исатай ауданының энциклопедиясы «Арыс» баспасы 2008 ж
4. Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы: Исатай және Құрманғазы аудандары. – Алматы, 2012 ж
5. Атырау энциклопедиясы. Алматы: Атамұра, 2000 ж

У. Х. Дүйсенбай

*Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі,
I курс №1 топ студенті*

КЕРУЕН ЖОЛЫНДАҒЫ - САРАЙШЫҚ

Ұлы Жібек Жолы дүниежүзілік өркениеттің ғажайып жетістігі болғанына адамзат тарихы куә.

Ұлы Жібек Жолы – сауда, керуен жолдарының жалпы атауы, б.з.б. II ғасырдан XVI ғасырға дейін Орта Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстырды. Чжан-Цяньнің жасаған саяхаты нәтижесінде б.з.б. II ғасырда ашылды. Ұлы Жібек Жолы Сианьнан Ланьчжоу арқылы Дуньхуанға апарды, бұл жерден жол екі торапқа бөлінеді: солтүстік жол Тұрфан, Қашғар, Самарқан, Мервті, Ферғана алабын, Ал оңтүстік жол Хотан, Жаркент, Балх және Мервті басып өтіп, Памирді тау жоталары арқылы Үндістанға, сондай-ақ Таяу Шығысқа апарды. Мервте оңтүстік және солтүстік жолдар қосылып, одан әрі батыстағы «Ұлы Жібек Жолы» Ниса, Гекатомпил, Эқбатана, Бағдад арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға, Тир мен Антиохияға дейін созылып жатыр. [1,264 б.]

С.И.Руденконың, Лубо-Лесниченконың, К.Байпақовтың еңбектерінде керуен жолының алғашқы бөліктерінің, жеке тармақтарының өте ертеде-ақ пайда болғандығы туралы деректер бар. Геродот жазбаларында б. д. д.

1-мыңжылдықтың орта кезінде жұмыс істеген «Дала жолы», кейбір тарихшылардың «Сақ жолы» деп атаған керуен жолы туралы деректер кездеседі.

Қытай археологтары Чжезян провинциясында Тайху көлі маңында жүргізген қазба кезінде неолит дәуіріне жататын б.д.д. 2800 жылдар шамасында

қабірге көмілген немесе тоқылғанына 5 мың жылдай болған жібек маталарды тапқан. [2, 33 б.]

Қытай ықылым заманнан жібек өндірумен аты шыққан ел. Қытай елінен шыққан керуеннің негізгі тауары жібек болды. Керуен жолының Жібек Жолы аталуы да сондықтан. Керуен жолының Жібек Жолы аталуы беріде, ХІХ ғ. екінші жартысында. Бұл атауды немістің ғалым-географы Фердинанд Фон Рихтофен (1833-1905) өзінің «Қытай» (1877 ж.) деп аталатын зерттеу кітабында алғаш жазған екен.

Жібек Жолы керуенімен он алты ғасыр бойына шығыстан батысқа, оңтүстікке, кейіндеу терістікке тасылған үлбіреген Қытай жібегі өз кезеңінде сан ондаған елдерді қамтып, олардың сән-салтанатын арттырды.

Бір кезде ел байлығының көрсеткіші болған, тауар айырбасында ақша орнына қолданылған Қытай жібегінің күні бүгінге дейін сәні мен сапасы жөнінен өзінің қадірін кеміткен жоқ. Орта Азияда жібек өндіруді, қағаз жасауды Қытайдан үйренсе, ал қытайлықтар бұлардан жүзім, пияз, анар, грек жаңағы, інжір жаңағы мен қияр, мақта және жоңышқа өсіруді үйренді.

Саудамен қоса керуен жолы елдер арасындағы дипломатиялық бейбіт қатынастардың дамуына жол ашты. Сауда керуені ел-елге әр түрлі тауарлар әкелумен ғана шектелмей, ғылым мен мәдениеттің, технология мен діннің, әдебиет пен өнердің озық туындыларын да ала келді.

Шығыстан келген керуендермен ислам елдерінің жұлдыздары: Әбу Насыр Әл-Фараби мен Ибн-Синаның сан салалы ғылыми еңбектері, Жүсп Баласағұнның «Құдатғу білік» дастаны, Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикметі» және т.б. ғалымдардың еңбектері әкелінді. Ал шығысқа бағыт алған керуендермен Эвклид пен Архимед геометриялары, аристотель, Сократ, Платон, демокриттің ғылыми еңбектері жеткізілді. [2, 35 б.]

II-V ғасырларда ішкі Қытайдан шыққан Жібек Жолы атақты Такла Макан шөлін терістігінен түстігіне айналып өтіп, үшке: жолдың оңтүстік, орталық, солтүстік бағыттарына бөлінген.

VI- VII ғасырларда Қытайдан шыққан керуеннің батысқа – Жетісу, Оңтүстік Қазақстан жерімен жүруі етек ала бастайды.

Ұлы Жібек Жолы саудасында қазіргі Қазақстан аумағы маңызды рөл атқарды. VI-VII ғасырларда Қытайдан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы батысқа шыққан сауда жолы айтарлықтай жанданды. Жолдың осылай ауысуын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолын бақылауда ұстаған түрік қағанаттарының ордасы болды. Екіншіден, VIII ғасырда өзара соғыстар болып жатқан Ферғана арқылы өтетін жол қауіпті болды. Үшіншіден, бай түрік қағандары және оның айналасындағылар теңіздің арғы жағындағы тауарлардың ірі тұтынушысы болды.

XIII-XIV ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі Жібек жолы картасына көз жіберсек, Қытайдан Көктал – Сүмбе арқылы Қашғария еліне асатын бір тармақ болғанын байқаймыз. Келесі тармақ Алакөлдiң түстігін айналып өтіп, Көктума – Дүнгене – Жаркент – Талғар – Баласағұн – Суяб қалалары арқылы оңтүстікке ойысатын. Үшінші тармақ – бұл Қазақстан жерін шығыс-оңтүстіктен сонау батысына дейін аралап өтетін Жібек Жолы бөлігі – Каспийдің солтүстігінен айналып өтіп, Алтын Орда астанасы Бату Сарайы, Сарайшық арқылы Сыр бойы қалаларын аралап, Жетісу жолы Таразда жалғасады. [2, 39 б.]

Жібек Жолының Солтүстік Каспий бағытындағы Сарайшық арқылы өтетін тармағының XIII ғасырдың ортасынан бастап қайта жандануының бірнеше себебі болды. Біріншіден, Дешті Қыпшақ пен Мауреннахр территориялары моңғол жаулары нәтижесінде бір саяси кеңістікке енеді де, тұрақтылық қалыптасады. Екіншіден, XIII ғасырдың ортасынан бастап Алтын Орданың астанасы Бату Сарайы Еділдің төменгі ағысы бойында орналасуына байланысты Еуропа елдері мен Византия саудагерлері, елшілері шығысқа барар жолын Алтын Орда Сарайынан бастағанды ұтымды санаған. Осылайша Еділдің төменгі бойындағы Бату, Берке хан сарайлары, Жайық бойындағы Сарайшық қаласы сол кезгі халықаралық сауда жолындағы маңызды бекетке айналады да, Шығыс Түркістанға апарар ең қысқа, ең қауіпсіз бағыт болып саналады. [2, 49 б.]

Сарайшықтың терістік, шығыс, оңтүстік жақтарын орай ағатын Ұлы су (Жайық) өзеніндегі Бату хан салдырған қалқымалы көпір алғашқы кезде батысқа жорық кезінде олжаланған байлықты моңғол жеріндегі Қарақорымға – Шыңғыс хан ордасына жеткізуге пайдаланылса, кейін Алтын Орданың астанасы арқылы өтетін Жібек Жолы керуені осы қалқымалы көпір арқылы шығысқа жол тартқан. Ол кезеңде Жайық өзенінің суы мол, ағысы өткел берместей қатты болғандығы туралы деректер бар.

Жайықтың Сарайшық қаласы тұрған осы иінінде, кезінде хорезм құлдары тұрғызған X-XII ғасырларда қала болғандығы жөнінде дерек бар. Қаланың аты туралы әртүрлі болжам айтылады. IX-XI ғасырларда Сарайшық қаласының орнында кен қорыту, металдан тұрмыстық құралдар жасау сияқты кәсіпкерлік болған. Сарайшық қаласынан айналып ағатын Жайықтың сол жақ (Азия беті) жағалауы қалың да, биік тоғай болған деседі. Ал қала тұрған ішкі беті – түбек тек батыс жақтан ғана ашық қатыс болатын, табиғаты жан сүйсінерлік, Кавказдың Қара теңіз жағалауы сияқты шуақты мамыражай қойнау болыпты. [3, 7 б.]

Жібек Жолының Солтүстік Каспий тармағының Алтын Ордаға байланысты қайта жандануы Сарайшық қаласының жедел өркендеуіне, оның келешекте Хан Ордасы болуына жол ашты. Тоғыз жолдың торабында тұрған Сарайшықтың қамбасына керуен жүрісі жиілеген сайын байлық еселеп құйыла түсті. Сарайшыққа өзге бекеттермен салыстырғанда түсім екі есе артық түсетін. Керуенге көрсеткен қызметі үшін бір төленсе, ағысы қатты, терең өзеннен қауіпсіз өткізетін қалқымалы көпірі үшін екінші үлес төленетін. Еуразия

даласының осы маңдағы мал шаруашылығымен ғана күнелтіп отырған тұрғындарына керуен жолы сан жүздеген жұмыс орнын ашып берді. Қаланың сән-салтанаты артты, сәнді ғимараттар бой түзеді, халықтың тұрмысы жақсара бастады. Бату, Берке Сарайларынан кейін Сарайшық Алтын Орда астанасы болды, ал XV-XVI ғасырларда Ноғай Ордасының, Қазақ хандығының астанасы болғандығы тарихтан белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тарихи таным. Алматы 1994 ж.
2. Ұлы даланың қасиетті күмбезі. Алматы 2009
3. Егемен Қазақстан газеті 28 мамыр 2003 ж.

Д. Б. Жұқатаева

Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі

АЛТЫН БЕСІК - САРАЙШЫҚ

«... Жалпақ жұртыңды, алашыңды құрметтеу, алдымен, өзің тұрған өлкенің тарихын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады» - деген даналық сөз бар. Өткенді оралту, тарихты тірілту, келешек ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру, өз халқының тұрмыс-тіршілігіне, тарихына көңіл аударудан басталады. Ендеше өз өлкеміздің, туған жеріміздің тарихын жас ұрпақтарға ұғындыру, ұстаздың шәкірт алдындағы басты парызының бірі деп есептеймін.

Мен осы мақсатта тарих сабақтарында туған өлке материалдарын пайдалануды жөн көремін. Сабақ үрдісіндегі жергілікті жерге байланысты деректерді тиімді пайдалану білім алушылардың тарихи құбылыс заңдылықтарын толық түсініп, адамзаттың материалдық және рухани байлықты жасаушы ретіндегі рөлін ғылыми жолмен түсіне білуіне мүмкіндік береді. Әрбір саналы азамат төл тарихын жете біліп, қадір-қасиетін ұққанда, өткен жолын, тар жол тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, елдің басын біріктірген тарихи тұлғалардың жат жұрттан жерін, суын, даласына қанын төгіп қайсарлықпен қорғап қалған ерліктерін қастерлей білгенде ғана Отанға, халқына деген мақтаныш сезімі оянады.

Жер шарының кішкентай бір нүктесінен орын алған әр ауылдың өз тарихы, жүріп өткен және жүріп келе жатқан жолы бар. Оны білу – бүгінгі және келер ұрпақтың азаматтық парызы.

Жалпы, қазақ тарихы туралы сөз қылғанда аты аталмай қалмайтын қасиетті мекен – Сарайшық. Оның тарихы, өлкеміздегі өзге елді мекендер секілді, беріден басталмайтындығымен, өте әріде жатқандығымен ерекше.

Ұрпаққа ұлағат болар ата қонысымызда елдік пен ерліктің көптеген мұрасы жатыр. Солардың бірі – Ұлы Жібек Жолының бойындағы саяси-мәдени, сауда орталығы Алтын Орданың, Ноғай, Қазақ хандықтарының алғашқы астаналарының бірі болған Сарайшық. Ауылымыз Сарайшық – талай туды төбесіне қадап, тағдыр мен тарихты ішке бүккен көне тарихи орын.

Сарайшық – Атырау қаласының солтүстігінен 55 км жерде Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан ортағасырлық қала. [1, 332 б].

Көне Сарайшық қаласының салынуы, тарихшылардың есептеуінше, шамамен XIII ғасырдың орта кезіне келеді. XIV ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи құжаттарда Сарайшықтың аты жиі кездеседі. Бұдан біз қазіргі шағын село Сарайшық – облысымыздағы емес, бүкіл Батыс Қазақстандағы ескі тарихтың бір көзі екендігін көре аламыз. Сондықтан тарихи деректерге сүйене отырып, ұлы даланың ғажайып мекенінің бірі болған – Сарайшықтың тарихына тоқталып өтуді жөн көрдім.

Шыңғыстың немересі Бату басқарған моңғол әскерлері 1237-1240 жылдарда орыс жеріне ойран салады. Бытыраңқы орыс князьдіктері қанша ерлікпен күрессе де, моңғол әскерлеріне төтеп бере алмайды. Батыйтың мемлекеті осылайша құрылады. Бұл мемлекетті Шығыс деректерінде Көк Орда деп, ал орыс деректерінде Алтын Орда деп атайды. Алтын Ордаға Жетісудың оңтүстік бөлігінен өзге қазіргі Қазақстан жері түгел кірген.

Алтын Орданың экономикасында сауда-саттық ісінің маңызы зор болды. Алтын Орданың астанасы Сарай (Сарай Берке) қаласынан шыққан керуен жолы қазіргі Сарайшық ауылының тұсынан жүзбелі көпір арқылы Жайықтан өтіп, екі бағытқа: бірі шығысқа, Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасындағы Отырар қаласына, екіншісі оңтүстік-шығысқа, Хорезм бағытына жол тартатын болған. Ал Хорезмнен ары қарайғы керуен жолдары Орта Азия мен шығыстың ірі қалаларын бір-бірімен қосып жатқан [2, 35 б].

Сарайшық керуен жолы үстіндегі жай ғана қала емес. Әсіресе керамикалық ыдыстар, құмыра, т.б. жасау ісі мейлінше өрістеген.

Ішкі өзара феодалдық күрестің нәтижесінде XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда әлсірей бастады. Осы кезде Алтын Орданың тұ сыртынан бір орталыққа біріккен Москва мемлекеті күшейсе, оңтүстік шығысында күшті темір империясы құрылады. 1395 жылы Темір Алтын Орданың астанасы Сарай-Беркенің талқанын шығарды. Оны билеуші Тоқтамыс

хан қаза тапты. Содан кейін Алтын Орда бір-біріне тәуелсіз бірнеше иеліктерге бөлініп кетті. Қырым, Астрахан, Казан, шығыста Көк Орда хандықтары [3, 90 б].

Ресми түрде Алтын Орданың ыдырауы XIV ғасырдың аяғынан басталғанмен, кей жерлерде одан көп бұрын-ақ өз алдына хандық пайда болған. Соның бірі – Сарайшық.

Ноғай Ордасының бытырау кезеңінен бастап Сарайшықтың саяси және экономикалық мәні төмендей бастайды.

Сарайшық қаласының бұдан былайғы құлдырап, төмендеп кетуіне Жайық бойы казактарының тигізген әсері аз болмаған. Олар бір кездегі Батыс пен Шығысты байланыстырған үлкен керуен жолының бойындағы бай қала, Ноғай хандығының астанасына талай рет жорықтар жасап, алтын, тағы басқа байлық іздеп, тұрғындарды ғана тонап қоймаған, өлгендердің қабіріне дейін ақтарып, талқанын шығарған. Бір кездегі гүлденіп тұрған шағын қала адам айтқысыз ойрандалған. Содан қала қайтып көтеріле алмаған.

Кейін гүлденген қала орнына Ресей патшалығы бекініс салды. Ол сол мақсатта Қазан төңкерісіне дейін сақталып келді. [2, 333 б].

Революция қарсаңында Сарайшық Жайық бойындағы ірі селолардың бірі болды. Ол кезде бір ғана Сарайшықтың өзінде ондаған жекеменшік балық кәсіпшілігі болған. Селода көпестердің сәнді қарағай үйлері, дүкендері бой түзеді. Қаланың алаңында шіркеу, оның жанында бір басқышты орыс мектебі салынды. Қалада ноғай байлары да аз болмаған.

Азамат соғысы жылдарында елімізге қатер төндірген жауға қарсы күресте Сарайшық тұрғындарының да қосқан үлесі аз емес.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде Сарайшықта «III интернационал» колхозы құрылды. Колхоздың негізгі экономикасы балық аулау кәсібі мен ауыл шаруашылығы болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында «III интернационал» колхозы Отан қоймасына мыңдаған центнер балық және ауыл шаруашылық өнімдерін жөнелтіп отырған.

Сарайшық топырағының ауыл шаруашылығына қолайлылығы сонау XIII ғасырдан бастап елдің назарын аударған еді. Сол заманнан бастап ол бүкіл дүние жүзінде өсетін жеміс-жидек дақылдары, атап айтқанда, алма, алмұрт, шие, өрік, алхоры, жүзімдердің көптеген түрлері жергілікті жерге бейімделіп өсірілген бір ғажайып өлке болды. Бұл жөнінде осы өңірді көп шарлаған орыс саяхатшысы, географ, ботаник Семенов-Тянь-Шанский 1903 жылы жазған еңбегінде: «Гурьев қаласынан шығып, солтүстікке қарай Жайықты бойлай жоғары жүргенде топырағы құнарлы жерлер бар. Онда жүзім, алма, шие, өрік және басқа жемістер жақсы өсіп-жетіледі әрі дәмі мен сапасы да өте жоғары» депті. Атақты бағбандар Бородин мен Карелиндер де (1891 жылдары) осыны дәлелдеп жазған болатын. Сол кезде Сарайшықтың жемістері Ресей қалалары мен шет мемлекеттерге де жеткізіліп тұрған.

Өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғында бүкіл Кеңес Одағы бойынша ұжымдық шаруашылықтар кеңшарларға айналдырылды. Еңбекшілер уақытылы жалақы алып, халықтың тұрмысы түзелді. Мемлекет тек шаруашылықтарды қаржыландырып қоймай, ауыл шаруашылығы ғылымын өркендетуге ден қойды. Осы мақсатта әр облыстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциялары ашылды.

Осындай станцияның алғашқы негізі болып Сарайшық селосында 1929 жылы «Бақсай тәжірибе алаңы» құрылды. Оған Қазақстан орталық атқару комитетінің «Солтүстік және Батыс Қазақстанның шөл және шөлейт жерлерін зерттеп, суландыру туралы» 1927 жылғы қаулысы негіз болды.

[2, 65 б.]

Бүгінде округ аумағына Сарайшық, Ескі Сарайшық ауылдары кіреді. Жалпы аумағы – 64949 гектар, халқының саны – 2937. Сарайшық ауылдық округінде Қ.Қарашаұлы атындағы орта мектеп, Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі, «Хан ордалы Сарайшық» мұражай қорығы, «Бүлдіршін» балалар бақшасы, мәдениет үйі, кітапхана, Сарайшық психиатриялық жүйке аурулары интернаты, емхана, пошта бөлімшесі, туризм бағытындағы «Атырау Агро Өнімдері» демалыс орны, ауыл шаруашылығы саласында «Асыл тұқымды Сарайшық» ЖШС еңбек ететін болашағы зор ауыл.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Атырау энциклопедия. Алматы 2000
2. Алтын бесік – Сарайшық. Астана 2018
3. Ұлы даланың қасиетті күмбезі. Алматы 2009

Г. Ауданова

*Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебі,
тарих пәні мұғалімі*

МЕКТЕПТЕ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Рухани жаңғыру жаһандық мәнге ие жобаға айналды. Жүргізілген жұмыстар барысында жалпыұлттық және өңірлік маңыздағы нысандардың тізімі жасалды. Жалпыұлттық маңыздағы 185 қасиетті нысан және жергілікті маңыздағы 463 қасиетті нысан анықталды. «Елбасының тікелей тапсырмасымен

үш мемлекеттік қорық ашылды. Олар-Бозоқ, Ботай және Сарайшық. Былтырдан бері Атырау облыстық әкімдігінің бастамасымен үлкен жөндеу жұмыстары атқарылып жатыр. Кезінде Қасым хандар елдің астанасын Ұлытаудан сол жерге апарған. Сөйтіп Алтын Орданың мұрагері біз екенін көрсетті. Сондықтан Сарайшық біз үшін үлкен геосаяси құндылық. Соны насихаттап, жеткізе білуіміз керек»,- деді «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы. [1,4]

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына Атырау облысынан жеті нысан енгізілді. Олар: Ақмешіт, Ұшқан ата және М.Өтемісұлының кесенелері, Аралтөбе қорымы, Құлшан ата жер асты мешіті, Иманқара үңгірі және Сарайшық қалашығы. Сарайшық қаласын сақтап қалу, зерттеу және өзен жағасын бекіту бойынша ауқымды жоба жүзеге асырыла бастады. Биыл жұмыс аяқталып, қалашық орнына этномәдени музей кешені салынады, осы арқылы ішкі және сыртқы туризмнің дамуына кең жол ашылмақ. [1,5] Рухани жаңғырудың да басты мақсаты ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі қалдыру, өлке тарихын жадына тоқып өсу, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпау болатын.

Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы арқылы өлке тарихын терең зерделеу, ұлы тұлғаларымыздың өмірін тану бағытында білім беру жүйесінің алдына да үлкен міндеттер қойылып отыр. Өз елінің тарихын терең меңгертіп, ұлтжандылық пен отаншылдық тәрбие беру мектептен бастау алуы тиіс, ал елді тану өлке тарихынан басталады. Осы орайда мектеп бағдарламасына енгізілген «Өлкетану» курстарының маңызы зор.

"Өлкетану" – "Қазақстан тарихы", "Қазақ әдебиеті", "География", "Музыка" жалпы білім беретін оқу пәндерін толықтыратын кіріктірілген оқу курсы және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін оқуға ықпал етеді. Курстың мақсаты – туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа да факторлар туралы білім қалыптастыру; туған елге деген сүйіспеншілік сезімге, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу болып табылады. Оқу пәні мына міндеттерді жүзеге асырады.

1) Қазақстан тарихы пәндері сабақтарында алынған білімдері мен дағдыларын кеңейту, тереңдету;

2) ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру;

3) туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

4) туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

5) туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыру. [2]

Оқушылардың өз өлкесіне тән негізгі ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайтын, өлкетанудағы оқу-ізденушілік әрекетінің негізгі түрі ретіндегі бұл бағдарлама, іздеу-зерттеу әрекеттерінің алгоритмі болып табылады. Бағдарлама жан-жақты сипатқа ие және еліміздің кез-келген бөлігінде орналасқан туған өлкені, ауылды немесе қаланы, олардың төңірегін оқып-білудегі негізгі бағыттарды көрсетеді.

Уақыт талабына сай білім мен тәжірибе, іскерлікті игере отырып, мектептегі өзекті мәселелердің бірі – өлкетану жұмысын ұйымдастырудың жолдарын айқындап, бір жүйеге келтіру де тарихшы ұстаздардың үлесіне тиіп отыр. Өйткені тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ұлттық тарихымызды оқытуға баса назар аударылды. Әрбір саналы азамат төл тарихын жете біліп, қадір – қасиетін ұққанда, өткен жолын, тар жол тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, елдің басын біріктірген тарихи тұлғалардың жат жұрттан жерін, суын, даласын қанын төгіп қайсарлықпен қорғап қалған ерліктерін қастерлей білгенде ғана Отанға, халқына деген мақтаныш сезімі оянады.

Мақсатты, жүйелі ұйымдастыра білсе өлкетану жұмысының білімдік, танымдық, дамытушылық, тәрбиелік маңызы зор. Мысалы, сабақ үрдісіндегі жергілікті жерге байланысты деректерді тиімді пайдалану оқушылардың тарихи құбылыс заңдылықтарын толық түсініп, адамзаттың материалдық және рухани байлықты жасаушы ретіндегі рөлін ғылыми жолмен түсіне білуіне мүмкіндік береді. Өлке тарихын оқытудың күнделікті өтілетін сабақтардан өзгешелігі бар. Өзіне жақын да таныс жерлер мен адамдар туралы айтылатын оқиғалар мен деректер әр нәрсеге қызыққыш, эмоционалды болып келетін балалардың жан – қуаттарының оянуына түрткі болып, мұндай сабақтарға қызығушылықпен, белсенділікпен қатысады. Өлкетану жұмыстарына балалардың ерте кезден араласуы олардың ой – өрісін дамытады, еліміздің тыныс – тіршілігімен, шаруашылық өмірімен таныса отырып, қоғамға қажетті білімге құштарлық, байқағыштық, тапқырлық, ізденімпаздық қасиетке өз бетімен шығармашылық іске ұмтылуына, болашақ мамандық таңдауына да игі әсер етері сөзсіз.

"Өлкетану" курсының 5-8сыныптарында оқытылатын тақырыптар:

- "Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану мұражайына бару)";
- тарихи жәдігердің не екендігін білу, тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін білу, нақты жәдігерлер нені білдіретінін түсіндіре білу.
- "Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)";
- "Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері";
- "Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)";
- "Туған өлке тарихының тірі куәгерлері";

туған өлке тарихының тірі куәгерлерін саралау категорияларын білу: Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл ардагерлері, еңбек ардагерлері, ауған-әскерлері, тың игерушілер, құрметті тұрғындар, еңбегі сіңген педагогтер мен дәрігерлер, соғыс және тыл ардагерлерінің ерліктері туралы білу.

- "Туристік маршруттар";
- "Жомарт жүрек";
- "Туған өлкенің жылнамасы"; дереккөздер негізінде өлке дамуының тарихи маңызды кезеңдерін анықтау, туған өлкенің шежіресін білу, мұражайлардан, мұрағаттардан, кітапханалардан, интернеттен туған өлкеге (ауыл, аудан, қала, облыс) қатысты қажетті ақпаратты табу, тарихи оқиғалардың хронологиясын құрастыра білу.
- "Менің мектебімнің тарихы"; түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, сұхбаттасуға қажетті сұрақтар қою және сұхбат жүргізу, өз мектебінің тарихын әңгімелей білу.
- "Менің өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу". материалды ұсыну формасын анықтау, өлке туралы негізгі анықтамалық мәліметтерді қамтитын түрлі форматтағы ақпараттық материалдарды әзірлеу, оқырманға/тыңдарманға эмоционалдық әсер ету мақсатында материалдарды жинақтай білу.

Музей - мол білім мен тәрбиенің орталығы. Ол оқушылардың адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын қалыптастырады. «Музей адамдардың өткен өмірі мен тіршілігінен хабар беретін нәрселерді жинақтайтын орын болғандықтан да оны академик Луначарский «жазылмаған кітап, яғни жазылмаған тарих»- деп өте орынды атаған», - деп жазады М.Намазғалиев. [3,4] Олай болса музеймен тығыз байланыста бола отырып, оқу-тәрбие шараларын өткізу арқылы болашақ ұрпақтың дүниеге көзқарасын қалыптастырып, патриотизм үлгісінде тәрбиелеп, ұлтжанды азамат болып өсуіне сенім мол. Музеймен бірлескен әрбір іс-әрекет тарих пәніне деген қызығушылықты арттырып және шығармашылықпен жұмыс істеуіме үлкен жол ашты. Соның бір айқын дәлелі Сарайшық музей-қорығымен бірлесіп бірнеше шаралар өткізілді. Музейге, қазба орындарына саяхат- сабақтар, музей қызметкерлерімен кездесу, танымдық кештер, тарихи конференциялар жоспарлы түрде өткізіліп келеді.

Сол сияқты «Отаным-тағдырым», «Өлкетану», «Саналы азамат», «100 жаңа есім» атты бағыттарды қамтитын «Тәрбие және білім» бағдарламасы да өз кезегінде жүйелі білім және тәрбие үдерісінің өзегіне айналып, іске асырылуда. Бағдарламаны нәтижелі іске асыру және жүйелі жүргізу мақсатымен мектепте «Тарихи өлкетану» үйірмесі құрылды. Үйірменің мақсаты:

- «Туған жер» бағдарламасы аясында өз туған жерлеріне көмек шараларын ұйымдастыру;
- «Сакралды Қазақстан» жобасы аясында еліміздің өңірлері мен киелі Сарайшықтың тарихымен танысу;

Біздің ең биік мақсатымыз келешегі кемел білімді ұрпақ тәрбиелеу. Үйірме мүшелері түрлі тақырыптағы дәрістер, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар, тарихи-танымдық кештер өткізуде. Тұңғыш Президентіміздің өнегелі өмірін

жастарға үлгі ету мақсатында «Елін сүйген Елбасы» танымдық кеші, жастар арасында тұлғалық үлгі болатындай ауған соғысының ардагерлері Қадырбек Шаймарданов, Рахметолла Машиховпен өнегелі кездесулер өткізілді. Осы жүргізілген жұмыстар арқылы қол жеткізілген нәтиже:

- Өз Отанын сүйетін, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді;
- Оқушылардың туған өлкеге деген қадір – құрметін оята отырып, сол арқылы туып өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптасады;
- Оқушылар мүмкін болғанынша зерттеу жұмыстарына қатысады;
- Оқушыларда қоршаған ортаны бақылай алу білігі қалыптасады, олардың күнделікті қажетті істерге қатысу қабілеті дамиды;
- Оқушының сапалық қасиеттері дамиды;
- Оқушының тарихи дағыдылары мен тарихи біліктілігі артады;
- Оқушының бойында ұлттық санасы қалыптасқан тарихи сана жетіледі;

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Рухани жаңғыру- жаһандық мәнге ие жоба» «Егемен Қазақстан» 2018ж. 16 сәуір
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7-сыныптарына арналған "Өлкетану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
3. Намазғалиев М., Мұражай-жазылмаған кітап. «Атырау» 1992ж.
4. «Ұлы даланың жеті қыры» «Егемен Қазақстан» 21.11.2018
5. «Танымдық дәрістердің маңызы зор» «Егемен Қазақстан» 2019ж. 13наурыз 4-бет
6. Алмурзина Г. «Мектептегі өлкетану жұмысын ұйымдастырудың жолдары мен тәсілдері»

Ж. Қадыр

*Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебі,
6-сынып оқушысы*

ӨЛКЕТАНУШЫ МҰСТАЖАП НАМАЗҒАЛИЕВ

Дүниедегі бар нәрсе ешқашан ізсіз жойылып кетпейді. Олай болса менің алдыма қойған басты мақсатым Сарайшықтың кешегісі, бүгіні және ертеңгісін сабақтастыра отырып, оның тарихын терең меңгеру. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Туған жер әркімнің

шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегiнiң түбiнде әлдилеп өтпейтiн жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениетi мен салт-дәстүрiне айрықша iңкәрлiкпен атсалысу – шынайы патриотизмнiң маңызды көрiнiстерiнiң бiрi»,- деген болатын. Осы өлкеде өстiм, өркен жайдым, адал еңбегiммен табысқа жеттiм дейтiн адам туған жерiнiң болашағына бейжай қарай алмайды.

Осындай сырға толы Сарайшықтың тарихын зерттеген, көне құндылықтарды жинақтаған, оны тәрбие, бiлiм көзiне айналдырған және ұрпаққа жеткiзе бiлген тарихшы, өлкетанушы Мұстажап Намазғалиев.

Намазғалиев Мұстажап 1928 жылы Новобогат (қазiргi Исатай) ауданындағы Забурын ауылдық кеңесiнде дүниеге келген. 1943 жылы екi айлық мұғалiмдер курсы тәмамдап, аудан көлемiнде ұстаздық еттi.

1947 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бiтiрген.

Ұзақ жылдар Махамбет ауданының мектептерiнде ұстаздық қызмет ете жүрiп, өлкемiздiң тарихи шежiресi ежелгi Сарайшық қаласының тарихын зерттеумен айналыса бастады. Ол Сарайшық тарихын жан - жақты терең зерттей отырып, көптеген құнды деректер келтiрiп мақалалар, еңбектер жазды. Республикалық, облыстық педагогикалық оқуларда өлке тарихын зерттеу тақырыбындағы үздiк жұмыстары үшiн бiрнеше дүркiн жүлдегер атанды. Сарайшық музейiнiң негiзiн қалаған да Мұстажап Намазғалиев.

Тарихтың өзi көненiң көзiндей ақтарар сыры көп. Сол сырдың бастауы музейден басталады. Музей - ғасырлар мұрасы. Сарайшық музейiнiң негiзi мектеп ұстазы Мұстажап Намазғалиевтың басшылығымен Сарайшық орта мектебiнен бастау алады. Сарайшық сынды орта ғасырлық тарихымыздың бiрегей куәсiн iзсiз қылдырмауға тырысып М.Намазғалиев көп жәдiгерлерден алғаш рет тарих кабинетiнде "тарих бұрышын" жасақтады. Бұл iзденiс туралы М.Намазғалиев "Мұражай - жазылмаған кiтап" деген мақаласында былай дейдi: «Мен Сарайшық туралы ерте естiсем де оны көрудiң 1961 жылға дейiн сәтi түспедi. 1961 жылдың жазында Балықшы ауданындағы "Еркiнқала" орта мектебiнiң директорынан өзiм сұранып осында келiп, мектепке жұмысқа кiрiскен күннен бастап көне Сарайшықты зерттеу iсiмен айналыстым. Сол күннен бастап Сарайшық орнынан табылған "көненiң көзi" деген нәрселердiң барлығын тырнақтап жинай бастадым. Сөйтiп мектептен музей бұрышын аштым. Экспонаттар жинақтай келе ол мектеп музейiне айналды» [1,4]

Ол Сарайшық орта мектебiнiң оқушыларын да осы игi iске тарта бiлдi. Ұстаз тәлiмiн көрген шәкiрттерiнiң туған жердiң тарихын бiлуге деген құлшыныстарының ерекше болғаны соншалық ғасырлар бойы жер астында жатқан жәдiгерлердi тауып әкелiп, мектепте шағын музейдiң ашылуына үлес қосты. Оқушылардың белсендi еңбектерiнiң арқасында музейдiң қоры молая түстi. Музейдi ұйымдастырушы ұстаз бен оқушылар тығыз байланыста болды.

Ол шағын музей мектептің қарапайым бір бөлмесі болса да, тарих тұңғығынан көп сыр айтып тұратын. Мұстажап аға тарих кабинетіндегі шағын музейде жинақталған деректер арқылы оқушыларға терең білім беріп, оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, ел тарихын терең меңгеруге қызығушылықтарын арттыра білді. М.Намазғалиев музей құру, жәдігерлерді жинақтау арқылы жас ұрпақты отаншылдыққа, туған өлкені сүюдің, жастарды тәрбиелеудің үлкен орталығына айналдыра білді. Төл тарихымыздан көп мағлұмат беретін осынау құндылықтар жарыққа шығып, зерттеліп, музейден орын алды. Ежелгі Сарайшық тарихын мектеп музейінде жинақтап, кейінгі ұрпаққа насихаттап көрсете білу оның басты парызы болды.

«Орта ғасырлар кезінде екі құрлық – Еуропа мен Азияның шектесіп түйіскен жерінде пайда болған, ертедегі керуен жолы бойындағы қолөнері мен сауданың гүлденген қаласы Сарайшық. Сарайшықтың сол орнында кезінде музейге экспонат боларлықтай көненің көзі көп болған еді, бірақ оған мән беріп, оны қастерлеп жинақтайтын азамат табылмады. Соның нәтижесінде көптеген тарихқа куә боларлықтай бұйымдар немесе олардың жұрнақтары кез-келгеннің қолында болып, із-түзсіз жойылып кеткен», -деп көрсетеді өлкетанушы. [1,4] Ол Ұлы Отан соғысынан кейінгі қиыншылық жылдарында қайтыс болған адамдардың кейбірінің мүрделерін қажетті материалдардың болмауы салдарынан көне орыннан табылған диаметрі 60-70 см-ден кем емес, саз балшықтан құйылып күйдірілген құбырдың ішіне тығып, қабірге жерлеген кездері болғандығын ұзақ жылдар ұстаздық еңбек еткен Бисалиева Ағибаш апайдан естігенін айтатын.

Мұстажап Намазғалиев ұстаздық қызмет ете жүріп, өлке тарихын зерттеу қызметін одан әрі жалғастырды. Тарих кабинетінде жинақталған жәдігерлер, құнды деректер негізінде ол селодағы ауылшаруашылығы тәжірибе станциясының ғимаратының бірінші қабатында ауыл музейін ұйымдастырып, өлке тарихын зерттеуші және музей директоры қызметін атқарды. Музей 1971-1990 жылдар аралығында облыстық өлкетану музейінің филиалы болды.

«Сарайшықтың орнынан оның бір кезде өмірде болғандығының куәсі ретінде ескі Сарайшық мұраларының қалдықтары жинақталған "Сарайшық - тарихи өлкетану селолық музейі" ресми түрде өмірге келді. Бұл музейдің өзіне тән ерекшелігі сол, мұнда – археологиялық көне бұйымдардың көзі болып табылатын әртүрлі экспонаттар бар», -дейді бұл туралы өлкетанушының өзі. [1,4]

Сол кездің өзінде селолық мұражайға жазушылар З.Қабдолов, Әнес Сариев, Нәбиден Әбуталиев, М.Мағауин, ақын Т.Молдағалиев, ғалымдар профессор Кәкішев, тарих ғылымының докторы, профессор Әбу Тәкенов, тарих ғылымының докторы К.Байпақов, белгілі архитектор Ш.Уәлиханов және т.б. келіп, өздерінің әсерлерін, ұсыныс-пікірлерін жазған.

Музейдің осы жерде болуының қандай қажеті бар, мұны облыстық немесе аудандық музейге қосу керек дегендер де болған, Мұстажап ағаның кейбір

жолдастары оны «Айналасы толған тас, ортасында мылжыңбас»- деп те әзілдейтін. Бірақ бұл музей осы жерге қажет деп бірнеше себептерін айтып дәлелдеген де Мұстажап аға болатын. Ол себептер мыналар деп атап көрсетті:

1. Аты тарихта мәңгі қалып келе жатқан көне Сарайшықтың жарық дүниедегі жалғыз ғана көзі.

2. Мұндағы әрбір тас пен оның сынығының өзі тұнып тұрған тарих. Сол тастардың бойында соншама құпия сыр сақтаулы.

3. Бұл жас ұрпақ үшін үлкен тәрбие орны [2,3]

Осылайша М.Намазғалиевтың Сарайшық тарихына бейжай қарамағандығын байқауға болады. Ол аудандық "Жайық шұғыласы" газетіне жарияланған "Көне Сарайшық туралы" мақаласында: «Тарих кабинетінде экспонаттардан тарихи-өлкетану музейін ұйымдастырған едім. Қазір ол музейге айналып, ауылшаруашылығы тәжірибе станциясының конторы үйінің бір бөлмесіне орналастырылған Ал, бұл күндері сол музейдің "Сарайшық" деген аты өзгеріп, "Опытное" тарихи - өлкетану музейі деп аталған. Бұл дұрыс емес деп ойлаймын», - деп жазады. [3,4] Бұдан көріп отырғанымыздай кеңестік дәуірде музейге Сарайшық атауының берілмеуіне де ол үлкен қынжылыс білдіреді.

Мұстажап Намазғалиев ежелгі Сарайшықтың кейінгі өміріне де бейжай қараған жоқ. Ол бұл тақырыпта да көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізді. Алғашқы мектептер де осы Сарайшықта болған. 1885-1890 жылдары Сарайшықта екі мектеп, олар – «Церковно – приходская школа» деген діни және «Светская школа» деп аталатын бастапқы ғылым негіздерін оқытатын мектеп болған. Ол әсіресе азамат соғысы жылдарындағы Сарайшық тарихына байланысты көп мәліметтер келтіреді. Гурьев ревкомы милиция бөлімдерін құрды. Сарайшықта құрылған милиция бөліміне Қоқанов Есқали басшылық етті. Бүлікші бандылармен күрес үшін Жайық бойы поселкелерінде еріктілер отрядтары ұйымдаса бастады. Мұндай еріктілердің атты отряды Сарайшықта да құрылды. 1922 жылғы қаңтар айының басында болған Гребенщик селосындағы бандылармен шайқаста Сарайшықта ұйымдасқан еріктілер жасағының құрамындағы Сарайшықтың екі азаматы Е.Егоров пен Толстов ерлікпен қаза тапты. Олардың мүрделерін жерлестері Сарайшық селосының көшесіндегі кең алаңға әкеліп жерледі. Оларға туыстары сол кезде орнатқан ағаш қорған 45 жылда әбден тозығы жетіп, құлаған еді. Ұлы Қазан төңкерісінің 50 жылдық мерекесі қарсаңында (1967 жылы) өлке тарихын зерттеп жүрген М.Намазғалиевтың бастамасымен сол кездегі Сарайшықтағы село механизаторларын даярлайтын училище басшылары Ғұмаров Зинолла мен Әдірісов Әбу қолдап ағаш шарбақтың орнына тастан белгі орнатылып, сырты темір шарбақпен қоршалып, аты-жөндері жазылған мрамор тақта қойылды. Бұл белгі кеңестік кезеңдегі Сарайшық селосындағы елеулі орындардың бірі болды.[5]

Тарихшы Намазғалиев Мұстажап жерлестері арасынан бірінші болып Сарайшықтың көне тарихы туралы материалдарды облыстық "Атырау" және Махамбет аудандық "Жайық шұғыласы" газеті сияқты басылымдарда жариялап отырды. Өлкетанушы ұстаз өз мақалаларында ежелгі Сарайшық туралы араб саяхатшысы Ибн Баттута, Әбілғазы хан, ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон жазып қалдырғаны туралы мәліметтер келтіреді. Ол Сарайшықта кен балқыту ісі жолға қойылғанын және қолөнердің дамығанын нақтылап қарастырады: 1)қыш құмыра күйдіру, 2)керамика, 3)руда балқыту, 4)кірпіш күйдіру, 5)су құбырларын жүргізу.

Сол сияқты М.Намазғалиевтың өзге де тақырыптарды қозғаған «Село неліктен Редут атанды», «Түркістан туралы не білеміз», «Қазақ жерінің кей жері орыс жері болған ба?», «Ақсақ Темірдің соғыстары» және тағы да басқа да зерттеу деректері баспасөз беттерінде жарық көрді.

Мұстажап аға бүкіл ғұмырын Сарайшық тарихына арнады. Ежелгі Сарайшық қаласының өткені мен бүгінінің жан-жақты зерттеліп, тарихқа енуіне, келер ұрпақтың Сарайшық тарихын терең білуіне қол жеткізу жолында еңбек етті. Оның болашағына көңілі алаңдаулы болды. Бұл туралы ол былай деп жазады: «Музей жаңадан табылған экспонаттармен соңғы төрт жыл бойында толықтырылған жоқ. Халқымыздың бастан кешкен шежіресінен хабардар орынға, қамқорларлық жасалса абзал іс болар еді деп ойлаймын. Себебі көне орында музей сақталып, көне тарихтан, бүгінгі және келешек ұрпақ үшін сыр шертіп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын» [2,4]

«Тарихи көне ескерткіш орындарының бірі ретінде Бүкілодақтық есепке алынған Сарайшық бұл күндерде жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр. Көне тарихи орынды қадірлей білейік», - деген еді Мұстажап Намазғалиев.

Осынау көне орынның ұлы қасиетін ұрпаққа жеткізсем деп көп еңбектенген, бұл күндері арамызда жоқ зерттеуші М.Намазғалиевтің игі істері бүгінгі күнде жалғасын табуда. Бүгінде Хан ордалы Сарайшық мемориалдық кешені алыстан да жақыннан да келетін қонақтарымыздың тамашалап, рухани әсер алар ерекше тарихи орны. Хан Ордалы Сарайшық музей қорығы- археологиялық бағыттағы облыстық музей қорық 1999 жылы 3 қыркүйекте сол кездегі облыс әкімі Иманғали Тасмағанбетовтың бастамасымен бюджеттен қаражат шығарылмастан облыс аумағындағы орналасқан мекеме, кәсіпорындардың қаржылай демеушілігінің арқасында салынып іске қосылды. Археологиялық қазба кезінде табылған түрлі жәдігерлер ортағасырлық Сарайшық қаласының халықаралық сауда орталығы, Алтын Орда және Ноғай Ордасы мемлекеттерінің кезеңінде XIII- XVI ғасырларда ірі саяси орталықтардың бірі, мәдениет пен ғылымның ошағы, сондай ақ Дешті Қыпшақтың батыс бөлігінде исламды таратуда белсенді діни орталық болғандығын айқындайды.

Сарайшыққа келіп, тарихи орынға тағзым еткен Елбасы Н.Назарбаев «Сарайшықтың әрбір тасын, қыш құмырасы мен теңгесіне дейін жалықпай

ыждағатты зерттеп, келесі ұрпаққа жеткізсек, ел алдындағы борышымызды орындағанымыз болмақ», - деген еді. [2]

Өлке тарихын жан-жақты зерттеген, тарихтан сыр шертетін құнды жәдігерлерді жинақтап, болашақ ұрпаққа қалдырған тарихшы, өлкетанушы ұстаз Мұстажап Намазғалиев атаның өлке тарихына қосқан еңбегін, қызметін көрсетуге тырыстым. Сарайшық музейіне барып, ежелгі Сарайшық тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен танысып, М.Намазғалиевтың қолы тиген экспонаттарды тамашаладым. Жетекші ұстазым жинақтаған М.Намазғалиевтың «Атырау», «Жайық шұғыласы» газеттерінде жарық көрген мақалаларымен, деректерімен, алғашқы құрылған мектеп музейі туралы фотосуреттермен таныстым.

«Құнды жол торабында тұрған Сарайшық жалпақ әлемге жауынгерлік рухымен көшпенділер одағы- Алтын Орда империясының, соңынан қазақ хандығының орталығы болды. Сарайшық батыс пен шығысты байланыстырған ірі сауда орталығы ғана емес, елдің туын көтерген қаламыз екенін ұмытпайық», - деген еді Н.Ә.Назарбаев. [5] Олай болса ғасырлардан ғасырларға жетер Сарайшықтың тарихы мен оның құндылықтары негізінде қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде Сарайшықтың көне жәдігерлерін жинап бастаған өлкетанушы М.Намазғалиевтың құнды пікірлері мен музейдің берер тағылымы мол. «Өткенінді зерттемесең анықтап, болашаққа ұша алмайсың шарықтап» - деп халық нақылында айтылғандай, өткенді қастерлеу арқылы болашағымызды баянды ете аламыз.

Жұмысымды қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстар айтамын:

1. Сарайшық музейінің негізі мектеп ұстазы Мұстажап Намазғалиевтың басшылығымен Сарайшық орта мектебінен бастау алатындығын естен шығармау.
2. Тарихшы, өлкетанушы ұстаз М.Намазғалиевтың еңбектерін жинақтап, кітап басып шығару. М.Намазғалиев туралы аудандық, облыстық баспасөз беттерінде жариялау.
3. Сарайшық музейіне тарихшы-өлкетанушы Мұстажап Намазғалиевтың есімін беру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Намазғалиев М., Мұражай-жазылмаған кітап. «Атырау» 1992ж.
2. Намазғалиев М., Тарихи орынды қадірлейік. «Жайық шұғыласы» 1986ж
3. Намазғалиев М., Көне Сарайшық туралы. «Жайық шұғыласы» 1990ж.
4. Намазғалиев М., Село неліктен Редут атанды? «Жайық шұғыласы» 1990ж.
5. Намазғалиев М., Сын сағатта сыналып, жазықсыз жапа шеккендер. «Атамекен» 1990ж.
8. «Рухани жаңғыру- жаһандық мәнге ие жоба» «Егемен Қазақстан» 2018ж.

А. А. Есенбаева

Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебі,

ағылшын тіл пән мұғалімі

Атырау облысы Махамбет ауданы

SARAI SHYK SURPRISED WHOLE THE WORLD

Аннотация

Зерттеу мақсаты:

Ежелгі Сарайшық қаласының саяси-экономикалық, мәдени қызметін және Хан Ордалы Сарайшықтың маңызы мен алатын орнын дәлелдеу.

Зерттеу кезеңдері:

1. Жергілікті өлкетанушы Мұстажап Намазғалиев туралы деректер жинау
2. Ежелгі Сарайшық қаласы, оның тарихта алатын орны туралы әңгімелеу
3. Хан Ордалы Сарайшық мұражай қорығының құрылуы және қызметі туралы баяндау

Зерттеу әдістері:

1. Сарайшық туралы деректерді жинақтау
2. Ежелгі қала туралы жазылған деректермен танысу
3. Деректерді талдау, тұжырым жасау

Зерттеу жаңалығы:

- Хан Ордалы Сарайшық мұражай қорығына келуші шет елдік қонақтарды анықтай отырып, олардың көзқарастарын бағалау
- Көне Сарайшықтың тарихын бүгінгі күн тарихымен байланыстылығын айқындау

Зерттеу нәтижесі:

Хан Ордалы Сарайшық мұражай қорығының жүргізіліп отырған жұмыстары негізінде ежелгі Сарайшық қаласының есімі әлемге асқақтап отырғандығын дәлелдеу

Гипотеза:

Алысқан дұшпанынан асқан әлі,
Кеше де ел болғанбыз астаналы!
Қазақта елдік, бірлік өнегесі,
Осынау Сарайшықтан басталады.

Нәтижелерді практикалық қолдану салалары:

Биыл «Хан Ордалы Сарайшық» мұражай қорығына 20 жыл толады. Осыған орай өзіміздің Қ.Қарашаұлы атынлағы Сарайшық орта мектебінде кең көлемде конференция болды. Оған облыстан, ауданнан, шет елден қонақтар келіп, «Хан Ордалы Сарайшық» мұражай қорығының өткені мен бүгіні туралы құнды пікірлерін ортаға салды. Осы конференцияда «Әлемді таңқалдырған-Сарайшық» атты жұмысымды оқып, шет елдіктермен пікір алыстым.

« ...On the tenth day after departure from Sara we arrived to city of Saraijuk, where juk means “small”. They Thus wanted to express that it was a Small Sara...»

Ibn Battuta

Ruins of grand and famous town Saraijuk (modern name Saraichik) in old times remained in 50 km from modern town Atyrau.

As the majority of other towns, Saraijuk was formed for management of areas of Zhoshy Ulus. Palaces and administrative buildings for nobility were constructed in town, and blocks of free people, merchants and handicraftsmen appeared around them. Probably, settlement existed there in the earliest period and there was convenient pass through Jaiyk River. Caravan route passed there from ancient times, in that picturesque place in endless steppe, on southern part of border between Europe and Asia. Town served as important staging point along Great Silk Road. Words of Arab traveler Ibn Battuta, who visited Saraijuk in 1333-1334 year became long time ago, as reading words, like (Town is situated on the bank of a big, quick river, called Ulusu, what means (great water). There is bridge of boards, as bridge of Bagdad). Route which was going for directions there went from East, Urgench to Saraijuk. One direction was going along river to the North, another one was going through steppe to capitals of Sarai al-Makhrns and Sarai al-Djedid, and the third one was going along shore of Caspian sea to Khaji-Tarhan and then to Crimea. All of them were provided by caravan-sarays, wells and sources of pure water. The fourth direction was water route through Caspian Sea to Iran and Azerbaijan.

It is clear, that ceramic sells came with caravans. Vessels were necessary a way and were intended for sale. Architecture of caravan sarays, numismatic material and ceramics, found there, show the changes of political and economical centers of Ulus. These materials have been studied not enough yet to restore completely and objectively historical processes inside empire and its economical links with other world.

Further it would be interesting to follow ways of spread of ceramics along caravan routes and to reveal centers of production, what will doubtless, light row of

poorly worked out problems together with other archaeological sources. These problems are connected with political, trade-economical life of Saraijuk, reflected general situation Zhoshy Ulus from time of its raising and up to its disintegration.

History of town is following. Flint scrapers, stone pestle of Bronze epoch, arrow heads of Early Iron age had been found on different parts of town. In low layers of excavations.

Fragmentary dwellings, cut by following constructions. Dwellings of the XI-XII cc. and fragments of modeled black clay vessels of Kipchak image were found during archaeological researches. It is not excluded, that on that part existed small town at that time, on which mentioned Osman chronist Khadj-Khalif. He informed that in the mouth of Yaik river was town S. van. dj, which earlier was capital of Kurnans and then it was built and settled by Nogays, whose khans lived there at that time (Trepavlov, 2002. P. 226). Probably, author called Kumans as population of Golden Horde time. Ceramics of the XII century has not been met anywhere in low parts of Jaiyk.

Life of town is divided for four periods by imaginations existed now. The first period was at the beginning of town's construction from middle of the XIII century up to beginning of Khan Uzbek rule, it means up to the year 1312.

Utemish-khasji, secretary of Ilbars-khan (1512-1525 years) in his work (Chingizname), telling about campaign of Berke-khan (1257-1266 years) against ilkhan of Iran Khulagu (1256-1265 years) noted. That (While he was going to Saraichik. 500 men gathered together around him. While passing Saraichik and reaching Idil river bank, one thousand five hundred men gathered together) (Utemish Khadsi, 1992. P. 97, 99). Khiva ruler and historian Abulgazi Bahadur-khan (1644-1664 years) informed on the existence of town: (...once Berke-khan went to Saraichik, established by his eldest brother. There he saw a big caravan, arrived from Bukhara...) (Abulgazi, 1996. P. 99).

The earliest coin found in low layers of site is still dirham of Mengu-Timur khan (1266-1282 years), coined in Ukek town on Volga River (Samashev, Burnasheva, Bazykhan, Flakhov, 2006. P. 82). Dirhems of Toktagu-khan (1291-1313 years) are referred to the late XIII century.

Construction of town was carried out not chaotically, but by single plan with account of traditions of nomadic town's building. Traditions of towns of Low Volga region, Khorosm and Syrdaria were combined in architecture of houses, their inner interiors. Mostly houses were built of raw bricks and had 2-4 rooms in sizes

In 20-30 minutes drive from the city of Atyrau, there is a unique state museum "Khan Ordali Saraychik" reserve. This tourists should come to this region and choose a time and visit this amazing place, before them the world of the Great Steppe history opens, full of secrets and mysteries.

The Khan Ordali Sarayshyk Museum-Reserve was opened in 1999, on the basis of objects and exhibits collected by scientists for many years of archaeological

excavations. In addition to the museum itself, the museum complex includes the Khan Pantheon, as well as the ruins of buildings and remains of the fortress walls of the ancient city of Sarayshyk.

In the museum you can see the reconstructed model of the city of Sarayshyk, it accurately reproduces the appearance of the city in the XIV century. Of great interest is the richest collection of exhibits collected by scientists during archaeological excavations.

The collection details the everyday life of the townspeople for several centuries of the existence of the city of Sarayshyk. In addition to the museum, the complex includes the Khan Pantheon (author of the former Akim of Atyrau oblast, now Astana akim Imangali Tasmagambetov), which is an octagonal structure, 17 meters high.

Between the walls of the pantheon there are monuments to seven khans, buried in Saraishyk. On the black marble are carved the names of khans and the dates of their reign. the famous Arab traveler Ibn Batuta wrote about the ancient city: "Saraishyk is the largest city in the world after Baghdad. In the center stands the Khan's palace, there are four mosques and many caravanserais. Around the city stands a fortified wall 11 meters high, its thickness is four meters. But the most amazing thing is that there is water in every house. "

Unfortunately, fate is not merciful to the ancient city and today, due to the change in the channel of the Ural River, the shore is washed up and the remains of the ruins of the ancient city go under the water. Repeated archaeological excavations carried out here allowed us to preserve the image of the ancient city and the everyday life of the townspeople, and visitors can get acquainted with all this by visiting the Khan Ordali Saraychik reserve museum.

Foreign guests who came to the XX Anniversary Assembly of the Association of State Universities of the Caspian countries were invited to visit the unique state museum-reserve "Khan Ordaly Sarayshyk" to familiarize themselves with the history of our region. It is an amazing place, before the visitors the world of the history of the Great Steppe, full of secrets and mysteries . Saraishyk is also famous for the fact that seven Kazakh khans were buried there.

First of all, the guests went to a place called "Pantheon of Khans", which is an octagonal structure, about 17 meters high. We inspected the structure of historical buildings and heard from the guide the legend of the "Holy Tree", which is located in the center of the monument of the Seven Khans.

Also, our foreign guests were shown historical relics found during excavations of the ancient city of Sarayshyk. That they had an idea about this city, they showed a mock-up of an ancient city. Great interest was caused by the guests of the richest collection of exhibits collected by scientists during archaeological excavations. The collection details the everyday life of the townspeople for several centuries of the existence of the city of Sarayshyk.

Thus, the members of delegations, having received answers to their questions, plunged into the depths of the history of the ancient place and received a lot of vivid impressions.

А. Аманкелді

*Сағыз орта мектебі КММ,
8 сынып оқушысы
Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы*

ТҮКТІ АТА

Өткен тарихты, ата-баба салған соқпақты білмей, ұрпақ көсегесі көгермейді. Ендеше мен туған жерім Сағызда халық тәу ететін мазар Түкті Ата немесе Баба Түкті Шашты Өзіз туралы айтқым келеді. Сағыз жерінде мемлекет тарапынан ерекше қорғауға алынған Алып-Ана-Түкті Ата қорымы бар. Аңыз бойынша Алып- Ана зор денелі, жауынгер әрі қасиеті бар келіншек болған. Өмір сүрген уақыты белгісіз, тек ноғайлы не қалмақ заманікі болар деген жорамал бар. Ебейті- Ноғайты мен Сағыздың тұщы сулы Қопа қонысын мекен еткен. Алып Ана өз күйеуі Түкті атаның атағы өз атағының қасында шықпай қала ма деген қауіппен дүние салғаннан кейін екеуін екі жерге жерлеуі жөнінде кеңес берген. Екеуі екі жерге , бірақ арасы жақын жерге желенген. Зират етушілер әуелі Түкі атаның басына барып тәу етіп, содан кейін Алып ана бейітіне барып дұға етіп, басына түнейді. Кесене 18-19 ғасырларда ірге көтерген, діни мемориялдық ескерткіштер кешені. Сағыз станциясының оңтүстік шығысынан 10 шақырым жерде орналасқан. Сағыз өзенінің солтүстік беткейінде Түкті Ата оңтүстігінде Алып Ана бейіттері тұр. Қорым негізінен әк құмды тастан жасалған. Ескерткіштер тақталы күмбездерден тұрады. Әуелде осында күйдірілген кірпіштен қаланған кесене болған. Бірақ бүгінде оның тек тікбұрышты ізі ғана сақталған. Екеуінің де бейіттері жер болып кеткен. Тек қана белгі бар. Аңыз бойынша он сан оймауыт пен тоғыз сан торғауыт кезінде ме, әлде ноғайлы заманында ма, әлде қалмаққа қарсы күрес тұсында ма, әйтеуір осы атырапты ерлі зайыпты екі кісі өмір сүріпті. Жаугершілік заманы болса керек. Жауға қарсы ұрыстарда анамыздың ерлігі елден ерек, жұрттың көзіне түседі. Кейін жастар оны Алып Ана деп атап кетіпті. Дүйім жаудың ортасында қалғанда да, алып батырдай алысып, тіпті, жекпе –жекте де жау батырын найзамен түйреп, ат үстінен лақтырып жібереді екен. Бейбіт заманда Алып Ана көріпкелдігі бар емші ретінде атағы алысқа жайылады. Екінші бір халық аузындағы әңгімеде: Түкті Ата мен Алып Ананы , ертедегі жырларда кездесетін Баба Түкті Шашты Өзіз атамен

байланыстырады. Баба Түктінің зайыбы Шашты Өзіз өзінің жолдасына үш шарт қояды: біріншісі, басын жуғанда басына қарамау, екіншісі қолтығының астына қарамау, үшіншісі яғына қарамау. Баба Түкті әулие алғашқыда келіскенімен, қызығушылықпен бір күні жасырын сығалап қараса, Шашты Өзіз басын қолына алып жуып отыр екен, қолтығынан өкпесі көрініп тұрады екен, ал аяқтарының башпайлары теріс қарап тұрған пері қызы екен дейді. Баба Түктінің қарап тұрғанын көрген пері қызы енді мен саған жоқпын, сен уәдеңде тұрмадың деп аққу болып ұшып кеткен екен дейді. Содан Алатаудан ба, Қап тауынан ба, болмаса Алтайдан ба немесе Арқадан ба жеткен жерлері Сағыз өзенінің екі жағынан екеуі мәңгілік орын тепкен деген аңыз бар. Бір деректерде Баба түкті Шашты Өзіз - қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бейне. Ол туралы аңыздардың бірінде шын есімі Баба Туклас деп көрсетілген. Әкесі – Керемет Өзіз. Баба. Үшінші аңыз бойынша, Баба Тукластың баласы Еділ–Жайыққа дейін келген, оның Құтлубек атты ұлынан Едіге батыр туған. Ал «Едіге батыр» жырында Баба түкті Шашты Өзіз – сол батырдың тікелей әкесі ретінде суреттеледі. Қазақ шежірелерінің кейбір нұсқаларында ол Маңғыт руынан деп айтылады, Едігенің осы рудан шыққандығы негіз етіледі. Баба түкті Шашты Өзіз нақты болған адам деген бұлтартпайтын дерек жоқ. Сондықтан ғылымда ол мифтік бейне ретінде қабылданған. Қазақ фольклорында ол әулие кейпінде суреттеледі. Батырлар жырында бас кейіпкерлер қиналған кезде демеуші, аян беруші аруақ тұлғасында бейнеленеді. Мысалы, «Алпамыс батырда» Байбөрінің түсіне Баба түкті Шашты Өзіз кіріп, әйелінің бір ұл, бір қыз табатыны туралы аян береді, кейін Алпамыстың демеушісі болады. Басына қиындық түскенде Баба Түкті Шашты Өзізге сыйынып, жалбарыну дәстүрі халық арасында күні бүгінге дейін сақталған. Күш атасы Қажымұхан додаға түскенде: -«Уа аруақ, Баба түкті Шашты Өзіздің рухы қолдай гөр» - деп сыйынған. Баба түкті Шашты Өзіздің есемі «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Шора батыр» жырларында жиі айтылады. Алтын ордаға билік жүргізген Едіге би Шашты Өзіз әулиені өзінің түп атасы санаған. Сондай-ақ тарихи деректерде Баба түкті Шашты Өзіздің есімі Орта Азия, Қазақстан жеріне Ислам дінін уағыздаушы болып саналатын Ысқақ бабтың замандасы, үзенгілес серігі ретінде жиі айтылады. Тағы бір дерекке назар салсақ, «Қыз Жібек» жырында Төлеген Ақ Жайыққа аттанарда анасы жалғызын жаратқанға, онан соң осы Шашты Өзіз әулиеге тапсырған деседі. Сөйтіп, Баба Түкті Шашты Өзіз әулие халық жадында ел қорғаған батырлардың демеушісі, қиналған-қысылған шақта сүйеніші, баласы жоқтарға бала сұрап әперуші, жарылқаушы, ақ тілеулі аналардың жалбарынғанда медет қылар пірі ретінде танымал.

Түкті атаның баласы Едіге деп деректерде бар. Ел қамын жеген Ер Едіге жайлы Едіге бізді екі рет құрып кетуден сақтады. Алтын Орда басындағы қиын жағдайды пайдаланып қалмақ болған, әскербасылығы жер жүзіне мәшһүр Литваның ұлы князы Витовт үлкен дайындықтан соң, 1399 жылы Литва,

Польша әскерін, Батыс орыс князьдарының әскерін, Тевтон орденді рыцарларын бастап келіп, басып кірді. Жасанған жауды Едіге өзінің дарынды қолбасшылығы арқасында Борсықты түбінде 12 тамыз күні талқандайды. Сөйтіп, күллі түркі халқын көрініп келген апаттан сақтап қалады. «Мұндай» жеңісті Шыңғыс та, Батуда көрген емес»- деп жазады орыстың атақты тарихшысы Н.М.Карамзин өзінің «История государства Российского» деген әлемге әйгілі тарих кітабында.

Едігенің ең басты еңбегі- бізді Ақсақ Темірден сақтап қалды. Едіге болмағанда түрік тектес халықтардың жер бетінен жоқ болып кетуі кәдік еді. Сол заман тарихшыларының жазуынша, Едіге билік басына келген соң, Ордада Темірге қарсы 200мың атты әскеді тұрақты түрде ұстаған. Әлденеше оқталғанымен Темір батпаған. Бұл жөнінде сол замандағы Европа оқымыстысы Г.Клавихо: «...один, служивший Тамурбеку по имени Едегуй, заметив, что между татарами начались несогласия, сговорился с ними, что пойдет на Тамурбека и против всех тех, кто будет (их врагами). И они сделали его сеньором; а он восстал против Тамурбека и стал искать случая его убить; (тогда) и его земли, и Тарталия перешли бы к нему и стали бы его (владениями). У этого Едигуя постоянно имеется в Орде более 200000 всадников»,- деп жазады. /Клавихо Г. История великого Тамерлана. Властелин Евразии Тамерлан.- Алматы: ТОО Издательский Дом «Кочевники, 2003, с 209». Едігенің тарихын зерттеуге академиктер В.М.Жирмунский, Ш.Уәлиханов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан зор үлес қосты. Бәрі де оң бағасын берді. «Едіге» атты қаһармандық эпос бар. Оның 50-ге тарта нұсқасы бар. Барлығына ортақ сарын: «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді» болып келеді. Яғни, Едіге- халық сүйіктісі. «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосы бойынша тәуелсіздік тұсында түркі тектес халықтар арасында екі кандидаттық, екі докторлық диссертация қорғалды. Монографиялар жазылды.

Тәуелсіздікке қолы жетпей қалса да Татарстан Едіге туралы жыр-дастандардың өз тіліндегі 12 нұсқасын жарияға алып шықты. Орыс тіліне аударған адамға бірден «Татарстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» атағын берді. Өзбекке тәуелді қарақалпақтар 2001жылы Едігеге арнап халықаралық конференция өткізді. Оған Жапония мен Германиядан танымал ғалымдар келді. Нөкіс қаласына Едегенің ескерткішін орнатты. Жоғарғы оқу орындары бағдарламасына енгізді. Ресейге тәуелді 70 мың ноғай да осындай ірі шараларды жүзеге асырғандығы туралы дерек бар.

Едіге-қазақ жерінің перзенті. Бұған мынадай тарихи дәлелдеріміз бар:

1. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданында «Едігенің жалы» деген атауы бар.

(Едігенің жалы/ «Ақтөбе» газеті, 30.09.2010ж.)

2. «Едігенің жалынан» он шақырымдай жерде, Сағыз өзені бойында Едігенің әке-шешесінің бейіті тұр. («Алып ана» қорымы.// «Ана тілі» газеті, 02.03.2016ж.)

3. Ноғайты өзені мен Сағыз өзені аралығында «Едіге» деген жер атауы бар.

4. Едігенің өлген жері де Ақтөбе территориясында, Мәртөк ауданында. 1420 жылы Қырымнан батыс қаржыландырған ауыр қолмен келіп, басып кірген Қадырберді ханмен соғыста өлген (Қадырғали бек Жалайыри.Шежірелер жинағы.-Алматы, 1997ж., 119-б)

5. «Едіге» атты тарихи-қаһармандық эпос та жоғарыда айтылғандарды жоққа шығармайды, эпостың атақты Қияс жырау нұсқасында әкесі Едігені іздеп Ақсақ Темір еліне барған Нұраддин балаға хан қайдан келдің дегенде: «Жерім жырақ үш айшылық шөл майдан, Шыққан жерім-Қарғалы, Елек, Кеңсайдан» -дейтіні бар («Едіге» эпосының Қияс нұсқасы, 1990ж. 289-бет). Бұл өзендер Ақтөбе қаласын айқыш-ұйқыш тіліп өтіп жатыр.

6.Едігенің моласы Ақтөбе территориясында, Байғанин ауданында.

7.Ақтөбе облысының территориясында тұратын Қарақойлы табындар, Назар, Шүрен, Жекейден тарайтын ұрпақтар, Тілеу-Қабак ұрпақтары өздерінің арғы атасын Едіге деп есептейді. Яғни, әрідегі Тілеу батыр, Көтібар батыр, Мөңке би, Асау мен Барақ берідегі ағайынды Жұбановтар тегіс Едіге ұрпақтары (Мұхтар Құл-Мұхаммед. Мөңке би //Егемен Қазақстан, 18-21.11.2003ж.).

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Төлеуішов Ә. Сағыздың бой ен жайлау «Арыс» баспасы Алматы 2009ж
2. Серікқалиева С. Қызылқоға- құт мекен «Өлке» баспасы 2005ж
3. Нәутиев Ә.И.Қызылқоға энциклопедиясы «Үш қиян» баспасы 2002ж
4. «Ер Едіге» қоғамдық қоры ақпараты «Ер Едігеге -660жыл»

А. Әнуар

Сағыз орта мектебі КММ, 7 сынып оқушысы

Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы

САҒЫЗ ТҰРҒЫНЫ МӘРИЯ ӘЖЕ

Атамыз қазақ қай заманда да өзге ұлтты өзектен теппей, бауырына тартты. Қыз беріп, қыз алысып құдандалы болып, тату-тәтті тіршілік кешті. Осындай кеңпейілділікке, бауырмалшылдыққа толы ізгі қасиетіміз еліміздің еңсесін биіктетіп, бүкіл әлемге паш етті.



Қазақилықтың қаймағы бұзылмаған өзіміздің Сағыз ауылы басқа ұлттың өкілдері тұратынына әлдекімдер таңданып, қайран қалатын да шығар. Әйтсе де, шыны солай. Солардың бірі - Сағыз ауылының тұрғыны, орыс қызы Мария Николаевна Ревкова. Ол 1938 жылы Гурьев облысы Бақсай ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Соғыс басталғанда әкесі Николай қазақтың жігіттерімен бірге соғысқа аттанып, анасы сегіз баламен қалады. Ревковтар отбасы тіршіліктің қызығы мен қиындығын сол жерде қазақ халқымен бірге бөлісті. Бірақ, тыл тауқыметі майдандағыдан кем түспеді. Ерінің есен-сау елге оралуын тілеген жан-жары, балаларының да амандығын ойлады. Отбасының бар ауыртпалығы өзінің мойнына түссе де мойымаған әйел-ана күнелтіс қамымен Мақат ауданындағы Комсомол мұнай кәсіпшілігіне көшіп келіп, осында жұмыс жасайды. Әне-міне келіп қалады-ау, деп ардақтысын аңсаған аяулы жар бір сәтке де үмітін үзбеді. Осылайша күндер, айлар, жылдар жылжып өте берді. Отты жылдарды майдандағы жолдасын күтумен өткізген қайран ана қиындыққа қажымастан ұл-қыздарын осы күнге жеткізді.



Біздің кейіпкеріміз Мария апай да, жеті жылдықты тәмамдасымен кәсіпшілікке жұмысқа орналасады.

1953 жылы комсомолдық жолдамамен Қызылқоға ауданына келген жас қыз



мұндағы «Алғабас» колхозында әр түрлі жұмыстар атқарады. Еңбектің дәмін ерте татып өскен жан жұмыстан тартынбады. Колхоздың озат сауыншысы атанған орыс қызы зеректігімен, өнерге машықтығымен де көзге түсіп, 1966 жылдан Сағыз селосында біраз жыл

клуб меңгерушісі болды. Кейінірек кулинария оқуын оқып келіп, Ленин атындағы совхозда аспазшы, 1979 жылдан наубайханашы қызметтерін атқарып, зейнеткерлікке шықты. Құдай қосқан қосағы Қойшығали Кенжеғалиев екеуі құрған отбасынан сегіз ұл мен қыз өсіп-өнді. Балаларынан бүгінде жиырманьң үстінде немере-жиен сүйсе, үш шөбере көріп отыр.

Мария апай келін түсіріп, қыз ұзатқан бақытты шаңырақтың абзал анасы.



– Қызылқоғадай қасиетті де киелі өңірдің топырағын басып, суын ішіп жүргеніме алпыс жылға жуықтады. Халқы кеңпейіл, қонақжай, жері берекелі аудан ғой бұл. Сондықтан да, осы өлкені өз туған жерімдей сезінемін. Тек қана заманымыз осылайша тыныш болып, бірлігіміз жарасып, еліміз өркендесін. Қазақ елін татулыққа, бірлікке жеткізген Елбасымыз аман болып, ұлттар

мен ұлыстар арасындағы туыстық жарасым тапқай,-дейді Мария апай үлкен тебіреніспен бір сәт.

2008 жылы құрылған селодағы «Нұр тамшы» атты әжелер ансамблінің белді мүшесі, әрі солисі. Әншінің репертуарындағы «Ахау керім», «Ойылым», «Теріскей», «Қазақ қызы», «Сарыарқа», «Дудар-ай», тағы да басқа әндердің тыңдарманды тәнті қылып, көрерменнің көңілінен шығып жүргеніне өзіміз де талай мәрте куә болдық.

Әжесінің жолымен өнер қуған немересі Александра былтырғы жылы Астанада өткен КАТЕV Халықаралық қоры ұйымдастырған «Жарқын болашақ» атты қазақ



тілі олимпиадасының «Әнші бұлбұлдар» бағыты бойынша I орынды иеленіп, Алтын медальды жеңіп алған еді. Байқаудың қорытындысымен Алматы қаласындағы Сүлеймен Демирел атындағы университеттің грантын иеленді. Журналист мамандығын таңдаған ол бүгінде аталмыш оқу орнының бірінші курсы бітірді. Қазақстан – жүз отыздан астам ұлт пен ұлыстың құтты шаңырағына

айналған, қиын-қыстау кезеңдерде қол-ұшын созып, баршаны жатсынбай бауырына басқан ыстық ұя. Дүйім елді бірлікке бастаған бауырластығымыз ұзағынан болып, көпұлтты қазақ елінің ертеңі бүгінгіден де нұрлы болғай!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Серікқалиева С. Қызылқоға- құт мекен «Өлке» баспасы 2005ж
2. Наутиев Ә.И. Қызылқоға энциклопедиясы «Үш қиян» баспасы 2002ж

А.Қайыржан

Сағыз орта мектебі КММ, 7сынып оқушысы

Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы

БЫЛҚЫЛДАҚТЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.» айтып кеткендей мен өзімнің туып өскен ауылым Сағыз жеріне қарасты елді мекен Былқылдақты туралы айтқым келеді. Былқылдақтының өзіндік тарихы жетерлік.

Былқылдақты-Сағыз ауылдық округінің солтүстігіндегі елді мекен. Оның бұлай аталу себебі: жері бұлақты, суы тұщы, өзен жағасы былқылдаған топырағы жұмсақ көкорай, табаның тигенде балалар ойнайтын батуттың үстінде жүргендей әсерде боласың. Сол себепті Былқылдақты атанған деген жорамал бар. Осы жердің суы бүкіл елді мекенге жетерлік. «Бұзау құдық» деген құдығы бар. Жерасты тұщы су көздері кездеседі. Қоңырсай, Қоғалы, Сулы көлі бар.

Бұл қалмақ пен ноғай қуылғаннан бастап, қазақ халқының бір рулы елінің атамекені. Ата бабаларымыз шаруа жүргізу күн көріс үшін жақсы қоныс таңдауға өте шебер болған. Осы ауыл Топырақшашты өзенімен жағасында суы жанға дауа жерден атқылап жатқан бұлақпен қиылыстар қойнауға орналасқан. Айналасы толған тарихи мекендер: Қалмаққырған, Құрман-Батық, Тоған, Иба бейіті, Сырымның жолы, ел ырысы аталған атақты Наршөккен. Қосай батыр ұрпағы Тәңірберген сардардың елі есептеледі, солардың ұрпағы Абдолла қазіреттің шәкірті болған Жанұзақ қажы бала оқытатын медресе ұстаған, Тәжі ахун, кешегі қуғын-сүргін құрбаны Машырықтар, жыр сұлейі атанған Закария Сағындықұлы, Тобанияз Тұрниязұлы /Әлниязов/, Аққожа ақын, Атанияз батыр өмір сүрген ұрпақтары қазір Сағыз жерінде Сәрсенбаев Құрал ақсақалдан тараған балалар тұрады, Құрман-Батық жезделі балдыз қасиетті кісілер, жетімді жылатпаған Шам, Талпақ байлар өмір сүрген мүрдесі Жылойда бірақ осы жерде болған тіней адай ауылының киелі мекені болған. Былқылдақты Тобанияз ханның мекенінің бірі болған. Олардың аты бірталай тарихи жазбаларда жиі аталады. Кеңес үкіметі орнаған кезде 1931ж дейін Закария ауылдық ревком болған. 1928ж Сағыз округі территориясында Былқылдақты ауылдық кеңесі құрылып орталығы Сартоғай елді мекені болды. Былқылдақты елді мекенінде Ақкиіз колхозы құрылған.

1934ж жалпы Ақшелек, Буракөл, Кенбай жерінде Алғабас, Жаңаталап, Былқылдақтыда Ақкиіз, Сартоғайда Шоқат колхоздары құрылған .

1961жылы 3 колхоз біріктіріліп Ленин атындағы кеңшар құрылған болатын. Сол құрылған колхоздардың ішінде біз әңгіме етіп отырған Былқылдақты да болды. Осы жерге қарасты екі колхоз Былқылдақтыда Ақкиіз, Сартоғайда Шоқат мамырлардың колхозы құрылған. Сағыз селосына қарасты жалпы 6 колхоз болған. **Жанұзақ қажы түнек үйі**-Жанұзақ қажы Қалнияз ұлы 1863жылы Сағыз өңірінде дүниеге келген. Аты кіші жүзге кең тараған Абдолла Хазіреттің шәкірті, Бұхардағы діни мектептерде дәріс алған. Меккеге қажылыққа барған көзі ашық , өз заманындағы алғыр адам болған. Кейіннен Былқыдақты ауылында мешіт салдырып, сол төңіректегі балардың діни сауатынашқан. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары мешіт ғимараты құлатып, оның құрылыс жабдықтары қора салуға пайдаланылды. Соңғы жылдары жергілікті халық, қажының шөбере-шөпшектері оның зиратының орнына көпшілік түнеп, зират ететін кесене тұрғызды. **Қалмаққырылған** Сағыз ауылынан 23 шақырымдай, Былқылдақты елді мекенінен 2 шақырымдай қашықтықта орналақан қырат. Үсті толы қазақ-қалмақ соғысында қаза тапқан жауынгерлер жерленген қорым. XVI-XVIIғасырлар ескерткішіне жатады. Әлі терең зерттелмеген. Зират айналысынан әр кезеңде түрлі қару – жарақтар табылып жатыр. Біраз тарихтың осы жерде көміліп жатқанына дау жоқ.

Тарихтан мәлім, Былқылдақты өңірі 1928-1933 жылдары қазақ тарихына енген әйгілі Адай көтерілісі бастау алған ошақтардың бірі. Әрине, бұл жерде тек қана Адай руының азаматтары ғана жиналып, кеңес құрған жоқ, барлық он екі ата байұлы мен әлім руларының да «Елім, жерім» дейтін арда азаматтары бас қосып, келелі кеңес өткізді. «Адай көтерілісі» деген кітаптағы деректерге сүйенсек, Қайнар, одан әрі Боздақ деген жерде 1931 жылдың наурызында Бокмаш Шоланұлының қарауындағы 600-700-дей отбасы және сол маңдағы Доссор ауданының №19, 34, 43,45 ауылдары, №42 Жылыой ауданының, №22 Ойыл ауданының, №9 Қызылқоға ауданының Адай руы, Мұңал тайпасының Жарысынан, Майлан, Тастемір бөлімшелерінен, Бәйімбет тайпасының Абыз, Байпақ бөлімшелерінен және Түрікмен Адай (Қосай) тұқымдарынан құрылған ауылдардың басы қосылып, шоғырланды. Осы жылы көктемде Бокмаш Шоланұлы Маңғыстау округінің терістік бетіндегі Адай руының арасына барып, үкіметтің жөнсіз озбырлығынан қалай құтылу жөнінде ел ақсақалдарымен ақылдасады. Онда Түрікменстан жаққа көшу талқыланады. Егер Түркменстанға қоныс аудармаған күнде Маңғыстау түбегінде тәуелсіз, дербес Адай хандығын құру туралы да ұсыныс жасайды. Қалай болғанда да Түбектегі халықтың басын қосып, көшуді тездету керектігі шешіледі. Бірақ, жазғытұрғы Жем өзенінің тасып кетуіне байланысты түстікке қарай жылдам көшу жоспары кейінге қалдырылады. Олар енді сол кездегі өкімет белсенділерінің салық жинау, мал дайындау науқанынан бас сауғалаудың әдісі, қанша қиын болғанымен, Жем мен Сағыз

өзендерінің арасындағы Иманқара, Қойқара, Ханқожа, Қырықмылтық, Дәулетәлі өңірінде, бір шеті Тайсойған құмына дейін көшіп-қонып жүруге мәжбүр болды. Ал, 20 наурызда осы Былқылдақты елдімекенінде отырған бұрынғы бай, тәркілеуге ұшыраған Баянқұл Көптілеуұлының үйінде Боқмаш Шоланұлының ұсынысымен, ауыл ақсақалдарының мәжілісі болып, онда жоғарыдағыдай мәселе талқыланып, ауыл ақсақалдары бірауыздан Боқмаш Шоланұлын хан сайлап, көтеріліске басшылық етуді тапсырады. Сондай-ақ, төрт кісіден тұратын хан кеңесінің мүшелері де осы мәжілісте тағайындалады. Демек,

«Бір нәубет түсті біздің басымызға,

Қасірет әкеп кәрі, жасымызға.

Қосақтап ортақ қосқа қуып жатыр,

Қол салып қазан-ошақ асымызға.

Тіріге бұл бір үлкен зорлық болды,

Тізесінің батқаны қорлық болды.

Балшабектің айтқаны закон деген,

Мәскеуден күнде келген жарлық болды, - деп келетін ел аузындағы жыр жолдары отызыншы нәубетті жылдардағы қазақ халқының зары мен мұңын бейнелейді.

Өлеңнің негізінде осы ұжымдастыруға деген халықтың сол кездегі көзқарасы ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының аяғында басталған күштеп ұжымдастыруға,

зорлық-зомбылыққа қазақ халқының төзбегені, үкіметке қарсы шыққаны белгілі.

Тек Қазақстан емес, көршілес, іргелес түрікмен, өзбек, тәжік, грузин, орыс тағы да басқа елдерде де бас көтеру орын алған-ды. Осы орайда, Адай елі үшін аса

мәнді тарихи зерттеу миссиясының көшін бастаған Талас Омарбеков

(«Зобалаң», Алматы, «Санат» 1994ж), Ізтұрған Сариев, Мұқаш Омаровтардың

(«Ойрандалған Адай даласы», Алматы, «Атамұра», 1995 ж., Ізтұрған Сариев

«Қанды қырғын», Алматы, «Жазушы» баспасы, 2005 ж.) ғылыми еңбектерінің

құндылығы жоғары екендігін айта кеткен орынды. Ендеше, тарихи тағылымы

мол жерге ескерткіш орнатып, оны бүгінгі және кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етсе

керемет емес пе?! Осыған орай, «Былқылдақты өңірі 1928-1933 жылдары қазақ

тарихына енген әйгілі Адай көтерілісі бастау алған ошақтардың бірі. Жауға

айбат, елге медет батыр бабалардың тұғыры биік, рухтары шат болғай!» деген

жалынды тілекті мәрмәр тасқа қашап жазған Қазақстан бизнесінің көшбасшысы,

меценат, Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы Жауғашты Нәбиев бастаған ел

азаматтары тәуелсіз ел атану жолында басын қатерге тігіп, жазықсыз жапа

шеккен жампоздар: Тобанияз Әлниязұлы, Көбеген Құрманұлы, Мамай

Салғараұлы, Құныскерей Қожахметұлы, Құрмаш Қосжанұлы, Боқымаш

Шоланұлы, Қарамырза Ембердіұлы, Рахмет Боқымашұлы, Демеген Айтжанұлы,

Қоғабай Алдасүгірұлы, Өтебай Жанасұлы, Қойшығұл Жантілеуұлы,

Демепберген Ембердіұлы, Талпақ Жұбанұлы, Зәкария Сағындықұлы, Қойсары

Қайдағұлұлы, Әмір Нысанұлы, Қосай Нәбиұлы, Ыстамғазы Мақатұлы, Қазақ

Шиенұлы, Көбейсін Қуантырұлы, Жұмабай Үсенұлы, Лұқпан Сарқұлұлы,

Баянқұл Көптілеуұлы, Дәулетбай, Қайрош, Жұмағали Омарұлдары, Мырзағали Дәулетбаев сынды алаштың аяулы азаматтарының есімдерін тізімдеп, оны әлгі тілектің астына енгізіпті. Бұл осы қасіретті жылдарды терең сезініп, зерделеген ел азаматтарының игі ісі. «Адай көтерілісін» үкіметтік деңгейде терең зерттеу, зерделеу қажет. Ақиқатты халық санасына жеткізу керек. 1931 жылғы Адай көтерілістері ежелден бостандық аңсаған қазақтың Сталиннің, Голощекиннің тағылық ісіне қарсы ірі қарсылығы. «Адай банды» деп негізсіз бағаланған. Сол кездегі Үкімет құжатының күшін жоятын мезгіл болды». Тарихта өзіндік орны бар Адай көтерілісіне бейжай қарамай, оны әлі де зерттеп, зерделей түскеніміз абзал. «Елім, жерім» деп күрескен алаш азаматтарын жас ұрпаққа үлгі-өнеге ету біздің міндетіміз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында өлкеміздегі тарихи жер –су атауларын зерттеп ұрпақтан ұрпаққа жеткізу әрбір Қазақстан азаматының ааматтық борышы.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Сағыздың бой ен жайлау «Арыс» баспасы Алматы 2009ж Төлеуішов Әбілхан
- 2.Адай көтерілісі «Нұрлы Әлем» баспасы 2010ж Көшербаев Қырымбек Елеуұлы
- 3.Қызылқоға- құт мекен «Өлке» баспасы 2005ж С.Серікқалиева
- 4.Қызылқоға энциклопедиясы «Үш қиян» баспасы 2002ж Ә.И.Нәутиев

А. Тілекқабыл

Сағыз орта мектебі КММ,

8сынып оқушысы

Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы

ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ **(1875-1930 ж.ж.)**

Бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің де ғасырлар сынына төтеп беріп небір жаугершілік заманда да ұлттық тұтастығын сақтап қана қоймай дербес мемлекеттігін қалпына келтіруінің өзі халқымыздың біртуар перзенттерінің ақылгөй билері мен ел қорғаған ерлеріміздің, жақсы мен жайсандарымыздың ұлттық бірлікті қамтамасыз ету жолындағы ғасырлар бойғы күрестерінің

нәтижелері екені даусыз. Бүгінгі әңгімеміз-сол жайсаңдарымыздың бірі, кешегі алмағайып заманда халқына қорған бола білген, ел еркіндігі жолында құрбан болған жұмбақ та, заңғар тұлға Тобанияз Әланиязұлы хақында.

Жастайынан сөзге жүйрік, тілге шешен, 14 жасынан бастап дау жанжалдарға билік айта бастайды. Патша үкіметі тұсында Бозашы түбегіндегі Шылым болысына болыс болып сайланады. Кейіннен 1916 жылдары қазақ жастарын армияға алуға қарсы шығып сол үшін түрмеге жабылады. 1918 жылы Адай уезі төңкеріс комитетінің төрағасы болып сайланады. Кейіннен уезде «Жеке дара хандық билік орнатқаны үшін» деген айыппен 1923 жылы кері тұтқындалады. Сол жылы халық комиссары Айтышевпен, Қаратаевтардың араласуымен босатылып елге келіп, Сағыз, Мұқыр өңірлерінде ел арасындағы жұмыстарға араласады. 1929 жылы кері тұтқынға алынып ату жазасына кесіледі. Тобанияз 1990 жылдың 26 сәуірінде Қазақ КСР Жоғарғы Сотының шешімімен ақталады. Өз перзентін өз халқына жау етіп көрсеткен, кешегі аласапыран заман талабы, Тобанияз туралы ақиқат деректерді халыққа жеткізуге мүмкіндік бермейді. Тобекеннің 1922 жылы ревком төрағалығынан босағаннан кейін өлке мектептерінің құрушысы оның өзі болған. Қандай ел болмасын білімсіз, ғылымсыз жарқын болашағын қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, Тобанияз басшылық қызметінде болған кезінде халықты ағартуға ерекше мән беріп, әсіресе, балаларға көптеген қамқорлықтар жасаған. Маңғыстау уезінің революциялық комитетінің төрағасы болысымен, бір жылдың көлемінде Маңғыстауда көптеп мектептер аша бастаған. Алғашқы мектептер Ақмышта, Жыңғылды мен Тигенде, Қызылқоға ауданының Ақшелек, Сағыздың Қопа, Буракөл деген жерлерінде ашылған. Осы мезгілдерде Фортта балалар үйі және интернат ашылып, қызмет істей бастады. Интернатта шалғай жатқан елді мекендер балалары жатып оқыса, балалар үйінде жетім балалар тәрбиеленеді. ... Ревком төрағасының мәмлегерлігі арқасында Дағыстан, Әзербайжан, Астраханьмен арадағы айырбас саудасы да бір сыдырғы жолға қойылды. «Тобекеннің дипломатиялық-мәмлегерлік қызметінің шыңы Хорезм республикасымен арадағы бейбіт қарым-қатынасты жолға қоюы»-деп Ә. Спанов осы саладағы қайраткерлігін әділ бағалайды. (Ә. Спанов. Тобанияз 44 бет, 1995 ж. Ақтау) Тобекеннің қайраткерлігінің жаңа қырын дипломат ретінде ашқан, осы 1921 жылғы Бесқалаға барған сапары. Хиуа хандығы мен Адайлар арасындағы ежелден келе жатқан барымта-тартыс күшейіп, шекаралас отырған ауылдарды түрікпен жасақтары жиі шауып кетіп отырған соң, Тобанияз бұл мәселені орталықтың алдына қойған. Алайда, Қазақстан үкіметі бұл жағдайға ықпал ете алмайды, әрі, үкімет басшылары өздерін бейтараптау ұстап бұл іске жете маңыз бермейді. Тобанияз бұл мәселені ревком мүшелерінің сұрауымен өз қолына алды. Бұл кезде Тобанияздың жақсы қаруланған мықты әскери күш құруға мүмкіндігі бар еді. (Қару-жарактың көбі Толстов армиясын талқандағанда қолға түсірілген, әрі бұрын Тобанияздың Түркістан майданының қолбасшысымен тікелей

байланысы болған). Түрікпен және қарақалпақ халықтарының беделді адамдарымен, жергілікті үкімет мүшелерімен келіссөз жүргізіп, жағдайды талқылайды. Шекара, сауда-саттық, көші-қон, ел арасындағы қақтығыс мәселелерін ағайынгершілікпен, бейбіт шешу туралы келісімге келеді. Осылайша жауласқан көршілер арасындағы ұзақ жылғы жанжал тиылып, екі ел арасында бейбіт заман орнайды. 30-шы жылдардағы аштықтан босқан Адайлардың көбі Түрікменстанға барып жан сауғалағанда, екі ел арасындағы негізін Тобекен қалаған татулықтың маңызы зор болды. Қазіргі ашылып жатқан архив материалдары Тобекеннің қазіргі Маңғыстау аумағының осы деңгейде қалыптасуына тікелей атсалысқан қайраткер екенін дәлелдейді. Бүгінгі Маңғыстау облысы, кезінде Закаспий облысының құрамында Түрікменстанға қарап келсе, 1920 жылы Тобекеннің Орынборда Адай уезін Қазақстан құрамына қосу туралы мәселе көтеруі нәтижесінде, қазір егеменді Республикамыздың бай өндірістік өлкесі болып отыр. Бұл да Тобекеннің еңбегінің жемісі екенін ұмытпағанымыз абзал. 1922 жылы, сол кездегі бірден-бір дара билік иесі және ел таныған көсем ретінде, халқы «қарадан шыққан хан» атаған Тобанияз қудаланып, қызметінен алынады және, «ұлт араздығына жол берген, дінді, ескілікті дәріптейді» деген сияқты айыптармен кінәланып, тұтқындалады. Алайда, оның халық ішіндегі беделінің зор екенінен сескеніп, абақтыдан амалсыз босатады. Тобанияз «Кіші Қазан» науқанына да қарсылық білдірді. «Ұжымдастыру елдің тұрмыс-салтына қарай біртіндеп, асықпай жүргізілгені дұрыс. Қазақта орыстардағыдай көп бай жоқ, сондықтан оларға салық саясатын қолданған жөн. Әйтпесе ел бүлінеді. Тізгінді қолдан бір шығарып алған соң бұл тарпаң ел қайтпайды, жұртын сипап қаласыздар» дейді Тобекен. (Ә. Спанов. Маңғыстау. 21 қаңтар. 1995 ж.) Мұның қаншалықты дұрыс пікір екенін уақыттың өзі дәлелдеді. Қазақстандағы ПП ОГПУ төрағасының орынбасары жендет Алшанский Голощекинге жазған хатында... Әланиязов Тобанияз басқаратын контрреволюциялық ұйымдарды әшкерелегенін хабарлайды. Тобаниязға және оның «контрреволюциялық ұйымына». «1922 жылы Форт-Александровскіде кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс дайындаған, Адай даласында жергілікті ұлтшылдықты қоздырып орыстарды қуғындаған, кеңес үкіметінің нұсқауын елемей оларды шарифат заңдарымен ауыстырған, Түрікменстан мен Ауғанстанға халықтың жаппай көшуін ұйымдастырған, Құрмаш Қосжанов бандысын қолдаған»-деген сияқты толып жатқан айыптар таққан. Алайда, ОГПУ оларды дәлелсіз, негізсіз айыптайды. «Дегенмен жергілікті халыққа сыйлы да құрметті, әрі өзінің де едәуір ауқатты шаруашылығы бар Тобанияз секілді көзі қарақты, көкірегі ояу ірі тұлғалардың дәстүрлі шаруашылықты қорғап, күшпен ұжымдастыруға наразы болғаны, Адай даласын басқаруға бөтен, орыс ұлты өкілдерінің жіберілуіне қырын қарағаны, зорлық, зомбылық пен аштық апаты төніп келе жатқан Адайлардың жан бағып Түрікменстанға жаппай көше бастауларын ұйымдастыруы заңды, табиғи еді деп ойлаймыз». (Т. Омарбеков.

Ақиқат. №6, 1995 ж.) Осы пікірлердің иесі тарихшы, ғалым Талас Омарбеков сол кездегі жағдайды дәл, әділ бағалаған. 1929 жылы желтоқсанда Тобанияз ұсталып Ақтөбе түрмесіне жөнелтіледі. 1930 жылы ОГПУ-дың үштігі Тобанияз бастаған 69 азаматтарды соттайды. Тобаниязбен бірге 20 адам мал-мүлкі тәркіленіп атылады. Қалғандары әр түрлі мерзімге түрмеге айдалады. Бұлардың көбі Гурьев округтік партия конференциясына 1928-1929 жылдары Форт Александровскіден сайланған коммунистер еді. Халқымыздың ең көзі ашық зиялы деген 22 мың азаматтары атылып, 44 мыңы түрмелерге қамалған. Тобанияздың Дидар атты баласы жасынан қайтыс болды, ал Бердіхан мен Зәкіржан деген балалары әкесі үшін қудалауға түсті. Бердіхан азап түрмесінде көп зардап шегіп, аман оралған, кейін соғыста айып батальонында қаза тапса керек. Ал нағашыларын паналап Түрікменстанға қоныс аударған Зәкіржан сол жақта өмір сүріп, 1974 жылы 52 жасында өмірден өткен. Тобанияз бабамыздың өзі айтқанындай, 12 атасынан бері қара табан кедей болған, етікші де болған, жона тіліп, ер шапқан, киіз үй жиһаздарын да жасай білген. Жастайынан тілге шешен, аңғарымды, зерек болып өседі. 12 жасынан бастап, ел ісіне араласа бастайды. Бала би де атанады. Ат құлағында ойнайтын шабандоз әрі ержүрек болып өседі...патша заманында болыс та болады. 16 жылдың дүрбелеңінде патша жарлығына қарсы шыққаны үшін, екінші рет түрмеге түседі, одан Ақпан көтерілісінен кейін бостандыққа шығады. Қазан төңкерісінен соң да қоғамдық істен шет қалмайды. 1918 жылы Маңғыстау ревкомының төрағасы болып тағайындалады. Жергілікті тұрғындар арасында ескі ұғыммен оны «хан» деп түсінгендері де болған. Алайда, Тобанияз Әлниязұлы ондай орынсыз даңғаз мадаққа қарсы болған. Оның үстіне, сол заманға сай орысша-қазақша сауатты хатшылары болғаны тарихтан белгілі. Оның қазақ халқының алдындағы орасан зор еңбегінің бірі –1920 жылы Маңғыстауды Закаспий облысынан Қазақстанға қосу кезінде атқарған айрықша еңбегі. Төрт ай бойы айтыс-талас, дау-шарды басынан өткерген. Оның алдында, жұртқа белгілі Әліби Жанкелдиннің отрядына байланысты, академик Салық Зимановтың айтуынша, Тобанияз 40 күн бойы ат үстінен түспеген. Алмағайып кезеңде оның басынан нелер келіп, нелер өтпеді дейсіз. «Жақтым – жала, жақтым – күйе» демекші, қаралаудың неше түрін естіді. Голощекиннің оны «князь!» деп атауын қайтерсің. Өткен ғасырдың 50 жылдарына дейін, кез келген милиция қызметкері «Тобаниязды мен ұстаған едім...» «Тобанияз бостандыққа шығыпты, елге келе жатыр екен» деген сияқты қауесеттер таралған-ды... «Аққа – Құдай жақ»,- демекші, ақырында, Тобанияз Әлниязұлы түбегейлі ақталып шықты. Тағы бір әңгіменің ұшығы Тобанияз бабамыздың әке-шешесіне тіреледі. Оның анасы Маңғыбай Көрпе Төртқара деген кісінің қызы, кенже Пұсырман келіні Жансұлу 80 жасында дүниеден өткен. Бүкіл ауыл оны «кәрі шеке» деп атап кеткен. Тобанияздың жазғы жайлауы - ұлы бабасы, халық батыры Ер Қонайдан қалған қонысы, қазіргі Қызылқоға ауданына қарасты Буракөл деген елді мекен. Сол көлдің солтүстігіндегі шағын қауымда біраз ағайындары мен анасы Жансұлу

қария да жерленген. «Тобекеннің әкесі Әланияз жайлы ел аузында не жақсы, не жаман деген сөз жоқ. Мүрдесі қайда екені де белгісіз. Әланияз, Құланияз, Тұранияз, тіпті, түпкі атасы Пұсырман зираттары не Алып Ана, не Түкті Ата не болмаса Көкмешітте болса керек. Олардың қайсы бірі осы маңда жерленген сияқты. Себебі Тобекеннің жаз жайлауы Буракөл-Қопа маңынан ұзамаған, отырықшылық кезінде де осы аймақта тұрақтайды. Оның үстіне құдасы Уәли (Абдолла хазіреттің ұлы –Т.Ж) де осы атырапта тұратын. Көнекөз қариялар Тобекеннің арғы аталары Жоңғар шабуылынан көп бұрын Алтай өлкесін жайлаған деседі. Адайдың Жеменей атты тайпасы болып есептелінетін бір бөлігін құрайды. Оның өзі Алтайдағы Жеменей өзенімен аттас. Ал, бұлардың Сауран айналып, Маңғыстауға жетуі тарихта 18 ғасырдың орта кезеңі деп есептелінеді. Содан тарайтын Тобекеннің бесінші атасы Қонай ел аузына іліккен атақты батыр, өмірде болған адам. Оның ерлігі жайлы аңызға бергісіз әңгімелер бар. Белгілі халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов оған жыр арнаған. Сол Қонайдың жасөспірім кезін бейнелейтін бір аңыз әңгіме төмендегідей. Бірде ел үдере көшіп, қалмақтардан қашып келе жатады. Көштің алды Сырдан өтіп кетсе керек. Көш соңында жасы жеткен Есен қартқа қарайлап, оның екіқабат тоқалы, бір кішкене қызы мен он төрт жасар Қонай қалады. Кенеттен жау шоғыры көрінеді. Ойланып-толғанып тұруға уақыт жоқ. Есен қарт астындағы атын Қонайға ұсынып: «Шешен мен қарындасыңды мінгестіріп, мына атпен дариядан жалдап өт!» -, дейді. – Кәке, өзінді қалай тастап кетемін, - деп, жылайды бала Қонай.«Мен жауға қарсы тосқауыл жасай тұрамын, тез атқа мін!» -,деп ақырады. Амалсыздан тоқал шешесін артына мінгестіріп, қарындасын алдына алып, дариядан жүзіп өтеді. Жағаға шыққан соң, артына бұрылып қараса, әкесі Есенді қалмақтар найзаларымен түйреп алып, жоғары көтеріп тұр екен. Сонда Есен қарт: -Көш бетін құбылаға түзесін. Бөгелме, кете бер! Елге сәлем айт, қош бол, балам! – деп, айқайлап үлгереді... Қонай бала батыр болып өседі, ел қорғанына айналады. Жем, Сағыз бен Ойыл бойында да Тобанияз бабамыздың бедерлі іздері қалды, талай дау-шарларда, айтыс, таластарда қара қылды қақ жарған әділ биліктері мен игі істері халық жадынан өшпек емес. Қазіргі жас ұрпақ тәуелсіздігіміздің қадірін елім деп еңіреп өткен кешегі аға ұрпақ өкілдерінің тарихи өмір шындығын тек жете білгенде ғана түсінетін болады.

Ерін ардақтаған ел азбас, Тобекен халқымен қайта табысты. Осы күнге дейін Тобанияз туған халқының назарынан қағыс қалып келсе ол біздің кінәміз емес, заман кінәсі, уақыт кінәсі деп ұғынайық, ағайын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Төлеуішов Ә. Сағыздың бой ен жайлау «Арыс» баспасы Алматы 2009ж
2. Көшербаев Қ. Е. Адай көтерілісі «Нұрлы Әлем» баспасы 2010ж
3. Серікқалиева С.Қызылқоға- құт мекен «Өлке» баспасы 2005ж
4. Нәутиев Ә.И. Қызылқоға энциклопедиясы «Үш қиян» баспасы 2002ж

А.Саламатқызы
Махамбет ауданы Есбол орта мектебі,
9-сынып оқушысы

ӨЛКЕМІЗДЕГІ - ЕЛАМАН АТА МАЗАРЫ

Бұл жаңғыру – өрге бастау Ұлтымды,
Бұл жаңғыру – төрге бастау Ғұрпымды.
Ұлттық дәстүр – менің ұлттық құлпым,
Кім көрінген қолды етпесін кілтімді.
Бұл жаңғыру – ұлыларды ұлықтау,
Ұлы Абайдың даналығын ұмытпау.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. [1]

«Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады»- деп тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай тарихымызға көз жүгіртіп, қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамыту мақсатында өлкемізде орналасқан Еламан ата мазарын зерттеп, ол туралы аңыз-әңгімелер мен мағлұматтарды жинадық. Кейінгі ұрпаққа бұл мазардың маңызы мен тарихын жеткізу үшін, ұлттық сананы жаңғырту мақсатында көптеген мәліметтерді ауыл тұрғындары, Еламан әулие басындағы шырақшыдан жинадық .

Бұл мазар Атырау облысы Махамбет ауданы Есбол ауылынан солтүстік батысқа қарай 4 шақырым жердегі Сарытоғай деген жерде орналасқан. Басындағы шырақшының айтуынша Еламан Өтетілеуұлы шамамен 1789-1790 жылдары осы өңірде дүниеге келген. Әулиенің руы Беріш –Қаратоқай- Бөкен руының ақсары бөлімі. Әулиенің дүниеге келген жылы туралы еш мәлімет болмаған. Бұл

әулие кезінде «Әз ата» деп аталған. Еламан ата жөнінде мынандай дерек бар: Иманғали деген ауыл ақсақалының айтуынша, «Еламан әулие Жаппарұлы Оразәлі деген кісіден екі жас үлкен болған және Үпік деген жерде жерленгені» туралы айтқан. Деректерде Жаппарұлы Оразәлі 1885 жылы 93 жасында деп жазылған, олай болса 93 жасында қайтса ол кісі 1792 жылы туылған, Еламан ата 1789-1790 жылдары дүниеге келуі мүмкін.

Еламан ата мазарындағы Қармыс атты шырақшымыз әулие туралы көп мәліметтер жинаған, ізденген. Үпік деген жерге 2 барып, атаның туған жылын анықтаған. Оразәлі деген адамның мәйіті құлап, бүлінгенін көріп, сол жерде шашылып қалған тастарды жинау барысында ұзынша тастан жазу байқап қалады. Бірінші барған сапарында арабша танитын жолдасын ертіп апарған-ды. Алайда бұл тастағы жазуларды танысы оқи алмаған. Бірінші сапары нәтижесіз аяқталды. Бірнеше жыл салып екінші қайтара барғанда, араб тілін білетін танысын ерте барады. Ол танысыда жазуды оқи алмаған, шырақшының айтуынша ол кез ұялы телефонның жаңа шыққан кезі екен. жазуы бар тастарды суретке түсіріп алған. Суретті Атырау қаласындағы танысына жіберіп оқыттырған. ол жазудың парсы әліпбиі екені анықтап, деректерді оқып берген. Сол таста Жаппарұлы Оразәлі және ол кісінің өмірден өткен уақыты жазылған. Міне, осылайша шырақшы ағамыз ұзақ еңбектену нәтижесінде Еламан әулиенің туған жылын анықтаған.

Қармыс шырақшы туған жылын анықтап қана қоймай ата туралы деректер жинауға кіріскен. Жарылқап деген ауыл ақсақалының аузынан естіген аңызын бізбен бөлісті. Атырау облысы Құрманғазы ауданында Мәтен қожа деген әулие кісі болған. Балға жайла жер іздеп, Тайсойған өңіріне кетіп бара жатып, жолда Еламан атаға сәлемдесуге барған. Бір қызығы екі әулиеді бұрын кездеспеген, бір – бірін танымайды. Бірі әулиенің малға шұрайлы жер іздеп бара жатқан сапарында өзіне амандасуға келетінін сезсе, екінші осы өңірде Еламан атты әулиені бар екенін біліп, амандасуға бет бұрады. Осы аңызға дұрыстап мән берсек екі әулиенің де ерекше тылсым қасиетке ие екендігін, бір – біріне тілеулес екендігін байқауға болады. Еламан ата Мәтен қожа әулиені құрметті қонақ ету мақсатында Жайықтың арғы бетінде орналасқан Ақ қанатты киіз үйді өзінің тылсым қасиетімен Жайықтың бергі бетіне өткізген.

Халық арасында Еламан ата туралы жоғары да көрсетілген аңыздың келесі бір нұсқасын зерттеу барысында анықтадым. Осы аңызды мектебіміздің ардагер ұстазы, ауылымыздың ақжаулықты анасы, өзімнің Ақсұлу әжемнен естіп, бөлісуді жөн көрдім. Әжемнің айтуынша осы екі әулие кездесіп, танысып біліскеннен соң, бір – бірімен бәс тіккен. Ол мынадай еді: «Бұл киіз үйді Жайықтың арғы бетіне кім қалай өткізеді?» . Бірінші Мәтен қожа Жайықтың үстімен киіз үйді ешқандай суға тигізбей өткізіп шығарса, Еламан ата өткізген кезде киіз үйдің етегі бір елі суға тиіпті. Осыдан кейін Мәтен қожа сенің атағың Жайық бойына жайылып, бүкіл елге белгілі әулие боласың» деп жорамалдаған. Айтқандай Еламан ата тек Жайық өңіріне емес, Қазақстанға белгілі әулие атанды.

Әжемнің айтуынша Айкөркем есімді әпкеміз өте қатты науқастанып, атаның басына барғанда айыққандығын айтып өтті. Әжем түсінде Әулие ата аян беріп, аурудың сол түнектің босағасында бір ыдыстың ішінде қалып қойғандығын көрген. Осыдан әжем Айкөркемнің құлан таза айығып кетеді деп пайымдаған. Әрине ол солай болған екен. Бірнеше жылдар өткеннен кейін әжем ұзақ жылдар бойы құрсақ көтере алмай жүрген келіні Гүлнар жеңешемді атаның басына түнекке алып барған. Осыдан кейін жеңеміз құрсақ көтеріп, қыз бала дүниеге келген. Әжем немересінің есімін Әз атаның берген кені деп Әзікен атауды жөн көрген, алайда балалары басқа ат таңдап қойғандығын айтқан. Әжеміз даналыққа салынып, ортаға әркім өзі ұсынған есімді жазып, жеребе тастауға шақырған. Сол жеребені есі білмейтін немересіне суыртқан. Міне тағы да атаның қасиетін осы жерден көрінді. Жеребеге Әзікен есімі түсіп, апамның есімі осылайша қойылған екен дейді әжем.

Шырақшы Қармыс ағай Еламан ата мазарынан әріректе орналасқан екі төмпешік орналасқан жерде дүниеге келген. Балалық шағы осы жерде өткен. Ағай балалық шағын еске ала отырып, ол кезде мазар болмағанын, орнында шүберектер байланып тұрған үлкен жыңғыл өсіп тұратынын, оған адамдар келіп ақтық байлап, түнейтін болғандығын айтып өтті. 1967-1968 жылдар Тыныс Орынбасар атты кісі ауырып ем іздей келген. Ауырынан құлан таза айыққан ол осы жыңғылды қоршап, шардақ орнатқан. Кейін келе 1996 жылы Жалмұқанов Сарсен ағайдың ұйымдастыруымен шағын үй салынған. Кейін келе адамдар үйге түнеп, әулиеге сыйынатын. 2000 жылы Қармыс шырақшының өзі қоршау қойған. Осы әулиенің қасиеттерін көре отырып, емделіп жазылғандар саны көп екендігін ескеріп 11 ауыл тұрғындары 2001 жылы ақша жинап, қазіргі тұрған үлкен әдемі мазарды тұрғызған. Осы мазарды салу кезінде Селбаев Амангелді атты атаның ұрпағы қолдап, Ақтау қаласына әйгілі Елдос атты сәулетшіні алдырып, еңбегіне 2 млн тенге төлеп, мазарды салған. Бұл мазар іргетасынан бастап мұқият қаланып, ыждағаттылықпен салынған. Мазардың ашылу салтанаты 2008 жылы жоғары деңгейде өтті. Оған дәлел Тасқынбаев, Төкен Танаевич, Селбаев Амангелді, елімізге танымал болған ақын Сағадат Нұғманов сынды белгілі тұлғалардың қатысқан.

«Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Туған өлкеміздегі тарихы сыр шертер осындай мұраларымызды өзіміздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат ету біздің азаматтық борышымыз деп білемін.

Программа "Туған жер" станет залогом патриотического воспитания, национализма, способного противостоять мировым, региональным, внутренне-внешним рискам нового века. Я считаю, что наш гражданский долг сохранить наше наследие и передать его потомкам.

Осы баяндаманы жазу барысында жетекшім Самал апаймен атаның мазарына барып , фотоға түсіруді жоспарладық. Сол кезде шырақшы Қармыс ағай қызықты оқиғасымен бөлісті. Ертеректе атаның аруағына сыйынып келген бір кісі білдірмей мазарды суретке түсіріп алған екен. Шырақшы байқап қалып, күліп жіберіп, ұялы телефонын қарауға кеңес берген , сөйтсе телефонның барлық фотолары күйіп кеткен екен

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Егемен Қазақстан 2017 ж
2. Шырақшы ағайдың жазба деректері

Г. С. Убішева

Есқайыр Халықов атындағы №7 жалпы орта білім беретін мектебі

ЕСКЕРТКІШТЕР – ЕЛ ТАРИХЫНЫҢ КУӘГЕРІ

«Мен Бабамның тас қашап, жазған сырын ашпасам. Құмға көміп тастасам, онда мені туған жер, ұлым деме ешқашан, ешқашан!..» – деп Кең Жылыойдың айтулы ақын, жазушысы Айтуар Өтегенов айтқандай тарихтан сыр шертетін, өткен тарихтың куәсі болатын ол тарихи–мәдени ескерткіштеріміз.

«Сан ғасырлық тарихымыздан осы заманға дейінгі маңызын жоймаған мұраларымызды еліміздің әрбір азаматы мақтаныш етуге тиіс. Сондықтан да біз тамырын тереңге тартып, тәуелсіздікпен бірге мәуесін жайған тарихи танымды ұрпақ санасына сіңіруіміз керек. «Атамекен» деген сөзде кие бар. Атамекен десек, арманда кеткен бабалардың бүгінгі ақталған үміті еске түседі.»-, деп тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай тарихи жәдігерлерімізді, ескерткіштерімізді ұрпақ санасына сіңдіре білуі біздің басты мақсатымыз.

Әлем халықтары алдында әрбір ұлттың өзіндік бет-бейнесін көрсететін ерекше белгісі болуы шарт. Сондай сәт туғанда біз тарихи-мәдени жәдігерлерімізді алға тарта аламыз. Қазіргі таңда «қазақ» деген ұлы халықтың ұлылығын, болмысын сипаттайтын жәдегерлеріміз көп деп айтсам артық кетпеген болар едім.

Ауданның тарихында ел үшін күрескен, азаматтық істерімен халық жадында мәңгі қалған тұлғаларды, тарихи оқиғаларды бейнелейтін ескерткіштер бар. «Алтын адам» ескерткішін ауызға алмай-ақ қойғанның өзінде де, кейінгіге

аңыз етіп айтып, «мынау сенің қаның, тарихың» дейтұғын мұралар, шүкір, жетерлік. Жылыой ауданындағы тарихи-мәдени мұраның бүгінгі таңда 1-і республикалық, 69-ы мемлекеттік, 75-і алдын ала есепке алу тізімінде тіркелген. Халық ауызында «Жеті жұрт көшкен өлке» аталған туған жерімнің ежелгі тарихи-мәдени ескерткішінен сыр шертейін.

Халқымыздың «қара алтын» деп атап кеткен мұнай өндірісінің қалыптасу кезеңі, арғы-бергі тарихы кімді болса да қызықтырары сөзсіз. 1899 жылы, яғни бұдан 120 жыл бұрын Жем өзеніне жақын Қарашүңгіл деген тұзды, терең, бір жағы гипсті, биік жерлерде мұнай өндіруге болатынын көрсеткен тұңғыш фонтан атқылаған болатын. Бұл өлкеде мұнайдың бар екендігін жергілікті халыққа ертеден-ақ белгілі болған. Мұны түрлі жерлердің аттары: Майқұдық, Мұнайлы, Жақсымай деген сөздері дәлел.

Жер бетінен шығып жатқан мұнай туралы мәліметтер 1840 жылы әдебиетте «Кен» журналында 1860 жылы жарияланды.

Қарашүңгілдегі алғашық мұнай фонтанын біздің отандасымыз профессор Апресев ашты.

1893 жылы Леман «Ембі-Каспий компаниясын» ашты. Бұл компания жеті жыл жұмы істегеннен кейін, 1899 жылдың қарашасында Қарашүңгілде тереңдігі метрдегі № 7 ұңғыдан мұнай фонтаны атып, 18 сағатта 25 тоннадай мұнай берді. Химиялық құрамы сапалы, әрі жеңіл мұнай болғандықтан әдейі эзірленген мекестерге (тері қапшықтарға) құйылып, түйелерге теңделіп, Каспий жағалауындағы Прорва балық өндірісі арқылы қара жолмен Ракөш портына тасылып, шетке сатуға шығарылып отырды.

Қарашүңгіл қорымы – Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аққұдық ауылынан солтүстікке қарай 12 шақырым жерде орналасқан. Батыс Қазақстанның ең ірі ескерткіштеріне жатады. Пайда болу уақыты XVIII – XX ғасырлар аралығын қамтиды. Қорымның атауына үнілетін болсақ бір деректерде астынан мұнай шыққан сордың аты «қара» «шұңқыр» сөзінен шыққан десе, халық ауызынан тарап келген аңыз бойынша қорым аты екі ғашықтың атымен байланыстырылады. Қара атты жігіт пен Шұңғыл атты қыз осы жерде қайтыс болып жерленген деседі. Қорымның қасында XIX ғасырдың аяғында қазақ жерінің тұңғыш мұнайы өндірілді. XIX ғасырдың соңында мұнай өндіруге орай 1899 жылы Үстірттен өтетін темір жол жобасына байланысты экспедициялар жүргізіліп, нәтижесінде алғаш рет қорымдағы мазарлардың фотосуреті 1903 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Россия. Полное географическое описание...» атты жинақтың 18 томында жарық көрді.

Қорымның оңтүстік бөлігінде «қасиетті» Қара баба зираты бар, оған дәстүр бойынша құлпытас қойылып, басына ағаш қадау орнатылған. Қарашүңгілдегі шикі кірпіштен қаланған бір камералық кесенелердің көпшілігі киіз үй тәріздес пішінмен салынған. Алайда олардың барлығы дерлік қазіргі уақытта бұзылған. Қорымда облысымыздың солтүстік өңіріне ғана тән қамыс пен қоғаны пайдалана

отырып тікбұрышты, сопақша тәрізді жасалған қоршау-шегендер көбірек. Сонымен қатар, осында шикі кірпіштенқаланған қоршаулармен Ұшқан ата қауымына ұқсас бағана тәрізді құлпытастар бар.

Қорымның көлемі 20 га, 900-950 ден астам әртүрлі ескерткіштер бар. Статистика бойынша 15 дәстүрлі кесене, 238 құлпытас, 8 қойтас, 2 сандықтас, 702 қоршау, 60 қабір үсті үйіндісі бар.

Қорым Маңғыстау мен Үстірт арасында көшіп-қонып жүрген адай, шекті, кете, шеркеш, есентемір, бегімбет руларының өкілдері жерленген қауымдық қорым ретінде белгілі.

Қорымның батыс беткейіндегі зиярат етушілерге арнап түнек үй салынған.

Ұшқан ата қорымы – Құлсары қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Ұшқан ұлы Жібек жолының бойындағы бау-бақшалы гүлденген қала болған. Ол аудандағы тарихи ескерткіштердің ең көнесі. Қорымның атауы осында жерленген «әулие» Ұшқан атаға байланысты. Алайда, басқа да жорамалдар бойынша атау «үш аққан» немесе «үш хан» сөзінен шыққан делініп, XVIII ғасырдағы қазақтар арасындағы қанды қырғындармен байланыстырылады. Зират тұщы сулы бұлағы бар Алтын Орда дәуіріндегі қалашықтың жанында пайда болған. Ол өткен ғасырлардағы көшпелі қазақтардың көктемгі және күзгі көш жолының бойында орналасқан. Ұшқан ата қорымында қазіргі таңда екі мыңнан астам қабір бар. Мұндағы шикі кірпіштен тұрғызылған ортағасырлық ескерткіштер нашар сақталғанымен, кейінгі уақытта салынған кесене мазарлардың бүгінге дейін алғашқы қалпы көп өзгермеген. Қорымдағы құлпытастарды пайда болу ерекшелігі жағынан үш кезеңге бөліп қарауға болады.

1. XVII ғасыр ортасынан XIX ғасырға дейін сәндік элементтердің айқын, анық, көлемділігі;
2. XIX ғасыр орта шенінен, жай рельефті әсемдік элементтер мен эпиграфиканың үйлесімділігі;
3. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы ескерткіштердің өте үлкен бағанаға ұқсастылығы.

Осындағы соңғы кезеңде жасалған құлпытастар ағайынды тас қашаушы шебер Елеусін және Елболсын деген Егісінұлдарының қолдарынан шыққан.

Қорымда тарихи – этнографиялық жағынан құнды 94 құлпытас, 3 қойтас, 8 сағанатам және 1 сандықтас бар.

Құлпытастардағы эпиграфика мен таңбаға қарағанда, Ұшқан ата қорымында Адай, Кете, Шекті, тағы да өзге рулардың өкілдері жерленген.

Бүгіндері Ұшқан ата қорымына жергілікті жіне көрші облыстардан адамдар келіп зиярат етеді.

Қазақстан деген Ұлы Дала киелі жерлерге толы. Осы жерлерді қадірлеп-қастерлеу – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауында жалпыұлттық

қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығын атап өткен болатын. Қазақстанның қасиетті тарихи-мәдени ескерткіштері – неше ғасыр өтсе де, бізді кез-келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыз. Осы ұлттық мақтанышымызды сақтай білуіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан тарихы. Очерктер». Алматы. «Дәуір». 1994 ж.
2. Қазақстан табиғаты: Энциклопедия/ Бас ред.Б.Ө. Жақып. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2011. Т.3. -304 бет.
3. «Қазақ Энциклопедиясы», 9 том
4. «Атырау. Жылыой II» энциклопедия. Алматы. 1991 ж.
5. «Киелі мекен – Кең Жылыой», Ағатай баспасы

М.К. Утепкалиева

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы,
тарих магистранты*

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНА ТАРИХИ ТАЛДАУ»

Білім қай елдің де түп қазығы, мемлекеттің іргелі болуының бірден-бір кепілі, болашағының бастамасы екендігі кім-кімге де мәлім. Жаһандану заманында өзгемен иық тірестіретін тұсымыз еліміздің байлығы ғана емес, адам ресурсы, яғни, халқымыз бен оның зияткерлік әлеуеті екенін бәріміз де мойындағанбыз. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасында атап көрсетілгендей «білімнің салтанат құрған шағында» технология ғасырында өркениет шыңына тек өрелі ұрпақпен ғана шығатынымызға өзге елдер мысалында көзіміз жетіп отыр. Әлемді соңынан ерткен озық елдердің тәжірибелерін пайдалана отыра соңғы кезде түрлі өзгерістер мен қайта құруларға ұшырап, жаңғырту үдерістерінен өтіп келе жатырған білім саласындағы оңды өзгерістердің бірі тарихқа бет бұру дер едім. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлығымыз ұстанатын басты бағыттары – өзін-өзі танып – білген және тарихы мен ұлттық құндылықтарын бағалай алатын саналы ұрпақты тәрбиелеп шығару. Қойнауы толы қазына жеріміздің байлығын өзі игеріп оқсата алатын сапалы білім алған жастарды даярлап шығару да басты міндеттеріміздің бірінен саналады. Халқы күйлі – қуатты тұратын бақуатты мемлекеттің азаматы болу қазіргі замана талабы екені де мәлім. Жалпылама

жаһандану заманында халқымызға ғана тән белгілерімізді - «ұлттық кодымызды» сақтап қалу мен «қайта жаңғырту» ең өзекті мәселе болып отыр. Ұлттық код – ұлтымыздың жеке дара құндылығы мен мол мұрасы. Ал, жаңғыру – соны игере отырып, тарихынды тану, өткенінді жетік біліп, болашағынды нұрлы ету. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін орта білім беру барысында «Туған жер», «Туған ел» бағдарламасын жүзеге асыру – зор міндет болып табылады.

Жас ұрпаққа «туған жер» деген киелі де қасиетті ұғымның мән-мағынасы мектеп қабырғасынан бастап оқып-үйретіледі. Себебі туған өлкесінің тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін терең білмеген ұрпақ ұлтына адал қызмет ете алатын тұлға болып қалыптаса алмайды. Әсіресе, жаһандану заманында жастарды отансүйгіштік пен патриотизмге тәрбиелеудің маңызы айрықша зор. Бәсекеге қабілетті елдің басты күші – отаншыл, рухты жастар екені анық. Бағдарламада: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады» – делінген. Яғни, бұл бағдарламаның негізгі өзегі – жас ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап туған жерін, ауылы мен қаласын құрметтеуге, оның тарихын, әр нысанның атауы қалай пайда болғаны, қандай себептерге байланысты шыққаны жайлы мәліметтерді іздестіріп, оқушылар бойында алғашқы зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсаты тұрады. Осы курстар арқылы өз отанына қалтқысыз қызмет ететін рухы биік, санасы ашық азаматты өсіру, жас ұрпақ бойында өлке тарихына қатысты әр мәліметке қызығушылық пен құрметті туғызу біздің басты міндетіміз деп ойлаймын.

Отанымыздың қадір-қасиетін жас ұрпақ санасына сіңірудің төте жолы кең байтақ еліміздің әр өңіріндегі киелі де көрікті жерлердің географиясы мен тарихын оқып-үйрету. «Туған жер» бағдарламасында айтылған бұл жобалар былайша берілген - «Төртіншіден, жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек» [1].

Курсты оқыту барысында туған жердің тарихын терең танып-білу үшін оның бай мәдениетін, салт-дәстүрін, ерлігімен, халқына қызметімен ел есінде қалған аяулы азаматтары есімдерін таныту басты міндет. Балалардың білімін, ой - өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар олардың ұлттық санасы мен танымның қалыптасуына тереңірек мән беруіміз қажет. Осы орайда тұңғыш президентіміздің мына сөздері бізге жұмыс бағытын нақтылауға жәрдемдеседі: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [2]. Орта мектептің 5 -7 сыныптарына арналған бұл бағдарлама ҚР Білім және ғылым

министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сәйкес 2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап енгізіліп, қолда бар ақпараттарды негізге ала отырып, жүргізілуде[3]. Жергілікті әдістемелік мекемелердің қызметкерлері мен тікелей осы қызметті атқаратын мұғалімдер қауымы бірлесе отырып әдістемелік құралдар кешенін жасақтап, мектептерде осы сабақтар өз деңгейінде жүргізілуі үшін жағдай туғызылды. Халқымыздың ұлтжанды тұлғасы, аңызға айналған қолбасшы Бауыржан Момышұлы отансүйгіштік, елжандылық туралы былай деген екен: «Патриотизм – Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді»[3].

Мектептерде «Туған жердің тарихы, жер-су атауларының тарихы мен генезисі» тақырыбы бойынша 5,6 сыныптарда Қазақстан тарихы сабақтарында осы өлкеміздегі жер – су атауларына зерттеу жүргізуді тәжірибеге қолдану жүргізілуде. Мектептегі өлкетану жұмысының өзіндік міндеттері бар. Бұл міндеттер оқушылардың өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өлкетану жұмыстарының ерекшелігі топонимика (гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз), ономастика (гректің *onomastike* – ат беру өнері, тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы) сияқты ғылымдардың, білімдердің өзгешеліктерімен анықталады. Оқушыларды шын мәнінде осы талаптарға сай тәрбиелеу мақсатында әр мұғалім өзіне түрлі дерек көздерінен ақпараттық қор жинап, барынша мол мағлұмат жасақтауға тырысады. Әрине, әсіресе, өлке тарихы жергілікті ғалымдар еңбектерінде көбірек жазылатыны мәлім, сондықтан барынша нақтырақ деректерді іздестіріп, сабақтарда қолдануға даярлауды қажет етеді. Бұл орайда бізге «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы, «Атырау» энциклопедиясы, жекелеген еңбектер мен анықтамалықтар көмекке келеді.

Зерттеу нысаны ретінде алдымен аспан асты мұражайына айналып отырған Сарайшық қаласын алсақ, қазіргі батыс Қазақстан аймағындағы, яғни көне тарих деректерінде Дешті – Қыпшақ деп аталған өңірдегі орта ғасырлық болмысымыздың көрмесі іспеттес қасиетті де киелі орын бұл қала тарихы терең екені мәлім. Жергілікті мұражай қызметкері М.Бердімұратовтың жазбаларын қарастырсақ, бір деректерде 13 ғасырдағы Алтын Орда дәуіріндегі басты ордаға ұйқас салынған моңғол тіліндегі «Сарай - жук» сөзінің мағынасы «Сарайға жуық» деп аударылады десе, енді бір деректерде сол кездегі салынған төбесі алтынмен айшықталған үлкен мешіт осы қалада болғандықтан, халық сары айшыққа байланысты осы атауды берген деп топшылайды.

Келесі зерттеу нысандары облысымыздың су көздері болса, алдымен Каспий теңізінен бастасақ, солтүстік Каспий өлкесі туралы алғашқы географиялық мәліметтерді б.з.б V-ғасырдың 40-30 жылдарында жазылған ұлы грек ғалымы әрі саяхатшы Геродоттың «Тарих» деген еңбегінде кездестіруге болады. Онда Каспий теңізі және оның солтүстігінде жатқан территориялар жөнінде біршама мағлұматтар келтірілген. Геродоттың: «Каспийден солтүстік бағытқа қарай көз жеткісіз кең дала созылған, ол одан әрі тасты таулы өлкелерге айналды, » - деген сипаттамасынан әңгіме қазіргі Каспий маңы ойпаты, Жалпы Сырт пен Орал таулары жайында болып отырғанын байқауға болады. Ал б.з.-дың 90-168 жылдары өмір сүрген атақты грек ғалымы Клавдий Птолемейдің картасында қазіргі Жайық өзені «Даиск» деген атпен берілген және оның Каспий теңізіне құйып жатқаны түсірілген. Бұл – Жайық өзенің алқабын ғұндар тайпасы, одан кейін печенегтер, қыпшақтар қоныстанған. Бұл өлкенің үстімен өткен күшейте түседі. Одан беріректе Жайық өңірі туралы мәліметтер X-XII ғасырлардағы араб саяхатшыларының еңбектерінде кездеседі. Мароккадан шыққан атақты араб саяхатшысы Ибн Баттута 1333 жылы Жайық өзенін өтеді. Ол өзінің күнделік жазбаларында осы өлкенің өзен-суы, мал жайылымдары жөнінде және Жайықтың бойындағы Сарайшық қаласы туралы мәліметтер келтірілген. Ол 1334 жылы Алтын Орданың астанасы Сарайдан (Берке-Сарай) «Кіші Сарай» қаласына келгендігі, қала Ұлысу (Жайық) өзенінің жанында және онда Бағдаттағыдай жүзбелі көпір барлығы туралы жазған. Сарайшық қалалары туралы ағылшын Антоний Дженкинсон (1557-59), хиуалық Баһадур де жазып қалдырған.

Басын Ресейдің Орал тауларынан алатын Жайық өзенінің Облыс аумағына төменгі сағасындағы 300 шақырымнан астам бөлігі ғана енеді. Өзеннің жалпы ұзындығы 2534 ш. Әзірше, қолда бар деректер бойынша, Ресей патшайымының Е.Пугачев көтерілісіне байланысты жергілікті халықтың қолданысындағы Жайық (Яик) өзеннің орыс тіліндегі Урал атауының шығу тарихы ғана белгілі, Жайық атауына тарихи талдау жасау алдыңғы уақыт еншісінде деуімізге тура келеді.

Жем өзені – Атырау облысындағы үлкендігі жөнінен екінші өзен. Ол Мұғаджар тауының солтүстік-шығысынан басталады. Басталар жерінде бірнеше ірі салалары: Атжаксы, Жайынды, Әулие, Құмжарған, Көлденең Күбейлі, Тік, Темір келіп құяды. Бұл өзендердің бәрі де Мұғаджардың батыс беткейіндегі бұлақтардың басын алады. Өзен негізінен еріген қар суымен қоретенеді. Көктемде арнасына сыймай тасып, деңгейі 3-4 метрге дейін көтеріледі. Өзеннің тасуы 1-1,5 айға созылады. Жаз ортасына таман ағысы тоқтап, Каспий теңізіне жетпей борпылдақ топыраққа сіңіп кетеді. Көктемде өзен суы егістік және шабындықты суландыруға пайдаланылады. Орта ғасырда Гем аталған, кейін қазақ тілінің ықпалымен Жем аталып кеткен.

Ойыл өзені – Орал алды қыраттарынан теңіз деңгейінен 25 м биіктікте басталады. Ұзындығы 682 ш. Өзен бір кезде Жайық өзеніне жетіп сол саласын құраған. Бүгінде шарушалыққа тым көп пайдаланылуына себепті өзен құяр сағасына жетпей жарты жолда құмдарға сіңіп кетеді.

Сағыз өзені – Орал алды қыраттарынан басталады. Бастауы теңіз деңгейінен 190 м. жоғары. Ұзындығы 480 ш. Орташа жылдық су шығыны секундына 32 текше метр. Ұзындығы 25ш. асатын оннан астам салалар бар. Каспий маңы ойпатындағы Тентексор сорына құйып, қалың тұздар қабатқа сіңіп жойылып кетеді.

Қайнар өзені – Ембі үстірті мен Мұғаджар алдының солтүстік-батыс бейткейіндегі теңіз деңгейінен 110 м. биіктіктегі шағын қыраттардан басталып, сәуір айының басында екпіндей тасып, 3 айдай ғана өмір сүріп, Иманқара тауының батыс етегіндегі борпылдақ жыныстарға жұтылып, сіңіп кетеді. Сағыз, Қайнар өзендері мал суару үшін ғана пайдаланылады.

Жайықтың оң саласы – Бақсай, Бүгілөзек, Бағырлайсай, Ақсу өзендерінің жергілікті маңызы бар. Су режимі жөнінен жоғарыда аталған өзендерге ұқсас. Облыс аумағына Еділ өзенінің сағасында атырауларының тармақтары – Ахтуба, Бузан, Қиғаш өзендері мен олардың салалары енеді.

Көлемі жағынан үлкен көл – Индер көлі. Көл Каспий маңы ойпатында Жайық өзенінің сол жағалауында 10 ш. жерде Индер тауының етегінде орналасқан тұйық көл. Ауданы 110 шаршы шақырым. Көктемде Индер тауынан басын алатын шағын жылғалар әкелген су есебінен ұлғайып, жазда таяздайды. Көл сазды балшық арасынан шыққан бұлақтармен қоректенеді. Индер көлінен құрамында бром калийі бар жоғары сапалы тұз өндіріледі. Көл түбіндегі тұз қабатының қалыңдығы жоғары сапалы тұз өндіріледі.

Жалтыр көлі – Бұзанай мен Мыңтөбе құмдарының шығысындағы уақ көлдердің ірілеуі. Көлге Бағырласай, Бүгілөзек секілді шағын өзендер құяды. Көл көлемі осы өзендердің кезінді жауын суларының мөлшеріне байланысты. Атырау облысы аумағында жоғарыда аталғандардан басқа мыңнан астам шағын көлдер бар деп есептеледі. Олар: Мешер, Дәулет, Толағай-сор т.б. Бұл су көздерінің атауларын анықтау да алдағы міндет болып табылады.

Пайдаланылған деректер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы
2. ҚР Білім және ғылым министрлігі сайты
3. «Өлкетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
4. «Атырау» энциклопедиясы. Алматы «Атамұра», 2000.
5. Қаженбаев Е. «Атырау облысының географиясы». Алматы «Өлке», 2007.
6. Қожанұлы М. «Атырау облысының жер – су аттары». Астана, 2005.
7. Жанұзақ Т. «Тарихи жер – су аттарының түптөркіні». Алматы, 2010.

Ф. Р. Байдаулетов

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы,

Бас инспектор

МАХАМБЕТ АУДАНЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕРІ

Еліміздегі қасиетті орындарды бірнеше түрге бөліп қарауға болады. Атап айтса, 1) Ерекше саналатын табиғи мұра ескерткіштері; 2) Археологиялық және сәулет ескерткіштері; 3) Қазақ хандығының астаналары мен ірі ортағасырлық қала орталықтары; 4) Зиярат ету орындары болып есептелетін діни және табынушылық нысандар; 5) Тарихи тұлғалармен байланысты қасиетті орындар; б) Тарихи және саяси оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазіргі таңда, «Болашаққа бағдар: *рухани жаңғыру*» атты бағдарламалық мақаласы аясында республика төңірегіндегі қасиетті нысандардың тізімі жасақталып, оларды сақтау және насихаттау бағытында көлемді шаралар жүргізілуде. Бағдарлама аясында, Атырау облысы бойынша 7 киелі жер республикалық (жалпыұлттық) маңызы бар нысандар тізімімен алынды. Олардың қатарында, Махамбет ауданынан ортағасырлық Сарайшық қаласы, Индер ауданынан халық батыры М.Өтемісұлының жерленген жері, Жылыой ауданы бойынша Бекет атаның туған жеріндегі Ақмешіт, Ұшқан-ата, Құлшан ата қорымдары, алтын адам табылған Аралтөбе қорғаны, Иманқара табиғи кешені бар. Сонымен қатар, жергілікті маңызы бар қасиетті орындар тізімі бекітіліп, оның құрамына Махамбет ауданы бойынша Ақын Бала Ораз Өтебайұлының жерленген жері, Исатай мен Махамбеттің Жайықтан өткен жері, сәулеттік маңызы бар ХІХ-ХХ ғасырдың бас кезіне жататын құлпытастар мен құрылыстар шоғырланған Алтын, Баймөңке, Битенмола, Жаналы, Жангелді қорымдары және Шойтас Бөдікұлының жерленген жері енді. Әрине, осындай маңыздылығы жоғары киелі жерлер аудан төңірегінде жетіп артылады. Қазіргі таңда оларды қасиетті нысандар тізімімен енгізу жұмыстары әлі де жалғасуда.

Бүгінгі күні анықталған Махамбет ауданы аймағында тарихи-мәдени маңыздылығы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны 157-ні құрайды. Оның ішінде, археологиялық нысандардың саны – 56, сәулет ескерткіштерінің саны – 28, ансамбльдердің саны – 73.

Аудандағы тарихи-мәдени маңызы жоғары нысандардың бірі – Сарайшық қаласының тарихи орны. Бүгінгі күні еліміздегі туристердің қызығушылық танытып, көп келетін бірден-бірі ошағы. 2017 жылы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қалаға кешенді археологиялық қазба жұмыстары жанданды. Туристік мақсатта пайдалану үшін ашық аспан астындағы музейге айналдыру жұмыстары қолға алынып, 2018 жылы Жайық өзені ағысынан қорғау

мақсатында жағаны бетонмен бекіту жұмыстары аяқталып, үлкен мәселе шешілді. Сонымен бірге, қалашық аумағын темір шарбақпен қоршау үшін жобалық-смета құжаттары әзірленіп, алдағы уақытта оны жүзеге асыру үшін шаралар ұйымдастырылуда. «Хан ордалы Сарайшық» музейінің жұмыс бағытын кеңейту мақсатында аталмыш музей ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты республикалық «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы болып қайта құрылды. Музей-қорыққа археологиялық қазба мен реставрация жұмыстарына арналған лицензия алынып, жұмыс жасау ауқымы кеңейтілді. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданатын кәсіби мамандар тартылды. 1519-1520 жылдары Қасым хан Еділ және Жайық бойларын хандықтың құрамына қосып, Ноғай мырзалары қолында болған Сарайшық қаласын қайтадан Қазақ хандығының құрамына алып, хандықтың астанасы еткен болатын. Міне биылғы жылы Сарайшықтың қазақ хандығының алғашқы астанасы болғанына 500 жыл толып отыр. Бүгінгі күні аласапыран заманда қазақ мемлекетін сақтап қалған, қазақтың жерін жиып, атағын асқақтатқан қазақтың хандары мен сұлтандарына, билері мен батырларына тиісті адал баға беру біздің азаматтық парызымыз. Осы орайда, Сарайшықтың ортағасырлардағы астанасы болғанына 500 жыл толуына орай Сарайшықта Қасым ханға арналған еңселі ескерткіш тұрғызу жөнінде Атырау облысы әкімдігіне ұсыныс беріліп, қолдау тапты. Сонымен қатар, туристерге жағдай жасау мақсатында жаңа музей залы, қонақ үй, асхана, кеңсе орны мен конференция залымен қамтылған Сапар орталығының ғимараты салыну жоспарлануда.

Әрине, Махамбет ауданы территориясында Сарайшықтан өзге туристер тамашалай алатын нысандар жетерлік. Мысалы, облысымыздың туристік маршрутына Ортақшыл ауылының шығысындағы XIX ғасырлық атақты Беріш-Себек руының биі Айтуар және Есет билер жерленген Алтын қорымын, Тандай ауылынан солтүстік-батысқа қарай 30 км жердегі халық ақыны Бала Ораз Өтебайұлының жерленген жерін, Сарытоғай ауылының солтүстігіндегі Исатай мен Махамбет батырларымыздың Жайықтан өткен жерін, Алға ауылынан солтүстік-батысқа қарай 21 км жердегі төре-сұлтандардың, соның ішінде Нұралы ханның ұрпақтары жерленген Жаналы қорымын, Еңбекшіл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 35 км жердегі Өскенбай қорымын, Ақжайық ауылы төңірегіндегі алғашқы қазақ мектептерінің бірі болған Қызылүй мектебінің орнын және т.б. объектілерді енгізуге болады.

Қорыта келе, «Қазақстанның сакралдық белдеуі» объектілерін зерделеу және дәріптеу, олардың туристік қызмет объектілері ретінде тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралар кешені ретінде жоғарыда аталған нысандарды жаңғырту, қалпына келтіру және туризм маршрутына енгізуді қолға алу шараларын атқару қажет деп есептеймін.

Қазіргі таңда, «Сарайшық» музей-қорығы мамандары тарапынан өскелең ұрпақтың бойына өлке тарихын сіңіру бағытында сакралды орындарға

экскурцияға апару, лекциялар оқу, жас археологтар үйірмесін және т.с.с іс-шараларды ұйымдастыруды жоспарлауда.

А. Тұрарұлы

*«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы,
ғылыми қызметкері*

САРАЙШЫҚ СЫРЛАРЫ

Туған жерді сүю, оның тарихына аса мән беріп қарау – адамзат баласының басты борышы. «Тірлікте мен сүйген бір нәрсе ол – туған ана, тірлікте мен білген бір нәрсе ол – ғылым, ілім, тірлікте мен сезген ойға түйген бір нәрсе ол – туған жер ел, мекен. Бұлардан асқақ, бұлардан күшті ұғымдарды мен ешқайдан іздеп таба алмадым ғой. Нағыз азамат осылардан ажырамас болар» деген екен халқымыздың көрнекті тұлғасы, жерлесіміз Халел Досмұхамедұлы. Өзің тұрған жердің тарихы зерттеулермен үнемі толығып отыратыны белгілі.

Құт қонып, қыдыр дарыған қасиетті өлкеміз Атыраудың тарихи-мәдени бірегей ескерткіші әрине - Сарайшық. Сарайшықтың тарихы - қазақ халқының құрылу, бірігу тарихы екендігі күмәнсіз. Сондықтан Сарайшықтың әрбір тасын, әрбір кірпішін, қыш ыдыстары мен мыс тиынын ықылас қойып зерттеу, қастерлеп жас ұрпақтың санасына сіңіру біздің адамгершілік парызымыз.

Әлемдік мәдениетке, тарихқа әр ұлт өз қадірінше үлес қосады. Ол туралы Мұхтар Әуезов «Әлем мәдениеті – ұлттар мәдениетінің жиынтық қосындысы. Әлем мәдениетіне италяндықтар әсем сазды музыкасымен, француздар сурет өнерімен, египеттіктер атақты пирамидасымен, қытайлықтар фарфор бұйымдарымен үлес қосса, көшпелі қазақ халқы бай ауыз әдебиетімен, тарихымен үлес қосты» деген пікір айтады. Олай болса біз әр дерекке мән бере қарап, зерттеп өз тарихымыздың бетіне үлес қосуымыз қажет.

Шежіре қала – Сарайшық туралы деректі әңгімелер айтылып та, жазылып та жүр. Соның бірі Сарайшықта хандық құрған Жәнібек ханның маңдайына

басқан жалғыз қызы туралы аңыз. Сүйікті қызы үшін сарай алдына қолдан көл жасап, жасанды көлдің суы екі аптада бір ауыстырылып тұрған екен деп баяндалады. Аққулардың көлді жайлауы үшін көлге 40 атанмен шекер төгілген көрінеді. Сол себепті көлді «Секер көлі» деп атайтын болған. Ханшайым он бесте толғанда, кенеттен қайтыс болып, хан қызын алтын табытқа салып, алтын қайығымен қосып жасырын жерлеген-мыс.

Енді мына қызықты қараңыз, 1861 жылы әскери топограф А.Алексеев қолмен сызған Сарайшық құландысының картасы бар. Бұл карта «План развалин древней мусулманской крепости Сарайль-Джадить и части нынышних построек Сарайчиковской крепости» деп аталады. Картада қала орнынан басқа, осы аңызда айтылатын Секер көлінің орыны бар, «Ханской ильмен» деп атау беріпті. Одан басқа әулие орыны да көрсетілген. Демек бұл дерек Сарайшықта расында да Алтын Орда ханы Жәнібектің ордасы (резиденциясы) болғанына дәлел бола алады.

Әулие орны туралы түрлі жорамалдар жасауға болады. Соның ішінде, біздің ойымызша, шындыққа жақыны Қасым хан жерленген жер болуы әбден мүмкін. Ораз Мұхамедтің шежіресінде «Олардың әрқайсысы (Жәнібек ханның балалары мен немерелері) өз руын құрды, өз алдына билік жүргізді және аттарын шығара алды. Олардың есімдері әлі күнге шейін ауыздан түспейді. Алғашқысы Жақанбикеден туған Қасым хан. Ол өз әкесінің ұлысында бірталай уақыт патшылық етті және көптеген көрші елдерді бағындырды, оның аты қазірдің өзінде барлық жерде ұмыт болған жоқ. Сарайшықта қайтыс болды, сонда жерленді, оның зираты күні бүгінге шейін сол жерде» деп айтылады. Тарихи әдебиеттерде Қасым ханның мазары XVIII ғасырдың ортасында да ел-жұрт тәу ететін орын болған. Сондай-ақ Едіге билік жүргізген Сарайшықта 1406 жылы Түмен қаласының маңында өлтірілген Алтын Орданың соңғы ханы, ұлы тұлға Тоқтамыстың басы ғана жерленіпті деген де болжам бар екенін ескерген жөн.

Осы көне карталарға қарап отырсақ, бұрын қаланың мәдени қабаттарын Жайық өзенінің шайып кетуі қазіргі кездегідей солтүстік жағынан емес, шығыс жағынан болғанын байқаймыз. Жергілікті ақсақалдардың айтуынша, 1944 жылғы Жайық өзенінің тасуы қатты болып өз арнасын өзгертіп жіберді. Сол кезден бастап өзен қала орнының солтүстік жағымен ағып, мәдени қабаттарын құлата бастаған.

Болашақта Сарайшықтың сақталған бірқатар бөліктерін музейлендіру, қазіргі заман талаптарына сай келетін туристік инфрақұрылым құру жұмыстары басталмақ. Сондықтан, біздің алдымызда, археологиялық зерделеу, ашылған бөліктерді консервациялау және қалпына келтіру жұмыстары тұр. Қаланың қорғау аймағын анықтай отырып, музейлендіру жұмыстарының ең қолайлы нұсқаларын құрау мәселесі де күн тәртібінен түспек емес.

1999 жылы көне қала орнына өткен тарихтың даңқты символы ретінде «Хан ордалы – Сарайшық» мемориалды кешені тұрғызылды. 6552 шаршы метр

жерді алып жатқан кешенде музей, мешіт және биіктігі 14 метрлік «Хандар кесенесі» орналасты. Музей қорында 4242 жәдігер жинақталған.

Осы уақыт аралығында музей тек қана атыраулықтардың емес, бүкіл қазақ халқының, тіпті шет ел азаматтарының да сүйікті орнына айнала білді. Мұнда алыс-жақыннан ат ізін салмаған көрермен аз шығар. Қазақтың белгілі мемлекет және өнер қайраткерлері, басқа да зиялы қауым өкілдері Сарайшыққа арнайы ат басын бұрып тәу етуі дәстүрге айналды десек ешкім таласа қоймас. Жылына Сарайшық музейіне ондаған, жүздеген мың көрермен келіп, халқымыздың өткен тарихынан қызықты мағлұматтармен қанығуда.

Музей ашылғаннан бері бірнеше рет қайта жасақталды. Жәдігерлер саны, мәліметтер базасының көбеюі музей экспозициясының үздіксіз дамуын талап ететіні заңдылық. Қазіргі музей ғимаратындағы жалғыз экспозициялық зал таршылық етіп, көрермендердің қажеттілігін толық өтей алмайтыны анықталған. Сондықтан қазіргі заманауи орынның қажеттігі ескеріліп, келушілерге кең көлемді қызмет көрсететін орталық салу қолға алынуда. Мұнда келушілер үшін барлық жайлылықпен қатар, зертханалық және қалпына келтіру үй-жайы да ескерілген. Демек, болашақта Сарайшықта ғылым дамып, үлкен ғылыми орта қалыптасады деп сенеміз. Тарихшылармен қатар сәулетшілер, қолөнер және құрылыс шеберлерін осы орталықтан кездестіреміз деп ойлаймын. Сарайшықтың көне зергерлік бұйымдары үлгісінде жұмыс жасағысы келетін зергерлер үшін қазірдің өзінде көп материалдар музейде жинақталған. Сарайшықтың қыш бұйымдары, нумизматикасы туралы арнайы баспа өнімдері жарыққа көрді. Болашақта көне қаланың сәулеттік өнері, әшекей бұйымдары туралы зерттеулерде болатынына сенімдімін.

Қала құрылыс ғимараттары туралы айтқанда, Тоқтамыс билік құрған тұстан біздің кезімізге дейін жеткен алтынорда сәулет өнерінің сирек кездесетін нысанының бірі кешенді сарай ғимараты бірінші боп еске түседі. 40-тың үстінде бөлмелерден тұратын бұл ғимаратқа елімізде тең келер қазба орны болған жоқ. Бір өкініштісі, кезінде жеткіліксіз назар аударылмағаны кесірінен бұл нысанның үштен бірі бөлігі жойылып кетті. Қазіргі күні қалпына келтіру жұмыстары қолға алынуда.

Сарайшықта ноғайлы кезеңінде Астрахань хандығының көмегімен әскери қорғаныс мақсатындағы құрылыс салынғаны белгілі, оның құландылары А.Алексеевтің жаңағы айтылған картасында көрсетілген. Дуал қабырғасы деп есептелген ұзына бойы созылған үйіндінің үстіне 2017 жылы салынған археологиялық қазбада осы әскери құрылысқа қатысы болуы мүмкін мұнара іргесі мен оның алдынан қазылған терең ор анықталды. Бұл жердегі қазба орны қазір консервацияланды, алдағы жылдары қазба-зерттеу жұмыстары жалғасын табады.

Сәндік бұйымдардағы шыны, ақық тастардан оймышталған әшекейлер, жүзіктің көзіне орнатылатын тастар Иран мен Орта Азиядан әкелініп жергілікті

жерде жасалынған. Каури деп аталатын ғажайып теңіз қабыршақтары Үндістаннан, тропикалық жылы теңіздерден әкелінген. Халцедон моншақтар да Үндістаннан келсе, қызғылт түсті маржандар Қызыл теңіз жағалауларынан жеткізілген. Сарайшық музейі қорындағы 2003 жылы қазбадан табылған киімнің алтын жапсырмалары жергілікті зергерлердің нәзік әрі көркем бұйымдарды өте жоғары шеберлікпен жасағанын көрсетеді. Бедерлі сәндік композициядан құрылған 18 жапсырма Сарайшық аруларының киіміне ерекше сән-салтанат бергені сөзсіз. Сонымен бірге алтын жиынтығына кіретін 2 сырғаның да өте күрделі элементтерден құралуы зергердің шеберлігі өте жоғары болғанына куә.

Былтырғы зерттеу жұмыстары барысында қала аумағынан табылған нумизматикалық материалдардан ең ерте тиын 1310 жылдар шамасында Сарай қаласында Өзбек ханның тұсында соғылған болса, ең кейінгісі XV ғасырда Сарайшықтың өзінде соғылған тиын. Сарайшықтың өз тиындарын айналымға шығаруы Жошы Ұлысындағы сауда-экономикалық қатынастарда қаланың үдемелі артып келе жатқан ролін және оның саяси тәуелсіздікке ұмтылуын көрсетеді. Тиындар соғылған орындар қатарында Баржын, Сарай-әл-Жәдид, Хорезм және Самарқан қалалары бар. Ең көп кездесетін тиындар Өзбек хан мен Жәнібек хан соғылымдары. Сондай-ақ Тоқтамыс билігі тұсындағы тиындар, Әмір Темір, Тұлынбике ханым, Қызыр, Барақ, Орыс хандардың тиындары кездесті.

Ұлы Жібек жолы жалғастырған Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің Сарайшықта тоғысуы қыш бұйымдары өнеріне айтарлықтай даму беріп, бай да мазмұнды қыш бұйымдар коллекциясын құрайды. Олар - жергілікті көзешілер жасаған қыш құмыралар, құтылар, құмандар және қазандар. Кашин балшығынан жасалып жылтыр көк түсті сырмен қапталған құмыралар коллекцияны толықтыраған. Осы ыдыстар жиынтығын Хорезмнен әкелінген тас қазандар, Еділ бойындағы қалалардан әкелінген кашинді түрлі-түсті жылтыр кеселер, сондай-ақ жергілікті бай адамдар өте жоғары бағалаған қымбат қытайлық селадон кесе, тостағандар байытып тұр. Өте жоғары бағаланатын ирандық қыш түрлері: люстр, минай деп аталатын алтын бояулы ыдыс сынықтары да жиі кездесіп тұрады.

Сарайшық қазбасында көп кездесетін тағы бір материал - малдың сүйектері, бұл қаланың даму кезеңінде малдың есепсіз көп болғанының белгісі. Адамдар ежелгі кезден-ақ сүйекті өңдеп, одан құрал-жабдықтар жасап пайдаланған. Сарайшық қазбасында табылған сүйектердің түгелдей дерлік өңделуден өткенін байқауға болады. Осыған байланысты, шеберлікпен ойылып жасалған сүйек бұйымдардан, балалар ойнаған асықтардан Сарайшықтың сүйек бұйымдар коллекциясы біршама жинақталды. Жалпы бұл Сарайшықтың сүйек материалдары бөлек зерттеулерді қажет етіп тұр.

«Қазақстанның киелі жерлер географиясы» ұлттық жобасының республикалық тізіміне енген Сарайшық қаласының орнында ғылыми зерттеулер, қалпына келтіру, музейлендіру, туризмді дамыту жүйесі бойынша жемісті жұмыстардың жүруі ұлттық ерекшелігіміздің көрінісіне айналып, қазіргі

кездегі жаһандану процесіне жұтылмай ұлттық кодымызды сақтап қалуымызға күшті серпін береді деп санаймын. Ұлы табиғат біз үшін сақтаған, табан ет, маңдай термен жиналған әрбір жәдігер - мейлі олар көркем керамика, ою-өрнекті немесе кескінді бұйым бөлшегі болсын, әлде сәндік әшекей, мыс тиындар болсын, бәрі де біздің ата-бабаларымыздың аса бай рухани әлемін көрсетеді, біз әлі танып үлгермеген сол бір дәуірдің дерегін сыйлайды.

М. Әбдіғалиев

*«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы,
ғылыми қызметкері*

ҚЫЛЫШ ҚОРҒАНДАРЫ

Резюме: В этой статье говорится о проведенных раскопках на группе сарматских курганов Кылыш. Рассматриваются особенности найденных находок. Целью настоящей статьи является предоставление возможности ознакомления широкой аудитории с раскопками курганов Атырауской области.

Summary: In this article it is said about conducted excavations in a set of sarmat grave mounds Kylysh. The peculiarities of findings are examined. The aim of present article is to give opportunity for wide audience to get acquainted with excavations of grave mounds from Atyrau region.

Сармат қорғандары Батыс Қазақстан өңірінде көп кездеседі. Б.з.д. III ғасыр мен б.з. IV ғасыры аралығында көшпенді өмір салтын ұстанып, негізгі мал шаруашылығымен айналысқан сармат тайпалары жауынгер халық болған. Үнемі әскери жорықтарға қатысып Батыс Еуропа, Қара теңіз маңын жаулап алып отырған. Осылайша түрлі халықтармен араласуы арқасында, сарматтардың да мәдениеті дамып, белгілі бір дәрежеде өнер мен мәдениеттің жоғарғы сатысына жеткен. Қара теңіз жағалауындағы қалаларды жаулап алғанынан кейбір сармат отбасылары отырықшылық өмірге де бой ұрады. Осылайша қолөнер, сауда, егіншілікпен де шұғылданған. Еділ мен Жайық өзені бойында өмір сүрген сармат тайпалары да егіншілікпен айналысқан болуы мүмкін. Ол кезде Орталық Азия мен Батыс Еуропа арасын байланыстырушы қызметін сармат мәдениеті атқарғаны белгілі. Хроникалық жағынан сармат мәдениеті үшке бөлінеді: ерте сармат (прохоров мәдениеті), орта сармат (суслов мәдениеті) және кейінгі сармат мәдениеті деп аталады.

Сармат обаларында әйелдердің жерленуі кездесіп тұрады. Бұл сармат қоғамында патриархалдық құрылыс болса да, әйелдердің қоғамда ерекше орын алғанын білдіреді.

Б.з.д. III ғасыр мен б.з. IV ғасырларының аралығында Арал және Каспий аймағында көшпенді өмір сүрген сармат тайпасының ескерткіштерінің бірі - Қылыш қорғандары. Қылыш қорғандарын 2008 жылы Атырау облысы тарих және археология орталығының барлау экспедициясы анықтаған болатын. Ескерткіш Атырау облысы, Индер ауданы, Жарсуат ауылынан оңтүстік-шығысқа 22 км қашықтықта орналасқан. Қорғандар топырақтан үйілген.

Қылыш қорғандар тобы құрамына төрт қорған кіреді. Оның ішіндегі ең ірісі Қылыш I қорғаны, патшалық қорғандар қатарына жатады. Көлемі: диаметрі 145 м, биіктігі 3 м. Айналыра ені 14-15 м, тереңдігі 80 см болатын ормен қоршалған.

Бұл қорғанның оңтүстік-шығысына таман Қылыш II, Қылыш III қорғандары қатар орналасқан. Олардың бір-бірімен арасы 15 м болады. Ал оңтүстігінде Қылыш IV қорғаны орналасқан.

Қылыш II қорғанының пішіні сопақша келген, солтүстік-батыс оңтүстік-шығыс бағытында созыла орналасқан. Көлемі 40×20 м, биіктігі 60 см. Қорғанның сыртында оры бар, ені 6-11 м аралығында, тереңдігі 0,30 м.

Қылыш III қорғанының да пішіні сопақша, солтүстік-батыс оңтүстік-шығыс бағытында созыла орналасқан. Көлемі 35×18 м, биіктігі 65 см. Сыртқы орының ені 7 м, тереңдігі 30 см болады.

Қылыш IV қорғанының пішіні дөңгелек келген, диаметрі 22 м, биіктігі 40 см. Сыртқы орының ені 4 м, тереңдігі 10 см.

Ерте темір дәуіріне жататын Қылыш қорғандар тобына алғашқы археологиялық қазба жұмысын 2012 жылы Атырау облысы тарихи – өлкетану музейі жүргізді. Қазба барысында қорғандар тобындағы №2 оба қазылды.

Қорған топырақтан аршылып, тазаланып онда жерленген әйел адамның қабірі табылды. Әйелдің тірі кезінде пайдаланған сәндік әшекейлері болу керек оның қабір шұңқырынан күміс белбеу тоғалары, қоладан жасалып алтын жалатылған киім жапсырмалары, асыл тасты жүзік, тұмар, моншақтар, дөңгелек қола айна табылды. Бұл адамның жаны ол өлгеннен кейін де өмір сүре береді деген наным-сенімнің болғанын айғақтайды.

Қола айна сырты безендірілген суретпен көңіл аудартады. Айнаның сырт бетінде шетін ала, иіріліп жатқан айдаһар бейнесі салынған. Айдаһардың басында қос айдары, үлкен көзін байқауға болады. Денесінің төрт жерінде қос-қостан, барлығы сегіз аяқ салынған. Аяқтары бүгілген және екі-үшеуден бармақтары бар. Денесін мойнынан бастап бірінші мен екінші аяқтарының ортасына дейінгі бөлігін бұдырлы-қабыршақты етіп бейнелеген. Айдаһардың тұмсығының төменгі жағында свастиканың белгісі салынған. Дәл ортасына айнаның тұтқасы ілгіш түрінде жасалған, тұтқа айнамен тұтас құйылған. Айна бетіне айдаһар бейнесі – император билігінің символы ретінде, күн белгісі -

свастика бейнеленуі, оның қытай айналарына еліктеуден жасалғанын байқатады. Неге қытай деген сауал туындауы мүмкін? Ерте темір кезеңінде бұл өнер Қытайда керемет жақсы дамыған, қытай айналары өте шебер жасалатын (әсіресе Хань империясы кезеңінде). Басқа тайпалар болса, сол қытай қола айналарына қол жеткізуге тырысқан. Әрі сол айналарға еліктеп, ұқсастырып өз айналарын жасайтын болған.

Көне сәндік әшекейлер ғұрыптық мән-мағынаға да ие. Олар дүлей күштерден сақтану мақсатында, наным-сенім бойынша адам бойын көптеген ауыртпалықтан қорғайтын бұйым ретінде қаралған. Ерте кезден бағалы бұйымдар адамды пәле-жаладан, тіл-көзден сақтайды деп сенген. Көзіне мөлдір қызыл ақық (сердолик) тасы орнатылған күміс жүзік әсемдігімен көздің жауын алады. Қызыл түс – от пен өмірдің белгісі. Халық арасында қызыл ақық адамды өміріндегі қауіпті сәттерден: жазатайым оқиғалар, табиғи апат, мезгілсіз өлімнен қорғайды деп саналған. Емдік қасиеттері туралы әңгіме бір бөлек.

Бойтұмар жұқа күміс тұғырға жануардың қос тісін бекітіп жасаған. Тістерді қатарластырып тұғыры кигізілетін жерін өндеп, тесіп, сол тесіктен жіңішке сым өткізу арқылы тұғырға ұстатқан. Тұғырдың үстіне ілгіш жасалған. Бұл ерекше тұмар адамға бақ пен құт әкеледі, әрі ерлердің алдында күшті әсер ететін сиқырға ие деп саналады.

Қара моншақтар пішіні биконусты, жылтыр гагаттан істелген. Гагат тасы гишер деп те аталады. Оны пәле-жәледен аластаушы, көз тию, қарғыстан қорғайды деген сенім болған.

Пішіні «табан» өрнегіне ұқсастырып жасалған алтын жалатылған киім жапсырмалары. Жапсырманың ортасына шеңбер соғылып, шеттеріне шынжыр тәріздес тізбекті әшекейлеп соққан. Беті алтынмен апталған. Артқы жағында қайырылған екі бекіткіш түйреуіші бар.

Номадтар арасында алтын үлкен маңызға ие. Сарматтар алтынға бағалы метал ретінде ғана емес, олардың түсінігінде, алтын құдайлар мен аруақтарды руымен, туыстарымен байланыстырушы қызметін жүзеге асырады деген сенім болған. Сондықтан сармат көсемдері мен ақсүйектерінің қабірлерінде күн түсті - сары металдың міндетті түрде болуы, қаруда болсын, ыдыста болсын немесе әшекейлерінде болсын осы сенімге байланысты.

Күміс белбеу тоғаларының көлемі әртүрлі, 2 данасы табылды. Біріншісінің көлемі үлкендеу келген. Тоғаның тілі қоладан үшкірленіп жасалған. Тоғаның артқы жағында белбеуге бекітетін үш тойтарма шеге дәнекерленген. Оларға қола пластинкалар кигізілген. Екінші тоғаның көлемі кішірек. Оның да тілі қоладан жасалған. Тоғаның бетіне өрнек салынған.

Тойтарма шегелер - қалпағы дөңес, ақ түсті металдан істелген. Арт жағына бекіткіш тойтармасы дәнекерленген. Барлығы 9 данасы табылды.

Ұсақ тойтарма шегелердің, көлемдері әртүрлі, ақ түсті металдан жасалған. Шағын дөңес қалпақтары бар. Тойтарма бекіткішіне қола пластинкалар кигізіліп ұстатылатын болған.



Осындай әсем әшекей бұйымдардың қабірге жерленген әйелдің қолданысында болғаны, оның ауқатты, беделді әулет мүшесі екенін білдіреді.

Сонымен қатар, қабір шұңқыры жанына қоладан құйылып жасалған төрт тұтқасы бар қола қазан төңкеріліп қойылған. Бұл жәдігер рәсімдік қызмет үшін пайдаланылған болса керек. Қазан сарғыш түсті қоладан құйылған. Қазанның жартышар пішінді тостағаны бар, конус пішінді биік тұғырға орнатылған. Қазанның тостағаны қосымша ернеу бөлігімен жалғанған. Осы қосылған жері шиыршықталған жіп тәрізді, шығыңқы етіп соғылыпты. Тостағанды құю барысында түп жағында үш жерде жарықтар пайда болып оны жөндеп бітеген тәрізді. Осы жерлерінің ұзынша бұдырлы боп келуі солай ойлауымызға себепші болды. Жалғанған жерінен жоғары қарама-қарсы ілмек тәрізді екі құлағы орналасқан, осы құлақтарының ортасына тағы қарама-қарсы тігінен екі ілгіш соғылған. Қазанның ішкі жағы тегіс, сыртқы беті бұдырлы келген. Сыртында қара күйенің іздері бар, ал іш жағын көк түсті тот басқан. Шамасы қазанның әр бөлігі бөлек құйылған болуы керек, яғни тұғыры, тостағаны, құлақтары бөлек-бөлек құйылып, кейіннен дәнекерленген.

Өкініштісі, мұражайдың кейінгі жылдары осы ескерткіштегі №3 және №4 қорғандарға жүргізген қазба жұмыстары олжасыз болды. Қорғандар бос болып шықты. Дегенмен де бұл экспедиция нәтижесіз емес, керісінше көптеген болжамдарға, ізденістерге негіз бола алады. Мысалға, олар құрбандық шалу орны, басқа да рәсімдік орын болуы мүмкін. Өйткені қазба кезінде белгісіз жыртқыш аңның қаңқасы табылып, 70 см тереңдікте күл іздері анықталды. Немесе кенотаф болуы да мүмкін. Кенотаф –археологиялық ескерткіштердің бір түрі, ішінде адам мәйіті жоқ жерлеу орны. Түрлі себептермен денесі жерленбеген адамдарға арнап символикалық мәндегі бос жерлеу орындарын салу дүниежүзі халықтарының көпшілігінде бар ғұрып. Осындай нәтижелер мен зерттеулер жұмбағы көп сұрақтармен қызықтырып, археологтарды терең ойға тарта түсуде. Қылыш қорғандарының қазба жұмысы музей археологтарын ғылыми бағыттағы ізденістерге машықтандырып, тәжірибелі археологтармен тәжірибе алмасуға мұрындық болды.

Атырау аумағында көне обалар мен патша қорғандары бірнеше жүздеп саналатынын ескерсек археологиялық қазба, барлау жұмыстарын жүйелі жүргізіп отыруға мүмкіндік мол. Осыншама мәдени мұраны зерттеп, зерделеу еншімізге жазылып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қылыш 2 қорғанына 2012 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. Атырау. 2013 ж.
2. Қылыш 4 қорғанына 2013 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. Атырау. 2013 ж.
3. Қылыш 3 қорғанына 2014 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. Атырау. 2014 ж.

Ж. Байғалиев

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

КӨРМЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЛКЕТАНУДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Ортағасырлық Сарайшық қаласы қазіргі Батыс Қазақстан аймағында бой түзеген Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ Хандығының астанасы, мәдени орталығы болған тарихи мекен. Қала қирандыға айналғаннан кейін бірқанша

уақыт өткеннен соң бұл жерде көптеген зерттеу жұмыстары басталды. 1963 жылы қаланың сақталған орындары және Жайық өзені жағалауынан жиналған жәдігерлері арқалы мектеп музейі қалыптасты. 1999 жылға келіп бұл Мектеп музейі «Хан Ордалы Сарайшық» музей қорығына айналды.

Музей-қорық 1999 жылғы 19 қазанда Атырау облысы әкімінің № 209 шешімімен «Хан ордалы Сарайшық» облыстық мұражай-қорығы болып құрылған болатын. Кейін, 2018 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 162 қаулысымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды. Кәсіпорынның қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады. Қызметінің мақсаты – мәдениет саласындағы ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру және танымдық-туристік қызметті, оның ішінде тарихи-мәдени мұраны сақтауды, оны танымал етуді жүзеге асыру.

Қазіргі күнде музей-қорықтың алға қойған негізгі мақсаты Сарайшықты дамыту, оны туристік орталыққа айналдыру. Әрине бұл мақсатқа бірден жеті өте қиын. Қазіргі күндегі музейлердің алдындағы негізгі проблемалардың бірі музейге келушілердің санының аздығы. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорыққа айналды. Бірақ осы қысқа уақыт аралығында халықтың назарына музейдің, жәдігерлердің және Сарайшық қаласын тарихын насихаттау мақсатында «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Елінің астанасы» тақырыбында бірнеше жылжымалы көрмелер ұйымдастырылды. Осы арқалы халықпын тығыз байланыс орнатылып, оларға атқарылып жатырған жұмыстар және болашақтағы жоспарлары туралы айтылып, олардың бұл істер туралы пікірін білу, сонымен қатар өскелең жас ұрпақ санасына өлкенің тарихын терең түсінуіне жағдай жасау. Қазіргі күнде музей қызметкерлері Махамбет, Индер аудандары, Назарбаев зияткерлік мектебі және №4 Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болды. Көрмелерден орын алған жәдігерлер туралы айтар болсақ. Олар XIV-XV ғасырларға тиісті құмыралар, сырлы ыдыстар, су шығару құрылмасы – шығырдың арнайы құмырасы, құрылыс материалдары және ортағасырлық мыс пен жезден жасалған тиындар мен патшалық Ресей дәуіріне тиісті ақшалар, қыш-құмыралар, құрылыс тастары мен сүйектен жасалған бұйымдар халықтың назарына ұсынылды. Сонымен қатар көрмеден жәдігерлерден бөлек 5 стендте орын алды.

1. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы тарихы – 1963 жылы өлкетану үйірмесі ретінде өз жұмысын бастап, 2018 жылы мемлекеттік қорыққы айналу кезеңіне дейінгі тарихы баяндалады.

2. «Сарайшықты зерттеген ғалымдар» – бұл стендте қаланың орында археологиялық зерттеу жұмыстарын алып барған тарихшы-ғалымдардың пікірлері орын алған. Олар: И.Гербер, А.Лоскутов, А.Е.Алексеев, Н.К.Арзютов, Ә.Х.Марғұлан, З.Самашев т.б.

3. «Сарайшық – Қасым ханның ордасы» – бұнда Қасым ханның өмірі сонымен бірге, ел билеген кезеңдегі оның құдіреті сол дәуірде өмір сүрген тарихи тұлғалардың еңбектерінде жарық көрген. Солардың бірі Үндістанды билеген Бабыр Қасым хан туралы былай дейді: «Қасым хан бүкіл Дешті-Қыпшақтың падишахы болды. Ол ұлы істер жасау үшін туған адам еді. Қасым ханның қисапсыз әскері қазақтар мен ноғайлардан құралған еді»- деп жазған.

4. «Сарайшық жәдігерлері» – стендте қала орнынан табылған басқада жәдігерлердің суреті бейнеленген. Ол суреттерде селадонды ыдыстар, сырлы ыдыстар, сырланған және қарапайым құмыралар, биіктігі 80 см келетін үлкен һумдар көрсетілген.

5. «Әлем тарихындағы – Сарайшық» – бұл жерде қала тарихы жайлы жазылған еңбектер жинақталған.

Осы уақытқа дейін 4 жерге көрме ұйымдастырылған болса, көрме барысында 700 астам адамға Сарайшық тарихы, бүгіні және болашағы туралы көптеген мәліметтер берілді. Көрме барысында ардагерлер, ұстаздар және оқушы-студенттер мен сұхбаттар жүргізіліп, өлке тарихы және оның болашақтағы келбеті туралы пікір алмасылды. Сарайшық қаласының туризм орталықтарының біріне айналу өлкенің дамуына септігін тигізері анық. Ең бастысы болашақ жастардың санасына Сарайшық қаласының ұлылығын дәріптей отырып, олардың бойында отансүйгіштікті тәрбиелеу. Олардың бойында өз елі, туған жеріне деген мақтаныш сезім нығайту. Туып өскен жерінде осындай дамыған, көркем қала, қайталанбас мәдени орталықтың болғандығын сезіну, олардың бойындағы ерік-жігер арта түспек.

**«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты
облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ҚАРАРЫ**

Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылында 2019 жылдың 12 сәуірінде өткен «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар Атырау өңірінің тарихи-мәдени мұрасын сақтау, бүгінгі ұрпақтың санасында көне мұраларға құрмет сезімін қалыптастыру, азаматтардың бойында отаншылдық, патриоттық сезімдерді қалыптастыру және білім беру ошақтарында өлкетану жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегідей қарар қабылдайды:

1. Орта білім беру ошақтарындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік «Өлкетану» конференциясын жыл сайын Сарайшық музей қорығында ұйымдастыру;
2. Атырау облыстық Білім басқармасымен бірлесе отырып ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи орнында жас археологтар клубын ұйымдастыру;
3. Облыс аумағынан тарихи жәдігерлерді Сарайшық мұражайына тапсыру шарасын қолға алу;
4. Облыс аумағында табылған тарихи жәдігерлер туралы ақпаратты «Сарайшық» музей-қорығының мамандарына хабарлау;
5. Аудандық білім бөлімдері өлкетану бойынша семинар-кеңес, дөңгелек үстелдер өткізуді ұйымдастыру;
6. Ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихын Өлкетану оқулығындағы ақпаратты көбейту және қала тарихына қатысты ашық сабақты Сарайшық музей-қорығында ұйымдастыру

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

	Алғы сөз	3
О.Биманова	Білім беру ұйымдарында «өлкетану» пәнін оқыту мәселелері	4
Ж.Мустафин	Ортағасырлық – Сарайшық	5
Ұ.Ахметова	Өлкетанудың тарихи бастаулары	6
М.Кипиев	Атырау өңірінің тарихи-мәдени мұрасы: ескерткіштер мен киелі жерлер	11
Г.Қуанбаева	Атырау облысындағы балалар үйінің тарихын зерттеудің маңызы	14
Ж.Диярова	Сарайшық» музей-қорығы жәдігерлері	18

СЕКЦИЯЛАР БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

Ә.Мұқтар	Шекті Бақтыбай батыр және оның ұрпақтарының тарихы	20
Ұ.Т. Ахметова, А.Ж.Жұмабаев	ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва лагері (1932-1950 жж.)	25
М.Кипиев	Атырау қаласындағы мәдени-қоғамдық ескерткіштер	27
Ә.Берікқызы	Срайшық шаһарының тарихи мәдени келбеті	34
А.Тлепбергенова	Дәден би	41
К.Ермұханова	Өлкедегі тарихи-мәдени ескерткіштер	43
А.Сағынғали	Өлкетану деректері арқылы патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері	52
А.Серікқызы	Ескерткіш – ел тағзымы	63
С.Аблайсова	Кең жылойдың кереметі – Иманғара борлы тауы	65
А.Дахиева	Атырау облысындағы табиғи ескерткіштер мен тарихи-этнографиялық құндылықтардың туристік - рекреациялық маңызы	70
Б.Көшербаева	Қасиетті жердің сырға толы қойнауы	78
Б.Жолдасов	Сарайшық – мәңгілік ел мұрасы	81
Н.Жасұланова	Туған өлке атауы тұнған тарих	84
Г.Кубаева	Родовые знаки – тамги на керамике Сарайчика	87
Б.Мадирова	Жер судың аты, тарихтың хаты	92
Р.Жұмагелдиев	Өлкетанудағы этнография	99
Г.Мурзағалиев	Сарайшық – тарихи астана	103
А.Исмагулова	Сарқылмас сыры бар – Сарайшық	107
А.Салихжанова	Сарайшық – қазақтың киелі мекені	112
Д.Ғалымжанова	Сарайшық – тарихы терең қала	113
Д.Маткалыкова	Краеведческая и поисковая работа в общеобразовательной школе	116

З.Ажғалиева	Сарайшық -ұлы дала өркениетінің ошағы	121
Ә.Шамбузова	Өлкетанудағы этнография	126
Г.Джагыпарова	Өлкетану пәнін оқыту арқылы отаншыл жеке тұлғаны қалыптастыру	129
Д.Разихова	Ұлағаты ұрпағына ұласқан...	133
М.Газизова	Туған өлке - мәдени ескерткіштері сыр шертеді	136
О.Тұмақ	Туған жердегі төл тарихтың ескерткіші	139
А.Жупарғалиева	Даланың дара айшығы – Сарайшық	143
А.Бекқалиева	Өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары	146
А.Сатанова	Атырау өлкесіндегі Сарайшық	150
А.Тажигарина	Ақтөбе-лаэти қалашығы	156
Э.Маткерова	Сарайшықтың қасиетті күмбезі	163
А.Боранғалиева	Жалпы орта білім беру бағдарламасындағы “өлкетану» оқытылуы. өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары	168
Ж.Қорғанбаева	Өлкедегі мазарлар тарихының сыры неде	176
Н.Қабдығалиев	Исатай мен Махамбет батырлардың жүріп өткен жерлерінің жер-су аттары	179
С.Керешов	Тарихты танудың алғашқы қадамы – өлкетану	188
Ж.Саламатов	Соленое озеро – Индер	194
Н.Орынбаева	Индер ауданының тарихи ескерткіштері	199
А.Султанғалиева	Хан ордалы - сарайшық	205
Г.Есенғалиева	"Жер-су аты-тарихтың хаты"	207
Т.Аренова	Отан үшін от кешкен жауынгер	215
Т.Сарнияшова	Қазақ мұнайының туған жері – Қарашүңгіл	219
Г.Атшығали	Жылыой өңірінің көне сәулет ескерткіштері	222
С.Маханбетова	Жылқышы Ізтұрғанов – ұлағатты ұстаз, майдангер ақын	227
А.Аманғалиева	Рухани қазына мекені-Абдолла хазіреттің көк мешіті	235
Д.Жетібай	Сағыздың тыл ардагерлері	238
Ә.Абдиева	Халел Досмұхамедұлының жаратылыстану ғылымына қосқан үлесі	241
Ұ.Жұмабай	Құтты мекен – Қызылқоғам	246
Г.Тоқмурзина	Өлке тарихын оқытудың маңыздылығы	249
Ж.Адилова	Менің өлкем - Сағыз ауылы	255
А.Бисекен	Туған өлкенің тұлғалар тарихы	258
Ж.Машаева	Өз өлкемізді танудағы алғашқы қадамдар	262
Ш.Бекмуханова	Исатай ауданының тарихи және мәдени ескерткіштері	266
У.Дүйсенбай	Керуен жолындағы - Сарайшық	269
Д.Жұқатаева	Алтын бесік - Сарайшық	272
Г.Ауданова	Мектепте өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру	275
Ж.Қадыр	Өлкетанушы Мұстажап Намазғалиев	279
А.Есенбаева	Saraishyk surprised whole the world	285
А.Аманкелді	Түкті ата	289

А.Әнуар	Сағыз тұрғыны Мәрия әже	292
А.Қайыржан	Былқылдақты	295
А.Тілекқабыл	Тобанияз Әлниязұлы	298
А.Саламатқызы	Өлкеміздегі - Еламан ата мазары	303
Г.Үбішева	Ескерткіштер – ел тарихының куәгері	306
М.Утепкалиева	Атырау облысының жер-су атауларына тарихи талдау	309
Ф.Байдәулетов	Махамбет ауданының қасиетті жерлері	314
А.Тұрарұлы	Сарайшық сырлары	316
М. Әбдіғалиев	Қылыш қорғандары	322
Ж.Байғалиев	Көрмелер және оның өлкетанудағы алатын орны	326
	«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ҚАРАРЫ	329